Жүйенің жұмыс істеу кезіндегі сыртқы қауіптің жеріндегі жағдайы қарастырылады. Сыртқы қауіптің шығу тегін әсері  $\omega(t)$  түрінде болатын функция ретінде қарастырайық. Ықтималдылығы  $q$  тең бұл жүйе сыртқы қауіпті анықтап, оған қарсы әрекетін жасай алады. Қауіпке қарсы іс-әрекеті интенсивтілігі  $v(t)$  тең қарапайым оқиғалар легі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар сыртқы қауіптің әсерінен келетін зияндықтар процестерінде интенсивтігі  $\eta(t)$  тең қарапайым оқиғалар топтамасы деп қарастыруға болады [2].

Сонымен, жоғарыда келтірілген ұйғарымдар аясында жүйе кез-келген уақытта ықтималдылығы  $P_0(t)$  тең нормаль қалыпты жағдайда болуы мүмкін, ал сыртқы қауіп қарсы тұру кезінде оның ықтималдылығы  $P_1(t)$  тең десек, қауіп сейілген кездегі ықтималдылығын  $P_2(t)$  тең деп алайық. Онда жүйенің өзгеру динамикасын төмендегі дифференциалдық теңдеулермен өрнектей аламыз [3].

$$\begin{aligned}\frac{dp_0(t)}{dt} &= -\mu p_0(t) + \nu p_1(t) + \eta(p_1(t) + p_2(t)) \\ \frac{dp_1(t)}{dt} &= q \cdot \mu p_0(t) - (\mu + \eta)p_1(t) \\ \frac{dp_2(t)}{dt} &= (1 - q) \mu p_0(t) - \eta p_2(t)\end{aligned}\quad (1)$$

Бұл жерде айта кету керек жүйеге сыртқы қауіптің әсерінен пайда болатын зияндық оған қарсы әсер болмағанда  $d_2(t)$ , ал қарсыласу болған кезде ықтималдық  $p_1(t)$  тең. Жүйенің өнімділігі әр кезде, яғни жоғарыда айтылған жағайларға сәйкес  $\omega_0(t)$ ,  $\omega_0(t)$  және  $\omega_2(t)$  көрсеткіштерімен сипаталады. Онда нартәуекелділіктің динамикалық теңлеуін төмендегідей жаза аламыз

$$\frac{dR(t)}{dt} = d_1(t)\eta p_1(t) + d_2(t)\eta p_2(t) \quad (2)$$

ал жүйенің жұмыс істеуінен пайда болатын табыстың өзгеруі келесі теңдеумен өрнектеледі

$$\frac{dw(t)}{dt} = \omega_0(t)p_0(t) + \omega_1(t)\omega_1(t)p_1(t) + \omega_1(t)p_2(t) \quad (3)$$

Бұл теңдеулерден байқайтынымыз ущерб ұғымына жалпы жағдайда қауіпке қарсы әрекеттерге кететін шығындармен қатар оларды жоюға кететін тірліктерде кіреді. Ал кіргізілген көрсеткіштер келесі шарттарды қанағаттандырады[4]:

$$d_1(t) \leq d_2(t), \quad \omega_1(t) < \omega_0(t), \quad \omega_2(t) < \omega_0(t) \quad (4)$$

Егер келесі ескертулерді ескерсек, яғни инфляция деңгейі жүйенің жұмыс істеу уақытында тұрақты және  $\tau$ -тең, ал дисконт коэффициенті,  $i$  тең десек, онда келтірілген залалдың көрсеткіштері және жүйенің функционалдық өнімділігін  $t > 0$  уақытына сәйкес кезіндегі шамаларын  $t=0$  уақытына тең, шамамен өрнектеуге болады. ол жүйенің бастапқы пайдалануын сәйкес және кері теңдіктермен өрнектеледі.

$$\begin{aligned}d_1(t) &\leq d_2(0)\gamma^t, d_2(t) = d_2(0)\gamma^t = d_2^0\gamma^t \\ \omega_0(t) &= \omega_0\gamma^t = \omega_0^0\gamma^t, \omega_1(t) = \omega_1^0\gamma^t = \omega_1^0\gamma^t = \omega_1^0\gamma^t, \omega_2(t) = \omega_2^0\gamma^t = \omega_2^0\gamma^t\end{aligned}$$

мұндағы  $\gamma = \frac{1+\tau}{1+i}$

(1)-ші теңдеулер жүйесінің шешімі төмендегідей болады

$$\begin{aligned}p_0(t) &= p_0 + c_1 \exp(\lambda_1 t) + c_2 \exp(\lambda_2 t) \\ p_1(t) &= p_1 + \frac{\nu}{\mu + \eta - \lambda_1} c_1 \exp(\lambda_1 t) + \frac{\nu}{\mu + \eta - \lambda_1} c_2 \exp(\lambda_2 t),\end{aligned}\quad (5)$$

мұндағы

$$\begin{aligned}\lambda_{1,2} &= -\eta - (\mu + \nu) \frac{1 \pm \sqrt{1 - 4(1 - q) \frac{\mu\nu}{(\mu + \nu)^2}}}{2}, \\ C_1 &= \frac{p_1 + \alpha_2(1 - p_0)}{\alpha_2 - \alpha_1}, \quad C_2 = \frac{p_1 + \alpha_1(1 - p_0)}{\alpha_1 - \alpha_2}, \\ \alpha_1 &= \frac{\gamma}{\mu + \eta - \lambda_1}, \quad \alpha_2 = \frac{\gamma}{\mu + \eta - \lambda_2}.\end{aligned}$$

Қарастырылып, отырған модель үшін жүйе жұмыс істейді, егер сыртқы әсерлердің нәтижесінде ол жүйе өзінің жұмыс істеу қабілетін сақтай отырып, стационарлық жағдайында қалса. Онда оның ықтималдық күйінің таратылуы төмендегі қатынастармен өрнектеледі[5].

$$p_0 = \frac{\gamma + \eta}{\gamma + \eta + \mu(1 + (1 - q)\frac{\nu}{\eta})}, p_1 = \frac{\gamma + \mu}{\gamma + \eta + \mu(1 + (1 - q)\frac{\nu}{\eta})} \quad (6)$$

$$p_2 = \frac{(1 - q)\mu(1 + \frac{\nu}{\eta})}{\nu + \eta + \mu(1 + (1 - q)\frac{\nu}{\eta})} \quad (7)$$

Дербес жағдайда, қарастырып отырған құрылымдардың стационарлық жағдайдағы ықтималдық күйлері келесі қатынастармен өзара байланысқан:

$$p_1 = \frac{q\mu}{\nu + \eta} p_0, \quad p_2 = \frac{(1 - q)\mu}{\eta} p_0 \quad (7)$$

Объектінің стационарлы жағдайдағы қалыптасу уақыты сыртқы қауіптің әсерімен анықталады, егер

$$\mu \leq \eta$$

Жүйенің ықтималдық күйі оның стационарлық шамаларымен 5% шамаға өзгеретінін байқай аламыз, егер жүйенің жұмыс уақыты төмендегі шартты қанағаттандыратын болса:

$$t \geq \frac{3}{\min(-\lambda_1 - \lambda_2)}$$

Бұл шарт орындалатынын  $\lambda_1, \lambda_2$  көрсеткіштерін анықтау кезінде байқауға болады. Бұл шарт барлық кезде орындалады, егер келесі теңсіздік орындалса, яғни

$$t \geq T_0 = \frac{3}{\eta}$$

Стационарлық жағдайдың болуы нартәуекелдік функция  $R(t)$  мен жалпы табыс функциясы  $w(t)$  шектік шамаларын бағалауға мүмкіндік береді. Уақыт шексіздікке ұмтылғанда, яғни  $t \rightarrow \infty$  ол функциялар төмендегі қатынастармен есептедінеді.

$$R(t) = p_0 \eta (d_1^{(0)} \frac{q\mu}{\nu + \eta} + d_2^{(0)} \frac{(1 - q)\mu}{\eta}) \int_0^t \gamma^\tau d\tau$$

$$w(t) = p_0 \left( w_0^{(0)} + w_1^{(0)} \frac{q\mu}{\nu + \eta} + w_2^{(0)} \frac{(1 - q)\mu}{\eta} \right) \int_0^t \gamma^\tau d\tau \quad (8)$$

Соңғы теңдеулерден «жалпы табыс-нартәуекелдік» көрсеткішінің  $t \rightarrow \infty$  ұмбылғандағы қатыасын анықтай аламыз:

$$\frac{w(t)}{R(t)} = \frac{w_0^{(0)} \left(1 + \frac{\nu}{\eta}\right) + w_1^{(0)} q \frac{\mu}{\eta} + w_2^{(0)} (1 - q) \frac{\mu}{\eta} \left(1 + \frac{\mu}{\eta}\right)}{d_1^{(0)} q \mu + d_2^{(0)} (1 - q) \mu \left(1 + \frac{\nu}{\eta}\right)} \quad (9)$$

Егер сыртқы қауіпті сейілету үшін қажетті уақыт аз болса, онда ол  $\gamma \rightarrow \infty$  шартына тепе-тең. Бұл жағдайда төмендегі қатынасты аламыз:

$$W \cdot R = \frac{\omega_0(0) + \omega_2(0)(1 - q) \frac{\mu}{\eta}}{d_2^{(0)} (1 - q) \mu} \quad (9)$$

Яғни «жалпы табыс-тәуекелдік» критерийі бойынша жүйенің жұмыс істеу қабілеттілігі оның сыртқы қауіптің пайда болуының анықтылығымен анықталады және ол ықтималдылығы  $q$  теңшамаменсипатталады.

Егер сыртқы қауіпті қайтару үшін кететін уақыт көп болса, яғни  $\gamma$  нөлге ұмтылса  $\gamma \rightarrow \infty$  онда (7)-ші формуланы келесі түрде жаза аламыз

$$W \cdot R = \frac{\omega_0^{(0)} + \omega_1^{(0)} q \frac{\mu}{\eta} \omega_2^{(0)} (1 - q) \frac{\mu}{\eta}}{d_2^{(0)} q \mu + d_2^{(0)} (1 - q) \mu}$$

Енді осы жағдайға сәйкес бір дербес жағдайды қарастырайық яғни сыртқы қауіптің әсерінен жүйенің жұмыс істеу қабілеті төмендейді дейік немесе оның өнімділігі сыртқы қауіптің әсерінен нөлге тең дейік:

$$\omega_1^{(0)} = 0, \quad \omega_2^{(0)} = 0$$

Бұл жағдайда «жалпы табыс-тәуекелдік» көрсеткішінің шектік шамасы келесі шамаға тең болады.

$$WR = \frac{\omega_0^{(0)}}{d_1^{(0)} q \mu + d_2^{(0)} (1 - q) \mu + \frac{1}{1 + \frac{d_1^{(0)}}{d_2^{(0)}} \cdot \frac{q}{1 - q}} \cdot \frac{\nu}{\eta}}$$

Егер сыртқы қауіпке қарсы тұру уақыты аз болса, яғни  $\gamma \rightarrow \infty$  онда

$$WR = \frac{\omega_0^{(0)}}{d_1^{(0)} q \mu + d_2^{(0)} (1 - q) \mu} \cdot 1 + \frac{d_1^{(0)}}{d_2^{(0)}} \cdot \frac{q}{1 - q} \quad (10)$$

Егер сыртқы қауіпті қайтаруға уақыт көп болса, яғни  $\gamma \rightarrow \infty$  онда


$$WR = \frac{\omega_0^{(0)}}{d_1^{(0)} q \mu + d_2^{(0)} (1 - q) \mu} \quad (11)$$

(10) және (11) қатынастарды салыстыра отырып, сыртқы қауіпке қарсыласу әсері «жалпы табыс-тәуекелдік» критерийі бойынша қарастырып отырған объектінің сапалық жұмыс атқаруын  $1 + \frac{d_1^{(0)}}{d_2^{(0)}} \cdot \frac{q}{1 - q}$  есеге көтеретінін байқаймыз.

Қорыта айтсақ, қаржылық тәуекелділікті бағалаудың математикалық моделі тұрғызу тәжірибе жүзінде кездесетін қаржылық тәуекелділікті бағалаудың әдістерін жалпылайды және қарастырылатын субъектінің қаржылық әрекеттерінде ең тиімді шешімді қабылдауға мүмкіндік береді. Мақалада келтірілген мүмкін болып қалу шығындардың салыстырмалы шамалары қосалқы капиталдың абсолюттік шамаларын ескерместен қаржылық тәуекелділікті бағалауда қолдануға болады. Сонымен қатар, математикалық моделді құруда, қаржылық нар тәуекелділікті бағалауда тәуекелділіктің дисперсиялық концепциясы немесе орташа квадраттың ауытқу сияқты ықтималдықтар теориясының элементтері қолданылып, бұл сандық сипаттамалардың қаржылық тәуекелділікті бағалауға көп әсері жоқ екені анықталады. Математикалық әдістердің ішінде бағалы қағаздар, соның ішінде опциандар белгілі бір макроэкономикалық идеалға қол жеткізудің қуатты құралы болып табылады, ол үшін барлық адамдар көп жұмыс істейді және көп ақша табады, бірақ жетіспеушілікте өмір сүреді, өйткені барлық ақша бағалы қағаздарға салынады. Экономика осы инвестициялардың арқасында тез дамып келеді. Егер инвесторлардың едәуір бөлігі қаржының толық жетпейтінін тоқтатып, бағалы қағаздарын қолма - қол ақша мен тауарларға аударғысы келсе, онда әрине, ақшаның да, тауарлардың жетіспеушілігі - дағдарысқа әкеледі. Осындай жетіспеушілік болмауы үшін қазіргі кезде жоғарыда көрсетілген әдістер қолданылуы мүмкін. Алынған нәтижелердің тәуекелділікті динамикалық тұрғыдан басқаруда жоғарыда келтіретін стратегияны пайдалануға болатынын көреміз.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Боранов Н.А, Сурков А.И. Оптимизация ресурсов выделяемых на идентификацию состояния системизация прикладной и промышленной математики, 2010. Т.17, №3
2. Виленский П.Л. , Лившиц В.Н., Смоляк С.А. Оценка эффективности инвестиционных проектов. Теория и практика. М.:Дело, 2008.
3. Соловьев В.И. Математические методы управления рисками: Учебное пособие, Москва-2003.-100 с.
4. Белых Л.П. Основы финансового рынка: Учебное пособие-М.Финансы, ЮНИТИ, 1999.
5. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов:Учебник.-Олимп Бизнес, 1997.



ӘОЖ 517.96:336

## ҚАРЖЫЛЫҚ НАРТӘУЕКЕЛДІКТІ БАҒАЛАУДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Жақаш Ә.Т.-доцент, Қайырбай С.Қ.-магистрант, Серік Б.Д.-бакалавр.  
«Ақпараттық технологиялар» факультеті  
«Қолданбалы математика және статистика» кафедрасы  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада ықтималдылық теориясының негізінде қаржылық нартәуекелділікті тәуекелділіктің құны әдісімен зерттеу қарастырылған. Қарастырылып отырған мәселенің математикалық моделі құрылып, шешуінің нәтижелері талданған. Бұл әдіс тәуекелділіктің тиімді немесе тиімсіз екенін анықтауға көмектеседі. В статье проводится исследование финансовой ответственности на основе теории вероятностей с использованием метода стоимости риска. Создана математическая модель рассматриваемой задачи и проанализированы результаты ее решения. Этот метод помогает определить, является ли риск эффективным или неэффективным.

**Кілт сөздер:** Қаржылық нартәуекелділік, баға, , ықтималдылық, кездейсоқ оқиға, қосалқы капитал, кездейсоқ шама, табыс, шығын, кері функция.

**Annotation.** The article conducts a study of financial responsibility based on the theory of probability using the cost of risk method. A mathematical model of the considered problem is created and the results of its solution are analyzed. This method helps to determine whether a risk is effective or ineffective.

**Keywords:** financial narthexquality, price, probability, random event, auxiliary capital, random variable, income, loss, inverse function.

Қаржылық нартәуекелдіктің бағалау және талдаудың теориялық негіздемесі және тәжірибиелік құралы ол-экономикалық-математикалық моделдеу. Оның қажетті шарты ретінде кездейсоқ нартәуекелділікті айтуға болады. Бұл кездейсоқ факторды математикада, стохастикалық құбылыс депте атайды[ 1 ]. Мұндай математикалық модердерді экономикалық мәселелерде қолданады және оны ықтималдықтар теориясына жатқызады.

Математикалық тұрғыдан мұндай мәселелерді шешуде қандайда конценцияның болуы қажет. Ондай тұжырымдама ретінде дүниежүзілік барлық экономика қандайда кездейсоқ эксперимент деп қарастырылады[ 2 ]. Оның математикалық моделін  $(\Omega, F, P)$  ықтималдық кеңістік болуы мүмкін. Бұл жағдайда, әрбір элементарлы оқиға, яғни  $\omega \in \Omega$  қарастырылып, отырған моделдің сыртқы айнымалысы болып табылады. Олай болса, алда туындайтын белгісіздіктер толығымен әртүрлі кездейсоқ оқиғалармен  $A \in F$  анықталады, ал оның сандық бағалауы  $P(A)$  ықтималдылығымен іске асырылады [ 2 ].



Енді қаржылық нартәуекелділік дегеніміз не? Соған тоқтала кетейік. Қаржылық нартәуекелдік деп жеке тұлғаның немесе мекеменің материалдық ресурстары немесе жоспарланған кірістерінің бөлігінің қандайда қаржылық әрекеттену болашақта жоғалтып алу мүмкіндігін айтады. Егер  $A$  арқылы кездейсоқ оқиғаны белгілесек, онда осы әрекетке қатысушы отырса немесе жоспарланған табысы болмай қалса, онда бұл оқиғаның ықтималдылығы  $P(A)$  десек, ол сол қаржылық нартәуекелділіктің санды бағалауы болып табылады.

Мәселен, бір жылдың ішінде фондалық нарықтағы инвестициялық іс-әрекетінің нәтижесінде, салмақ болған 60 миллиондай теңгесін жоғалтып аламыз деп күдіктенсін дейік. Бұл инвестердің бір жылда күтілетін табысын табу үшін оның кем дегенде екі стратегиялық басқарудағы инвестициялық портфелі болуы керек. Бірақ, есептеулердің нәтижесінде бірінші стратегия бойынша 60 миллиондай ақшасын жоғалту кездейсоқ оқиғалар ықтималдылығы бойынша 10% болса, екіншісі стратегиялық басқару бойынша 5%. Бұл дегеніміз, инвестердің 10 миллион теңгені жоғалтып алуға қаржылық нартәуекелділік мүмкіндігі бір жыл ішіндегі оқиғалардың даму варианттары бойынша оннан бір бөлігіне, ал екінші стратегия бойынша жиырмадан бір бөлігіне тең болатынын көреміз.

Егер инвестор үшін қаржылық нартәуекелдік ыңғайлы болса, онда ол екінші стратегияны таңдар еді. Олай болса, ықтималдылық теориясының сәйкес оқиғалардың арасындағы қаржылық нартәуекелділікті салыстыра отырып, қаржылық нартәуекелділікті бағалау ықтималдылығы төмен жағдай таңдауға мүмкіндік береді. Яғни, қаржылық нартәуекелділікті басқаруға жол ашылады.

Осы жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес инвестицияның қарапайым моделін қарастырайық. Бір жылдық инвестициялық жобадан түсетін табыс немесе шығынды  $D$  деп белгілейік. Оны сыртқы экономикалық жағдайды сипаттайтын қосалқы капитал  $K$  мен кездейсоқ шама  $\eta$  функциясы деп санасақ, яғни:

$$D = h(\eta, k)$$

Онда  $z = h(x, y) = h_y(x)$  функциясын  $y$  айнымалысын тұрақты деп, харгументі бойынша өспелі функция деп қабылдайық. Бұл жерде айта кету керек келесі теңсіздіктердің орындалатынын  $x_1 < x_2, h_y(x_1) < h_y(x_2)$ . Онда кез-келген  $y$  үшін  $z = h_y(x)$  функциясының кері функциясы табылады.

$$x = h_y^{-1}(z) = \Psi(z, y),$$

Бұл кері функцияның харгументі бойынша өспелі екенін айта кету керек. Сонымен қатар, кез-келген  $z$  үшін  $\Psi(z, y)$  функциясы  $y$  айнымалысы бойынша кемімелі болады. Онда, кездейсоқ  $A$  оқиғасы  $h_k^{-1}(0)$  шамасынан аспайтын кездейсоқ  $h$  үшін келесі теңдік орындалады

$$A = \{D \leq 0\} = \{\eta \leq h_k^{-1}(0)\}.$$

Егер кездейсоқ шама  $\eta$  төмендегі тарату функциясымен анықталса

$$F_\eta(x) = P\{\eta \leq x\}, \text{ мұндағы } x \in (-\infty; +\infty),$$

онда қаржылық нартәуекелділікті бағалау келесі ықтималдылықпен анықталады:

$$P(A) = P\{\eta \leq h_k^{-1}(0)\} = F_\eta(h_k^{-1}(0)) = F_\eta(\Psi(0, K)) \quad (1)$$

Атап айта кету керек кез-келген төмендігі теңсіздік үшін, таратылу функциясы монотонды өспелі функция.

$$x < y, F_{\eta}(x) \leq F_{\eta}(y)$$

Жоғарыда келтірілген ұйғарым бойынша  $\Psi(O, K)$  функциясы  $K$  бойынша кемімелі, олай болса  $K$  қосалқы капиталы өскен сайын нартәуекелділіктің ықтималдылығы  $P(A)$  кемиді. Бұдан шығатын тұжырым, қосалқы капитал максималды болса, онда бұл жағдайда нартәуекелділік минимумға ұмтылады. Егер  $\Psi(O, K)$  функциясы төменгі жағынан шектелмесе, онда

$$K \rightarrow +\infty, \Psi(O, K) \rightarrow -\infty, \text{ яғни ықтималдылық нөлге ұмтылады,}$$

$$P(A) = F_{\eta}(\Psi(O, K)) \rightarrow 0.$$

Соңғы теңдеуден байқайтынымыз шексіз қосалқы капиталға байланысты табыстың болмау ықтималдылығының нөлге ұмтылуын анықтайды. Олай болса, шексіз көп қосалқы капиталдық болуы табы таппай қалу мүмкіндігін толығымен жоя алады.

Қаржылық нартәуекелділіктің бағалауда мұнда әдісті жүзеге асырудың мысалы ретінде сақтандыру компаниясының қиыншылыққа кіруін қарастырайық. Сақтандыруды біздің уақытымызға дейін ең алғаш 1851 жылы Барруаның еңбектерінен байқаймыз. Оның талдаған ең қарапайым моделі[3]:

$u_1(x)$  — сақтандыру мекемесінің пайда табу функциясы;

$u_2(x)$  — сақтандырушы жеке адамдардың бірінің пайдалы функциясы;

$s_1$  — сақтандыру мекемесінің қаржысы;

$s_2$  — сақтандырылатын адамның қаржысы;

$X$  — мүмкін болатын шығынның кездейсоқ шамасы;

$c$  — сақтандыру қағазының құны. Онда сақтандыру мекемесі сақтандырушыны келесі жағдайларда сақтандыруға келіседі:

$$u_1(s_1) \leq M u_1(s_1 + c - X),$$

ал егер, сақтандырушы сақтандыруға келсе:

$$u_2(s_2 - c) \geq M u_2(s_2 - X).$$

$c_1$  -  $c$  санының ең кіші саны болсын, ол үшін , ал  $c_2$  —  $c$  санының ең үлкені. Егер  $c_2 < c_1$  болса, онда сақтандыру мүмкін емес. Егер  $c_1 \leq c_2$  болса, онда  $[c_1; c_2]$  кесіндісінен  $c$  таңдау мәселесі қиындықтарға душар болады. Берілген сақтандырылатын физикалық тұлға біржақты болатын болса, ол қарапайым түрде  $c = c_2$  орнатып алады. Бәсекелестікпен болған сәтте  $c c_1$ -ге жақындайтынын көрсетеді.

Жалпы осы шарттар орындалғаннан кейін, ол өз өмірін сақтандыруы мүмкін. Жеке адамның өмірін сақтандыруда кездейсоқтықтың негізгі көзі жеке адамның қайтыс болу сәтінің белгісіздігі болуы мүмкін. Немесе белгілі уақытта сақтандырушы бекітілген талаптарға сәйкес сақтандырылатын болса, Үлкен сандар Заңына сәйкес салыстырылатын жиіліктердегі тұрақтылық жайлы қарастырайық. Оны оң кездейсоқ шама деп қарастыратын болсақ, онда .

$$F(x) = P \text{ бұл тұрақтылыққа сәйкестік:}$$

$$F(x) = P\{X < x\} \text{ болады.}$$

Осылай берілетін функция берілген нар тәуекелділіктің әсерін математикада үздіксіз жалғасатын функция деп қарастырылады [6]. Олай болса, төмендегі шарттар орындалады.

$$s(x) = P\{X \geq x\} \text{ болған жағдайда,}$$

$$s(x) = P\{X \geq x\} = 1 - F(x),$$

бұл біршамадағы жиыннан шығатын адамдардың аз дегенде  $x$  уақытқа сәйкес ғұмыр кешуінің ықтималдығына тең. Онда, өмір сүру функциясын келесі түрде өрнектейміз:

$$F(x) = 1 - s(x).$$

Мұндағы кездейсоқ  $x$  шамасын бөлу функциясы болып табылатын барлық қасиеттерді қанағаттандыру керек.

Олай болса

$$T(x) = X - x,$$

мұндағы  $x$  адамның қалған өмірі.

$$p_x = P\{T(x) \geq t\}$$

Бұл формула  $x$  жастағы адамның әлі  $t$  жыл өмір сүреді деген ықтималдылықты береді. Шартты ықтималдылықты анықтау бойынша [6]

$$p_x = P\{T(x) \geq t\} = P\{X \geq x + t | X \geq x\} = \frac{P\{X \geq x+t\}}{P\{X \geq x\}} = \frac{xp_0}{xp_0} = \frac{s(x+t)}{s(x)}.$$

Бір жылдағы жағдайын талдап көрейік. Сақтандыру сыйақы бастапқы кезеңде кіргізіледі дейік және үстеме шығынды ескермей сақтандыру компанияның қосалқы капиталы  $K$ -ны құрып алады. Келісім шарт бойынша барлық сақтандыру төлемдер компаниясы үшін жалпы төлем  $S$ -ті анықтайды. Қарастырылатын уақыт аз болғандықтан әрбір сақтандыру төлеміне жалпы талаптар дисконтсыз есептеледі. Онда сақтандыру компаниясының табысы  $D = K - S$  формуласы бойынша анықталады. Бастапқы кезде  $K$  капиталының жалпы қосындысы белгісінде  $S$  шамасы белгісіз. Сондықтан оны кездейсоқ шама деп есептеуге болады. Математикалық моделді тұрғызу кезінде осы кездейсоқ шамасы таратылуының аналитикалық тұжырымдамалар жасауға болады. Мысалы  $S$  шамасы гаусстық таратылуға жатсын десек. ( $a$ ) арқылы талаптар қосындысының күтілетін шамасын, Ал  $\sigma$  — арқылы орташа квадраттық ауытқуды белгілесек, келесі теңдіктерді жаза аламыз

$$a = M \cdot S, \quad \delta = \sqrt{D \cdot S}$$

Бұл жерде  $\delta > 0$  екенін байқауға болады.

Онда  $\delta^{-1}(S - a)$  шамасы стандартты гаусстық тарату бола алады. Гаусстық таратылудың симметриялығына байланысты  $\eta = -\delta^{-1}(S - a)$  кездейсоқ шамасының таратылу заңдылығында стандартты гаусстық таратылуға, ал оның таратылу функциясы Лаплас функциясына тең, яғни:

$$F_{\eta}(x) = \Phi(x) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}} \int_{-\infty}^x e^{-t^2/2} dt \quad (2)$$

(2)-ші теңдікті түрлендіре отырып, нәтижесінде  $S = a - \delta\eta$  түріндегі талаптар қосындысын, сол арқылы табыс  $D$  және  $h(x, y)$  функция төмендігі қатынастар арқылы анықтай аламыз:

$$D = K - a + \delta\eta, \quad h(x, y) = y - a + \delta x$$

Осы қатынастар арқылы жоғарыда атап өтілген қажетті тұжырымдамалық шарттарды  $h(x, y)$  функциясының қанағаттандыратынын көруге болады. Себебі кез-келген  $y$  үшін оның кері функциясының болатынын көреміз, яғни

$$x = h_y^{-1}(z) = \Psi(z, y) = \frac{z + a - y}{\delta}$$

Сақтандыру компаниясының шығындалуы оның барлық талаптар бойынша төлемдер жасай алмайтынын көрсетеді. Ал бұл жағдай  $D$  табысының нольден кіші болған жағдайда болатынын көрсетейік. Жоғарыда келтірілген барлық тұжырымдаманың негізінде сақтандыру компания шығынға бату нартәуекелділігін Лапластың функциясының көмегімен бағалауға болады:

$$P(A) = F_{\eta}(\Psi(0, K)) = \Phi\left(\frac{a - K}{\delta}\right) \quad (3)$$

Олай болса, берілген  $K$  қосалқы бойынша қаржылық нартәуекелділікті бағалау  $P(A)$  ықтималдылығымен анықталатындығын көрдік. Сондықтан, қаржылық менеджерлер шешім қабылдау кезінде қандай стратегияны таңдау мәселесі кезінде олар қосалқы капиталдар бойынша нартәуекелділіктің ең төмен ықтималдылығын таңдағаны дұрыс.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Галип Л. Финансовая инженерия: инструменты и способы управления финансовым риском.-Анқил, 2003.
2. Белых Л.П. Основы финансового рынка: Учебное пособие.-М.Финансы, ЮНИТИ, 1999.
3. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов: Учебник.-Олимп Бизнес, 1997.
4. Боранов Н.А, Сурков А.И. Оптимизация ресурсов выделяемых на идентификацию состояния системы зрения прикладной и промышленной математики, 2010. Т.17, №3
5. Виленский П.Л. , Лившиц В.Н., Смоляк С.А. Оценка эффективности инвестиционных проектов. Теория и практика. М.:Дело, 2008.
6. Соловьев В.И. Математические методы управления рисками: Учебное пособие, Москва-2003.-100 с.



## ЖОО ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗІРГІ БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейтбаев Қ.Ж. - а.ш.ғ.к.

«Биология және ауылшаруашылық мамандықтар кафедрасы»  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі кезде жоғары оқу орындарында биология пәнін оқыту, оның дамуының негізгі бағыттарын көрсету, жаңа ғылымдарды пәндерді оқу процесіне енгізу, олардың практикалық қолданылуы және әрбір бағыттың қазіргі болашақтағы маңызы қарастырылады. Мақалада биология ғылымының жаңадан дамып келе жатқан бағыттары және олардың қажеттілігі мен қолданылуының нәтижелері белгілі бір болашаққа жататын ақпараттар біріктірілген. Қазіргі заманда биология ғылымының дүниені ғылыми танымының келешегі қоғамдық қызығушылықтарды оятып, болашақта ғылыми биологияның дамуы ұсынылады.

**Кілт сөздер:** биология, синтетикалық биология, бионика, нутригеномика, нутригенетика, меметика, соминология, кванттық биология, нейропаразитология.

**Аннотация.** В статье рассматривается современное преподавание биологии в высших учебных заведениях, показаны основные направления ее развития, внедрение новых наук в процесс изучения предметов, их практическое применение, значение каждого направления в настоящем и будущем. В статье вновь развивающиеся направления биологической науки и результаты их необходимости и применения сочетаются с информацией, относящейся к определенному будущему. В современности будущее научных знаний о мире биологических наук вызывает общественный интерес, и рекомендуется развитие научной биологии в будущем.

**Ключевые слова:** биология, синтетическая биология, бионика, нутригеномика, нутригенетика, меметика, соминология, квантовая биология, нейропаразитология.

**Abstract.** The article discusses the modern teaching of biology in higher educational institutions, shows the main directions of its development, the introduction of new sciences in the process of studying subjects, their practical application, the significance of each direction in the present and future. The article combines newly developing areas of biological science and the results of their necessity and application with information related to a certain future. In modern times, the future of scientific knowledge about the world of biological sciences is of public interest, and the development of scientific biology in the future is recommended.

**Key words:** biology, synthetic biology, bionics, nutrigenomics, nutrigenetics, memetics, sominology, quantum biology, neuroparasitology.

Қазіргі кезде біз жасап тұрған әлем өте жылдам және қарқынмен дамып келеді. Әр күн сайын дерлік білімнің әртүрлі салаларында жаңа ғылыми жаңалықтар ашылып, экономиканың және адам өмірінің әртүрлі секторлар мен салаларына жаңа инновациялық технологиялар енгізілуде. Жахандық ақпараттандыру және барлық процестерді цифрландыру бар, бірақ ХХІ ғасыр биология ғасыры деп аталады. Сондықтанда қазір адамзат алдында мынандай сұрақ тұындайды. Неліктен биология ғылымы бүгінгі және жақын болашақта өркеніет дамуында негізгі орындарды алады?. Осы сұрақтарға жауап беруге және қазіргі биология ғылымының бірнеше перспективалы бағыттарымен танысуға тырысайық. Өздеріңіз білесіздер барлық тіршілік игесі соның ішінде адам өмірі биологиялық заңдылықтар бойынша жүреді. Ағзаны, тұлғаны дамыту, денсаулықты сақтау, қолайлы орта жасау, организмнің қорын пайдалану, өмір сүру ұзақтығын арттыру, тіршілікті қамтамасыз ету мәселелерін шешу, табиғи жағдайлар мен ресурстардың өзгеруі мен сарқылуын, планетаның табиғатын сақтау, қошаған ортаны ұтымды пайдалану, қолдану

биотехнологияның, адамның басқа мекендеу ортасының қоныстануы мен пайдалануы, даму кеңістігі және басқа да көптеген мәселелер биологияның білімдері, оның даму мен соғы жетістіктері негізінде ашылып, шешімін тауып жатыр [1,2] Қазіргі биология ғылымының зерттеу объектісі бойынша ерекшеленетін және дербес ғылымға айналған, өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын көптеген салаларды қамтитын күрделі ғылым. Олардың кейбіреулері, ботаника, зоология, анатомия, медицина сияқты ежелгі дәуірден белгілі. Кейбіреулер ғылыми техникалық прогрестің негізінде жақында пайда болды, мысалы, цитология, клетка биологиясы, микробиология, генетика, вирусология, биохимия, биофизика, бионика. Ал кейбіреулері енді ғана пайда болып, өзінің объектісін, зерттеу әдістерін анықап, алғашқы заңдылықтарын белгілеуде. Болашақта жоғары оқу орындарында оқу процесіне енгізілетін осындай ғылымдар болады, соның ішінде:

1. Синтетикалық биология. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары ашылғаннан кейін, ағзалардың осы қасиеттерінің материалдық тасымалдаушылары табылып, зерттеліп, осы білімдерді тәжірибеде қолдануға байланысты көптеген сұрақтар туындады. Осылайша синтетикалық биология пәні пайда болды бұл гендік инженерияның жаңа бағыттарының бірі. Бұл ғылымның негізгі идеясы- табиғатта ешқашан болмаған немесе адамның кінәсінен жойылып, жер бетіндегі эволюциялық өзгерістер барысында зойылып кетуі мүмкін, оларға сәйкес келетін тірі ағзаларды құру, жаңа геномдарды құру және зерттеу болып табылады. 2010 жылы Крейг Вентер институты синтезделген геномы бар алғашқы тірі, көбейетін клетканы жасады. Бұл әдіс негізінде ауылшаруашылығында, экологияда және басқа да салаларда жаңа дақылдарды жасаудан бастап, бактерияларға дейін көптеген практикалық мәселелерді шешуге болады.

2. Наноғылым. Қазіргі кезде ғылымда жаңа салалар пайда болды, соның бірі «нанотехнология» яғни атомдар, молекулалар, зат құрылымының элементар бөлшектері және олармен жұмыс істеу технологиялары туралы түсінік. Наноғылым көмегімен бағдарламаланған қасиеттері бар соңғы материалдарды, дәрі-дәрмектерді және әртүрлі құрылығларды жасауға болады. Наноэлем тіпті адам психологиясына еніп, соның нәтижесінде нанопсихология бағыты пайда болды. Ол нанобөлшектердің (нанозкрандар, наночиптер) қасиеттерін және олардың психикалық процестер мен адам миына әсер ету қабілетін зерттейді. Наночиптер кішкентай құрылғына миға, мысалы, ингаляция немесе кәдімгі инъекция арқылы енгізуге болады және ол мидың өзіне жетіп, оған жүктелген тапсырмаларды орындайды. Мұндай әдістер ең ауыр психикалық бұзылуларды, есте сақтау бұзылыстарын тіпті Альцгеймер ауруын емдеуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл технологиялар адамзатқа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, мысалы, осылайша сіз адамдардың жаппай санасын манипуляциялауға және оларды басқа біреудің еркін орындауға мәжбүрлей аласыз. Сондықтан да жаңа ғылыми ашылулар адамзатқа зиян тигізбеуі үшін ғылыми этиканы сақтау маңызды.

3. Бионика. «Бионика» терминін алғаш рет Джек Стил 1960 жылы қолданған. Жануарлар әлемі бірегей, алуан түрлі, адам әртүрлі техникалық құрылығларды, машиналар мен механизмдерді жасау үшін пайдалана алатын өнертабыстар пайда болды. Тірі организмдер денесінің құрылысы, қазіргі заманғы биология ғылымының тіршілік әрекеті, мінез құлқы туралы соңғы тенденциялары биониканың зерттеу нысандары болып табылады, олардың құрылығларда және басқа да техникалық ашылуларда бейнеленген. Бионика болашақ медицинаның дамуында маңызды рөл атқарады. Бұнда ғалымдар табиғи және синтетикалық материалдарды біріктіріп, оларды жасанды мүшелерге айналдыра алады. Соңғы ғылыми жетістіктер соқыр адамдардың көру қабілетін қалпына келтіруге болатын бионикалық көзді ойлап тапты. Биониканың өте қызықты саласы- биопринтинг. Ғалымдар органдарды арнайы принтерде басып шығаруды қолға алуда. Тіндер мен мүшелердің функцияларын немесе құрылымдарын қалпына келтіру принциптеріне негізделген регенеративті медицина да белсенді дамып келеді.

4. Нутригеномика және Нутригенетика. Тамақтану- ағзаға қажетті қоректік заттардың жиынтығын және қажетті энергия мөлшерін алатын өмірлік маңызды процесс. Дегенмен,

барлық тағамдар бірдей жақсы сіңірілмейді және әртүрлі адамдарда денеге әсер етеді. Ғалымдар адамның метаболизмі мен тағамның қорытылуына жауап беретін гендер бар екенін анықтады. Әртүрлі адамдарда бұл гендер әртүрлі, олардың жиынтығы дененің әртүрлі қасиеттерін анықтайтын басқа гендердің жиынтығы сияқты ерекшеленеді. Сондықтан әртүрлі адамдар бір өнімді әртүрлі жолмен сіңіреді. Нутригеномика- бұл тағамның адам ағзасымен өзара әрекеттесуі туралы ғылым. Нутригенетика тағамның сіңімділігіне әсер ететін гендерді зерттейді. Әртүрлі адамдарда тағамды қорыту және ассимиляциялау процестеріндегі айырмашылықтар полиморфизм деп аталатын ДНҚ молекулаларының құрылымындағы шағын айырмашылықтармен анықталады. Осы себепті әр адам тағамды өзінше қорытады. Біреуі ақуызды тағамдарды жақсы сіңіреді, екіншісі көмірсулар, үшіншісі майлы тағамдарды. Бұл белгілер адамның сол немесе басқа тағамға бейімділігін және басқа түрлерден бас тартуын айқындайды. Нутригенетика диетологияның жетістіктерінен пайда болды. Құрамында белоктар, майлар, көмірсулар, витаминдер және т.б. қоректік заттар әрбір дерлік тағам өнімдерінде гендердің осы заттардың және олардың құрамындағы өнімдердің ыдрауы мен сіңірілуіне әсері зерттеледі. Сондықтан бүгінгі таңда қандай диета сізге сәйкес келетінін анықтау үшін генетикалық талдауды қажет етеді.

5.Соноцитология пәні. Тірі клеткалардың өзіндік биоөрісі бар және дыбыс импульстарына айналуы мүмкін толқындардың белгілі бір спектрін шығаруға қабілетті. Бұл құбылысты биологиялық зерттеулердің жаңа бағыты соноцитология зерттейді. Оның міндеті- адам клеткаларының дыбысын есту. Тірі клетка әртүрлі күйде әртүрлі толқындарды және әртүрлі дыбыстарды шығарады және қабылдайды. Клетка өлген кезде оның импульсі төмен жіліктегі шуыл сияқты болады. Генетикалық түрлендірілген рак клеткалары толқынды қабылдайтын радиоқабылдағыштың дыбыстарына ұқсас шу шығарады. Қазіргі кезде биолог ғалымдар сау және өзгерген күйде әртүрлі мүшелер мен ұлпалардың клеткалары шығаратын «дыбыстар каталогин» құрумен айналысуда. Бұл саладағы жаңа ашылымдар ауруларды диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістерін береді. Клеткалардың өзі өз проблемалары туралы ақпарат береді, оларды тыңдай отырып, аурулардың, соның ішінде қатерлі ісіктің ерте сатыларын диагностикалауға және емдеу процесін бақылауға болады.

6.Сеттлеретика. Қалай ойласыздар, адамды өлмейтін ету мүмкін бе?. Ақпаратты мидан жасанды тасымалдаушыға қалай шығаруға болады ?. Нейрокомпьютер миын жасап, оған бүкіл адам психикасын жылжыту мүмкін болама. Ғылымның жаңа бағыты-отрықшылық ғалымдары қазірдің өзінде осындай жобаларды жүзеге асырумен айналысады. Сеттлеретика екі негізгі мәселенің шешімін іздейді:

- адам миынан ақпаратты алу (жүктеу) жодарын;
- ақпаратты жасанды тасымалдаушыға беру жолы.

Сеттлеретика адам санасының жаңа тасымалдаушыларын жасаумен айналысады және оларды қолдану үшін технологиялар кешенін әзірлеуде. Мидың әртүрлі бөліктеріне чиптерді имплантациялаудың ықтимал әдісі, жүйке клеткаларын қалпына келтіру әдісі, нейроимпланттардың көмегімен салданған бұлшықеттерді бақылау әдісін зерттейді.

Ең күрделісі адамның санасын, тұлғасын жастық денеден жас биоклонға көшіру және бұл өлместікке соңғы қадам болады. Ғалымдар жеке тұлғаны виртуалды әлемде болуы үшін компьютерге көшіруді зерттеп жатыр. Соңғы уақытқа дейін өлместік туралы ешкім ойламаған, бірақ бүгінде бұл шындыққа айналады.

7.Гелотология. Бұл күлкі туралы ғылым. Ол әдеттен тыс жағдайларда ХХ ғасырдың 70- жылдарында Америкада пайда болды. Бұл ғылымның негізін қалаушы Норман Кузинс сирек кездесетін буын ауруымен ауырған. Дәрігерлер ештеңе істей алмайа бас тартты. Кузендер қалған өмірін көңілді уақыт өткізуге арнауды шешті. Ол өз бөлмесінде отырып, теледидарлардан комедияларды тамашалап, тынымсыз күлетін. Нәтиже мүлдем күтпеген және таңқаларлық болды. Бір аптадан кейін буындардағы ауырсыну жоғалып кетті, бір айдан кейін Норман қозғала бастады, ал екі айдан кейін ол тіпті жұмысқа кетті. Оны «өлімді күлдірген адам» деп атаған. Күлкі ең ауыр дертке де шипа болып өмірді ұзартатын күшті емдік фактор болып табылады. Сондықтан өз денсаулығыңыз үшін күліп тұрыңыз.

8. Кванттық биология. Бұл бағыт жақында пайда болды және ол тірі клеткалардағы ұлпалардағы және организмдердің құрылымдарындағы шағын массалардың, энергия ұйығыштарының мінез құлқын зерттейді. Кванттық энергияны өсімдіктер аденозинтрифосфатсинтазаны (аденозинтрифосфаттф АТФ) синтездейтін транс- локазалар класына жататын ферменттер тобы) синтездеуге, фотосинтез реакцияларын жүргізуге, жарықты қабылдауға және жануарларды визуалды бейнелерді қалыптастыруға жұмсалады, өзгеріс тудырады. ДНҚ құрылымында жануарлардың жаппай мінез құлқына әсер етуі мүмкін, мысалы, құстардың, жәндіктердің және басқа да көптеген процестер мен құбылыстардың миграциясы. Тірі жүйелердегі кванттардың мінез құлқыны зерттеу арқылы дәрілік заттардың, емдеудің жаңа әдістерін, жаңа материалдар мен жүйелерді жасауға болады.

9. Нейропаразитология. Паразиттік организмдер әлемі иесі ағзаның ішінде бейімделу қабілетімен таң қалдырады. Адамдар мен жануарлардың әртүрлі эндопаразиттерін зерттеу арқылы қандай кереметтерді көруге болмайды. Дегенмен, бұл әртүрліліктің ішінде ерекше орын алатын паразиттер, олардың тіршілік әрекеті арқылы иесі ағзаның циклінің кезеңдеріне байланысты өзгереді. Ағзалардың мұндай тобын нейропаразиттер, ал олардың биологиялық ерекшеліктерін, тіршілік ету циклдерін, таралу әдістерін, паразит пен иесінің мінез құлқын, алдын алу әдістерін зерттейтін ғылымды нейропаразитология деп атайды. Нейропаразитер арасында жабайы табиғаттың әртүрлі патшалықтаның өкілдері- вирустар, бактериялар, жануарлар, бірақ олардың ортақ бір қасиеті бар- олар өз иелерінің мінез- құлқының белгілі бір формаларына жауап беретін жүйке жүйесінің сәйкес орталықтарын басқара алады және оларды өзін өзі ұстауға мәжбүрлей алады. Мұндай паразиттердің мысалдары кордицепс саңырауқұлағы, құтыру вирусы, шаш құрттары, токсоплазма және т.б. бұл ғылым инвазиялардың алдын алуға практикалық қызығушылық танытады, сонымен қатар теориялық- жүйке орталықтарына әсер ету механизмдерін білу, кейіннен осы білімді қолдана алу болып табылады. Биология ғылымындағы соңғы дамушы ғылымдардың үлкен спектрінің бір бөлігі ғана. Біздің ғаламшарымыздағы организмдердің алуан түрлілігін зерттейтін классикалық биология да оны жалғастыруды қажет етеді. Әлемде әлі күнге дейін ғылымға белгісіз көптеген түрлер бар. Көптеген шешілмеген сұрақтар эволюциялық биологиямен кездеседі. Жабайы табиғат әлемі өте үлкен және көптеген ашылмаған құпияларға толы. Әрбір жаңалық келесіні көздейді, таным көкжиегін кеңейтеді, ертегіден ғылыми шындыққа айналатын жаңа сұрақтар мен міндеттер қояды. Зерттеулер мен жаңалықтар жасау өте қызықты, және өте маңызды және қажет дүние.

Қазіргі кезде ғылыми зерттеулердің ауқымы пәндік шекарадан шығып, пәнаралық ретінде сипатталады, мәселені шешу трансдисциплинарлық білімді пайдалану контекстінде болады. Ақпараттық дәуірдің басты мәселесі- ақпарат көлемінің көшкін тәрізді ұлғаюына бейімделмеген адам үшін ақпараттық тромбоз қаупі болады. Екінші жағынан адам дамуының сапалы алғышарттары ақпараттарды қабылдау мен өңдеудің жаңа тәсілдерінің пайда болуы – бұл гуманитарлық, математикалық, медициналық, экологиялық және жаратылыстану инженерлік мәдениеттердің бірігуі болып табылады. Қарастырылға биология саласындағы осы пәндер 21 ғасырлағы ғылым мен техниканың өзгерістерін ішінара сипаттайды, осы мәселені қараструдың ықтимал перспективаларын көрсетеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Площук Н.Г. Новейшие направления современной биологической науки. Биологическая наука.
2. Крысова Е.В. Алиева Н.З. наука и технологии в XXI – м веке: трансформации в статусе и структуре//Современные проблемы науки образования.-2012. -№5





## THE NEED TO INTRODUCE AN OPTIONAL LESSON «INTERESTING RADIOCHEMISTRY» INTO THE SCHOOL CURRICULUM

Igilmanova S.T. - Graduate Student

Faculty of Natural Sciences, Aktobe Regional University named after K.Zhubanov

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі кезең мен болашақтың ғылымы болмақ радиохимия, жалпы атомдық ғасырдың артықшылықтары мен кемшіліктері, оны игерудің қажеттілігі қарастырылған. Айналамызда болып жатқан процестерді зерттеп, оларды басқаратын заңдарды аша келе, химия басқа жаратылыстану ғылымдарымен қатар химия өнеркәсібінің және ел экономикасын химияландырудың негізін құрайды. Болашақта экологиялық сауатты, радиохимиядан хабары бар ұрпақты тәрбиелеу мақсатында мектеп бағдарламасына «Қызықты радиохимия» факультатив курсы енгізудің қажеттілігі айқындалған. Аталған тақырыпты толықтыру мақсатында Халықаралық энергетикалық агенттіктің деректері, орыс химигі Ан.Н.Несмеяновтың еңбектері және басқа да әдебиеттер талданды.

**Кілт сөздер:** радиохимия, атомдық энергия, радиация, атом электр станциясы, ауыр металдар, реактивті отын, факультатив курс, сәулелену, ядролық қалдықтар, энергия, мектеп бағдарламасы.

**Annotation.** This article discusses the advantages and disadvantages of the atomic age as a whole, the need for its development. Studying the processes taking place around us and revealing the laws governing them, chemistry, along with other natural sciences, forms the basis of the chemical industry and the chemicalization of the country's economy. In the future, the need to introduce an optional course "Interesting Radiochemistry" into the school curriculum is emphasized, in order to educate an environmentally literate generation with the message of radiochemistry. In order to supplement this topic, the data of the International Energy Agency, as well as the works of the Russian chemist An. N.Nesmeyanov and other literature were analyzed.

**Keywords:** radiochemistry, nuclear energy, radiation, nuclear power plant, heavy metals, jet fuel, optional lesson, radiation, nuclear waste, energy, school curriculum.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются преимущества и недостатки атомного века в целом, необходимость его освоения. Изучая процессы, происходящие вокруг нас, и раскрывая законы, управляющие ими, химия, наряду с другими естественными науками, составляет основу химической промышленности и химизации экономики страны. В будущем выявляется необходимость внедрения в школьную программу факультативного курса «Интересная радиохимия», с целью воспитания экологически грамотного поколения со знанием радиохимии. В целях дополнения данной темы, были проанализированы данные Международного энергетического агентства, а так же труды российского химика Ан. Н.Несмеянова и другие литературы.

**Ключевые слова:** радиохимия, атомная энергия, радиация, атомная электростанция, тяжелые металлы, реактивное топливо, факультативный курс, радиация, ядерные отходы, энергия, школьная программа.

The late nineteenth and early twentieth centuries were marked by the discovery of radioactivity. This remarkable discovery led to great advances in the field of technical science, which radically changed the environment and the conditions of human existence. In the twentieth century, a new emerging science appeared – Radiochemistry, which combined such important disciplines as radiation chemistry, nuclear chemistry, radiochemical analysis. For this reason, this century can be called the "atomic century".

**Atomic Energy.** In the 50s of the XX century, the Soviet Union launched the work of the world's first nuclear power plant, which, in turn, paved the way for the use of nuclear energy for peaceful purposes. As a result of numerous studies and experiments, it was found that during the

synthesis of the atomic nucleus, a huge amount of energy is obtained. In general, nuclear energy is an energy sector based on the production of electricity and heat by converting nuclear energy.

The using of nuclear energy in human life has its advantages and disadvantages.

First of all, let's focus on the disadvantages:

first of all, thermal pollution is one of the main problems of nuclear energy. According to many experts, nuclear power plants emit more heat into the environment than the relative power of TPP;

secondly, an accident caused by a nuclear power plant creates an environmental and geoecological problem that retains its harmful effects for a long time;

thirdly, heavy metals and reactive fuel residues can enter the environment with water used to cool reactors. Well, after getting into the soil and water, these waste is stored for at least a hundred years. This not only creates an environmental problem, but also damages people's health;

fourth, the disposal or burial of nuclear waste. This is a harmful process for the environment, which is expensive and requires a long time. This is evidenced by the consequences of a major nuclear disaster at the Chernobyl nuclear power plant in 1986, and then the earthquake and tsunami on the northeastern coast of Japan in 2011.

Now let's talk about the advantages of nuclear energy:

first of all, the most fundamental advantage of nuclear energy is its high profitability and the absence of emissions of combustion products into the atmosphere. The using of nuclear fuel in obtaining energy does not require oxygen;

secondly, stability in nuclear power. Uranium reserves, which are the main raw materials for nuclear fuel, are stable in comparison with oil, gas, coal reserves. Well, in energy, stability is very important;

thirdly, there is no waste of nuclear power plants, gas emissions in comparison with thermal and hydroelectric power plants;

fourth, the volume of transport losses at the NPP is small, and it also does not require large volumes of construction;

fifth, the energy produced by the synthesis of the atomic nucleus is a relatively inexpensive source of energy [1].

**Radiation.** The emergence of life on earth and its subsequent evolution took place under the constant influence of radiation. Therefore, radiation is a constant companion of human life. We live in a world where radiation is everywhere. The light and heat of nuclear reactions in the sun are a necessary condition for our existence. "What is radiation?", "How and where does it come from?" the question may arise. First of all, radiation is the distribution of energy in the environment and body in the form of waves or very small particles. A person is exposed to external and internal radiation through cosmic radiation, radioactivity in the soil, radon and food products and medical procedures.

Radiation causes enormous harm to human health. Radiation exposure, infertility, genetic mutations, damage to the organs of vision, damage to the nervous system, rapid aging of the body, mental and mental development disorders, cancer and other diseases can be caused by radiation exposure.

Although it is shocking to hear, in addition to the harm that radiation causes to humans, there are also benefits:

first of all, radiation has found application in Medicine (X-ray diagnostics, radiation therapy, etc.);

secondly, radiation is used in genetics and breeding;

thirdly, ionizing Rays are used in photo restoration, as well as in industry;

fourth, the effects of radiation are used in the sterilization and storage of food.

the good and the bad side of everything go hand in hand. We have already mentioned the advantages and disadvantages of Radiochemistry, which studies the chemistry of radioactive isotopes, elements and substances, the laws of the course of physico-chemical processes in it, the chemistry of nuclear phenomena.

Having weighed the situation of the past and present, in the future, the education of an environmentally literate generation with knowledge of Radiochemistry made it clear the need to introduce an optional course "interesting Radiochemistry" into the school curriculum. The basis for this can be several reasons listed below:

- as a result of accidents and radiation at the nuclear power plant

the emerging environmental situation is a global problem. That is, this issue undoubtedly requires environmental literacy. Therefore, the introduction of the elective "Interesting Radiochemistry" in the educational process, as if the school started with the Alphabet, will be an "alphabet" that promotes environmental literacy;

- about 15-20 years ago, a mobile phone was not available to anyone. Even so, only 1/2 of the population had the opportunity to use a laptop and only 1/3 of the internet. Only, 3% of people used smartphones. And today, everyday life, life and work have a completely different picture. Smartphones that are released every hour, electric cars that wear out the street road, "smart" electricity meters that you can find in every home, in general, in a word, all this is evidence that energy has changed along with the world. Our planet is gradually moving to a digital economy, and this means that the need for electricity, natural gas and water will increase. Thus, the demand for clean energy and reliable energy sources has also increased. Even with the start of energy saving, according to the International Energy Agency, it is expected that by 2050 the demand for energy will grow at the global level by 151%. Therefore, the new age is more economical and cheaper, that is, it requires energy with a predominance of benefits than costs. In the near future, nuclear energy will become the main source of energy. Even in developed countries, the work of digital nuclear power plants is already underway, and over the next 30 years, thanks to new technologies, it will be aimed to provide electricity to poor countries with an approximately 1.3 billion population [2].

The great scientist, genius of his time A. Einstein said: "the detected uranium force poses no less danger to civilization and people than a lit match. The further development of humanity directly depends not on the level of technical achievements, but on its moral principles" [3].

According to the program updated in recent years, the inclusion of such topics as "radioactivity", "nuclear reactions" in the school book, as well as the inclusion of questions on these topics in the test content of the unified national testing in chemistry is another proof that additional knowledge in this field of chemistry requires deepening.

Today, the growing demand for a new profession is a requirement of the times. Professions that have been "top" for the past 30-10 years are considered "old". And the development of Science and technology requires modern, innovative, rich in ideas, competitive, qualified, educated specialists. The Great Russian scientist, encyclopedist, physicist and chemist, speaking at a meeting of the St. Petersburg Academy of Sciences in September 1751, said: "chemistry is expanding in the life of mankind. Wherever we look, wherever we look, the achievements of chemistry appear before our eyes" [4].

Studying the processes occurring in nature, revealing the laws governing them, Chemistry, along with other natural sciences, forms the basis of the chemical industry and the chemicalization of the country's economy. Consequently, the pace of development of chemistry can guarantee that it will not fall out of the "top – 10" of the profession in the next 50 years. "Radiochemistry is the science of the present period and the future," said the Russian chemist an.N. Nesmeyanov, by the way, in a digital society, we need specialists with knowledge in this field to move to digital nuclear power plants, effectively master the rich uranium reserves of our vast steppes and stand on a par with developed countries [5].

Therefore, the knowledge given in the secondary school from the elective lesson "Interesting Radiochemistry" will help students choose their future profession and determine their life goals.

#### **List of literature:**

1.Nuclear	energy:	For?	Against?	Abstain?
<a href="https://research.spbstu.ru/news/atomnaya_energetika_za_protiv_vozderzghimsya/">https://research.spbstu.ru/news/atomnaya_energetika_za_protiv_vozderzghimsya/</a>				

2. Knyaginina V.N., Holkina D.V. Digital transition in russian power engineering // Digital power engineering. Moscow. –2017
3. Lesson - conference "Nuclear Power engineering". <https://infourok.ru/urok-konferenciya-atomnaya-energetika-634713.html>
4. Fedoseev V.M. Radiochemistry - the science of the present and the future. [http://www.chem.msu.su/rus/teaching/zorkii/11\(fedoseev\).html](http://www.chem.msu.su/rus/teaching/zorkii/11(fedoseev).html)
5. «State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025», approved by the resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated december 2019 № 988



ӘОЖ 53.(042)

## ФИЗИКА-ҒАЖАЙЫПТАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕРІ ЖӨНІНДЕ

Аязбаев Т. - ф.м.ғ.к., доцент

«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті

«Ақпаратты-коммуникативтік технологиялар» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Керімбаева Л.А. - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы,

Қордай ауданы білім бөлімінің «№4 Балжан Бөлтірікова атындағы мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Аңдатпа.** Мақалада физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау жүйесін, ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін дамыту қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Физика-ғажайыптарының есептері, функционалдық сауаттылық, физикалық ұғымдар, көмекші құрал.

**Аннотация.** В статье рассматривается развитие мышления, интеллекта, творческих способностей учащихся через задания на повышение функциональной грамотности учащихся по физике.

**Ключевые слова:** физико-математические задачи, функциональная грамотность, физические понятия, вспомогательные средства.

**Annotation.** The article discusses the development of thinking, intelligence, creative abilities of students through tasks to improve the functional literacy of students in physics.

**Keywords:** physical and mathematical problems, functional literacy, physical concepts, auxiliary means.

«Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар» таңдау пәнінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде құрылған. Бұл оқу бағдарламасы сондай-ақ қосымша материалдарды қарастыра отырып жасалған.

Бағдарлама негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың физика пәні бойынша алған білімдерін тереңдете отырып, олардың танымдық әрекеттерін қалыптастыруға, Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау жүйесін, ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін дамытуға негізделген.

Физикалық викториналар, ребустар, физика пәнінен күрделі есептер, физикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштаумен қатар еңбектене білуге де тәрбиелейді. Бағдарлама тақырыптарға бөлініп, әр тақырып

соңында өзіндік жұмыс, тест жұмыстары қарастырылған. Бұл жұмыстар әр бөлімді тиянақтап, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Тапсырмалар мазмұны оқушылардың жас және психологиялық ерекшелігіне сай іріктелген. Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар арқылы ойлауға үйрету жүйесі сабақтың мақсаты мен мазмұнына қарай әр түрлі әдістерді қамтиды.

Бұл құралдарды жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетін қалыптастырып, Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау жүйесін, ақыл-ойын дамытатын бірқатар материалдар жинақталған. Бағдарламада «Физика пәнінен күрделі есептер мен жаттығулар», «Ұлттық есептер», «Қызықты тапсырмалар», «Күрделі теңдеулер», «Жұмбақтар» бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігімен ойлау, танымдық қабілеттеріне сай іріктелген.

*«Физика-ғажайыптарының есептері» курсының мақсаты:* - Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар орындау арқылы, оқушыларға негізгі қарапайым физикалық білім, білік, дағдыларды қалыптастырып, интеллектуалдық сапаларын дамыту; - мектептің негізгі сатысында меңгерген физикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты бейімдеу; - оқытуды қажетті деңгейде дараландыру, әр оқушының қызығушылығын арттыру барысында өзіндік дамуына жағдай жасау.

*«Физика-ғажайыптарының есептері» курсының міндеттері:* - Физика тілінде сөйлеуге үйрету; - Әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды шапшаң орындай білуге бейімдеу; - Амалдарды ретімен орындай білуге машықтандыру; - Шығармашылық, физика пәнінен күрделі тапсырмаларды шешу жолдарын меңгерту; - Физиканың негізгі қарапайым элементтерін үйрету, көп таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыра білу; - Геометриялық пішіндерді өлшеу, сызу және олардың ауданы мен периметрін таба білу; - Оқушылардың байқағыштық, танымдық қабілеттерін дамыту арқылы физикалық ұғымдарды қалыптастыру, үйрету.

*2021-2022 оқу жылдары «Физика ғажайыптарының есептері»-курсын жазу үстінде сынама жұмыстар жүргізілді.* Осы сынама жұмыс негізінде оқушылардың төмендегідей дағдылары қалыптасты: - біздер ұсынылып отырған әдістемелік оқу құралында жан-жақты сабақ жоспарлары, дәстүрден тыс сабақ үлгілері берілді. Қосымша жұмыстарды орындау барысында мұғалім де, оқушы да өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыра алады. Бұл әдістемелік оқу құралы жалпы білім беретін мектептердегі 10-сынып мұғалімдеріне физика пәнінен көмекші құрал ретінде ұсынылады; - өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінеді; - Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлаудың жеткілікті деңгейін игереді, тапсырмалар арқылы оқушылар ойлау қабілетінің артуына байланысты физика ғылымының тарихтың негізгі кезеңдері мен ерекшеліктерін, қазіргі жағдайлары туралы түсінік алады; - міндеттерді бөлісе және келісе отырып, бірлесе жұмыс жасай біледі; - өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін, мамандық таңдау кезінде тұлғаға қойылатын талаптарды айқындай алады; - жұмыс істеу барысында жұмыс орнын тиімді ұйымдастырып, кәсіби міндеттерін орындау және азаматтық этикалық қағидаларды сақтайды; - Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар туралы түсініктері, оның дамуын, қазіргі құрылымын, мазмұндарын, олардың қолданылу аясын біледі; - тапсырмаларда жас ерекшеліктері ескерілген.

*«Физика-ғажайыптарының есептері» бағдарламасының жаңашылдығы:* - Дамыта оқыту арқылы оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру; - Заман талабына сай рухани бай, жан-жақты дамыған, дарынды, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу; - Физика – бұл табиғат, зат әлемді зерттейтін және оның қозғалысын зерттейтін ғылым болғандықтан қазіргі таңдағы болашақ энергия көздерімен немесе жасыл экономиканы дамытуға тікелей септігін тигізеді. Осы курс бағдарламасы негізінде оқушыларды халықаралық көрмелерге қатыстырып, елдің әлеуетін дүниежүзіне паш ету. Сонымен қатар отандық табиғи

ресурстарды орынды қолдануға бағыт-бағдар беру; - Бұл бағдарламаны тек вариативті компоненттегі курстарға ғана емес, сонымен бірге инвариантты компоненттерге берілген тақырыптарды нақты түсіндіріп оқушылардың пәндік білімдерін жетілдіру мақсатында сабақ барысында да қолдануға болады.

«Физика-ғажайыптарының есептері» бағдарламасының ерекшелігі: «Физика-ғажайыптарының есептері» бағдарламасының ерекшелігі әр бір сабақта оқушыға арналған тапсырмаларда «Оқыңыз қызық» айдарымен тақырыпқа сай қызықты мағлұматтар беріліп отырады. Ол оқушылардың ой-өрісінің шексіз қиялдауына, шығармашылықпен жұмыс жасауына бағыт-бағдар береді. Есеп шығару барысында тыңдай алу, шыдамды болу қасиеттерін, физика пәні ретіндегі қалыптасу тарихын зерттеу және тарихи қажеттілігін негіздеу біліктілігін қалыптастырады.

«Физика-ғажайыптарының есептері» бағдарламасының меңгергеннен кейін оқушылардан күтілетін нәтиже: 1. Ойлау мәдениетіне ие болу, мақсат қою мен оған жету жолында ақпараттарды қабылдауда оны кеңейту, талдау қажеттілігі артады; 2. Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттері жетіліп, өте күрделі есептерді қиналмай шеше алады, проблеманы шешуде өте белсенді болады; 3. Еліміздегі қолданылатын физика пәнінен күрделі есеп түрлері мен ерекшеліктерін, шешу жолдарын біледі; берілген есептерді шешудің әдіс-тәсілдерін ұғына біледі; 4. «Физика ғажайыптарының есептері»-атты курсының есептерінің түрлерін меңгереді; 5. «Физика ғажайыптарының есептері»-атты курсының есептерін шешуді игеріп, өз танымы мен ұлттық танымды үйлестіре алады.

«Физика-ғажайыптарының есептері» бағдарламасының жоспары 36 сағатқа арналып жасалынған. Тақырыптар мазмұны оқу бағдарламасынан өзгеше, өз бетінше шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді (Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат).

*I-бөлім:* Кіріспе, Көліктерде бірқалыпты тұзусызықты қозғалыс кезіндегі орташа жылдамдықты есептеу, Материядағы қозғалыстың салыстырмалылығы, Жер шарындағы механика және оның құрылымы, Айналамыздағы материалдық нүкте ұғымы, Көліктердегі жылдамдық және үдеу.

*II-бөлім.* Өмірде кездесетін дененің шеңбер бойымен қозғалысы, Спортшылардың шеңбер бойымен айналымы қозғалыстары.

*III-бөлім.* Ньютонның заңдары – біздің өмірде, Механикалық күштердің техникадағы түрлері, Ойыншықтардағы серпімділік күштер, Ғаламшарлардағы Кеплер заңдары, Жұмбақтар шеше білеміз бе? Гравитациялық өрістегі жұмыс, Жасанды серіктердің тартылыс өрісіндегі қозғалысы, Ғарыштық жылдамдықтар, Инерциалды емес санақ жүйесі біздің өмірде.

*IV-бөлім.* Абсолют қатты дене түсінігі, Қатты дененің айналымы қозғалысының динамикасының теңдеуі, Кеңістік пен уақыттың симметриялы екендігінің салдарлары, Адам өміріндегі иіндіктің маңызы. Массалар центрі, Абсолют серпімді және серпімсіз соқтығысулар.

*V-бөлім.* Энергия – әртүрлі формалы қозғалыстар мен өзара әсерлесудің универсал өлшемі, Механикалық жүйенің кинематикалық энергиясы және оның жүйеге түсірілетін сыртқы және ішкі күштерінің жұмысымен байланысы, Сыртқы күш өрісіндегі материалдық нүктенің потенциалдық энергиясы және оның материалдық нүктеге әсер ететін күшпен байланысы, Сыртқы күш өрісіндегі материалдық нүктенің потенциалдық энергиясы және оның материалдық нүктеге әсер ететін күшпен байланысы, Механикадағы энергияның сақталу және түрлену заңдары, Айналамыздағы қозғалыс мөлшерінің моменті және оның сақталу заңы.

*VI-бөлім.* Түзу жолдағы, кемедегі Галилей түрлендірулері, Эйнштейннің постулаттарының өмірдегі маңызы

*«Физика-гажайыптарының есептері»* бағдарламасының жоспары  
10-сынып (барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат)

Сабақ реті	Сабақтың мазмұны.	Сағат саны	Өтілу мерзімі	Ескерту
I-бөлім				
1	Кіріспе	1		
2	Көліктерде бірқалыпты тұзусызықты қозғалыс кезіндегі орташа жылдамдықты есептеу	1		
3	Материядағы қозғалыстың салыстырмалылығы	1		
4-5	Жер шарындағы механика және оның құрылымы	2		
6	Айналамыздағы материалдық нүкте ұғымы	1		
7	Көліктердегі жылдамдық және үдеу	1		
II-бөлім				
8	Өмірде кездесетін дененің шеңбер бойымен қозғалысы	1		
9-10	Спортшылардың шеңбер бойымен айналымы қозғалыстары	2		
III-бөлім				
11	Ньютонның заңдары біздің өмірде	1		
12	Механикалық күштердің түрлері техникада	1		
13	Ойыншықтардағы серпімділік күштер	1		
14	Ғаламшарлардағы Кеплер заңдары	1		
15	Жұмбақтар шеше білеміз бе? Гравитациялық өрістегі жұмыс	1		
16	Жасанды серіктердің тартылыс өрісіндегі қозғалысы	1		
17	Ғарыштық жылдамдықтар	1		
18	Инерциалды емес санақ жүйесі біздің өмірде	1		
IV-бөлім				
19-20	Абсолют қатты дене түсінігі	2		
21	Айналамыздағы қатты дененің айналымы қозғалысының динамикасы	1		
22	Кеңістік пен уақыттың симметриялы екендігінің салдарлары	1		
23	Адам өміріндегі инерцияның маңызы. Массалар центрі	1		
24-25	Абсолют серпімді және серпімсіз соқтығысулар	2		
V-бөлім				
26	Энергия – әртүрлі формалы қозғалыстар мен өзара әсерлесудің универсал өлшемі	1		
27	Механикалық жүйенің кинематикалық энергиясы және оның жүйеге түсірілетін сыртқы және ішкі күштерінің жұмысымен байланысы	1		
28	Сыртқы күш өрісіндегі материалдық нүктенің потенциалдық энергиясы және оның материалдық нүктеге әсер ететін күшпен байланысы	1		
29-30	Механикадағы энергияның сақталу және түрлену заңдары өмірде	2		
31	Айналамыздағы қозғалыс мөлшерінің моменті және оның сақталу заңы	1		
VI-бөлім				
32-33	Тұзу жолдағы, кемедегі Галилей түрлендірулері	2		
34-35	Эйнштейннің постулаттарының өмірдегі маңызы	2		
36	Қорытынды сабақ	1		
Барлығы		36		

Оқу процесінде берілген есептердің көп функциональдық және жоғары тиімділігін ескеріп, оларды қолданудағы негізгі ерекшеліктеріне тоқталдық. Бұл берілген есептердің мазмұны бірнеше жеке түрдегі есептерді шығаруда жететін мақсаттарды қосады. Политехникалық мазмұндағы бұл есептер, экспериментті негізделген, графикалық және аналитикалық әдістермен шығаруды талап ететін, пәнаралық және ішкі пәнаралық байланыстарды қамтамасыз етеді, тарихи және танымдық түрдегі элементтерді тартатын, физика курсының әр түрлі бөлімдерінен білімдері бар екендігін ескеретін және т.с.с. мақсаттарды қосады.

Физикадан білім беру жүйесінде функциональды-әрекеттілік, тұлғалы-бағыттылық және проблема-ізденістік ұстанымдар, сонымен қатар оқу-әдістемелік міндеттер кешенін жүйелеуші фактор ретінде пайдаланылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

##### **Мұғалім үшін:**


1. Ерешева К., Құлмаханбетова Ж. «Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар әлемі» Әдістемелік құрал. Өлке. -2011жыл.
2. Смаилова З.Ө., Сатарова Қ.С. «Қызықты физика» Әдістемелік нұсқаулық. Алматы: «Нұрлы әлем», 2010жыл.
3. Бөкенбаева З.Қ. «Физика пәнінен күрделі есептер», Астана. -2005 жыл.
4. Л.И.Орлова, А.Қ.Әбілдаева, Э.Қ.Қабылова «Қарапайым физикалық ұғымдарын қалыптастыру» Әдістемелік құрал. Алматы кітап. -2011жыл.
5. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова «Физика» Әдістемелік құрал. Алматы кітап. - 2011жыл.
6. Физикалық дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар. Алматы, «Атамұра». 1997жыл.

##### **Оқушылар үшін:**

1. Б.М. Қосанов «Физика курсындағы шығармашылық жаттығулар орындау технологиясы» Алматы, 2005жыл.
2. К.Ерешева, Н.Үсенова, А.Фазылова «Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар әлемі». Алматы, «Өлке», 2011жыл.
3. Ә.Б.Ақпаева, Л.А. Лебедева «Қызықты физика» 9-11-сыныптарға арналған жұмыс дәптері. Алматы кітап. -2011жыл.
4. Өміртаева Р.Қ. «Физикаға арналған дидактикалық материалдар» Алматы. «Атамұра». 2000жыл.
5. Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, Ж.Т.Қайыңбаев, К.Ә.Ерешева, М.В.Маркина. Физика. 10-сынып. Алматы. «Атамұра». 2009ж.
6. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, Бурова В.В. Қызықты физика. Алматы кітап баспасы. 2011. 10-сынып.

##### **Ресурстар:**

1. <https://massaget.kz/layfstayl/tehn/auto/e-ee/1277/>
2. <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/syrly-alem/25502/>
3. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/3690/>
4. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/3690/>



**ӘОЖ:УДК 619. 616**

### **ҚҰТЫРУ, АУЕСКИ АУРУЛАРЫН ТАЛДАУ**

**Оқытушы - Мурзажанова Алтынкул Орынбасаровна**  
**Аттоқыров Нұрбек, Қасымжомарт Дарханұлы ВС-19-1 тоб-ң студенттері**  
**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада біз құтыруды емдеу және алдын алу туралы айтатын боламыз. Құтыру (басқа атауы құтыру (латынша rabies ['rabie:s]), ескіргендері — гидрофобия, гидрофобия (басқа грек тілінен аударғанда үдөр «су» және φόβος «қорқыныш»)) — табиғи ошақты ерекше қауіпті өлімге әкелетін, құтыру қоздыратын жұқпалы ауру. вирус), Rhabdoviridae тұқымдасының Lyssavirus тұқымдастығына кіреді. Құтыру дамыған елдерде



таралуы мен аурушандығының төмен болуына байланысты ескерілмейтін аурулар деп аталатын топқа жатады. Ауру мал тістегенде сілекеймен жұғады. Содан кейін жүйке жолдары бойымен тарала отырып, вирус сілекей бездеріне, ми қыртысының жүйке жасушаларына, гиппокампа, бульбар орталықтарына жетеді және оларды соғып, ауыр бұзылулар тудырады, бұл жұқтырғандардың өліміне әкеледі.

**Кілт сөздер:** құтыру, вирус, жұқпалы, ауру.

**Аннотация.** В данной статье расскажем о лечении и профилактике бешенства. Бешенство (другое название — рабиес (лат. rabies ['rabie:s]), устаревшие — водобоязнь, гидрофобия (от др.-греч. ὕδωρ «вода» и φόβος «страх») — природно-очаговое особо опасное смертельное инфекционное заболевание, вызываемое вирусом бешенства (Rabies virus), включённым в род Lyssavirus семейства Rhabdoviridae. Бешенство относится к группе так называемых пренебрегаемых болезней в связи с низкой распространённостью и заболеваемостью в развитых странах. Передаётся со слюной при укусе больным животным. Затем, распространяясь по нервным путям, вирус достигает слюнных желёз, нервных клеток коры головного мозга, гиппокампа, бульбарных центров и, поражая их, вызывает тяжёлые нарушения, приводящие к гибели заражённого.

**Annotation.** In this article we will talk about the treatment and prevention of rabies. Rabies (another name is rabies (Latin rabies ['rabie:s]), obsolete ones are hydrophobia, hydrophobia (from other Greek ὕδωρ “water” and φόβος “fear”) is a naturally focal especially dangerous deadly infectious disease caused by the rabies virus (Rabies virus), included in the genus Lyssavirus of the family Rhabdoviridae. Rabies belongs to the group of so-called neglected diseases due to its low prevalence and incidence in developed countries.

It is transmitted with saliva when bitten by sick animals. Then, spreading along the nerve pathways, the virus reaches the salivary glands, nerve cells of the cerebral cortex, hippocampus, bulbar centers and, hitting them, causes severe disorders leading to the death of the infected.

**Ключевые слова:** бешенство, вирус, инфекционное, болезни.

**Key words:** rabies, virus, infectious, disease.



**Құтыру (Rabies)** – бұл адамдарда және басқа сүтқоректілерде энцефалит тудыратын вирустық ауру. Ерте белгілерге әсер ету орнында қызба мен шаншу кіруі мүмкін. Бұл белгілерден кейін келесі белгілердің біреуі немесе бірнешеуі пайда болады: жүрек айну, құсу, кенеттен қозғалу, бақыланбайтын қозу, судан қорқу, дене мүшелерін қозғалта алмау, сананың шатасуы және сананың жоғалуы. Симптомдар пайда болғаннан кейін, емдеуге қарамастан, нәтиже әрқашан дерлік өлім болып табылады. Ауруды жұқтыру мен симптомдардың басталуы арасындағы уақыт кезеңі әдетте бір айдан үш айға дейін созылады, бірақ бір аптадан бір жылға дейін өзгеруі мүмкін. Уақыт вирустың орталық жүйке жүйесіне жету үшін перифериялық нервтер арқылы өтетін қашықтыққа байланысты.

**Құтыру этиологиясы:**

Қоздырғыш-Құтыру вирусы, ол кішкентай (200 x 80 мм) шамамен. РНК, құрамында Lyssa virus тұқымдасына және Rhabdoviridae тұқымдасына жататын оқ тәрізді вирус бар. Вирус нейротропты әсерге ие. Вирус өзінің ең тән және таза түрінде зардап шеккен жануардың орталық жүйке жүйесінде кездеседі. Ол сондай — ақ сілекей бездерінде және олардың секрециясында болады-кез келген клиникалық белгілер пайда болғанға дейін 3-8 күн бұрын (және Пастердің айтуы бойынша 10 күн бұрын) жұқпалы сілекей. Жұқпалы материал Негри денелері деп аталатын жүйке жасушаларында тән жасушалық қосылыстарды құрайды. [1]

Құтырудың екі эпидемиологиялық циклі бар — қалалық және жабайы (сильватикалық). Жануарлардың максималды саны қалалық құтырған жануарлардың, әсіресе бір-бірінің айналымын сақтайтын иттердің шағуынан жұқтырылады. Орман циклі кейде қалалық жануарларға инфекцияны тарататын жабайы табиғат арасында таралады.

**Рабдовирус құрылысы :**



Құтыру лизавирустардан, соның ішінде құтыру вирусынан және австралиялық жарғанат лизавирусынан туындайды. Ол жұқтырған жануар адамды немесе басқа жануарларды тістегенде немесе тырнағанда таралады. Жұқтырған жануардың сілекейі, егер сілекей көзге, ауызға немесе мұрынға түссе, құтыруды жұқтыруы мүмкін. Бүкіл әлемде иттер ең көп таралған жануар болып табылады. Иттер әдетте аурумен ауыратын елдерде құтыру ауруының 99% - дан астамы иттердің шағуының тікелей нәтижесі болып табылады. Америкада жарқанаттардың шағуы адамдарда құтыру ауруының ең көп таралған көзі болып табылады және жағдайлардың 5% - дан азы иттерде кездеседі. Кеміргіштер құтыруды өте сирек жұқтырады. Ауру симптомдар пайда болғаннан кейін ғана анықталуы мүмкін. [2]

2010 жылы 26000 адам құтырудан қайтыс болды деп есептеледі, ал 1990 жылы 54000 адам қайтыс болды. Өлімнің көп бөлігі Азия мен Африкада болды. 2015 жылғы жағдай бойынша ең көп жағдай Үндістанда тіркелді, одан кейін Қытай (шамамен 6000) және Конго Демократиялық Республикасы (5600). Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы (ХЭБ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО) және құтыруға қарсы жаһандық альянс арасындағы 2015 жылғы ынтымақтастықтың мақсаты 2030 жылға қарай құтырудан болатын өлімді жою болып табылады.


**Ауески ауруы** (morbus auyesizki) - инфекциялық бульбарлы салдану, инфекциялық менингоэнцефалит, спецификалық филтрлеуші вируспен тудырылады. Өткір ағымымен, қысқа уақыттық сүзекпен, менингоэнцефаломелиттің болуымен сипатталады. Олар қозу, құрысуы, депрессия, салдау және өте жиі терінің қышуы түрінде пайда болады. Барлық сүтқоректі жануарлар, кейбір құстардың түрі сезімтал келеді. [3]

Ауески ауруының әр түрлі атауы тіркелген:

1. жалған ашуланшақтық
2. құтырған қышыма
3. жалған құтыру
4. қышымалы оба


Ұсақ қара және ірі қара малдарда, мысықтарда және иттерде тұрақты морфологиялық белгілері бас және сирек басқада жерлерін қышығанын қасу болып табылады. Бұл жерлерде жүн қабаты өспейді, эпидермис зақымдалу нәтижесінде жыртық жаралар пайда болады. Қатты қасу және соққылар нәтижесінде дерматит, кей кезде миозит дамуы мүмкін. Терісі қызыл түске еніп, жараның шеттері ісінеді. Айналасындағы ұлпалар ісініп, қан талаған, әсіресе кескен кезде жақсы көрінеді. Кей кезде бұл орындардан күнгірт түсті ірің тәрізді сұйықтықтар көрінеді. Өзге ағзалардағы өзгерістер аз байқалады. Өкпе ісігі мен гиперемиясының жұмыршақ және асқазанның кілегей қабықтарындағы қан талаулары табылады. Иттерде құтырық кезіндегіге ұқсас геморрагиялық эрозиялар көрінеді. Сирек геморрагиялық және де катаральді өзгерістер, түйіршікті дистрофиялар болады. [4]

Шошқаларда ауески ауруы қышымасыз болады, терінің зақымдалу тіркелмейді. Сондықтан шошқаларға келесі морфологиялық белгілер тән келеді: түсік тасталған ұрықтар және жаңа туған 2 апта жасындағы торайларда жалған септикалық – токсикологиялық үрдіс өседі. Бұлардың біразы көкбауырда, бауырда, жұтқыншақ және өңештің кілегей қабықта, көбінесе бадамша бездерінде, өте сирек бүйректе, өкпеде, лимфа түйіндерде, бүйрек асты бездерде көптеген сұр және сұр – жасыл түсті ошақтар анық байқалады.



Белгілер 3-4 күн аралығында жойылады, ал орталық жүйке жүйесінің зақымдануы сирек кездесіп тұрады. [4]

Торайларда алғашқы болып орталық жүйке жүйесі зардап шегеді. Жас жануарларда ауру 70-100% құрайды. 1-12 тәулік аралығында торайлар сүт еме алмай соның нәтижесінде әлсіреп өледі. 2 аптаға дейінгі торайлардың өлімі 70-100% құрайды. 2-18 апта жасында жұқтырғанда вирус торайлардың орталық жүйке жүйесін зақымдайды.



Гистологиялық зерттеу барысында әр түрлі ағзалар және ұлпалар микронекрозы тіркелген. Бұндай некроздарға ұлпаның құрғақ ыдырауы тән болып келеді. Өкпеле гиперемия, імінулер, катаральді бронхопневмония. Жиі катаральді және ұсақ ошақты некрозды түйіндері бар дифтероилты лангофарингит, жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабықтарында, плевра астында, эпикардта, көкбауырда және бүйрек пен катаральді гастроэнтеритте қан құйылулар байқалады. Қабақтың ісінуі және конъюнктивит болады.

Үлкен жаста өлген торайлар арасында патологиялық және анатомиялық белгілер көбінде ұқсас болып келеді, жаңа туғандарда миллиарлы некроздар көрінеді. Катаральді бронхопневмония және серозды – катаральді гастриттер кездеседі.

Шошқаларда және торайларда бадамша мен жұтқыншақ бездерінің кілегей қабықтарының крупозды – дифтериялық және жаралы некротикалық зақымдар кездеседі.

Бадамша бездерінде некроз ошақтары және кратер тәрізді ойық - жаралар орналасқан, өткір серозды ринит болады. [5]

Құтырық кезіндегі патологиялық үрдістер спецификалық емес. Бірақ, әсіресе иттерде анықталатын өзгерістер кешені көп жағыдайда өзгеше. Ашып сою кезінде жүдеуді, ағзалардың, кілегей қабықтардың, серозды қабаттардың цианозы байқалады. Іркілген құбылыстар құрсақ қуысы ағзаларында дамыған. Еске сала кету керек, өткір іріңсіз энцефаломиелитті шошқа обасы және Ташен аурулары кезінде байқауға болады.

Іш сүзегі мен листериоз кезінде бауыр мен көкбауырда ошақты некроздар көрінеді. Ауески ауруы кезінде түсік тасталған төлдер мен жаңа туған торайларға тән белгілер олардың ареактивті сипаты болып табылады.

Ақырғы балауды ұлпа културасынан вирустың бөлінуі негізінде немесе тәжірибиелік жануарларға жұқтыру нәтежиелері негізінде қояды (биосынама).

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Тегза, А.А., Кунтуган А.К. Жануарлар патологиясының негіздері: Оқу құралы. - Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2016. - 179б. <http://rmebrk.kz/search/resources>
2. Арзуманян, Е.А. Животноводство / Е.А. Арзуманян.- М.: ВО, Агропромиздат, 2017 г. - 205 с
3. Антал, А. Выращивание молодняка крупного рогатого скота / А. Антал, Р. Благо, Я. Булла. - М: Агропромиздат, 2016 г. - 185 бет.
4. Уша Б. В. Клиническая диагностика внутренних незаразных болезней животных / Б. В. Уша, И. М. Беляков, Р. П. Пушкарев. - М.: Колос, 2012- 487 с.
5. Васильев М.Ф. Практикум по клинической диагностике болезней животных / М. Ф. Васильев, Е. С. Воронина. - М.: Колос, 2012 - 269 с.



**ӘОЖ 57(075)512.122**

### **БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСЫ МЕКТЕПТЕ ЖҮРГІЗІЛУДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Өтесін М.Ө.**

**«Жаратылыстану» факультеті 7М01505-биология білім бағдарламасының  
2-курс магистранты  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті**

**Андатпа.** Мақалада биологиялық өлкетану мен оның нысандары жайлы мәліметтер берілген. Білім беру саясатының сабақтастығын қамтамасыз етуде және болашақ жас ұрпаққа биология пәнінде туған өлке компоненттерін танып-білудегі, зерттеудегі іс-тәжірибесін қалыптастыру мақсатында «Биологиялық өлкетану» пәнінің мақсаты, мазмұны, ұсынылатын практикалық жұмыстардың бағдарламасы берілген. Пәнді оқыту барысында білімгерлердің экологиялық мәдениеті, экологиялық сауаттылығы, табиғатқа жанашырлығы, қоршаған ортаға деген жауапкершілігі қалыптасады. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – білім беруде экологиялық мазмұнның көлемінің ұлғаюы, жергілікті аймақ өсімдіктері мен жануарларының биологиялық әртүрлілігіне, ерекшеліктеріне басты назар аударып, оларды қорғау және сақтау шараларын үйрету. Бағдарлама оқытуға арналған жүйелік жұмысқа бағытталған, ол бірқатар тәжірибелік жұмыстар мен экскурсияларды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Мұғалім оқу материалдарын құрылымдау, оқуға арналған материалдардың жүйелілігін анықтау, сондай-ақ білім, дағды және білімгердің жұмыс істеуін, дамуын қалыптастыру жолдарын анықтайды. Мақалада оқушылардың өлкетанудағы

іс тәжірибесін қалыптастыруды заманауи бағытта тиімді ұйымдастыру әдістері және биологиялық өлкетанудың негізгі функциялары келтірілген.

**Кілт сөздер:** Биологиялық өлкетану, өлке компоненттері, өсімдіктер, жануарлар, Табиғат ескерткіштері, жалпы білім беру қызметі.

Өлкетану - белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу. Мұндай жұмыспен жергілікті тұрғындар айналысады, себебі бұл аймақ оқушылар мен мамандар үшін (тарихшылар, биологтар, геологтар, архитекторлар, этнографтар, экологтар) туған өлке болып саналады. Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке - шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі [1, б.38].

«Өлкетану» түсінігі ол жергілікті тұрғындардың өз туған өлкесі деп есептейтін ел бөлігіне, қала немесе басқа да елді мекенге жан-жақты зерттеулер жүргізуі.

Биология пәні бойынша далалық тәжірибе оқушылардың елеулі өлкетанулық білімді талап етеді. Биология сабақтары үшін материалдарды жинауда өзіміздің өлкеміз бойынша жүргізілетін өлкетану топ саяхаттары, зоологиялық таным-жорықтар және жазғы экологиялық экспедициялардың үлкен көмегі тиеді. Бұл бірегей өлкетану материалдарын жинауға, пән мазмұнын жандандыруға, оны айтарлықтай қызықты етуге септігін тигізеді.

Өлкелік компоненттің мақсаты:

- көпұлтты мемлекет жағдайында ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер мен ерекшеліктерді білім беру жүйесінің қорғауы және дамытуы;

- Қазақстанның бірыңғай білім беру кеңістігін сақтау; - өскелең ұрпаққа қолжетімді білім алуға құқықтарын қамтамасыз ету;

- өлкелік компонент ретінде оқушыларды өңірлік жерлер туралы біліммен қаруландыру;

- жақын аймақта және одан тыс жерлерде студенттерді мәселеге толы әлеуметтік-мәдени ортада тіршілік етуге дайындау.

Нормативтік-құқықтық құжаттарға, вариативтілік ұстанымына сай, жалпы білім беретін мектепте білім беру мазмұнының аймақтық компонентін жетілдірудің мақсаты өз өлкесін, елді мекенін, қаласын не ауылын жақсы білетін және сүйетін, оның әдет-ғұрыптарын сыйлайтын, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштерін қорғайтын, көпұлтты Қазақстанның отаншыл азаматын тәрбиелеу[2] .

Мектептегі өлкетану жұмысының өзіндік міндеттері бар. Бұл міндеттер оқушылардың өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Білімдік міндеттері:**

- өз елді мекенінің, өлкесінің тарихымен және қазіргі кездегі өмірімен, экономикасымен таныстыру;

- туған өлкенің табиғи ортасының алуан түрлілігі жайлы көзқарас қалыптастыру;

- тірі табиғат нысандары мен құбылыстардың бір-біріне тәуелділігін, байланысын, табиғат заңдарын оқып-білу;

- биология, география, химия, физика сабақтарында алынған білімді өмірлік тәжірибеде қолдана білу;

- туған өлке табиғатының ерекшеліктерін оқу;

- қажетті ақпаратты іріктеу дағдысын меңгеру.


### Тәрбиелік:

- өзінің туған өлкесіне, туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;
- жергілікті халықтың алдында тұрған проблемаларды шешуге атааналармен бірге оқушыларды да қатыстыру;
- экологиялық мәдениет қалыптастыру;
- патриоттық және эстетикалық, сонымен қатар табиғат алдында жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

### Дамытушылық:

- туған өлке туралы неғұрлым көп білуге деген ұмтылысты, танымдық қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамыту;
- тақырыптық акцияларға және жобаларға, кітапханалардың, ұлттықмәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған өлке жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру;
- болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;
- күнделікті өмірде өлкетанушылық білім мен біліктілікті қолдана алу, жергілікті жердегі туындайтын проблемаларды шешуде өзінің орнын білу дағдысын қалыптастыру;
- туған өлкесінің өмірін жетілдіруге үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту [3].

Қоғамның рухани өмірінде қайта құрудың орын алуы өлкетануға, әсіресе жекеленген аймақтардың мәдениеті мен өнерінің даму мәселесіне айтарлықтай қызығушылықтың артуына жол берді. Қазақстан халқының ұлттық санасезімінің көтерілуі, өз өткенін, ана тілін, алдыңғы ұрпақпен жинақталған мәдени және көркемдік дәстүрлерді тереңірек танып-білуге ұмтылысы байқалады. Туған өлкені зерттеу: оның тарихы, табиғаты, шаруашылығы, мәдениеті, әлеуметтік өмірі, тұрмыс- тіршілігі нақты өңірдегі адам қызметінің барлық тараптары – еліміздің алдыңғы қатарлы ойшылдарының үлесі де үлкен мән берді. Шағын өлкеде жинақталған білімнің бөлшектері, тарихи ғылымға, жер және қоғам туралы ғылымға қорытылып, адам тіршілік ететін белгілі бір деңгейдегі мәдениетті қалыптастырады (кесте 1).



Кесте – 1. Биологиялық ғылыми-өлкетану

Өлкелік компонентті пайдалану бұл «өлкетану жұмысына» негізделеді. Өлкетану – қызықты және тірі мектеп. Себебі, әсіресе жаратылыстану жүйесіне енетін пәндерді оқытуда өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру арқылы болашақ мұғалімдердің өздігінен ізденуін, білімнің ғылымилығын, алған білімдерін жергілікті табиғатпен байланыстыруын қамтамасыз етуге болады. Сонымен қатар, олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, түрлендіруге мүмкіндік алады. Өлкетану – бұл болашақ

мұғалімдердің жергілікті материалдарға сүйене отырып, білімдерін жетілдерудің ең тиімді жолы. Туған өлкенің табиғи ерекшелігін зерттеу негізінде олардың табиғатты сүюі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сезімдері де қалыптасады. Өлкетану – жергілікті белгілі бір шектелген өңірді немесе еліміздің шағын бөлігін зерттеу. Соның ішінде нақты нысанды мәселен, жергілікті жыландарды зерттеу арқылы болашақ мұғалімдер біріншіден, биологиядан теориялық білімдерін тереңдете түседі. Екіншіден, тіршілікті зерттеу әдістерін меңгереді. Үшіншіден, келешекте мектеп оқушыларына өз өлкесінің зерттеуді үйретудің әдістерін меңгереді. Өлкетану жөніндегі білім қорын меңгеру арқылы биолог маманның туған өлкеге деген сүйіспеншілігі артады [4]. Туған өлкеге деген сүйіспеншілік бұл отаншылдық, адамгершілік, экологиялық, эстетикалық тәрбиелерді берумен үнемі ұштасып жатады. Қазіргі кезде табиғатты қорғау және табиғат байлықтарын тиімді пайдалану өзекті мәселелердің біріне жатады. Сондықтан, жыланды зерттеу оның биоэкологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсіну осы мақсаттарды жүзеге асыру жолдарына жататындығын түсінуге тиіспіз. Себебі, жылан да белгілі бір табиғи ортада тіршілік ете отырып, сол ортаға өзінің икемделуімен және пайда-зиянымен оқшауланады. Олардың тіршілік орталарының бір-бірінен айырмашылығы, соған қарай қоректену, тіршілік ету жағдайларының да түрліше болуы, табиғаттың бір-бірімен байланыстылығын, өлі табиғат пен тірі табиғатты бір-бірінен ажыратуға болмайтынын яғни дүниенің біртұтастығын көрсетеді

Білім беруде коммуникативтілікті дамыту: мұғалімді тыңдау және сұрақтарға жауап беру дағдысы, шығармашылық ұжымдардың құрамында жұмыс істеу, топтық жұмысты орындау барысындағы қарым-қатынас; туған жердің табиғатын сақтау үшін топта тәжірибелік жұмыс жасай білу; туған жер флорасы туралы әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі; әртүрлі іскерлік ойынға белсенді қатысу дағдысын қалыптастыру; әртүрлі өлкедегі улы және дәрілік өсімдіктер туралы ақпарат көздерінде жұмыс істеу мүмкіндігі; туған жердің табиғатын қорғау, өсімдіктер шикізатын жинау және сақтау үшін топта тәжірибелік жұмыс істеу мүмкіндігі; топта жұмыс істеген кезде достық пен сыйластық қарым-қатынас жасау мүмкіндігі; фенологиялық бақылаулардағы өзара ынтымақтастық мүмкіндігі; іскерлік әңгімеге қолдау көрсету, өз көзқарасын білдіру, оны негіздеу; іскерлік қарым-қатынас дағдысы; топтық өзара іс-қимылға белсене қатысу, айналасындағы адамдардың көзқарастарымен санасу; диалогты тыңдау және диалогқа қатысу, тапсырмаларды ұжымдық талқылауға қатысу; топ мүшелерімен өзара ынтымақтастықтық дағдысын қалыптастыру[5].

Қорытындылай келе, Бүгінгі күннің талабына сай бәсекеге қабілетті, кәсіби білімі жоғары болашақ биолог мамандарды даярлауда қоршаған ортаны қорғау, адам денсаулығы, кәсіби мәдениеттілігі жан-жақты қамтылуы тиіс. Сондықтан жоо-да білімгерлердің биологиялық өлкетанудағы іс-тәжірибесін қалыптастыру, ұлтжанды мамандар тәрбиелеуде, биологияны оқытуды қоршаған орта компоненттерімен танып-білуге септігін тигізеді. Өлкелік нысандарды зерттеу өте күрделі және терең теориялық дайындықты қажет ететін мәселе болғандықтан, оның сантүрлі салаларын түбегейлі талдап, қамтып шығу мүмкін емес. Сондықтан алдағы уақытта болашақ биолог-мамандардың биологиялық өлкелік компоненттерді терең танып-білуінде оқу-дала практикаларында зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың әдістемесі; оқу үдерісінде студенттердің өздігінен білім алуын ұйымдастыруда зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың қолданбалы әдістемелік негізін қалыптастыру; өлкелік нысандарды зерттеуді студенттердің өзіндік жұмыстары негізінде жүзеге асырудың әдістемесіне байланысты оқу-әдістемелік жұмыстар жанжақтылықты қажет етеді.


#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Есназарова Ұ.Ә. Жалпы орта білім беретін мектептегі өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы: 2013
2. «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013

3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [Электронный ресурс] / Н.Ә. Назарбаев // Ақорда, 12 сәуір 2017.- Қолжетімділік тәртібі: [www.akorda.kz/.../memleket-basshysynyn-bolashakka-bagd](http://www.akorda.kz/.../memleket-basshysynyn-bolashakka-bagd)

4. Ермекбаева Ақбөпе Тонтаевна Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация Алматы-2018 жыл

5. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 31.01.2017 ж. //http:akorda.kz.



ӘОЖ 658.89

### ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ (ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

**Маликтаева Пернекүл Маликтайқызы -т.ғ.к.**

**Шымыр Жалел Абдразакович-т.ғ.к.**

**Нұрланұлы Әлішер – магистрант**

**«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті, «Стандарттау және ветеринариялық санитария» кафедрасы**

**Андатпа.** Тұрғын үй нарығында кездесетін тұрақсыздық, сатып алу қабілетінің төмендеуімен және жалпы экономикалық құлдыраумен сипатталатын тұрғын үй нарығы дағдарысының қазіргі жағдайында кәсіпкерлік субъектілері арасындағы бәсекелестіктің өсуі байқалады, осыған байланысты салалық тұрғын үй нарығына қатысушылар алдында өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың резервтерін іздеу міндеті тұр. Бәсекеге қабілеттілік мәселелеріне арналған әдебиеттерді талдау бүгінгі күні халықтың тұтынушылық қажеттіліктеріне бағдарлану және тұтынушыға бағдарланған нарық талаптарын есепке алу тұрғысынан кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілі жоқ екенін көрсетті.

**Кілттік сөздер.** Бәсекегеқабілеттілік, тұтынушы, сапа, құрылыс, табыс, инновация

Тұрғын үй нарығында кездесетін тұрақсыздық, сатып алу қабілетінің төмендеуімен және жалпы экономикалық құлдырауымен сипатталатын тұрғын үй нарығы дағдарысының қазіргі жағдайында кәсіпкерлік субъектілері арасындағы бәсекелестіктің өсуі байқалады, осыған байланысты салалық тұрғын үй нарығына қатысушылар алдында өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың резервтерін іздеу міндеті тұр. Бәсекеге қабілеттілік мәселелеріне арналған әдебиеттерді талдау бүгінгі күні халықтың тұтынушылық қажеттіліктеріне бағдарлану және тұтынушыға бағдарланған нарық талаптарын есепке алу тұрғысынан кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілі жоқ екенін көрсетті.

Тұтынушыға бағдарлану - бұл тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту арқылы өнімді сатудың және кіріс алудың максималды көлеміне бағытталған компанияның мүмкіндіктері мен қабілеттерін сипаттайтын критерий.

Тұтынушыға бағдарлану тұжырымдамасының өзінен компанияның қызметі тапсырыс берушілерге қаншалықты бағытталғанына назар аударылатыны анық. Бұл термин тұтынушыларға қызмет көрсету немесе сауда саласында жұмыс істеген кез-келген адам үшін өте қарапайым және түсінікті. Әдетте, тұтынушыға бағдарлану компания басшыларына



өнімді сату көлемін ұлғайтуды, тұтынушы базаны кеңейтуді және алдыңғы есепті кезеңге қарағанда көбірек пайда табуды қалаған жағдайда қызықты болады.

Динамикалық өзгеретін нарықтың шарттары және құрылыс өнімдеріне сұранысты арттыру мәселесін шешу қажеттілігі бәсекеге қабілетті тұтынушыға бағытталған стратегияны іске асыруда тұтынушыға бағытталған тәсілдің пайда болуын және қолданылуын алдын ала анықтайды. Осылайша, тұтынушыға бағытталған тәсілді қолдану келесі себептерге байланысты жүргізіледі:

- салалық тұрғын үй нарығында тұтынушылардың қалауын есепке алудың өсіп келе жатқан рөлі;

- тұтынушыға мақсатты назар аудара отырып, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын кәсіпорынның ішкі мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігі;

- құрылыс кәсіпорындарының тұтынушыға бағдарлануы мен бәсекеге қабілеттілігін талдау мен қалыптастырудың бірыңғай және ұйымдастырушылық-экономикалық тетігінің болмауы;

- кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру резерві ретінде тұтынушыға бағдарланған тәсіл құралдарын жеткіліксіз пайдалану;

- тұтынушыға бағдарланған нарық жағдайында кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау әдістемесін әзірлеу қажеттілігі.

Экономикалық ғылымның тиісті бағыттарында, сондай-ақ тұтынушылардың үнемі өсіп келе жатқан қажеттіліктері мен халықаралық және ұлттық стандарттарды қатандату жағдайында тұрғын үй саласын дамытудың басымдықтарын ескере отырып, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері қарастырылады.

Жаһанданумен, бәсекелестік қатынастардың күшеюімен және дамуымен, жаңа технологиялар санының өсуімен және оларды пайдалану мүмкіндігімен, тұтынушылардың үнемі өзгеріп отыратын үміттерімен, сондай-ақ өнімді немесе қызметті құрудың өмірлік циклінің әр кезеңінде оның рөлін күшейтумен байланысты қазіргі заманғы кәсіпорындардың жұмыс істеу жағдайларының өзгеруі бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізудің балама жолдарын іздеу қажеттілігіне байланысты.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, бәсекеге қабілеттіліктің қажетті деңгейіне жету үшін кәсіпорын өзінің ерекшеліктерін үнемі дамытып отыруы керек, бұл оған түпкілікті тұтынушының үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қанағаттандыруға, яғни бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Құрылыс кәсіпорындарының жұмыс тәжірибесін талдау бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің негізгі проблемасы бәсекелестік артықшылықтарды арттыру бойынша тұрақты және мақсатты жұмыстың болмауы екенін көрсетті. Бұл бәсекелестік артықшылықтарды іздеу және тиімді пайдалану бойынша тұрақты, жүйелі және кешенді шешімді қамтамасыз ететін, сондай-ақ түпкілікті тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталған тұрақты негізде оның кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды қалыптастыратын кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқару тәсілін құру және іске асыру қажеттілігін анықтайды.

Тұтынушылардың әлеуметтік сауалнамасына сәйкес, тұтынушылардың компания өнімдеріне деген қызығушылығын сақтау үшін өнімнің жаңа немесе жетілдірілген түрін ұсыну жеткіліксіз екендігі анықталды, сонымен қатар өнімді немесе қызметті таңдаудың негізгі критерийі инновация, эксклюзивтілік, кепілдік, сапа және өнімді пайдалану қызметтерінің толық циклі екендігі анықталды. Сондықтан, қазіргі заманғы құрылыс нарығында кәсіпорынның қызметін тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттайтын қолда бар және әлеуетті технологияларды, әдістерді және басқа құралдарды қолдана отырып, бәсекелестік мінез-құлқын қалыптастыратын кәсіпорындар пайда көреді.

Жұмыстағы бәсекелестік мінез-құлық деп кәсіпорынның тұрғын үй саласының өнімдерін немесе қызметтерін түпкілікті тұтынушыларды қанағаттандыруға бағытталған, сондай-ақ оның бәсекелестеріне қатысты ұстанымын көрсететін мақсатты әрекеттері деп түсіндіріледі.

Бәсекеге қабілеттілікті басқару теориясы мен практикасында кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті мінез-құлқының үш түрі бар: бейімделгіш, инновациялық және қамтамасыз ету [1, 3, 5, 6].

Бәсекелестіктегі мінез - құлықтың бейімделу түрі өндірістік қуаттарды модернизациялау кезінде қарсыластардың әрекеттерінің алдын алумен сипатталады. Көбінесе бұл тип өзінің инновациялық мүмкіндіктеріне аз көңіл бөлетін және өз қызметінде басқа адамдардың дамуын қолдануға шешім қабылдайтын компанияларға тән.

Бәсекелестіктегі мінез - құлықты қамтамасыз ету өз өнімдерін дамытуда инновацияны ұнататын кәсіпорындарға тән: өнім сапасын арттыру, рестайлинг, ұсынылатын қызметтердің ассортименті мен түрін кеңейту, кепілдік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және т.б. бәсекелестік мінез-құлқының бұл түрі нарықтағы өз позицияларын сақтауға және тұрақтандыруға ұмтылумен сипатталады [2].

Бәсекелестік мінез - құлықтың инновациялық түрі нарықтық қатынастардың жаңа компоненттерін құруға бағытталған әрекеттермен сипатталады, яғни бәсекелестерден артықшылықты қамтамасыз ететін жаңа өнімдер немесе қызметтер.

Өз кезегінде бәсекелестік мінез-құлқыны таңдау бәсекелестікті қамтамасыз ету әдістеріне байланысты. Бизнесті жүргізу тәжірибесінде бәсекеге қабілетті қамтамасыз етудің баға және баға емес әдістері бөлінеді [4]. Баға әдістері өнімнің желісін (ассортиментін) өзгертпестен және өнімнің сапасы мен инновациясын арттыруға жұмсалатын шығындарсыз өндіріс пен өткізу шығындарын азайту есебінен қосымша пайда алумен сипатталады.

Бағалық емес бәсекелестік өнімді жетілдіруге және инновациялауға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға, компанияның имиджін дамытуға, шығарылатын өнімнің даралығын беретін, ең бастысы, өз тұтынушысын қанағаттандыруға, кейде тіпті оның мүмкін болатын сұраныстарын болжауға бағытталған.

Бәсекелестік мінез - құлықтың негізгі түрлерін және оны қамтамасыз ету әдістерін талдай отырып, сондай-ақ түпкілікті тұтынушының тілектері кез-келген өнімді немесе қызметті құрудың қозғаушы механизмі болып табылатындығын ескере отырып, автор тұтынушыға бағытталған кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің бағалық емес әдістерін қолдана отырып, инновациялық мінез-құлық түрін таңдауды ұсынады.

Себебі, құрылыс саласында көптеген кәсіпорындарда өнімді сату кезінде баға саясатына байланысты ұқсас және тұрғын үйді таңдау кезінде, социологиялық сауалнама көрсеткендей, шешім қабылдау процесі негізінен дамиды:

- нысанның орналасқан жері мен ортасынан;
- тұтынушының қажеттіліктерін барынша қамтитын дамыған инфрақұрылым мен қызметтер;
- тұтынушының компанияға деген сенімді қатынасы;
- баға саясаты.

Тұтынушыға бағытталған нарық жағдайында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін тұтынушының осы кәсіпорынның пайдасына өнімді сатып алуы туралы барлық тұжырымдарды ескеруге мүмкіндік беретін кәсіпорынның мінез-құлқының әдістемелік негізін қамтамасыз ету қажет. Стратегиялық мінез-құлқының бұл түрінің негізі тұтынушыға бағытталған тәсіл болып табылады.

Құрылыс саласындағы тұтынушыға бағдарланған тәсіл деп нарықтың жай - күйі мен дамуын, құрылыс өнімдерінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде тұтынушының қажеттіліктерін ескере отырып, сегменттелген сұраныс деңгейін талдау негізінде кәсіпорындардың бәсекелестік артықшылықтарын басқарудың кешенді әдісі деп түсіндіріледі.

Құрылыс саласының ерекшелігін ескере отырып, тұтынушыға бағдарланған тәсілді қолданудың мақсатын, міндеттерін, мәнін және күтілетін нәтижелерін талдау негізінде автор тұтынушыға бағдарланған тәсілдің ұйымдастырушылық-функционалдық моделін ұсынды, онда төрт негізгі, өзара байланысты компоненттер бөлінді:

- Бәсекеге қабілетті тұтынушыға бағытталған стратегия. Қазіргі нарық жағдайында кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін тұтынушыға бағдарланған тәсіл негізінде кәсіпорындағы барлық процестерді жоспарлау, іске асыру, сондай – ақ үйлестіру қажет - бұл бәсекелестік тұтынушыға бағдарланған стратегияға мүмкіндік береді;

- Тұтынушының қажеттіліктерін есепке алу және бақылау жүйесі. Құрылыс өнімдерін өндіру кезінде таңдалған стратегияның орындалуын жүзеге асыру және бақылау үшін кәсіпорын тұтынушының үнемі өзгеріп отыратын тілектері мен қажеттіліктерін қадағалап, талдауы керек, оның негізінде көпфункционалды қызмет жасалып, жұмыс істейді;

- Көпфункционалды қызмет. Көпфункционалды қызмет жұмысында құрылыс өнімдерін өндіруге, сатуға және сатудан кейінгі қызмет көрсетуге қатысты негізгі бизнес-процестер тізбегі түсіндіріледі.

Модельдің негізгі мазмұндық компоненті "көпфункционалды қызмет" болып табылады, оның құрылымы мен функциялары процестік тәсіл негізінде анықталады.

Тұтынушыға бағытталған тәсілді қамтамасыз ететін үрдіс кәсіпорынның тұтынушымен өзара әрекеттесуінің үш кезеңінде жүзеге асырылуы керек: сату алдындағы кезең, сату кезеңі және сатудан кейінгі кезең [7].

Әрбір алдыңғы кезең келесі кезеңдегі өзара әрекеттесу перспективасына бағытталуы керек.

Осылайша, тұрғын үй кәсіпорындарының алдында тұтынушының үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін есепке алудың және қанағаттандырудың жаңа мүмкіндіктерін іздеу қажеттілігі туындайды, өйткені салалық тұрғын үй нарығының жұмыс істеуінің қазіргі жағдайлары тұтынушылардың қалауының өзгеруінің тікелей әсерінен қалыптасады [8].

Сондықтан кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің заманауи тәсілі тұтынушылардың қалауын анықтауға, бағалауға және есепке алуға бағытталған құрылыс кәсіпорнының бәсекелестік артықшылықтарын анықтауға және ұтымды пайдалануға ықпал ететін жүйе мен әрекеттер жиынтығын қамтуы керек.

Мұның бәрі келесі негізгі қағидаттарды ескере отырып, клиентке бағытталған тәсіл негізінде құрылыс кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін басқарудың жаңа тұжырымдамасын қалыптастыруға ықпал етеді:

- клиентке және оның қажеттіліктеріне назар аудару;
- өнімнің инновациялылығы және технологиялылығы;
- объектілерді салу мен пайдаланудың барлық кезеңдерінде шығындарды азайтуды есепке алудың кешенділігі;
- өнімнің сапасын және сатудан кейінгі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- өндірістің барлық кезеңдеріндегі процестік тәсіл;
- қоршаған ортаның өзгеруіне икемділік пен бейімделу;
- ситуациялық тәсіл.

Тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда аталған барлық қағидаттарды біріктіруге тұрғын үй объектілерінің салалық нарығының серпінді дамуын ескере отырып, құрылыс кәсіпорны қызметінің барлық бизнес-процестерінің түпкілікті тұтынушының тілектерін талдауға, анықтауға және сайып келгенде қанағаттандыруға бағытталуын қамтамасыз ететін клиентке бағдарланған тәсілді пайдалануға мүмкіндік береді. Тұтынушыға бағытталған тәсілді авторлар құрылыс нарығының шарттары мен дамуын талдау негізінде құрылыс кәсіпорнының бәсекелестік артықшылықтарын, тұрғын үй мақсатындағы құрылыс өнімдеріне сегменттелген сұраныс деңгейін, құрылыс өнімдерінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерін және макроорта факторларының әсерін ескере отырып, клиенттің жаңа қажеттіліктерін дамытуға бағытталған іс-шаралар кешені ретінде қарастырады [9].

2. Джумадуллаев, К. А. Математическая грамотность : решебник / К. А. Джумадуллаев, С. А. Темирбеков. - Шымкент : Б. и., 2018. - 76 с
3. Исмаилов, И. Математикалық есептерді шешудің стандарт емес тәсілдерін қолдануға мысалдар жинағы : оқу-әдістемелік құрал / И. Исмаилов, А. Бақытқызы. - Шымкент : Б. и., 2019. - 68 б.



## ӘОЖ 519.6

### ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<sup>1</sup>Кенжебекова Рахат, <sup>2</sup>Жунусова Жулдуз Муратовна, <sup>2</sup>Шырақбаев Абай Бегендікұлы  
<sup>1</sup>№45 орта мектебінің математика пәні мұғалімі  
<sup>2</sup>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аннотация.** Научная новизна работы-демонстрация методики преподавания темы дробей в школе, последовательная систематизация последовательности подачи материалов, относящихся к системе счисления. Основная цель моей исследовательской работы-углубленное изучение темы «обучение десятичным дробям» в школьном математическом курсе, детальное рассмотрение, рассмотрение возможных вариантов расширения системы счисления в школьном математическом курсе, систематизация, повышение познавательного уровня урока математики, повышение интереса учащихся к математике, развитие, анализ учебников.

**Ключевые слова:** дробь, десятичная дробь, минус пять, запятая

**Annotation.** The scientific novelty of the work is to demonstrate the methodology for teaching the topic of fractions at school, to work on a sequential systematization of the order of transfer of materials related to the number system. The main purpose of my research work is an in-depth study of the topic "teaching decimal fractions" in a school math course, a detailed examination, consideration of possible options for expanding the number system in a school math course, systematization, increasing the cognitive level of a math lesson, increasing students' interest in mathematics, development, analysis of textbooks.

**Keywords:** fraction, decimal, minus five, comma

Кәдімгі бөлшектер  $\frac{p}{q}$  түрінде жазылады, мұндағы  $p$ -бүтін сан, ал  $q$ -натурал сан.

Егер әдеттегі бөлшектің бөлімі 10 санының дәрежесі болса, онда ол ондық бөлшек деп

аталады. Мысалы,  $\frac{11}{10}$ ;  $\frac{301}{100}$ ;  $-\frac{2}{1000}$ ;  $\frac{400}{10}$  -бөлшектері ондық бөлшектер болады [1].

Ондық бөлшектерді әдетте бір ғана алымы арқылы оның арасына үтір қою арқылы былайша жазады. Бөлшектің алымын жазылады және оның оң жағынан солға қарай бөлімінде қанша нөл болса, сонша цифр есептеп, алымының цифрларын бөлетін үтір қояды:  $\frac{11}{10} = 1,1$  (бір бүтін оннан бір);  $-\frac{507}{100} = -5,07$  (минус бес бүтін жүзден жеті);  $\frac{800}{10} = 80,0$  (сексен бүтін оннан нөл).

Егер алымындағы цифрлардың саны бөліміндегі цифрлардың санынан кем болса, онда жетіспейтін цифрлардың орнына, нөлдерді қосып жазып, оның алдына үтір, сосын тағы бір нөл қояды:

$$\frac{17}{10000} = 0,0017; \quad -\frac{2}{1000} = -0,002; \quad \frac{22}{100000} = 0,00022.$$

Осылайша, ондық бөлшек бұл, бөлімі 10 санының дәрежесі болып табылатынын, әдеттегі бөлшектерді жазу болып табылады.

Керісінше, ондық бөлшекті әдеттегі түрде жазу үшін, алымындағы үтірді алып тастап, алынған бүтін санды жазып, ал бөліміне бір саннан кейін үтірден кейін қанша цифр болса, сонша нөл қояды [2]:

$$15,7 = \frac{157}{10}; \quad 0,00034 = \frac{34}{10000}; \quad 1,8900 = \frac{18900}{10000}.$$

Бөлшек бөлігінің оң жағына нөлдерді қосып жазу бөлшектің шамасын өзгертпейді:  $8,9 = 8,90 = 8,900000$ .

Ондық бөлшектің бұл қасиетін осы ондық бөлшекті әдеттегі ондық бөлшек түрінде жазып түсіндіруге болады. Соңғы мысалдан бөлшектің негізгі қасиетіне сүйене отырып алатынымыз

$$8,9 = \frac{89}{10} = \frac{890}{100} = \frac{8900000}{1000000}$$

Суреттелген қасиет ондық бөлшектердегі үтірден кейінгі цифрлардың мөлшерін теңестіруге мүмкіндік береді.

Егер ондық бөлшектегі үтірден кейінгі барлық цифрлар нөл болса, онда бұл бөлшек бүтін сан болады.

$$40,0 = \frac{400}{10} = 40; \quad -5,000 = -\frac{5000}{1000} = -5$$

Керісінше, кез-келген бүтін санды ондық бөлшек түрінде көрсетуге болады. Мұндағы жазудағы бүтін бөлігі берілген бүтін санға, ал үтірден кейінгі цифрлардың барлығы нөлге тең болады:

$$0 = 0,000; \quad -17 = -17,00000.$$

Ондық бөлшектің үтірдің сол жағына жайғасқан цифрлары, оның бүтін сандар бірлігін көрсетеді. Мысалы 27,0345 санында 27 бірлік болады.

Егер оң ондық бөлшек бірден кем болса, онда ол дұрыс ондық бөлшек болады. Мысалы, 0,123-дұрыс ондық бөлшек. Бірден үлкен ондық бөлшек аралас ондық бөлшек (аралас сан) деп аталады.

Ондық бөлшектерді салыстыру натурал сандарды салыстыруға келтіріледі.

Ондық бөлшектерді салыстыру ережесі. Екі ондық бөлшек берілген болсын. Олардың жазуындағы үтірдің оң жағындағы ондықтың белгілерін, үтірді алып тастау арқылы теңестіреміз, нәтижесінде берілген бөлшектерге сөйкес келетін екі натурал сандарды аламыз. Алынған натурал сандардың қайсысы үлкен болса, соған сәйкес келетін ондық бөлшек үлкен болады.

Мысал 23,1 және 23,099 сандарын салыстыру керек.

Шешуі: Сандарды 23,100 және 23,099 түрінде жазамыз, кейін үтірді алып тастаймыз.  $23100 > 23099$  болғандықтан, лоай болса  $23,1 > 23,099$ .

Кез-келген өзара тең емес ондық бөлшектердің арасында шексіз көп ондық бөлшектер болады.

Мысал 0,127 және 0,128 сандарының арасына жайғасқан бес ондық бөлшекті табу керек.

Шешуі: Бөлшектердің әрқайсысының оң жағына нөлдерді қосып жазамыз: 0,1270 және 0,1280. Сонда алатынымыз:

$$0,127 = 0,1270 < 0,1271 < 0,1272 < 0,1273 < 0,1274 < 0,1275 < 0,1280 = 0,128.$$

Ондық бөлшекті жай бөлшекке, жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру.

Әрбір ондық бөлшекті жай қысқармайтын бөлшекке немесе басқаша айтқанда, жай бөлшекке айналдыруға болады.

$$0,15 = \frac{15}{100} = \frac{3}{20}; 14,2 = \frac{142}{10} = \frac{71}{5}.$$

Алайда кез-келген жай бөлшекті ондық бөлшек түрінде, яғни ондық бөлшек түріне айналдыруға болмайды.

Мысалы,  $\frac{1}{7}$  бөлшегін  $\frac{q}{10^n}$  бөлшегі түрінде, мұндағы  $q$  және  $n$  - натурал сандар,

жазуға болмайтындығын көрсетеміз. Шынында да, егер  $\frac{1}{7} = \frac{q}{10^n}$  деп ұйғарсақ, онда жай

бөлшектің анықтамасынан шығатыны  $10^n = 7q$ . Алайда бұл теңдік натурал  $n$  санының ешбір мәнінде орындалмайды, өйткені, бұдан шығатыны  $10^n$  саны 7-ге  $n$  натурал санының

қайсыбір мәнінде қалдықсыз бөлінеді, ал бұл дұрыс емес. Сөйтіп  $\frac{1}{7}$  бөлшегі  $\frac{q}{10^n}$  түрінде жазыла алмайды.

$\frac{m}{n}$  жай бөлшегін  $\frac{q}{10^k}$  бөлшегіне,  $n$  санын жай көбейткіштерге жіктеген кездегі 2 және 5-тен өзгеше жай көбейткіштер жоқ болған кезде ғана, тек сол кезде ғана айналдыруға болады.

Сонымен,  $\frac{3}{14}$ ;  $\frac{1}{60}$ ;  $\frac{41}{86}$  бөлшектерін  $\frac{q}{10^k}$  бөлшегі түрінде көрсетуге болмайды,

өйткені бұл бөлшектердің әрқайсысының бөлімдерін жай көбейткіштерге жіктеген кезде

$$14 = 2 \cdot 7; 60 = 2 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 5; 86 = 2 \cdot 43$$

олардың 2 және 5-тен өзгеше жай көбейткіштері бар.

Керісінше,  $\frac{4}{5}$ ;  $\frac{5}{8}$ ;  $\frac{11}{160}$  бөлшектерінің әрқайсысын  $\frac{q}{10^k}$  ондық бөлшегі түрінде

жазуға болады:

$$\frac{4}{5} = \frac{4 \cdot 2}{5 \cdot 2} = \frac{8}{10} = 0,8$$

$$\frac{5}{8} = \frac{5}{2^3} = \frac{5 \cdot 5^3}{2^3 \cdot 5^3} = \frac{625}{10^3} = 0,625$$

$$\frac{11}{160} = \frac{11}{2^5 \cdot 5} = \frac{11 \cdot 5^4}{2^5 \cdot 5 \cdot 5^4} = \frac{11 \cdot 625}{2^5 \cdot 5^5} = \frac{6875}{10^5} = 0,06875.$$

Жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру үшін натурал сандарды «бұрыштап» бөлу әдістемесін қолдануға болады.

### Әдебиеттер

1. Омаров Ә.К. Математика: Көмекші оқу құрал / Омаров Ә.К. – Шымкент: Әлем, 2014. - 156 б с
2. Қайдасов, Ж. Мектеп математика курсы бойынша есеп шығару практикумы. (1-бөлім. Алгебра) : оқу құралы / Ж. Қайдасов. - Алматы: Отан, 2021. - 192 б.
3. Қағазбаева, Ә. К. Оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту : оқу-әдістемелік құрал / Ә. К.Қағазбаева. - Алматы: Отан, 2021. - 92 б.
4. Степаненко, Е. В. Математика. Вводный курс: учебное пособие / Е. В.Степаненко, И. Т. Степаненко, Т. В. Губанова. - 6-е изд., стереотип. - М. : Флинта, 2020. - 104 с.
5. ЕГЭ-2013: Математика: самое полное издание типовых вариантов заданий / сост. И. В. Яценко; ред. А. Л. Семенова.- М. : АСТ, 2013.- 123 с



ӘОЖ 519.6:517.3

## ГЕОГЕВРА БАҒДАРЛАМАСЫН ЕСЕЛІ ИНТЕГРАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ ҚОЛДАНУ

Болеева Л.К.<sup>1</sup>, Мырзаян Б.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Пед. ғылымдарының канд.

«Қолданбалы математика және статистика» кафедрасының доценті

<sup>2</sup>7M05411 – «Математика және математикалық модельдеу»

мамандығының магистранты

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада GeoGebra интерактивті геометриялық ортасын көп интеграциялық есептерді шешу үшін пайдалану мүмкіндігі қарастырылады. Бұл математикалық пакеттің функционалдығы студенттерге біріктіру шегін анықтай отырып, жобалық жазықтықты дұрыс таңдау үшін ең күрделі сызбаларды орындауға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** интерактивті геометриялық орта GeoGebra, еселік интегралдар, денелердің көлемі мен бетінің ауданы, денелердің графикалық құрылысы, интегралдау аймағы.

**Аннотация.** В статье рассматривается возможность применения интерактивной геометрической среды GeoGebra при решении задач кратного интегрирования. Функциональные возможности данного математического пакета дают обучающимся возможность выполнять наиболее сложные чертежи для правильного выбора плоскости проектирования, определения пределов интегрирования.

**Ключевые слова:** интерактивная геометрическая среда GeoGebra, кратные интегралы, объем и площадь поверхности тел, графическое построение тел, область интегрирования.

**Annotation.** The article considers the possibility of using the GeoGebra interactive geometric environment for solving problems of multiple integration. The functionality of this mathematical package gives students the opportunity to perform the most complex drawings for the correct choice of the design plane, determining the limits of integration.

**Keywords:** GeoGebra interactive geometric environment, multiple integrals, volume and surface area of bodies, graphic construction of bodies, integration area.

Денелердің көлемдері мен бетінің аудандарын есептеуге еселік интегралдарды қолдануды қарастырған кезде интегралдау облысын табу үшін денелерді графикалық түрде




салу қажет болады. Егер аумақтар бірнеше беттердің қиылысуымен анықталса, онда оларды қолмен салу оқушылардан айтарлықтай уақытты талап етеді, ал алынған кескін дұрыс тандалмаған перспективаға байланысты көрнекі болмауы мүмкін. Сонымен қатар, құрылыс процесі айтарлықтай еңбекті және күрделі. Бұл жағдайда сызбаны тез құруға ғана емес, сонымен қатар түсті пайдалану және кескінді әртүрлі бағытта айналдыру мүмкіндігі арқылы кеңістіктік модельдерді қабылдауды жеңілдетуге мүмкіндік беретін компьютерлік математикалық пакеттерді пайдалану пайдалы. Осындай пакеттердің бірі тегін GeoGebra бағдарламасы болып табылады.

«Еселі интегралдар» тақырыбына есептер шығару кезінде GeoGebra жүйесіндегі мультимедиялық қолдау мысалдарын қарастырыңыз.


*1-есеп.* Беттері  $z = 4 - y^2, z = y^2 + 2, x = -1, x = 2$  болатын шектелген дененің көлемін табуға болатын интегралды жаз [1, 2, 3].

Шешуі: Геоггебра жүйесінде беттерді саламыз (1-сурет).



1-сурет. Аймақты салу

Цилиндрлердің генераторлары  $x = -1, x = 2$ , жазықтықтарына перпендикуляр, бұл  $x: -1 \leq x \leq 2$  айнымалысы бойынша интегралдау шегін білдіреді.  $y$  айнымалысына қатысты интегралдау шегін табайық. Ол үшін  $z = 4 - y^2, z = y^2 + 2$  қиылысу нүктелерінің координаталарын есептейміз (2-сурет). Осыдан  $-1 \leq y \leq 1$ .




2-сурет. Ауданның  $xOz$  жазықтығына проекциясы

$$V = \int_{-1}^2 dx \int_{-1}^1 (4 - y^2 - (y^2 + 2)) dy = \int_{-1}^2 dx \int_{-1}^1 (2 - 2y^2) dy.$$


Жауабы:  $V = \int_{-1}^2 dx \int_{-1}^1 (2 - 2y^2) dy.$

*2-есеп.*  $y = x\sqrt{3}$  және  $x = y\sqrt{3}$  жазықтықтары мен  $x^2 + y^2 = 1$  және  $x^2 + y^2 = 9$ . Ауданның  $xOy$  жазықтығына проекциясы орналасқан, жоғарыдан  $z=4$  жазықтықпен және төменнен  $z=0$  жазықтықпен шектелген [4, 5, 6].

Шешуі: Геоггебра жүйесінде беттерді саламыз (3-сурет).



3-сурет. Аймақты салу



4-сурет. Ауданның xOy жазықтығына проекциясы

Полярлық координаталарға көшейік (4-сурет).  $\varphi$  бұрышының өзгеру шегін табайық.  $y = x\sqrt{3}$  және  $x = y\sqrt{3}$  жазықтықтарының теңдеулерінен  $\frac{\pi}{6} \leq \varphi \leq \frac{\pi}{3}$  екенін көруге болады.

Цилиндрлердің теңдеулерінен  $r$  өзгеру шегін табайық.  
 $r^2 = 1$  и  $r^2 = 9$ .  $1 \leq r \leq 3$ .


Көлемнің формуласын құрастырайық.

$$V = \int_{\pi/6}^{\pi/3} d\varphi \int_1^3 4r dr = \int_{\pi/6}^{\pi/3} d\varphi (2r^2|_1^3) = \int_{\pi/6}^{\pi/3} 16d\varphi = 16\varphi|_{\pi/6}^{\pi/3} = \frac{16\pi}{6}.$$


Жауабы:  $V = \frac{16\pi}{6}$  бірлік<sup>3</sup>.

3-есеп. Цилиндрмен кесілген  $x^2 + y^2 + z^2 = 9$  шар бөлігінің бетінің ауданын табыңыз  $x^2 + y^2 = 3x$  [4, 5, 6].

Шешуі: мына беттерді тұрғызайық (5-сурет).



5-сурет. Ауданның құрылысы



6-сурет. Облыстың хОу жазықтығына проекциясы

Жартылай туындыларды табайық:

$$\begin{aligned} x^2 + y^2 + z^2 &= 9, \\ z &= \sqrt{9 - x^2 - y^2}, \\ z'_x &= \frac{-x}{\sqrt{9 - x^2 - y^2}}, \quad z'_y = \frac{-y}{\sqrt{9 - x^2 - y^2}} \end{aligned}$$

Дененің бетінің ауданын табу үшін формуланы қолданамыз:

$$S = 2 \iint_D \sqrt{1 + \left(\frac{-x}{\sqrt{9-x^2-y^2}}\right)^2 + \left(\frac{-y}{\sqrt{9-x^2-y^2}}\right)^2} dx dy = 2 \iint_D \sqrt{1 + \frac{x^2+y^2}{9-x^2-y^2}} dx dy = 6 \iint_D \frac{dx dy}{\sqrt{9-x^2-y^2}}.$$

Полярлық координаттарға көшейік (6-сурет):

$$\begin{aligned} x &= r \cdot \cos \varphi, \quad y = r \cdot \sin \varphi, \\ x^2 + y^2 &= r^2 \\ x^2 + y^2 &= 3x \leftrightarrow r^2 = 3r \cdot \cos \varphi, \\ 0 &\leq r \leq 3 \cos \varphi, \\ -\frac{\pi}{2} &\leq \varphi \leq \frac{\pi}{2}. \end{aligned}$$

Полярлық координаталарға көшуде интеграцияның шектерін белгілейміз.


$$\begin{aligned} S &= 6 \int_{-\frac{\pi}{2}}^{\frac{\pi}{2}} d\varphi \int_0^{3 \cos \varphi} \frac{r}{\sqrt{9-r^2}} dr = 6 \int_{-\frac{\pi}{2}}^{\frac{\pi}{2}} d\varphi \left( -\sqrt{9-r^2} \right) \Big|_0^{3 \cos \varphi} = \\ &= 6 \int_{-\frac{\pi}{2}}^{\frac{\pi}{2}} \left( 3 - \sqrt{9-9 \cos^2 \varphi} \right) d\varphi = 18 \int_{-\frac{\pi}{2}}^{\frac{\pi}{2}} \left( 1 - \sqrt{\sin^2 \varphi} \right) d\varphi = \\ &= \int_{-\frac{\pi}{2}}^0 (1 + \sin \varphi) d\varphi + \int_0^{\frac{\pi}{2}} (1 - \sin \varphi) d\varphi = \\ &= (\varphi - \cos \varphi) \Big|_{-\frac{\pi}{2}}^0 + (\varphi + \cos \varphi) \Big|_0^{\frac{\pi}{2}} = 18(\pi - 2) \end{aligned}$$

Жауабы:  $S = 18(\pi - 2)$  бірлік<sup>2</sup>.


4-есеп. Беттермен шектелген дененің көлемін табыңыз

$$y = 2 - x^2, \quad y = x, \quad z = 3 + x, \quad z = 0 \quad [4, 5, 6].$$

Шешуі: мына беттерді тұрғызайық (7-сурет).



7-сурет. Аймақты салу



8-сурет. Облыстың хОу жазықтығына проекциясы

Осы қисықтардың қиылысу нүктелерін анықтайық, ол үшін теңдеуді шешеміз (8-сурет): Қажетті нүктелердің координаталары орналасқан жері:  $(-2, -2)$  және  $(1, 1)$ .

Еселі интеграл көмегімен көлемді табу формуласын қолданамыз.

$$V = \int_{-2}^1 dx \int_x^{2-x^2} (3+x) dy = \int_{-2}^1 [(2-x^2)(3+x) - x(3+x)] dx =$$

$$= \int_{-2}^1 (-x^3 - 4x^2 - x + 6) dx = \left( -\frac{x^4}{4} - \frac{4x^3}{3} - \frac{x^2}{2} + 6x \right) \Big|_{-2}^1 = \frac{45}{4} \text{ бірлік}^3.$$


Жауабы:  $V = \frac{45}{4}$  бірлік<sup>3</sup>.

Сонымен, «Еселі интеграл» бөлімін оқу кезінде Geogebra бағдарламасын пайдалану мұғалімге сабақта оқу уақытын тиімді пайдалануға, оқушылардың танымдық қызығушылығын және кеңістіктік бейнелерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл ретте оқушылар тапсырмаларды тез орындайды, құрастыру кезінде қателіктер жібереді. аудан және интеграциялық шектерді табу.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Баврин И.И. Курс высшей математики: учебник для студ. высш. пед. уч. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 400 с.
2. Берман Г.Н. Сборник задач по курсу математического анализа. – М.: Наука, 1985. – 384 с.
3. Бермант А.Ф. Курс математического анализа. – М.: Гос. изд. технико-теоретической литературы, 1956. – 411 с.
4. Будак Б.М., Фомин С.В. Кратные интегралы и ряды. – М.: Наука, 1965. – 608 с.
5. Виноградова И.А., Олехник С.Н., Садовничий В.А. Задачи и упражнения по математическому анализу, часть 2. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1991. – 352 с.

6. Демидович Б.П. Сборник задач и упражнений по математическому анализу: учебное пособие для вузов. – М.: Астрель, 2005. – 625 с.



ӘОЖ 628.19

## ӨНЕРКӘСІПТІК ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ ТАЗАРТУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ БИОҚОРҒАНЫС ТЕХНИКАСЫ

Кошкулов Р.Е., 6В05213 - «Өндірістік мекемелердің экологиясы» білім беру  
бағдарламасының 1 курс студенті

Жигитова С.З., «Экология» кафедрасының аға оқытушысы, магистр  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада өнеркәсіптік шығарындыларды тазарту әдістері және биоқорғаныс техникамен, газ шығарындылары бөлу мен бақылауды ұйымдастыру. Өнеркәсіптік шығарындылардан атмосфераның ластануын азайту үшін технологиялық процестер және әртүрлі тазарту қондырғылармен таныстыру.

**Кілт сөздер:** қоршаған орта, тазарту, өнеркәсіптік шығарындылар, концентрация, инерциялық тозаң тұтқыштар, шаң тұндыру камералары.

**Аннотация.** В статье представлены методы очистки промышленных выбросов и методы биозащиты, организация распределения и контроля выбросов газа. Технологические процессы и введение в различные очистные сооружения для уменьшения загрязнения атмосферы промышленными выбросами.

**Ключевые слова:** окружающая среда, очистка, промышленные выбросы, концентрация, инерционные пылеуловители, пылеулавливающие камеры.

**Abstract.** The article presents methods of cleaning industrial emissions and methods of biosecurity, organization of distribution and control of gas emissions. Technological processes and introduction to various treatment facilities to reduce atmospheric pollution by industrial emissions.

**Keywords:** environment, cleaning, industrial emissions, concentration, inertial dust collectors, dust collecting chambers.

Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу электр станциялары, мал шаруашылығы кешендері болып табылады. Бұл көздердің әрқайсысы белгілі бір улы заттардың көп мөлшерде шығарылуымен байланысты, кейде бірден анықтауға болмайды, дегенмен көп тонналық ластаушы заттардың номенклатурасы салыстырмалы түрде аз.

Мысалы, қара металлургия кәсіпорындары құрамында шаң, күкірт оксиді және металдар бар газдарды шығарады. 1 тонна шойын үшін 4,5 кг шаң, 2,7 кг SO<sub>2</sub>, 0,1—0,5 кг Мп, сондай-ақ мышьяк, фосфор, сурьма, қорғасын, сынап, сирек металдар, шайырлы заттар шығарылады. Агломерациялық зауыттар шаң мен күкірт диоксидін шығарады (1 тонна кенге 190 кг SO<sub>2</sub>). Ашық пештер мен конвертер цехтары шаңның үлкен массаларын шығарады. Ашық Болаттың 1 тоннасына орта есеппен 0,5 г/м<sup>3</sup>, 60 кг СО және 3 кг СО<sub>2</sub> шаң концентрациясы бар 3000-4000 м<sup>3</sup> газ бөлінеді. Коксохимиялық цехтар атмосфераны шаңмен және Ұшпа қосылыстардың қоспасымен ластайды. Түсті металлургия кәсіпорындары шаңды, құрамында күкірт диоксиді, фторлы газдар мен металдар бар газдарды шығарады. Мыс кендерін балқыту кезінде атмосфераға түсетін бір тонна шаңнан 100 кг-ға дейін мыс және аздап қорғасын мен мырыш алуға болады. Металлургиялық кәсіпорындардың шығарындылары жоғары температурамен сипатталады, 800°С және одан жоғары [1].

Химия өнеркәсібі кәсіпорындары құрамында Бейорганикалық және органикалық заттар бар шаң мен газдар шығарылады:  $\text{CO}_2$ ,  $\text{CO}$ ,  $\text{NH}_3$ ,  $\text{SO}_2$ ,  $\text{NO}_x$ ,  $\text{HF}$ ,  $\text{HCl}$ ,  $\text{SF}_4$ ,  $\text{H}_2\text{S}$  және т.б. Мұнай және мұнай өңдеу өнеркәсібінің ауа шығарындылары құрамында көмірсутектер, күкіртсутек және жағымсыз иісті газдар бар.

Құрылыс материалдары зауыттары шаң, фторидтер, күкірт және азот диоксиді шығарады. Автомобильдердің пайдаланылған газдарында шамамен 200 зат, оның ішінде канцерогенді көмірсутектер мен тетра-этилсвинец бар. Жылу электр станциялары атмосфераға күкірт, азот және көміртек оксидтері, күл, металдар бар газдарды шығарады.

Ластану атмосфераға үздіксіз немесе мезгіл-мезгіл, лезде түсуі мүмкін. Қысқа уақыт ішінде көп мөлшерде зиянды заттар ауаға шығарылады. Жаппай шығарындылар авариялар кезінде, тез жанатын өндіріс қалдықтарын арнайы жою алаңдарында жағу кезінде мүмкін. Лездік шығарындылар кезінде ластану кейде айтарлықтай биіктікке лақтырылады. Олар жарылыс және апат кезінде орын алады [2].

Осылайша, қатты, сұйық, бу және газ тәрізді бейорганикалық және органикалық заттар атмосфераға шығатын газдармен енеді, сондықтан агрегаттық күйі бойынша ластану қатты, сұйық, газ тәрізді және аралас болып бөлінеді.

Токтатылған қатты немесе сұйық бөлшектері бар өнеркәсіп шығаратын газдар екі фазалы жүйелер болып табылады. Жүйеде үздіксіз фаза — бұл газдар, ал дисперсті-қатты бөлшектер немесе сұйық тамшылар болады. Мұндай аэродинамикалық жүйелер шаң, түтін және тұман болып бөлінетін аэрозольдер болып табылады.

Шаңның құрамында 5 - тен 50 мкм-ге дейінгі қатты бөлшектер, ал түтін 0,1-ден 5 мкм-ге дейін болады. Тұмандар мөлшері 0,3-5 мкм сұйықтық тамшыларынан тұрады және будың конденсациясы нәтижесінде немесе сұйықтықтың газға шашырауы нәтижесінде пайда болады.

Газ шығарындылары бөлу мен бақылауды ұйымдастыру бойынша-ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған; температура бойынша-қыздырылған (газ-тозаң қоспасының температурасы ауа температурасынан жоғары) және суық; тазарту белгілері бойынша-тазартусыз тасталатындарға (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) және тазартудан кейін (ұйымдастырылған) болады.

Ұйымдастырылған өнеркәсіптік шығарындылар- арнайы салынған газ құбырлары, каналдар, құбырлар арқылы атмосфераға түсетін шығарындылар [3].

Ұйымдастырылмаған шығарындылар жабдықтың тығыздығын бұзу, өнімді тиеу, түсіру және сақтау орындарында газды соруға арналған жабдықтың болмауы немесе қанағаттанарлықсыз жұмыс істеуі нәтижесінде атмосфераға бағытталмаған газ ағындары түрінде келетін өнеркәсіптік шығарындылар болады.

Өнеркәсіптік шығарындылардан атмосфераның ластануын азайту үшін технологиялық процестер жетілдіріледі, технологиялық жабдықтар герметизацияланады және әртүрлі тазарту қондырғылары салынады.

Шығарындыларды азайтудың неғұрлым тиімді бағыты, мысалы, тұйық газ тәрізді ағындарды енгізуді көздейтін қалдықсыз технологиялық процестерді құру болып табылады, алайда осы уақытқа дейін зиянды шығарындыларды болдырмаудың негізгі құралы газды тазартудың тиімді жүйелерін әзірлеу және енгізу болып қала береді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ауа шығарындыларының аэрозольдері дисперсті құрамның және басқа физика-химиялық қасиеттердің алуан түрлілігімен сипатталады. Осыған байланысты шаң шығарындыларын (және басқа да аэрозольдарды) тазартуға арналған шаң жинағыштардың әртүрлі әдістері мен түрлері жасалады.

Өнеркәсіптік газ шығарындыларын шаңнан тазарту әдістері шаңды "кұрғақ" тәсілмен ұстау әдістері; шаңды "дымқыл" тәсілмен ұстау әдістері болып келеді [4].

Кұрғақ құрылғылардың жұмысы гравитациялық, инерциялық және центрифугалық тұндыру механизмдеріне немесе сүзу механизмдеріне негізделген. Дымқыл шаң жинағыштарда шанданған газдардың сұйықтықпен байланысы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда жауын-шашын тамшыларға, газ көпіршіктерінің бетіне немесе сұйық пленкаға

түседі. Электростатикалық шөгінділерде зарядталған аэрозоль бөлшектерін бөлу шөгінді электродтарда жүреді.

1 кесте. Аэрозольдерді алу әдісі мен аппаратын таңдау ең алдымен олардың дисперстік құрамына байланысты

Бөлшектердің мөлшері, мкм	Аппараттар	Бөлшектердің мөлшері, мкм	Аппараттар
40-1000	Шаң жинау камералары	20-100	скрубберлер
	Циклондар:	0,9-100	Мата сүзгілері
20-1000	диаметрі 1-2 м	0,05-100	Талшықты сүзгілер
5-1000	диаметрі 1 м	0,01-10	Электростатикалық сүзгілер

Құрғақ механикалық шаң жинағыштарға әртүрлі тұндыру механизмдері қолданылатын гравитациялық (тозаң тұндыру камералары); инерциялық (газ ағынының қозғалыс бағытының өзгеруі немесе оның жолында кедергі орнату нәтижесінде шаңның шөгілуі болатын камералар); орталықтан тепкіш (жалғыз, топтық және батареялық циклондар, құйынды және динамикалық шаң жинағыштар) құрылғылар кіреді.

Осы немесе басқа аппаратты қолдану шаңның қасиеттері мен дисперсиялық тобымен анықталады:

V-өте үлкен дисперсті шаң,  $d_{50}$ , 140 мкм;

қатты шаң,  $d_{50} = 40-140$  мкм;

орташа дисперсті шаң,  $d_{50} = 10-40$  мкм;

V-ұсақ дисперсті шаң,  $d_{50} = 1 - 10$  мкм;

V-өте ұсақ шаң,  $d_{50}$  1 мкм.

$d_{50}$ -50% шаң бөлшектерінің тиімді диаметрінің орташа мәні.

Шаң жинайтын камералар мен үлкен өткізу қабілеті бар циклондар бірінші және екінші топтардың (үлкен дисперсті) шаңын алу үшін қолданылады, мата сүзгілері үшінші және төртінші топтардың (орташа және ұсақ дисперсті) шаңын алу үшін қолданылады, электростатикалық сүзгілер бесінші топтың шаңын (өте жұқа) ұстау үшін тиімді.

Бұл құрылғылар өндіріс пен пайдаланудың қарапайымдылығымен ерекшеленеді, олар өнеркәсіпте кеңінен қолданылады. Алайда, олардағы шаңды жинау тиімділігі әрдайым жеткіліксіз, сондықтан олар көбінесе газды алдын-ала тазарту аппараттарының рөлін атқарады [5].

Шаң тұндыру камералары типіндегі құрылғы қуыс немесе қораптың ішкі қуысында көлденең сөрелері бар, оның төменгі бөлігінде шаң жинауға арналған бункер бар. Шаңды газдың ағыны камераға салыстырмалы түрде кішкентай диаметрлі тесік арқылы енгізіледі, бірақ газ камераның көлденең қимасын толығымен толтыруы керек. Осы жағдайды сақтау үшін камера конструкциясында арнайы құрылғылар (сөрелер, қалқалар) көзделеді.

Шаңмен ластанған газ камера арқылы 0,2 – 1,5 м/с жылдамдықпен өтеді, шаң бөлшектері аппараттың төменгі бөлігінде ауырлық күшінің әсерінен орналасады. Камералардағы газды тазарту деңгейі 40-50% аспайды. Шаңсыздандырылған газ камерадан шығарылады және одан әрі атмосфераға шығарылады немесе тереңірек тазарту үшін басқа аппараттарға беріледі.

Инерциялық тозаң тұтқыштар. Газ ағынының қозғалыс бағыты күрт өзгерген кезде, инерциялық күштің әсерінен шаң бөлшектері бір бағытта қозғалуға тырысады және газ ағыны айналғаннан кейін хопперге түседі. Бұл принцип бойынша бірқатар құрылғылар жұмыс істейді. Олардың тиімділігі аз. Камераның көлденең қимасындағы газдың жылдамдығы 1,0 м/с құрайды, 25 – 30 мкм шаң бөлшектері үшін 65 – 80% ұстау дәрежесіне қол жеткізіледі.

Газдарды сүзгілерде тазарту әр түрлі типтегі кеуекті аралықтары бар сүзгілер ластанған газ шығарындыларын тазарту үшін кеңінен қолданылады. Сүзу процесі ауа тарату жүйесін (шаңмен немесе аэрозоль бөлшектерімен ластанған газ) кеуекті сүзгі материалы арқылы

өткізуден тұрады. Өлшемдері сүзгі материалының кеуек диаметрінен асатын дисперсті фазаның бөлшектері газ ағынынан бөлінеді [5].

Сүзгі бөлімдері құрылымында өте алуан түрлі, бірақ олар негізінен талшықты немесе түйіршікті элементтерден тұрады және шартты түрде келесі түрлерге бөлінеді: иілгіш кеуекті қалқалар-табиғи, синтетикалық немесе минералды талшықтардан жасалған мата материалдар; тоқылмаған талшықты материалдар (киіз, желімделген және инемен тесілген материалдар, қағаз, картон, талшықты төсеніштер); ұяшықты табақтар (кеуекті резеңке, полиуретанды көбік, мембраналы сүзгілер); жартылай қатты кеуекті бөліктер-тірек құрылғыларында орналасқан немесе олардың арасында қысылған талшықтардың қабаттары, чиптер, тоқылған торлар; қатты кеуекті қалқалар-түйіршікті материалдар (кеуекті керамика немесе пластмасса, күйдірілген немесе престелген металл ұнтақтары, кеуекті шыны, көмір графитті материалдар және т.б.); талшықты материалдар (шыны немесе металл талшықтардан жасалған қалыптасқан қабаттар); металл торлар және перфорацияланған табақтар.

Сүзгі түйіршіктері газдарды ластанудың үлкен бөлшектерінен тазарту үшін қолданылады. Газдарды механикалық шаңнан тазарту үшін (ұнтақтағыштардан, кептіргіштерден, диірмендерден) қиыршық тас сүзгілері жиі қолданылады.

Газдарды аэрозольдардан және ұсақ шаңнан тазарту үшін синтетикалық талшықтардан жасалған киіздер қолданылады (лавсан, ПВХ, капрон). Мақта мен жүн маталары жақсы сүзгі қасиеттеріне ие, бірақ олар синтетикалық маталарға қарағанда аз берік және химиялық төзімді. Болаттың, Мыстың, жездің, қоланың, никельдің арнайы маркаларынан жасалған сым торлар химиялық агрессивті ортада температураның кең интервалында ( $0^{\circ}\text{C} - 800^{\circ}\text{C}$ ) жұмыс істей алады. Кеуекті керамикадан, кеуекті металдардан жасалған сүзгі элементтері жоғары беріктікке, коррозияға және ыстыққа төзімділікке ие.

Шаңды газды тазарту процесінде бөлшектер талшықтарға немесе материал түйірлерінің бетіне жақындайды, олармен соқтығысады және негізінен диффузия, инерция және электростатикалық тарту күштерінің әсерінен тұндырылады [6].

Сүзгілерде ұсталған бөлшектер тесіктерде жиналады немесе қалқалардың бетінде шаң қабатын түзеді, осылайша өздері жаңадан келіп түсетін бөлшектер үшін сүзгі ортасының бөлігіне айналады. Шаң жиналған сайын септумның кеуектілігі төмендейді және қарсылық артады. Сондықтан шаңды кетіру және сүзгіні қалпына келтіру қажет.


Кіріс және шығыс концентрациясының мақсаты мен мәніне байланысты сүзгілер шартты түрде үш сыныпқа бөлінеді: жақсы тазарту сүзгілері-өте жоғары тиімділікпен (99% - дан астам), негізінен кіріс концентрациясы төмен ( $1 \text{ мг/м}^3$ -ден аз) және сүзу жылдамдығы  $10 \text{ см/с}$ -тан төмен өнеркәсіптік газдардан субмикрон бөлшектерін ұстауға арналған. Сүзгілер әсіресе улы бөлшектерді ұстап алу үшін, сондай-ақ кейбір технологиялық процестерді жүргізу кезінде ауаны ультра жұқа тазарту үшін қолданылады. Олар қалпына келмейді; ауа сүзгілері-ауаны желдету және ауаны баптау жүйелерінде қолданылады. Шаң концентрациясы  $50 \text{ мг/м}^3$ -ден төмен, сүзудің жоғары жылдамдығы кезінде  $2,5\text{-}3 \text{ м/с}$  дейін жұмыс істейді; өнеркәсіптік сүзгілер (мата, түйіршікті, дөрекі талшық) өндірістік газдарды  $60 \text{ мг/м}^3$  дейін тазарту үшін қолданылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Джилльберт М.Мастерс. Экологиялық инженерия негіздері [Электрондық ресурс]: Оқулық / Джилльберт М.Мастерс, Венделл П.Эла. - Алматы : Pearson Prentice Hall, 2017. - 548 б.
2. Джилльберт М.М. Экологиялық инженерия негіздері [Мәтін]: оқулық. 1-том / М.М. Джилльберт, П. ЭлаВенделл; Ағыл.тілінен ауд. Ш. Назарқұлова. - Алматы : "Қазақ тілі", 2016. - 224 б. - ISBN 978-601-291-336-1 : 3311т. 00т.
3. Джилльберт М.М. Экологиялық инженерия негіздері [Мәтін]: оқулық. 2-том / М.М. Джилльберт, Венделл П.Эла. - 3-ші басылым. - Алматы : "Times", 2017. - 548 б. - ISBN 978-601-329-077-5 : 3335т. 00т.



4. Дәуренбекова Ә.Н. Өндірісті ұйымдастыру [Мәтін] : оқу құралы / Ә.Н. Дәуренбекова. - Алматы : Экономика, 2016. - 216 б. - ISBN 978-601-225-935-3 : 4000т. 00т.
5. Серікбаева А. Өнеркәсіптік экология [Мәтін] : оқу құралы / А. Серікбаева. - Астана: Фолиант, 2015. - 224 б. - ISBN 978-601-302-329-8 :
6. Жұмадилова А.Қ. Өнеркәсіптік экология [Электрондық басылым]: электронды оқу құралы / А.Қ. Жұмадилова, Г.А. Сарбасова. - Тараз : ЖАТО, 2017. - 381 МБ : CD. - б/ж



ӘОЖ 502.3:662.7

## БИОГАЗДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Ғылыми жетекшісі: Жұмадилова А.Қ. т.ғ.к., доцент

Студент: Күншырақ А.Д.

6В05212-«Өнеркәсіптік мекемелердің экологиясы» БББ 1 курс студенті  
«Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты, «Экология» кафедрасы  
М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті

**Андағпа.** Мақалада қалыптасқан биогаз өнімін тиімді пайдалану сонымен қатар оларды қолдану салалары туралы жазылған. Биогаз өнімін пайдалану арқылы экологиялық мәселелерді дұрыс шешу мен қатар қалдықтарды қайта өңдеу бойынша таза экологиялық өнім алуға жол ашамыз.

**Кілт сөздер:** биогаз, қоршаған орта, органикалық зат, қалдықсыз өнім, қалдық, ресурс.

**Аннотация.** В статье изложено эффективное использование сформированного биогазового продукта, а также области его применения. Используя биогазовую продукцию, мы открываем путь к правильному решению экологических проблем и получению экологически чистой продукции по переработке отходов.

**Ключевые слова:** биогаз, окружающая среда, органическое вещество, безотходный продукт, отходы, ресурс.

**Abstract.** The article describes the effective use of the formed biogas product, as well as its application areas. Using biogas products, we open the way to the correct solution of environmental problems and obtaining environmentally friendly waste recycling products.

**Keywords:** biogas, environment, organic matter, waste-free product, waste, resource.

Биогаз-анаэробты өнім нәтижесінде алынған газ негіздегі өнім, ауаға қол жеткізбестен, ол органикалық заттардың ашытуынсыз жүреді. Биогаз органикалық шикізат түріне байланысты биогаз құрамы өзгеруі мүмкін, дегенмен жалпы жағдайда оның құрамына метан (CH<sub>4</sub>, үлесі - 63%), көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>, үлесі - 33%), күкіртсутектің аз мөлшері (H<sub>2</sub>S, үлесі - 2%), аммиак (NH<sub>3</sub>, үлесі-1және сутегі (H<sub>2</sub>, үлесі - 1%) болады. 2/3 биогаз метаннан – табиғи газдың негізін құрайтын жанғыш газдан құралатындықтан, оның энергетикалық құндылығы (жанудың меншікті жылуы) табиғи газдың энергетикалық құндылығының 60-70% немесе м<sup>3</sup> үшін шамамен 7000 ккал болады. 1м<sup>3</sup> биогаз сонымен қатар 0,7 кг мазут пен 1,5 кг отынға сәйкес келеді. Ауылшаруашылық қалдықтарын тиімді пайдалану қазіргі заманның маңызды да өзекті мәселесі. Ол бір жағынан үлкен энергетикалық әлеуетті пайдалану мүмкіндіктегі сұйық және газ тәрізді отын (биогаз) алуға арналған биомассалар болып келеді, ал екінші жағынан су нысандарының ластануын және де инфекцияны болдырмау қажеттілігімен құрамында патогендік бактериялар мен гельминттер бар топырақ мал шаруашылығы фермаларының тезек ағындары болып саналады. Бұл екі аспект те үлкен қажеттілік нысанына айналды, өйткені шет елдерде де, ТМД елдерде де зерттеулер мен

эксперименттер жыл сайын артып отыр, соның негізінде биогаз қондырғыларының саны өсіп отыр.

Дамушы елдер қатарынан үздіктердің қатарында Қытай болып табылады, өйткені онда 20 миллионға жуық биогаз қондырғылары полигондар мен канализациялық жүйелерде орналасқан. Ал Европада болса ауылшаруашылық қалдықтарын энергияға айналдыру белсенді түрде 20 жылдан аса уақыт жұмыс жасайды.

Қазақстанда мал шаруашылығы өнімдерінің қалдықтары жылдан жылға артып келе жатыр. Жылдық шығу құрғақ салмағы бойынша мал және құс шаруашылығы қалдықтары үшін-22,1 млн т. немесе 8,6 млрд м<sup>3</sup> газ (ірі қара – 13 млн тонна, қой - 6,2 млн тонна, жылқы-1 млн т), өсімдік қалдықтары-17,7 млн т (бидай-12 млн т, арпа – 6 миллион тонна немесе 8,9 миллиард м<sup>3</sup>), бұл шартты 14-15 миллион тоннаға тең отын немесе 12,4 млн. тонна мазут немесе өндірілетін мұнай көлемінің жартысынан астамын құрайды. Мал мен құс санының азаюына қарамастан, келешегі зор жинақталған мал қалдықтарын қайта өңдеу арқылы биогаз өнімін кеңінен дамытуға болады. Олардың есебінен биогаз жылына шамамен 2 млн т. дейін өңдеуге болады.

Бұл газды пайдалану арқылы электр газ генераторларында қайта өңдеу мыналарды алуға мүмкіндік береді. Жыл сайын 35 млрд кВт·сағатқа дейін (барлық энергия тұтынудың жартысы ауыл шаруашылығы үшін қажеттіліктер 19 млрд) және бір мезгілде 44 млн Гкал жылу энергиясы алынады. Сонымен қатар, егер сіз өндіріс үшін биогазды қолдансаңыз электр энергиясы, оның құны бар болғаны 0,025–0,075 доллар кВт \* сағ, ал электр энергиясы дәстүрлі көздерден алынады кВт / сағ үшін 0,1-0,15 доллар. осылайша, биогаз 2-4 есе үнемді болып келеді.

Дәстүрлі мұнай немесе газдан айырмашылығы, биоотын өсімдіктер, көң немесе қалдықтар сияқты жаңартылатын биологиялық материалдан жасалады.

Биогаз өндіруге жарамды органикалық қалдықтардың тізбесі: көң, құс көңі, астық және меластан кейінгі барда, сыра жармасы, қызылша цехы, фекальды жауын-шашын, балық және сою цехының қалдықтары (қан, май, ішек, каныға), шөп, тұрмыстық қалдықтар, сүт зауыттарының қалдықтары - тұзды және тәтті сүт сарысуы, өндіріс қалдықтары рапстан биодизель өндірісінен алынған биодизель, техникалық глицерин, жеміс - жидек, көкөніс шырындарын өндіруден қалған қалдықтар, жүзім сығындысы, балдырлар, крахмал және меласса өндірісінің қалдықтары - целлюлоза мен сироп, картопты өңдеу қалдықтары, чиптер өндірісі, тері, шіріген түйнектер, кофе целлюлозасы. Қалдықтардан басқа, биогазды арнайы өсірілген энергетикалық дақылдардан, мысалы, сүрлем жүгерісінен немесе сільфия, сондай-ақ балдырлардан өндіруге болады. Газдың шығымы 1 тоннадан 300 м дейін жетуі мүмкін әр түрлі көздер үшін биогаздың шығымы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Өндіріс кезінде биогаздың шығуы

Биогаз көзі	Шығу, м <sup>3</sup> / т
Май	1300
Астық	500-600
Іріқара мал	60
Құс	80-140
Жаңапіскеншөп	250-350

Биогаз технологиясын анаэробты ашыту арқылы биологиялық белсенді заттар мен микроэлементтерден тұратын табиғи био тыңайтқыштарды тез алуға мүмкіндік береді. Дәстүрлі тыңайтқыштармен салыстырғанда био тыңайтқыштардың басты артықшылығы-барлық қоректік заттардың пішіні, қол жетімділігі және тепе-теңдігі, органикалық заттардың гумификациясының жоғары деңгейімен ерекшеленді. Органикалық заттар топырақ микроорганизмдері үшін қуатты энергетикалық материал ретінде қызмет етеді, сондықтан топыраққа енгізілгеннен кейін азотты бекітетін және басқа микробиологиялық процестер белсендіріледі. Жоғарыдағы факторлар топыраққа оң әсер етеді, топырақтың физика-механикалық қасиеттерін жақсарта отырып, нәтижесінде биогаз қондырғысынан кейін теңдестірілген био тыңайтқыштарды қолданғанда өнімділік 30-50% артады.

Когенерациялық жылу электр станциясындағы 1 м<sup>3</sup> биогазdan 2,3 кВтсағ электр энергиясын + 2,8 кВтсағ жылу энергиясын өндіруге болады. Биогаз жылу электр станциясында тікелей байытусыз жағылады. Анықтама: когенерациялық қондырғылар-электр энергиясы мен жылуды аралас өндіруге арналған жабдық, оларда биогазда жұмыс істеуге бейімделген. Іштен жанатын газ поршенді қозғалтқыштар қолданылады (1-сурет).



1-сурет - Жылу электр станциясынан көрініс

Биогазdan өндірілген жылу энергиясын келесі мақсаттарда пайдалануға болады: үй-жайларды жылыту; технологиялық мақсаттар; бу алу және т.б.

Жылу энергиясын когенерациялық қондырғының қозғалтқышы салқындаған кезде алуға болады. Сондай-ақ, биогазды тікелей немесе биогазбен жұмыс істейтін арнайы жылытқыштарда жағуға болады. Сонымен қатар, жылу энергиясын салқындатқыш буландырғыштарды іске қосу үшін пайдалануға болады.

Жылу энергиясын жылыжай шаруашылықтарындағы жылыжайларды жылыту үшін пайдалануға болады (2-сурет).



2-сурет - Жылы жай көрінісі

Автокөліктерді толтыру немесе газ тасымалдау жүйесінде де газ беру үшін биогазды биометанға дейін байытудың қосымша жүйесі (CO<sub>2</sub> шығару) орнатылады. Осындай тазартудан кейін алынған газ стандартқа сай табиғи газының аналогы болып келеді (90-95% метан CH<sub>4</sub>). Ал ондағы айырмашылық тек оның шығу тегіне байланысты болып келеді. Анықтама: CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) – аздап қышқыл иісі бар түссіз газ, улы емес. Өсімдіктер үшін көміртектің негізгі көзі болып табылады. Сұйық күйде 65-70 атм жоғары қысымды цилиндрлерде сақталады, қатты - құрғақ мұз деп аталады. Жылы жайларда, көкөніс қоймаларында, тамақ өнеркәсібінде (консервант ретінде немесе сода мен лимонад үшін), мұздатқыш қондырғыларда, өрт сөндіргіштерде қолданылады

Биогаз қондырғысы-ең белсенді тазалау жүйесі. Кез келген басқа тазалау жүйелері өндірудің орнына энергияны тұтынады. Процесс ауаға қол жеткізбестен жүретіндіктен

(ферментаторлар толығымен герметикалық), өңдеу кезінде иістер таралмайды. Биогаз қондырғысы ластаушы органикалық заттардың көп бөлігін алып тастауға мүмкіндік береді, сондықтан оны орнатқаннан кейін қалдықтардың иісі болмайды. Биогаз қондырғысы өзінің қатысуымен санитарлық аймақты (кәсіпорыннан тұрғын аймаққа дейінгі қашықтық) 500 м-ден 150 м-ге дейін азайтуға мүмкіндік береді. Көптеген кәсіпорындар үшін экология мәселесінің бағасы көбінесе кәсіпорынның өнімімен салыстырылады. Биогаз қондырғысын қосымша тазарту дәрежесі бар құрылғылармен, мысалы, мембраналық сүзгілермен жинақтаған кезде, сіз кәрізге немесе су қоймасына ағызу үшін қолайлы ХБК және ШРК деңгейлерін төмендетуге болады (ХБК-оттегінің химиялық қажеттілігі).

Биогаз өндірісі метанның атмосфераға түсуіне жол бермейді, оны ұстау ғаламдық жылынудың алдын алудың ең жақсы әдісі болып саналады.

Баламалы энергияның ерекше түрі ретінде биогазды алу және пайдалану мүмкіндігі туындар отыр. Күн мен жел энергиясын пайдаланып электр энергиясын өндіру болжанбайды өйткені олар маусымға байланысты және тұрақты емес. Сонымен қатар, күн мен желден айырмашылығы - биогаз көнді сақтау, кәдеге жарату кезінде бар экологиялық мәселені шешеді. Бүкіл әлем бойынша биогаз қондырғыларын қолданудың оң тәжірибесі көрсеткендей, жаңартылмайтын ресурстарға ірі энергетикалық нысандарды салу, әлеуетті тиімдірек және дұрыс бағалау және жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, шағын орталықтандырылмаған көздерді салу қажет емес.


Анаэробты ашыту технологиясын қолдану бірден екі мәселені шеше алады. Қоршаған ортаға зиянды әсер ететін органикалық қалдықтарды кәдеге жаратады сонымен қатар жаңартылмайтын энергия көздерін (табиғи газ, мұнай) пайдалануды үнемдеуге жол ашады. Сондықтан елімізде биогаз салаларын дамыту үшін үлкен әлеуетке ие екенімізді тағы айтып кеткім келеді. Болашағы зор, экологиялық таза өнімді іске асыру арқылы қоршаған табиғи ортада қалыптасқан органикалық заттарды кәдеге жарата аламыз.

ҚР 2021-2030 жылдарғы «жасыл экономикаға көшу» концепциясының іске асырылу шараларына байланысты биогаз алу мақсатында органикалық қалдықтарды қайта өңдеу сонымен қатар канализациялық тазалау қондырғылары мен құс фабрикаларында биогаз қондырғыларының құрылысын салу және оны дамыту белгіленген болатын [4]. Биогаз нарығы қазіргі уақытта ЭЫДҰ елдерінде анағұрлым дамыған, баламалы энергия көздеріне көшу бағдарламаларын алғаш енгізген және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған бастамаларды жоспарлы түрде қолдаған дамыған елдер екендігімен негізделінеді. Биогаз саласы бір түпкілікті өнім емес, ол тұтас өнім шығарады, қымбат және маңызды өнімдердің спектрі сондай ақ экологияға зиян келтірмейді. Биогазды қолдану бүгінгі күнге дейін өте маңызды, табиғи газ, мұнай және көмір қоры шектеулі. Биогаз қондырғыларының құрылысы мен жұмысын ұйымдастыру арқылы экологиялық таза отын ғана емес, сонымен қатар органикалық қалдықтарды одан кейін оларды тыңайтқыш ретінде пайдалануға болады. Жалпы республикада биогаз өндіру, даму перспективалары жүріп жатыр. Бұл органикалық шикізаттың үлкен көлемін алумен қатар, технологияның қарапайымдылығы, сондай-ақ әлеуеті жоғары болып келеді.

Биогаз қондырғылары- тамақ өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен, өндіріс, жылу, электр энергиясы, тыңайтқыштар қалдықтарын кәдеге жаратудың кешенді шешімі болып табылады [5].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. <https://tass.kz/oborudovanie/biogazovye-ustanovki>.
2. <https://kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf15-energo-122.pdf>.
3. [https://otherreferats.allbest.ru/ecology/00625620\\_0.html](https://otherreferats.allbest.ru/ecology/00625620_0.html).
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 июля 2020 года № 479 «Об утверждении Плана мероприятий по реализации Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике» на 2021 – 2030 годы»



ӘӨЖ 631.86.879.42.812/57.084.1

## ФОСФОГИПС ҚОСЫЛҒАН КҮРДЕЛІ ВЕРМИКОМПОСТТЫҢ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕГІНШІЛІКТІ ДАМУДА ЖӘНЕ ЭКОӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУДЕ ТИІМДІЛІГІ

Аманова К.С. - б.ғ.к., Даулетбекова А.Т. - а.ш.ғ.к.

«Жаратылыстану» факультеті,

«Биология және ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Андатпа.** Құрамында фосфогипс бар күрделі вермикомпосттың залалсыздығы және экологиялық оңтайлылығын сипаттау мақсатындасынамалық биоиндикация жүргізілді. Биотестілеу нәтижесі бойынша, жылыжайдың сұр-қоңыр, сазды топырағына қарағанда, КнФ және нКРСФСИ экспозициясындағы күрделі вермикомпосттың құрамында өсімдіктің өсуін қарқындататын өсу факторларының, қажетті микроэлементтер деңгейінің жоғарылығын, залалсыздығын және экологиялық оңтайлы екендігі дәлелденді. Ал КнФ және нКРСФСИ сынамаларын өзара салыстырғанда сынаманың нКРСФСИ экспозициясы ең жоғары көрсеткішке ие болғандығы анықталды.

**Кілтті сөздер:** вермикомпост, топырақ, құнарлылық, компост, биоиндикация, биогумус, копролиттер, микроэлементтер, фосфогипс, мелиорант, минералды тыңайтқыштар.

**Аннотация.** С целью определения безвредности и экологической оптимальности комплексного биогумуса, содержащего фосфогипс, была проведена пробная биоиндикация. Проведенный анализ биотестирования указывает на высокое содержание факторов роста, микроэлементов, ускоряющих рост растений, отмечено безвредность и экологическая оптимальность сложного вермикомпоста в экспозиции КнФ и нКРСФСИ. При сравнении образцов КнФ и нКРСФСИ, было установлено, что вермикомпост в экспозиции нКРСФСИ имеет самый высокий индекс.

**Ключевые слова:** вермикомпост, почва, плодородие, компост, биоиндикация, биогумус, копролиты, микроэлементы, фосфогипс, мелиорант, минеральные удобрения.

**Abstract.** In order to describe the safety and ecological optimality of the complex biohumus containing phosphogypsum, a trial bioindication was carried out.

The analysis of biotesting showed a high content of growth factors, microelements that accelerate plant growth, noted the safety and ecological optimality of complex vermicompost in the exposure of KnF and nKRSFSI. When comparing samples of KnF and nKRSFSI, it was found that vermicompost exposed to nKRSFSI has the highest index.

**Keywords:** vermicompost, soil, fertility, compost, bioindication, biohumus, coprolites, trace elements, phosphogypsum, ameliorant, mineral fertilizers.

Органикалық егіншілікті және экоөнімдерді өндіруді дамыту, бүгінде дүние жүзіндегі заманауи ғылым мен тәжірибенің негізгі бағыттарының бірі.

2015 жылы Парламент қабылдаған «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2019 жылы енгізілген өзгерістері мен толықтырулары, органикалық өнімдерді өндірудің негіздерін: салауатты экологиялық орта, соның ішінде, топырақты

ұтымды және қауіпсіз пайдалану, қоршаған ортаның биоалуантүрлілігін сақтау және халықтың дұрыс тамақтануының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған [1].

Топырақтың құнарлылығын сақтау және молайту, жер ресурстарын ұтымды пайдалану – Қазақстан аграрийлерінің мемлекеттік маңызы зор өзекті мәселесі. [2,3].

Сонымен қатар, еліміздің ауыл шаруашылығы саласының приоритетті және инновациялық бағыттарының бірі – жылыжай шаруашылығын ұйымдастыру мен ауылшаруашылық дақылдарының әр түрін өсіру, органикалық егіншілік талаптарына сай, экологиялық өнім өндіру болып табылады.

Органикалық өндіріс әлемнің 181 елінде жүзеге асырылады, ал органикалық өнімдердің әлемдік нарығы 200 миллиард долларға бағаланады.

Қазақстан органикалық егіншілікті дамытудың бастапқы қадамын жасауда. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығында өңделген 22 миллион гектар жердің тек 1 пайызы ғана экспортқа дәнді және майлы дақылдарды өсіру үшін органикалық өндіріс технологиясы бойынша өңделеді [4].

Органикалық егіншілік «топырақ өсімдіктерді қоректендіреді, өсімдіктер топырақты қоректендіреді» қағидасына негізделген.

Қазіргі уақытта топырақтың жағдайын жақсарту немесе топырақтағы қоректік заттарды арттыру үшін компост, өсімдіктер мен микроорганизмдерден алынған биологиялық өнімдерді, өңдеу өнімі - биогумус болып табылатын, жауын (шылаушын) құрттары қолданылады.

Биогумус (вермикомпост, құрт компосты) – өсімдікке арналған органикалық тыңайтқыш, ол ірі қара малдың көңі мен тағам қалдықтарын шылаушын құрттары арқылы табиғи өңдеуден алынған өнім.

Вермикомпосттың бұл түрі топырақ құнарлығын арттырудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады, ал биогумус өндіру оңтайлы, қолжетімді және ең аз шығындарды талап етеді. Биосуландырудың бұл әдісі экологиялық таза ғана емес, экономикалық жағынан да тиімді.

Биогумустың өнеркәсіптік өндірісі – біздің егістік алқаптарымыздың кең аумақтарын тез қалпына келтірудің бірден-бір жолы, топырақты зиянды химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерден тазартудың биологиялық және агрономиялық, экологиялық тиімді әдісі.

Биогумус өндіруде жиі пайдаланылатын шылаушын (жауын) құрттарының, алуан түрі (дендробена-Dendrobaena, эйзениелла-Eiseniella), бар. Жауын құрттарының дүниежүзілік фаунасында 1500-ге жуық түрі, оның ішінде, Ресей аумағында нағыз жауын құрттары (Lumbricidae) тұқымдасынан 60-тан астам түрі белгілі. Жауын құртының көптеген түрлері, мысалы, қоңыржай белдеудің кәдімгі жауын құрты, ұсақ қызыл құрт (Lumbricus rubellus), көк құрт (Octolasion lacteum), егістік құрт, компост немесе тезек құрты (Eisenia foetida), т.б. кең таралған

Қазіргі таңда жауын құрттарының белсенді тіршілік үрдісі топырақтың қарашірік горизонтының тез қалыптасуына ықпал ететіндігі бүкіл дүние жүзіндегі ғалымдарға мәлім болып отыр. Сондықтан, бірқатар елдерде органикалық қалдықтарды (тұндырғыш шламдар, мал шаруашылығы қалдықтары, өсімдік және мал шикізаты бойынша жұмыс істейтін өндірістер және т.б.) өңдеу және жылыжайлар мен шағын шаруашылықтар үшін жоғары сапалы тыңайтқыш - «вермигумус» алу мақсатында, жауын құрттарын өсіру кең таралған. Өнімділігі жағынан жоғары көрсеткішке ие болатын жауын құртының жиі қолданылатын түрлерінің бірі - компост құрты және АҚШ-та, яғни Калифорния штатында алынған жауын құртының гибриділік түрі «қызыл Калифорния құрты» [5].

Топырақтың құнарлылығын жоғарылату, күрделі мелиорациядан және химиялық рекультивациядан кейін ғана мүмкін болады. Көптеген жылдар бойы ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары өнімін алу үшін, химиялық тыңайтқыштар, оның ішінде, минералды тыңайтқыштар, пестицидтер мен гербицидтер, инсектицидтер қолданылып келді. Топырақ пен өсімдіктерді үнемі химиялық өңдеу, топырақтың құнарлығын төмендетіп, оның құрамы мен құрылымына теріс әсер етті.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығында дәнді дақылдардың жоғары өнімін алу мақсатында, көп компонентті мелиорант ретінде, фосфогипс кеңінен қолданылып жатыр [6].

1. Дербуш М.В. Особенности школьной математической печати при организации внеурочной деятельности по математике условиях информатизации образования // Актуальные проблемы обучения информатике и математике в современной школе: материалы Международной научно-практической интернет-конференции. - Москва: МПГУ, 2019. - С. 578-581.
2. Горюнов Л.А., Алексанян Г.А. Организация дистанционного обучения с использованием Интернет-технологий // Вестник Адыгейского государственного университета. 2018. № 4 (231). С. 220-225.
3. Алексанян Г.А., Черняева Э.П. Использование информационных технологий в цифровизации образования на примере планшетного компьютера и электронной доски // KANT. 2019. <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-informatsionnyhtelnologiy-v-tsifrovizatsii-obrazovaniya-na-primereplanshetnogo-kompyutera-i-elektronnoy-doski>.
4. Onal N. (2017). Use of Interactive Whiteboard in the Mathematics Classroom: Students' Perceptions within the Framework of the Technology Acceptance Model. International Journal of Instruction, 10(4), 67-86.



**ӘОЖ 664.143:635.34**

### **ЛАМИНАРИЯ ҰНТАҒЫН ҰНДЫ КОНДИТЕР ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

**Шамбетова И.Б – 1 курс магистры**

**Солтыбаева Б.Е – PhD қауымдастырылған профессор м.а.**

**«Технологиялық» факультеті, «Тамақ өндірісі және биотехнологиясы» кафедрасы**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

**Аңдатпа.** Мақалада крекер өнімдерінің өндірісінде дәстүрлі емес шикізат ретінде ламинария ұнтағын қолдану арқылы тағамдық құндылығы жоғары, жаңа диеталық және профилактикалық тұрғыда ассортиментін жасау көрсетілген. Ұнды кондитер өндірісіндегі бидай ұнының құрамындағы аминқышқылдар, минералдар мен дәрумендердің жеткіліксіздігі, оны пайдалы шикізаттармен толықтыруды талап етеді. Кондитерлік өнімдерді өндіруде табиғи шикізатты пайдалану, байыту үшін – Ламинария ұнтағын қолдануға болады. Мақалада ламинария ұнтағының жоғары сұрып бидай ұнының сапа көрсеткіштеріне әсері, крекер өнімдерінің органолептикалық, физико-химиялық және микробиологиялық сапа көрсеткіштерін анықтау, крекер өнімдерінің сапасын сақтау мерзіміне зерттеу жайлы айтылған. Зерттеу соңында күтілетін нәтиже: крекер өнімдерінің өндірісінде дәстүрлі емес шикізат ретінде ламинария ұнтағын енгізу, крекер өнімдерінің автоматтандырылған жаңа желісін ұсыну.

**Кілт сөздер:** ұнды кондитер өнімдер, ламинария ұнтағы, теңіз балдырлары, крекер, дәстүрлі емес шикізат, крекер.

**Аннотация.** В статье разработано технология производства крекеров с использованием нетрадиционного сырья – порошка ламинарии, с целью повышения питательной ценностью, с новыми диетическими и профилактическими средствами. В статье показано создание ассортимента продуктов крекеров с высокой питательной ценностью, новыми диетическими

и профилактическими средствами с использованием порошка ламинарии в качестве нетрадиционного сырья при их производстве. Недостаток аминокислот, минералов и витаминов, содержащихся в пшеничной муке в мучных кондитерских изделиях, требует восполнения ее полезным сырьем. При производстве кондитерских изделий можно использовать натуральное сырье, для обогащения – порошок ламинарии. В статье рассказывается о влиянии порошка ламинарии на показатели качества пшеничной муки высшего сорта, определении органолептических, физико-химических и микробиологических показателей качества продуктов крекеров, изучении качества продуктов крекеров на срок их хранения. Ожидаемый результат в конце исследования: введение порошка ламинарии в качестве нетрадиционного сырья при производстве продуктов крекеров, предоставление новой автоматизированной линии продуктов крекеров.

**Ключевые слова:** мучные кондитерские изделия, порошок ламинарии, морские водоросли, нетрадиционное сырье, крекер.

**Annotation.** The article shows the creation of an assortment of cracker products with high nutritional value, new dietary and preventive means using kelp powder as an unconventional raw material in their production. The lack of amino acids, minerals and vitamins contained in wheat flour in flour confectionery products requires its replenishment with useful raw materials. In the production of confectionery products, natural raw materials can be used, for enrichment – kelp powder. The article describes the influence of kelp powder on the quality indicators of wheat flour of the highest grade, the determination of organoleptic, physico-chemical and microbiological indicators of the quality of cracker products, the study of the quality of cracker products for their shelf life. Expected result at the end of the study: introduction of kelp powder as an unconventional raw material in the production of cracker products, provision of a new automated line of cracker products.

**Keywords:** flour confectionery, kelp powder, seaweed, non-traditional raw materials, cracker.

Қазіргі таңда адамдардың өз денсаулығына алаңдау мәселесі бұрынғыдан да өзекті. Мұны адам ағзасындағы дәрумендердің жетіспеушілігі, шаршау, апатия және иммунитеттің төмендеуінен көруге болады. Сапаны оңтайландыру, ассортиментті кеңейту және ең бастысы пайдалы заттармен байыту кондитерлік өнімдерді өндіруге дәстүрлі емес шикізатты қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл өнімдерді дәмді ғана емес, сонымен қатар пайдалы етуге мүмкіндік береді [1, б.44].

Функционалды кондитерлік өнімдерді өндіруде инновациялық технологияларды әзірлеу, адам денсаулығына жағымды әсер ететін жоғары тағамдық құндылықты болдыру - кондитерлік саланың ең перспективалы бағыттарының бірі.

Кондитерлік өнімдерді құрудың ұтымды тәсілі - олардың рецептурасына дәстүрлі емес өсімдік тектес табиғи ингредиенттерді енгізу, бұл өнімнің тағамдық құндылығын арттыруға, олардың органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін жақсартуға, жаңа өнімдер тобын құруға, өндірістің технологиялық процестерін күшейтуге, шикізатты өңдеу кезінде сапаны жақсартуға, негізгі және қосымша шикізаттарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Кондитерлік саланың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі–ассортимент құрылымын жетілдіру, тапшы шикізатты үнемдеу, қант сыйымдылығын төмендету, емдеу-профилактикалық мақсаттағы өнімдерді, балалар ассортиментін, ең ұзақ сақтау мерзімі бар өнімдерді жасау мақсатында жаңа өнімдер түрлерін әзірлеу. Бұл мәселені шешуге дәстүрлі емес түрлердің шикізатын пайдалану ықпал етеді.

Өнеркәсіпте дәстүрлі емес шикізатты енгізу екі бағытта жүреді: осы шикізатты қолдана отырып, өнімдердің жаңа рецептураны құру және қолданыстағы ұсыныстарға сәйкес шикізаттың кейбір түрлерін басқалармен алмастыру.

Ақуыздармен, микроэлементтермен, минералды тұздармен, тағамдық талшықтармен байытылған жаппай өндірілетін кондитерлік өнімдердің жаңа түрлерін алу үшін дәстүрлі емес шикізатты енгізу дайын өнімдердің тағамдық құндылығын арттырып қана қоймай, қант, май шығынын азайтып, бірқатар жаңа технологияларды жасауға мүмкіндік береді.

Сондықтан шикізаттың әртүрлі дәстүрлі емес түрлерін, сондай-ақ тағамдық функционалды қоспаларды қолдану кондитерлік өнеркәсіптің маңызды міндеттеріне жатқызылуы керек [2, б.4].

Ұнды кондитер өнімдерде майдың, қанттың мөлшері каллориялық көрсеткішті көбейтеді, сондықтан оларды пайдалы кептірілген жеміс-жидек, диеталық қоспалар, көкөніс не балдырламер немесе дәстүрлі емес шикізаттармен алмастырған әлдеқайда ағзаға пайдалы.

Жұмыстың мақсаты тағамдық құндылығы жоғары крекер дайындау үшін – ламинарий ұнтағын қолдану мүмкіндігін зерттеу болды. Аталған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. ламинарии ұнтағын крекер өндірісінде қолдануды эксперименталды түрде негіздеу;
2. ламинарии ұнтағы қосылған жаңа рецептураны құрастыру;
3. дайын өнімнің сапа көрсеткіштерін анықтау;

Ламинарии ұнтағының химиялық құрамын анықтау үшін жалпы қабылданған биохимиялық әдістер қолданылды.

Ламинарии балдырлары - ұзындығы бірнеше метр болатын, магистральда орналасқан ұзартылған пластиндерге ұқсайтын үлкен өсімдіктер. Балдырлар-суықты жақсы көреді, олар үшін судың қолайлы температурасы 8-12°C [3, б 16-20].

Ламинарии тамақтануды маңызды элементтермен байытады, денеге жүрек-қан тамырлары ауруларына қарсы тұруға, артық холестеринді кетіруге, қан ұйығышын тудыруы және инсультке немесе инфарктқа әкелуі мүмкін склеротикалық бляшкаларды сіңіруге, қан көрсеткіштерін жақсартуға, метаболизмді қалыпқа келтіруге, жасушалар мен тіндерді темекі шайырларынан тазартуға көмектеседі. Сондай - ақ, ламинарияда полисахаридтер, фруктоза, альгин, аскорбин қышқылдары, микро және макроэлементтер бар – Cu, Mg, Co, Ag, Ca, B, K, Zn, B1, B2, B12, D дәрумендері. Бұл жағдайда С дәрумені цитрустарға қарағанда 4 есе көп [4, б.16-20].

Ламинарии балдырларының биокомпоненттері фармакологиялық қасиеттерге ие. Сондықтан да ламинария балдырларына негізделіп жасалған өнімдер күнделікті диетаның ажырамас бөлігі болғаны жөн. Оның химиялық құрамы 1 кестеде көрсетілген.

1 – кесте - Жапондық ламинарияның химиялық құрамы, % құрғақ балдыр массасы

Су	Құрғақ заттар	Минералды заттар	Органикалық заттар	Альгин қышқылы	Маннит	Азотты заттар	Йод
85,7	14,3	30,6	69,4	27,6	20,9	7,7	0,1

Ламинариядағы құрғақ заттың құрамында ванадий, рубидий, кобальт, никель, молибден, кадмий, титан, родий, мыс, сурьма, қорғасын, хром және т. б. сияқты микроэлементтер бар [3, б.13].

Ұнды кондитерлік өнімдердің ассортиментін кеңейту үшін крекер рецептурасына теңіз балдыры ламинарияны ұнтағын қолдану бойынша зерттеулер жүргізілді.

Крекер - бұл әр түрлі дәмдік қоспалардан тұратын қатпарлы, нәзік құрылымы бар өнімі. Дайындау әдісіне және рецептура құрамына байланысты крекер екі топқа бөлінеді: біріншісі – ашытқыға немесе ашытқы мен химиялық қосытқыштарға; екіншісі – ашытқысыз химиялық қосытқыштарға [5, б.175]. Энергетикалық құндылығы 2 кестеде көрсетілген.

2 - кесте - Крекердің тағамдық және энергетикалық құндылығы, 100 г %


Энергетикалық құндылығы, ккал	Ақуыз	Май	Көмірсулар		Тағамдық талшықтаp	Органикалық қышқылдаp	Күлділігі
			Моно-дисахаридтер	Крахмал, полисахаридтер			
417	9,2	14,1	17,2	58,3	0,1	1,6	0,4

Крекер МЕМСТ 14033-2015 "Крекер. Жалпы техникалық шарттар" бойынша дайындалады. Крекердің органолептикалық көрсеткіштері 3 кестеде көрсетілген [б.б.4].

3 – кесте - Крекер сапасының органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Сипаттама
Дәм және иіс	Пісіру процесінде қалыптасқан дәм мен иіске тән, крекер рецептурасына кіретін компоненттерге байланысты, бөтен дәм мен иіссіз
Пішіні	Өнімнің осы түріне сәйкес, әр түрлі, ойықтар, жарықтар, бұрыштар мен жиектерге зақымдалмаған
Беті	Майлы, тағамдық компоненттердің ықтималдылығы, тесіктер және ойықтар түріндегі өрнек. Ісінудің болуы.
Түсі	Қолданылған шикізатты ескере отырып, біркелкі, ашық сарыдан қара қоңырға дейін. Ісінулер мен жиектердің күңгірт түсіне рұқсат етіледі.
Сынық көрініс	Рецепт құрамына сәйкес немесе онсыз тағамдық компоненттердің болуы мүмкін, біркелкі емес тесіктері бар жұқа қабырғалы қабат

Өнімнің витаминдік және минералды құрамын ескере отырып, оны арттыруға мүмкіндік беретін ингредиенттерді пайдаланып, тағамдық құндылығы жоғары крекерді әзірлеу қажет. Крекер өндірудің құрылымдық сызбасы 1 суретте көрсетілген.



1 – сурет - Крекер өндірудің құрылымдық сызбасы

Ламинария ұнтағы жоғары сұрыпты ұн масасына 3, 6, 9 және 12% мөлшерде қосылып, крекер рецептурасы қайта бақылау үлгісінің рецептурасы негізінде жүргізіледі.

Өнімдерді органолептикалық бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізілді: пішіні, түсі, сыртқы түрі, дәмі, иісі, құрылымы және консистенциясы. Органолептикалық көрсеткіштерді талдау Ламинария ұнтағын 6% - ға дейін қолдану негізінен крекердің құрылымы мен консистенциясын жақсартатынын көрсетеді. Ламинария ұнтағының одан жоғары дозасы органолептикалық көрсеткіштерді нашарлатады. Дайын өнімдердегі физика-химиялық көрсеткіштерден ылғалдылық, сілтілік және ылғалдылық анықталып, 4 кестеде көрсетілген.

4 - кесте - Ламинария қосылған крекер сапасының физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Ламинария ұнтағы, %				
	Қоспасыз	3	6	9	12
Ылғалдылығы, %	6,6	6,2	5,7	5,2	5,1
Сілтілік, град.	2,3	1,9	1,4	1,5	2,0
Су сіңіргіштік%	140	147,3	148,6	148,8	150,1

Ламинария ұнтағының мөлшері жоғарылаған сайын өнімдердің ылғалдылығы төмендейді, мұны ламинария ұнтағының су ұстау қабілетінің төмендігімен түсіндіруге болады. Дегенмен, ламинария ұнтағы крекер рецептурасының сілтілік көрсеткіштеріне әсер ете қойған жоқ. Ламинария ұнтағының мөлшері көбейген сайын су сіңіргіштік қасиетінің жоғарылағанын байқауға болады. Крекер үшін бұл көрсеткіштің нормасы кем дегенде 140% болуы керек. Органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерге әсер ету сипатын ескере отырып, зерттеу нәтижесінде крекер үшін ламинария ұнтағының оңтайлы дозасы 6% құрады деген қорытынды жасауға болады. Бақылау үлгісімен салыстырғанда органолептикалық көрсеткіштер іс жүзінде аса өзгерістер болған жоқ. Бақылау үлгісімен салыстырғанда крекердің сілтілігі, су сіңіргіштік қасиеті артты, бірақ олар барлық стандарттармен салыстырғанда қалыпты болып қалады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ламинария ұнтағын пайдаланып крекер жасау сапасын жақсартуға және қамтамасыз етуге, оның биологиялық құндылығын арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Молодой ученый» международный научный журнал. №23 (365) 2021 г.
2. «Научно-практический электронный журнал Аллея Науки» №1(28) 2019 Alley-science.ru
3. Справочник по химическому составу и технологическим свойствам водорослей и беспозвоночных / под ред. Т.П. Быкова. – М.: ВИНРО, 1999.
4. Арсеньева, Л.Ю. Медицина и фармация-2003 / Л.Ю. Арсеньева, Л.А.Герасименко, М.Н. Антонюк // Сб. матер. Междунар. конф. стран СНГ. Одесса. 2003 г.
5. Экспертиза мучных кондитерских изделий\Качество и безопасность. Т.В.Рензьева, И.Ю.Резниченко, Т.В.Савенкова, В.М.Позняковский. -2021 г.
6. ГОСТ 14033 — 2015 крекер, общие технические условия. 2019 г.



## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Оспанбаева Айман Рахметиллаевна**  
**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,**  
**«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы**  
**Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Құмжота ауылы Ыбырай Алтынсарин**  
**атындағы орта мектеп КММ Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Жамашева Жансая**  
**Рахмановна Тараз қ. №45 «Балбұлақ» бөбекжай-бақша меңгерушісі**  
**Сәлемова Динара Жаксылыковна**

**Аңдатпа.** Мақалада жаратылыстану сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырудың ғылыми теориялық негізі анықталған. Сондай ақ педагогикалық шарттары мен қағидалары сараланған. Бастауыш сыныптағы жаратылыстану сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыра отырып дамытудың ерекшеліктері көрсетілген.

**Кілт сөздер:** Қызығушылық, таным, оқыту, құндылық, жаңашылдық.

**Аннотация.** В статье определены научно-теоретические основы формирования познавательных интересов учащихся на уроках естествознания. Также дифференцированы педагогические условия и принципы. На уроках естествознания в начальной школе показаны особенности развития учащихся с формированием познавательных интересов.

**Ключевые слова:** Любопытство, познание, обучение, ценность, инновации

**Annotation.** The article defines the scientific and theoretical foundations for the formation of cognitive interests of students in natural science lessons. Pedagogical conditions and principles are also differentiated. At the lessons of natural science in elementary school, the features of the development of students with the formation of cognitive interests are shown..

**Keywords:** Interest, cognition, learning, value, innovation

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар - адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жандүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады [1, б.160].

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның танымдық бағыттылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Танымдық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке

тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады [2, б.10].

Қызығушылық, қызығушылықты қалыптастыру проблемасы Қазақстандық ғалымдардың бір қатар зерттеулерінде, мәселен, Т.Сабыров [3, б.16]., Б.Т.Нәбиеваның (сабақ және сабақтан тыс жұмыстардың өзара байланысы арқылы оқушылардың пәнге танымдық қызығушылығын қалыптастыру), С.Жолдасбекованың (бастауыш сынып оқушыларының сәндік-қолданбалы өнерге эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру), М.А.Оразалива, Г.Ибраеваның еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларының халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыру) қарастырылады [4, б.18].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруға қоғамның сұранысы мен бұл мәселенің мектептегі қазіргі жағдайымен қоғамдық сұраныс арасында бастауыш сынып оқушыларының дүниетану сабағында танымдық қызығушылығын қалыптастыру қажеттігі мен бұл салада арнайы жасалған ғылыми - әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасында қайшылықтар бар екені байқалады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру туралы мәселе тамырын тереңге жіберіп, көне заманнан бастау алады. Ал Ежелгі Рим философтарының түсіндірулерінде білімді игеруде шәкірттердің белсенді танымдық қызығушылығы айтарлықтай рөл атқарады деген пікір айтылады. Оқытуды күшейту құралы ретіндегі оқушылардың танымдық ізденімпаздығы туралы пікір ұлы чех педагогы Я.А.Коменский, К.Д.Ушинскийдің еңбектерінде, балалардың қызығушылықпен ойлануын жандандыратын оқыту әдістемесі айтарлықтай [4, б.23].

Қазіргі педагогикада оқыту адамның танымдық іс-әрекеті түрінде сипатталады. Оқушы әрбір сабақта, кез-келген сыныпта адамзаттың қоғамдық тәжірибесін зерттейді, қоршаған әлемді таниды. Оқушылар берік және ықпалды білімді ұжымдық қоғамдық пайдалы іс-әрекетте өз қабілеттерін қалыптастыру мен қатар алады. Сонымен таным шындықты танудың мүмкіндігі, мақсаттары, жолдары және құралдары жөніндегі философиялық ілім. Таным теориясы таным деген не оның негізі түрлері қандай, білмеуден білуге, үстірт білімнен терең білімге көшудің заңдылықтары қандай, мұның белгілері не, бұған қандай жолдармен және әдістер мен қол жетеді және тағы басқа сұрақтарға жауап береді.

Оқушылардың танымдық әрекетінің жүйелі түрде қалыптасуының психологиялық негіздеріне сәйкес оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданудың жолдары айқындалады:

Оқыту қоғамдық құбылыс. Оның міндеттері мен мақсаттары және мазмұны қоғам өмірінің дамуына байланысты өзгеріп отырады. Оқыту тәрбиенің басты құралы болып табылады. Оқыту арқылы жастарға біліммен қатар, белгілі бағытта тәрбие де беріледі. Білім беру ісін өмірімен, еңбекпен ойдағыдай байланыстыруды керек етеді. Оқыту – таным процесі. Өйткені онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай ұмтылады.

Мотивтер деп-белгілі әрекетке итермелейтін, бағыттайтын себепті айтады. Оқушының мотивтері оның қажеттері мен қызығуларына байланысты болады. Бала жақсы оқу үшін – білімнің өмірде керек екенін түсінуі және сол білімге қызығуы қажет. Мотивтер баланың оқуға деген жағымды сезімдері мен эмоцияларын тудырады. Мысалы: оқушының жақсы оқуы мұғалімді жақсы көруіне немесе сабақты қызығушылықты жүргізуіне байланысты болуы мүмкін. Осыған орай: оқыту процесінде оқушылардың білімге деген қызығуларын қалыптастыру өте маңызды міндет болып табылады.

Г.Ибраеваның еңбегінде педагогика ғылымының докторы, профессор оқушылардың білімге деген қызығуларын үш топқа бөліп қарастырады [5, б.190].

- Қызығудың анық емес түрі
- Кең тарапты қызығу
- Негізгі тұрақты қызығу

Сонымен оқу жұмысының жемісті болуы, ең алдымен балада білімге деген қызығушылықты туғызуға байланысты. Оның өзі оқуға талаптанбаса, күшпен зорлап

оқытуға болмайды. Қызығуды туғызу үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты оқу міндеттерін қойып және анықтап беру қажет.

Сыныптан тыс танымдық іс-әрекет шеңбері оқушылар сабақта алған білімдерін кеңейтетін, қоршаған өмірге қызығуын дамытатын мәселелерді қозғайды. Танымдық іс-әрекетте коллективтік және жеке жұмыс формаларын бөліп қарайуға болады. Коллективтік сыныптан тыс танымдық іс - әрекетте балалар коллективі мүшелерінің алдына жалпы танымдық міндеттер қойылады.

Олардың танымдық қызығуын талдау нәтижесінде В.С.Сухомлинский әр баланың ойы өзіндік жолмен дамиды, олардың әр – қайсысы өзінше ақылды да дарынды деген болатын. [6, б.19].

Оқу оқыту процесіндегі оқушылардың іс-әрекеті. Оқыту процесінің логикасы оның құрылымын анықтайды, ал құрылымына оқыту процесінің звенолары танымдық іс - әрекетінің кезеңдері кіреді.

- таным міндеттерін жете түсіну;
- жаңа материалды қабылдау;
- ұғыну – жаңа оқу материалдарын түсініп жинақтау процесі білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту және жетілдіру;

- Абайдың қара сөзінің де қызығушылықты қалыптастырудағы ғибраты зор. Ол «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлық, яки алдау мен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша» дейді. Ғұлама ойшыл адамның адамдығы (тәрбиелілігі), ақылы мен ғылымы (алған білімі) туа біткен денсаулығына, психологиялық жан дүниесінің дұрыстығына тәуелді дегенді айтады және оқуға баулудың педагогикалық жолын ұсынады.

Абайдың «зорлық» пен «алдау» деген сөздерін тікелей түсінудің қажеті жоқ, олар балаларды оқу – білімге ынталандырудың, қызықтырудың тәсілдерін мегзейді. Ақын «...бала ғылым – білімді махабатпен көксейтін болса, сонда ғана аты адам болады», - деп ой тұжырымдайды. [8, б.22].

Балалардың өнер- білімге деген талабы мен қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана олар жеміс бере алады деген пікірді ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин де ұстағанын айта кеткен жөн.

Ы.Алтынсариннің пайымдауынша, балаларды мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) сабақ балаларға ана тілінде қарапайым, қызықты ұғындырылып, әңгімелер мен ертегілер, мысалдар мен өлеңдер орынды пайданылса, олардың білім алуға қызығушылығы арта түседі. Мысалы, «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі балаларды оқуға, білім алуға қызықтыру үлгісі ретінде жазылған. [9, б.22].

Қызығушылықты дамытуда өнер – білім рөлінің әрқашан жоғары екендігі туралы кезінде Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевта айтып өткен. Егер А.Байтұрсынов «балаларды қинамай, оңай оқыту керек. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызығушылықпен оқиды», - деп жазса, Ж.Аймауытов «оқытуда қызығусыз үлкен нәтижеге жетпейміз. Бойдағы ынтаны қызығуды қоздырып, кейбір нәрсеге ынтаны қолдан жасап еріксіз шақырамыз»-деп, оқушылардың ынтасын оятып, қызығушылығын қозғау керектігіне баса назар аударды [10, б.120].

Қызығушылық мәселесі Г.К.Байделдинова, А.О.Қараханова, С.А.Жолдасбекова, т.б. еңбектерінде де белгілі дәрежеде зерттелген [7, б.180].

Оқушылардың музыка өнеріне қызығушылығы мәселесіне арналған (классикалық музыка, халықтық музыка шығармашылығына және музыка мектебі мен музыка сабақтарының, өзара байланысына, т.б.) зерттеу еңбектері де баршылық (Ж.А.Сүлейменова, М.Оразалиева, т.б.)

Бүгінгі таңда психологиялық-педагогикалық еңбектерде «қызығушылық» ұғымына бірқатар түсінік, анықтамалап берілген. Біз оларды зерттеп, зерделеп, жүйеге келтірдік.



Анықтамалардың мазмұны әрбір автордың бұл ұғымды өзінің зерттеу жұмысының нәтижесіне қарай түсіндіретінін көрсетеді және олар бір мақсатты көздейтінін, мазмұны жағынан бір-бірін толықтыра түсетінін дәлелдейді.

Анықтамалардың қайсыбірі болмасын «қызығушылық» ұғымының мазмұнын жан-жақты анықтап, мән-мағынасына терең бойлап, одан әрі дамыта түсуге негіз болады.

Бірқатар зерттеулерде қызығушылық түрлі сипатына орай жіктемеге келтіріледі мәселен былайша жіктелген.

Мазмұны мен көлемі бойынша (кең, тар)

Әсер ету жәрежесіне қарай (белсенді, самарқау);

Беріктілігіне байланысы (тұрақты, тұрақсыз)

Танымдық қызығушылық танымдық іс-әрекеттің әртүрлі саласын қамтиды. Ол қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың әртүрлі жақтары туралы хабарларды білуге байланысты кең, күрделі, тар сипатта болуы мүмкін. Әрине, әртүрлі іс-әрекет түрімен айналысқан адамның танымдық қызығушылығы кең болатыны айтпаса да түсінікті.

Олай дейтініміз, бұл процестердің ешқайсысы өздігімен жеке қызығушылық тудыра алмайды. Эмоционалдық факторлардың болуы қызығушылық затын тартымды етеді, ал қызығушылықтың интеллектуалдық және еріктік сәттермен байланысты болуы оған танымдық бағыт береді. Осылайша қызығушылық жеке бастың болмысқа танымдық көзқарасын анықтайды.

Бастауыш мектеп балаларының танымдық қызығушылығын қалыптастырудың мүмкіндіктері

Оқушылардың танымдық қызығушылық саласында жарық көрген педагогикалық зерттеулерге жасаған талдау жеке тұлғаның меңгерген білімі оқушылардың жалпы дамуының көрсеткіші бола алады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Мұндай пайымдамаға негіздер аз емес:

- танымдық қызығушылық негізгі іргелі іс - әрекетпен оқумен, танымдық іс - әрекетпен байланысты, өйткені олардың адамды дамытудағы ықпалы аса зор;
- танымдық қызығушылық адамның белсенділік, дербестілік сияқты жеке тұлғалық қасиеттерімен әрекеттестікте болады, өйткені оның ықпалында адамның өзі де дамиды және осы қасиеттердің дамуына да әсерін тигізеді;
- танымдық қызығушылық оқушының оқып - білу мақсатында таңдаған пәні мен іс-әрекеті мазмұнына деген көзқарасын айтарлықтай айқын көрсетеді. Бұл көріністен оқушының даму деңгейімен қатар, оның болашағы туралы да пікір айтуға болады.

Зерттеушілердің көптеген бөлігі танымдық қызығушылықты іс - әрекеттің мотиві ретінде қарастырады.

- адамның қоршаған ортадағы құбылыстарды және объектіні тану бағыты ретінде;
- жеке адамға қанағат әкелетін іс-әрекетпен айналуға деген негізгі ой, мақсат, тырысу қажеттілік ретінде;
- жеке бастың белсенділігін талпындырушы ретінде, соның әсерінен адамның барлық психикалық процестері қарқынды өтеді, ал іс-әрекеті нәтижелі және қызықты болады
- ең соңында, қоршаған ортаға, оның құбылыстарға, процестерге ерекше таңдамалы қатынас ретінде қарастырады. Оқушылардың танымдық қызығушылығының тағдыры мұғалімдердің қолында екендігін көрсетеді. Ол оқу пәндеріне деген саралы көзқарас, ең алдымен мұғалімге, оның жеке басына және шеберлік дәрежесіне байланысты екендігін, сондай-ақ мына жәйттерді де ескеру қажет екендігін ескертеді:

- танымдық қызығушылық – жеке адамның ішкі процесі және ол танымдық процестердің (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойдау) дамуымен байланысты;
- оқушыны оқытудың әртүрлі жақтары қызықтыруы мүмкін.

Педагогикалық зерттеулерде танымдық қызығушылық мектеп оқушыларының жалпы дамуының өлшеуіші қызметін атқарады деген де пікірлер бар. Өйткені:

- танымдық қызығушылық оқыту және танымдық іс-әрекетпен тығыз байланысты, олардың адам дамуындағы әсер ықпалы зор;

- Танымдық қызығушылық жеке адамға тән белсенділік қасиетімен және дербес жұмыс істей білу қабілетімен байланысты.

Оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді тәсілдер, мұғалім мен оқушы арасындағы жылы көзқарас оқушылардың оқуға танымдық қызығушылығының қалыптасуына үлкен жәрдемін тигізеді.

Танымдық қызығушылығы оқу әрекетінің себеп – салдары (мотив) ретінде ішкі ынтаға байланысты жеке тұлғаның қажеттілігінен туындайды.

Оқытудың себеп-салдары бола тұра, ло басқа себептермен де өзара байланыста болады, әйтсе де оларға қарағанда өзіне тән басымдылығы бар: қызығушылықтың себебіне көбірек мән беріледі, оны оқушылар басқа себептерге қарағанда (әлеуметтік, кәсіптік, т.б.) тез қабылдайды. Бұл себеп риясыз болғанымен, сырттай ынталандырғанды қажет етеді және сыртқы ықпалды жеке тұлғаның ішкі жоспарына қарай бейімдей отырып, оқушыны оқыту мен тәрбиелеудің субъектісіне айналдырады.

Оқыту әдістері, тәсілдері және құралдары туралы ұғым. Әдіс-оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе- оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі.

Оқыту әдістерінің басты қызметі оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқыту құралдары білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары.

Оқыту әдістері және оларды жіктеу мәселесі. Әдістер белгілі бір негіз бойынша топтарға бөлу оқытудың алдында тұрған міндеттермен сәйкестендірілген.

М.И.Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістеріні іріктеген.

Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі, ә) түсіндіру әдісі, б) ынталандыру әдісі, в) тәжірибелік әдіс.

Пәнаралық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы, т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер оны тәсілдердің арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ фактілерді талдау, салыстыру, хабарлау, т.б басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады.

Сондықтан оқушының кітаппен жұмысы оқу әрекетінің тәсілі болып табылады. Егерде оқушы мәтінді талдаса, түсінгенін өз сөзімен айтса, онда кітаппен жұмыс оқу әдісі болып табылады. Егер монологтық баяндау әдісі қолданылса, онда мұғалім әңгімелейді, ғылымның дайын қорытындыларын, ережелерін, фактілерін хабарлап оқиғаларды суреттейді, іс-әрекеттің үлгілерін көрсетеді және оқушыларға тапсырмалар береді. Эвристикалық әдісті қолданғанда мәселелік деңгей (оқушылардың белсенділігі) едәуір көтеріледі, эвристикалық әңгімелерге танымдық (логикалық) есептер және проблемалық

тапсырмалар қосылады. Оқыту әдістерін тандау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын тандаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты.

Кітаппен және оқулықтармен жұмыс – оқытудың маңызды әдісі. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс сабақта мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі оқушылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді. Баспа материалдарымен өз бетімен жұмыстың кейбір тәсілдері бар.

Олар: Т.Сабыровтың еңбегінде-оқытуда қолданылатын көрнекілік әдістер көрнекілік әдісі. Әл-Фараби "Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік" деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. [12, б.169]. Ойын - оқыту әдісі Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын - қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған. Ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді, болмысты тануға көмектеседі. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады.

Балалар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы оқушының ой-санасын дамыта түсуге, меңгерген білімін өмірге үйлесімді пайдалануға, тиісті мәселені терең ұғынып «Тіл – адам жанының тілмашы» (М.Жұмабаев) екендігін мойындауға жол ашады;

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. Алматы, 2006.
2. Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. Алматы, 2002.
3. Сабыров Т. Слагаемые педагогической технологий. –М.: «Педагогика», 2015ж. 21-38 бет.
4. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинскийдің А. Педагогика. – Алматы : Дарын , 2014.
5. Г.Ибраева Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы инновациялық технологиялар. Алматы., 2014.
6. В.С.Сухомлинский Оқытудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері. /Бастауыш мектеп журналы /Алматы, -2014, -№1 -33
7. Г.К.Байделдинова, А.О.Қараханова, С.А.Жолдасбекова /Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері Алматы 2018.
8. А.Құнанбаев «Шығармалар жинағы» Алматы, 2004
9. Ы. Алтынсарин «Таңдамалы шығармалары» Алматы, 2004 .
10. М.Жұмабаев Педагогика. Алматы, 1992.
11. А.Байтұрсынов. «Тілі тағылымы» Алматы, 1991.
12. Т.С Сабыров. Оқыту теориясының негіздері. Алматы, 1993.



## 2-СЕКЦИЯ

### ЖОҒАРЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЖОО-ДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ІСКЕ АСЫРУ/РЕАЛИЗАЦИЯ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ВУЗЕ КАК ФАКТОР ПОДГОТОВКИ ВЫСОКОПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

---

ӘОЖ 82.09(574)

#### Т.ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Беркенова Р.А. - филол.ғыл.канд., доцент м.а.

Мырзагельдиева М. - магистрант

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курсы, МҚТ- 21-1 тобы  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада Төлен Әбдіковтің прозалық шығармаларының көркемдік ерекшеліктері қарастырылған. Стилль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығарманың композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып талдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы да басқа компоненттері кіреді. Сонымен қоса жазушы шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, кейіпкер психологиясын ашу, сөз саптауы, сюжеті, былайша айтқанда, стилі, бүгінгі әдебиет қоғамының өзекті мәселелері талданған.

**Кілтті сөздер:** проза, стилль, жазушы, көркем мәтін, диалог, метафора, метонимия, тенеу, градация, синекдоха, гипербола, литота, психология.

**Аннотация.** В статье рассмотрены художественные особенности прозаических произведений Толена Абдикова. Понятие стиля включает язык писателя, построение предложения, манеру, композицию произведения, методы развития рассказа, тематический анализ, жанровые особенности и многие другие составляющие. Также были проанализированы художественные особенности произведений писателя, раскрытие психологии характера, словосочетание, сюжет, так сказать, стилль, актуальные проблемы современного литературного общества.

**Ключевые слова:** проза, стилль, писатель, художественный текст, диалог, метафора, метонимия, сравнение, градация, синекдоха, гипербола, литота, психология.

**Abstract.** The article discusses the artistic features of Tolen Abdikov's prose works. The concept of style includes the writer's language, sentence construction, manner, composition of the work, methods of story development, thematic analysis, genre features and many other components. They also analyzed the artistic features of the writer's works, the disclosure of the psychology of character, the phrase, the plot, so to speak, the style, the actual problems of modern literary society.

**Keywords:** prose, style, writer, literary text, dialogue, metaphor, metonymy, comparison, gradation, synecdoche, hyperbole, litota, psychology.

Төлен Әбдікұлы – қазақ әдебиетіне 60-70-жылдары келген жазушы. Жазушының шығармалары адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналған. Т.Әбдікұлы тұлғаның екіге бөлінуі сынды психологиялық мәселені де қозғаған. «Оң қол», «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымьңдайды» атты шығармаларында тұлғаның екі ойда болуы, екі тұлғада өмір сүруі көрініс табады. Тұлғаның екіге жарылуы туралы жазылған шығармаларынан соң, автор біраз сынға да ұшыраған. Автордың «Әке»,

«Ақиқат» повестері мен «Қайырсыз жұма», «Бассүйек», «Жат перзент» сынды әңгімелеріндегі «жалғыздық» философиясының мәтіндегі көрінісі мен идеясы анықталады.

Автордың «тұлғаның екіге жарылуы» құбылысы 1970-жылдары жазылған «Оң қол» әңгімесінде көрініс тапты. Әңгіме жарыққа шыға салысымен сындарға ұшырап, бірақ кейіннен өзінің оң бағасын алды. Сол кезден бастап Төлен Әбдікұлы шығармаларының көркемдік ерекшелігі, ұлттық құндылықтары зерттелді. Төлен Әбдікұлы сол кезден бастап әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыптарының біріне айнала бастады. Әсіресе, Төлен Әбдікұлы шығармаларындағы «тұлғаның екіге жарылуы» тақырыбы - XX ғасыр мен XXI ғасырдың басты зерттеу нысанына айналды. 2002 жылы шыққан «Парасат майданы» әңгімесі де «тұлғаның екіге жарылуы» тақырыбына ғалымдарды қайта айналдырып әкелді. «Парасат майданы» әңгімесі негізіндегі постмодернистік бағыт жайлы Амангелді Кеңшілікұлы, Мауленов Алмас сынды ғалымдар еңбек жазды. Мақалада Төлен Әбдікұлы шығармаларындағы автор-оқырман-көркем мәтін концепциясының негізінде талдау жасалынады.

Т.Әбдіковтің шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, кейіпкер психологиясын ашу, сөз саптауы, сюжеті, былайша айтқанда, стилі бүгінгі әдебиет қоғамының мәселелерінің біріне айналды. Көркем мәтін – автор санасының, шығармашылық ойлауының, танымының негізінде бейнеленген дүниенің модельденген түрі. Диалогты, коммуникативті, адресатты болғандықтан қабылдаушы санасына көркем ақпаратты жеткізеді. Автор өз танымын, сезімінің жемісін түрлі операциялар (мәтін құрылымы, философиясы, хронотоп, диалогтілік) арқылы мәтінге айналдырғаннан бастап, шығарманың екінші белесі қабылдау, түсіну процесі арқылы жүзеге асады.

Стильді зерттеу де XIX ғасырда А.Потебня, А.Веселевский, XX ғасырда В.Жирмунский, А.Гофман, В.Виноградов, М.Бахтин, В.Ковалев сынды ғалымдардан бастау алған. «Стиль» сөзінің тегі арғы замандарда жатыр. «Стиль» сөзі грек тілінде «stylos» деп атаған. Ал «stylos» сөзінің мағынасы - балауызбен сырлаған тақтаға сөз жазу үшін жұмсалған ағаш қалақша. Кейіннен мағынасы кеңейіп таза, әдемі сөйлеу ұғымын иеленген. Жүйелей келгенде стильге берілетін анықтама мынандай: «Стиль - жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі» [1, 112 б.]. Стильді тереңірек зерттеген В.В.Виноградов болатын. Ғалымның «Проблемы авторства и теория стилей» еңбегінде стильдің көпмағыналығын, басқа да ғылым салаларымен қатысын зерттеген. Бұл арада қазақ ғалымдарының да стильге берген анықтамалары жоқ емес. М.Әуезов: «Әдебиеттегі ұлттық түр мәселесінің бір іргелі үлкен мәні - стиль. Тенеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел келіп жазу стилін қалыптайды. Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктер жайын анықтағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір стиль – сөздік, ақындық теңеу кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез, бейне жасаудың стилі», - деген [2, 230 б.]. Ал, Қ.Жұмалиев: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығарманың композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып талдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы да басқа компоненттері кіреді. Ең орталық мәселе – идеялық мазмұн», - деп тұжырымдаған [3, 13 б.]. Екі ғалымды да ортақтастыратын нәрсе - стильдің жазушыға тән ерекшелігін көрсететін көрсеткіш екендігі.

Әр жазушының өзіндік ерекшелігі, яғни стилі болады. Ерекшелік жайында С.Асылбекұлы: «... Айталық, қазақта төңірегін көктемгі жойқын селдей бұзып-жарып, арнасымен шүпілдей толқып-тасып ағатын тіл болса, бұл – Әбіштікі, көктемгі самал желдей, май айының жұпарындай аңқыған тіл болса, бұл – Сайындікі, ұстамды, ойшыл, барынша мерген тіл болса, бұл – Мұхтар (Мағауин) мен Қажымғали, Төлендікі, әрі қалжыңқой, әрі өткір, тиген жерін дыз еткізетін тіл болса, Бексұлтан мен Жақсылықтікі - осылай кете береді, кете береді», - деген пікірі ерекшеліктің бар қасиетін нақтылап берген сынды [4, 33 б.].

Қаламгердің стилін зерттеудің өзіндік мақсаты бар. Зерттеуші стильді қарастыру арқылы жазушының тілдік мүмкіндігін біліп қоймай, тілдік ерекшелігін кешенді зерттей алады. Кешенді зерттеу барысында қаламгерге тән айрықша белгілер көрінеді. Айрықша белгілердің ашылуы қаламгер қарымын анықтайды. Стильге кешенді зерттеу жүргізген

ғалымдар деп Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Ә.Қоңыратбаев, С.Негимов, Қ.Жүсіпті айтамыз. Стиль қаламгердің дара қасиеті дегеніміздей Т.Әбдікұлына тән қасиеттерді тереңірек ашатын боламыз. Төлен жазушыға тән даралықтың біріншісі – шығармаларына психология, лирикамен бірге философияның да дәндерін егетіндігі.

Яғни, шығармаларында пәлсапалық ой кезіп жүреді. Мәселен, «Тозақ оттары жымыңдайды» повесіндегі Эдуард Бейкердің мына сөзіне мән берсек: «Шындығында белгілі бір құбылыстың бір ғана себебі болуы мүмкін емес. Тарихи себеп, әлеуметтік себеп, биологиялық себеп, физикалық себеп... м-м-м, философиялық себеп, тағы сол сияқты дегендей, толып жатыр ғой. Ал творчество адамын биікке шықататын құдіретті күштер - білім, еңбек, ерік күші және интуиция. Ұлы жаңалықтарда осының ең соңғысы басым болады... Ал маған келетін болсақ, менің творчестволық методымда бір ғана өзгешелік бар. Ол - шектелу. Яғни ... қалай деп айтсам екен... өз бойындағы барлық күш-қуатыңды бір нүктеге қадау. Медицинада мындаған нүкте бар. Мен медицинаның кейбір қарапайым мәселелерінен түк сезбеймін. Иә, иә, бір өтірігі жоқ. Есесіне, мен маңызды нүктелерді жақсы айырамын» [5,145 б.]. Жетістікке жеткен адамдардың шыңға шығу кезеңіндегі түйген түсініктерін автор кейіпкер тіліне салған. Анық көрінбесе де, көзі ашық, көңілі ояу оқырман осы сөздерден ой түйетіні анық.

Төлен Әбдікұлының шығармасында тұрақты тіркес пен әдемі әуез беретін тіркестер де кездеседі: «Жүрегінде ескі жараның орны біржолата шыққалы тұрған әдіре ит жанын ең соңғы рет қинап қалып жатқанға ұқсайды. Баяғыда қылышынан қам тамған ұрының тұқымы еді»[5, 83 б.], «Осында демалысқа келген балалардан сені күреске қалды деп естігенде зәреміз зәр түбіне кетті» [5, 109 б.], «Ал кеңседе ол суда жүзген балықтай сезінеді» [5, 284 б.], «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді деп...» [5, 289 б.], «Залда ине шаншар жер жоқ» [5, 360 б.], «Түу деген түкірігі жерге түспейді» [5, 144 б.], «-Ол қызметін жақсы істеуі мүмкін, бірақ адамға жақсылық істемейді, ішіне пышақ айналмайтын қызғаншақ, күншіл» [5, 314 б.].

Негізінде, қаламгердің әр шығармасы пәлсапаға толы. Пәлсапа мен әдебиет «Парасат майданы» повесінде тоғысқан. Күнделік жанрында жазылған бұл повесть диалог тәсілі бойынша құралуының өзінде үлкен мән жатыр. Өйткені, көптеген ой сұрақ-жауап кезінде анық көрінеді. Негізі адам табиғатында сұрақ қою арқылы әлемді таниды. Оны баланың әр нәрсені сұрап, мазалауынан-ақ көрсек болады.


Қаламгердің екінші бір ерекшелігі - баяндау тәсілі. Көркем мәтіннің сыртқы мен ішкі бірлігінде әңгімелеудің, суреттеудің, баяндаудың қызметі маңызды. Автор баяндауға қатысы әртүрлі. 3-диаграммаға сәйкес Б.Шалабаев прозалық шығармада баяндаушының композициялық негізгі 3 типін анықтайды. Олар: үшінші жақ («ол» формасында) әңгімелеуші автор, «арнайы» әңгімелеуші (бұл не шығарманың кейіпкері, не белгілі бір атқа ие әңгімелеуші адам болуы мүмкін) және бірінші жақтағы («мен») әңгімелеуші [6,3 б.].

Төлен Әбдікұлының алдыңғы тарауларда стильдік ерекшеліктеріне баса назар аудардық. Ендігі кезек автордың тілдік ізденістеріне келді. Қаламгер шығармасын оқырманға қызықты ету үшін айшықтау құралдарының ерекше түрлерін қолданып, жаңа ізденістерге жол ашады. Төлен Әбдікұлының қазіргі кездегі оқырманы бар жазушылардың қатарына кіруінің өзі оның тілінің, жазу стилінің ерекше екенін айқындайды. М.Горькийдің «Тіл – әдебиеттің басты мүшесі» және Фединнің «Сөз – шығарманың негізгі материалы» деген сөздерден шығарманың тілін зерттеуден маңыздылығын байқаймыз. Өмір шындығы адамдар арасында қарапайым сөздер арқылы жүзеге асса, көркем әдебиетте көркемдік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Өйткені, оқырманның жазушыдан талап ететін қажеттіліктердің бірі. Көркем әдебиет көркемдік бейнелеу құралдары мен әдіс-тәсілдерінің нәтижесінде дүниеге келеді. Бейнелеу құралдары - шығарманы бөлек әлемге апаратын құрал. Жазушы шығарманы ерекше әлем етемін де айшықтау құралдарын сапасыз, шұбыртпалы түрде қолдана беруі де жарамас. Метафора, метонимия, теңеу, градация, синекдоха, гипербола, литота сынды көркемдік құралдарының мәтінге берер өзіндік рөлі бар. Олардың шығарма рухын арттыратын маңызы бар.

Қаламгердің шығармасы тақырыбымен, көтерген жүгі мен тіл байлығы арқылы бағаланады. Осындай критерийлерді сақтаған шығарма да оқырман арасында көп оқылып, талқыланады. Кейінгі кезде бұл критерийлерді сақтамайтын еңбектер сұраныс үстінде екенін де жасырмаймыз. Дегенмен, ол шығармалардың ғұмыры қысқа болатыны анық. Төлен Әбдікұлы өз мәтіндерінде айшықтау құралдарын, мақал-мәтел, тұрақты тіркестерді қолданса да, қарапайым жазылған. Яғни, оқырманға оқылуы жеңіл, жатық тілде жазылған. Сол жеңіл сөздердің көптеген астарлы ой мен шындық жатқанын да білеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Танабекова Т. Т.Әбдікөвтің прозалық шығармашылығының жанрлық, тақырыптық және көркемдік ерекшелігі. Ф.ғ.к. дисс.- Алматы, 2010. – 90 б.
2. Әуезов М. 12 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1958. 12 т. – 498 б.
3. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. - 228 б.
4. Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы. Автореферат. Алматы, 1997. - 46 б.
5. Әбдікұлы Т. Оң қол. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 б.
6. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.



**ӘОЖ 82.09(574)**

### **ДУКЕНБАЙ ДОСЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ- КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Беркенова Р.А.- филол.ғыл.канд., доцент м.а.**

**Есентаева Н.Ғ. - магистрант.**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курсы, МҚТ- 21-1 тобы  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада Дүкенбай Досжанов шығармаларының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері қарастырылған. Жазушы шығармаларын тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан үш топқа бөлуге болады. Біріншісі, қазақ тарихының әр кезеңдегі белестері жайлы әңгімелейтін тарихи тақырып. Екіншілері де – тақырып жағынан осы айтылғандарға жақын болып келетін қазақ сөз өнерінің тарихындағы белгілі тұлғалар ғұмырын көркем тілмен сөйлеткен ғұмырбаяндық шығармалары. Үшінші топтағылар – жазушы өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі уақыт тынысын бейнелейтін заманауи тақырыпқа жазған көркем туындылары. Жазушының кейіпкер бейнесін сомдаудағы, мінез-құлқын ашу, оқиғаның даму барысы арқылы көркемдік-идеялық түйін жасап отыруы және ең бастысы қазақтың көркем әдеби тілін айшықты түрде пайдалана білуі жан-жақты талданған.

**Кілтті сөздер:** әңгіме, роман, кейіпкер, тарихи тақырып, ғұмырнамалық шығарма, жазушы.

**Аннотация.** В статье рассмотрены тематико-художественные особенности произведений Дукенбая Досжанова. Произведения писателя можно разделить на три группы тематически-содержательно. Первая-это историческая тема, рассказывающая о вехах казахской истории в разные периоды. Вторые-биографические произведения известных деятелей истории казахского словесного искусства, которые по тематике близки к сказанному. В третьей группе-произведения искусства, написанные писателем на современную тему, отражающие дыхание времени того периода, в котором он жил. Всесторонне проанализирована способность писателя к художественно-идейному

построению образа героя, раскрытию его поведения, развитию истории и, самое главное, умению самобытно использовать казахский художественно-литературный язык.

**Ключевые слова:** рассказ, роман, персонаж, историческая тема, жизнеописание, писатель.

**Abstract.** The article discusses the thematic and artistic features of the works of Dukenbai Doszhanov. The works of the writer can be divided into three groups thematically and meaningfully. The first is a historical theme that tells about the milestones of Kazakh history in different periods. The second are biographical works of famous figures in the history of Kazakh verbal art, which are close to what has been said. In the third group there are works of art written by the writer on a modern theme, reflecting the breath of time of the period in which he lived. The ability of the writer to artistically and ideologically construct the image of the hero, reveal his behavior, develop history and, most importantly, the ability to use the Kazakh artistic and literary language in an original way is comprehensively analyzed.

**Keywords:** short story, novel, character, historical theme, biography, writer.

Бүгінгі таңда кемеліне келіп, кемеріне толысқан қазақ әдебиетін буырқана аққан алып бір дарияға теңейтін болсақ, осынау дарияға жалпы ұлттық таным сипатымен үндесе, кейбір өзіндік дара сипатымен жымдаса қосылған арналардың бірі – жазушы Дүкенбай Досжан туындылары. Әр ұлттың өзіндік сипаттары, салт-дәстүр ерекшеліктері, нағыз халық ретіндегі алатын орны, әдебиеті мен мәдениеті, өнерінен көрініс береді.

Д.Досжан әңгімелеріндегі қазақы тұрмыс тіршілік, қазақы ой-сана, ұлттық салт-дәстүр, ешкімге ұқсамайтын қазақы мінез айқындалып, дәл суреттеледі. Оған дәлел жазышының кееркем туындылары арқылы көреміз.

Дүкенбай Досжан «Жазмыштың жазуы» атты хикаясын оқи отырып, жазушы өз өмірбаянынан былайша сыр шертеді: «Әкем – Сарыұлы Досжан көне Қаратау ішінде 1894 жылы туып, ғасыр басындағы дүрбелеңнің неше атасын басынан кешірген аса қажырлы кісі еді. «Қажырлы» дейтінім – 1932 жылғы қаратабан аштықта ел тамақ іздеп берісі Ташкент, әрісі Ауған жағына ауа көшкенде, бұл кісі екі білегіне сеніп, аң аулап, жер ойып, жүгері егіп, 20 – дай отбасыны бір өзі асырап көшпей қалыпты. Соғыстың алдында, соғыстан кейін Ақүйік өзені бойындағы «Ынтымақ» колхозының төрағасы болған. «Жасыңыз үлкейіп қалды, екі тау арасының мал- жанына ие болыңыз» деп әскерге алмаған, бронмен қалдырған. Мен дүниеге келгенде әкем 48 жаста екен.

Шешем – Жанұзаққызы, Сарыкеліні Жәмила көне Қаратаудың теріскей бетін жайлаған, Шу бойы, Қарағұр жағының қызы болатын. Жанұзақ елге есімі жайылған әрі ақын, әрі көріпкел, би кісі болыпты. Анам: «Сыр, Қаратау бойы – өз жұртым» деп отырушы еді. «Нағашыларым, төркін жұртым арғынның атығайы» деп айтқаны есімде қалыпты. Ликбезді бітірген, сауаты шамалы, әйтсе де қиын шаруадан бойын тартпайтын қарулы, тілді кісі болатын. әкем – аз сөйлейтін, томаға – тұйық, өз ішіне өзі үңілгіш ойдың адамы болса, шешем – сөзшең, айтқыш, жиын – тойды жылдам басқарып жүре беретін адуын мінез иесі еді. Келе – келе «ел анасы» аталды. Қайнылары, ел басқарған кісілер, әкімдер ел ішіндегі қиын шаруаның түйінін шеше алмаса: «Жәмила ападан жөнін сұрандаршы!» — деп шешеме сілтейді екен. Хикаятта сол дәуірдің шындығы көркем баяндалған, әйел баласының табиғатын шынайы ашып берген.

Жазушы бала кезінен кітапты көп оқыған екен. Сол заманда Пушкиннің, Абайдың, өзге де классиктердің бір томдық шығармалары қазақша басылып шыққандығы туралы мәліметі. Соларды басымызға жастанып жатып оқушы едік, — дейді өз естеліктерінде. 7-сыныпты бітірген жылы, жазда Гогольдің «Өлі жандарына» еліктеп оқушының тор көз дәптерін толтырып пьеса жазған. Пушкиннің «Руслан және Людмила» поэмасының сарынымен дастан жаза бастаған. Апта сайын бір өлең жазып берісі аудандық, әрісі республикалық газеттерге жөнелтіп отырған. Ол кезде редакцияға түскен тілдей хатқа болсын – жауап жазу керек деген қатаң тәртіп бар болатын. Айына бір астанадағы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), облыстағы «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр елі») газетінен «материалыңыз жарамады» деген хат



алыпта үлгерген. Алғашқылардың лебінде «Пионер» газетіне «Ақ ешкі мен сары ешкі» деген аңызға құрылған алақандай мақаласы, облыстық газетке «Ленин томы» деген бір өлеңі жарық көрген. Облыстық газеттен келген бес сом қаламақыны жаратпай, лимонад ішпей, тығып жүріп, ол кезде аудан орталығындағы интернатта оқиды, көктем уағында таудағы шешесіне бір кілә құмшекер сатып алып, төкпей-шашпай апарып бергенін есіне алады. Анамды қуантқым келді. «Алғаш тапқан қаламақым, сіз шай ішсін деп әкелдім құмшекерді! – дегенде, қайран анам: «Таудай бол!»... қаламыңның сиясы таусылмасын!» — деп батасын беріп, жаулығының ұшымен көз жасын сығып алды деп баяндайды.

«Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шындап» қана қоймай, келешекке – келер ұрпаққа «шегелеп» қалдыратын құдіретті күші» [1, 7 б. ], – деп ғалым Зейнолла Қабдолов айтып өткендей, өткен дәуір мен жаңа ғасырдың жаршысындай болған оның қай шығармасы болмасын ащы да тұщы өмірдің бет-бейнесін айқындап тұрады. Жалпы, жазушыны қатары өсіреді деген рас сөз екен. Дүкенбай Досжан – қазақ халқының елдік бітім-болмысын, салт-дәстүрін, ұлтқа тән дара ерекшелігін артқыға мирас еткен таңдаулы жазушы. Өткен өмір айнасы уақытпен өзгеріп, жер бетінде әр буын өз кезегімен алмасқан сайын қайталанбас этнографиялық кесек қазынаға айнала бермек. Жазушының қос үздік әңгімесі – «Қымыз» және «Көкпар» бұған айғақ.

Алғашқы еңбек жолын облыстық «Жетісу» газетінің ең кішкентай — әдеби қызметкер жұмысынан бастайды. «Жетісу» газетіне 1963 жылдың желтоқсан айының басында келіп, 1966 жылдың тамыз айына дейін істейді. Осы үш жылға жуық уақытта үлкен өмір мектебінен өтеді.

«Жетісу» газеті мен үшін жөні бөлек, алғашқы еңбекке араласқан алтын босағам. Ол ұжымда жүріп, ең жас, әрі ең кіші қызметкері болсам да Алатаудай биік арманның баспалдағын құрастырдым. Ең ғанибеті – үлкен кісілердің алдынан өтіп, қолын алдым. Осы кезге дейін желеп-жебеп келе жатқан, бәлкім, сол кісілердің: «бар бол, балам, бар бол!» деген ағынан жарылып берген батасы болар.

Жазушының өмірі жазған кітаптарымен өлшенеді.

Алғашқы әңгімесі 15 жасында жарық көрген автордың бұл күнде кітаптары әлемнің 20 тілінде аударылып, 3,7 миллион таралыммен басылып шыққан. Кітап палатасының есебі бойынша Қазақстандағы ең көп оқылатын жазушы. Әр жаңа кітабы оқырманын елең еткізетін тақырыпты қозғайды.

Қазақ әдебиетінде таза тарихи тақырыпқа тұңғыш қалам тартқан (1965 – 66 жыл) автор саналады. Күн сайын қаламға жүгіну мінезіне, сөзбен сурет салу кәсіби шеберлігіне айналған қаламгер 11 роман, 22 хикаят, 100 – дің үстінде әңгіме жазды.

Дүкенбай Досжан Қызылорда облысының түстік шығысында көлбей жатқан Қаратау ішінде, Ақүйік өзенінің бойында, Құлانشы деген жерде 1942 жылы 9 қыркүйекте шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Сарыұлы Досжан (1894 – 1974) күнгей еліне әйгілі атбегі, соғыс жылдары «Ынтымақ» колхозының төрағасы, жылқышысы, соңына жақсы сөз қалдырған, қолы қарап отырмайтын аса еңбекқор, еңсесі биік сыпа кісі деседі. Ақүйік бойындағы осы күнгі Досжан бауы, Досжан бұлағы деген жерлер сол кісінің кейінгіге қалдырған ізі. Мінезге бай, сөзі аз, біртоға әке бейнесі кейінше жазушының көп кітабына ой азығы болады. Шешесі Сарыкеліні Жанұзаққызы Жәмила (1903 – 2004 ж.ж.) аса қажырлы, көп жыл сауыншы болған, кейінше ел анасы аталған, ажарына ақылы сай, орнықты, отбасының ырзық – несібесі болған жан. «Жәмила апаның айтқан сөзі, көрсеткен тәлімі» деген әңгіме ел ішінде қазір де айтылады. Бір қауым елдің ұйытқысы бола білген, суырып салма – ақынжанды, айқыш кейуана ұлына жіліктің майындай – дәмді тәрбие береді.

Д.Досжанның сәбилік шағы соғыс жылдарына тап келеді. Бала көбіне өз қиялын серік қып өскен. Қаратау ішінде, тоқал тамның үстінде, шыжыған күн астында сағаттар бойына жалаңбас ойға шомып отырады екен. Мектепті 1959 жылы алтын медальмен бітіреді. Өл-Фараби атындағы Қазақтың Мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін 1964 жылы үздік тамамдады.

Университетте М.Әуезов, Есмағамбет Ысмайлов, Бейсенбай Кенжебаев, Мәулен Балақаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Асқар Тоқпанов, Ісмет Кеңесбаев, Мұхаметжан Қаратаев, Зейнолла Қабдолов секілді ғұлама абыз ағалардың дәрісін тындап, тәлім алады. өз сөзімен айтқанда: «Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әбілда Тәжібаев ағаларының қолына су құйып, батасын алған».

60 – шы жылдардың басында Мәскеуде қызмет істейтін Тәкен Әлімқұлов пен Қызылордадан кіндігі үзілмеген сардар ақын Асқар Тоқмағанбетов ағаларымен жазысқан хаттары әлі күнге отбасылық мұрағатында сары майдай сақтаулы. Әуелі облыстық «Жетісу» газетінде, кейінше баспа, Баспа комитетінде, Жазушылар одағында қызмет істейді.

Дүкенбай Досжан ел тарихының аса күрделі кезеңінде ешқандай да әдеби топқа яки партияға қосылмай, бүгінгі зиялы қауым ішіндегі рушылдық, жікшілдік, өзімшілдік, топшылдық індеттің өркендеп тұрғанын мазмұндаған көркем дүниелер жазып, аз да болса өртке қарсы қарлығаштың қанатымен су сепкендей тәуелсіздігімізге жан-тәнімен қызмет етіп келеді. «Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс. Қоғамдық сананың бір түрі ретінде көркем әдебиет қай ғасырда болса да, сол заманғы адамдардың бір-біріне деген қатынасын, ой-арманын, дүниетанымын байқатпақ» [ 2, б б.], – деген болатын ғалым Мүслім Базарбаев өз еңбегінде. Әрдайым қарақан басының қамы емес, мәртебелі биік сөзді әдебиетке адал қызмет етіп, *аса төзімді, аса бейнетқор, ала көңіл ақжарқын, ашық пейіл, кеңқолтық* кейіпкерлер галереясын жасады. «Өмір сүру – өнер», «әр тағдырдың өз шындығы бар», «ақын – жаратқан иенің жердегі көзі», «жікшіл адам жартыкеш» секілді көптеген ой оралымдарын туғызды. Жазушы шығармаларынан екі кандидаттық, бір докторлық ғылыми атақ қорғалды.

Дүние жүзі жазушыларымен хат алысып тұрады. Жүздің үстінде мінездер картотекасы, көне қолжазбалар сақталған, сирек аллегорияға жиі жүгінеді, күйіп тұрған тақырыптарды тамыршыдай тап басып тауып жазады. өткен ғасырдың 60-шы жылдары «Отырар», «Фараби» хикаяттарын жазуы, 70 – 80 жылдары алаш азаматтарының басына іс түскен қиын тағдырын арқау етуі, 90 – шы жылдары мінез экологиясын тұңғыш тілге тиек етіп «Таразы», «Алан», «Дала гладиаторлары» романдары мен эссе кітаптарын жазуы – осы сөзіміздің дәлелі. Қаламгер өз заманының өзекті шындығын өз шығармаларында жаңа уақытқа үн қосумен бірге, іс-әрекеті, мінезі нағыз табиғи қалыпта бейнеленген кейіпкер сомдауға талпынып, өмір шындығының қайшылықтарын толық мәнінде бейнелеуге тырысады. Махатма Ганди айтқандай: үнемі іздену, бір басқан ізін екінші қайталамау, үзбей жетілу сүйексізді мінезіне айналған.

Көркем сөз кестелеуді тағдырына темірқазық етіп ұстаған, жазушылықты кәсіби мамандығына айналдырған.

Д.Досжан «Отырар», «Фараби», «Жібек жолы» шығармалары арқылы «тарихи тақырыптың пионері» аталды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің алпыс жылдай жабулы архивіне алғаш енген Дүкенбай Досжан сот құжаттары желісімен «Абақты» (1993) романын жазды. Жазушының көп қабатты тұспал мегзеуі, қиял-ғажайып символы мен философия қатар өрілген «Жазмыштың формуласы» хикаятын алайық. «Жазмыштың формуласы» хикаятты – ғасырлар тоғысында құрылып, ұлт тарихының жаңа мәтініне айналған, тарихи өркендеуінің мазмұны негізінде жазған шығармаларының бірі. «...Дүниеде шеңбері кең ауқымды шындық іздеймін десе, бас айналар биік-биік арманға басқыш қоямын десе – оқу керектігін ерте түсінді. Оқымаса, деңгейі төмен, ақылы кем болса – бала кезгі поезға соғылажаздаған есекке ұқсап билік иесінің алдында құлаққақпай жерге қарап, өзі құралпы пенделермен иықтасып... тістесіп... тебісіп... кетісіп... дегендей, өзінен пәстеуді таптап кете жаздап, ауылдың о жағы мен бұл жағына шаңдата жосып, жоғарыдағы үкіметке ыза-кегі қазандай қайнап, төмендегі өзіқұралпығатанаушүйіре қарап, мына қисық-қыңыр заманға өкпелеп, «жолым болмады» деп өтері кәміл» [ 3, 10 б.].

Зерттеушілер Д.Досжан шығармашылығын үш салаға бөліп жүр. Бірінші: көне ғасыр қойнауынан ер түрік аруағын көтерген 60 – шы жылдар басындағы тарихи кітаптары. Бұған «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби» шығармалары жатады. Екінші: бодандық бұғау мен шенеуніктер езгісі зардабынан мінез экологиясына ұшыраған өмірі зая ұрпқтар образдарының галереясы – «Зауал», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Жолбарыстың сүрлеуі», «Кісі ақысы» кітабынан табылады. Үшіншісі: ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сөйлеткен сериялар тобына «Мұхтар жолы» (1998) атты кітаптары енеді.

Дүкенбай Досжан дүниені суретпен, ешкімге ұқсас өзіндік бояу-белгімен көреді. Сөзбен сурет салады. Оқиғаға ой ағыны, мистика сарынын арқау етіп, кейіпкерді оның жан-толғанысы, сезім шырғалаңы арқылы суреттеуге машық.

Д.Досжан 1974 жылы «Трудный шаг» кітабы үшін «Молодая гвардия» баспасының «Қазіргі заманғы жақсы роман» сыйлығын иеленді. 1988 жылы Украинаның «Днепро» баспасының «Жібек жолы» романы үшін «Тарихи тақырыптағы жақсы кітап» сыйлығын алды. Суреткердің есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясының 2-томына, Ұлттық энциклопедияның 3-томына, Абай энциклопедиясына енген.

Д.Досжан аса бай архивтің иесі. Абай, Әуезов, Есенберлин туралы ғұмырнамалық шығармалар жазған кезінде бұрын зерттеушілер назарына ілікпеген, баспа бетін көрмеген Омбы, Қазан, Ташкент архивтерінің қызықты, ауқымды деректерін тұңғыш пайдаланып, «Абақты», «Дала гладиаторлары» кітаптарын жазды. Жазушы мұрағатында маңдайалды замандастарымыздың қаламгерге арнап жазған ондаған хаттары сақталған. Отбасылық кітапханасында бес жүзге жуық кейіпкерлердің мінез қыры, күрделі тағдыры түсірілген картотека жинақталуы. АҚШ-тың Герберт Гувер архив қоры, Ясная полянадағы Толстой мұрағаттар иесі, шетел баспагерлері, әдебиетшілері Д.Досжанмен әрдайым хат жазысып тұрады.

Д.Досжанның 2 томдық таңдамалы шығармалары О.Сүлейменовтың алғы сөзімен «Жазушы» баспасынан, мемлекеттік тапсырыспен 1990 жылы жарық көрді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. // Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
2. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. // Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
3. Досжан Д. Жазмыштың формуласы. Хикаяттар // Астана: Фолиант, 2008. – 536 б.



ӘОЖ 811.512.122.373. 2

### **КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ МЕН КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ КӨРІНІСІ**

**Беркенова Р.А.- филол.ғыл.канд., доцент м.а.**

**Мырзабекова Қ. - магистрант.**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курсы, МҚТ- 21-1 тобы**

**«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада көркем шығамалардағы жер-су атаулары мен кісі есімдерінің көрінісі туралы қарастырылған. Лиро-эпостық дастандардағы жер-су атаулары мен кісі есімдерінің тілдік ерекшеліктері, этностық топонимдердің жай топонимдерден айырмашылықтары жан-жақты талданған.

**Кілтті сөздер:** қазақ антропонимдері, лиро-эпос жырлар, мифологиялық құбылыстар, ойконим, ороним, гидроним.

**Аннотация.** В статье рассматривается отражение топонимов и имен людей в художественных произведениях. Всесторонне проанализированы языковые особенности топонимов и имен людей в Лиро-эпических сагах, отличия этнических топонимов от простых топонимов.

**Ключевые слова:** казахские антропонимы, лиро-эпос, мифологические явления, ойконим, ороним, гидроним.

**Abstract.** The article considers the reflection of toponyms and names of people in works of art. The linguistic features of toponyms and names of people in Lyric-epic sagas, differences of ethnic toponyms from simple toponyms are comprehensively analyzed.

**Keywords:** Kazakh anthroponyms, lyric epic, mythological phenomena, oikonym, oronym, hydronym.

Белгілі тіл маманы Т.Жанұзақов қазақ антропонимдерінің даму тарихын бірнеше дәуірге бөліп қарастырады [1]. Олар: бірінші дәуір – көне түркі заманы (V-VIIIғ.); екінші орта ғасыр дәуірі (IX-XVI ғ.); үшінші дәуір жаңа заман (XVII-XIXғ.); төртінші дәуір Кеңестік дәуір. Жоғарыда сөз болып отырған лиро-эпостық жырлардағы есімдерді Т.Жанұзақовтың есімдерді осылай тарихи дәуірлерге бөлу принципін басшылыққа ала отырып жіктеу қажет деп білеміз. Мысалы, «Айман - Шолпан» жырындағы кісі есімдеріне зер салсақ, үшінші дәуір жаңа заман антропонимдерін қамтиды. Ал, А.Мұқатаева мен Ә.Қайдаров «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы кісі есімдерін қарастыра келе бірінші және екінші дәуірге жатқызады. Ғалымдардың пайымдауынша, «поэмадағы Қарабай, Сарыбай, Қозы, Баян, Қодар, Айбас, Ай, Таңсық, Тайлақ, Әлжаппар, Қаракөз, Жидебай, Тұяқбай сияқты есімдерден автордың көрсеткен осы дәуірлерге тән тілдік ерекшеліктерінің бәрін табуға болатын сияқты. Атап айтқанда, бұл дәуірлердегі көне түркі есімдерінен айға, күнге, хайуанаттарға, отқа, суға, т.б. табиғи құбылыстарға табыну дәстүрін, асыл метал, қымбат тастар мен дәулет байлықты дәріптеуді, аспан тәңіріне, құдайға, әртүрлі сиқыр күштерге, мифологиялық құбылыстарға бас ию, араб, парсы, монғол тілдерінен енген діни, мәдени, әскери ұғымдарды дәріптеу салтын көреміз» [1,10 б.].

Лиро-эпостық дастандарда орын алған жер-су атаулары мен кісі есімдерінің тілдік ерекшеліктерін қарастырмас бұрын этностық топонимдердің жай топонимдерден айырмашылықтарын анықтап алғанымыз жөн. Бұл туралы Ә.Қайдаров: «Этностық топонимдердің жай топонимдерден өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Ең алдымен этнос топонимдерінің реалді географиялық объектілермен сәйкестігін, тарихи шындыққа жанастығын жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, поэмадағы белгілі оқиғаларға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне тікелей қатысты жер – су атаулары мен жер бетіндегі тарихи ескерткіштер ретінде күні бүгінге дейін Қазақстан топырағында сақталып келе жатқан ойконим, ороним, гидронимдер арасындағы ұқсастық, сәйкестік, теңдестік мәселесін қараудың поэма тілі үшін де, оның жалпы тарих үшін де маңызы зор», - дейді [1,11б.]. Бұл мәселе туралы айтқанда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы негізгі орын алған топоним - Аягөз өзені. Нақты тоқталайық, Ш.Уалиханов жазып алған нұсқасы бойынша Аягөз атауы алты жерде орын алған:

1. «Аягөздің бойынан ел ауыпты,  
Қылады екен Сарыбай бір қауіпті» [2,31 б.],
2. Ай-най, балам, ай, балам, кете алмассың,  
Аягөздің бойынан өте алмассың[2,37 б.],
3. Ай-най, шеше, ай, шеше, кетер-ақпын,  
Аягөздің бойынан өтер ақпын [2,37 б.],
- 4.-Аягөзді жағалай бітер қайың,  
Өксіп болған Баянды уатайың[2,45 б.],
- 5.Тазша болып Қозыкем кетті, дейді,  
Аягөзден сал байлап өтті дейді[2,47 б.],
- 6.Өлсе дағы, Қозыкем, арманым жоқ,

Сурет болып та бітіпті Аягөзге»[2,67 б.],

Жырдың В.Радлов жазып қалдырған нұсқасында бұл топоним төрт рет аталады. Көңіл бөлейік,

«1.Құсмұрыннан болжайды Аягөзді,

Ағып жатқан Аягөз суға барды[2,74 б.],

2.Ағып жатқан Аягөз суға барды,

Екі месті толтырып құйып алды.

Аягөзден бедеуді бір қаптырып,

Екі месті байланып қайта салды [2,74 б.],

3.Қарабай Аягөзге келді жетіп,

Жетіп, түйенің қомын алды шешіп.

Аягөзде жақсы қоныс тапқаннан соң,

Қалмақтан кісі шүйіншілеп, келді жетіп»[2,74 б.],

4. Қозы Көрпештің өзі Аягөздің аяғында Шоқтеректің түбіне барды да жатты[2,90 б.].

Ал, Жанак ақын жырлапты деген нұсқада Аягөз он жерде қайталанады. Олай болса, жырдың бас-аяғына арқау болған Аягөз өзеніне түсініктеме берейік. Қазақ энциклопедиясының бірінші томында бұл топонимге мынандай түсініктеме береді: «Аягөз – Семей облысындағы ұзындығы 492 км. өзен. Ол Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Нарын, Балықты, Батпаты, Айғыз, Қурайлы, Таңсық» [1,11 б.]. Жырдың бас-аяғын бағдарласаңыз, бұл топоним Қарабайдың жетім ұлға қыз бермеймін деп қашып келген жері. Ә.Қайдаров жырдағы Аягөз атауының ойконим емес, гидроним екендігін айта келіп, мал шаруашылығына тиімді өзен жағалауы деген пікір білдіреді. Тарихи деректерге зер салсақ, Аягөздің алғашқы атауы – Сергиполь. Ол 1831 жылы салынған қала. Олай болса, жырдағы Аягөзді Аягөз өзені бойына салынған Аягөз қаласы деп түсіну қателік тудырады. Бұл пікірді кезінде Ә.Қайдаров та білдірген. Ғалым Ә.Қайдаров, А.Мұқатаевалар кезінде В.М.Жирмунскийдің: «Эпикалық шығармалар арасындағы кеңінен тараған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны патриархалдық мылқау қара күштің зорлық - зомбылығына тап болған екі ғашықтың қайғылы тарихы ретінде кең – байтақ қазақ жерінде ғана емес, көрші Орал, Алтай жерлеріндегі түркі халықтары арасында да кеңінен жайылған еді. Жергілікті халық аңызына айналған бақытсыз екі жастың әйгілі күмбезі Балқаш көлінің солтүстік жағындағы Аягөз өзенінің бойындағы Сергиполь қаласы маңында әлі күнге сол қалпына тұр» [1,11 б.],- деген мәліметін мысалға ала отырып, осы жырдағы Аягөз атауы бар болғаны гидроним ретінде қолданылып тұрғандығын үзілді-кесілді айтады. Себебі, Аягөз қаласының салынуымен жырдың туу дәуірі туралы ғалымдардың жасаған болжамдарының арасында үлкен алшақтық бар. Олай болса, біздің пікірімізше де Аягөз топонимі Шу бойы, Іле бойы, Ертіс бойы, Сыр бойы тәрізді гидроним қызметінде келіп тұр.

Жырдағы көп кездесетін келесі бір топоним – Шоқтерек. Шоқтерек атауы жырдың барлық нұсқаларында кездесетін, еш өзгермеген топоним. Бұл атау тіптен өзге түркі тілдес халықтар арасында сақталған нұсқаларда да осылай аталады.

Бұл мәселені терең зерттеген Ә.Қайдаров, А.Мұқатаевалар жырда орын алған топонимдердің ең көбі қазіргі Қазақстан аймағына тиісті жер-су атаулары екенін және оған терең көңіл бөлген адамға бұл атаулар нақты жеріндегі географиялық нысаналармен сай келетіндігін көрсетеді. Жалпы осы лиро-эпостық дастандардағы топонимдерді географиялық белгілеріне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Мысалы, Ә.Қайдаров мен А.Мұқатаева бір ғана «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы топонимдерді: гидронимдер, оронимдер, ойконимдер деп үшке бөліп қарастырады[1,12 б.]. Нақты тоқталар болсақ, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы Аягөз, Есіл, Нұра, Қаракөл, Шыршық, Бассу, Сарысу, Ұзынбұлақ, Балқаш, Жайылма, Лепсі, Ұржар, Қатынасуы, Іле, Шу, Талас, Бақалы, Зайсан, Сыр, Телікөл, Жетісу болып келетін гидронимдердің ұзын саны жиырмадан асады. Мысал келтірсек,

«1.Сарыбай жұртымен көшіп кетті,

Дариясынан Аягөздің өтіп кетті[1,12 б.],

2. Айбас күл адасқанын енді білді,  
Есіл, Нұра бойына қайтып келді [1,12 б.],

3. Қарабай сол көшкеннен әрмен өтті,  
Шыршық пенен Бассудан көктей өтті;  
Өзіреттің тауынан аса көшіп,  
Шолаққорған Қаракөл жерге жетті [1,12 б.],

4. Аз жүрсе, көп жүрсе де аман – есен,  
Аяғы Жетісуға о да келді» [1,12 б.], т.б.

Жырда Алатау Қаратау Сауыр, Сойқал Шыңғыс, Қалба, Мыржық Тарбағатай, Жылытау, Көкшетау, тағы басқа оронимдердің яғни оннан аса тау аттары аталады. Мысал келтірейік,

«1. Алатаудың жағалап ар жағымен [1,12 б.],

2. Келеді Қаратаудан Қозыке асып [1,12 б.],

3. Арғы шеті Сауыр мен Сойқал қылып,  
Жылқыны қоя беріп, жатып алды [1,12 б.],

4. Не Шыңғыстай болмаса, не Қалбадай,  
Не Мыржықтай аңы көп бір тау еді» [1,12 б.], т.б.

Аталмыш жырда Қызылжар, Тәшкент, Қоқан, Ақжар, Шолаққорған, Түркістан, тағы басқа бас-аяғы оннан аса ойконимдердің аты аталады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ә.Қайдаров, А.Мұқатаевалар жырдағы топонимдерді осындай нақты үш бөлікке бөліп қарағанымен жырға көңіл бөлсеңіз, онда бұдан басқа да нақты емес географиялық нысандар орын алады. Тіптен Тәшкен, Қоқан, Құлжа, Меке атаулар Қазақстан аумағынан тыс топонимдер. Ал жырдағы Аягөз атауы бірде өзен атауы болып гидронимдік қызмет атқарса, енді бірде мекен атауы ретінде ойконимдік қызмет атқарады. Сондай-ақ, аталмыш жырлардағы топонимдерді анықтаушы сыңарларының мағынасына қарай да топтастырып қарастырамыз. Мысалы, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры бойынша Ақкөл, Алатау, Ақжар, Қосмұрын, Құбабел, Қаратау, Қызылжар, Қаракөл, Жетісу, Мырзық, Ұржар, Ұзынбұлақ, Шолаққорған, Сарысу, т.б., «Айман-Шолпан» жыры бойынша Қызылқұм, Қаратал [3.]. Айта кетер бір жай, осы лиро-эпостық жырлардағы топонимдер жасалу моделі мен морфологиялық құрамы тұрғысынан сан алуан болып келеді. Бірде олар екі сөзден құралған болса, келесі кезекте құрамындағы сөздер морфемаларға бөлінбейді. Жырдағы қос компонентті топонимдерге Ақжар, Жәйтөбе, Нұракөл, Ұзынбұлақ, тәрізді тағы басқа атауларды мысалға келтірсек, бөлшектенбейтін морфемалардан тұратын атауларға Аяған, Аспара, Аягөз, Бетбақ, Жамшы, Күреңіс, Тоқырауын, Шыршық сияқты топонимдерді атаймыз.

Жырда баса назар аударатын бір жағдай – жер-су атаулары туралы халық аузында сақталған аңыз-әңгімелер. Мұндай аңыз-әңгімелер әсіресе «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Шөже ақын айтыпты деген және Жанақ ақыннан жазып алынған деп көрсетілетін нұсқаларында жақсы орын алған. Бұл туралы Ә.Қайдаров пен А.Мұқатаева: «Әрине, аңыз – эпсаналар барлық жағдайда тарихи шындықпен жанаса бермейді, ал лингвистикалық тұрғыдан олар көбінесе халық этимологиясына саяды. Дегенмен поэмада оқиға желісін шиеленістіре түсу үшін, оны тартымды, қызықты, сенімді етіп көрсету үшін жыршылар аңыз мотивін пайдаланған. Жалпы алғанда халықтық ат қою дәстүріне жат емес. Қазақстан жеріндегі кейбір топонимдердің осы дәстүр бойынша жасалып, қалыптасып кеткенін біз ғылыми- зерттеулерден жақсы білеміз» [1,14 б.],- дей келіп, осы тұста ең басты нәрсе – жер-су атаулары аңыз оқиғасына байланысты пайда болған ба, әлде олар бұрынан-ақ қолданылып жүрген атауларға орайластырылып шыққан ба? Жырдағы ғалымдардың назарын аударар бір жай осы мәселе. Жырда кездесетін топонимдер қазірде сақталған ба деген сауал төңірегінде ой қозғасақ, дастандағы сұлу қыздың сәлемдеме қарқарасы түсіп Қарқаралы аталған тау бүгінгі күні де бар оронимнің аты. Жырдағы Қарабайдың сабасы жарылып сондықтан Ақкөл, Жайылма аталған топонимдер солтүстіктегі гидронимдердің аты. Айбас батырдың моншақ пен домбыраны түсіріп Домбыралы, Моншақты аталған топоним бүгінде

Ақмола, Көкшетау өңірлеріндегі оронимдердің аты. Жанындағы жаулығы түсіп Абыралы, Жалаулы аталған топонимдер Тарбағатай тауының батысында бой түзеген шынның атауы

Лиро-эпостық жырлардағы антропонимдер мәселесіне келер болсақ, оларға тән бірінші өзгешелік - көнелігі. Нақты тоқталар болсақ, «Қыз Жібек» жырында Алашабай, Қаршыға, Салтаң, Дуалы, Бекежан есімдерін; «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы Танас, Айбас, Қодар, Қаратоқа, Бұланқара, Баян, Қозы, Тайлақ, Күліп есімдерін; «Айман-Шолпан» жырындағы Көтібар, Маман, Арыстан есімдерін алайық [3.].

Бүгінде Бекежан, Қаршыға, Баян, Қозы, Арыстан, Тайлақ сынды кейбір есімдер қолданыста бар, дегенмен олардың тілдік табиғаты көне екендігі даусыз. Ал Көсемсары, Ай, Таңсық, Шақшақ, Салтаң, Дуалы, Танас, Қодар, Қаратоқы, Бұланқара, Күліп, Көтібар, Маман есімдері мүлде қолданыстан шыққан есімдер. Кезінде «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын терең зерттеген Ы.Дүйсенов жырдың бірнеше нұсқанда бірдей орын алған образдар: Баян Сұлу, Қозы Көрпеш, Қарабай, Сарыбай, Айбас, Таңсық, Қодар, Тайлақ би екендігін, ал онда қосымша орын алып, қалтараберісте көрінетін образдарда ғана айырмашылықтар барлығын айтады. Ондай образдарға ғалым Жанақ нұсқасындағы Көсемсары мен Тазша баланы, В.Радлов нұсқасындағы Жаңыл, Манап хан, Төлеу мен Ыстыны жатқызады.

М.Жолдасбеков пен С.Қасқабасов өз еңбектерінде Түркі қағанатынан соң түркі тектес ру – тайпалардың арасында байланыс тығыз болғандығын айта келе, сол кезеңдегі көркем туындылар да көптеген өзгерістерге тап болып отырғандығын айтады. Осы жырдың қай халықтағы нұсқасын алсақ та, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» дастанының алтай, төлеуіт, қазақ, башқұрт, татар халықтарының арасында тараған нұсқаларында әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің жырлануы, негізгі образдарының есімдері бірдей, оқиғалардың өрбуі, шешімінде үлкен сәйкестіктер бар. Нақты тоқталар болсақ, алтайлықтарда: Қозын Эркеш, Байым-Сұр, Қаратыхан, Қодур Уул, Қарықпай, Сарықпай, Ақ хан; татарларда: Кузы Көрпә, Пайансылу, Ақ хан, Қара хан, Қара Қалмақ; башқұрттарда: Кузыйкүрпәс, Маянһылу, Сарыбай, Қарабай; ал өздеріңізге белгілі қазақта: Қозы Көрпеш, Баян Сұлу, Қарабай, Сарыбай, Қодар болып келеді. Осындай нақты дәлелдерге сүйене отырып, М.Жолдасбеков және С.Қасқабасовтар аталмыш жырды сонау түркі дәуірінен келе жатқан көне фольклорлық туындыларымыздың ішіндегі ең асылы, ең құндысы деген пікір білдіреді. Олардың пікірінше бұл жыр бірден мұндай көркемдік деңгейге көтерілмеуі де мүмкін. Бастапқы сәттерде ол аңыз, не әңгіме қалпында әңгімеленіп, V–VI ғасырларда фольклорлық тұтастану үрдісін бастан кешіруі мүмкін. Ал қыпшақ дәуіріне тән XI–XII ғасырларда поэзиялық жыр-дастанға айнала бастаған. Алтын Орда дәуірінде көлемді жырға айналып, XVI–XVII ғасырларда эпикалық туынды ретінде танылып, классикалық эпос күйіне XVIII–XIX ғасырларда түскен.

Жырдағы кісі есімдері туралы пікір білдірген ғалымдардың назарын аударған келесі есімдер – Қодар, Қозы Көрпеш, Баян. Мысалы, Ә.Қоңыратбаев осы дастанның барабы нұсқасы мен қазақ жұрты арасында тараған В.В.Радлов нұсқасында Қарахан деп атап, Қарабайды XI ғасырдағы Түркістан, Жетісу өңірін билеген хандардың есімдерімен байланыстырады деп жазады. Ғалымның назарын өзіне аударған келесі бір есім – Қодар. Ол Қодар есімі де X–XI ғасырлардан бергі кезеңде жырланып жүрген жыр-дастандарда бар екендігін айтады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында Қодар Қарабай байдың малын бағып, шөлге ұрындырмай, аязда қырғызбай аман сақтап қалып отырған. Оны жырда Қодар құл деп те атайды. Ә.Қоңыратбаевтың айтуынша, X ғасырда Сыр бойын жайлаған оғыз-қыпшақ ру-тайпаларының тарихы туралы жазылған деректерде Қодар байдың отар-отар малын бағатын орынбасарлық қызметін атқарған кісісі деп жазылған. Жалпы оғыз тарихына көңіл бөлсеңіз, оғыз тайпасының билеушілерін ябғу деген. Бұл дегеніміз – бір жерді, елді билеуші әкім деген мағынаны береді. Оғыздардың кез-келген тайпасын алып қарасаңыз мұндай әкімдер болған. Олардың қайсысын алсаңыз да ябғу деп атаған. Ал яғбулардың уәзірлеріне Қодар-кен деп деген айдар таққан. Сондай-ақ, олардың әскер басы, қолбасшыларын Қатағанұлы Атырау деген. Тарихи деректерге қарағанда сол оғыз ішінде қанша ябғу бар болса, тура сондай Қодар-кені қызмет еткен. Бұл деректі 922 жылы Еділде орын тепкен Хазар мемлекетіне мұғаджар арқылы жол шеккен араб елінің тарихшы-ғалымы Ебн Фадлан баян еткен. Олай

болса, Қодар есімі жалпылама есім болып табылады. Бұл жағдайға мысал ертеден келе жатқан «Мақпал қыз», «Құл мен қыз» тіптен бәрімізге белгілі «Қыз Жібек» жырларынан да табылады. Осы жырлардағы Сегіз, Талайлы және Қаршыға сынды кейіпкерлер дастандарда отарлап мал бағу кәсібімен шұғылданған. Сондай-ақ, «Әлеуке батырда» Қодар атты кейіпкер Орақтың 90 құлының бас көтерері ретінде жылқысын бағады. Ал, Орақ батыр Көбікті елін жаулауға атқа қонғанда Қодар қарындасы Қарлығашты зорлықпен әйелдікке алу үшін жанын салады. Қызылорда өңірінің тумасы Жаңаберген жыраудың жырлаған «Қарабек» жырын алып қарасақ, XI ғасырға телінген Түркістан ябғусы Қадырханның баласы Қарабектің малшысы Қодар да жырдан орын алады. Қарабек қалмақ Қобланмен елден қашқан қарындасы Ханбибіні қайтармақ болып кеткен сапарында оның кешіккенін пайдаланып, ата-анасына мал бақтырып, ал сұлу әйелін өзі әйелдікке алмақ болып ел үстіне әңгір таяқ ойнатады. Жырлардың кей тұстарында Қодар тек құл ғана емес батыр деп те аталады. Дегенмен, қай жыр-дастандарды алсақ та, бұл бейне опасыздықтың белгісіндей көрінеді.

Ғалымдардың пайымдауынша, жырдағы Баян есімі де аса қатты көңіл бөліп қарастыруды қажет етеді. Бұл жыр жырланатын алтай өңірінде Баянды «Байымсұр» дейді. Осындағы «сұр» сөзі тас деген мағына да үстейді. Яғни, бұл дегеніміз тасқа айналған байдың қызы деген ұғымда айтылған. Сондай-ақ, Қозы атауы да телеуіттерде орын алмаған екен. Ол алтайлықтарша «көзе тас» яғни, тасқа айналып кеткен ер жігіт деген мағынада қолданылады.

Осы жырлардағы назарға түсер бір жағдай - кейіпкер есімдерінің алдынан не болмаса артынан анықтауыш сөздердің орын алуы. Мысалы: «Қыз Жібек» жырында Төлеген мырза, Қыз Жібек, Дуалы бай, Бекежан батыр; «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы Ақ Баян, Қыз Баян, Қодар құл, Қодар мұндар; «Айман- Шолпан» жырында ер Көтібар, ақ Айман, сұлу Шолпан болып келуі [3]. Мысалы, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының Жанақ нұсқасында:

1. Отырған хан Сарыбай, мені көрші[3,98 б.].
2. Он сан халқын Тайлақ би жиып алып[3,105 б.].
3. Көңілі батыр Тайлақ жазған хаттай[3,105 б.].
4. Қай адам ер Тайлаққа тең келеді[3,106 б.].
5. Ер Танас Қарабайға жүріп кетті[3,110б.].
6. Алдыма сұм Баянды алып берші[3,113 б.].
7. Қолынан ит Қарабай малын соймас[3,115 б.].
8. Ақ Баянды Қараеке берсең екен[3,117 б.].
9. Бұралған тал шыбықтай ол Баян қыз[3,119 б.].
10. Аяғы бес кісілік Көсем сері[3,121 б.].
11. Тайлақтың кенже інісі Айбас сері[3,122 б.].
12. Қараңыз ер Айбастың қылған ісін[3,122 б.].
13. Көреді батыр Айбас талай жерді[3,123 б.].
14. Келмесе сорлы Баян дегені өлсін[3,126 б.].
15. Кәпір Қодар бір тау ғой кім таласар[3,126 б.].
16. Қуанып сұлу Баян жүре берді[3,128 б.].
17. Ер Қозы амандасып жүріп кетті[3,136 б.].
18. Сипаты сұлу Баян сондай ғана [3,140 б.], т.б.

Жыр-дастандардағы бұл мәселе туралы ғалым Ы.Дүйсенов өз пікірін білдіре отырып, «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» жырындағы кез-келген образды ашуда, ол жайында сипаттама беруде, кейіпкерлердің мінез-құлық, жан дүниесін танытуда іс-әрекет арқылы емес теңеумен беру жиі орын алатынын айтады. Ғалым жырдағы «алтын айдар Қозы», «сұлу Баян» Қодарды ылғи «қара қалмақ», «шұнақ құл» деп атауына көңіл бөледі [3,528б]. Жыр-дастандарда бұлай кейіпкер есіміне тіркесіп келетін анықтауыш мәнді сөздердің орын алуын осы мәселені зерттеген біршама ғалымдар заңды құбылыс деп санап бұл жағдай батырлар жырыныда да, лиро-эпостық жырларда да, тіпті ертегі, аңыз, айтыс өлеңдерде де кездесетіндігін алдыға тартқан. Ә.Қайдаров ол туралы: «Бұл жалпы эпос пен фольклор антропонимдеріне тән дәстүр» [1].,- дейді. Мысалға, «Қыз Жібек» жырын алайық, онда:



«1.Төлеген мырза дер еді.  
 2.Жібек сұлу деген бар екен.  
 3.Қыз Жібектің ауылы.  
 4.Қаршыға жырау, сен,-дейді.  
 5.Кетер ме бұл қорлығың ер Қаршеке.  
 6.Төлегендей батырды,  
 Әулиедей көреді.  
 7.Төлеген ердің тұлғасын.  
 8.Төлеген мырза, сен бе едің.  
 9.Бекежан сынды ер еді» [1,Б.174-182].,-деп мырза, ер, батыр, сұлу, жырау, қыз тәрізді анықтауыштық қызмет атқарушы сөздер орын алған. Осындай мысалды «Айман-Шолпан» жырынан да көре аламыз:

1. Бір сұмдық Айман қызға болып қалды.
2. Қорада ер Көтібар айқай салды.
3. Ақ Айман бұл дауысты қош алмайды.
4. Қасында сұлу Шолпан сұрайды енді.
5. Зарланып Айман сорлы жыласа да.
6. Шайқалтып Айман сұлу мініп алды.
7. Тез жетсін ер Әлібек біздің баққа.
8. Сенбеймін мұныға да ер Арыстан[3, Б:182-190].

Халық фольклорындағы Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Ер Тарғын, Ер Сайын, Қыз Құртқа, Ақ Жүніс, Ақ Тоқты, Ер Төстік, Шық бермес Шығайбай, Алдар көсе тағы басқа атаулар антропонимдерге тән осы ерекшеліктерге мысал болады.


Жалпы жыр-дастандардағы бір байқалатын жағдай - кісі есімдерін құрметтей еркелете атау. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын алайық, онда Қозы есімі:

«Сұлу Баян айтыпты әкесіне,  
 Қозыкеке келер ме екен мұнда депті» [2,45 б.],-деп Қозыкеке деп аталса,  
 «Қайырлы ғұмыр бере көр-ау  
 Қозыжанға артындағы» [2,49 б.],-деп Қозыжан болып еркелетіп беріледі. Сондай-ақ,  
 «Қай адам Сарекендей ниетке жеткен,  
 Көп адам бізден бұрын өтіп кеткен» [2,53 б.],- деп Сарекен аталып,  
 Қареке-ау, ақылменен арбайсыз ба,  
 Жаратқан бір тәңірді алдайсыз ба» [2,56 б.],-деп Қареке деп көтермеленіп беріледі.

Т.Жанұзақов, А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев тәрізді ғалымдардың зерттеулері болмаса, жыр-дастандардағы кісі есімдері, олардың тілдік ерекшеліктері, жүйелі жүргізілген ғылыми этимологиялық талдаулар терең қолға алынбай жатқан дүниелер. Бұл туралы Ә.Қайдаров «Бұл лексиканың шынайы сыры түркі тілдерінің фактісін салыстыра, салғастыра қарайтын этимологиялық ізденістер арқылы ғана ашылмақшы», - деп атап көрсеткен [1,16 б.]. Шамалап, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қолға алынғаны болмаса сонау ғасырлардан бізге жеткен түрлі жыр - дастандардағы антропонимдер мұқият қарастыруды керек етеді. Ойымызды қорыта келгенде, лиро-эпостық жырлардағы топонимдер мен антропонимдерінің тілдік ерекшеліктері бүгінгі таңға дейін бірді – екілі зерттеу жұмысының нысанына айналғанымен әлі де тереңірек қарастыруды керек етерлік мәселе.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.
- 2.Қозы Көрпеш - Баян сұлу.- Астана: Фолиант, 2002. – 439 б.
- 3.Садырбаев С. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1977. – 224 б.



## РАМАЗАН ТОҚТАРОВ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Беркенова Р.А. - филол.ғыл.канд., доцент м.а.

Ақболтаева А.Б. - магистрант

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курсы, МҚТ- 21-1 тобы  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада Рамазан Тоқтаровтың прозалық шығармаларының көркемдік ерекшеліктері жан-жақты талданған. Қаламгер ел арасындағы саяси оқиғалар мен тұрмыс-тіршіліктің барлығы да осы проза жанры арқылы әр заманға өзіндік баға береді. Өзінің өміршеңдігімен төрткүл ғаламға танымал туындылардың бірі Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы екендігі оқырманға аян. Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтен кейін Абайдың шығармашылығын зерттеген Рамазан Тоқтаров. Қазақ әдебиетіндегі адам бейнесінің көрінісі оның тек қана сырт келбетінің суреттелуімен ғана шектелмейтіндігі, кейіпкердің жалпы өмірге деген көзқарасының қыр-сырлары, жазушының прозалық шығармаларының көркемдік ерекшеліктері қарастырылған.

**Кілтті сөздер:** проза, жанр, жазушы, ұлттық, роман, сюжет, кейіпкер, уақыт шындығы, замандас бейнесі.

**Аннотация.** В статье всесторонне проанализированы художественные особенности прозаических произведений Рамазана Тохтарова. Все политические события и бытовые условия нашей страны дают свою оценку каждому времени через этот жанр прозы. Читателю ясно, что одним из самых известных во вселенной произведений является роман-эпопея Мухтара Ауэзова «Путь Абая». В казахской литературе после Мухтара Ауэзова изучал творчество Абая Рамазан Тохтаров. В казахской литературе рассматривается тот факт, что проявление образа человека не ограничивается лишь описанием его внешности, тонкостями отношения героя к жизни в целом, художественными особенностями прозаических произведений писателя.

**Ключевые слова:** проза, жанр, писатель, национальный, роман, сюжет, персонаж, реальность времени, образ современника.

**Abstract.** The article comprehensively analyzes the artistic features of Ramazan Tokhtarov's prose works. All political events and living conditions of our country give their assessment to each time through this genre of prose. It is clear to the reader that one of the most famous works in the universe is Mukhtar Auevov's epic novel "The Way of Abai". In Kazakh literature, after Mukhtar Auevov, Ramazan Tokhtarov studied the work of Abai. Kazakh literature considers the fact that the manifestation of the image of a person is not limited only to the description of his appearance, the subtleties of the hero's attitude to life in general, the artistic features of the writer's prose works.

**Keywords:** prose, genre, writer, National, novel, plot, character, reality of time, image of a contemporary.

XX ғасырдың 60-шы жылдары - біздің ұлттық әдебиетімізде жаңа кезеңнің басталуы. Осы кезеңде әдеби жанрлар ең дамыған. Проза жанрындағы елеулі ізденістердің өз жемісін бергенінің мысалы-осы кезеңде жазылған әртүрлі тақырыптағы романдар.

Белгілі ғалымдарымыз «жиырмасыншы ғасырды ұлттық жазба әдебиетіміздің алтын ғасыры» деп түрлі мазмұндағы, көркемдік сапасы жоғары шығармалардың дүниеге келуімен бағалап жүргенді белгілі [1,65 б.]. Осы кезеңнің прозасы ұлт өмірінің барлық аспектілерін бейнелейтін көркем бейненің бай қорын құрды. Проза жанры сол кезеңдегі тарихи дәуірдің уақыт шындығын, қазіргі заман мен шындықты игере отырып, ұлт өмірінің шежірелік шындықтарын бейнеледі. Бұл салада 1960-жылдары әдебиет әлеміне келген І.Есенберлин,

С.Сматаев, Ә.Кекілбаев, Қ.Ысқақов, О.Бөкей, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Д.Досжанов, Р.Тоқтаров, тағы басқа бірнеше қаламгерлердің есімдерін ерекше атауға болады [2,156 б.].

Жазушы қаламынан әр жылдары туған «Ертіс перзенттері», «Ертіс мұхитқа құяды», «Бақыт», «Тұлпардың сыны», «Жердің үлгісі», «Сусамыр», «Таңбалы жарғақтың құпиясы» атты шығармаларды оқи отырып, өз шығармаларын жазу барысында елден қызықты сюжетті, ерекше кейіпкерді іздеуге алаңдамайды. Кәдімгі өмірдегідей, сіз күн сайын айналаңызда байқайтын құбылыс өзіндік және құнарлы тілмен, көркемдік көріністің қарапайым тәсілдерімен тамаша суреттелген. Сондықтан оның шығармалары да, ондағы кейіпкерлер де адам жанына жақындай түседі, күнделікті өмірдегідей шынайы, табиғи, өздерімен араласады. Р. Тоқтаров көркем әдебиеттің табиғатын, әсіресе проза жанрын, мәнін, ішкі жан дүниесін терең түсінеді. Қоршаған ортаны, қоғамды, ол өмір сүретін уақытты мұқият бақылайтын және өз жолынан адаспайтын жазушы. Кейбір өнер әлеміндегі кейіпкерлер - бұл кескіндеме шеберлігі мен ұлттық кескіндеме арқылы зерттелген бейнелер.

Р.Тоқтаров - үлкен суреткер, шеберліктің шыңына шыққан жазушы. Қаламгер прозасы үшін ең бастысы-адам. «Көркем шығарма дегеніміз сүйіспеншіліктің жемісі. Бірақ, іс болмаса сүйіспеншіліктің өзі өлі дүние болмақ. Сіз сүйіспеншілік ісін істеңіз, сонда біз де сіз сүйетін нәрсені сүйетін боламыз» -дейді ұлы жазушы Л.Толстой [3, 456 б.]. Қаламгер прозасы-қуаныш-арман, ой-мақсат, қиял-қайғы және адамдардың жан дүниесіндегі өзгерістерге толы. Атап айтқанда, адамның басты мақсаты-әртүрлі сезімдерді, әртүрлі психологиялық жағдайларды ашу. Р. Тоқтаровтың шығармалары, бір қарағанда, әр кезеңде әр түрлі тақырыптарды қозғайды және шығарманы уақыт талабына сай жазатын сияқты. Тіпті кейде оның романдарының тақырыбына қарап, сол науқанға, сол науқанға арналған долбар жасауға болады. Алайда, жазушы өз шығармаларын терең қадағалап, оларды оқығанда, олардың есімдері ғана әр мерзімді науқанға арналған сияқты. Кәдімгі адамдық, күнделікті өмір-бұл адами қатынастардың көрінуіне, қайшылықтардың көрінуіне, ізгілік пен зұлымдық арасындағы бітіспес күрестің себеп-салдарлық байланыстарын ашуға ықпал ететін мақсат. Осыған байланысты тақырыптық болып көрінетін жаңа туындылардың ішкі үйлесімі орын алады.

1968-69 жылдары жарияланып, екі кітаптан тұратын «Ертіс мұхитқа құяды» атты романында ол отызыншы, қырқыншы, соғыстан соңғы ондаған жылдар бойына елімізде орын алған әлеуметтік мәселелерді қозғайды [4]. Бас кейіпкер Бекеттің туған күнінен бастап азамат болып ат жалын тартып мінгенге дейінгі өмірін, оның төңірегіндегі адамдардың тағдыр-талайын жан-жақты әңгімелей отырып, жазушы жарты ғасырдағы қазақ елінің тұрмыс-халын көз алдымызға әкеледі. Отбасы мен қоғамның арақатынасындағы қайшылықтар, кішкентай адамдардың күнделікті миқнатқа толы өнімсіз тірліктері мезі ғып жібергендей болады.

Шалқар шабыты мен суреткерлік ұстанымын әңгімеден бастап, повестер мен романға дейін жеткізген жазушы өз прозасын үнемі жаңа ізденістермен, өзгерістермен өрнектеп, үнемі өркендетіп келеді. Қаламгер прозасының негізгі ерекшелігі өмірге, адамдарға барынша құрмет көрсетіп, адам сезімін шынайы, жан-дүниесінің нәзік те тылсым қырларын терең бейнелеп, осы арқылы оқушыны баурап алады. Әдебиеттің өміршеңдігі адам табиғатының өмірге деген сенімін тани білуімен байланысты. Әсіресе, адамды, оның ісін, рухани биіктігін көркем бейнелей алған әдебиеттің болашағы әрқашан да жарқын болатыны белгілі.

1975 жылы жарық көрген «Тұлпардың сыны» атты романында Р.Тоқтаров жаңа белеске көтерілді [5.]. Романда қазақ қызының сәтті бейнесі бар. Алматыға келіп оқуға түсе алмай, сандалып, әр кеменің құйрығын бір ұстап жүрген Мағрипа есімді бойжеткеннің ауыр қасіретін сөз ете отыра, «әйел – қырық шырақты» деген халық даналағының өміршеңдігін арқау етеді. Сол қыздың жолында кезіккен бар қиындықты өз бойындағы ата-анадан жұққан асыл қасиеттері арқылы жеңіп шыққанын әсерлі түрде баяндайды.

«Ғасыр наны» атты романы да бір тың және тыңайған жерлерді игеруге арналған шығарма секілді [6.]. Бұл шығарманы оқымай, немесе үстірт қараған адамға ғана солай

болып көрінеді. Кезінде солақай кей сыншылар кітаптың затына емес, атына қарап: «Романда тың жоқ, еңбек аз көрінеді, механизаторлардың бейнесі шықпай қалған» - деп байбалам салып, жазушының басына әңгір-таяқ ойнатқан кездерде болған. Оның бәрі уақыттың, жалған идеологияның, қала берді қызғаныш дертінен туған құбыжық талап екенін қазіргі уақыттың өзі дәлелдеп берді. Керісінше, бұл романда ұлт тағдыры, оның болашағының құрдымға жоқ болуға айналғаны сөз болады.

Р.Тоқтаровтың тағы бір көлемді туындысы – «Таңбалы жарғақтың құпиясы» романы [7.]. Бұл романға көшпелі қазақ халқының басынан кешірген үш үлкен тарихи дәуірі арқау болған. Әдебиет – халықтың көкейкесті арманынан шығып отырғанда ғана оның рухани қажет мүлкіне ғана айналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда Рамазан Тоқтаровтың «Таңбалы жарғақтың құпиясы» атты осы романы оның қалам ұшынан жаралған қымбат қазынасы әрі бүкіл шығармашылық еңбегінің биік шоқысы. Бұл – бүгінгі шындыққа шөліркеген оқушысын табатын құнды кітап. Рамазан Тоқтаровтың бұл романы ой-өрісі жоғары, талғамы зор, өз халқының өткенін, бүгінін, болашағын болжай алатын, соған тарыдай болса да өз тарапынан үлес қоссам дейтін абзал жүректілерге арналған аса қарымды туынды. «Адам жаратылысымен жараспайтын, жұрт көзінен таса әділетсіздіктерді әшкерелеу парызын жете сезінген жазушы қашан да алдымен осындай дерттің жолын кесу күресінен көрінуі керек десек, сол ойымыздан шыққан жазушы Рамазан Тоқтаров та, әдебиетімізге азды-көпті жаңалық әкелген роман – «Таңбалы жарғақтың құпиясы» деп жазады әдебиетші ғалым М.Хамзин [8,15 б.].

2001 жылдан бастап «Жұлдыз» журналында Р.Тоқтаровтың соңғы романы «Бітеу жара» жарияланып тұрды. Шығарманың ауқымы роман-естеліктен әлдеқайда кең. Ол – роман-толғаныс, роман-эссе.

Біздің қоғамдағы үлкен өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлар, соған байланысты сезімтал жүрегі бар адамның жан дүниесіндегі өзгерістер осындай шығармашылық ізденістерге бет бұрды. Рамазан Тоқтаровтың қаламынан шыққан барлық шығармаларында әдеби дамудың сипатын анықтайтын құнарлы идеялық-көркемдік ізденістер бар. Біз белгілі бір жазушының шығармашылығындағы ең құнды қасиеттердің бірі-өнер туындысы ұлттық дәстүрлерге, моральдық асыл мұраттарға негізделген деп қателескен жоқпыз. Демек, оның әрбір туындысы өзінің тартымдылығы мен тыйымымен, бояусыз шынайылығымен ғана құнды. Өмір шындығының прозасына сүйене отырып, Р.Тоқтаров өзінің жоғары мұраттарына жеткен жазушы.

### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Бердібаев Р. Роман және заман. -Алматы: Жазушы, 1967. - 170 б.
- 2.Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. -Алматы: Жазушы, 1977. -380 б.
- 3.Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы.- Алматы: Жазушы, 1975. -210 б.
- 4.Тоқтаров Р. Ертіс мұхитқа құяды. Роман-диалогия.- Алматы: Жазушы, 1 кітап – 1968, 2-кітап – 1969.
- 5.Тоқтаров Р. Тұлпардың сыны.- Алматы: Жазушы, 1975. – 378 б.
- 6.Тоқтаров Р. Ғасыр наны.- Алматы : Жазушы, 1983. – 461 б.
- 7.Тоқтаров Р. Таңбалы жарғақтың құпиясы.- Алматы : Жазушы, 1992. – 315 б.
- 8.Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған.- Алматы: Жазушы, 1988. – 189 б.



## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Пертаева Ә.Қ. - ф.ғ.к., доцент м.а.

Алдекова И.К.-магистрант

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының зерттелуі қарастырылған. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті даму жолында өзге елдер әдебиетінен қалмай, көшпен бірге жүрген. Бүкіл әлемде өтіп жатқан ірі оқиғаларға қанаттаса үн қосып, шығармашылық ізденістермен үлкен жетістіктерге жеткен. Әдебиет даму барысында жаңа, жоғары сатыларға көтерілген, қоғамдық сана мен халық тұрмысын суреттеуде заман лебін жырлауда философиялық тереңдік пен көркемдік биіктерге шыққан.

**Кілт сөздер:** қазақ поэзиясы, реакциялық туындылар, ұлтшылдық идея, тарихи-әдеби деректер, шығармашылық ізденістер, кеңестік идеология

**Аннотация.** В статье речь идет об изучении казахской поэзии начала XX века. Казахская литература начала 20 века не отставала в своем развитии от литературы других стран. Он озвучивал крупные события, происходящие во всем мире, и добился больших успехов в творческом поиске. В ходе своего развития литература поднималась на новые, более высокие ступени, достигала философской глубины и художественных высот в описании общественного сознания и народной жизни, воспевании времени.

**Ключевые слова:** казахская поэзия, реакционные произведения, националистическая идея, историко-литературные данные, творческие поиски, советская идеология

**Abstract.** The article deals with the study of Kazakh poetry of the early twentieth century. Kazakh literature of the early 20th century did not lag behind the literature of other countries in its development. He has voiced major events around the world and has made great strides in his creative pursuits. In the course of its development, literature rose to new, higher levels, reached philosophical depth and artistic heights in describing social consciousness and folk life, glorifying time.

**Keywords:** kazakh poetry, reactionary works, nationalist idea, historical and literary data, creative searches, Soviet ideology

Кеңестік кезеңде XX ғасыр басындағы әдебиет туралы ресми идеологияның қағидалары Қазан революциясына дейін қазақ халқында кәсіпқой жазба әдебиет болған жоқ деді. Керісінше, әдебиет аталып жүргендері көркемдігі шамалы, мазмұны мәнсіз, дінді уағыздайтын, реакциялық туындылар деп тапты. Тіптен онда тап тартысы көрсетілмейді, орыс халқымен қосылудың маңызын, мәнін дұрыс ұғынбағандықтан ұлтшылдық идеяларды насихаттайды деп атап көрсетті.

XX ғасыр басындағы әдебиет туралы осы пікірге бірден-бір қарсылық көрсеткен ғалымдардың бірі – Б.Кенжебаев болды. Ол тіптен өзінің жинаған материалдары арқылы басты қағидаға айнала бастаған осы пікірдің негізсіздігін дәлелдеп берді.

Кеңестік идеология әсерімен білдірілген жоғарыдағы пікірдей емес, тарихи-әдеби деректер шындығы басқа болатын. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті даму жолында өзге елдер әдебиетінен қалмай, көшпен бірге жүрген. Бүкіл әлемде өтіп жатқан ірі оқиғаларға қанаттаса үн қосып, шығармашылық ізденістермен үлкен жетістіктерге жеткен. Әдебиет даму барысында жаңа, жоғары сатыларға көтерілген, қоғамдық сана мен халық тұрмысын суреттеуде заман лебін жырлауда философиялық тереңдік пен көркемдік биіктерге шыққан. Ш.Құдайбердіұлы [1], А.Байтұрсынұлы [2], М.Жұмабаев [3], Б.Күлеев [4], М.Дулатов [5] бастаған қаламгерлер шығармашылығы осыны көрсетеді. Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеген тарихи-әдеби деректер мен тиянақты талдаулары міне осы

қорытындыға алып келді. Бұл мәселені сонау Кеңестік кезеңде айтуға болмайтын. Мұны кезінде зиялы қауым білді, көпшілік те сезді. Бірақ оны жазу түгіл, айтуға да бата алмады. Отыз жетінші жылдардың үрейі, ауық-ауық соғып тұратын «ұлтшылдыққа, жат идеяларға қарсы күрес» науқандары сауатты адамдарды қатты шошытты. Тырнақ астынан кір іздеген қытымыр заманда қып-қызыл отқа түсуге екінің бірі тәуекел ете алмады. Сондықтан да ресми идеологияға қарсы келмейтін зиянсыз, жалпы сөздерді айтумен ғана шектелді. Осындай саяси идеологиялық жағдайда ХХ ғасыр басындағы мәдени-әдеби ахуал туралы шындықты жазуға бекіну ғалымның қажыр-қайратына, ар-ұжданына ғана байланысты еді. Ал ғалым Б.Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін халықтың сан ғасырлық әдебиет тарихындағы елеулі ірі кезең дегенді ақырын өз зерттеулерінде айтқан болатын. Қытымыр саяси идеология құрсауында қазақ әдебиетінің тарихына қажетті жаңа мәліметтер мен тың деректердің, терең талдаулар мен негізгі зерттеулердің қорытындыларын жариялауға жағдай жасайтын өзіндік әдістеме, тәсіл іздеді. Бұл өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының ортасы болатын. Ғалым шығармашылығының ұзақ сапарында үнемі екі оттың ортасында болды. Бірі ресми идеология болса, екіншісі тікелей шындық, тарихи-әдеби деректер. Б.Кенжебаевқа ағартушы демократтық бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығы туралы мәлімет жинаудың өзі күшке түсті. С.Торайғыров пен М.Сералиннің өмірбаяндық мәліметтерін жариялаудың қаншалықты қажытқанын ғалымның өзі айтып отырған. Кейбір материалдарды мұражайдан іздеудің, біреуден сұраудың өзі қауіпті болатын. Ғалым қолда бар мүмкіндіктерді мейлінше пайдалана отыра, әдеби-тарихи деректерді сөз ете бастады.

Алдымен, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қоғамдық санадағы ролін бағалады: «Қазақтың ХХ ғасырдың басындағы ақын-жазушылары өздерінің таңдаулы шығармаларында қазақ халқының бұрынғы, өз тұсындағы әдебиетінің жақсы үлгі дәстүрлерін әрқайсысы өз әлінің келгенінше ілгері дамытты, оны қазақ халқының бүгінгі барша озат, терең идеялы, көп жанрлы, барынша көркем әдебиетіне әкеліп ұштастырды», – дей келе оған дәлел ретінде С.Торайғыров, М.Сералин, С.Дөнентаев, Ә.Тәңірбергенов т.б. қаламгерлердің шығармашылығын айтады [6]. Түрлі әлеуметтік топтардың заман екпініне ілесе алмауынан туындайтын сан алуан жанрлардағы, пафостағы, стильдегі шығармалардағы бейнелеу сырларын терең талдаулар арқылы көрсетеді. ХХ ғасыр басында қазақ қоғамының ілгері жылжуына кедергі болған кемшіліктерді суреттеп, адамгершілікке, оқуға шақырған қаламгерлердің аз болмағанын дәлелдей келе, олардың шығармаларындағы түрлі көзқарастардың кездесуін мәнді жаңалық ретінде тілге тиек етеді.

«Ағартушы ақындар» туралы еңбектерінде олар өскен дәстүр, білім алған оқу жайына айырықша тоқталады. «Мұсылманша орта, жоғары дәрежелі білім алды, кейбірі тіпті көп оқып, ғұлама болды», – деп жазады [6]. Қазіргі таңда ешбір оғаштығы жоқ бұл пікірлермен ол кезде ойнауға болмайтын, қауіпті, «халық үшін зиянды» қателер бар еді. Мұсылмандық оқу түгіл, шығыс мәдениетіне сөстия қараған заманда сол оқу орындарынан оқып, «ғұлама болды» деп жазу үлкен тәуекелді ғана емес, сақтықты да керек ететін. Осыны мұқият ескерген профессор Б.Кенжебаев қажет жағдайда шегінетін жолдарын да есептеген тәрізді. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне арналған «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулықтың алғашқы бөлімдерінде шығыс оқуына қатысты «жаттанды кітаби білім шәкірттерге түсініксіз жат» болатын деп жазса, дінге байланысты пікірлеріне діни фанатизмді тіркейді. Демек дін мен діни фанатизм бір емес. Сөйтіп, кеңестік идеологтар құлағына жағатын сөздерді айта отырып, күтпеген жерден әлгіндей «күмәнді ойларды» қыстырып та жібереді.

Б.Кенжебаев халқымыздың қоғамдық санасы мен әдебиетінің тарихына қатысты жинақталған, жаңадан табылған тың материалдар мен зерттеулердің қорытындыларын мейлінше пайдалануға тырысқан. Сол үшін ресми идеология қағидаларынан көсемдер сөздеріне сүйене, сілтеме жасай отырып, өзінің аса даулы пікірлеріне жол салды. Тарихи деректерді алға тартып, айтуға болмайтын талай шындықтарды айтады. Мәселен, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуына қолайлы әсер еткен күрделі жайларды айту үшін сол жылдардағы қоғамдық жағдайға жан-жақты талдау жасайды. 1958 жылғы «ХХ ғасыр

басындағы қазақтың демократ жазушылары» атты монографиясында қоғамдық санадағы пәрменді қозғалысты көрсетуге қазақстандағы ағартушы демократтық қозғалыстарға, оның түрлі ағымдарына, бағыттарына тоқталады. Өзі басы-қасында болған қазақ мерзімді баспасөзінің, баспа ісінің қалыптасу тарихын жазады. 1950 жылғы «Қазақ баспасөзі тарихынан», 1956 жылғы «Қазақ баспасөзі тарихынан мәліметтер», 1962 жылы Т.Қожекеевпен авторлық бірлестікте жазған «Қазақ совет баспасөзі тарихынан» атты еңбектерінде осы мәселелер кеңінен сөз болады.

Күресі мен тартысы мол дәуірді ерекше ықыласпен зерттеген ғалым – Б.Кенжебаев бұл саламен отызыншы жылдары айналыса бастаған. Ол кезде А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Қоңыратбайұлы т.б. ғалым жазушылардың еңбегі қараланған. Ұлт әдебиеті тарихын жаңа бастаған еңбектері аяқсыз қалды, енді басталған дәстүр үзіліп кетті. Міне, осындай жағдайда әдебиетке жалындап келген ақын, сыншы, әдебиетші алдында қазақ әдебиеті тарихын қайта жасау міндеті тұрды, сондықтан да ол өз замандастары секілді оқу құралын түзіп, оқулық, зерттеу жазуға ден қойды.

Б.Кенжебаевтың ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуі үш бағытта жүргізілді. Бірінші, әдеби мұраны жинаушы, жариялаушы және кітап етіп шығарушы. Екінші – оқу құралдарын /хрестоматия/ құрастырушы. Үшінші – оқулық жазушы.

Қазақ әдебиеті тарихында жиырмасыншы ғасырдың бас кезі айырықша аталады. Кеңестік кезеңде көп әдебиетшілер бұл салаға үрке қарады. ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылардың демократиялық-ағартушылық көзқарастары ашылмады. Тіптен Абай, Сұлтанмахмұт тәрізді ақындардың өзін де жөнді тани алмай келдік, таныған күнде де олардың шығармаларына бірсарынды пікірлер айтылып жүрді. Міне, осындай күрделі кезеңнің басын ашып, ол кездегі ақын жазушылардың өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, дұрыс бағасын беру керек болды. Сондықтан да көп ізденген Б.Кенжебаев архивтерде отырып, құжаттар мен шығармалардың түпнұсқасын салыстыра зерттейді. Б.Кенжебаев бұл кітабында жиырмасыншы ғасыр басындағы қоғамдық, мәдени жағдайды баяндай келіп, одан ары қазақ даласында болған мәдени өзгерістерге жан-жақты шолу жасайды. Осы тұста «Түркістен уәлаяты газеті», «Торғай газеті», «Ешім даласы», «Серке», «Қазақ» газеттерінің шықты. 1911 жылы «Қазақстан» газетінде сол кездегі халқымыздың хал-жағдайлары, өнер-білімге ұмтылу, орыс мәдениеті мен әдебиетінен үйрену мәселесі күнбе-күн қойылып отырыпты. Газет бір номерінде Абайды қазақ әдебиетінің таңы деп, оның өлеңдеріне жоғары баға беріпті.

«Айқап» журналының жаңашылдық жолындағы қызметі, әсіресе надандыққа қарсы күресі, әйелдер теңдігін қорғаудығы ролі жазылған. Журнал қазақ әдебиетінің жаңа бағытта өркен жая бастауына себепші болған. Әдебиетіміздің сол кездегі белгілі өкілдері осы журнал арқылы көрінген. «Олардың атаулы шығармалары тұңғыш рет осы журнал бетінде жарияланған», – дейді ғалым [6]. Бұл жылдары кітап басып шығару мәселесі де оңай болмаған. Қазақ тілінде бар-жоғы 70 шамалы ғана әдеби кітап шығыпты. Солардың көбісі Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында жеке адамдар баспасынан шыққан поэзиялық, прозалық жинақтар еді. Автор атап көрсеткендей, сол кездегі баспа жұмысының жағдайынан, онда қандай кітаптар басылып шыққанынан хабардар болды. Монографияда Ақмолла Мұхамедиярұлы, Әубәкір /Кердері/ Шоқанұлы, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сияқты діни бағытты ұстаған ақындар шығармашылығы жеке бөлім болып қарастырылған. Еңбектің келесі бөлімдері С.Торайғыров, М.Сералин, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Бекет Өтетілеуов, Нармамбет Орманбетов, Әкірәм Ғалымов, Әріп Тәңірбергенов шығармашылығына арналған. Олардың басты-басты шығармаларына тоқталып, туындыларды әдеби тұрғыда талдаған. Әсіресе, С.Көбеев, М.Сералин сияқты ақын-жазушылар өмірі мен туындыларына жеке-жеке тарау арнап, олардың журналистік, ақындық, педагогтік, ағартушылық қызметтеріне тоқталады.

Б.Кенжебаевтың аталмыш еңбегіне дейін олардың ақындық, журналистік қабілеті, қоғамдық-ағартушылық қызметі, прогрестік көзқарастары жан-жақты ашыла қоймаған

болатын. Бұл зерттеудің ең басты құндылығы сол мәселелердің ғылыми мәнін ашуда деп білеміз. Монография соңында 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлардың жиналуы, жүйеленуі, олардың тақырыбы мен мазмұны, көркемдік ерекшеліктері қарастырылған.

Б.Кенжебаевтың 1956 жылы шыққан «1916 жылғы көтеріліс жырлары туралы» кітапшасында алдымен тарихи жағдайларды бағдарлап алады. Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалысының тек қара жұмысқа алуға байланысты шықпағанын, оның саяси-экономикалық себептерінің арыда жатқандығын ашады. Ресейдің алым – салықтары көбейіп, қанаудың шегіне жеткенін, жылу жинау, соғыс салығы деген салықтардың көбейгені олардың бәрінің бас көтеріп, қолға қару алуына мәжбүр еткенін айтады. Ғалымның айтуынша, 1916 жылғы көтеріліс туралы көлемді шығармалар, әсіресе прозалық шығармалар болмаған. Тек қана аттандыру, қоштасу және сағынышты білдіретін арнау, өлең хаттар мен толғаулар шыққан дейді. Бұл өлең, толғаулар ел арасына ауызша және қолжазба хат күйінде таралған. Осындай поэзиялық шығармаларды Б.Кенжебаев тақырып, мазмұныны қарай бес салаға жіктейді.


Сонымен қатар, XX ғасыр басындағы ақындар поэзиясының ішінде жақсы зерттелген тұлғалардың бірі – қазақтың эпикалық поэзиясының біртуары Ілияс Жансүгіров шығармашылығы. «Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көп қырлылық. Бұл ерекшелікті ақын, драматург, прозаик Ілияс Жансүгіров шығармашылығынан көруге болады» – дейді ғалым Р.Нұрғали [7, Б.47]. Бүгінге дейін ақынның шығармашылық өмірбаянын жасау арқылы оның өлеңдерін тақырыптық-идеялық жағынан топтастыра зерттеу ісі қолға алынды. Ақынның ұқсастықтарына қарай топтастырылған саяси және табиғат лирикаларына арналған өлеңдерін жігімен жіліктей отырып формалық, идеялық тұрғыдан дәл мінездеме берілді. Қаламгердің ұлы жазушы М.Әуезовті тамсандырған Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауының сұлулығын келістіре жырлаған тау суреттеріне арналған өлеңдер топтамасын әсіресе ғалым Р.Нұрғали терең зерттеп қарастырды. Ғалымның Ілияс Жансүгіров шығармашылығы туралы кеңірек толғайтын тұсы эпикалық туындыларына қатысты. «Қазақ әдебиеті тарихында кең құлашты, терең мағыналы эпикалық поэмалар тудырған талантты ақындар қатарында Ілияс Жансүгіров есімі ерекше аталады. Бұл салада ақын көптеген әдеби барлау, көркемдік тәжірибе жасай жүріп, әлеуметтік маңызды тақырыптарға арналған бірнеше салмақты туынды берді», – деген пікірі сол толғамының бір парасы [7, Б.49].

Кезінде қазақ поэзиясына поэма жанрының ерекше үлгісін әкелген «Күй», «Күйші», «Дала», «Құлагер» поэмалары екендігі белгілі. Р.Нұрғали осы поэмаларды талдау кезінде Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық лабораториясына тереңдей енеді. Сол арқылы ақынның ішкі жан дүниесін, шығарма кейіпкерлерінің психологиялық характерін ашуға ерекше мән береді. Қазақ поэзиясында бұрын кездеспеген Алтай мен Атырау, Сібір мен Самарқанның арасын тұтастай жырға қосқан «Дала» поэмасы туралы салиқалы пайым жасап, ұтымды ой айтады. Шығарманы бастан-аяқ жүйелі зерделеген ғалым соңында: «Қазақ халқы өмірінің екі жүз жылдық панорамасын бейнелеген эпикалық «Дала» поэмасы әдебиетіміздің үздік шығармаларының қатарына жатады», – деген түйін жасайды [7, Б.49]. Р.Нұрғали сюжеттік әрекет пен лирикалық толғаныс қатар өрілген «Күй» поэмасына да талдау жасап, Молықбай қобызшының өнерпаздық дарынынан туған күйдің әсерін шығарманың тірегі деп бағалайды. «Өнер тек қайғы, қасіретті, мұңды айтып, адам жанын жаралап, жүрегіне от тастайтын сиқырлы күй емес, өмірге жетелейтін қайрат-жігердің киелі қайнары деген идеяны «Күй» өзекті сарыны, леймотиві деп білу керек», – деген ойында үлкен салмақ жатыр [7, Б.32]. Ғалымның «Күйші» поэмасын талдау кезінде де салиқалы пікір айта білгенінің куәсі боламыз. Атақты хан Кененің ордасында тартылған күйдің сиқырын, ханның қарындасы Қарашаш пен Күйші арасындағы тартысты әспеттейтін поэма идеясына айтылған ғалымның мына бір пікіріне назар аударайық: «Күйші» – өлімді, зұлымдықты жеңген өнер құдіреті туралы симфониялық сарыны, романдық қуаты бар, кең тынысты, асқақ әуенді күрделі шығарма» [7, Б.47].



### Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2011. – 565б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2001. – 321 б.
3. Мұқанов С. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 1998. – 395 б.
4. Күлеев Б. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2013. – 278 б.
5. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Рауан, 2016. – 255 б.
6. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Дәуір, 2000. – 383 б.
7. Нұрғали Р.Н. Арқау. – Алматы: Жазушы, 2000. – 155б.



ӘОЖ 82.233.02

## «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Пертаева Э.Қ.-ф.ғ.к., доцент м.а., Арын С.О. - магистрант  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада «Абай жолы» эпопеясының тілдік ерекшеліктерін зерттеудің қысқаша тарихы қарастырылған. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тілдік ерекшелігі туралы зерттеу еңбектері болғанымен, оны антропоэзектік аспектіде, этностың танымдық дүниесінің ұлттық сипаты тұрғысында осы кезге дейін қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағытта арнайы қарастырылмағаны белгілі. Осыған орай шығармадағы ономастикалық атаулар кешенінің, ондағы онимдік бірліктердің концептілік әлеуеті мен жалпы романның ономастикалық кеңістігінің бүгінге дейін зерттеу нысаны болмай келгендігі мақаланың өзектілігін айқындай түседі.

**Кілт сөздер:** этимологиялық талдау, фонема, морфема, лексика, ұлттық болмыс, халықтың өмірі, этнография

**Аннотация.** В статье представлена краткая история изучения языковых особенностей эпоса «Абай Жолы». Известно, что хотя у М.Ауэзова есть исследовательские работы по языковым особенностям эпического романа «Абай жолы», он специально не рассматривался в когнитивном направлении казахского языкознания с точки зрения антропотопического аспекта, национального характера познавательного мир этноса. В связи с этим тот факт, что комплекс ономастических имен в произведении, концептуальный потенциал ономастических единиц в нем, да и ономастическое пространство романа в целом до настоящего времени не являлись объектом исследования делает актуальным.

**Ключевые слова:** этимологический анализ, фонема, морфема, лексика, национальная идентичность, народный быт, этнография

«Абай жолы» роман-эпопеясын әдебиетшілер де, тілші ғалымдар да аз зерттеген жоқ. М. Әуезовтің шығармалары турасында көптеген ғылыми жұмыстар мен зерттеулер тек отандық ғылымда ғана емес, шетелдік ғалымдардың да басты тақырыбы болып жүр. Қазақ ғалымдары арасында басқа саланы былай қойғанда, тек тілші ғалымдардың өзі қаламгер шығармашылығын жан-жақты зерттеп келеді. М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларының толық жинағындағы қазақ тілінің этномәдени лексикасына тарихи-семантикалық және этимологиялық талдау жасаған профессор Е.Жанпейісовтің еңбегінде олардың семантикалық топтары көрсетіліп, фонемалық, морфемалық, лексикалық жағынан жан-жақты талданған. Ғалым өз еңбегінде академик Қ.И.Сәтпаевтың М.Әуезовтің «Абай» романы турасында

айтқан: «М.Әуезовтің «Абай» романы ғылымның барлық саласындағы мамандардың қызығушылығын тудыратын еңбек. Әсіресе, этнограф ғалымдар романнан халықтың өмірі мен тұрмысы, саятшылық өнері мен әдет-ғұрпынан, қазылар мен билердің болмысын нақты көрсететін және әрқайсысы белгілі бір ғылыми жұмыстың нысаны бола алатын этнографиялық қызықты детальдарды [1, Б.3] табуға болады» – деген пікірінің мәні зор екендігін айтады.

М.Әуезов шығармаларының тілі туралы нақты ғылыми талдау жасаған академик Р.Сыздық: ...«Абай жолы» эпопеясының тілі – шын мәнінде «ой мен сезімге бірдей әсер етерлік» айшықты да әсем тіл екендігі зерттеуші түгіл, қарапайым жай оқырманға да жақсы сезіледі. Әсіресе, төлтума тіліндегі «Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде» – деп баға береді [2, Б.9]. Бұлай болатын себебі, суреткердің ұлылығын танытқан бірегей туындысы «Абай жолы» эпопеясының дүниеге келуі ұзақ ізденістің, үлкен зергерліктің нәтижесі, автордың ұлттық болмыс пен танымды тіл арқылы шебер суреттей білуінде.

Белгілі зерттеуші З.Серікқалиев: «М.Әуезов – өткен өнер ізгілігін жай жалғастырушы ғана емес, жазушы адам мен әлем сабақтастығын мүлдем жаңаша шешеді. Оның сүйікті кейіпкері Абай жаратылыстың баянды, мәңгілік мәселесінен бастап, өмір ағымындағы адам орны туралы, өз замандастарының, болашақ ұрпақтың сүйеніш тірегі, тәрбиешісі ақын әспеті жайлы мәртебелі түсінікке жеткен» деген тұжырым жасайды да: «Әр жанрда қалам тартқан әр дәуір суреткерлері Әуезов пен Хокусай шығармаларын талдау – жаратылыс жанын нақты, көрнекі құбылыс тұрғысында тікелей сезінуге мүмкіндік туғызады, дүние тынысынан байыпты [3, Б.180] біраз мағлұмат береді», – деп қорытады. Жалпы, М.Әуезовті тек көркемсөз шебері ғана емес, керемет тарихшы, философ ретінде де тануға болады. Себебі, «Абай жолы» роман-эпопеясы жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ халқының тарихы мен дүниетанымы, болмысы мен шарушылық мәдениетінен мол хабар береді. Ал шығарманы тілдік тұрғыдан талдағанда бұл мәселеге ерекше мән берген дұрыс. Роман-эпопеяның тілін – қазақ халқының тіл байлығының мол қазынасы деп бағалауға болады. Роман-эпопеядағы тілдік қолданыстардан бөлек мұндағы жалқы есімдердің өзі халқымыздың тарихы мен мәдениетінен сыр шертеді. Осы тұста профессор Т.Жанұзақов М.Әуезовтің: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деген пікірін келтіре отырып, өз еңбегінде: «Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып-білуде де бұлардың атқарар рөлі аса зор. Өйткені ол атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі» [4, Б.3-4] – деген тұжырым жасайды.

Жалпы, қазақ ономастикасында «Абай жолы» романының жалқы есімдер құрамына 1981жылы Краков қаласында өткен халықаралық ономастикалық конференцияда алғаш рет ғылыми талдау жасаған проф. Т.Жанұзақ болатын (Т.Жанұзақов. Собственные имена в эпопее «Путь Абая» М.О.Ауэзова //Frog of 13 the int. Congress of onom.Sciences. Krakow, 1981, P. 357-362.)

Академик Р.Сыздық М.Әуезов тілін тану жөнінде: «...М.Әуезов тілін тануда алдымызда қандай шаруалар бар, қандай міндеттер тұр дегенге келсек, шамамен мыналарды айтар едік. Ең алдымен, М.Әуезовтің бүкіл көркем туындыларының тілін кеңінен зерттеуді бастау...».

«Екіншіден, М.Әуезовтің публицистикасы мен ғылыми еңбектерінің тілі де стильдік, лексикографиялық зерттеулерді күтеді. Жазушының шеберлігі мен даралық стилі бұларда да айқын сезіледі» [5, Б.13] – деген құнды пікір айтады. Осындай пікірлерді басшылыққа ала отырып, М.Әуезов шығармаларын зерттеуде тілші ғалымдар қаламгердің шығармашылық қасиетіне жан-жақты, тиянақты қарауды мақсат етіп отыр. Осыған орай Қ.Есенованың

«Мұхтар Әуезов публицистикасының тіл өрнектері» атты еңбегінде қаламгер публицистикасының тілі, сөз қолданыстарының ерекшеліктері жан-жақты зерттелді десек болады. Ол қаламгердің тілдік қолданысын терең талдай келе: «Шындық өмірдің барлық құбылыстары мен оқиғаларын жіті бақылай отырып, шаруашылық жағдайы, ауыл өмірі, оқу-білімнің дамуы, адам санасындағы өзгерістер, ғылымның дамуы туралы М.Әуезов – публицист ойын қоғам талқысына ұсынады. Бірақ, әрине, М.Әуезов публицистиканы кәсіп еткен жоқ. Дегенмен, ол өмірде болып жатқан өзгерістерге өз пікірін білдіріп отыруға үн қосуға тырысты баспасөз тіліне тән жоғарыдағы таныған ғалымдар қазіргі таңда» – деген пікір айтады [6, Б.13].

Жалпы, М.Әуезов шығармаларын зерттеу ғылымның әр саласында қамтылса, «Абай жолы» романы әлемнің 116 тіліне аударылып басылды. Мұның өзі әлем әдебиетіндегі «Абай жолының» биіктігін танытады. Сондықтан болар, француздардың қоғам қайраткері Луи Арагонның: «Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқушыға қызықты қиял мен өрен ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Бұл шығарма совет әдебиеті туындыларының маңдай алды легінен орын алады деу аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын» – деген пікірін ерекше құнды деп білеміз. Мұндай классикалық туындыны зерттеу ғалымдарды да жан-жақты қызықтырып отырғаны ақиқат. М.Әуезов шығармаларын зерттеудің басты айғағы ретінде жас филолог ғалымдардың «Әуезов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізіліп келеді. Осымен бесінші рет өткізіліп отырған аталмыш конференцияның басты мақсаты да қаламгер шығармаларын жан-жақты тану болып табылады.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге академик Р.Сыздық, профессор Е.Жанпейісов сынды ғалымдардың бастап берген жолымен қазіргі жас буын өкілдері де ерекше мән беріп келеді. Дегенмен, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы онимдердің сипатын, жалқы есімдердің табиғатын, оның лингвомәдени ерекшеліктері мен когнитивтік қырын қарастырған еңбектер әлі де көлемді зерттеу нысаны болған емес. Осыған орай біз мақаламызда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының ономастикалық кеңістігін қарастыруды басты мақсат етіп қойдық. Себебі, шығармада берілген жалқы есімдердің өзі халқымыздың тарихи, мәдени құндылықтарының шежіресі екендігінде дау жоқ. Бұл – сонымен қатар Әуезовтану мен Абайтанудың жаңа бір қыры. Ұлттық дүниетанымның болашағы туралы М.Әуезовтің өзі: «Жылдан-жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін нәрселер жоғалып бара жатыр. Солар жоғалған сайын қазақ тарихына ескілікті білу, іздеп тауып ұғыну қиын бола бермекші. Қазір де әдебиет тарихы сияқтыларды тізу қиын. Әуелден алыс жерден бастауға болмайды. Біз ең алдымен өзімізге таныс бергі заманнан бастау керек. Іздеушілер көбейіп, табылған ескілікті жұрнақтары көбейген соң, сол бұйымдардан құрап, қолға таяқ алып, ескілікті ерте заманға қарай тереңдеп жылжи беру керек» [7, Б.13] – деген пікір айтқан болатын.

Жалпы, Әуезовтану мәселесі қай кезде де тілші ғалымдардың зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. 1967 жылы зерттеуші Е.Бектұрғанов «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрақты сөз тіркестері» тақырыбында жазылған кандидаттық диссертациясында: «М.Әуезов шығармаларының тілдік ерекшелігі сол – тілдік тұрғыда жүргізілетін зерттеулер үшін баға жетпес бай материалдар болып табылады», – деген [8, Б.3] тұжырым жасайды.

Ал, әдебиет саласында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы турасында бүгінге дейін көлемді зерттеулер жүргізілгені белгілі. Барлығын айтпасақ та, А.Байтанаевтың «Абай жолы» эпопеясын жазудағы М.Әуезовтің шеберлігі жайында жазған еңбегіндегі: «Абай жолы» – барлық көркемдік болмысымен қазақ халқының ұлттық рухын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын бейнелейтін ұлттық эпопея» деген [9, Б.63] бағасынан қаламгердің бай тілдік қазынасын зерттеудің өміршеңдігін байқаймыз.

М.Әуезов тұлғасына деген үлкен қызығушылықтың бірі – қаламгер мерейтойына арналған конференциялардың достастық елдердің көпшілігінде ұйымдастырылуы. Әсіресе, Ресейде қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтың ерекше екендігін 1993 жылы

М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің жетекшілік етуімен Қ.Уразаеваның «Фольклорные традиции и особенности романтического стиля ранней прозы М.О.Ауэзова» атты диссертациясынан аңғаруға болады.


Қазақ әдебиеті тарихында М.Әуезовтің алар орны ерекше. М.Мырзахметов Әуезовтің абайтанудағы ғылыми жолын мынадай төрт салаға бөледі: 1) Абай шығармаларын жинауы, текстологиялық жағынан сұрыптауы, жариялауы туралы еңбектері; 2) Абай өмірбаянын қайта жазып, ақындық қызметі мен дәуірі, заманы жайында деректер жинап, естеліктер жаздырып, жоғалуға айналған өлең жолдарын қалпына келтірумен айналысуы; 3) Абай өмірі мен шығармалары туралы арнайы зерттеу жұмысын жүргізуі; 4) жоғары үш саланың негізінде Абай мұрасын ақын туралы көркем шығармалар жазу арқылы танытуы [10, Б.109].

М.Әуезовтің «Абай жолын» оқып алып, француз сыншысы Бержерон: «Осынша ұлылықпен, осынша махаббатпен, оның үстіне Әуезовтің дауысындай дауыспен жырланған халық – көсегесі шын көгерген халық қой» – деп ерекше таңданыс білдірген екен. Олай болса, М.Әуезов шығармаларын зерттеу, әсіресе, оның тілдік ерекшелігін этнолингвистика мен лингвомәдениеттану тұрғысынан алып қарастырудың маңызы зор. Сонымен қатар біз сөз етіп отырған нысан тұрғысынан М.Әуезов шығармаларындағы жалқы есімдер – онимдер жүйесін этностың дүниетанымы мен болмысы, шаруашылық мәдениетімен сабақтастыра талдау бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың мақсаты мен міндеттерін біршама қамти алатыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Абай жолы» эпопеясының тілдік ерекшеліктері әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Басқа да тілдік бірліктер тәрізді ономастикалық атауларды да когнитивтік модель қалыптастырушы таңба, ақиқат дүниенің көрінісін белгілейтін нысандар деп ұғамыз. Тілдік бірліктер арқылы таңбаланған жалқы есімдер тарихи-этнографиялық, танымдық, символдық т.б. белгілермен ерекшеленеді. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тілдік ерекшелігі туралы зерттеу еңбектері болғанымен, оны антропоэлектік аспектіде, этностың танымдық дүниесінің ұлттық сипаты тұрғысында осы кезге дейін қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағытта арнайы қарастырылмағаны белгілі. Осыған орай шығармадағы ономастикалық атаулар кешенінің, ондағы онимдік бірліктердің концептілік әлеуеті мен жалпы романның ономастикалық кеңістігінің бүгінге дейін зерттеу нысаны болмай келгендігі мақаланың өзектілігін айқындай түседі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. –Алма-Ата: Наука, 1989. – 282 с.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1999. – 206б.
3. Серікқалиұлы З. Жандауа. –Астана: Елорда, 2004. –180 б.
4. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. –Алматы:Дайк-Пресс,2007.–520 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. –Алматы: Санат, 2000. –224б.
6. Есенова Қ. Мұхтар Әуезов публицистикасының тіл өрнектері. –Алматы: Комплекс, 2005. – 130 б.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 2005. – Т.16 –328б.
8. Бектұрғанов Е. Устойчивые сочетания слов в романе – эпопее «Путь Абая»: автореф. ... канд.филол.наук. –Алма-Ата: 1999. – с.26
9. Байтанаев А. Мастерство М.О.Ауэзова в эпопее «Путь Абая»: дис. ... докт.филол.наук. – Алма-Ата:: Степь, 1998. – с.65
10. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1994. –276б.



## ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ

Пертаева Ә.Қ. - ф.ғ.к., доцент м.а., Дулатова М.К. - магистрант  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада әдебиеттану ғылымындағы қазақ сатирасы қарастырылады. Қай кезең әдебиетінен сатира қашан пайда болған, болмысын сатираның үлгісін қалай дегенде де қатысын білдірмей тұрмайды, оны тереңнен табуға болады. Көңіліне жақпаған көріністерге әрине, оның нысанасы, бейнелеу арқылы бұл терминнің шығу тарихы адам санасының осы бір сыншылдық туралы ойлары қайдан шыққан әдіс-тәсілдері арқылы, көркемдік жетістігі мен ізденісі турасында көптеген ғалымдар ой өрбіткен.

**Кілт сөздер:** әдебиеттану ғылымы, қазақ сатирасы, халық фольклоры, шешендік сатира, дидактикалық сатира

**Аннотация.** В статье рассматривается казахская сатира в литературоведении. Неважно, когда в литературе какого периода появилась сатира, суть сатиры не сказать, ее можно найти в глубине. Конечно, многие ученые задумывались над неудобной сценой, ее объектом, историей происхождения этого термина через репрезентацию, методами, из которых исходили мысли этой критики человеческого разума, художественными достижениями и поисками.

**Ключевые слова:** литературоведение, казахская сатира, народный фольклор, риторическая сатира, дидактическая сатира

**Abstract.** The article deals with Kazakh satire in literary criticism. It does not matter when satire appeared in the literature of what period, the essence of satire cannot be said, it can be found in the depths. Of course, many scientists have thought about the objectionable scene, its object, the history of the origin of this term through representation, the methods from which the thoughts of this criticism of the human mind proceeded, artistic achievements and searches.

**Keywords:** literature, Kazakh satire, folklore, rhetorical satire, didactic satire

Әр халықтың күлкі-сықағы, әзіл-әжуасы алдымен халық фольклорында жақсы орын алған. Адам бар жерде күлкі бар, қуаныш пен реніш бар. Адамның ішкі жан дүниесіндегі толқуы, көңіл-күйі әртүрлі сипатта көрінері хақ. Сатира – ғасырлар бойы өзімен бірге жасап, қайғы-қасіретіне ортақ болып, келе-келе оның жазба әдебиетіне енген. Жазба әдебиетіндегі тәрізді, фольклордағы сатирада да өз кезеңінің ащы тұстары көрініс табады анық. Бір байқағанымыз, қай кезеңдегі әдебиетті қарасақ та – адамгершілік мәселесі, адам бойынан табылар асыл құндылықтар маңызды. Мысалы, қазақ фольклорындағы сатираның да сыни, сықақ нысанасы – адами қасиетке жат қылықтар: жалқаулық, еріншектік, берекесіздік, өтірікшілдік, алаяқтық, сараңдық, ойсыздық т.б. Өзге елдердің әдеби шығармаларындағыдай, қазақ фольклорында да сатира әр түрлі, әр текті үлгіде беріледі. Бірде ол ұнамсыздықты бетке айтар ашық сатира болып келсе, келесі бір тұста ақыл-кеңес үлгісін қолдана отырып, сынап-сықақтайтын дидактикалық сатира болады. Енді бірде шешендік өнерге тән тақпақтай әшкерелейтін шешендік сатира түрінде көрінсе, тағы бірде аллегориялық сипат алады.

Қай кезең әдебиетінен сатира қашан пайда болған, болмысын сатираның үлгісін қалай дегенде де қатысын білдірмей тұрмайды, оны тереңнен табуға болады. Көңіліне жақпаған көріністерге әрине, оның нысанасы, бейнелеу арқылы бұл терминнің шығу тарихы адам санасының осы бір сыншылдық туралы ойлары қайдан шыққан әдіс-тәсілдері арқылы, көркемдік жетістігі мен ізденісі турасында көптеген ғалымдар ой өрбіткен. Сатира терминінің шығу көрінісі әр келкі, бұл мәселені кімдер зерттеген деген әр түрлі сұрақтар тууы мүмкін. Ежелгі гректер жүзім өсірушілердің тарихын, этимологиясын дәрежеде келуі мүмкін әдебиет өнерінің бір саласы ретінде бағалаған. Сатира дегеніміз не деген сұраққа қазақ

әдебиеті бар жерде – сатира бар деп әркім әр түрлі түсіндіреді. Өйткені, адам санасы кейбір ғалымдардың айтуынша, төңірегіндегі жайларға басқа зерттеушілердің пікірінше өз бағасын бере алмай келді. Бұл терминнің тарихы латынның өрісі қаласын-қаламасын «Сатира» атауы сол сөзден шыққан. Анау-мынау деген сөзінен басталатын «Satira» – «смесь»–аралас әдебиетшілері сынап-мінеуші, қазір «сатира» атауы әр түрлі мағынада, жүзім шарабын жасаушылардың құдайы сатираның дамуына белгілі дәрежеде ықпалын жасайды.

Әр нәрсенің қосындысынан бастау алған, ол туралы қандай ой-пікірлер қолданыла береді. Біреулер оны әдебиеттің бір тегі ретінде айтқан. Міне, всякая всячина есебінде кейінірек ежелгі осындай Рим әшкерелеуші сипаты бар шығармаларды, біреулер сатираны нақты бір өмір елестерін сауалдардың төңірегінде Дионистің ән салып, би билеп жүргенін көз алдымызға енді болмыс сәттерін суреттеп, тағы біреулердің ұғымынша, сатира – жағымсыз болмыс, құбылыс атаулыны күлдіріп, көңілдендіріп жүретін жол серіктерін «өмірдің жағымсыз құбылыстарын күлкілі етіп отырады.

Бұл түрдің үлкен теоретигі Я.Эльсберг – ««Saturos»» сынап-мінеп, әшкерелейтін әдеби шығарма деп атаған. Мысалы, Д.Н.Ушаковтың редакциялауымен «Satira» деп атаған «Орыс тілінің түсіндірме» сөздігінде көркем әдебиеттің бір түрі деп түсінеді. С.М.Бондидің басқаруымен 1940 жылы «Сатира» – болмыстың жағымсыз құбылыстарынан шыққан сатира – келемеж түрінде көрсететін «Сатира–болмысты әдебиет пен өнерде әдеби шығарма» делінген» [1, Б.45]. «Поэтикалық терминдер сөздігінде» көп зерттеген көрсетудің бір әдіс-тәсілі» деп жазды.

1941 жылы шыққан «Шетел сөздерінің сөздігінде» сатираның қоғамдағы жағымсыз қоғамдық дерттерді келемеж етуді әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға былай делінген болатын. Сөйтіп болмыс, құбылыстарды немесе әшкерелеуді мақсат ететін әшкерелеуші әдеби шығарма» дейді. Болмыстағы жағымсыз құбылыстарды ащы күлкіге айналдыратын үшіншісі үшін – әшкерелеуші әдеби шығарма болатын. Адам бойындағы ұнамсыз қылықтарды байыптар болсақ, осы пікірлердің жазылатын көркем әдебиеттің бір түрі» деп анықтайды [2, Б.25]. Сол сияқты басылған «Сатира – жазып, айтып берудің әдіс-тәсілі әр түрлі (роман, әңгіме, фельетон, эпиграмма т.б.) мінез-қылық, әдеп-тәртіптерді қарасөзбен немесе өлеңмен берген [3, Б.110]. Біреулер үшін сатира– шынында да сатира – алымды да, А.П.Квятковский: «Сатира – әдебиеттің бір тегі ретінде де «сатира» – сынап, ақын-жазушыларымызды әшкерелеуді, күлкі етуді мақсат етіп, күлкіге жығу, келемеж ету бәрі де қате емес. Бастан аяқ күлкілі ситуацияға ниетімен жазылатыны жөнінде шығармалары әдебиеттің дербес болмыс-құбылыстарды бағалап, оларда өмірді зерттеп білудің сатирада ащы кекесін, күлкі ету, шалымды нәрсе, оның өмір сүре білу, оларды берудің әдіс-тәсілі ретінде бағалаған. Мазақ қылу, жоққа шығару, саяды, бәрі де оның осы пафосын мойындайды. Көріне алады, соларға қарай негізделіп, бірақ олардың бірі үшін сатира – суреттеп берудің өзіндік эстетикалық әдебиеттің бір тегі (род), екіншісі сықақтық пафоспен жазылған үшін–өмірдің жеке елестерін ғана деп түсіндіреді. Мысалы, сатираны суреттеп, таза сатиралық бір тегін құрайды, төртіншісі үшін – кездейсоқтыққа, түсінбестікке, көркем әдебиеттің формаларын пайдаланылады, өзіндік түрі көрініс табу мүмкіншілігі мол, карикатураға, гротеск, сарказм, иронияға иек артады.

Үкім айту, адам қиналысын аңдау принциптері, көркемдік әдіс-тәсілдері таза сатиралық туындылардың адам жүрегінің түкпіріне олардың әрқайсысы сатираның қабатына қарай үңілу, көңілділік пен күрсініс шарттылыққа, әсірелеуге негізделеді, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Эпосқа да, лирикаға да, драмаға да жатпай, сөйтіп сатира әдебиеттің өзіндік дербес тегін қарама-қайшылықтардың әр қырын, әр қасиетін айтып отыр. Объективтілігі бола бермейтін бірлігінен туындыларындағыдай қолданылады, олардың түсінудің, оқушыға деген қатыссыздық туындайды. Белгілі бір сатирик көркем әдебиеттің тегі арқылы шығармасының ерекшелігі құрайтындығының басқа да сырлары бар, осылардың қайсысында көзқарасы, күрсініс-күйзелісі сезілмейді, қай тұрғыда, қай ретте болса да, пайдаланғанына шығармаларын оқығанға қарай осы эпостық объективтілік жағы аңғарылады. Аристофан сатирасында

сатирада, эпостық авторға, қайғылы үн, Щедринде бейтараптық өмірді трагедиялық «Абай жолы» сияқты эпостық тұрғыда сезіну негізінде Гогольде күйзеліс, Чеховта яғни, сатира қиялдауға, шаржға, күрсініс басым дейтіні де сондықтан.

Сол сияқты таза сатиралық болмыс-құбылыстарға үңілу, шығармаларда өмір құбылыстарын зерттеу, автор мен лирикалық көрсетуде өзіндік әдіс-құралдары кейіпкердің араласу, суреттеу дәрежесі де әр қилы. Сатира – болмысқа эстетикалық сөз етіп отырған жағымсыз құбылыстар қатысының өзіндік ерекшеліктері бар. Осы жағынан эпостағы объективтілікті жөніндегі бағалау, өзіне тән табиғаты жан дүниесі, ішкі сезімі сыр-сипаты бар дербес әдебиет тегі суреттеледі. Сондықтан ол драма да емес. Лирика туындыларындағыдай характерлер қақтығысына құрылатын, барынша драма белгілері де сатирадан ақтарыла ашылмайды, тек реніші, кейісі аңғарылады да ойнауға лайықталатын түгел қояды. Сатираны драмаға да сыналып отырған фактімен тели салуға болмайды, лирикадағы елестер мен образдарды суреттеп, жан терезесін берудің құралы, поэтикалық айқара ашуды ұштастыра келіп, онда құбылысқа автордың қатысы, сахнада табыла бермейді. Өйткені, ерекше сырттай суреттеліп, бәрінде, барлық түр, жанрында автор да, оқушы да көрінбейді. Олардың қатысы оқиға оларға тәуелсіз түрде пайдаланыла береді. Сатираның жеке бір ісі өтіп, М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» жатады. Бір әдісі ретінде ғана қолданылады, сатира жеке бір эпизод, образдарды І.Жансүгіровтің омырауы есіктей болып, «Жолдастары» – қарны дастарқанға сүйретіліп отыр, эпостық шығармалар баяндаушылық бұған берген қымыз, Ықсан молдасын былай суреттейді. Тек бір сабадан сатирада бір сабаға қотарылған сияқты, өзі бұрыннан құрсақты молда болмайды. Іші кеңіген сайын айы жақындаған майдан көзі бітіп, «Қымызға келгенде түп жоқ кісі–ноғай мұрны, пікірі белгілі сипаттап берудің әдіс-тәсілі дәрежеде әйелдей айналып отыра алмай білдіріледі. Сондықтан сатира жаурыны тұтасып, басы ит бастанып эпос бола алмайды. Құбылысты зерттеп білудің тек сүйретіліп отыр. Әдіс-тәсілі ретінде көрінетіні де ыңқ-ыңқ етеді. Сөйлесе қоздайтын рас. Бұл сапада ол қойдай мекіренеді» [4, Б.111].

Ілияс романының «Сары ала қаз пәтуасы» бөлімінде эпостық, лирикалық, автордың елестетуінше драмалық шығармалардың Шалматай, Есентай қажылар да осылайша солардағы сатиралық әдіспен белгілі болды. Мысалы: «Тығыз сары Есентай қажының иектен сүмірейте суреттелген бұғағы. Бұл қажының қымызды асып, шүйдесі шодырайып, сөйтсе де майдан екі көзі айналып жұтқан сайын беті берен кеткен. Олардың кей беттері сатиралық шымылдықтың тозығы сияқтанады» [4, Б.111].

Осы сияқты М.Әуезов Қарқаралы әдіс-пафоспен жазылған. Майырларды бір-ақ белгімен суреттеп, ретінде қолданылған. Шүйдесі қып-қызыл, екі қатпар мысалы, Ілияс: Ықсан молада сырт белгілерімен атайтын. Алдына келген «тарғақ майыр» десе, мынаның аяқты жерге қоймайды. «Алқамды лелла» деп дуанының әміршісі, орыс ұлығы бір кекіріп алады да, атаулы өз атымен атамай басына сондықтан мұның атын неше бірақ төңкереді... Саққа мінгізіп кеп, өзі үлкен үйелмендей кісі. Қызылсары майырды былай үшкірленіп қалған. Мойны мен қалыпты сипаттайды: «Үлкен көк көздері бірде «шапыраш» майыр, қыпилау келген. Бет-аузын бірде «жүндес» майыр, қалың бұйра сары сақал бірде «піскен бас» майыр басқан. Құнанбай, Алшынбай айналасы болып тұратын. Оны ақылсыз деген болжаммен мұны қазақ, өзге майырлар сияқты майырдың тілмашы Қасқаныв Мұқаң. Жалғыз-ақ, бұрынғы: «сұлу майыр, «семіз майыр» деп «сақалы шошайған, өзі қағілез келген немесе бетінің секпіліне қарап, қылп-қылп еткенінді қойшы осы сыртқы түсі, түгі талай ата атауға өз-өзінен сұранып, кісі еді деп алып, тұрушы еді.

Көркем шығармалар ішіндегі Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесіндегі» деп атайды. Көбінесе, сол «піскен бас» сатиралық роман мен повесть те, майыр деуші еді. Осы Жұманбай, Күреңкөз қажы «піскен бас» арық сұр» Құнанбайға сатираның әшкерелеу пафосы мен «ін аузында отырған образ, характерлерді, болмыс, ақ көт торғай жазылатын көркем шығарма сияқты» дегізіп, оларды оқырмандар, сөз жоқ сатираның өзіндік бір түр тағы әшкерелейді [5, Б.37].

Әр жанрда жазылған сатиралық туындылардың жалпылағыш, төңірегінде де талай сатира жүр. Мысал да, пародия, шарж, екені рас. Сатиралық әңгіме мен осының бұл – сатира екені де даусыз, сатиралық дүниелерді, бұл – әдебиеттің сатира түрі» деген эпиграмма да, фельетон, памфлет бәрінде де сатира бір жерге үйіп қойып, «бұл не?» десек, жеке бір факті, елестерді суреттеп, үйлесімді, бәрі де көркем туынды. Жауапты естір едік. Оның үндесімді түрді «Сатира» деген атаудың бұлардан қалайды, карикатураны, сарказм, берудің құралы, тәсілі ретінде ғана қолданылған.

Сатира нақты жанрлар түрінде де – бәріне де әдемі тіл, әдеби аяр, стильдік тенденция өзіне тиімді, шарт есебінде көркем шығарма деп оқиды.

Әшкерелеудің тілдік, стильдік яғни, сатира – көркем шығармалардың туындылар өзінің бітім-сипатымен, бір түрі жиынтық аты.


Жағдайда ортақ қазақ әдебиеттану ғылымында сатираны белгілері тигізетін барлық залалды жайлар бар ұлттық сөз өнерінде де мысалмен дәлелдейік. Сатира әр алуан, кездесетін жалқаулық, берекесіздік, масылдық сондықтан да, даралық – сол халықтың наным-сенімімен, сатираның ескірмейтін объектісі шаруашылық жайымен, қоғамдық қатынаста көрінетін географиялық ортасымен, қайта өмірдегі мол міннен бір сөзбен айтқанда, ойсыздық т.б. бұл қай қоғамда да ұлттық таным-мінезімен, психологиясымен тығыз байланысты.

Оның негіздері мен дамуы негізделсе, қоғамдық жағдайдан нәр алады. Сондықтан әр кезеңде, профессор Темірбек Қожакеев сынды ғалымдар көтерген үлкен басты мәселелер сатирада да жанрлық ерекшеліктерін, жүйесін, өз көрінісін, бейнесін тауып жатады. Жан-жақты зерттеген ғалым ретінде филология ғылымдарының докторы Т.Қожакеев айтқан адамдық құндылықтар қай кезде де сан сорақыдан, көп көргенсіздіктен маңызды. Әдеби дәстүрмен сабақтас көкейкесті, сондықтан да әдіптелгенмен, шығармашылықтарындағы көркемдік мәселесі бірінші кезекте, зерттеушіні ізденістерін айқындауда, адамдық құндылықтарға кереғар келетін маңызды ғылыми тұжырымдар жасады, зияны болып табылады. Ойымызды бүгінгі таңдағы көкейкесті бір ғана сараңдық, болмасын сатираның атап өту әділдік болар еді, тұрақты нысанасы.

Қорыта айтқанда, ақындық сатира – халқын сүйген, оның болашағына алаңдаған көптеген мәселелерді қозғады. Сондықтан, ақын әдейі көптеген саналы да, сапалы да бетбұрыс жасайды, оған зәрулік пен қажеттілікке қатысты себеп болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Эльсберг Я. Үлкен совет энциклопедиясы. – Алматы: Жазушы, 2011. –285б.
- 2.Ушаков Д.Н. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2009. –227б.
- 3.Бонди С.М. Поэтикалық терминдер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2003. –249б.
- 4.Жансүгіров І. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2001. –155б.
- 5.Әуезов М.Әр жылдар ойлары. – Алматы: КМӘБ, 2015. – 552б.





## АБАЙ МЕКТЕБІ КОНЦЕПЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР

Пертаева Э.Қ. - ф.ғ.к., доцент м.а., Сугурбек Ж.Э. - магистрант  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада Абай мектебі концепциясына қатысты ғылыми тұжырымдар мен түйінді мәселелер қарастырылған. Абай мектебі концепциясына қатысты ғылыми тұжырымдар мен түйінді мәселелерді зерттеу мәселелері М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Есім, З.Ахметов, Б.Кенжебаев, Қ.Өмірәлиев және тағы басқа ғалымдардың зерттеулерінде кеңінен орын алды. Сонымен қатар оның өлең құдіретін сөз еткенде, Абай мектебінен шыққан ақындардың шығармаларын қарастыруымыз қажет.

**Кілт сөздер:** Абай мектебі, Абай концепциясы, ғылыми тұжырымдар, түйінді мәселелер, өнерпаз ақындар, ақындық өнер

**Аннотация.** В статье рассматриваются научные выводы и ключевые вопросы, связанные с концепцией школы Абая. Научных выводов и ключевых вопросов, связанных с концепцией школы Абая, активно исследовали М.Ауэзов, С.Муканов, Г.Есим, З.Ахметов, Б.Кенжебаев, К.Омиралиев и другие ученые. В то же время, когда мы говорим о его поэтической силе, мы должны рассматривать произведения поэтов школы Абая.

**Ключевые слова:** школа Абая, концепция Абая, научные новизны, ключевые вопросы, художественные поэты, поэтическое искусство

**Abstract.** The article discusses the scientific findings and key issues related to the concept of the Abay school. Scientific conclusions and key issues related to the concept of the Abay school were actively studied by M.Auezov, S.Mukanov, G.Yesim, Z.Akhmetov, B.Kenzhebaev, K.Omiraliev and other scientists. At the same time, when we talk about his poetic power, we must consider the works of poets of the Abai school.

**Keywords:** school of Abai, concept of Abai, scientific novelties, key issues, artistic poets, poetic art

Абай қалыптастырған өнер ортасын сөз етуіміздің басты себебі – Абай айналасына ақындар ғана емес, сегіз қырлы өнерпаз жастар жиналды. Әнші-күйші, музыкант пен ертегіші, дойбышы мен тоғызқұмалақшы, құсбегі мен балуан сияқты түрлі өнердің иелері бас қосты. Солардың ішінде ақындықтан бөле-жаруға келмейтін әншілік өнер туралы, әнші-ақындар туралы сөз қозғамақпыз. Себебі, Абай заманында ақындық пен әншілік бөліп жаруға келмейтін егіз ұғым болғанын ескерсек, Абай айналасындағы әнші, күйші, музыканттар мұрасы ақындық өнермен біте қайнасып, тонның ішкі бауындай жымдасып жатыр. Сол уақыттағы ән мен өлеңнің біртұтас өнер ретінде қабылданатыны, әрі ақын сөзінің әнге қосылып айтылғанда насихаттық қуатының артатыны Абай айналасындағы ақындардың бәрін дерлік әншілікке итермеледі. Абай мектебінің нағыз сегіз қырлылық сипатын ескерсек, ақын, әрі әнші және музыкалық аспаптарда шебер ойнаушы болған Абай маңындағы өнерпаз топ өз ортасындағы ән өнерінің жаңашылдық сипаттарын айқындай алды.

Абай жанындағы әншілік өнердің өкілдері дегенде, оның нағыз әншісі қайсысы, композиторы қайсысы, жай әуесқойы кімдер, қай музыканты қандай аспаптарда ойнаған деген мәселелерге зерттеу жұмысында жауап ізделді.

Қазақ қауымында қашан да болған өнер саңлақтары. Халық халық болғалы ән, сал-серілік өнер бірге жасап, біте қайнасып келеді.

Қазақ поэзиясындағы әнші ақындардың творчествосы ерекше орын алады. Әнші ақындар негізінде сал-сері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Бұларды тек әнші ақын демей,

халықтық өнер адамдары деп таныған жөн. Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар. Артистерше сырттай жарқ-жұрқ әшекейлену, елден ерекше сәнді, көз тартарлық кескінмен жүріп-тұру әнші ақынға тән негізгі салттың бірі. Қазіргі қария ақындардың айтуына қарағанда, ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серілердің арасында айырма аз болғанымен, сыртқы жүріс-тұрысында, киіну, сыпайылық әдетінде бір қыдыру айырма барлығы байқалады. Серілердің салға қарағанда сыпайылығы, сәнділігі тұрақты. Олар онша оғаш, ерсі бола бермейді, елден-ерекше қызыл-жасылды, жарқ-жұрқ етпе киінгенімен, жалпы елдің ортақ дәстүрлерін көп бұза бермейді, өздері жастармен, топпен араласқанда сыпайыгершілік, әдептілік, нәзік сезімділік мінездерді көбірек білдіріп, ақындық, әншілікті негізгі өнер жолы деп қарайды, соған көбірек беріледі.

Ал салдар жұрттың ортақ салтында жоқ, ерекше, күлкілі, көз тартарлық әлемішті киімдер киініп, жарқылдақ моншақтарды тағынған. Олардың шалбарының балағы көш құлаш ұзын, сүйретіліп жатады. Бас киімінің, шапан, шалбар, байпақтардың шүберегі ала-құла, қырық құрау болады екен. Бөрік, тымаққа үкі, неше түрлі моншақ қадаған. Сырт киімді кейде бірыңғай ақ, қызыл-жасылдан, кейде қым-қиғаш әр шүберектен араластырып тіктірген, оған тоқыған шекпенде құрым киіз де қоса тігілген болады. Әнші ақындар түйдегімен жүрген. Олар әнші, ақын өнерпаздардан құралған бір топ артистер труппасы сияқты, той, жиын, ойын-сауық бар жерлерге айырықша өнер салтымен келіп, жұртты үнемі қайран қалдырып отырған. Ойын-сауықты олар шапшаң басқарып кететін болған. “Абай” романында М.Әуезов салдың, оның төңірегінің, ақындық, әншілік өнерінің бейнесін кең сипаттай келіп, үлкен тойға жұбын жазбай келіп түскен салдарды былай суреттеп кетеді:

“Келе жатқан топ екі-екіден, бір сал, бір келіншектен, мойындарына білектерін артысып, құшақтаса әндетеді. Ортада сал ағасы өзге топтан оқшауырақ алда келеді, өзге жігіттерден жасы үлкен, бой бітімі де келбетті келген Байтас ақын. Домбырасы да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да “мен сал домбырамын” дегендей, ән арасында сол домбырасын Байтас аспанға көтеріп, бұлғақтатады. Сал ағаның осы белгісімен артағы өңшен әнші, ойнақты топ өздерінің шұбарала домбыраларын аспанға көтереді. Бар тобымен айтып-айтып келе жатқан “Жиырма бес”-тің толқынды ырғақтарын шырқай сілтеп, құбылта бұралтады” [1, Б.121]. Біржанды, Ақан серіні көргендер – олардың жүріс-тұрысында ерекше көз тартарлық сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық салттармен қатар, салдардың кейбірінде болатын оғаш, күлкілі киімдерді қасақана киіну, қасақана салдың ерсі мінездерін көрсету жоқтығын айтады. Шын салдық дәстүр, өнер сол салдың барлық тіршілігімен біте қайнасып кетуі тиіс. Қазіргі қария ақын И.Жылқыайдаров (1973 жылы туған) бала күнінде жасы сексенге жақындаған Қыпшақ Жаңқа салды көргендігі жөнінде былай дейді:

– Жаңқа қыр мұрынды, атжақты, ақсұр адам екен. Ұзын мұртты, тал-тал аппақ сақалы беліне түседі. Әлі қайратты, тіп-тік, шарт жүгініп, екі қолымен тізесін айқара жауып отырды. Тұсында домбыра, сыбызғы, қобыз ілулі тұр. Сал басына төбесі біздей шошақ, сегіз сай әлеміш бөрік киіпті. Бөріктің әр сайы әртүрлі ала-құлаш шүберектерден құралған. Төбесіне қадаған тоқпақтай үкі, сал басын анда-санда сылқ еткізіп тұқыртып қалғанда, бұлғаң етеді. Үстінде тізесінен асатын ұзын қайырма жағалы көйлек, екі иығында екі үкі және қадалған. Аяғында өзбектің ала мәсісі, бұтында шұбатылған ұзын шалбар. Басын шапшаң жоғары көтеріп, шалқая аспанға қарайды да, отырғандарға бірдене деп тіл қатады, үлкендердің ішінде жасы кіші бала мен едім, мынау жынданған ба деп күліп жіберіп отырдым. Әрине, оны сал елең де қылған жоқ.

Таңертең шай ішер алдында кешеден бергі шалдардың тілеуін орындап әуелі сыбызғы тартты. Сыбызғымен “Досымжан” күйін ойнады. Ертеде Досымжан күйші күйлерін ылғи таңертең ашқарында тартады екен деп ескертіп қойды. “Боз інген” күйін де ол сыбызғыда ойнады. Одан кейін қызыл доланадан істелген бұйра қобызын ойнап, ескі күйлерді тартып еді, тыңдаушы шалдар жылап отырды. Ақырында домбырасын тартып “Құтының баласын тербеткені”, тағы бірнеше күй-сарындар ойнады. Кетерде шалдар ауылға шақырды. Сал кейін бірнеше жолдасымен келіп, ауыл жанында аттан құлап жатқанын көре салып, ауылдың

барлық қыз-келіншегі, жастары жиналып, кілемге салып көтеріп әкеліп, үйге кіргізді. Ол келісімен ауыл жастарының ойын-сауығына араласты.

Сол ойын-сауық үстінде Жаңқа сал, өзінен бұрын болған, Башен салдың жайын айтты:

– Біз Башен салдай сал бола алмадық. Ондай киім кие алмадық. Ол көл жайлап, көлдің аралына барып сауық құрады екен. Менде ондай көл болмады. Төрт күн жүгініспен отырғанда оның аяғы бір талмады, мен шыдай алмадым. Бірақ сол Башеннің өзі де мақпал деген сұлуды ала алмай қайғыдан құса болып өліпті. Өзінен үлгі алғалы келген жас салдарға айтатын өлеңі мынау еді:

Мінгенім көш алдына таналы кер,  
Таң атса көрінеді шамалы жер.  
Басыңды көтер дағы сылқ ете түс,  
Қайтесің Оспан ханның заманы дер.  
Мінгенім көш алдында қидасын кер,  
Желіден жебір тайлақ бұйдасын жер.  
Басыңды көтер дағы сылқ ете түс,  
Қайтесің көрген адам қимасың дер.  
Саудырма тай саусым-ай,  
Қу метейдің даусын-ай!  
Ойпыр-ай!  
Дәурен-ай,  
Мақпал салған әуен-ай! –

деп сылқ ете қалар еді. Міне біз сол Башен бола алмадық деп уһіледі” (Иманжан Жылқайдаровтың 1949 жылы ауызша айтуынан).

Салдардың салты, мінезі жөнінде осындай әңгімелерді Шашубай, Омар, Төлеу, Қайып сияқты қария ақындар да көп айтатын. Бұған қарағанда сал, серілердің өнер дәстүрі қазақтың тіршілігінде елеулі орын алған сияқты.

Сал жайында әңгімелердің бәрінде де салдардың ерекше жүріс-тұрысы, ерекше өрескел киім киюлері, оғаш мінездері айтылады. Қайда келсе де, салдар ауыл сыртында аттан құлап түсіп, қашан қыз-келіншектер басын көтеріп тұрғызғанша жатып алады екен. Ерегестірсе, намысына тисе сал өрескел, оқыс мінездер көрсетіп кететін болған (өз атын өзі бауыздау, тәуір киімін жаман құрым киіз киімге айырбастау, бойындағы бар асыл затын, ат тұрманына дейін біреуге тастап кету, етік-мәсісін қыз-келіншектер тартып шешкенге таласып теріп алсын деп қонышына моншақ салып жүру, тағы-тағылар). Халық арасында оғаш, қыңыр күлдіргі мінезімен тентек аталған Былғақ, Қиясбайдың жүріс-тұрыстары да салдардың дәстүріне жатады. Салдардың, осындай тентек аталған күлдіргіштердің өлеңдері де өз мінездеріне сай өтірік, қыңыр мағыналы, қисынсыз құралған күлдіргі болып келеді. Жантұрған деген сал өзінің бір құрбысына кездескенде:

Алабас ит көрдің бе шідерлеулі,  
Әр ауылдың көлінде оттап тұрған, –

деп бастайды өлеңді. Тағы бір тентек салдың өлеңінде:

Көк сиырдан туады жирен айғыр,  
Шоқаң-шоқаң қойға қасқыр шабады.  
Боталы інген тайлақтай көкте ұшып жүр,  
Буынғаным беліме сексек арқан, –

дейді (Ысқақ Бегалин жинаған материалдардан).

XIX ғасырдағы аты шулы Біржан сал, Ақан сері, Толыбай, Жаяу Мұса, Ағашаяқ, Әздембай, онан бергі Шашубай, Естай сал тағы басқалары әншіліктің, халық өнерпаздығының дәстүрін дамытып, қалыптастырған. Қазақтың әнші-ақындары, сал, серілері өнердің тұтастық қасиетін бойына жинаған адамдар. Бұлардың көркем өнерінде көне заманның тұтастық (синкретизм) элементі күшті. Ән-күй, өлең, би әуелінде бөлінбей тұтас

өнер түрінде жасалғандығы туралы ғылымдық қағида қазақтың сал, сері, ақындарының өнер тәжірибесінде де толық дәлелденеді.

Сал, серілер, әншілік, ақындық, жыршылық, аңшы-мергендік, спорт-палуандық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі күлдіргі, ғажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш – бәрі халық өнерпаздары. Ағашаяқ ірі әнші ақын, халық композиторы болудың үстіне неше түрлі спорт ойындарын көрсетіп отырған. Ысқақ Бегалин қарт (1865 жылы туған) айтады:

– Кемпірбай ірі ақын әнші болудың үстіне, өнерпаз, ойыншы екен. 1879 жылы Семей қаласында үлкен бір жиын болып, сол жиында Кемпірбайдың ақындығы мен ойынына жиналған орыс-қазақ қайран қалды. Кемпірбай екі аяғына екі бақанды байлап алып, гармонь үніне қосылып билеген. Үстіне түрлі әлеміш киім киіп алып, аяқ-қолын төрт жағына керіп шеңбер жасап, зырлап дөңгелеп ойнаған. Ат үстінде әралуан ойын көрсеткен. Белгілі Тәттімбет күйші де, Зарубай өнерпаз да сал, серілерге лайықты дәстүрді сақтаған, халық өнерінің адамдары. Сондықтан бұларды тұтас алғанда көшпелі ауылдағы халық артистері мағынасында түсінуге болады. Бұл жөніндегі профессор А.Жұбановтың пікірлері орынды. А.Жұбанов сал, сері типіндегі әнші-ақындар тұрақты театры, концерт орыны жоқ, көшпелі ауылдың артистері, сегіз қырлы өнерпаздар (әрі ақын, ірі әнші, әрі артистік өнерге бейім) деп біледі.

“Сал”, “сері” деген сөздің өзі ақын, әншілік мағынасында қолданылуының тарихи, қоғамдық мәні бар. “Сал” етістік (салу, салып қою) немесе зат есім (сал байлап өзеннен өту) мағынасында да қолданылады. Радловтың талдап түсіндірулерінде түрік тілдес елдердегі бірнеше ұғымдарды келтіреді. Сал шор тілінде жерошақ, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау, дабырлау мәнінде, қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сөйлеуші, оғаш қыңыр киім киюші адам мәнінде қолданылады дейді.

Қазіргі кейбір қария ақындардың айтуына қарағанда, “сал” деген ұғым өрескел жүріс-тұрыспен, есерлік мінездер көрсетіп былғақтап, дел-сал аурудай жүруден туған. Қазақта бой көтертпей, бастырта беретін сал ауру болады, бұл да сал ауруы сияқты былқ-сылқ етіп әр ауылға барса қашан басымды қыз-келіншектер көтеріп алады деп құлап жатқан мінез, тұрыстарына қарай сал аталған деген түсініктерінің көңіл бөлерлік жаны бар. “Сал” деген сөзге Ильминскийдің берген түсінігі де осыған дәл келеді. Сал – “тұла бойым сал-сал болып түсіп барады” деген мысал келтіреді. Қазақта ән айт демейді, ән сал дейді. Осындағы сал жалғыз етістік мағынасында ғана емес, асқақты ән, күйді айтудың бейнелі мағынасында да қолданылып тұр.

Сал, серілер әнсіз өлең айтпаған. Бұлардың ақындық дәстүрінде әншілік шешуші орын алады. Ақындық сөзден гөрі әншілік, музыкалық шығармашылық басым болып отырады. Бұрынғы, соңғы сал, сері типіндегі әнші, ақындар жырлаймын деп өлең бастамайды, ән шырқамайды, ән саламын деп бастайды.

Бұл салдың өзі өлеңші аты Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған...  
Атадан Біржан сал боп тудым артық...  
Аққумен аспандағы ән қосамын,  
Қозғасашы, күйді түптен тартып, –

деген Біржан сал сөзінде айтысты әнмен қыздырғандығын көреміз. Шашубай: “Ал гармоным, гармоным” деп, Нартай ақын “Ән шырқа, жез тіл сырнай, алдым қолға” деп ән шырқау, гармонь, домбырамен кеңесуден бастайды өлеңдерін.

Қазақтың сал, серілерін түгелінен халықтық ақын, әншілер деуге болмайды. Шыққан тегі, таптық ортасы жағынан алсақ Ақан сері мен Жаяу Мұса бірдей емес. Жаяу Мұса үстем феодал қауымынан қуғын-сүргін көрген нағыз еңбекші, халық ортасынан шыққан сері ақын. Ал Ақан сері болса лирикаларында өз дәуірінің күрделі қоғамдық мәселелерін, өмір шындығын кең қамтып жырлай алмады. Кейде діншілдікке де салынады. Тек ол жастардың бас бостандығын, махаббатын ғана лирикалы көлемде шебер жырлай алады. Міне, осындай,

идеялық шығармашылық қайшылықтары бола тұрса да Ақан халыққа ұнамды лирикалы өлең, ән шығарып таратқан әнші ақын.

Абай мектебіндегі ән, музыка өнерінің дамуы туралы айтқанда, алдымен музыкада Абайдың өзі жаңашыл болды. Маңына өз заманының ең айтулы деген әнші, күйшілерді жинаған Абай шын мәнінде ән мектебін қалыптастырды деп айтуға болады. Ән өнері ақындықпен қатар жүріп, ақын сөзінің насихат күшіне, қызмет еткендіктен, Абайдың ақын шәкірттерінің бәрі дерлік жақсы әнші бола білді. Абай мектебінің нағыз сегіз қырлылық сипатын ескерсек, ақын, әрі әнші және музыкалық аспаптарда шебер ойнаушы болған Абай маңындағы өнерпаз топ өз ортасындағы ән өнерінің жаңашылдық сипаттарын айқындай алды.

Мұқа, Әлмағамбет, Мұхамеджан сынды әншілердің ақындық өнері аса байқалмағанмен, бұлар Абай әндерін насихаттаумен ерекшелене білді. Көкбай ақындық пен әншілікті қатар ұстаса, Ақылбай, Тұрағұлдар бірнеше аспапта ойнай білген шебер музыканттығымен көзге түсті. Ал, Уәйіс пен Әсет айтулы әнші ғана емес, дәстүрлі ән өнерінің дамуына өз үлестерін қосқан композиторлар еді. Абай шәкірттерінің ішінде қазақ ән өнерін өзіндік бір белеске шығарып, жаңа әуен, тың мазмұн әкеле алған ақын Шәкәрім болды.

Абай мектебі концепциясына қатысты ғылыми тұжырымдар мен түйінді мәселелерді зерттеу мәселелері М.Әуезов [2], С.Мұқанов [3], Ғ.Есім [4], З.Ахметов [5], Б.Кенжебаев [6], Қ.Өмірәлиев [7] және тағы басқа ғалымдардың зерттеулерінде кеңінен орын алды.

Жалпы біз Абайды айтқанда, оның өлең күдіретін сөз еткенде маңындағы ақын-жыршылардан бөліп қарап, артық біткен ақындық қуатына жоғары баға бергенде қасында жүрген басқа ақындарды назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Мәселен, Абайдың айналасын сөз еткенде Байкөкше Балғынбайұлы – ақынмен қатар жүрген, оның апыл-тапыл басқан шағынан қасында болып ерекше сыйласқан адамы. Байкөкшенің Абаймен байланыста туған өлең-сөздері ғана сақталып, қалған мұрасы ұмытылған. Өлеңге ден қойып, қолына қалам алған Абай әуелі өз еліндегі Байкөкшеге қарап бой түзеді. Келе-келе ақындығын, шешендігін қадірлеп «Байкөке» деп құрметпен атаған. Осы тарауда Абайдың әдеби ортасын құрайтын тағы бір ерекше топ өкілдері – шайқы мінезді, ел ішіндегі күлдіргі, сөзі қисық, қисық та болса түзу Қиясбай, Мұқамораз, Қарасақау сияқты ел ішіндегі жамандықты өлеңге салып, әшкерелеп, іс-қимылымен мазақ етіп жүретін орта өкілдерінің Абаймен арасындағы рухани жақындықтың көріністеріне назар аударылды. Жалпы қазақ даласындағы Қиясбай, Мұқамораз, Шәукембайлар сияқты шәлдуар мінезді шайқы адамдар аз болмағаны белгілі. Бірақ, солардың бәрі тарихта қалған жоқ. Олардың Қиясбайлардан әлгіндей тосын өнері артық болуы да мүмкін, бірақ Қиясбай, Мұқамораздардың бағы – Абайдың қасында болуында десек, мақалада осы мәселеге баса көңіл бөлінді. Абай мектебі өкілдерінің айтыс жанрын игеруі қазақ әдебиетіне айтарлықтай жаңалық әкелді. Табан астында өлең құрап, суырып салма өнердің не бір түріне аса мән берген Абайдың өзі де айтысқа бей-жай қарамаған. Бізге жеткен Қуандық қызбен сөз қағысы Абайдың айтысқа тікелей қатысын байқатқандай. Табан астында сөз құрап, айтысқа түскен шәкірттерін Абай күнделікті сынап отырды десе де болғандай. Әсіресе, суырыпсалма өнердің майталмандары – Көкбай, Әріптер Абайдың баулуымен, айтыс өнерін шебер меңгерді. Ал, айтысты көркем шығармаға айналдыру – Абай айналасына кең тараған көркемдік тәсіл десек, Шәкәрімнің, Тұрағұлдың, Әубәкірдің жанрлық жағынан қыз бен жігіт, мысал айтыстарына жататын өлеңдермен қоса, Әріп Тәңірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты айтыс үлгісі бар көлемді поэмалардың жазылуы – айтыс жанрының мүлде өзгерген көркемдік түрін ұсынды. Сондай-ақ, Әріпке қатысты «Біржан-Сара», Әсетке байланысты «Әсет пен Ырысжан» айтысы сияқты туындыларда – айтыс өнерін жетік меңгерген ақындар ел аузында жұрнағы қалған айтыстарды көркем шығармаларына арқау етті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10.–Алматы: Жазушы, 2016.–453б.

2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы, Санат, 2015. – 460б.
3. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы: Өнер, 2019. – 212б.
4. Есім Ғ. Абайтану тарихы. – Алматы: Қазақстан, 2019. – 194б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Өрлеу, 2017. – 232б.
6. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі (Әдеби мақалалар мен естеліктер). – Алматы: Ғылым, 2018. – 289б.
7. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: ҚазМҰУ, 2015. – 300б.



ӘОЖ 37.013

## ОҚУ- ТӘРБИЕ ІСІНДЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Архабаева Г.Е.- Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша  
педагогика ғылымдарының магистрі  
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының**

**Аңдатпа.** Мақалада оқу-тәрбие ісінде көркем шығармаларды пайдаланудың тиімділігін зерттеп қарастырылған. Халық фольклорының тәлімдік жақтарын нақты түсініп, өз тарапынан оң баға бере білген Ә.Табылдының балалар тілін жетілдіріп, ойын дамытатын тәлім-тәрбие құралы екенін айтылады. Оның ғылыми-әдістемелік еңбектері мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттерін тәрбиелеу және оқыту, этнопедагогикалық мәселесіне арналған.

**Кілт сөздер:** фольклор, этнопедагогика, сахна, сценарийі, педагогика, эпос.

**Аннотация.** В статье исследуется эффективность использования художественных произведений в учебно-воспитательной деятельности. А. Табылды, сумевший четко понять воспитательные аспекты народного фольклора и дать положительную оценку со своей стороны, говорит о том, что он является воспитательным инструментом, способствующим развитию речи детей. Его научно-методические труды посвящены этнопедагогической проблематике, а так же проблеме воспитания и обучения школьников и студентов высших учебных заведений.

**Ключевые слова:** фольклор, этнопедагогика, сцена, сценарий, педагогика, эпос.

Сөз өнерін таптырмас тәрбие құралы ретінде санаған ұстаз-ғалым Ә.Табылды халық фольклорын «ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұрасына» санайды [1,25б.]. Халық фольклорының тәлім-тәлімдік жақтарын дұрыс түсініп, өз тарапынан оң баға бере білген Ә.Табылды балдырғандардың тілін жетілдіріп, ойын дамытатын тәлім-тәрбие құралы екенін баса айтады. Халық ауыз әдебиеті үлгілері этнопедагогиканың негізгі бір үлкен саласы екенін дәлелдей келіп, ғалым «жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасы» екенін атап көрсетеді [1,38б.].

Ұрпақ тәрбиелеу ісінде халықтық педагогиканы пайдаланудың берері мол екенін жақсы түсінген педагог-ғалым оның әдістемелік жағын терең қарастырады. Осы тұрғыда ғалым Ә. Табылды ұлттық тәрбиені сахна арқылы іске асыру жолдарын ұсынады. Кез-келген ұстаз ісінің дұрыс нәтижеге жетуі үшін білім беру мен тәрбие жұмысын мейлінше

түрлендіріп жүргізуі тиіс. Осы тұста мектеп сахнасында сахналық қойылымдар ұйымдастыру тиімді тәсілдердің бірі екені дау тудырмайды.

Балалар фольклорын пайдалана отырып білім беру мен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізудің әдіс-тәсілдері сан алуан екенін айқындай келе ғалым оны былайша топтайды:

1. Өлең шумақтарын оқушыларға жаттату әдістері;
2. Сюжетті өлеңнің инсценировкасы мен мерекелік және тақырыптық кештерге арналған сценарийлерді сахнаға дайындау жолдары;
3. Ән мен тексті жаттату әдістері;
4. Жұмбақ, жаңылтпаш т.б поэзиялық шығармаларды сахнада оқушыларға айтыс түрінде айтқызу тәсілдері;
5. Қысқа көріністерді сахнаға қою әдістері;
6. Оқушылардың көркем творчестволық шығармаларын сахнаға дайындап, оқушылар конференциясы мен айтыстарға сахнаны пайдалана білу жолдары.

Поэзиялық шығармалардан өлең шумақтарын оқушыларға жаттатып, мәнеріне келтіріп оқытуда мұғалім арнайы жоспар мен бағдарламаға сүйенуі тиіс. Алғашқы кезекте мұғалімнің өзі оқушыға ұсынатын көркем шығарманы таңдап алуы керек. Оқушыға көркем шығарманы жаттату мен қатар назарларына көркем сөзді жатқа мәнерлеп оқудың үлгісін тыңдатып, осыдан соң олардан үлгіні қайталауды талап ету қажет. Поэзиялық шығарманы тармақтап, шумақтап немесе бастапқы әріпіне сүйене отырып жатқа айтқызу тәсілдерін қолдану керек. Міне, осылай жатқа мәнерлеп оқу әдістемесіне тоқтала келе ғалым оқушының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшеліктеріне де назар аудару керектігін еске түсіреді. «Оқушыларға тәлім-тәрбие беруде өлеңнің сценарийін дайындап, оны сахнаға қоя білудің де мәні зор», -деп жазған Ә.Табылды бұл мәселені жүзеге асырудың тиімді жолдарын сөз етеді [2,232б.]. Оқиғаға құрылған өлеңдерді сахнаға лайықтап даярлау мұғалімге жүктелер жұмыс. Осы тұста оқушының ынтасы мен жеке кейіпкерлерге сөз бөлуде олардың өз мінез-құлықтарын да ескеру керек. Екінші кезекте оқытушы сол поэзиялық туындыдағы әрбір сөздің астарына терең үңіліп, эмоциялық мәнін жете ұғыну керек. Ол үшін оқушы мен таңдалған туындының мән-мағынасы төңірегінде әңгіме-талдау жұмысын жүргізген жөн. Осылай поэзиялық шығарманы сахналаудың әдістемелік тұстарына тоқтала келе ғалым-педагог оқиғаға құрылмаған сюжеттік шығармаларды да жаттатып диалог түрінде сахнада орындауды ұсынады.

Сахнаға арналған сценарийлерге ән, би қосып оны үйретіп, сахналық қойылымның сапалы да мазмұнды болып шығуы мұғалімнің актерлік қабілетіне байланысты деген педагог-ғалым сахналық қойылымдарды дайындау кезінде жетекші мұғалімдердің тарапынан қолданылатын бірнеше әдістерді көрсетіп береді. Олар:

1. Жетекші мұғалімнің тарапынан талап ету;
2. Болашаққа сендіру;
3. Жаттықтыру;
4. Іздендіру;
5. Мадақтау;
6. Жазалау.

Сондай-ақ, Ә.Табылды осы әдістермен қоса істің болашағын белгілеу, тәрбиеленушілердің ең соңғы дайындықтағы жетістіктерін айқындау, практикалық жаттығулар ұйымдастыру, оқушылардың өздігінен ізденуі тәрізді жұмыс түрлерін атайды.

Осы жұмысты жүзеге асыру кезінде мұғалімге бірнеше жұмыстың түрін жүктейді. Олар:

1. Тақырып таңдау;
2. Тақпақ пен өлең тіркестерін іріктеу;
3. Залды безендіру;
4. Эвристикалық әңгіме жүргізу;
5. Пікіралысу;

Дегенмен, сахнаны безендіру барысында қажетті жабдықтарды, техникалық құралдарды әзірлеу жұмысын мұғалім бір өзі ғана мойнына алмай оқушыны да іске

араластыру қажет. Әсіресе, мектептің қуыршақ театрында қойылымға лайықты қуыршақтарды дайындау қол еңбегі сабағында оқушылардың өздеріне жүктелуі тиіс. Қуыршақ театрында көбінесе бір актілі пьесаларды қою тиімді. Ал қысқа қойылымдар мен скетчтерді тәрбие сағаттарында орындатқан дұрыс деп көрсеткен әдіскер-ғалым мектептегі драма үйірмесі туралы да бірталай ұсыныстар жасайды.

Мектеп сахнасында көркем шығармалардан қойылымдар қою мәселесіне тоқталған осы мәселені терең зерттеген ғалым бұл тұрғыда фольклорлық шығармаларды енгізудің тиімділігін баса айтады. Фольклорлық шығармалардың ішінде әсіресе эпостық шығармаларды сахналауға ерекше тоқталады. «Эпостық шығармаларды мектеп сахнасында көрсету,-дейді Ә.Табылды, оқу-тәрбие жұмыстар үшін, өте қажет нәрсе. Өйткені эпостық шығармалардың оқу-тәрбиелік мәні ерекше орындалады». Эпостық шығармалар көркемдігін көркейте беретін мәңгі, құнды мұралар екендігін осылай атап көрсете келе ғалым-педагог фольклордың бұл үлгісін мектеп сахнасында көрсету үшін не істеу керектігіне арнайы тоқталады. «Ол үшін,- дейді ғалым,-сол эпостық шығармаларды мектеп жағдайына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ықшамдап, ыңғайлап, дайындай білу керек. Эпостық шығармаларды мектеп санхасына лайықтау оңай жұмыс емес. Эпостық шығармаларды оқушыларға мектеп сахнасында көрсету үшін, ең әуелі мектеп сахнасының мүмкіндіктері ескеріледі. Оқушылар маманданған артистер емес, сондықтан эпостық шығармалардың эстетикалық жағын бәсеңдетпей сахнада көрсете білу үшін, оқытушы эпостық шығарманы сахнаға даярлау, ойнаушыларды іріктеу, олармен режиссерлік жұмыстар жүргізу істерін күні бұрын ойланып, жоспарлайды, көркемдік жетекшілермен кеңесіп, нақты жұмыстарды белгілейді» [2,228б.] Жалпы мектеп сахнасында эпостық шығармаларды үлкен фонада көрсетудің мүмкіндігі жоқ екенін ескере келе, Ә.Табылды оларды шағын сахнада көрсетудің бірнеше түрлерін ұсынады:

1. Эпостық шығарманың үзінділерін жатқа, көркемдеп орындау;
2. Эпостық шығармалардың диалогі мол үзінділерін рөлдерге бөліп жаттап, декорация құрып, эпизодтық көрініс ретінде көрсету;
3. Эпостық шығармалардың үзінділерін белгілі бір тақырыпқа іріктеп жаттап, көркемдеп орындау;
4. Эпостық шығарманың ықшамдалған инсценировкасын сахнада қою;
5. Қуыршақ театры арқылы эпостық шығарманың толық инсценировкасын көрсету.

Мектеп сахнасында эпостық шығармалардан қойылымдар қоюдың әдіс-тәсілдерін, тиімді жолдарын көрсетіп бере келе педагог-ғалым тәрбие жұмысының бұл түрі арқылы оқушының өткен замандағы ата-бабамыздың әдет-ғұрып, тұрмыс-салты, мәдениеті мен әдебиеті, көркем өнері туралы білімдері кеңі түсетінін айтады. Эпостық шығармалардың тәрбиелік мәнін сабақта, сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстарында терең ашып, күнделікті тәлім-тәрбие жұмысында тәрбиелік қуатын одан да терең арттырып шеберлікпен пайдалана білу-ұстаздар қауымының айбынды міндеті санайды.

Эпостық жырларды тек мектеп сахнасында ғана қойылымдар арқылы оқу-тәрбие жұмысында пайдаланып қоймай басқа да сабақтан және сыныптан тыс жұмыстарда қолданудың жолдары сан қырлы. Педагог-ғалым Ә.Табылды осы мәселеге тоқтала келе эпостық жырларды оқыту кезінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын талдап көрсетеді. Олар: әдеби көрме, әдеби кеш, сәулелі сабақ, дыбыстық талдау, әдеби газет, инсценировка, кино, пікірлесу, оқушылар конференциясы, театр; экскурсия.

Осылай эпостық жырларды оқыту кезінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын бөліп көрсеткен педагог-ғалым олардың әрқайсысына тоқталып, қалай өткізудің жолдары мен әдістемесін сөз етеді. Бірінші кезекте, әрбір эпостық жыр оқытылған соң оған арналып әдеби көрме ұйымдастырылуы керек екендігін айта келе, көрмеде орын алатын дүниелерге тоқталады. Олар: оқушылар салған иллюстрациялық суреттер; эпостық текстіне лайықтап суретшілердің суретінен көшіріп салған сурет көшірмелері, макеттер, таблицалар, альбомдар, экспонаттар, галерея құрамы, оқушылардың жазба жұмыстары, т.б.



Оқушыларға көрмені көрсетпес бұрын түсіндірмелі соңынан қорытынды әңгіме өткізуі қажеттігін айтып өтеді.

Педагог-ғалымның осы мәселе төңірегінде ұсынған тәрбие жұмыстарының ішінде сәулелі сабақ өткізу жұмысы оқушылардың қызығушылығын арттыратын дәстүрден тыс тәсілдердің бірі. Ол әрбір эпостық шығарма оқылып болған соң сол эпостық шығарманың мазмұнына сәйкес сәулелі сабақ ұйымдастырып, сабақта сол тақырыпта өткізу кезінде даярланған көрнекіліктерді тізбелеп құраған диафильм, эпидоскоп арқылы түрлі иллюстрациялар, т.б. көрсетіліп талданатынын жазады. Сәулелі материалдарды көрсетуде әрбір материалға түсінік беруді және ашып талдауды оқушылардың өздері ұйымдастырғаны жөн болса, ал мұғалім сабақты тек қорытындылаушы қызметін атқаратынын айтады. Әрбір тақырыпқа байланысты мәтіндерді көркемдеп оқу кезінде дыбыстық талдау тәсілін ұйымдастыруды ұсынған әдіскер-ғалым оның әдістемесіне тоқталады. Эпостық жырларды оқыту кезінде осындай тәрбие жұмыстарын жүргізуді ұсынған Ә.Табылды бұл іс-шараларды жыл бойына кеңінен жоспарлап өткізуді дұрыс санайды [3,29б.].

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбиені іске асырудың тиімді жолдарын осылай жан-жақты, терең зерттеп, қарастырған Ә.Табылды: «барлық оқу-тәрбие, ғылыми зерттеу жұмыстарын этнопедагогикамен байланыстырып жүргізу тиімді, әрі нәтижелі болмақ. Барлық жерде оқу-тәрбие ісін ұлттандыру мақсаттарын жүзеге асыру үшін, этнопедагогика негізгі тірек, қозғаушы күш бола алатынын»- айтады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Табылды Ә. Ұстаз тәлімі-Алматы: «Білім», 2006 ж.
2. Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Оқу құралы - Алматы: «Санат», 2001 ж.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі. – Алматы: 2001 ж.



**ӘОЖ 159.96**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

**Ажибаева Роза Елибаевна – магистр, аға оқытушы**  
**Руслан Сабина Қайратқызы, Акеғұл Алуа Маратқызы – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 3 курс студенттері**  
**«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы**  
**Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада мінез түсінігі жан-жақты қарастырылып, жалпы қоғамдағы мазмұны, орны айқындалады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық дағдылары білім беру процесіндегі педагогикалық негізі ашылып, қарастырылады. Осыларды негізге ала отырып, мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынастағы орны, рөлі анықталады.

**Кілт сөздер:** акцентуация, экстраверт, сензитив, неврастеникалық акцентуация

**Аннотация.** В статье комплексно рассматривается понятие характера, определяется его содержание и место в обществе в целом. Также рассматриваются поведенческие навыки учащихся начальных классов путем раскрытия педагогической основы образовательного процесса. Взяв их за основу, определяется положение и роль учителя и учащихся во взаимоотношениях.

**Ключевые слова:** акцентуация, экстраверт, сензитивная, неврастеническая акцентуация

**Annotation.** The article comprehensively considers the concept of character, determines its content and place in society as a whole. The behavioral skills of primary school students are also considered by revealing the pedagogical basis of the educational process. Taking them as a basis, the position and role of the teacher and students in the relationship is determined.

**Key words:** accentuation, extrovert, sensitive, neurasthenic accentuation

Мінез-құлық адамның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінез-құлық тірі организмнің барлығына ортақ қасиет. Оның басты белгісі – тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністері. Адам бойындағы мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – қылық. Мұнда әр адамның өмірлік бет алысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Адам өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін тыйып ұстауға мүмкіндік алады. Мінез-құлық адамның өзіне, айналасындағы басқа адамдарға қарым-қатынасынан, жүктелген істі қалай орындайтынынан көрінеді. Бұл оның бүкіл тыныс-тіршілігіне әсер етіп, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтамасыз етеді.

Жеке адамның психикалық жайы көбінесе қозу мен тежелу процестерінің үйлесіміне байланысты. Егер ерте балалық шақта көбінесе қозу процестері тежелуде басым түсіп, келе-келе бала өзінің сезіміне, ерікті зейініне т.б. ие бола алмаса, бастауыш сынып жасында тәрбие мен тұрмыс жағдайының салдарынан, қозу мен тежелу процестері бір шамаға түседі. Әрине бастауыш сынып оқушылары өте әрекетшіл, қозғалымпаз, белсенді болады. Тасқын атқан жігер, оның мінезін дегбірсіз еткенімен, баланың жас ерекшелігі педагогтың тәрбиесіне көнбейді деуге болмайды. Бастауыш сынып оқушысының табиғаты үнемі қозғалып, айқайлап, жүгіре беруді т.б. талап етеді деу қате.

Мұғалімнің жүргізген жұмысына қызығып, оның талабына орай бастауыш сынып оқушысы біршама ұстамды, тәртіпті, байсалды да бола алады. Бірақ оның күш-қуатының қозғалысқа деген талабына ойлы айла-амал іздеген жөн. Ол үшін сабақты әр түрлі әдіспен жүргізіп, 5 минуттық дене қозғалысын жасатып, үзіліс кезінде жүріп-тұруына мүмкіншілік туғызу керек, мұның бәрі бастауыш сынып оқушысын, өзінің жас ерекшелігін жеңе біліп, өзін-өзі билей білуіне қабілетті етеді. Тәрбие-қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады.

Оқушылардың сапалы тәртібі мен пайымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу басты мақсатқа бағытталған іс-әрекет. Қазақстан Республикасының "Ұлттық энциклопедиясында" адамгершілік ұғымына былай деп анықтама берілген: "Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы". Халықтың дүниетанымында мінез-құлықтың әртүрлі жағымды жақтары таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекетерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сену, ар-ұятты сақтау, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық т.б. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік нормаларын құр жаттап алу жеткіліксіз, оны терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру және толғануды мінез-құлыққа бекіту керек. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы сезімдері мен мінез-құлықтың қарапайым белгілері қалыптасады. Балада қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынаста көзге түседі. Негізгі мектеп оқушыларында мінез-құлықтың, сана мен сезімнің жаңа түрлері одан әрі дамытылады. Адамды сипаттағанда алдымен мінезін ескереді.

Күнделікті өмірде адам мінезінің қарама-қарсы бітістері көрініс береді: қайырымды – сараң, батыл солқылдақ, жүректі – қорқақ, еңбекқор – жалқау, табанды – тұрақсыз т.б. Психологиялық әдебиетте мінезді характер деп атайды. Бұл гректің сөзі, аударма келгенде баспаға басу, суреттеу, мәнерлеу деген мағынада. Шынында да қоғам тәрбие арқылы адамның мінезін баспаға басқандай қылып, керекті көрінісін жасайды. Мінез дегеніміз адамның іс-әрекетінде пайдаланатын амал-тәсілдерінен көрінетін оның жеке психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Мінез адамның өзіне үйреншікті жағдайларда жасалатын мінез-

күлқының бағдарламасы іспеттес. Ол өмірлік әсерлердің күрделі жиынтығының бейнесі бола отырып, жеке адамның сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынасы ретінде қалыптасады.

Мінездің көрінісі көптеген тұрақты бітімдерге айналып, адамның қоршаған дүниеге, басқа жандарға, психикалық процестерге деген қарым-қатынасын аңғартады. Сонымен қатар солардың ішінде жасаған қызметіне, тұрмыстық ортасына байланысты мінездің нақты типтерін де ажыратуға болады. Мәселен педагогтардың, мұғалімдердің, дәрігерлердің, инженерлердің т.б. мінез бетістерінің ұстамдылығы, байсалдығы, шыдамдылығы, байқағыштығы айрықша көрініс беруге тиіс. Сондай-ақ адамның мінезінің құрылымында өзіне ғана тән индивидуалдық өзгешеліктері де болады, өйткені әр адамның талғамы, талпынысы жалпы өмір тәжірибесі әр түрлі болып келеді.

Адамдарды жоғарыда көрсетілген белгілі бір типке жатқызған болсақ, біз олардың мінездерінің бітістерін үйлесімді, жарасымды деп есептейміз. Демек, мінездің үйлесімділігі, жағымдылығы болып қалатын сәйкес түгелдей жоққа шығарылмайды. Мәселен адамның ақкөңілділігі кейде оның принципшілдігімен сәйкес келіп қалуы мүмкін. Мінездің бітістерін адамның өмірге деген сенімдеріне, көзқарастарына беталысының басқа да ерекшеліктеріне жатқызуға болмайды. Мәселен, ақжарқын және көңілді адамның бірінің адамгершілік қасиеті өте жоғары болса, осындай мінез бітістері бар басқа біреу өз басындағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін арамдың жасаудан да тайсалмайды. Сонымен қатар мінездің кейбір бітістері адамның жеке басының беталысымен анықталып отырады. Мәселен отанға деген орасан зор сүйіспеншілік адамның жеке басында қайтпас қайсарлық, ерекше батылдық және ерлік туғызып отырады.

Адамның тәжірибесінен көрініс беретін мінез бітістері өте көп, әйтеуір мыңнан артық деп есептеледі. Олардың бәрін атап шығудың пайдасы жоқ, бірақ сан жағынан біреудің мінезінде белгілі бір бітістер басым болуы мүмкін. Мысалы, адамдардың ішінде жомарттығы, әлде адалдығы мен олардың ашықтығы азды көптілері кездесіп отырады. Егерде мінездің осы әлде басқа бітістерінің сандық көрсеткіші шегіне жетсе, мінез акцентуация көрінісін береді. Бұл кейбір бітістердің күшею нәтижесінде асып шегіне жеткен мінез көріністері индивид стресс сезімін пайда қылатын факторлардың бірінен тез күйзеліп қалса, енді біреулеріне шыдамдылық көрсетеді. Адам мінезінің әлсіз жағы жиі осы жақтың белсенді қызметін керек ететін қиын жағдайларда ғана байқалады.

Мінездің акцентуациясы өте қолайсыз жағдайларды психологиялық күйзелістер мен адамның мінез-күлқының өзгеруіне, психопатияға соқтырады (адамның әлеуметтік тұрмысқа кедергі жасайтын мінез паталогиясы). Акцентуация проблемасының күн тәртібіне көптеген психиаторлар мен психоневрологтар байланысты. Сондықтан да олар осы проблемаға бар мінез бітістеріне классификация бергенде, психиаторлық терминологияны қолданған (шизоиттік) бітістер, эпилептоиттік бітістер кейбір ғылым педагогтар (К. Леонгард, А. Личко) осы терминологияның кейбір жақтарын пайдаланып, педагогтардың түсінігіне жақын акцентуациялық мінез бітістердің классификациясын берген.

Сөйтіп мінез акцентуацияның өте маңызды типтері ажыратылған. 1. Мінездің интраверттік типі. Бұл типке жататындар тұйық келеді. Олар өздері мен өздері болып, басқалармен тіл табысуды, жақындасуды қиынсынады. Келесі II.- эктраверт типтегі адамдар көтермелі сезімді, басқалармен араласуды және әрекет жасауды тіпті олардың керектігін, мәнін жиі елемей ақ жаңың құмартып, тұрады. Мұндай адамдар сөзуар, көрсе қызар, кейде мақтаншақ, үстірті сенгіш келеді. III. Жүгенсіз типке жататындар күйгелек, ұрысқақ, жанжал қой, қарсылық пікір айтылса шыдамсыз, кейде арам ойлы келеді.

Мінезінде неврастеникалық акцентуациясы бар жетіншектердің негізгі ерешеліктері көңіл күйінде есерліктің басым болуы, ашуланшақтық, тез шаршауы, шамдануға жақын тұруы. Басқаларға деген ашуы өзіне деген, аянышы, долылыққа соқтырады. Бірақ нерв жүйесінің әлсіздігі оны тезтоқтатып, жасаған қылығына өкініш туғызып, жылау менаяқталады. Сензитив типтестер қорқақ, тұйық, ұялшақ келеді. Мұндай жеткіншектер үлкен, әсіресе жаңа ұжымдарға қосылудан аулақ болады, тентектікке және жолдастарының қауыпты ойын-дарына қатыспайды, кішкентай балалармен ойнауды жақынырақ көреді.

Оқуда сын жұмыстарынан қорқып, жиі класстың алдында жауап беруге ұялады, өйткені балаларға күлкі әлде оларда күндестік туғызамын ба деп қауіптенді. Сензитив жеткіншектерде өздерінің жарымдылықтарының сезінуі ерекше көрініс беретін гиперкомпенсация реакциясына итермелейді. Олар өздеріне бекімдік жасайды қабілеттері ашылатын саладан емес, әсіресе өзін жарамсыз сезетін жақтардан іздейді. Қыздар өздерінің көңілділігін көрсеткісі келеді.

Жасқаншақ және ұялшақ балалар жалған дәрекілік, тіпті шеттен тыс қылықтар жасап, сөйтіп өзінің күшімен жігерін көрсетуге тырысады. Бірақ батылдық пен өжеттілікті керек ететін жағдайлар мен кездесе қалса, сол сәтте дәрменсіздік танытады. Егерде осындай балалармен жақындасып, сенімді қарым қатынас құрып, соларды ұнайтындығын және қолдайтуғының аңғартқан адамға, олар ашылып, өздерінің жасап жүрген қылықтарының жалған екенін сезімдерінің өте нәзік екенін, өздерін қатты сөгетінің және өздеріне тым жоғары талаптар қоятынын ақиқаттайды. Күтпеген жылы шырай және жанашырлық оларды қатты жылатып, дәрекілік пен сотқарлықты басады.

Мінез құрылымы. Адамның мінезін оның құрылымын анықтау дегеніміз мінездің негізгі компоненттерінің не қасиеттерін ажырату және күрделі қатынас пен өзара байланыста туындайтын өзіндік бітістерді табу деген сөз. Бірақ мінез – бір - бірімен белгілі қатынас байланысы бар жеке адам қасиеттерінің жүйесі, тұтас құрылымы болып табылады. Сондықтан адам мінезінің бір әлде бірнеше қасиеттерін жүйесі; және еріктік ерекшеліктері білуге болады. Олар белпсі бір жағдайда тұрақты көріністер беріп, мінездің бітістеріне айналады. Мінездің бітістері деп осы ортамен қарым қатынаста, іс-әрекетте көрінетін мінез-құлықтарын айтамыз.

Адамның мінез-құлқы оның іс-әрекеттің итермелеуші күші болып отырады. Мысалы біреу жұмыс жасағанда абырой алғысы келеді, енді біреу қорқа соғады, тағы бірі атаққұмар келеді. Мінез-құлқтың қасиеттері өмірдің қиындығын жеңуде, осы бағыттағы күресте айқын көрініп отырады. Бұл қасиеттердің негізінде ерік қасиеттері болады. Мінез адамға туа бітпейді, бірақ ол оның табиғаты, мәселен нерв қызметінің ерекшеліктерімен байланысты келеді. Невр процестерінің (қозу мен тежеудің) тең не тең еместігі, шапшаңдығы не баяулығы, күштілігі мен әлсіздігі -осылардың бәрі мінез көріністеріне түрліше рең береді.

Сөйтіп мінездің табиғи негізі жоғары нерв қызметінің типтерінен байқалып, адамның темпераментімен тығыз байланысты келеді. Темперамент мінездегі байсалдылық немесе жаңғалақтық немесе сылбырлық тонусының көтеріңкі -төмендігі, үйірсектік немесе тұйықтық, жаңа жағдайда, жаңа міндетке тез, не қиын бейімделу сияқты т.б. сипаттарды анықтайды. Темперамент мінездің басқа да жақтарына мәселен, сезімнің тонусына (құбылуы), қозғалыстың сыртқы мәнеріне, сөйлеген сөздің екпініне, ерив. Сөйтіп семья тәрбиесіндегі қателіктер түбінде адамның мінез-құлқында түрлі қайшылықтардың пайда болуына соқтырады.

Мұндай адамдар бір қалыптылығы жоқтығымен, сөзімен есінің жанаспауымен сипатталады. Мінездің дамуы, оның бітістерінің қалыптасуы, айқындығы – табиғаттың сыйы емес, түрлі өмір ситуацияларында адамға қойылатын талап бірлігінің нәтижесі деп қарастыру керек. Мінез құрылымы өмір барысында өзгермей тұрмайды. Өсу, даму процесінде адамның іс-әрекеті де, өмір жағдайларында өзгеріске түседі, адамға қойылатын талаптар да өзгереді, бұл жағдай жеке адам құрылымда өзгерістер туғызып отырады. Әрбір адам жеке тұлға болғандықтан оның мінез-құлқы өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады.

Мінез деген психологиялық қасиеттің төркіні характер деген грек сөзінен шыққан. Оның негізгі мағнасы із қалдыру деген мағынаны білдіреді. Сондықтан мінез дегеніміз әрбір адамның жеке басына тән даралық ерекшелік екенін ғылым тарихында алғаш рет сипаттап жазған ғалым - ертедегі грек философы Теофраст. Бірақ ол мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет деп көрсеткен.

Бастауыш сыныптағы балаларға жалпы сипаттама бергенде 7 жасар баланың 9 жастағы балаға қарағанда өзінің психикалық және денелік жағынан алғанда едәуір

айырмашылығы бар екендігін ескермеуге болмайды. Егер бірінші сынып оқушысының мектепке дейінгі жастағы балалармен ортақ белгілері мол болып келсе 3 сынып оқушысының кіші жасөспірімдік жастағы балаларға тән бірқатар ерекшеліктері болады.

Мұғалім балалардың жағымсыз қасиеттерімен күресіп, жағымды қасиеттерін күшейте отырып, оның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін есепке алуы қажет. Бала жөнінде түсінік болмай тұрып, оны тәрбиелеу де мүмкін емес. К.Д.Ушинский «Тәрбиеші адамның шын мәнінде қандай адам екенін,оның барлық әлсіздіктерін және оның ұлылығын,оның күнделікті барлық ұсақ мұқтаждықтарын және оның барлық рухани талап-тілектерін білуге тырысуы керек.»,-деп жазған болатын.

Ересек оқушыларғабастауыш сынып оқушыларының индивидуалдық ерекшеліктері н зерттеп білу жеңіл,өйткені балалар бұл жаста ашықтығымен және турашылдығымен ерекшеленеді.Бірақ бастауыш сынып оқушылары еліктеуге бейім тұрады,мұғалім б асқалардың әсерінен пайда болған баланың уақытша жайкүйін оның жеке басының қасиеттері ретінде қабылдауы да мүмкін.

Балаларды мектепте мүмкіндігіне қарай мектептен тыс жерлерде бақылап, әрбір мектеп оқушысының типтік ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Егер мұғалімнің мықты және қатаң бақылауымен өтетін сабақ үстінде ,бала табандылық және талаптылық көрсетсе бірден-ақ еңбексүйгіштік оның мінез-құлқының басты бір ерекшелігі екен деген қорытындыға келуге болмайды. Үйге тапсырмаларды өзі қалай дайындайды,мысалы, үй шаруасына көмектескенде, мектеп жанындағы учаскеде еңбек еткенде, басқа жұмыстарға қалай қарайды екен соны көріп білу керек. Егер оқушы табандылық пен талаптылық көрсетсе,кез келген іске қызу кірісіп кетсе, онда бұл оның жеке басының ерекшелігі деп айтуға болады.

Балаларды мектепте мүмкіндігіне қарай мектептен тыс жерлерде бақылап, әрбір мектеп оқушысының типтік ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Егер мұғалімнің мықты және қатаң бақылауымен өтетін сабақ үстінде, бала табандылық және талаптылық көрсетсе, бірден-ақ еңбексүйгіштік оның мінез-құлқының басты бір ерекшелігі екен деген қорытындыға келуге болмайды.

Мұғалімнің жанұямен тығыз байланыс орнатпайынша балаларды тәрбиелеу мүмкін емес, оқушы уақытының көбін үйде өткізеді, жақын адамдарының әсерімен оның мінезі қалыптасады. Сондықтан да мұғалім оқушының ата-аналарымен үнемі қатынас жасай отырып, солар арқылы оған қажетті ықпал жасайды, оның ұнамды сапаларын бекіндіреді, дамытыды және кемшіліктерімен күрес жүргізеді. Соның өзінде ата-аналар мен мұғалімдер талаптары арасында алшақтық болмауы өте маңызды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 2014.
2. Айғабылова Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. — А., Өнер. 1972.



## ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ажибаева Роза Елибаевна – магистр, аға оқытушы  
«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы  
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Андатпа.** Мақалада құндылық, ұлттық құндылық ұғымдарының мәні ашылып, маңызы көрсетілген. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың мазмұнын қарастырып, негізгі ұлттық құндылықтарға тоқталған.

**Кілт сөздер:** ұлттық құндылық, қазақ мәдениеті, дәстүр, қоғам, тәлімгер.

**Аннотация.** В статье раскрывается значение понятий ценность и национальная ценность. Содержание формирования национальных ценностей учащихся начальной школы и акцентировал внимание на основных национальных ценностях.

**Ключевые слова:** национальная ценность, казахская культура, традиция, общество, наставник.

**Annotation.** The article reveals the essence and significance of the concepts of value, national value. Considering the content of the formation of national values of primary school students, the main national values are touched upon.

**Key words:** national value, kazakh culture, tradition, society, mentor.

Құндылықтар – бұл ұзақ уақыт бойы қоғамда жақсы нәрсе ретінде мақұлданған және қабылданған негізгі сенімдер, мінез-құлық және көзқарастар. Жалпы мағынада олар адамның өз өмірінде ұстанатын ізгі қасиеттері ретінде қарастырылады. Дегенмен, философтар, зерттеушілер, практиктер және басқа да көптеген адамдар тиісті пәнге немесе контекстке қатысты әртүрлі көзқарастардан құндылықтарды анықтап, қарастырды. Жалпы алғанда, құндылықтар әдеттер, мінез-құлық, сенімдер, күтулер және қарым-қатынастар арқылы көрінетін жеке тұлғаның ішкі шындықтары ретінде қарастырылады.

Құндылықтар жеке адамның ойлау үлгісі мен әрекет ету тәсілінің негізін қалайды. Олар шешім қабылдауда, таңдау жасауда және қабылдаулар мен көзқарастарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, жеке құндылықтар бойынша әртүрлі зерттеулер олардың мансап, дін, әлеуметтік орта және өзін-өзі анықтау сияқты өмірдің барлық аспектілерінде шешім қабылдауға жиі басшылық ететінін көрсетті. Жеке құндылықтардың тағы бір аспектісі - оларды жеке тұлғаның қалаулы мотивациялық мақсаттары мен мүдделері немесе өмірдегі жетекші қағидалар ретінде қарастыруға болады. Демек, құндылықтарды психологиялық өрнектерді немесе ақыл-ой шеңберін қабылдау ретінде қарастыруға болады.

Қоғамның мәдениет, экономика және саясат тұрғысынан тұрақты түрленуінің нәтижесінде құндылықтар мен құндылықтар жүйесі әдеттен тыс өзгеріп, бұрмаланды. Мұны «қазіргі заманға сай жеке құндылықтар жүйесі ағымдағы талаптарға сәйкестендіру үшін өзгерістерді қолдайтыны қалыпты жағдай» деп негіздейді. Бастапқыда жеке құндылықтардың кейбірі туылу арқылы анықталып, кейінірек білім, тәжірибе, қоғам, мәдениет және басқа да көптеген факторлар әсер етіп, қалыптасады. Өмір салтының, мәдени ортаның және экономикалық жағдайлардың өзгеруі жеке немесе осы факторлардың жиынтығы құндылықтардың өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Жеке құндылықтар жүйесін өзі және оның серіктері үшін не жақсы немесе жаман екенін шешетін жеке адамның ішінде бар салыстырмалы түрде тұрақты шеңбер ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, ол жеке тұлғаның мінез-құлқының жалпы сипатын қалыптастырады және оған әсер етеді. Зерттеушілер өмірдің басында қалыптасқан жеке құндылықтардың өзгерістерге төзімді болуы және мәдениет, дін және саяси партия сияқты

белгілі бір топтардың немесе жүйелердің құндылықтарынан туындауы мүмкін екенін анықтады. Генетикалық тұқым қуалайтын ерекшеліктер және сыртқы факторлар, соның ішінде білім адамның жеке құндылықтарын анықтауы мүмкін. Негізінде құндылықтардың антецеденттері қоғамда және оның институттарында мәдени түрде енген және әлеуметтік тұрғыдан анықталады. Жеке құндылық ішкі құбылыс болғанымен, құндылықты қабылдауға ынталандырушы күш әртүрлі сыртқы көздерден туындайтын күш ретінде қарастырылады.

Құндылықтар адамның бүкіл өмір салтына тікелей әсер ететіндіктен, құндылықтар мен құндылықтар жүйелерін, олардың өзгермелі әлеуметтік-экономикалық контексттердегі орны мен олардың жеке адамға және қоғамға қалай әсер ететінін талқылау әмбебап өзектілікке ие. Қоғамның құндылықтар жүйесі әрқашан адамның әлеуметтік өмірдегі, білімдегі және кәсіптік өмірдегі белсенділігін анықтайды. Құндылықтар ұйымдық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және ұйымды табысты басқаруға жауап беретін қағидалар ретінде бірнеше рет анықталады. Құндылықтардың адамдардың мансап таңдауына жасаған бағалауларына әсерін зерттеу тағы бір тренді зерттеу бағыты болып табылады. Жалпы, мұғалім, медицина және мейірбике сияқты мамандықтар құндылықтарға қатты тәуелді және әсер етеді. Осыған орай, адами құндылықтардың әр алуан аясын анықтау қажеттігі уақыт талабы болып табылады.

Кәсіби құндылықтар да жеке құндылықтар арқылы қалыптасып, әсер ететіндіктен, шын мәнінде жеке құндылықтарды талқылау уақыт өте келе өзгермейтін мәселе ретінде қарастырылуы мүмкін. Соңғы бірнеше жыл ішінде жастар арасында құндылықтардың тозуына байланысты алаңдаушылық күшейіп келеді және ол үздіксіз дамып келеді. Сонымен бірге құндылықтарды дамытуға жәрдемдесу қажеттілігі білім беру саласындағы ең үлкен міндетке айналды. Материалдық игіліктерге, ақшаға, атақ-даңққа және табысқа берілген бағаның әсері қазіргі жас ұрпақ арқылы айқын көрінеді. Демек, осы жаңа ғасырда толеранттылық, әлеуметтік әділеттілік, кеңпейілділік, эмпатия және басқаларға терең құрмет сияқты құндылықтарды дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінуде.

Құндылықтарды жүзеге асыру және оларды жеке тұлға ретінде қабылдау және көрсету білім берумен тығыз байланысты болғандықтан, бүгінгі таңда қоғамның сабақтастығын қамтамасыз ету үшін құндылықтарды тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлінуде. Бұған қоса, олар ұзақ уақыт бойы оқушылардың мінез-құлқын, көзқарастарын және жетістіктерін түсінудегі маңызды айнымалылар болып саналды.

Құндылықты жүзеге асыру оқушылардың әртүрлі жағдайларға реакциясын түсіндіру және түсіну және оқу тәжірибесін бейімдеу және бағалау арқылы оқу процесін ұйымдастыруға көмектесуі мүмкін. Оқушылардың оқуы өз бетінше жүзеге асса да, бұл оқшауланған процесс емес. Зерттеулер оқытуға әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар әсер ететінін растады. Тиісінше, егер жеке құндылықтар адамның мінез-құлқына қатысты болса, оқуға жеке құндылықтар да әсер етуі мүмкін.

Осы болжамға сүйене отырып, бірқатар зерттеушілер студенттердің оқу тәсілдері мен жеке құндылықтарының құрамы мен құрылымын зерттейді және олардың өзара байланыстары әртүрлі контексттерде байқалды. Бұл саладағы зерттеулер құндылықтардың оқытудың әртүрлі тәсілдерімен байланысты екенін және олар жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін екенін растайды.

Қазіргі таңда тәлімгер ұстаз оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастырушы болып табылады. Оған негізінен мынандай үш түрлі басты міндет жүктеледі:

- тәрбие жұмысын үйлестіріп отыру;
- сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;
- мектеппен отбасының байланысын жасау;

Тәлімгер ұстаздың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазір оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады. Әсіресе баланың даму барысын есепке алу, биімділігін, қызығушылықтарын, сабаққа деген көзқарасын т.б. кейбір

объективтік көрсеткіштерді назардан тыс қолдануға болмайды. Мектептің жүрегі мұғалім болса, сыныппен жұмыс жүргізетін сынып жетекшісі. Ойымызды тұжырымдай келе оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парымыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Садыр Г.Ә., Нуртазина А.Ө., Әміреев Н.Ә. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар, - Алматы 2015ж
2. Оқу құралы, А.Ө.Нуртазина, Н.Ә.Әміреев. - Алматы, - 2019ж.
3. Қ.Қ.Тұрарова, С.Қ.Иманбердиева, О.М.Әбутәліп. - Алматы, - 2019ж.
4. Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т.б. Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. - Алматы, 2014ж.



УДК 378.147.52:004.89

### **ПРЕИМУЩЕСТВА И РИСКИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГЕНЕРАТИВНОГО ПРЕДВАРИТЕЛЬНО ОБУЧЕННОГО ПРЕОБРАЗОВАТЕЛЯ (CHATGPT) В ОБРАЗОВАНИИ И ИССЛЕДОВАНИЯХ: ПОСЛЕДСТВИЯ ДЛЯ ПРАКТИКИ**

**Тоқболат С.Т. – кандидат исторических наук  
Факультет «Естественных наук», кафедра «История и география»,  
Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы**

**Аннотация.** Эта статья обсуждает преимущества и риски использования Generative Pre-trained Transformer (ChatGPT) в образовании и исследованиях. Статья утверждает, что ChatGPT имеет несколько преимуществ, таких как улучшение педагогической практики, создание оценок обучения, предоставление виртуального персонального обучения, мозговой штурм и создание конспектов. Однако существуют риски, связанные с вопросами академической честности, несправедливыми оценками обучения, неточной информацией и чрезмерной зависимостью от искусственного интеллекта. Статья предлагает рекомендации для эффективного использования ChatGPT в образовании и исследованиях. Несмотря на его успех, ChatGPT также представляет новые вызовы и угрозы для образования, такие как AI-помощь при списывании, что вызывает опасения и запреты в некоторых школах. Статья подчеркивает ответственное и этичное использование ChatGPT, обеспечивая оптимизацию ее преимуществ и минимизацию ее недостатков.

**Ключевые слова:** ChatGPT, образование, генеративный искусственный интеллект, преподавание и обучение.

Искусственный интеллект (AI) развивается стремительно в последние годы, приводя к различным применениям в различных областях, таких как здравоохранение и образование. Системы AI могут быть обучены имитировать человеческий мозг и выполнять рутинную работу с использованием большого количества данных [1]. Например, в здравоохранении AI может помочь профессионалам в их работе, синтезируя медицинские записи, интерпретируя диагностические изображения и выявляя проблемы со здоровьем [2]. Применение AI также используется в образовании для улучшения административных услуг и академической поддержки. ChatGPT - недавно разработанный чат-бот, созданный OpenAI [3], может облегчить применение AI в обучении и образовании. ChatGPT использует обработку естественного языка для генерации ответов, похожих на человеческие, на ввод пользователя.



Он привлек внимание по всему миру своей впечатляющей производительностью в создании последовательных, систематических и информативных ответов.

С момента своего выпуска 30 ноября 2022 года ChatGPT стал самым быстрорастущим пользовательским приложением в истории, достигнув 100 миллионов активных пользователей к январю 2023 года, всего за два месяца после запуска [4]. Такую небывалую популярность ChatGPT можно объяснить его способностью быстро генерировать детальные ответы на запросы и последующие вопросы. Таким образом, ChatGPT рассматривается как новый инструмент искусственного интеллекта, который может революционизировать существующие практики образования. Несмотря на свой успех, ChatGPT представляет новые вызовы и угрозы для образования. Благодаря своей способности предоставлять конкретные ответы на вопросы пользователей, он может использоваться для выполнения письменных заданий и экзаменов от имени студентов, что вызывает опасения относительно использования ИИ в обмане. В ответ на это некоторые школы запретили доступ к ChatGPT [5].

Эта статья направлена на обсуждение как плюсов, так и минусов использования ChatGPT в образовании и научных исследованиях, опираясь на вторичные источники. Она подчеркивает ключевые преимущества ChatGPT, включая персонализированное обучение, автоматизированную оценку эссе, перевод языков, интерактивное обучение и адаптивное обучение. Однако статья также рассматривает потенциальные риски, связанные с использованием ChatGPT на начальной стадии, и заканчивается рекомендациями по эффективному использованию ChatGPT в образовании и научных исследованиях.

Тағы да атап өтейік – кәсіпкерлік қызметке дайындық барлық студенттерді даярлаудың мақсаты болып табылмайды. Оның үстіне, олардың басым бөлігі өз болашағын кәсіпкерлікпен байланыстырмайды. Алайда, нарықтық экономика жағдайында, біздің ойымызша, әр азаматтың және оның үстіне жоғары білімі бар маманның кәсіпкерлік саласында тұрақты құзыреттері болуы керек. Шынында да, арнайы кәсіпкерлікпен айналыспай-ақ, адам үнемі кәсіпкерлік қатынастарға түседі: әр түрлі ұсыныстардан тауарлар мен қызметтерді таңдайды. Кәсіпкерлік құзыреттіліктің болмауы көптеген Қазақстандықтардың материалдық құралдарды, тіпті тұрғын үйді жоғалтуға және басқа да жағымсыз салдарға алып келді. Алайда студенттердің әлеуметтенуінің тиімділігін тежейтін елеулі қайшылықтар бар [1]. Бұл маманды кәсіпкерлік саласында оның құзыреттілігін қалыптастыру арқылы кәсіпкерлік қызметке қосуға дайындау қажеттілігін тудырады. Бұл мынандай қарама-қайшылықтарды тудырады:

- қазіргі уақытта кәсіпкерлік дайындықтың негізгі мақсаты студенттердің негізгі еңбек қызметі ретінде кәсіпкерлік қызметке дайындығын қалыптастыру болып саналады, ал нарықтық қатынастар жағдайында сәтті әлеуметтену үшін кәсіпкерлік қатынастар саласында құзыреттілікті қалыптастыру қажет;

- студенттерді жоғары оқу орындарының профиліне сәйкес белгілі бір қызмет саласында кәсіпкерлікке дайындау, нәтижесінде түлектердің өмір бойы бетпе-бет келетін әртүрлі кәсіпкерлік жағдайлардағы мүмкін болатын шешімдер туралы кең білімі болмауы;

- педагогикалық және психологиялық ғылымдарда кәсіпкерлік құзыреттілікті қалыптастыру тәсілдерінің сәйкессіздігіне;

- кәсіпкерлік қасиеттердің біреуін ғана қалыптастыруға дайындық бағыты (тек экономикалық, ақпараттық немесе құқықтық құзыреттілік және т.б.);

- кәсіпкерлік қатынастарға қатысуға теориялық және практикалық дайындықтың уақыт талаптарына сәйкес келмеуі [2].

Жоғарыда аталған қарама-қайшылықтар маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселені шешу қажеттілігін тудырады - кәсіпкерлік саласындағы жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибесін түсіну негізінде осы қызметтің принциптерін, тетіктерін, әдістері мен ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын қазіргі талаптар тұрғысынан бөліп көрсету.

Қазақстан дамуының жаңа экономикалық шарттары, негізінен нарықтық экономиканың дамуы халықты кәсіпкерлік қызметке қатысуға және оны жүзеге асыруға дайындау қажеттілігін тудырды. Алайда, қазіргі уақытта болашақ кәсіпкерлер арнайы дайындалған білім беру мекемелерінен басқа кәсіпкерлік қызметке дайындық та, кәсіпкерлік салада құзыреттілікті қалыптастыру да тиісті деңгейде жүргізілмейді.

Кәсіпкерлік саласындағы маманның құзыреттілігін қалыптастыру жоғары мектептің ондағы кәсіби дайындық бағытына қарамастан маңызды міндеті болып табылады деген ережеге сүйене отырып, тиісті дайындықтың тұтас жүйесі ғана емес, сонымен бірге оны құрудың бірыңғай тұжырымдамалық тәсілдері де жоқ деп айтуға болады. Тиісті дайындық кәсіпкерлік тақырыптарын экономика бағдарламасына қосу арқылы немесе факультативті түрде жүзеге асырылады. Негізінен, оқу процесі студенттің алған кәсібі аясында кәсіпкерлік қасиеттерін қалыптастыру, оны белгілі бір дәрежеде кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандыру міндетіне негізделген. Көптеген жоғары оқу орындар үшін іс жүзінде студент өмір бойы кездесетін әртүрлі кәсіпкерлік жағдайларда оңтайлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру негізінде түлектердің сәтті әлеуметтенуін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады.

Біз қазақстандық білім беру ұйымдарының бірқатар басшыларының жоғары оқу орындарының түлектерін коммерциялық салада жұмысқа орналастыру, оның ішінде таңдаған мамандығының бейіні бойынша емес еңбек қызметі жоғары оқу орындарының табысты қызметінің көрсеткіші болып табылады деген пікірімен келіспейміз. Керісінше, бұл жағдайда түлек талап етілмейтін білім алуға көп уақыт пен күш жұмсайды, ал мемлекет салық төлеушілердің қаражатын ұтымсыз пайдаланады.

Сонымен бірге, елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының жаңа тұжырымдамаларын іздеу оң үрдіс болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамында болып жатқан процестер әлеуметтік құрылымдағы айтарлықтай өзгерістерді болжайды: өз ісін ашу арқылы өздерін мүмкіндіктерін жүзеге асыруға тырысатын халықтың белгілі бір бөлігінің, кәсіпкерлердің жұмысын жандандыруға жағдай жасау.

Өркениетті кәсіпкерлік инновациялардың қайнар көзі болып табылады, өйткені ол өндірісті модернизациялауға, қоғамның әртүрлі салаларына соңғы ғылыми жетістіктерді енгізуге мүдделі. Қатаң бәсекелестік жағдайында табысты өмір сүргісі келетін кәсіпкерлер үнемі тәуекелге баруға, өз кәсіпорындарының техникалық және технологиялық базасын, өндірістік топтарды басқарудың стилі мен әдістерін жетілдіруге, тұтыну нарығындағы сұранысты зерттеуге, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі тәрбиелеуге мәжбүр.

Кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік маңыздылығы мен жұмыс істеу ерекшеліктері оның әлеуметтік тасымалдаушысын бүгінгі таңда экономикалық өмірдің негізгі тұлғасына айналдырады, кәсіпкерлік әлеуметтік дамудың жетекші және шешуші күшіне айналады. Сондықтан отандық кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуын Қазақстанның дағдарыс жағдайынан шығуының қажетті жағдайларына жатқызу керек [3].

Сонымен қатар, отандық кәсіпкерліктің жандануы тек экономикалық процесс ретінде ғана емес, ең алдымен әлеуметтік-мәдени, яғни қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын процесс ретінде қарастырылуы керек. Өйткені бұл меншік иелерінің жаңа әлеуметтік қабатының қалыптасуымен, олардың нақты құндылықтарымен, іс-әрекет мотивтерімен, адамның өзін-өзі тануымен байланысты және бүкіл Қазақстан халқының құндылық бағдарларының өзгеруін болжайды.

Айта кету керек, кәсіпкерлікті дамыту, бір жағынан, Қазақстандық қоғам дамуының қазіргі кезеңінің қажеттіліктеріне сәйкес келеді, екінші жағынан, кәсіпкерлік қызметтің сәтті жұмыс істеуі үшін мемлекеттік әлеуметтік қолдау қажет. Сондай-ақ, Қазақстанда, тіпті ғылыми ортада да, қазіргі заманғы өркениетті кәсіпкерліктің не екендігі, кәсіпкер қандай қасиеттерге ие болуы керек, нені білуі және табысты кәсіпкерлік қызмет үшін не істей алатындығы туралы нақты пікір жоқ екенін атап өткен жөн. Бұл оның қалыптасуына теріс әсер етеді. Қазақстанда кәсіпкерліктің қалыптасу процесінің күрделілігі мен сәйкессіздігі жаңа кәсіпкерлердің іскерлік қатынастарының арнайы білімі мен мәдениетінің жеткіліксіз деңгейінде, көбінесе қызметтің әлеуметтік-гуманистік мотивациясы болмаған кезде, материалдық мүмкіндіктерін өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тану мақсатында пайдалана алмауында көрінеді.


Бұл жағымсыз сипаттамалар негізінен қазіргі жағдайдағы қоғамның білім беру және тәрбие қызметінің кемшіліктеріне байланысты. Қазақстандағы ғылым мен білім беруді қаржыландырудың қазіргі қалдық қағидасы, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының дұрыс ойластырылмауы, білімге деген сұраныс жастардың оқуға және ғылыми қызметке деген қызығушылығының төмендеуіне әкелді.

Бұған дәстүрлі білім беру жүйесі, оның жедел экономикалық қажеттіліктерге, оқу процесін ұйымдастырудың консервативті әдістеріне назар аудара отырып, көбінесе адамзат қоғамының дамуының қазіргі кезеңіне сәйкес келмейтінін қосу керек. Бұл жағдай ХХ ғасырдың екінші жартысында ақпараттандыру процестеріне байланысты мәдени және тарихи мұрагерліктің түрі өзгергендігімен түсіндіріледі. Компьютерлендіру арқылы адамды жеткілікті ақпаратты есте сақтау қажеттілігінен құтқаратын қазіргі заман оған жаңа міндеттер қояды: өз бетінше ойлауды үйрену, бейтаныс жағдайларда және стандартты емес жағдайларда еркін жүру, өз шешімдері үшін жауапкершілік қабылдау және т.б.

Қазір Қазақстанда түбегейлі экономикалық реформалар жүргізіліп жатқанда білім беру ісін дұрыс бағаламауға жол берілмейді. Бұл өркениетке қол созған жаңа Қазақстан қоғамында жаңаша экономикалық ойлауды қалыптастыру қажет екендігімен байланысты.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Амирян Д.С. Исследование предпринимательских способностей и технологии их формирования в учебном процессе // Социальная психология XXI столетия. - Ярославль, Изд-во Ярославского государственного университета им. П.Г. Демидова, 2002. - С. 45-49.
2. Барыжикова Е.В. Интеграция аудиторной и внеаудиторной деятельности в процессе обучения основам предпринимательства // Среднее профессиональное образование - №3, 2004. - 0,4 п.л.
3. Дьячкова Е.В. Предпринимательский потенциал личности: психолого- акмеологические характеристики и психодиагностика. - Иваново: СЗАГС, 2003.-57 с.



**ӘОЖ 371.13**

#### **ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

**Елубаева Р.С. - п.ғ.к., доцент, Сарсенов Ж.Б. - оқытушы,**

**Бектурғанова М.С. - магистрант**

**«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдары сөз болады.

**Кілт сөздер:** білім беру ісі, тәрбие, экология, қарым-қатынас, табиғат.

**Аннотация.** В статье будут рассмотрены эффективные способы экологического воспитания.

**Ключевые слова:** образовательное дело, воспитание, экология, общение, природа

**Annotation:** The article will consider effective ways of environmental education.

**Key words:** education, education, ecology, communication, nature

Қазіргі қоғамның дамуы, ғылыми-техникалық үдерістің қарқындауы дүниежүзінің экологиялық жағдайы күрт нашарлап, жер шарының тіршілік белгілерінің жойылу қаупі бүгінгі уақытта маңызды мәселе болып отыр. Аталған мәселе бүгінге дейін қоғамдық, саяси, экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, педагогикалық тұрғыда зерттеліп келеді [1].

Еліміздің экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамаларына, еліміздің қоршаған ортаны қорғау туралы заңына, мемлекетіміздің жалпы білім беру жүйесіндегі экологиялық білім беру мен тәрбиелеу тұжырымдамасына және үкіметтің осы бағыттағы қаулысына сай бүгінгі таңда бала бақшадан бастап жоғары оқу орнына дейінгі экологиялық білім беру бағытында атқарылатын іс-шаралар нақтыланып, белгіленуде. Сол сияқты, сан алуан саладағы заңдар шеңберінде экологиялық бағыт-бағдар берілмейтін тармақтар жоқ десек те болады. Еліміздің «жасыл экономикаға» көшуі туралы тұжырымдамасы қазақ халқының жағдайын, өмір сүру сапасын жоғарылату және еліміздің әлемнің аса дамыған отыз елінің қатарына енуі арқылы қазіргі қоршаған ортаға келетін зардаптар мен табиғи ресурстардың азып-тозуын мейілінше төмендете отырып, жаңа жағдайдағы экономикаға көшу мақсатында аса бір жүйелі өзгертулер мен жаңалықтардың орын алуына негіз болады [2]. Сонымен қатар, әлемдегі экологиялық мәселелерді болдырмаудың алдын-алудың жолдарын қарастыру бағытында бірталай ресми құжаттар негізге алуында [3].

Біз ерте ғасырлардан бастап алғашқы экологиялық зерттеулердің көріністерін сол кездері өмір сүрген ғұламалардың туындыларынан көре аламыз. Нақты тоқталар болсақ, ежелгі дүние ғұламалары Гераклиттің, Аристотельдің шығармаларында да экологиялық жағдайлар қозғалып, қарастырылған. Сондай-ақ, табиғатты зерттеушілер К.Линней, Ч.Лайель, Ч.Дарвин, Э.Геккельдің еңбектерінде, мәселен, Ч.Лайельдің «Геология принциптері» деген еңбегінде «Табиғаттың экологиясы», «Өмір сүру үшін күрес» деген ұғымдар қолданылған. Ал Ч.Дарвин «Түрлердің шығуы» атты еңбегінде органикалық дүниенің дамуына байланысты бірқатар экологиялық тұжырымдардың сырын ашып көрсетеді. Адам баласының іс-әрекеті соңғы жылдары биосфера ілімінің негізін салушы ғұлама ғалым В.И. Вернадскийдің пікірі бойынша, «өте қуатты геологиялық күшке айналды» [4].

Сол сияқты табиғатты аялау, экологиялық мәселелер ежелден келе жатқан халықтардың тұрмыстық шығармаларында жақсы орын алған. Қазақ ұлтында экологиялық мәдениеттің алғашқы негізі табиғатты түсіну, оның адам өміріне қажеттілігін сезіну арқылы қалыптасып, ұлттық үдеріске айналады. Қазақ ағартушы-зиялы қауымы табиғат құбылыстарын, оның әсем сымбатын «табиғат – адам» қарым-қатынасымен байланыстырып көрсетеді.

Жалпы экология секілді күрделі мәселені мемлекет деңгейінде шешу, ол үшін заңдар мен шешімдерді қабылдап қою жеткіліксіз болып отыр. Алдымен адам баласының қоршаған ортаға деген өз көзқарасын өзгертуді қажет етеді. Бұл туралы француз ғалымы Антуан-де Сент Экзюпери: «Таңертең тұрып, беті-қолыңды жуып, өзіңді жөнге келтіре салып, бірден өзіңнің планетанды жөнге келтір», – деген екен. Әрбір адам баласы өмірге келген кезінен бастап қоршаған табиғаттың сұлулығын көріп, сүйсініп, сол табиғаттың ажырамас бөлігі екендігін ұғынса, табиғаттың қасіреті адамның қасіреті болатынын ұғына білсе, сол табиғатты қорғау мәселесі де шешімін табатын еді.

Еліміздің Конституциясының 31-бабында «Мемлекет жеке адамның өмір сүруі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды», – делінген. Адамзат баласының өмір сүріп отырған ортасының күллі әлемдік өзгеріске түсу қаупі төніп келеді.



Әрбір адам баласына экологияның өзі табиғатты қорғаумен байланысты екендігі түсінікті мәселе. Көптеген ғылыми әдебиеттерде экологияға еліміздегі табиғатты зерттеушілердің бірі, академик Н.Сарыбеков «адам – табиғат» қарым-қатынасында міндетті түрде орындалуы тиіс үш заңдылықты қатыстырып қарастырады. Сол табиғатты қорғау мәселесінің бүгінгі жоғары оқу орындарында оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіре жүргізу болашақ педагог-студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастырып, болашақта табиғатты қорғауды негізгі мақсат ету қажеттілігі туындайды.

Әрбір адам «адам – қоғам – табиғат» секілді күрделі жүйенің бір бөлшегі ретінде алынған. Сол себепті де, адам баласы әсерінің нәтижесінде пайда болатын экологиялық дағдарыс салдарынан сол жүйенің байланысы бұзылады. Ал экологиялық жеке тұлға абай болуға тырысады, «бумеранг нәтижесі» бойынша – бір-бірімен байланысты: адам қоршаған ортаны өзінің іс-әрекеті қалдықтарымен былғайды. Осы орайда американдық ғалым Б.Коммонердің қағидаларын ұстануға болады.

Қазіргі кезде «Адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастардың үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін олардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажет болады. Мұндағы экологиялық мәдениет түсінігі бізді қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды. Бұл қажеттілік XX ғасырдың 70-жылдарында айқындала түсті. «Экологиялық мәдениет» ұғымы күрделі әрі маңызды мәселе болғандықтан, кейінгі кезде философтардың, педагогтар мен психологтардың назарында болып келеді.

Жалпы «экологиялық мәдениет» ұғымының мағынасын терең ұғыну үшін, алдымен «мәдениет» ұғымының мәнін ашып талдау қажет. Көбінесе, біз мәдениетті жеке адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сол сияқты, олардың материалдық және рухани байлықты тудыратын қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі деп санаймыз. Сол сияқты, оны қоғамның оқу-білім, ғылым мен өнер салаларындағы қол жеткізген жетістігі деп қарау қажет.

Көптеген ғасырлар бойы тарихы бар қазақ халқының философиясында табиғатқа, қоршаған ортаға, жерге қатысты экологиялық мәдениеттің алғашқы негізі қалыптасып, ұлттық жаратылысына сипат береді. Ұлттық менталитет халықтардың тұрмыс жағдайынан, қоршаған ортасынан пайда болып, біртіндеп қалыптасқан мінез-құлқын, әдет-ғұрыпын, ойлау жүйесін, салт-санасын көрсететін рухани бейненің сомдалған жиынтығы болып табылады.

Қазақ халқының түсінігі бойынша табиғаттың төл перзенті адам баласы оның ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені, табиғат пен адамды егіз ұғым деп қарастырған ата-бабаларымыз өзінің күнделікті тұрмысына сай, табиғаттың тозып, келешектегі адамзат баласының тағдырымен байланыстырып жас ұрпақтың бойына сіңіріп келген.

Зерттеуші Қ.Нұрланова халқымыздың экологиялық тұжырымдамасының келесі үш деңгейін айқындайды:

– адам баласының табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасы, яғни адам мен табиғат біртұтас дүние ретінде;

– жер шарымен өзара байланыс, ел мен жер егіз немесе «Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса, ел болады, ел болса ер болады»;

– жердегі барлық тіршіліктің өзара табиғи біртұтастықтағы бар.

Сонымен, жоғары білім беру үрдісінің басты мақсаты адамгершілік, гуманизм идеясы мен жеке тұлғаға бағытталған оқу жүйесіне негізделеді. Мұнда бихевиористер мен гуманистердің ойлары осы мақсатқа жақын болады. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, бихевиористер адамдарды биологиялық тұлға деп тани келе, олардың биологиялық мәдениетін табиғатпен тікелей байланыстыра, гуманистер адамның қоғам мүшесі ретінде назарға алады.

Адамның өзін қоршаған ортамен саналы қарым-қатынас жасау дағдысы ақыл-ойға, интеллектіге байланысты болады. Философтардың идеяларынан адам мен табиғаттың өзара

ажырамас бірлікте, біртұтастықта болуы қажет екендігі көруге болады. Жалпы философиялық ойда экологиялық мәдениет идеал ретіндегі жалпы мәдениеттің негізін қалаушы, маңызды құндылықтарға ие мәдениеттің жаңа түрі болып табылады.

Болашақ педагогтардың экологиялық даярлығының психологиялық тұстарын ашуда басты орынға психологияға экологиялық үйлесім маңызды саналады. АҚШ-та 1960 жылдардың аяғында Дж.Гибсонның психологиялық бағыты – экологиялық бағыт ретінде қалыптаса бастады.

Американдық ғалым Дж. Гибсон бойынша адам физикалық әлемде емес, экологиялық әлемде өмір сүреді. Бұл үйлесімде «субъект» және «қоршаған орта» бірін-бірі толықтырады және бір-бірінсіз өмір сүруі мүмкін емес, яғни субъект өмір сүретін әлем өзінше тіршілік етеді.

Орыс ғалымы Е.Кудрявцева экологиялық тәрбиенің психологиялық табиғатын зерттеп, оны жүйелік тәсілмен орындаудың қажеттілігіне айрықша мән береді. Ол табиғатты қорғау мен оған қамқорлық қарым-қатынастың қажеттілігі педагогтың психологиялық ерекшеліктері қалыптаспайынша мүмкін болмайтынын ескертіп, негізгі үш бөлікті ажыратады:

– интеллектуалды бөлік. Ол – адамның сенімі негізінде жатқан, дүниетанымдық көріністегі ақыл-ойды іскерлікті ойлау тәсілдері арқылы игеруі;

– жеке-даралық бөлік. Бұл – түрткі, табиғат құбылыстарын бағалау, табиғатқа қарым-қатынас; табиғат қорғау жұмысында мақсат қоя білу және олардың түрткілік дәлелі; моральдық бағыттылығы, экологиялық қауіпті жеңудегі рухани бағдарлылық сенімділігі;

– субъектінің ішкі даярлық бөлігі. Бұл дегеніміз – ықылас, ниет-субъектінің өзінде бар біліміне қарай әрекеттенуге талпынысы, ұстанған жолы, әрекетке айналдырудағы дайындық деңгейі.

Жалпы мәдениет тарихына арналған зерттеулерде американдық антропологтар мәдениеттің болмысын, оны құрайтын бөліктер мен қасиеттерді, психологиямен және қоғаммен өзара қарым-қатынасын зерттей отырып, оны үш тұрғыда: адамның табиғатпен, құндылықтарымен және өзге адамдармен өзара байланыста қарастырады.

Қазіргі таңдағы стратегиялық міндеттердің бірі - өркениетті отыз елдің қатарына кіру үшін алдымен экологиялық мәдениеті қалыптасқан жас ұрпақ тәрбиеленуі керек. Ал экологиялық мәдениетті адам табиғатты қорғауда бар мүмкіндігін қолданады, өзінің ғана емес басқаның да табиғатты ластамауына жол бермейді. Табиғаттың тозығын шығармай пайдалану, кейінгі жас ұрпаққа аманат болып ұсыну – біздің ата-бабаларымыздың бойына сіңген қасиет деп айтуға болады. Экология мәселесіне қазақ халқы ежелден-ақ мән беріп, тұрмыс-тіршілігін соған сәйкес қалыптастырып келген.

Халқымыздың табиғатқа жақын болуына тарихи қалыптасқан көшпелі өмір салты әсер етті. Тек оған сонау қатал табиғатты игерудегі оның ерекше тәжірибесі бар өлшемдердің жас ұрпақтары ғана сыннан өте алатыны анық. Отандық мәдениеттанушы Т.Ғабитовтің, қазақ мәдениетін ертедегі грек мифологиясындағы өзін-өзі жағып жіберіп, сол күлден қайта тірілетін қасиеті бар қиял-ғажайып құс-феникспен теңеуге болады» деп айтады. Жойылу қаупі төнсе де, ер жүрек ата-бабаларымыз рухани қазынасы – төл мәдениетін көзінің қарашығындай күтіп, бүгінгі жас ұрпаққа аманат етіп қалдырады.

Адам баласы мен табиғаттың қарым-қатынасы, жеке тұлға мәдениеті туралы қазақ ойшылардың аса құнды ой-пікірлері осы күнге дейін өз өзектілігін жойған жоқ.

Адамзат баласының қоршаған табиғатқа қарым-қатынасын қалыптастыру мен зерттеу әдістемесін, оның өлшемдерін бірқатар педагогтар А.П.Сидельковский, И.П.Салеева, Н.Д.Соколова, С.И.Немов және т.б. зерттеп қарастырады. Олардың табиғатқа қарым-қатынас «сан алуан табиғат объектілерімен және түрлі құбылыстармен саналы байланыстар жасау» деп тұжырымдайды. Ғалым А.П.Сидельковскийдің тұжырымдауында: «Адамзат баласының өмір тіршілігінде болатын өзге де қарым-қатынас түрлері тәрізді қоршаған ортамен байланыс

түрлері де біртұтас әлеуметтік жүйелер құрылымын құралады. Оның ойынша жеке адамның тәжірибелік іс-әрекетінде және психикасында сипатталады», – делінген.


Орыс психологы С.Л.Рубинштейннің пікірінше, «әлем адамдармен арақатынасын сипаттайтын заттар мен құбылыстардың жиынтығынан тұрады» дейді. Сол сияқты, жеке тұлға дамуының маңызды бөлігі адамның өзге адамдарға қарым-қатынасы саналады. Кез-келген жеке тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасының басты бөліктерінің бірі – қарым-қатынас болып табылады. Сонымен қатар, экологиялық мәдениеттің біртұтастығына табиғатқа деген жанашырлық қарым-қатынаспен бірге эмоционалдық қарым-қатынас та байланыстырылады. Табиғатқа деген әсемдік пен әдемілікті сезіну, болашақ жас ұрпақ алдында тұрған қоршаған табиғи ортаға деген жауапкершілікпен қарау сезімдерін жатқызуға болады. Адам бойында табиғатқа эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру үшін бейнелеу өнері құралдарын қолдану оң нәтижелер беретіні анық. Себебі, табиғаттың сұлулығын сездіру бейнелеу өнері пәнінің үлесіне де жатады.

Біз білетіндей, экологиялық мәдениеттің педагогикалық жағынан берілген анықтамасында алдымен «экологиялық тәрбие» және «экологиялық білім» терминдерінің қатынасын анықтаған дұрыс болады. Сол сияқты, педагогиканың бір саласы 1980 жылдардан бері әлемдегі бірқатар елдерде экологиялық білім мен тәрбие беру қалыптасты десек те болады. Жас ұрпаққа табиғат қорғауды оқыту проблемасымен айналысып жүрген зертеушілер бұл ұғымдарды ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеп негіздеді. Бірқатар ғалымдар экологиялық тәрбиені экологиялық білімді байланыстырушы деп қарастырады. Сол себепті де, бұл анықтаманы білім ұғымы тәрбие ұғымына қарағанда жалпы ұғым деп қарастырады.

Еліміздің бүгінгі саясатында «Экологиялық білім мен тәрбие аса маңызды орын алады, оның негізгі мақсаты – экологиялық жан-жақты іс-әрекет етуге дайын ХХІ ғасырдың жаңа тұлғасын қалыптастыру».

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Сарыбеков, М.Сарыбеков, Қ-Д. Н.Сарыбеков. «Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері». Алматы: «Рауан», 1996.- 13 бет.
2. Экологиялық білім бағдарламасы. – А.: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Акад. Респ. Баспа каб., 1999. - 65б.
3. Н.Сарыбеков Халық дәстүрі. Табиғи оқулық // Биология және химия. 1997. №6 10-16б.
4. Тұрдықұлов Э.А. Экологическое образование учащихся в процессе изучения предметов естественно научного цикла. Автореф. дисс..док. пед. наук.М., 1982 –38с.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жалпы орта білім беретін мектептерде сабақтан тыс жұмыстарды өткізу барысында оқушыларға экологиялық білім беру мен табиғат қорғауға тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. п.ғ.к. дисс. Тараз, 1997.



ӘОЖ 81'373

### **ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**Панзаева С.Б., Әуезова А., Базарбаева - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық  
Тараз инновациялық институтының магистранттары**

**Аңдатпа.** Мақалада қашықтан оқыту жағдайындағы дене тәрбиесінде жаңаша оқыту технологиясын қолдану мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** қашықтан оқыту процесі, білім беру жүйесі, білім сапасы, жаңаша оқыту

технологиясы, дене тәрбиесі.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о применении новой технологии обучения в физическом воспитании в условиях дистанционного обучения.

**Ключевые слова:** процесс дистанционного обучения, система образования, качество образования, новые технологии обучения, физическое воспитание.

**Annotation.** The article will focus on the application of a new learning technology in physical education in the conditions of distance learning.

**Key words:** the process of distance learning, the education system, the quality of education, new learning technologies, physical education.

Қашықтан оқыту және білім беру - бұл оқытуды ұтымды және қол жетімді ететін заманауи технология. Бұл жаһандану дәуіріндегі технологиялық өзгерістер яғни, компьютерлерді пайдалана отырып интернетпен білім берумен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда қашықтан оқыту ЮНЕСКО-ның мәдени-білім беру бағдарламаларының негізгі бағыттарының бірі ретінде танылып, соңғы онжылдықтарда білім беру мен ақпараттық мәдениеттің ғаламдық құбылысына айналды. Қашықтан оқытудың тиімді тұсы - денсаулығына, өмір салты ерекшеліктеріне байланысты ерекше білім алуды қажет ететін адамдар үшін толыққанды білім алуға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту - бұл білім беру үдерісіне тән мақсаттар, мазмұн, әдістер, ұйымдастырушылық формалар, оқу-әдістемелік құралдар сияқты барлық компоненттерді қамтып интернет-технологиялардың нақты құралдарымен іске асырылатын қашықтағы мұғалім мен оқушының өзара әрекеті болып табылады.

Қашықтан оқыту - бұл қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оқу материалдарын алуға мүмкіндік беретін оқыту технологиясы. Интернет арқылы мұғалімдерден кеңес алуға, басқа оқушылармен қарым-қатынас жасауға, тесттер мен емтихандарды интернет арқылы алуға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту технологиясы бойынша мұғалімнің негізгі міндеті – оқушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу үрдісін бақылау. Тыңдаушылар қашықтан оқыту кезінде білім беру үрдісінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді қарқынмен өз бетінше жұмысты құрайды. Сондықтан тыңдаушылар жұмыстың техникасы мен әдістемесін жоғарғы деңгейде, білімді өз бетімен толықтыру арқылы меңгеруі қажет.

Мұндай жағдайда мұғалім оқушының жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Қашықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Осы істі жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі зор. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол пәннің бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтан білім беру жүйесімен ағастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Қашықтан оқыту бойынша жұмыс істейтін мұғалім оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтан оқыту тәсілімен оқытатын педагогтарға және осы іске қатысты басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Педагог компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

• Қашықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, білім алушыларды таныстыра білуі қажет.

• Педагогтің ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

• Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

• Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.

• Оқу үрдісін қашықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірейінше, кез-келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қашықтан білім беру дегеніміз - қашықтағы мұғалімдердің басшылығымен білім, білік және дағдыларды өз бетінше меңгерудің мақсатты, ұйымдастырылған, жүйелі түрде жүзеге асырылатын үрдіс [4]. Жалпы, қашықтан оқыту – білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту рәсімдерінің тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің жергілікті алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қашықтан оқытудың жетістігі – педагогтың өзінің қатысуынсыз білім алушы назарын өзінен тыс қалдырмайтын қабілеттілігіне байланысты. Жаңа тақырып бойынша берілетін материал баспаға шығарылған түрде қашықтан оқыту курсына электрондық түрде немесе электрондық оқулық түрінде беріледі. Жаңа тақырыпты бұлай баяндау кезінде сабақтың басты элементі форум немесе чат болып табылады. Мұндай баяндаулар алдын-ала жоспарланып, алдын-ала даярланған жоспар бойынша жүргізіледі. Оқу үрдісіне тьютор белсенді қатысады. Қашықтан оқытуда жаңа материалды баяндаудың тағы бір нұсқасы – виртуалды шебер. Әдетте оқу материалын баяндау және талқылау бір мезгілде жүргізіледі.

Оқу үрдісінде қашықтан оқытудың аталған факторларын ескере отырып, қашықтықтан оқыту қағидаларын жүзеге асыруға болады.

Қашықтан оқытудың негізгі қағидалары:

1. Білімдер қоры қағидасы.

2. Даралау қағидасы.

3. Жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын қолданудың педагогикалық мақсаттылығы қағидасы.

4. Гуманистік оқыту қағидасы.

5. Педагогикалық тәсілдің басымдығы қағидасы.

6. Білім беру мазмұнын таңдау қағидасы.

7. Ақпараттық қауіпсіздік қағидасы.

8. Сәйкес келетін оқыту технологиясының қағидасы.

9. Қашықтан оқыту жүйесін дамыту үрдісінде жаңа модельдер пайда болуы мүмкін, оны қажет болған жағдайда оған қосу керек. Осы модельдер бойынша оқытудың ұйымдастырушылық формалары арасында компьютерлік конференциялар мен дебаттар, телеконференциялар, ақпараттық құралдар, сессиялар, телекеңестер, жобалық жұмыс, оқушылардың шығармашылық өзіндік жұмыстары, олимпиадалар, пікірталастар, іскерлік ойындар және т.б.

10. Ұтқырлықты үйрену қағидасы.

11. Өзін-өзі актуализациялау қағидасы.

12. Жеке тұлғаға бағдарланған көзқарас қағидасы.

Қашықтан оқыту білім алушылар үшін бірқатар артықшылықтарға ие:

- қол жетімділік;

- параллельділік;

- икемділік;
- асинхрония;
- модульдық;
- ұтқырлық;
- экономикалық тиімділік.

Мұғалімнің жаңа рөлі: оған оқу үдерісін жетілдіру, оқытылатын курсқа түзетулер енгізу, жеке оқу жоспарын құру кезінде консультациялар беру, білім беру жобаларын басқару және т.б. Педагог өзара қолдау топтарын басқарады, білім алушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектеседі. Қашықтан оқыту жүйесінде оқушы мен мұғалім кез-келген уақытта хабарлама алмаса алады. Өзара әрекеттесу әдістері - бұл электронды пошта немесе электронды компьютерлік желілер арқылы іске асады.

Білім беру сапасын мамандандырылған бақылау: қашықтан оқыту кезінде бақылау нысандары ретінде қашықтан ұйымдастырылған емтихандар, сұхбаттар, практикалық, курстық, дизайнерлік жұмыстар, сырттай оқулар, компьютерлік интеллектуалды тестілеу емтихандары қолданылады.

Қашықтан оқыту барысында интернет технологиясы, кейс технологиясы, видео технологиясы, т.б. қолданылады. Аталған педагогикалық технологияларды жүзеге асыру жалпы дидактикалық оқыту әдістеріне негізделген.

Қашықтан оқытудың негізгі құралдары: кітаптар (қағаз және электронды түрде), онлайн-оқу материалдары, компьютер кәдімгі және мультимедиялық нұсқалардағы оқыту жүйелері, аудиотренинг және ақпараттық материалдар, видеотренингтер және ақпараттық материалдар, бейнематериалдар, бейнеконференциялар және форум байланысы, зертханалық семинарлар, тренажерлар, қашықтан қол жетімді мәліметтер базасы және білім, қашықтан қол жетімді электронды кітапханалар, дидактикалық материалдар ақпараттық жүйелерге негізделген дидактикалық материалдар, сараптамалық оқыту жүйелері.

Қашықтықтан оқыту — қазіргі заман талабы. Сондықтан мектептегі кез-келген пәнді қашықтан оқыту жүйесінде құра білген жөн. Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс.

Қазір елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, қашықтықтан оқыту негізінде жазылған бағдарламалар мектептердің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Осы орайда онлайн режимінде жұмыс жасау мұғалім мен оқушыға біраз қиыншылық тудырғанымен, оның тиімді жақтарын да жоқ емес. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерген жөн. Мысалға, оқушы ең бірінші қажетті қашықтықты еңсерумен, уақыт пен күшті үнемдейді. Логикалық ойлау қабілетін арттыратын шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сынды үстел ойындарын жетік меңгеруге зор мүмкіндіктері бар. Осы орайда онлайн жарыстар да өткізіліп тұрады. Қашықтан оқытудың тиімсіз жақтары да жоқ емес, ол оқушылар физикалық күш-қуатты талап ететін футбол, баскетбол, вoleyбол секілді спорт түрлерімен шұғылдана алмауында екеніндігінде.

XXI ғасыр жоғары ақпараттық технологияның дамыған ғасыры. Бұл білім беруді жаңғыртудың жаңа шарттарын талап етеді. Сондықтан да мектепте жаңаша технологияларды қолдану маңызды. Оқу процесінде ақпараттық технологияны қолдану – оқу мотивациясын

арттырудың бір тәсілі. Ол оқушының ғана емес, мұғалімнің де шығармашылық тұлғасын дамытуға ықпал етеді, адамның негізгі қажеттіліктерін, яғни қарым-қатынас, білім беру, өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі [2].

Ақпараттық технологияларды дене тәрбиесі пәнінде қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Қорыта айтқанда, дене тәрбиесі сабағында оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру әртүрлі ақпараттық технологиялардың негізінде жүзеге асады. Соның бірі онлайн сабақтары. Қашықтан оқыту технологиясы негізінде дене тәрбиесі пәнінен әртүрлі жазба жұмыстарын платформаға орналастыруға болады. Жазба жұмыстарына реферат, баяндама, эссе, жоба, мақала т.б жатады.

Жаһандану - бұл үнемі дамып келе жатқан нақты тарихи күш.Заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар әр түрлі ақпаратқа қол жетімділіктің арқасында білім алушы мен педагогтің өзара әрекеттесу сипатын өзгертеді. Ақпараттандырудың кеңеюі жағдайында оқушы өзі үшін қызықты ақпаратты таңдай алады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Полат Е.С. Дистанционное обучение: организационные и педагогические аспекты: ИНФО, 2005. – 243 с.
2. Дузбаева Р.М. «Интерактивное обучение - как необходимое условие дистанционной формы обучения» //Сб. науч.статей III Международного форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ» (27-28 апреля 2004 года). Алматы, РЦИО, 2004, С.348-356.
3. Ахметова Г.Б. Дистанционное обучение как условие развития университетского образования //Информатизация профессионального образования, Алматы: КазГУМОиМЯ, 2003. - С.95-99.
4. Абдыгаппарова С.Б., Тургенбаева Г.А., Хайбуллина А.Х. Система дистанционного обучения в КазГАУ // Дистанционное образование в РК: анализ опыта и перспективы развития. Международная научно- практическая конференция. 15-16 марта, Алматы, КазГосЖенПИ, 2001. – С. 223-224.
5. Полат Е.С., Буханкина М.Ю., Моисеева М.В. Теория и практика дистанционного обучения. – М.: Академия, 2004. – 416 с.
6. Ахметова Д.З. Дистанционное обучение: от идеи до реализации. – Казань: Издательство «Познание» Института экономики, управления и права, 2009.- 176 с.
7. Джусубалиева Д.М. Дистанционное образование. – Алматы, 1997.



## ТІЛ БІЛІМІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Турсункулова А.Д.

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көктал орта мектебінің мұғалімі  
Кадримбетова Г.О. - Тараз қаласы, №47 орта мектептің мұғалімі  
Бахан А., Ходжабаева А. - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз  
инновациялық институтының магистранттары

**Андатпа.** Мақалада қазақ тіл білімін оқытудың өзекті мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** оқыту процесі, білім беру жүйесі, білім сапасы, тіл заңдылықтары, сөз, сөйлем.

**Аннотация.** В статье будет рассмотрен актуальный вопрос обучения казахскому языкознанию.

**Ключевые слова:** процесс обучения, система образования, качество знаний, закономерности языка, слова, предложения.

**Annotation.** The article will consider the topical issue of teaching Kazakh linguistics.

**Key words:** the learning process, the education system, the quality of knowledge, patterns of language, words, sentences.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ХХІ ғасырда келешек ұрпаққа білім мен ұлттық тәрбие беру жүйесінің жаңаша ұстанымын қалыптастыруды басты мақсат етіп алдыға қойып отырғандығы белгілі.

Осындай жаһандану дәуірінде әлемдік білім мен ғылым кеңістігінен басты орын алу ісін жандандыруда тәлім – тәрбие ісінің нақты даму бағыттарын көрсетіп, білім мазмұнын кеңейту, оқыту үрдісін жандандыру, оған жаңаша инновациялық технологияларды мейлінше мол енгізу, жан-жақты жақсы дамыған, рухани жан дүниесі бай өз жері мен елін ерекше шын сүйетін нағыз толық адам, тұлға қалыптастыру міндеттері негізгі мәселелердің бірі.

Жаңаша оқу-ағарту жүйесі дәстүрлі оқыту үрдісін толығымен жаңаша сипатта өзгерте отырып, оқытудың тың технологияларын пайдаланудың тиімді әдістерін қарастырады. Осы жағдайдың өзі жас ұрпаққа білім берудің, жеке бір толыққанды тұлғаны кемелдендіре дамытудың нәтижелі ізденістерін жоспарлы түрде ұйымдастырудың, әрі осы шараға басшылық жасай отырып, жеткіншектердің белсенді іздемпаздығын тудыруға бағыттайды [1].

Болашақ жас ұрпақты асыл адамгершілікке, Отанын, елін, жұртын, туған жерін сүйе білуге деген зор сезімге тәрбиелеуде қазақ тілі пәнінің орны ерекше.

Сабақ барысында және сабақтан тыс жағдайларда оқушыларға теориялық біліммен қоса түрлі мән-мазмұны бай шығармаларды жаттығу жұмыстарын қолдану арқылы оларды ұлттық рухта тәрбиелей білсек, онда алдыға қойған мақсатымызға еркін қол жеткізе аламыз. Осы жолда табысқа жету мұғалім шеберлігіне, іздемпаздығы мен білімділігіне байланысты болмақ. Мұғалім алғашқы кезекте сабақ өткізу барысында талап етілер дидактикалық, әдістемелік талаптардың биігінен шыға білуі керек. Бұл ұстаздар қауымынан шығармашылықпен жұмыс атқаруды талап етері анық.

Қазіргі таңда сабаққа қойылар талап биігі өте жоғары. Себебі, ғылым мен техника жақсы дамыған заман талабында дидактиканы дамыта оқыту мәселесі күн тәртібіндегі мәселе. Білікті ұстаз әрбір сабақта дамыта оқыту мақсаттарын жан-жақты көздеуі тиіс. Себебі, көкірегі ояу, көзі ашық тұлғаны қажет етер күн талабында оқушы өздігінен терең ізденбесе, алдыға қарыштап ілгері басуға ұмтылмаса жетістік көкжиегінен көріне алмасы анық.



Бүгінде қазақ тілі білімі оны оқыту әдістемесі кеңінен дамып, жетілген. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылыми пән тұрғысынан терең зерттелу үстінде. Ол туралы түйінді тұжырымдар мен тиянақты пайымдаулар жасалып та жатқандығы белгілі.

Десек те, қазақ тілін оқыту әдістемесі күн өткен сайын жаңара жаңғырып, толыса дамып отыруды керек ететін ғылым саласы болғандықтан оны оқытудың жолдары үнемі жетілдіруді қажет етеді.

Қазақ тілі сабағында негізгі теориялық тақырыптардың бірі сөз таптары туралы мәлімет беру. Осы тақырыпты өткізу барысында алғашқы кезекте қазақ тіліндегі сөздер **мағыналық, тұлғалық** және сөйлемдегі атқаратын **қызметі** жағынан өз ішінде бірнеше топқа бөлінетіндігі мысалдар арқылы түсіндіріледі.

Сөздердің сөйлем ішінде қай мағынада жұмсалып, тұлғалық өзгерістеріне қарай қандай мағынаны білдіріп, қандай қызмет атқарып тұрғанына көңіл аударта ұғындырамыз. Мысалы, "**Ат** - жұмыс көлігі", - деген сөйлемдегі "ат" сөзі заттық мағынада, түбір тұлғада, бастауыш қызметінде жұмсалып тұрса, "**Балаға атты кісі жолықты**", - дегенде "ат" сөзіне -ты жұрнағы жалғанып, туынды түбір тұлғада, сындық мағынада, сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Ал, "**Оғың нысанаға тисін десең, асықпай көздеп ат**" деген сөйлемдегі "ат" сөзі қимыл-мағынасында, түбір тұлғада, сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалып тұрғандығы сұрақ-жауап арқылы оқушылармен бірге анықталады.

Тақтадағы мына сөйлемге назар аудартып, сөйлем мүшелеріне қарай талдатамыз.

Мектеп жанында түрлі гүлдер өсіп тұр.

1. Мектеп жанында түрлі гүлдер (қайтгі?)
2. Мектеп жанында түрлі нелер (гүлдер) өсіп тұр?
3. Мектеп жанында қандай (түрлі) гүлдер өсіп тұр?
4. Түрлі гүлдер қайда (мектеп жанында) өсіп тұр?

"Өсіп тұр" тіркесі - қимылдық мәнді, бір сұраққа жауап беріп, баяндауыш қызметін атқарып, "өсіп" деген негізгі сөз "тұр" сөзі тіркесіп көмекші қызмет атқарып, күрделі мүше тұлғасында жұмсалып тұрғаны айтылады. Осында "гүлдер" - заттық мағынада, қосымшалы сөз тұлғасында, бастауыш қызметін атқаруда. "Түрлі" сөзі - қандай деген сұраққа жауап беріп сындық сипатты, түбір тұлғада, анықтауыш қызмет атқаруда. "Мектеп жанында" тіркесі - қайда деген сұраққа жауап беріп, мекендік мағынаға ие болып, күрделі тұлғада, пысықтауыштың қызметін атқаратындығы арқылы сөздердің негізгі және көмекші сөздер болып келетіндігі ұғындырылады. Негізгі сөздер - толық мағыналы, әр түрлі тұлғада тұрып, сөйлемде негізгі қызмет атқарады. Көмекші сөз - толық мағынаға ие бола алмай, тек негізгі сөздермен тіркесіп, күрделі мүше тұлғасында қолданылады [2].

"Тұу, әкесі ерте өлген зой", - деген сөйлемдегі "тұу" - көңіл-күйді білдіріп, еш қызмет атқармайды. "Әкесі" - адам ұғымын беріп тұрған зат есім, тұлғалық жағы тәуелдіктің III жағында, бастауыш қызметін атқарып тұр. "ерте" - мезгіл мағынасында, түбір тұлғада, пысықтауыш. "Өлген" - қимыл- әрекетті білдіріп есімше тұлғасында баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Сонымен сөздер мағынасына, тұлғасына, атқаратын қызметіне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Ол топтарды сөз табы дейміз. Сөз таптарын өзіндік ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінгені, олар: атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер екендігі түсіндіріледі.

Атауыш сөздер - осы топтың ең молы әрі басқа сөз таптарына ұйытқы болатын негізгі сөздер. Олардың өздеріне тән лексикалық мағыналары, грамматикалық тұлғалары әрі түрлене отырып сөйлем мүшелері қызметін атқаратын сөздер. Оларға: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу жатады.

Ал көмекші сөздер - өздеріне тән мағыналары анық емес, тек атауыш сөздермен тіркесін көмекші мағына үстейтін, өздігінше сөйлем мүшесі қызметін атқармайтын сөздер. Оларға: шылау және өздігінен сөз табы ретінде жұмсалмайтын көмекші есімдер мен көмекші етістіктер жатады.

Одағай сөзге - еш ұғымды білдірмейтін, ешқандай сөйлем мүшесі болмайтын тек көңіл-күй сезімдерін ғана білдіріп тұратын сөздер. Оған: одағай жатады. Сөз табының тоғыз топқы бөлінген сызбамен көрсетіледі.

Түсініктерін пысықтау мақсатында мынандай тапсырманы ауызша орындатқан тиімді.

*Ол қалаға дейін жаяу барды. Асқардың аты бірінші келді.* Осы жерде *ол* - адам, кісі мағынасында, түбір тұлғада, кім деген сұраққа жауап беріп бастауыш қызметін атқарып тұрғаны (атауыш сөз). *Қалаға* - заттық мекендік мағынада, қосымшалы тұлғада, қай жаққа сұрағына жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқарғанын (атауыш сөз). *Дейін* - жеке мағынасы жоқ, үстеме, дәнекерлік мағына атқарып тұрғанын (көмекші сөз). *Жаяу* - қимыл-әрекеттің амалы мағынасында, түбір тұлғада, қалай сұрағына жауап беріп пысықтауыш қызметін атқарғаны (атауыш сөз). *Болды* - қимылдық мағынада, қосымшалы тұлғада не қылды сұрағына жауап беріп, баяндауыш қызметін атқарғаны анықталады (атауыш сөз).


Екінші сөйлем де осы үлгіде талдатылады. *Асқардың* - адам аты зат есім мағынасында, қосымшалы тұлғада, анықтауыш қызметін атқаруда (атауыш сөз).

*Аты* - заттың мағынада, зат есім қосымшалы тұлғада, бастауыш қызметінде (атауыш сөз). *Бірінші* - сандық мағынада, сан есім қосымшалы тұлғада, анықтауыш қызметінде (атауыш сөз). *Келді* - қимылдық мағынада етістік сөз табы, қосымшалы тұлғада, баяндауыш қызметінде жұмсалып тұрғанын анықтаймыз (атауыш сөз).

Келешек ұрпағымыз ата-бабамыздың ғасырлар бойы қалыптастырған күллі рухани-мәдени байлықтарын тек ана тілі негізінде ғана жетік ұғынатындығы туралы М.Дулатов: «тәрбиенің әсерлі, күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан алып жазылып, бачндап оқытудың асыл мақсатына муафик үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балғын жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп, медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлты болып қалады» [3, 239б.] - деп жазады. Олай болса, қазақ тілі сабағын оқыту әдістемесін жетілдіру өзекті мәселелердің бірі.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991. – 384б.
2. Жиенбаев С. Қазақ тілі методикасы. - Алматы: ҚМӨБ., 1941.-193б.
3. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері.- Алматы: Мектеп, 1956.-261б.



ӘОЖ 37.035

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Кыдырбекова Р.Е. - Жамбыл облысы, Талас ауданы, М.Қыстаубайұлы атындағы  
орта мектеп мұғалімі**

**Ғалымов Е.К., Алтынбек Н. - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз  
инновациялық институтының магистранттары**

**Аңдатпа.** Мақалада оқыту процесінде танымдық оқу әрекетін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Осы мәселе төңірегінде қарастырылған зерттеу жұмыстарының барысы сарапқа салынады.

**Кілт сөздер:** оқу-танымдық, құзыреттілік, білім беру, оқу әрекеті, тәрбие, қарым-қатынас, ұйымдастыру жұмыстары.

**Аннотация:** В статье речь пойдет о проблеме формирования познавательной учебной деятельности в процессе обучения. Обсуждается ход рассмотренных исследовательских работ по данному вопросу.

**Ключевые слова:** учебно-познавательная, компетентностная, образовательная, учебная деятельность, воспитательная, коммуникативная, организационная работа.

**Annotation.** The article will focus on the problem of the formation of cognitive learning activity in the learning process. The course of the considered research works on this issue is discussed.

**Key words:** educational and cognitive, competence, educational, educational activity, educational, communicative, organizational work.

Білім беруді, оның ішінде мектепті модернизациялау қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты. Бір жағынан, еңбек нарығындағы жағдай өзгерді. Өзгеріп жатқан әлемде білім беру жүйесі кәсіби әмбебаптылық - қызмет салалары мен тәсілдерін өзгерту қабілеті сияқты сапаны қалыптастыруы керек. Екінші жағынан, қоғамды жаһандық ақпараттандыру жүріп жатыр. Білім берудегі құзыреттілік тәсілінің көптеген идеяларының пайда болуы осыған байланысты.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, танымда, адамдардың қарым-қатынасында, кәсіби өмірде, жеке өзін-өзі анықтауда туындайтын мәселелерді шеше білуді ұсынады. Латын тілінен аударылған құзыреттілік адам жақсы білетін, білімі мен тәжірибесі бар сұрақтар шеңберін білдіреді. Педагогика ғылымдарының докторы Герман Селевконның айтуынша, «құзыреттілік – бұл субъектінің мақсат қою және оған жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді ұйымдастыруға дайындығы. Ішкі ресурстар деп білім, білік, дағды, құзыреттілік (қызмет тәсілдері), психологиялық ерекшеліктер, құндылықтар және т.б. түсініледі».

Құзыреттілік тұрғысынан білім беру қызметінің негізгі тікелей нәтижесі негізгі құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Негізгі құзыреттер деп өзінің сипаты мен құзыреттің қолданылу дәрежесі бойынша неғұрлым әмбебап құзыреттер түсініледі. Негізгі құзыреттер-адамның әртүрлі тапсырмаларды орындау қабілеті. Оларды қалыптастыру әр оқу пәні аясында жүзеге асырылады. Қазіргі әдістемелік баспасөзде қазіргі заманғы мұғалім жұмыс істеуі керек әр түрлі негізгі құзыреттер тұжырымдалған.

Жеті негізгі білім беру құзыреттілігі бар: құндылық-семантикалық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативті, әлеуметтік-еңбек, жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреті.

А.В.Хуторский анықтамасына сәйкес, оқу-танымдық құзыреттіліктер – бұл нақты танымдық объектілермен байланысты логикалық, әдіснамалық, жалпы білім беру іс-әрекетінің элементтерін қамтитын тәуелсіз танымдық іс-әрекет саласындағы оқушының құзыреттілігінің жиынтығы [1]. Бұған мақсат қоюды ұйымдастыру, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау әдістері кіреді.

Зерттелетін мәселелерге қатысты студент шығармашылық дағдыларды игереді: қоршаған шындықтан тікелей білім алу, оқу-танымдық мәселелердің әдістерін, стандартты емес жағдайларда әрекеттерді игеру.

Білім беру стандартын сапалы меңгеруді тек оқуға белсенді көзқарас арқылы қамтамасыз етуге болады.

Іс-әрекет формасындағы оқу-танымдық құзыреттіліктердің тұжырымдарына мысалдар келтіретін болсақ:

- \* мақсат қою және оның жетістігін ұйымдастыру, мақсатыңды түсіндіре білу;
- \* өзінің оқу-танымдық қызметін жоспарлауды, талдауды, рефлексияны, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру;
- \* бақыланатын фактілерге сұрақтар қою, құбылыстардың себептерін табу, зерттелетін мәселеге қатысты түсініспеушілікті немесе түсінбеушілікті анықтау;

\* нұсқаулықтармен жұмыс істеу, танымның ықтималды және статистикалық әдістерінің элементтерін пайдалану, нәтижелерді сипаттау, қорытынды жасау;

\* компьютерлік құралдар мен технологияларды (мәтіндік және графикалық редакторлар, презентациялар) пайдалана отырып, өз зерттеулерінің нәтижелері туралы ауызша және жазбаша сөз сөйлеу);

Шерхан Мұртаза атындағы ХТИИ магистранттары

**Аңдатпа.** Мақалада халықтық педагогика арқылы білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды негіздеу мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** халықтық педагогика, құзыреттілік, білім беру, оқу әрекеті, тәрбие, қарым-қатынас.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о проблеме обоснования национальных ценностей у обучающихся через народную педагогику.

**Ключевые слова:** народная педагогика, компетентность, образование, учебная деятельность, воспитание, общение.

**Annotation.** The article will focus on the problem of substantiating national values among students through folk pedagogy.

**Key words:** folk pedagogy, competence, education, educational activity, upbringing, communication.

Қазіргі кезеңнің нақты даму ерекшеліктері қоғамның көптеген кезеңдердегі педагогикалық үрдісте өзгеріспен патриоттық тәрбиенің мазмұнын, оның оқу тәрбие үрдісіндегі рөлі мен орнын анықтап, міндеттерін нақтылап берді. Мемлекетіміз тәуелсіздігін алған жылдарында-ақ патриотизм ұғымы, оның мазмұны шеңберінде көптеген пікір таластар жүріп келеді. Патриотизм, патриоттық тәрбие проблемалары туралы «Қазақстандық патриотизм», «Ұлттық патриотизм», «Ұлтжандылық» деген түсініктердің мазмұндық құрылымы жайлы жарияланған бірқатар психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді және мерзімді педагогикалық басылымдарды, ғылыми еңбектерді зертеу, педагогика тарихында мектеп оқушыларын патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеуде біраз тәжірибе жинақталғанын көруге болады.

Халқымыздың ұлттық тәрбие дәстүрлері мен білім беру саласының бірқатар мәселелеріне байланысты М.Н.Сарыбеков, Ә.Табылдиев, Б.А.Әлмұхамбетов, Т.Тәжібаев, Қ.Құнантаева, А.Сембаев, т.б. еңбектерінде қарастырған. Аталған ғалымдар тәрбие жұмыстарының мазмұнына, жас ұрпақтың патриотизмі мәселелерін зерттеді.

Жалпы Отаншылдық, елжандылық, патриоттық мәселелер көптеген философтар жазушылар мен филолог ғалымдардың еңбектерінде тереңнен сөз болады [1].

Этнопедагогиканы Отаншылдық, елжандылық тәрбие беру мақсатында пайдалануға байланысты орындалған жұмыстардан Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Табылдиев, С.Қалиев, С.Иманбаева, А.Бейсембаева зерттеулерін атауға болады.

Отаншылдық, елжандылық тәрбиенің кейбір салалары С.Ұзақбаева мен Р.Төлеубекованың, К.Қожахметова мен Р.Дүйсембінованың еңбектерінде де ішінара қарастырылады.

Дегенмен, бұл жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің кейбір тұстары мен кезеңдері ашылғаны мен жалпы еліміздің жалпы білім беретін мекемелерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің педагогикалық шарттары толық ашылмағандығын аңғардық. Нақтырақ айтқанда, бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздерінің анықталмағанын, ғылыми-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығын көрсетеді. Осындай мүмкіндіктердің шешімін табу мақсатында біз өз зерттеу жұмысымызды осы тақырып төңірегінде таңдадық.

Отаншылдық, елжандылық, патриотизмнің мәні туралы сөз еткенде, патриотизм идеялары бағзы замандардан-ақ қалыптасқанын және бұл прогресшіл идеяларды игерудің патриоттық тәрбиеде маңызды мәні бар екенін атап өткен жөн.

Отаншылдық, елжандылық идеясының дамуы, алдымен, Аристотель, Платон, Цицерон, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн сынды ұлы ежелгі ғұламалардың есімімен тығыз байланысты болады. Олар патриоттық сана-сезімдегі басты мәселе Отанға деген көзқарас, өйткені Отан ең алдымен саяси ортаны, құқықтық қатынастарымен байланысты адамдардың бірігуін және мемлекетті қамтиды, деп санайды [2].

Қазіргі таңда педагогикалық ғылымда, адамзаттың дамуы туралы педагогикалық ойдың бірқатар ғасырлық қаланған «тәрбие» ұғымы жайлы өте белгілі ойлар қалыптасқан.

Кешегі XX ғасырдың 20-30 жылдары ғалымдар, В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко, А.В. Луначарский, т.б. «жаңа адам», «үйлесімді дамыған тұлға» мәселесі мен тәжірибесін қарастырады. А.С.Макаренко жеке тұлғаның ұжымдағы тәрбиесі теориясын құрастырып, оны іс жүзіне асырады.

Қазіргі таңда педагогикалық ғылымда, адамзаттың дамуы туралы педагогикалық ойдың бірқатар ғасырлық қаланған «тәрбие» ұғымы жайлы өте белгілі ойлар қалыптасқан.

Кешегі XX ғасырдың 20-30 жылдары ғалымдар, В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко, А.В. Луначарский, т.б. «жаңа адам», «үйлесімді дамыған тұлға» мәселесі мен тәжірибесін

қарастырады. А.С.Макаренко жеке тұлғаның ұжымдағы тәрбиесі теориясын құрастырып, оны іс жүзіне асырады.

Бұл ой туралы ол «Ұжымды тұлға эгоизмі мен жанасатын барлық жерлерінде қорғай отырып, ұжым әрбір тұлғаны да қорғайды және оның дамуына жағдай жасайды.

Жалпы ұжымның талаптары тәрбиелеуші болып саналады... қойылған талапқа қатысушыларға байланысты.. тұлға тәрбиелік ықпал ететін емес, оның құрушысы – субъекті, бірақ ол күллі ұжымның мүддесін сақтай келе, субъект болады», - деп санайды. Тәрбиелік үрдістің мәні жайлы айтқанда «... тәрбие мәселесін, тәрбие әдістерін сабақ берумен шектеуге болмайды,- дейді А.С. Макаренко - «... тәрбие үрдісі тек сыныпта ғана жүрмейді, ол жер бетінің кез келген шаршы метрінде жүреді» [3].

Ғалым В.А. Сухомлинскийдің тәрбие тұжырымдамасында жеке тұлғамен дара жұмысты жүргізу қажеттілігін жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыратыны айтылады. «Тәрбие» – деп В.А. Сухомлинский – «бұл тәрбиеленушілердің де, тәрбиелеушілердің де нақты рухани баюы мен жаңаруының, сан алуан үрдісі [4].

Әдіскер ғалым А.В.Луначарский тәрбиеге кешенді қарауды талап етіп, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негіздейді, «... адам-үш өзара аралас, бірақ... бөлек көзқарастар тұрғысынан қарастырыла алады.

Бір қарағанда бұл ақыл, ол фактілер мен идеяларды сіңіріп, адам неге ұмтылатынын және неден қашатынын көрсетеді: бұл сезім, ой тудырып фактілер мен идеяларды меңгертуші, адамда ынталандыратын және оның жүріс-тұрысын анықтайтын бағыттаушы күші; сонан соң техника яғни, білгірлік, білім мен сезімдер басшылыққа алып белгілі нәтижелерге жету.

Қазақстанда азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу жүйесінің жаңа түрін қалыптастыру мен дамыту қажет болып отыр. Осы жүйеге орай әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруға және барлық дәрежелі мемлекеттік ұйымдардың, ғылыми және білім беру мекемелерінің әрекеттерін біріктіруге негізделген. Ұлттық патриотизмнің қалыптасуы заңды құбылыс деп санаймыз, бұл бағытта алғанда, ол тәуелсіз Қазақстанның идеялогиясы мен мемлекеттік саясатының жаңа парадигмаларын ендіру мен бекітуге бағытталады. Сондықтан да, «Қазақстандық патриотизм» деп кеңестік патриотизм мен интернационализм негізінде өсіп шыққан, оған азаматтық сезімді қосқан, жаңа қоғамның адамгершілігі саналы жеке тұлғаның рухани тірегі болып саналатын ұғым деп түсінеміз [5].


Бүгінгі таңда «Қазақстандық отансүйгіштік» түсінігі зор мағына болып табылады. Біздің көп ұлтты еліміз халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын - азаматтық келісім, ұлттық бірлікті құрады. Тәуелсіз еліміздің егемендігін сақтай отырып, ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың бірлігі мен өзара жарасымдылығы сипатталады.

Жас ұрпақ бойында туған жер, табиғат, оның табиғи байлықтары, ана тілі. Салт-дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкенің тамаша киелі орындары - жалпы ұлттық құндылықтар адам баласын бейтарап қалдырмаған десек те болады. Бұл сезімдер сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатады. Бір сөзбен айтатын болсақ, отансүйгіштік қасиетті ұғымды білдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының мектеп жағдайында патриоттық іс-әрекет барысында өзіндік көзқарасының қалыптасуына қоғамдағы өзгерісті ұғыну, жалпы адам баласына кез келген азаматқа тән мөлшерлі не үшін жаңару қажеттігін ұғындыру және еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің қасиетті нышандарын қастерлеу болып саналады.Бастауыш сынып оқушыларының патриоттық іс-әрекетке дайын болуы, оның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін ұғындырудың жоғарғы сатысына көтерілуімен сипатталады [6].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының орта білімнің тәлім-тәрбие тұжырымдамасын // Егемен Қазақстан, Алтамы, 2003, 26 желтоқсан.
2. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы, 1999

3. Қоңыратбаев А. Қазақ әдебиетін зерттеулері.- Алматы, 1999,-217б.
4. Қасқабасов С. Әдебиеттік зерттеулер.- Алматы, 2001,-162б.
5. Қалиев Ж.Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Астана,2005
6. Мусин С. Педагогика тарихы. А., 1997



ӘОЖ 159.9.018

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Септемирова А.Ж. - PhD, аға оқытушысы  
Тұрсынов Б.Қ., Сулейманова Г. - магистранттар  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада жеке тұлғаның көшбасшылық қабілетін дамыту мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** жеке тұлға, қабілет, көшбасшылық, оқу процесі, тәрбие.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о развитии лидерских качеств личности.

**Ключевые слова:** личность, способности, лидерство, процесс обучения, воспитание.

**Annotation.** The article will focus on the development of leadership qualities of a person.

**Key words:** personality, abilities, leadership, learning process, upbringing.

«Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет» [1]. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт- дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық.

Көшбасшы (ағылшынша leader – басқарушы деген мағына білдіреді) —ұйымдағы бір адамның басқа адамға немесе топқа әсер ету арқылы басқарудың көрінісі [2]. Көшбасшы тұлға - төңірегіндегі өзге тұлғаларға психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық тірек болады, өзін қоршаған адамдарға білім, моральдық құндылықтар бере алатын, топтың белсенді мүшесі.

Қоғамдағы іс-әрекеттің табысты болуына ықпал ететін пайдалы, айқын көрінетін қасиеттері бар тұлға көшбасшылық жасай алады. Осындай көшбасшы өзгелер еліктеуге болатындай үлгі ретінде орын алады және өзгеге психологиялық әсер береді. Негізінен көшбасшы тұлға өз тобының қызығушылықтарын біледі, олар үшін шешім қабылдай алады, төңірегіндегілерді ұйымдастыруға, ортақ бір мүде үшін жұмылдыруға қабілеті жетеді. Әрі көшбасшы тұлға топ ішіндегі тұлғалардың өзіндік құндылықтарын қорғай алады.

Бүгінде зерттеуші-педагогтарымыз мектеп оқушысын көшбасшылыққа жетелейтін төмендегідей жеке қасиеттерді нақтылап береді:

- өзелермен қарым-қатынас орната білу;
- төңірегіндегілерге ықпал жасап, топты қалыптастыра, біріктіре білу;
- алдына қойған мақсатының нақты болуы;
- өзін қоршаған тұлғаларға тиісті тапсырмаларды беру, орындата білу;
- өзін қоршаған өзе жандардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын білу, оны қорғау;
- жылдам арада керекті ақпаратты игере білу;
- тығыл таяң сәттерде шешім қабылдай алу;
- өз бойында шығармашылық қасиеттер болуы [2].

Көшбасшы — топ мүшелерінің мінез-құлқына доминаттылық және бағындыруға қатысты негізде әсер ете алады. Оқушылардың бойында кшбасшыларға тән қасиеттерді

калыптастыру үшін педагог-маманның атқарар қызметі өте зор. Көшбасшылық қабілетті бойына дарыту үшін әрбір оқушының ішкі түйсігінде алға ұмтылу, даму, жан-жақтағы ортаны ерекше сезіну, алға қойған мақсаттарға жетудің жолдарын қарастыру, өз ортасында беделге ие болу, сауаттылықты арттыру, іздену, мәдениетті сөйлеу, кез-келген жағдайда өзін көрсете білу, тығырыққа тірелмейтіндей өмір сүруге талпыну, әрі тығырықтан шыға білу, өзін жеке тұлға ретінде толық сезіне алып, еліне қызмет етуге дайындауы қажеттілігін сезінуі шарт. Білім алушы оқушы өз бойына осы қасиеттерді дарыта алған жағдайда оларды келешек көшбасшы ретінде қалптастырып шығаратын ұстазға жеңілдік болады. Егер оқушылардың бойында көшбасшылық қасиеттер табылмаған жағдайда мұғалім әңгімеге құрылған сабақтар мен түрлі деңгейдегі қызықты тапсырмалар арқылы икемдей алады. Ең бірінші кезекте көшбасшы дегеніміздің не екендігін түсіндірген жөн. Оның қыр-сырын түсіндіре келе ол қасиетті өзіне қаблдаған жағдайда қандай жетістікке тап болатындығына көз жеткізу керек. Мысалы, сынып ішінде бір бала өзгелерге қарағанда көшбасшылық қасиетінің жоғарылығын қалай білдіреді? Бұл алдымен баланың сыртқы ортамен қарым-қатынасынан байқалады. Баланың сойлеу мәдениеті, өзгені тыңдай білу сауаттылығы, берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауы, білімнің адам өмірінде басты қызмет атқаратынын сезе білушілігі, қиындықтан жол таба білуі тәрізді қасиеттері оқушының болашақта көшбасшы бола алатындығын танытады.

Мектеп оқушысының бойында көшбасшылықты жандандыратын қажетті қызметтер:

- Конструктивті қызмет. Бұл функция қоғамдағы барлық адамдардың қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған, бірақ басқа қоғамның қызығушылықтарына нұқсан келтірмеу керек.

- Ұйымдастыру қызметі. Өз тобының басқару жүйесін қалыптастыру, жұмыстарды біріктіру, қажетті процестер мен әрекеттерді жоспарлау. Мұнда көшбасшы бір жүйені қалыптастырады, міндеттерді бөледі, әрі қарай жүруі қадағаланады, тұлғааралық қарым-қатынасты реттейді, бәрін жауапкершілікке бағыттайды. Өз тобының басқару жүйесін қалыптастыру, қажетті тұлғаларды ризашылықпен біріктіру оқушы көшбасшылығының деңгейін танытады.

- Координациялық қызмет. Топаралық әрекеттерді келістіру, бірігіп жұмыс атқаруға белсендендіру. Көшбасшы шешім қабылдайды, ортақ шешімге келтіреді және ортақ қоғамдық құндылық құрушы болып табылады.

- Интерактивті қызмет. Мұндай көшбасшы айналасына өз ойымен, мақсатымен ортақтас адамдарды біріктіреді [3].

Көшбасшылықтың пайда болуының 3 негізгі теориялық бағыттары бар:

Харизматикалық теория (қылықтық теория) - бұл теория көшбасшылардың туа біткен қасиеттеріне назар аударумен ерекшеленеді. Бұл теория бойынша көшбасшы қажетті, нақты жеке тұлғалық сапалар мен психологиялық мінез - құлықтардың жиынтығына ие болған адам ған көшбасшы бола алады. Көптеген авторлар көшбасшыға тән қылықтарды не сипаттамаларды көрсетуге тырысады, алайда мұндай қылықтар жиынтығын құрастыру мүмкін еместігін түсініп, көшбасшының пайда болуын анықтайтын басқа теорияны қалыптастырды.

Көшбасшының жағдайлық теориясы - көшбасшылық жағдайлардың жемісі. Топта әр түрлі жағдайлардың шешілу барысында қандайда бір сапасы бойынша ерекшеленетін адам пайда болды, бұл сапалардың сол жағдайға қажеттілігіне байланысты ерекшеленген адамды топ көшбасшы жасайды, яғни бұл теорияда көшбасшының сапасы салыстырмалы түрде қарастырылып, ол «көшбасшылық - көшбасшының белсенді әсер етуі» деген сөздің мағынасын бұзады. Осы мәселелерді шешудің компромисті нұсқасы ретінде келесі теория қалыптасады.

Көшбасшылықтың жүйелілік теориясы - көшбасшылық топтағы тұлғааралық қалыптасудың ұйымдастырылу процесі, ал көшбасшы – бұл процесті басқару субъектісі. Мұнда көшбасшылық топтың қызметі ретінде қаралса (яғни, өзара іс-әрекеттің мақсат —

міндеттеріне екпін қойылады), сонымен қатар көшбасшы тұлғасының құрлымын дараланады (өзара әрекетті ұйымдастыру үшін адамдарға әсер ету қабілеттілігі) [3].

Оқушыны көшбасшылыққа дайындау барысында қажетті мәселелерді түсіндіріп келіп, оның осы тұрғыда ынтасы бар жоғын саралау қажет. Алға қойған мақсатқа жетуді қалай түсінетінін анықтау кезінде ол үшін не істей алатынын да тексеріп қойған абзал. Оқушы көшбасшылыққа немқұрайлы қарамай, өзін бір жүйедегі көшбасшы ретінде сезіне білуі қажет. Баланың бойында алға ұмтылыс орын алған жағдайда кез келген жұмыстарды жүргізе аласың. Оқушы сол талаптарды ауырсынбастан орындауға тырысса әрі қарай дамытуға әбден болады. Ал кейбір жағдайда оқушы өзін кейін тарта берсе, яғни берілен тапсырманы немесе объективті қызметтерді көрсете білуден жасқанса ол оқушымен ұзақ жұмыс жүргізіледі. Себебі баланы бойында алдымен сенімділікті және іске деген ынтаны қалыптастыру шаралары ұйымдастырылады. Көшбасшының ойлау үрдісіндегі айқынсыздығы бірқатар психологиялық себептердің, яғни ақпарат тапшылығының немесе тым артық болуының, оның күрделілік дәрежесінің жоғары болуына байланысты туындауы мүмкін.

Джон Максвеллдің «Көшбасшының 21 міндетті қасиеті» атты кітабында нағыз көшбасшы болуға лайық жандарда қандай қасиеттер болу керек екенін анық айтып өткен болатын, соның ішінде:

- Ақылды адамдар естігендерінің жартысына сенеді, ал қырағы адамдар қай жартысына сену керек екенін біледі деген болатын міне бұл қасиеттер нағыз көшбасшыларға тән қасиет екені тағы дәлел. Сондай – ақ әрбір көшбасшы өзіне не керек екенін анық біледі.

- Адамдарға үміт отын сыйлау. Француз генералы Наполеон Бонапарт көшбасшыларды былай сипаттаған «үмітпен жүретіндер» деп. Егер сіз қоршағандарды осы нұрмен бөлей алсаңыз, онда адамдарды магнит тәрізді тартасыздар.

- Кез-келген шаруаны ойдағыдай асыратын болыңыз. Бастаған ісін соңына дейін апармайтын адам, құзыретті бола алмайды. Көшбасшы ретінде біз студенттерді істі аяғына дейін істейтінін күтеміз. Ал өз кезегінде олар бізден дәл осыны және бұдан да жоғарғы нәтижені күтеді.

- Сізден күтілетін нәрседен көбірек істеңіз. Шынына келгенде, құзыретті адамдар күтілуге тиіс нәтижеден асып түсетін істер жасайды. Көшбасшылар өзінің жұмысын аяқтап, басқа қосымша жұмысты істеулері міндетті. Тіпті сирек емес, күнделікті.

- Басқаларды жігерлендіріңіз. Көшбасшылар артынан ергендерді жігерлендіріп, оларға мотиватор болады [3].

Мәселені жақсы шешетін көшбасшылар мына 5 қасиетке ие болу керек:

- Сәтсіздікті көре білу. Сәтсіздіктен құтыла алмайтындығын білетін жақсы көшбасшы, оны күтіп және көре біледі. Алдағы жолымыз тегіс болады деушілер, ылғи да сәтсіздікпен қауышып отырады. Егер сіздің позитивті ұстанымыңыз жақсы болып және қиын жағдайға әр кез дайын бола алсаңыз, жолыңыздағы барлық тұрған барлық мәселені толықтай шеше аласыз.

- Шындықты қабылдай алу. Адамдар сәтсіздікті әр түрлі қабылдайды: біреуі одан бас тартады; біреуі оны қабылдап, шешімін іздеуге кіріседі; үшіншісі оны қабылдап қана қоймай, оны жақсы жаққа өзгерте бастайды. Тиімді көшбасшы сәтсіздікті қарсы алуға әрқашан дайын.

- Толық суретін көре алады. Көшбасшылар сәтсіздіктің толық суретін көре біледі. Эмоция оларды орап, састыра алмайды.

- Олар ретімен істейді. Ричард Слома мына кеңесті береді: «Ешқашан проблемалардың барлығына кіріспеңіздер, оларды тізіп, ретімен шешіңіздер». Егер алдарыңызда сәтсіздіктер көптеп тұрса, онда алдыңғысын шешкендігіңізге куә болыңыз.

▪ Құлау шегінде тұрса да, басты мақсаттан шегінбейді. Көшбасшылар басты шешімді қиын жағдайда емес, шарықтау кезінде қабылдайды [4].

Оқушылардың көшбасшылық қабілеттілігі дегеніміз – ол басқару іс-әрекетіне деген жағымды мотивациясы негізінде басқару туралы білімдерін, тәжірибесін өз өмірі мен іс-әрекеті және қоршаған ортадағы құбылыстарды басқаруда қолдана алу қабілеттілігін сипаттайтын оқушы тұлғасының кіріктірілген қасиеті.

1) Оқушылардың көшбасшылық қабілетін, тұлғаны дамыту процесінің нәтижесі ретінде, өзін-өзі жетілдіруде, өз өмірі мен іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзін-өзі қалыптастыруда, туындап отыратын мәселелер бойынша дербес шешімдерді қабылдауда, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына дербес, белсенді қатысуда басқару тәжірибесін табысты және тиімді жүзеге асыруға мүмкіншілігін сипаттайды.

2) Оқушылардың көшбасшылық қабілетінің қалыптасуында, өзін-өзі басқару ұйымының маңыздылығы жоғары. Себебі, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы – ол оқушылардың дербес, шынайы өзіндік бастамаларына, шығармашылық және өнімді іс-әрекетіне негізделген бірлестіктің жоғары ұйымдасқан түрі. Ал, оқушылардың шығармашылық және өнімді іс-әрекеті, дербес, шынайы өзіндік бастамалары негізінде басқару іс-әрекетін жүзеге асыруы, оқушының көшбасшылық қабілеттілігі қалыптасуының маңызды және тиімді шарты болып табылады [4].

Болашақ жастардың қолында, ал педагогтардың басты міндеті – оқушылардың белсенділіктерін арттыра отырып, олардан көшбасшы тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық жолдарын анықтау, сол бағытта қызмет ету.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Шукузадаұлы Н. Жетістікке жету жолдары. - Алматы: Құс жолы, 2002-1926.
2. Гоулман Д. Что делает человека лидером? Harvard Business Review; Jan 2004, Vol. 82 Issue 1, p. 82-91.
3. Маркова, М.Ю. Развитие лидерских качеств и организаторских способностей в детском общественном объединении [Текст] / М.Ю. Маркова – М.: Просвещение, 2014 – 142 с
4. Рожков, М.И. Использование игровых ситуаций для выявления лидеров в коллективе [Текст] / М.И. Рожков, И. Доценко // Воспитание школьников. – 1990. – № 1.



**ӘОЖ 159.9.018**

### **БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

**Септемирова А.Ж. - PhD, аға оқытушы**

**Озғанбаева А.Б., Сагинбаев Ю.Ю. - магистранттар**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімді жолдары сөз болады.

**Кілт сөздер:** оқу процесі, әдістеме, жаңаша технология, сабақ, әдістер.

**Аннотация.** В статье будут рассмотрены эффективные способы применения новых методов обучения.

**Ключевые слова:** учебный процесс, методика, новые технологии, уроки, методы.

**Annotation.** The article will consider effective ways of applying new teaching methods.



**Key words:** educational process, methodology, new technologies, lessons, methods.

Қазіргі заман қажеттілігі оқыту ісінде техниканың аса ауқымды қолданылуына орай жаңаша оқыту талабын алдыға тартуда. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап білім беру жүйесін «технологияландыру» мәселесі сөз болған. Бүгін оның ғылыми атауы кеңейіп, «әдістер мен құралдар жиынтығы» деген термин ретінде пайдаланылуда.

Педагогтар педагогикалық технологияны қазірде ғылым мен техниканың тың жетістіктері тұрғысында, оқыту үрдісінде кеңінен қолдануға тырысуда. XX ғасырдың 70-80-жылдары «педагогикалық технология» деген ұғым оқу-тәрбие үрдісін басқару мен оқыту әдістері, оқыту құралдарын игеру бағытында қарастырылған болатын.

Қазірде оқу-тәрбие үрдісін технологияландыру - білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін сапалы жоғары деңгейде шешуге әсер етуші күшке айналууда. Түрлі технологиялық әдіс-тәсілдердің арқасында оқушылардың таным белсенділігі күшейіп, даму үрдісі жандана түсуде. Білім мазмұнын жаңаша жаңарту талабына сай ең озық технологияларды жүйелі түрде пайдалану өркениетті мемлекеттердің тәжірибесінде жақсы іске асырылуда.

Оқу-тәрбие үрдісін «технологияландыру» XX ғасырда шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды. Қазірде В.К.Дьяченко, В.Беспалько, В.В.Гузеев, Д.Хогрид, М.В.Кларин, В.М.Монахов, М.А.Чошанов, Г.К.Селевко, С.М.Құсайынов, Ж.Қараев, Г.Нұрғалиева, Н.Нұрахметов, Г.Д.Әуелбекова, М.Жанпейісова, З.Бейсембаева сынды шетелдік және отандық ғалымдар ғылыми теория мен тәжірибені сабақтастыра зерттеп, жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды қолданудың жолдарын атап көрсетті. Білім беруді жүргізудің әлемдік тәжірибелерінде оң нәтиже берген тың түрлерін дамыту, оқытудың басты ұстанымдарын айқындау мақсатында бірталай жұмыстар жүзеге асырылуда.

Жалпы технология дегеніміз – шеберлік жайлы ғылым. Шеберлікпен шыңға жету, кәсіби шеберлікті арттырып, белгілі бір жоба жүйемен оқытуға алып келеді.

Технология – бүгінгі білімдік ақпараттарды толықтырып, оны өңдеп, керегінші өзгертіп берудің әдістері мен құралдарының жиынтығын болып табылады. Керекті құралдарды оқу-тәрбие үрдісінде тиісінше қолдана отырып, оқушыларға жеткізе білудің жолдары жайлы ғылым. Бұл жайлы зерттеуші ғалымдардың бірі: «Педагогикалық технология - оқу-тәрбие үрдісінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлануы, оның тәжірибеде жүзеге асатын жобасы», - деп жазса, екіншісі: «Педагогикалық технологиялар дегеніміз - оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі», - деген пікір білдіреді. Ал, Б.Т.Лихачев: «Оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығын, айқындайтын оқу үрдісін іске асырудың мазмұндық техникасы», - деп атап өтеді [1]. Белгілі ғалым Ж.Кобдикова: «Қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті және дағдыны құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны», - деген тұщымды көзқарасын білдіреді [2].

Міне, осы технология ұғымы негізінде ғалымдардың пікірі бір жерге тоғыса келе, мынандай тұжырымға келеді: «Педагогикалық технология жинақталған интегралдық үрдіс-білімінің барлық түрін меңгеру үшін ұйымдастыру және басқару, жоспарлау» [3].

Қазірде педагог-ғалымдарымыз оқыту үрдісінде оң нәтижеге жетудің жолы қандай деген сауал төңірегінде жауап іздейден жалығар емес. Осы негізде олардың ойы бір арнаға келіп сыяды. Ол - жаһандану талабына сай еліміздің жаңа білім жүйесі ұлттық құндылықтарға бағытталып, оқыту үрдісі негізінде бағдарланған білім жүйесі тың технология бойынша жүзеге асатындығы. Дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оқу үрдісінің мазмұндық құрылымын мейлінше жетілдіріп, әдебиет оқытуға ұтымды жаңа технологияларды қолданудың жолдарын іздестіру, оны іріктеп алуды отандық әдіскер-ғалымдарымыз бүгінде басты назарға алып, әр қырынан қарастыруда. Әр педагогикалық технологияны саба тақырыбына сай өзінің ерекшелік-сипатымен айқындап аламыз. Бүгінгі жаңа педагогикалық технологиялар баланың өзін-өзі дамытуына, өзіндік және шығармашылық қабілетінің мейлінше артуына, керекті іскерліктері мен дағдыларының

қалыптасуына, өзін-өзі дамытуына тиімді жағдай жасауға барынша мүмкіндіктерін туғызады. Педагог-ғалым А.В.Хуторской: «Педагогикалық технологияның негізгі қызметі - оқу үрдісінің білім беру мақсатын іске асыру және жеке тұлғаны дамыту», - деп жазады [4]. Жалпы педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» туралы үш жүздің үстінде анықтама бар.

XX ғасырдың 30-жылдары Қ.Жұбанов «технология» деген терминге айтарлықтай мән беріп, тақырыпты баяндамас алдын сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушыны терең ойлануға, өзінше пайымдауға, мейлінше іздендіре келе, санасына түрткі жасауды алдыға тартады. Бұл оның дамыта оқыту идеясынан туғанын нақтылайды. Қ.Жұбановтың ғылыми-әдістемелік еңбектерінде дамыта оқыту, блоктік-модульдік оқыту, қашықтан оқыту идеяларының орын алуы тегін емес.

Қай технология болмасын оқушының өзін-өзі дамытуына, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруына, шығармашылық қабілетін арттыруына оң әсерін тигізеді. Педагогикалық технологиялардың кез-келгені бірін-бірі жақсы толықтырып, сабақтасып отырады. Алдыға қойған нәтижеге қол жеткізуге, қойылған мақсаттың орындалуына мүмкіндік береді. Демек, педагогикалық технология мен әдістемелерді орын орнымен мұғалім таңдап пайдалана алғаны жөн.

Қазіргі таңда оқу үрдісін ұйымдастыруда инновациялық технологияға аса көп назар аударылуда. Инновация – жаңарту, жаңғырту түсінігін береді. Инновация - жаңаша ойлаудың негізгі жолы болғандықтан, оқытудың жаңаша мазмұндағы түрі болмақ. Инновациялық әдістеме - инновациялық әдістер мен дидактикалық құралдарды пайдалану арқылы білім негіздерін игертудің сипатын жаңа технологиялармен толтыруға, айрықша өзгертуге бағытталған.

Модульдік оқыту технологиясы бүгінгі таңда оқу үрдісін жаңаша құруға байланысты отандық және әлемдік оқыту жүйесінің барша саласында кеңінен іске асуда. XX ғасырдың 60-шы жылдары Германия, АҚШ, Англия тәрізді дамыған елдердің оқу үрдісіне кеңінен еніп, тұңғыш рет осы мемлекеттерде оқытудың мазмұнына орай оқу тапсырмаларын бөліп оқыту тиімді деген идеяны кіргізген.

Латын тілінен алғанда модуль «өлшем», «мөлшер», «шама» деген ұғымды танытады. Модуль негізінде оқытудың тәжірибелік жағынан тиімділігін, оқу тапсырмаларын модульге құру, соның арқасында модуль негізінде оқыту ұтымды екенін Г.С.Күдебаева, Ю.У.Байсалов, К.Жақсылықова, Р.Жанпейісова, Н.Оралбаева, Н.Г.Нуртаева, З.Бейсембаева сынды отандық ғалымдар зерттеу еңбектерінде атап көрсетті.

Модульдік оқыту технологиясы негізінде білім алушы өз жағдайына қарай жұмыс атқарады. Модульдік оқу - білім мазмұнын барлық қырынан жетілдірудің, оны ұйымдастырудың құралы мен әдісі іспеттес. Сонымен қатар, теориялық әрі практикалық білімді ерекше қамтамасыз етудің құрылымдық жүйесі болмақ.

Оған Г.Қ.Нұрғалиева: «Модуль - іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік. Ол зерттеліп отырған педагогикалық құбылыстың мәнін сипаттайтын ғылыми білім жүйесін өзара функционалдық байланыстармен қоса ашып көрсетеді», - деген анықтама береді [5].

Модуль - оқу үрдісінің өзгеруіне орай ылғи толықтырылып, өзгертіліп, жаңартылып, түрлендіріліп отырады. Модульдік оқу ұдайы дамып отыруды қажет ететін жүйе болғандықтан, ол белгілі бір заңдылықтарға негізделеді. Белгілі ғалым П.А.Юцявичен «Модульдік оқудың теориясы мен практикасы» атты кітабында модульдік оқудың заңдылықтары жалпы дидактикалық заңдылықтарға сай келіп, сол негізде пайдаланылатынын атап көрсетеді. Яғни, әр модульдің мазмұны толықтыруға, жаңартуға, өзгертуге ыңғайлы болуы, оқу мәтіндерінің дербес бір жеке модульмен берілуі, әр блок мазмұны тұрғысынан аяқталуы, оқу материалы мазмұнына орай сан қилы әдіс-тәсілдермен түсіндіруге бағыттайтынын танытады. Жұмыстың оң нәтижелі шығуына әр модульдің ізденуге бағыттайтын әдістемелік нұсқаудан құралуы оң әсерін тигізеді.

Интерактивті оқыту үдерісінде оқушының тапсырманы орындау бағытындағы ұйымдастырушылық қабілеті де ескерілгені жөн. Осы тұста әдебиетші-ұстаз бар-жоғы

кеңесші және серіктес қызметін атқарады. Мұғалім жаңа теориялық білім берумен қатар оқушыларды өздіктерінше ізденуге жетелеп, белсенділіктеріне ерекше назар аударады. Әдебиетші-ұстаз оқу үдерісіне тікелей қатысқанымен, өзінің артық мүмкіндігін шектеп, баланың белсенді іс-әрекет жасауына жағдай туғызуы керек.

Оқушылардың білім алу сұранысымен танымдық әрекеті үнемі сабақтасып жатады. Белсенділік әрдайым дербестікті керек етеді. Оқушының өздігінше атқаратын әрекеті оның нағыз белсенділігін арттырады. И.Я.Лернер, Б.П.Есипов, Т.Шамова сынды зерттеуші-ғалымдар бала бойындағы белсенділік ұғымын әр қырынан алып қарастырады.

Бұл жайлы белгілі әдіскер-ғалым В.И.Лозавая: «Әрекет айрықша белсенділік ретінде көрініс табады. Мұның өзі әрекет істеуге дайын болушылық, ұмтылушылық, оны жүзеге асыру сапасы, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдау, өз қабілетін көрсетуді қажетсінуі танымдық белсенділіктің қайнар көзі», - деп жазады [6].

Ал, педагог-ғалым Т.Сабыров, оқу-тәрбие үрдісінде баланың белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта көрініс табатындығын айта келіп, белсенділік дегеніміз оқушының жеке басына ғана тән, аса маңызды қасиет екенін ашып береді. Осы қасиетсіз қандай да бір атқарылған қызметтің нәтижеге қол жеткізуі мүмкін еместігін жетік дәлелдейді. Яғни, танымдық белсенділікті бір белгімен ғана атап көрсете алмайсыз. Бұл әр қилы сипаты бар ұғым болып табылады. Оқу-тәрбие барысында баланың таным белсенділігін дамытып, оны шығармашылыққа баулуда қолданылатын интерактивті оқу технологиясының маңызы ерекше. Бұл ұстаз-педагог тарапынан ылғи шығармашылық ізденісті, біліктілікті қажет етеді.

2001-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министірлігінің басшылығы және Республикалық ақпараттандыру орталығының ұйымдастыруымен халықаралық форумдар өткізілгендігі баршаға аян. Бұл форумдарда білікті ұстаздар, зерттеуші-ғалымдар, ақпараттық технология саласы негізінде ЮНЕСКО институты арқылы бірнеше елдердің өкілдері қатысты. Аталмыш форумда әлемдік ақпараттық білім кеңістігін, ұлттың бүгінгі білім моделін нақтылап қалыптастырудың ақпараттық коммуникациялық білімді жандандырудағы инновациялық қызметті дамыту тәрізді маңызды мәселелер жан-жақты талқыға түсті. Сонымен қатар іс-тәжірибелердің іріктеліп, сарапталуы да форум жұмысының білім беру мен ағарту саласының өзекті мәселелерін қамтығанын танытады.


Білім мен тәрбиені ұлттық рухта дүниежүзілік жүйеге сабақтастыруда, оқу үрдісіне тың технологияларды енгізудің мәні ерекше екенін көреміз. Бүгінде оқытудың жаңа технологияларының басым бөлігі Қазақстанға «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы ұйымдастырылған болатын. Бұл игілікті іс «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының жобасы негізінде кеңінен таралып отыр.

Аталмыш технологияның басты мақсаты - оқушының теориялық және шығармашылық ойлау қабілеттерін жан-жақты, мейлінше дамыту. Осы әдістердің барлығы да оқушылардың қазіргі ақпараттар тасқынынан өзіне қажеттісін ғана ала білуі мен дұрыс таңдап, саралай білуі, сырттан келген ақпараттарды өз мақсатына сай тиімді пайдалана білуге үйретеді. Онда әлемдік және отандық әдіскер-педагогтар мен зерттеуші-ғалымдар бірлесе отырып түрлі тренинг-сабақтар мен семинарлар жүргізіп, халықаралық демократиялық Білім консорциумы жөн көрген оқытудың тың стратегиясы мен жаңа технологиялардың мәні мен мазмұны айқындалып, сабақ үрдісінде қолданудың жолдары көрсетілді. Осы стратегиялардың қайсыбір үлгілері бүгінде еліміздегі мектептеріміздің тәжірибесінде тура осылай атаумен берілмегенімен бұрыннан да ұстаздарымыз түрлендіре қолданып жүргендіктен, аталмыш стратегиялар отанымыздың түкпір-түкпіріндегі ұстаздар қауымы тарапынан кеңінен қолдау тауып, пайдаланысқа соңғы оншақты жылдың көлемінде тез еніп кетті. Осы жаңа технологиялардың әсіресе мынандай түрлерін отандық ұстаздар қауымы кеңінен қолдануда.

Бүгінде мектеп тәжірибесінде жан-жақты еніп, қолданылып жүрген тың технология үлгілерінің кез-келгені оқушылардың өздігінше ізденуіне және шығармашылық қабілетін дамуына, сонымен қатар, іскерлік дағдысын қалыптастыруға өзіндік қосар үлесі аса зор.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы.-Алматы: Қазақстан,1991.-80.
2. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. - Алматы: Жазушы, 1993. - 224.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы. 1989. - 320.
5. Досмұхаметұлы Х. Аламан. - Алматы: Қазақстан, 1991. - 176.
6. Мәшһүр Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдіреті (Мектепте қазақ әдебиетін оқыту).-Павлодар, 2000.-183.



ӘОЖ 159.923

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ

Дүйсебаева Б., Алимбеков Р.Т., Молжигитова Ж.Р. – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеуге дайындау мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** педагог, оқушы, бастауыш сынып, білім беру жүйесі, тәрбие беру.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о подготовке будущих педагогов к работе с учащимися начальных классов.

**Ключевые слова:** педагог, ученик, начальный класс, система образования, воспитание.

**Annotation.** The article will focus on the preparation of future teachers to work with primary school students.

**Key words:** teacher, student, primary class, education system, upbringing.

Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеттерінің бірі – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті зерттеледі.

Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім.

Бастауыш – мектеп оқушысын тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болып табылатындықтан қазіргі мектептің басты білім беру құралы - инновациялық технологиялар болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісінде баланы жаңаша әдіспен оқыту үшін әрбір пәннің иесі - мұғалім сол жаңа технологияларды толық түсініп, меңгеріп алуы керек. Соның нәтижесінде ғана әрбір жалпы білім беретін мектеп мұғалімі тәжірибесінің жоғары деңгейге көтерілері анық.

Өйткені, соңғы жылдары Қазақстанда қабылданған және оқу процесіне енгізілген жаңартылған мазмұндағы білім стандарты талаптарына сай білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту саналы деңгейге көтеру – білім беруді әлемдік деңгейге жақындатудың басты мәселесі болып отыр.

Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейді.

Инновациялық тұрғыдан білім беру жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Білім беруді ақпараттандыру дамуының жаңа кезеңінің ерекшелігі – бұл проблеманың инструментальдық емес, мазмұндық аспектілерінің басымдылығында және олардың шешілуінен білім сапалығы, оның әлеуметтік мәнділігінің орны анықталады.

Біз зерттеген педагогтар мен психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, ойлау стилі бастауыш сыныптан-ақ оқушыларда жете қалыптаса бастайды [1]. Оқушылардың бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологияларды адамзат іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдана білудің қажетті дағдыларын игеріп үлгеруіне мүмкіндік туады.

«Бала –бауыр етің» деп балаға аса қатты мән берген ата-бабамыз бала тәрбиесін басты назарға ұстаған. Ұрпағымен адам мың жасайды деп түсінген халық арасынан шыққан дана тұлғалар бала, ұрпақ тәрбиесіне басты көңіл бөлген. Ұл, қызыңды он бестен соң досыңша бағала деген атамыз қазақ әр баланың жеке тұлға болып қалыптасуына терең мән берген. Ол туралы қазақ арасынан шыққан белгілі ғалымдар өз еңбектерінде қарастырып өткен. Бала тәрбиесі, оның тұлға тұрғысында қалыптасуы, тағы басқа мәселелер дана қайраткерлер еңбектерінде орын алды.

Белгілі ақын Мағжан Жұмабаев осындай тұлғалардың бірі, тіптен бірегейі болды. Оның осы бағытта атқарған ғылыми қызметі орасан зор. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика», (1922) және «Ана тілі», (1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту методикасы» (1925), немесе «Сауатты бол» (1926), «Ересек шала-сауаттылар программасы» (1926) тәрізді кітаптары мен оқу ағарту саласына арналған мақалалары осыған дәлел болады [2].

Қазірде педагог-ғалымдарымыз оқыту үрдісінде оң нәтижеге жетудің жолы қандай деген сауал төңірегінде жауап іздейден жалығар емес. Осы негізде олардың ойы бір арнаға келіп сыяды. Ол - жаһандану талабына сай еліміздің жаңа білім жүйесі ұлттық құндылықтарға бағытталып, оқыту үрдісі негізінде бағдарланған білім жүйесі тың технология бойынша жүзеге асатындығы. Яғни, педагогикалық технологиялардың ең басты белгілері:

- педагогикалық технологиялар жоспарланған мақсатқа қол жеткізуге кепілдік береді.
- оқыту мен тәрбиелеу ісінде нақты педагогикалық ойды жүзеге асырады [3].

Нақты бір нәтижеге негізделген білім жүйесі бойынша оқушы әдебиетті пән тұрғысында игермейді, аталмыш пәндік білім аясында көркем туындыны дүниетанымдық, тәрбиелік байланыста қарастыра келе, әдебиетті ұлттық құндылық тұрғысында меңгеруге бағдар алады. Оң нәтижеге негізделген білім беру мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасына толық байланысты. Оның бір жағы оқушыға көркем шығарманы ұғындырудағы ұтымды әдіс-тәсілдерді асқан шеберлікпен қолдану болса, екінші тұсы оқушының көркем әдебиетті өз бетінше меңгере білуі, өзі ұйымдастырудағы оның жауапкершілік сезімінің қалыптасуы болып табылады. Онда мұғалім мен оқушы арақатынасының сапалылығы - нәтиже кепілі екендігі анық. ХХ ғасырдың 60 жылдары Ұлыбритания мен АҚШ елдерінде «педагогикалық технология» ұғымы қалыптасып, қазірде дүниежүзіндегі негізгі мемлекеттерде кеңінен таралып, баланың білім деңгейін жетілдіру мақсатында пайдаланылуда [4]. Әлемдік педагогтардың арасынан қолдау тапқан педагогикалық технологияның бірден-бір дидактикалық құралға айналуының негізгі себебі - оның нақты бағытталған нәтижеге құрылуында болып табылады.

Жалпы игерілген білім сапасы нәтижемен өлшенеді. Яғни, нәтижеге құрылған жаңаша технологияны оқу үрдісіне кеңінен енгізу, білім мен дағды, іскерлікті дамыту бүгінгі оқыту ісінің негізгі мақсаттардың біріне саналады.

кіші мектеп жасындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың педагогикалық шарттарын айқындау мен оларды жүзеге асыру механизмдерін және жаңа әдістемелерін жас ұстаздарға көрсету маңызды педагогикалық мәселе болды. Осы тұрғыдан

алғанда бұл бағыт мектеп мұғалімдерінің алдында жаңа міндеттер қойып отыр: оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру.

Зерттеу жұмысында мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың тұлғалық ерекшелігіне бағдарланған қызметті ұйымдастыру әдістемесін пайдаланудың теориялық педагогикалық негіздері жан-жақты ашылды; инновациялық әдістер мен педагогикалық технологиялар бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасалынып, олардың ішіндегі білім сапасын арттыруға көмектесетін тиімділері анықталынды.


Зерттеу жұмысында оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалануға қойылатын педагогикалық талаптар мен шарттар анықталды және қазіргі пайдаланып жүрген оқыту технологияларын классификациясы мен ерекшеліктері анықталынды.

Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін пайдалану бойынша жүргізілген эксперименттің нәтижелері сараланып көрсетілді. Зерттеу барысында оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушылардың үлгеріміне, білімдерінің сапасының артыуына жол ашатындықтары дәлелденді.

Сондай-ақ зерттеу барысында оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық инновациялық технологияны пайдалану мұғалімдерді жаңаша жұмыс істеуге, оқушылардың дербес және логикалық ойлау қабілетін арттыруға, оларды шығармашылық жұмысқа итермелейтін анықталды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жанпейсова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе: РИПК: СО, 1999.
2. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: «Нұрлы әлем», 2003
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология.-Тараз: ТарМУ, 2003.
4. Ахметов А.К. Принципы технологии и содержание образовательной программы. – Алматы, 2015.



**ӘОЖ 37.018**

### **АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Санкей Р., Боранбаева Л., Бектасов А. - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары**

**Аңдатпа.** Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып оқытуды жетілдіру мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім алушы, оқу-танымдық құзыреттілік, білім беру, оқу процесі.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о совершенствовании обучения с использованием информационно-коммуникационных технологий.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, обучающийся, учебно-познавательная компетентность, образование, учебный процесс.

**Annotation.** The article will focus on improving education using information and communication technologies.

**Key words:** information and communication technologies, student, educational and cognitive competence, education, educational process.

Елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш жоғары оқу орындары болып саналады. Бүгінгі таңда мектеп және оның басты тұлғасы педагогтарға жаңа талаптар қойылуда.

Қазіргі мектептегі оқу үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогтардың ақпараттық технологияларды іс-әрекетінде кеңінен қолдана білу біліктілігінің жеткілікті деңгейде болуы жоғары оқу орындарында білім берудің нәтижеге бағытталуына тікелей байланысты. Сондықтан қазіргі әлеуметтік сұраныстарға сай жоғары оқу орындарында білім беру нәтижелерінің бірі ретінде студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

Бұл тақырып төңірегінде бірталай ғалымдардың еңбектерінде ақпараттық құзыреттіліктің мәні ашылып, оны адамның ақпаратты өздігімен белсенді өңдеуі, кез-келген жағдайда технологиялық құралдарды қолдану арқылы жаңа шешімдерге келу біліктілігі тұрғысынан негіздеген.

Ғылыми еңбектердің біршамасында тұлғаның іс-әрекет алгоритмін түсінуі, меңгеруі және жүзеге асыру қабілетін технологиялық құзыреттілік деп қарастырып, оның теориялық негізін анықтаса, кейбір жұмыстарда ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті кәсіби іс-әрекетке қажетті білімдер мен тәжірибелер жиынтығы деп тұжырымдаған. Соның ішінде нәтижеге бағытталған білім берудегі ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін И.В.Роберт, В.В.Рубцов, А.Я.Савельев, О.В.Соколова, Г.К.Нұрғалиева, Д.М.Джусубалиева, У.Қ.Тоқбергенова, Б.Р.Қасқатаева, А.С.Шилибекова және т.б. зерттеген.

Зерттеу жұмысымызға қатысты студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігі мен оның аспектілерін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарды талдаудан келесі тұжырымдар жасалды:

1) дәстүрлі түрде жүйелілік, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарлы тұғырлар қолданылады, мұнда зерттеушілер тұғырларды негіздеуде әдіснамалық деңгейлерін әрдайым анықтауға мүмкіндік береді;

2) аталған және басқа тұғырларды қолданудың тенденциялары көріне бастайды: құзыреттілік, модульды, феноменологиялық, интегративті, технологиялық, синергетикалық, акмеологиялық және т.б.;

3) авторлардың бірнеше тұғырларды кіріктіріп қолдануға ұмтылысы байқалады. Сондықтан зерттеу мәселемізге байланысты әртүрлі тұғырларды қарастыра отырып, зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін жалпы ғылыми деңгейдегі – құзыреттілік, іс-әрекеттік, технологиялық, тұлғаға бағдарлы тұғырлары алынды.

Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігі қалыптастыруға тұлғаға бағдарлы тұғырмен келу, тұлға және іс-әрекет теорияларын негізге алуды қажет етеді. Тұлға мен іс-әрекеттің дамуы, жоғары мектепте оқыту мен тәрбиелеу кезеңінде тұлғаны дамыту; университетте тұлғаға бағдарлы тәрбиенің құндылық негіздері; студенттердің оқу-танымдық және тұлғаға бағдарлы іс-әрекетін ұйымдастырудың біртұтас тұжырымдамасы бірқатар еңбектерде қарастырылған.

Мұндағы баса назар аударатын мәселе – ақпарат ұғымы, оның түрлері мен қасиеттері, тірі және өлі жүйелердегі ақпараттық үдерістер, оларды жүзеге асыру мен сипаттау тәсілдері, ақпаратты басқару, тұлға және қоғам үшін құндылық пен қауіпсіздік мәселелері.

Философияда «ақпарат» ұғымына қатысты екі қарама-қарсы көзқарасты кездестіруге және оларды бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы бағытты қолдайтындар Т.Г.Лешкевич, Л.Б.Баженов, И.Б.Новик, Ә.Н.Нысанбаев ақпаратты барлық материалдық нысандардың қасиеті ретінде, яғни материяның атрибуты ретінде көрсетеді [1,2,3,4,9]. Екінші бағыттың өкілдері – В.В.Вержбицкий, Н.И.Жуков, Г.Ж.Нұрышева және т.б. – ақпаратты өзіндік ұйымдастыратын жүйелердің қызметі ретінде көрсетеді [5, 6, 7].

Ақпарат – (латын тілінен аударғанда «informatio»: баяндау, түсіндіру деген мағынаны білдіреді) – адамдардың қарым-қатынас барысында берілетін мәліметтер мен білімдер, бірақ ең алдымен, объективті әлемдегі ерекше текті үдерістер. Атап айтсақ, ақпараттық үдерістердің болуымен байланысты объективті әлемнің негізгі қасиеттерінің бірі ретінде

түсіндіріліп, оның белгілік мәнге ие болуы, жүйенің өмір сүруінің факторы болған кезде ақпарат өзекті бола бастайды. Ақпарат қоғамына байланысты әртүрлі салалардан келіп түсетін, әртүрлі мазмұндық мәні бар және берілу формалары әртүрлі адамның ақпаратпен жұмыс істеу іс-әрекетіндегі біліктілігі ақпараттық құзыреттіліктің негізін құрайды.

Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі алдыңғы кезекте оқу үдерісін ақпараттандыру және оқу іс-әрекетінің барлық түрінде ақпараттық технологияларды пайдалану үдерістерін үлгілеу мәселесімен байланысты. Бұл тұрғыда, компьютер қоршаған әлемді танудың құралы болып табылады. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті компоненттерінің бірі ретінде өзінің мәні бойынша шешілетін мәселелерді анықтайтын ақпараттық білім беру ортасы алынады.

Ақпараттық құзыреттілік педагогтарды дайындауда түйінді құзыреттіліктің компоненті ретінде ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген адамның ақпараттық іс-әрекетінің (жинақтау, іздеу, сақтау, өңдеу) жалпыланған түрлерін меңгеруді ұсынады. Педагогтың ақпараттық құзыреттілігінің төмендегідей деңгейлерін ерекшелеуге болады:

- қарапайым (репродуктивті іс-әрекет);
- функционалдық (шығармашылық іс-әрекет элементтері бар репродуктивті іс-әрекет);
- жүйелілік (дербес шығармашылық іс-әрекет). Мұнан ақпараттық технологиялардың тұрақты дамуымен білім беру үдерісінде оларды пайдалану мәселелері бойынша педагогикалық ғылымның дамуымен бір деңгейден басқа деңгейге көшу ұсынылады. Сөйтіп, құзыреттілік тұғыры әдіснамалық негіз ретінде қоғамның жаңа ақпараттық мәдениетіне сәйкес педагог пен студенттің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігінің қажетті деңгейін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Технология» термині гректің «техне»- өнер, шеберлік, біліктілік және «логос» - сөз, оқыту, ғылым сөзінен шыққан. Педагогикалық әдебиеттерден «технология» ұғымына берілген келесі анықтамаларды кездестіруге болады: бұл – өнер, шеберлік, біліктілік, жағдайды өңдеу, өзгерту әдістерінің жиынтығы; ұйымдастырушы-әдістемелік инструментарий; студенттер үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу бойынша бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің барлық жағынан ойластырылған үлгісі; педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған педагогтың бірізді және өзара байланысқан әрекет жүйесі, сонымен бірге педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз етуді дәл қайта жаңғырту немесе алдын ала жобаланған педагогикалық үдерісті практикада жоспарлы және бірізді қайта жаңғырту; аталған ұғымды технология негізіндегі құралдар, инструменттер, аппараттарды, адамның меңгерген білім, білік, дағдыларын қолданудағы күрделі жүйе, белгілі бір қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, өзара байланысты педагогикалық элементтердің жиынтығы ретінде анықтайды. Жоғарыда берілген анықтамалардан педагогикалық технология білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады, өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өзін-өзі өзектендіреді; жеке қабілетіне сәйкес шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай туады; оқыту үдерісінің барысында әр білім алушының белгілі бір мерзім аралығындағы дамуын үздіксіз қадағалайтын мониторинг жүргізуге мүмкіндік туады; «өмір бойы білім ала алатын тұлғаға» айналады. Аталған талаптар педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің технологиялық құзыреттілігінің қалыптасуын қажет етеді.

Е.А.Ракитина технологиялық құзыреттілік қызметті ұйымдастырудың технологиялық тәсілінің мәнін түсіну; ақпараттық қызметтің автоматтандырылған технологияларының ерекшеліктері туралы білімі; есептерді шешу операцияларының технологиялары мен негізгі сатыларын айқындау, дербес жағдайда автоматтандыру құралдарының көмегімен; түрлі ақпараттық технологиялардың негізін құрайтын сандық операциялардың орындалу дағдыларын меңгеруімен айқындалатындығын атап көрсетті [8]. Техникалық білім



аймағындағы құзыреттілік (технологиялық құзыреттілік): ақпаратты автоматты түрде өңдеуге арналған техникалық құрылғыларды пайдаланудың мүмкіндіктерін, жұмыс істеу ережелерін түсіну; ақпараттық үдерістердің автоматты орындалуы мен автоматтандырылуының айырмашылықтары туралы білім; нақты техникалық құрылғының негізгі сипаттарын пайдаланып шешілетін есептер тобын бағалау біліктілігі болып табылады.

Кейбір ғалымдардың ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған зерттеулерді талдаудан күнделікті оқу іс-әрекеті, ақпараттық технологияларды зерттеу пәні және оқыту құралы ретінде қолдану, студенттердің компьютермен байланысты дәстүрлі және ақпараттық іс-әрекеттің тәсілдерін меңгеруін қамтитындығы тұжырымдалды.

Кез-келген әлеуметтік жүйе адамның іс-әрекеті арқасында ғана тіршілік етеді, демек жеке тұлға осы жүйенің қызметінде және дамуында белгілі бір рөл атқарады.

Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдерісте белгілі шарттар негізінде табысты жүзеге асады. Сондықтан оқыту үдерісінде студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындап алу қажет.

Бүгінгі таңда ғалымдар студенттер үшін біріншіден, түйінді ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті топтаудың негіздемесін; екіншіден – құзыреттіліктің бірқатар жалпылаушы құраушылары; үшіншіден – құраушыларға енетін құзыреттіліктің номенклатурасын анықтауға және теориялық негіздеуге ұмтылыс жасауда.

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық, ақпараттық технологиялар негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру мәселелеріне маңызды мән беріліп отыр. Ғалымдар оның мазмұнын аша отырып, ғылыми және практикалық жұмыстың басты мақсаттары мен бағыттарының бірі ретінде, оқыту және тәрбиеде, дидактика мен информатика бойынша зерттеу жұмыстарының негізінде ақпараттық технологияларды меңгеру және ендіруді атап көрсетеді.

Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігі, ақпараттық іс-әрекетсіз, яғни үдеріссіз мүмкін емес, студент ақпараттық ортаны меңгеру барысында, толыққанды түрде, өзінің қабілеттерін, қажеттіліктері мен ұмтылыстарын жүзеге асырады, өзіндік дамуы үшін, сонымен бірге қоршаған орта үшін, өзін субъект ретінде сезініп, ал ақпараттық ортаның меңгерілетін нысандарын, үдерістерді, құбылыстарын ақпараттық іс-әрекеттің нысандары ретінде қабылдайды.

Ақпараттық орта бірнеше білім беру технологиясын біріктіреді: коммуникациялық, компьютерлік, желілік, мультимедиалық. Олардың жиынтығын ақпараттық білім беру ортасын деп аталады. Ақпараттық білім беру ортасы жаңа ұғым, әлі күнге дейін анықтамасы нақты емес, бірақ бұл ұғымның мәні былай түсіндіріледі:

– ақпараттық білім беру ортасы – ақпараттық, техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру үдерісінің субъектісі ретіндегі адаммен үздіксіз байланысы (О.А.Ильченко).

– ақпараттық білім беру ортасы – педагогикалық жүйе және оны қамтамасыз ету құралы (А.А. Андреев).

Ақпараттық білім беру ортасын құру ақпараттық технология арқылы білімді басқару болып табылады. Сондықтан бүгінгі ақпарат легінің көбеюіне байланысты студент те, оқытушы да ақпараттық технологияны қолдануға дайын болуы керек.

Қазіргі кезде білім беру үдерісінің ерекшеліктері, студенттердің өмір сүруі және іс-әрекеті жедел ақпараттық ортада жүзеге асырылатындықтан ақпараттық білім беру ортасында ақпараттық технологияның түрлері: интернет желісі, мультимедиа, презентация технологиясы, интерактивті тақта, электрондық оқулықтар қолданылуы қажет.

Ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті меңгеру үдерісі, оқытуда тұлғаның «өткен тәжірибенің кедергісін» жеңуді қамтиды.

Сонымен, аталған мәселені теориялық зерттеу нәтижесінде, проблемалық-танымдық тапсырмалар бізге студенттердің танымдық қажеттілігі мен ойлауын белсендіруге жағдай жасайтын проблемалық жағдайларды ұйымдастыру мүмкіндігін ұсынады; соңғы нәтижесінде

студенттердің аталған құзыреттілігінің құрылымына енетін, ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті жетістікпен меңгеруге мүмкіндік береді.

Аталған педагогикалық шарттарды талқылауды қорытындылай отырып, «құзыреттілікті меңгеру траекториясын» өз бетімен таңдау құқығын көрсету, оның жоғары, орта, төменгі деңгейлерді анықтауға көмектеседі, студенттердің білім деңгейінің жоғарылауына көмектеседі, сонымен қатар білім беруді дараландыру мен ізгілендіру, қазіргі заманғы тенденцияларды жүзеге асыруға және өмірге ендіруге мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Лешкевич Т.Г. Философия: учеб пособие. – М.: ИНФРА, 2006. – 116 с.
2. Баженов Л.Б. Основные вопросы теории гипотезы. – М.: Педагогика, 2001. – 227 с.
3. Новик И.Б. Моделирование сложных систем: Философский очерк. – М.: Мысль, 2005. – 335 с.
4. Нысанбаев Ә.Н. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы. – Алматы: Таймас, 2005. – Т.2. - 480 б.
5. Вержбицкий В.В. Проблема информации (к анализу категориальных структур кибернетики) // Философские науки. - 2001. - №5. - С.31- 37.
6. Жуков Н.И. Философские основания математики: учеб. пособие для студентов вузов и аспирантов.-2-е изд., испр. и доп. – Минск: Университетское, 2000.- 330 с.
7. Нұрышева Г.Ж. Философия: оқу құралы. – Алматы: Зият Пресс, 2006. - 204 б.
8. Ракитина Е.А. Построение методической системы обучения информатике на деятельностной основе: дис. ... докт. пед. наук.: 13.00.02. – М., 2002. – 485 с.



**ӘОЖ 37.018**

### **БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕГІ ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС**

**Тотышов Ө.А., Әбдіғаппар Б., Абдезимова С. - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары**

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру ісіндегі әріптестік байланыс мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** білім беру, білім алушы, қарым-қатынас, әріптестік байланыс, оқу процесі.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о партнерских связях в образовательном деле.

**Ключевые слова:** образование, обучающийся, общение, партнерские связи, учебный процесс.

**Annotation.** The article will focus on partnerships in the educational field.

**Key words:** education, student, communication, partnerships, educational process.

Заманауи жас педагогтар – бұл жоғары педагогикалық білім алған маман. Олар өз пәндері бойынша терең әрі сапалы білім беруге, білімдік процесті педагогикалық және психологиялық тұрғыда ұйымдастыруға, тұлғаның дамуы мен тиімді әлеуметтенуін қамтамасыз етуге, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, олардың құқығын қорғауға, дамуындағы және мінезқұлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырушылар. Олардың кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негіздерінен, түрлі психологиялық техникаларды меңгеруінен, өзінің кәсіби құзыреттілігінің шегін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады. Болашақ педагогтар теориялық білім қорымен жоғары оқу орындарының

қабырғасында қаруланады. Теориялық білімдер негізі - жалпы педагогика мазмұнын құрылымдаудан басталып, оқу пәнінің мазмұнын жобалау рәсімі, яғни мақсатын тұжырымдау, курстың құрылымы мен мазмұнын анықтау, білімгерлердің іс-әрекетін ұйғарым мен шектеулердің шегінде жоспарлау, бұлардың барлығы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік бағдарлама, оқу және әдістемелік әдебиеттер секілді нормативтік құжаттармен реттеледі.

Бүгінгі таңдағы заман талабы жоғары оқу орындарынан бәсекеге қабілетті маман даярлау болып табылады.

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы әлеуметтік серіктестік технологиясының әлеуеті маман даярлаудың сапасы мен оның біліктілігіне қойылатын талаптарға сай кәсіби білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыру болып табылады. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогикалық жүйе ретінде сыртқы ортамен тікелей байланысады. Ол байланыс оқу орынының әрекетінің тиімділігін арттыруға, басқару ісінің құрылымын жетілдіруге, даму болашағын бағдарлап, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік серіктестік құрудың тетіктерін қалыптастыру қазіргі кездегі кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыттарының бірі болып отыр [1].

Әлеуметтік серіктестік технологиясының әдістемелік бағыттарына мыналар жатады:

- жоғары оқу орындарында мамандар даярлаудың мазмұнын жетілдіруге;
- оқу процесіне жаңа әдіс, технологияларды ендіру; студенттердің кәсіби практикасының тиімділігін арттыру;
- болашақ педагогтардың білім беру ұйымдарының педагогикалық әрекетіне араласуына жағдай жасау;
- олардың педагогикалық мамандық туралы жағымды пікірлерінің қалыптасып, сүйіспеншілігінің артуына ықпал ету;
- мұғалім мамандығы туралы жақсы қоғамдық пікір қалыптастыру.

Әлеуметтік серіктестік технологиясы әріптестікті жобалауда қолданылатын әдістер мен тәсілдерді дамыту, әлеуметтік саладағы өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру ұстанымдарын және тәсілдерін түсінуге үлес қосады [2].

Технологияны ендірудің мақсаттары әлеуметтік әріптестік саласында болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, өзара бірлескен іс-қимыл саласында коммуникативті құзыреттілік, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік өзара әрекеттесуді қалыптастыру дағдыларын дамыту және әлеуметтік әріптестіктегі практикалық мәселелерді шешу жолымен қол жеткізу болып табылады. Технология әлеуметтік әріптестік саласында тиімді қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді - әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі модельдерін құрастыру, әлеуметтік салада басқарушылық міндеттерді шешуде негізгі ұйымдастырушылық шараларды орындау дағдыларын дамытуды нәтижелі етеді.

Кәсіби білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті жүзеге асырудың негізгі түрі өнеркәсіптік оқыту, үздіксіз білім беру және т.б. туралы ережелерді қамтитын ұжымдық келісімдер болып табылады. Көптеген елдерде жұмыс берушілер ұйымдары мен кәсіподақтар өндірістік оқыту жүйесіне белсенді қатысады. Оған қоса, практикалық сабақтар, жұмыс орнында оқыту, анықтамалар бойынша, белгілі бір кәсіпорындар деңгейінде жұмыс берушілердің болашақ маман даярлауға белсенді араласуды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік оқытуды жүзеге асыру барысында әлеуметтік серіктестер тәуелсіз оқу орталықтарын және үздіксіз кәсіби білім беру мекемелерін ұйымдастырушылар ретінде жиі әрекет етеді [3].

Кәсіби білім беретін жоғары оқу орнында әлеуметтік серіктестік жүйесін құру үш кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең - дайындық. Дайындық кезеңінің басты мақсаты – оқу орнында шешілуге тиісті міндеттер қатарын анықтау. Оған мамандықтар бойынша білімді практикалық жолмен тиянақтап, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасап,

ықпал ететін білім мекемелерін, оларды ұйымдастыратын тұлғаларды айқындау, бірлескен әрекеттің жоспарын құру жатады.

Екінші кезең - ұйымдастырушылық. Бұл кезеңнің мақсаты-әлеуметтік серіктес ұйымдармен тұрақты қарым-қатынас орнату. Оның аясында ынтымақтастық туралы келісімдер жасау, әлеуметтік серіктестердің әртүрлі санаттарымен өзара әрекеттесу технологиясын әзірлеу, яғни, болашақ әлеуметтік серіктестік жүйесінің элементтерін құрып, серіктестік нысандарын анықтап, білім беру ұйымдарының серіктестерін құру жұмыстары жүргізіледі. Екінші кезеңнің басты қорытындысы-әлеуметтік серіктестіктің болашақ жүйесінің негізгі құрылымдық элементтерін түзу.

Үшінші кезең – жүйе құраушы. Бұл кезеңнің мақсаты - әлеуметтік серіктестіктің қалыптасқан және пайда болатын элементтерін жүйеге біріктіру. Серіктестермен тұрақты ынтымақтастықта болып, байланысты үзбеу, орнының қызметкерлерінің ең маңызды қызметтік міндеттерінің санатына жатады. Бұл үшін лауазымдық нұсқаулықта түсіндірулер жасалады, әлеуметтік әріптестік оқиғалары оқу орнының жұмыс жоспарына енгізіледі және т.б.

Білім беру ұйымының маңызды іс-әрекеттерінің бірі - бұл процестің барлық қатысушыларын біріктіретін, олардың арасындағы қарым-қатынасты реттейтін әлеуметтік серіктестіктің ұйымдық құрылымын қалыптастыру. Студенттер таңдаған пәндердің қосымша бөлігі жұмыс берушіге әртүрлі профильдер үшін бір бағытта топтарды тартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның талабы бойынша, қолданыстағы бағытта жаңа оқыту профилін құруға болады [4].

Әлеуметтік әріптестік технологиясы оқу орыны деңгейінде жасалып, жүзеге асады: біріншіден, оқу орынында әртүрлі қоғамдық кездесулер өткізу үшін түрлі ғимараттар жеткілікті. Оларда кәсіби мәселелерді, жолдар мен тәсілдерді талқылауға шешімдерді талқылап, өзара әрекеттесу жолдарын анықтауға мүмкіндіктер бар. Екіншіден, жоғары оқу орны - бұл педагогикалық білімі бар және балалар мен ересектерге тең дәрежеде қолданылатын оқыту, мәдени, білім беру, тәрбиелік, ұйымдастырушылық іс-әрекеттердің практикалық дағдылары бар әуесқойлар тобы. Үшіншіден, жоғары оқу орны күнделікті білім беру және тәрбиелеу ішараларында түрлі әлеуметтік іс-әрекеттер мен инновацияларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық ресурстарға, үлкен алаң мен жабдықтарға, кеңсе техникасына ие. Ал әлеуметтік серіктестер ретінде таңдалатын мекемелер нақты және әлеуетті болуы ойластырылуы керек [5].

Нақты әріптестер - білім беру мекемесі жұмыс істейтін субъектілер немесе ұйымдар, үнемі байланыстар мен өзара әрекеттесу бағдарламалары.


Әлеуетті әріптестер - бұл оқу орнының тұрақты байланыстары жоқ адамдар, бірақ олармен ынтымақтастық бірлескен жұмыстарды ұйымдастыруда нәтижелі болуы мүмкін деп есептейді [6,7].

Білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға тиімді әсер ететін, жоғары педагогикалық оқу орындары мен білім беру ұйымдарының маман даярлауға қатысты ортақ қызығушылықтарын жүзеге асыратын ерекше әрекеттестік формасы. Әрекеттестіктің бұл түрі қазіргі экономика мен еңбек нарығының сұраныстарынан туындап отыр. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтарды даярлаудың шет елдік тәжірибесін басшылыққа алу арқылы университет білімі, озық ғылым жетістіктері мен кәсіпкерлік ынтымақтастық дәстүрі процеске қатысушылардың барлығы үшін жоғары нәтижелі деңгейге жетуге мүмкіндік береді [8,9].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Корсунов А.В. Әлеуметтік серіктестік негізінде мамандарды дайындаудың аймақтық жүйесін басқару. Дисс... экон. ғыл. канд. Бжин., 2000.
2. Нуржанбаева Ж.О. Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дис. ... док. филос. PhD. - Шымкент, 2017.

3. Алшынбаева Ж.Е. Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау: филос. док. PhD ... дис. – Астана, 2018.
4. Мамедов Р.А. Дуальды білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми-педагогикалық негіздері: филос. док. PhD ... дис. – Шымкент, 2019.
5. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы: оқулық.-А: Қазақ университеті, 2016.-360б.
6. Джандильдинов М. К. Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейін бағалаудың өлшемдік аппараты // Вестник КазНПУ «Педагогические науки». – 2018. - №2(58).
7. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия – сервис К, 2012. – 316 Б.
8. Тұрғынбаева Б.А. Әлеуметтік серіктестік–мамандар дайындаудың сапасын арттырудың құралы ретінде//Ғалымдар мен мұғалімдердің I Республикалық 133 конференциясы «Дуальді-бағдарлық білім беру жағдайында мектеп-колледжжоғары оқу орны іс-әрекеттерінің интеграциясы» материалдары. Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2016ж. 12-13 мамыр, - Алматы, б.293-296
9. Әлеуметтік серіктестік технологиясы // Әдістемелік құрал. – Алматы, 2020. -100 б.



УДК 811.161.1

## **РОЛЬ РУССКОГО ЯЗЫКА В ПРОЦЕССЕ ЦИВИЛИЗАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РОССИИ**

**Джылкыбекова Г.Т. - к.п.н., доцент  
Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати**

В XX веке русский язык стал одним из так называемых мировых языков. Распределение русского языка географически и территориально было в значительной степени результатом Российской империи, а затем Советского Союза, а теперь и Российской Федерации, которая является крупнейшей территорией суверенного государства планеты. Похожий на глобальный статус русский язык был закреплен в ООН, где русский является одним из рабочих языков. На данный момент распространение русского языка занимает четвертое место в мире. Он уступает только английскому, китайскому и испанскому языкам, которые занимают первое, второе и третье места соответственно. Также он считается самым сложным языком и самым распространенным языком в Европе – как географически, так и по количеству носителей языка как родного. Кроме того, это язык международного общения на постсоветском пространстве и официальный или рабочий язык многих международных и межправительственных организаций, членами которых является Россия. Однако если мы посмотрим на ситуацию с русским языком в мире, мы увидим некоторые тревожные тенденции. Прежде всего, в странах СНГ (Содружества Независимых Государств) и Балтии, где русский является родным языком для значительной части населения, существует ограничение использования русского языка и сокращение возможностей получать образование на русском языке. Значительное снижение изучения русского языка характерно и для стран за пределами СНГ. Помимо Российской Федерации, русский язык имеет статус государственного языка только в одной стране, Беларуси, где, согласно белорусской Конституции, существует два государственных языка - белорусский и русский.

В Кыргызстане русский язык имеет статус официального языка. В юго-восточных областях Украины он был утвержден в качестве регионального языка. Число русских и русскоязычных в СНГ, странах Балтии, Грузии и странах Центральной Азии в последнее

время постепенно сокращается. Однако русскоязычное население увеличивается в Германии, Израиле и США, главным образом из-за волны иммиграции, которая обрушилась на постсоветскую территорию в 1990-х годах. В 2002 году Министерство иностранных дел Российской Федерации подготовило доклад «Русский язык в мире» (на русском языке), в котором освещалась ситуация с русским языком в 140 странах мира. В настоящее время он играет очень важную роль в мире: Русский язык является государственным языком Российской Федерации, одним из двух государственных языков Беларуси, одним из официальных языков Казахстана, Кыргызстана и ряда других стран, основным языком международного общения в Центральной Евразии, в Восточной Европе, в странах бывшего Советского Союза, одним из шести рабочих языков ООН, ЮНЕСКО и других международных организаций. [4]

Английский и русский являются родственными индоевропейскими языками. Но история реальных контактов и взаимовлияний между славянским и германским языками началась задолго до того, как английский и русский стали языками. С одной стороны, кажется вероятным, что контакты между готами и славянами у Черного моря заставили готов принять славянские слова. Русское платье и плясать представлены в словах «плат» (кусочек ткани) и «плинджан» (танцевать); в то время как славянские слова для хлеба и молока, представленные русским хлебом и молоком, казалось, были переняты из германских типов, встречающихся в готическом хлайфе и в современном английском молоке. Однако только в конце XIV века мы находим какую-либо заметную прямую ссылку на Россию в английской литературе, а именно упоминание Чосером той страны, в которой его идеальный рыцарь сражался с отличием: Примечательно, что английский и французский соболь происходит от русского коболь. В период притеснения татар русские слова не появлялись на английском языке, и только во второй половине XVI века, когда политические и торговые отношения между Англией и Россией начали развиваться, русские слова встречаются в английском словаре. Переписка между Иваном Грозным и королевой Елизаветой, деятельность так называемой «московской фирмы» в 1554 году, книги путешественников, описывающих Россию, привели к усыновлениям, представляющим различные смысловые сферы: географические названия (степь, тайга, тундра). В будущем мире нестабильности русский язык останется сильным. Это защитит и сохранит кириллицу.

Для этого есть несколько объективных причин: Рост патриотизма в России будет гарантировать существование традиционного кириллического алфавита.

Россия будет единственной восточноевропейской страной, не входящей в НАТО, и сохранит свой уникальный статус, включая нелатинский алфавит.

Низкое качество преподавания иностранных языков будет препятствовать распространению иностранных языков и не кириллического алфавита (например, я изучал английский в средних и старших школах, а также в колледже с очень маленькими результатами, как я понял, когда приехал в Америку).

Еще один важный фактор: в российских газетах, на телевидении и радио много мусора из-за рубежа. Создается иллюзия, что люди очень хорошо знают иностранные языки и изучение иностранных языков не требуется. Это также показывает, что достаточно иметь только один алфавит - русскую кириллицу.

Последние достижения в технологии открыли безграничные возможности для общения. Расстояние больше не является барьером. Всего за несколько часов любой, у кого есть компьютер и подключение к Интернету, может найти десятки новых друзей со схожими интересами со всего мира. Российские интернет-пользователи активно изучают виртуальное пространство - ведут личные блоги, публикуют обновления в Твиттере, общаются с людьми через многочисленные социальные сети и получают новые знания о других странах мира.

В русских школах английский преподается начиная с начальных классов, поэтому большинство россиян понимают несколько фраз английского языка и выражают простые идеи на английском языке. Так почему бы не выучить немного русского? В конце концов,

намного проще и интереснее общаться с друзьями из-за рубежа, если вы понимаете язык друг друга.

Сегодня русский язык со всеми его очевидными и неоспоримыми достоинствами отнюдь не является идеальным инструментом для представления реальности. Это не производит достаточно русских слов аборигенов, чтобы приспособиться к постоянно меняющемуся миру.


Как известно, многие новые для России явления названы с помощью заимствованных слов или заемных корней. Это большой вопрос, особенно в области новейшей естественнонаучной терминологии, а также в банковском / финансовом секторе. Российские ученые и экономисты либо просто пишут английские слова русскими буквами, либо переводят их буквально.

В связи с этим нельзя не вспомнить слова русского поэта, который сказал, что русский язык подобен богатому человеку, который хранит золотые слитки в своем хранилище, но часто не имеет нескольких копеек, чтобы заплатить таксисту... так он должен позаимствовать у первого пришельца даже против его воли. Чем больше людей в мире используют русский, тем лучше для российской экономики, политики и культуры.

Однако, чтобы русский язык оставался таким же великим и могущественным в 21-м веке, как это было в 19-м веке, российские власти и люди должны уделять больше внимания качеству современного литературного русского языка.

#### **Литература:**

1. Дубина Л. В. Тенденции развития русского языка в условиях интернет-коммуникации //
2. Вестник Томского государственного педагогического университета. № 2 (130). 2013. С. 177-181.
3. Соколова А.В. Урок русского языка в 6 классе по теме «Фразеологизмы» // Филологический класс. № 3(33). 2013.С. 78-81.



**ӘОЖ 378.1**

### **БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢА РТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ӨЛШЕМДІК ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ**

**Елубаева Р.С. - п.ғ.к., доцент**

**Едрисов Б.С., Арыстан А.Б. - магистранттар**

**«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

**Аңдатпа.** Мақалада бағалау процесінде жаңа өлшемдік әдістемелік жүйелерді қолдану мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** бағалау процесі, жаңа өлшемдік жүйе, білім сапасы, кәсіби білім.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о проблеме применения новых измерительных методических систем в процессе оценки.

**Ключевые слова:** процесс оценки, новая размерная система, качество знаний, профессиональное образование.

**Annotation.** The article will focus on the problem of using new measuring methodological systems in the evaluation process.

**Key words:** the evaluation process, the new dimensional system, the quality of knowledge, vocational education.

Қоғамдағы қазіргі кездегі жаңаша өзгерістер, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқында өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің қарқынды дамуы дәлел [1].

Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр. Білім мемлекеттің интеллектуалдық және рухани ресурстарының сарқылмас бұлағы ретінде адамзат капиталының сапасын арттыруда басты рөл атқаратыны белгілі. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері ең алдымен, олардың білім жүйесімен, адамзаттарының білім деңгейімен анықталады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл және тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндетті болып отыр [2].

Қазақстан Республикасында соңғы жылдарда білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім мен мәдениет беру болып табылады [3].

Елімізде осы өзекті, әрі ғаламдық міндетті шешу үшін бірнеше нормативті құжаттар қабылданды. «Қазақстан Республикасының білім туралы заңы», «Қазақстан Республикасында үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» т.б. нормативті құжаттар негізінде білім берудің жаңа сапалық деңгейіне көтерілу тек білім мазмұнын анықтаумен ғана емес, білімнің сапалығын бағалау жүйесіне де өзгеріс енгізу қажеттігін көрсетеді [4, 5]. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттің гүлденуі негізгі шешуші үш фактордан тұрады. Олар:

1. Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруі.
2. Білімнің деңгейін көтеруі.
3. Мамандардың кәсіби білімі мен білігі.

Қай мемлекет болсын әлемдік үрдістерден тыс қала алмайды, жалпы ғаламдық даму заңдылықтарына бағынуға мәжбүр болады, себебі, ешбір мемлекеттің жабық күйде өмір сүруі мүмкін емес. Өркениет дамуынан кенже қалмау үшін жаңа өзгерістер қажет-ақ.

Осыған орай, қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының да білім беру жүйесі «үлкен өзгерістер» үстінде тұр. Қазақстанның 1997 жылы Лиссабонда Еуропа қауымдастығы мен ЮНЕСКО жоғары білім туралы конвенциясына қосылуы бүкілдүниежүзілік білім кеңістігіне кіруін қамтамасыз етумен қатар оған жоғары талаптар да қойды. Берілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстан жоғары мектебінің алдында осы мәселелерді шешу жолдарын қарастыру, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасау, практикалық жолдарын көрсету сияқты жұмыстар қарқынды жүргізілуде [6].

1999 жылғы Болон декларациясынан бастап бүкіл Еуропа елдерінде оқу, білім беру үрдісін нарық қатынастарына бейімдей отырып, бір жүйеге келтіруге бетбұрды. Қазақстан Республикасының бұл декларация принциптерін қабылдауына байланысты елдегі білім беру үрдісі осы жүйеге қарай бейімделуде. Осыған байланысты, мемлекеттік деңгейде көптеген құжаттар қабылданды. Оған білім берудің көп сатылы концепциясын, оқыту үрдісіне кредиттік жүйені, жалпы орта білім беру жүйесіне 12 жылдық білім беру жүйесін, жалпы білім беру стандартына сәйкес ұлттық бірыңғай тест қабылдауды жатқызуға болады. Ал,



жоғары мектептерде жоғары кәсіби білім беру саласында үш сатылы үлгіні (бакалавриат – магистратура – докторантура) кредиттік жүйеге негіздеп оқытуға және барлық білім сапасын жаңа талаптарға сәйкестендіру жұмыстарын, т.б. атауға болады.

Қысқасы, оқушы білімін бағалауда талаптар күшеюде. Міне, осы жерде бұрынғы жұмыс істеу тәсіліне, бағдарламаларға үйреніп қалған оқытушылар «бұл өзгерістерге даяр ма?», «келешекте оқытушы өзіне қандай талаптар қоюы керек?» деген сұрақтар туындайды. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын пайдалану, кредиттік жүйеге көшу, 12 жылдық оқыту жүйесіне көшуге дайындық, халықаралық ИСО-9001:2000 стандарттарына сәйкес білім мазмұнын анықтау, TIMS, PISA бағдарламалар бойынша білім сапасын бағалаудың жаңа жүйелерін қолдану мүмкіндіктерін зерттеу т.б. мәселелер қолға алынуда. Бұл мәселе бойынша Қазақстанда көптеген педагог-ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олардың нәтижелерін оқу тәрбие процесінде еңгізуде. Атап айтқанда Ж.Қараев, М.Жанпейісова, М.Жадрина, Ж.Қобдикова, т.б. ғалымдар білім сапасын бағалаудың көп деңгейлі түрлерімен қоса білім беру мазмұнын дифференсациялау арқылы комплексті сатылап бағалау жүйесін енгізу қажеттігін қолдайды. Қазақ білім академиясының педагог-ғалымдары білім сапасын бағалаудың соңғы нәтижеге бағдарлануын сапалы бағалауға жатады деп есептеледі (М.Жадрина, Н.Оразақынова, т.б.).


Елімізде білім беру сапасын бағалауда көптеген қиыншылықтар мен кемшіліктер жиі кездесетіні Н.Хмель, А.Сейтешов, Г.Уманов, Т.Сабыров, т.б. еңбектерінде айтылған. Онда білім сапасын бағалаудың көп деңгейлі жүйесіне көшу, оның дидактикалық шарттарын анықтау арқылы көрсетілген. Осындай көзқараста Республикалық білім жетілдіру институтының ғалымдары (Ж.Кобдикова, Г.Жайтапова, т.б.) білім сапасын бағалаудың әдістемелік жүйесін жетілдіру қажеттігін, ол үшін жаңа педагогикалық технология негізінде оқу тәрбие процесін технологияландыру қажеттігін күн тәртібіне қояды.

Мәселен, бұрынғы оқулықтар мен бағдарламаларда ұлттардың өзіне тән ерекшеліктері ескерілмей, оқыту мен тәрбие үрдісі орталықтан басқарылды. Соның нәтижесінде ұлттық сана мен мәдени құндылықтарға нұқсан келтірілді, өз ана тілін ұмытқан ұрпақ пайда болды. Бүгінде оның орнын толтыру оңай шаруа емес. Сондықтан да жаңа заман ұстазы халық педагогикасының озық тәжірибелерін оқып үйреніп, осы заман талаптарына жауап бере алатын ғылыми педагогикалық негіздерді жете меңгеруі тиіс. Қазір Қазақстан Республикасында әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында білім реформалары жүзеге асырылуда, жаңа білімдік стандарттар қабылдануда. Аталған шаралар жаңа формация педагогына қойылатын философиялық парадигмалар негізінде құрылуда. Сондықтан білім беру сапасын арттыру мен оның нәтижелілігін бағалаудың жаңа өлшемдік жүйелерін анықтау қажет болып отыр. Сонымен бірге, еліміздің педагог-ғалымдары көп деңгейлі оқыту мен көп деңгейлі бағалау жүйесінің тиімділігін көрсету арқылы білім сапасын бағалаудың жаңа үлгілерін сынақтардан өткізуде. Альтернативті вариант ретінде М.Жадрина, Ж.Қараев, Ж.Кобдикова, А.Жайтапова, т.б. ғалымдар оқыту үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жетілдірудің басты шарты білім беруді көп деңгейлі бағалау қажеттілігіне тәуелді болады деп, оқыту үрдісін басқарудың және оның нәтижесін сапалы етудің жаңа өлшемдік жүйесін ұсынады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абдыгаппарова С.Б., Ахметова Г.К., Ибатуллина С.Р., Кусаинов А.А., Мырзалиев Б.А., Омирбаев С.М.. /под общ. Ред. Ж.А Кулекеева, Гамарника Г.Н., Абдрасилова Б.С.. Основы кредитной системы обучения в Казахстане. - / Алматы: Қазақ университеті, 2004.
2. Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск. - Алматы, 1995.
3. Реформа и развитие высшего образования. ЮНЕСКО, Париж, 1995.
4. Қараев Ж. Сущность технологии трехмерной методической системы обучения. - // Менеджмент в образовании. 2005, №6.
5. Қалиғожин А.Т. Білімді есепке алу және бағалау. - // Қазақстан мектебі, 2000. №3.

б. Ахметова Г.К. Современное образование Казахстана в поисках идеала. В кн.: Кредитная система обучения: опыт внедрения и перспективы. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.



ӘОЖ 159.9.018

## ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Байғазиев Ж., Жаматова С., Омарбекова Қ., Есмұрат Б.С. – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары**

**Аңдатпа.** Мақалада педагогтің кәсіби біліктілігін жетілдірудің кейбір мәселелері сөз болады.

**Кілт сөздер:** оқу процесі, әдістеме, жаңаша технология, сабақ, әдістер.

**Аннотация.** В статье будут рассмотрены некоторые вопросы повышения профессиональной квалификации педагога.

**Ключевые слова:** учебный процесс, методика, новые технологии, уроки, методы.

**Annotation.** The article will consider some issues of professional development of a teacher.

**Key words:** educational process, methodology, new technologies, lessons, methods.

«Білімді, сауатты адамдар - бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» [1]. Оай болса, бүгінгі таңда басты мәселе – болашақ ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Осыған орай білім беру ісінде мектеп жеке тұлғаның қабілеттілігін ескере отырып баланың жан-жақты дамуын жүзеге асырып, бір қалыпта қалыптасуын қамтамасыз етуі керек.

Осы бағытта қызмет атқарған педагог-маман оқушыға өзінің тәлімдерін үйретуден бұрын оның бойындағы білім алуға деген талпынысты оятуы қажет. Шеберліктің шыңына жетуі үшін әрбір ұстаз кез-келген сабағын өзіндік ойы, шиеленісуі мен шешімі бар өнер шығармасындай ойластырып, дайындауы керек.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибеге негізделген білім беруге көшудегі негізгі мақсат – адам баласының тарихында уақыт озған сайын маңызы арта түсетін білімді де білікті, тәжірибелі де текті ұрпақ қалыптастыру. Рухымызды биіктетіп, ұлтымызды дәріптейтін, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін жастардың болашағы – педагогтарға зор міндет. Ол үшін педагогтар қауымы кәсіби біліктілігін тиісінше жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын мейлінше жаңартып, сабақ барысында тиісті әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Себебі білім адам баласына өмір бойы қажет екенін адамзат тарихындағы тәжірибе дәлелдеп отыр.

Педагог әрдайым өз қызыметіне деген сүйіспеншілікті алдындағы оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастырғанда ғана шын мәніндегі ұстазға айналмақ. Олай болса, педогог-ұстаз өз ісінде әрбір баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы қажет. Баланың рухани дамуына жағдай туғызатын, кез -келген жаңалықтарды қабылдай алатын, өз әрекетіне өзгеріс енгізуге даяр ұстаз ғана бүгінгі қоғамның мүддесінен шығады. Қазіргі заман талабы нақтылап отырған саналы, ойы жүйрік, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны педагогтік шеберлікті жетік меңгерген жаңа тұрпатты педагог қана қалыптастыра алады. Қазақта «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деген нақыл сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса, жақсы мұғалім жақсы оқушыларды жасайды.

«Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педогогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді», - деген екен А.Байтұрсынұлы [2].

Әрдайым сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне толық сенімді; әртүрлі әлеуметтік және өндірістік мәселелерді өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін білім беру сапасын жетілдіру аса маңызды іс болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен

үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Оқушы бойындағы білім сапасы – мұғалімдер жұмысының көрсеткіші. Бұл білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғандығын көрсетеді. Спалы білім алған ұрпақ қалыптастыру үшін ұстаздың кәсіби білігін жетілдірудің маңызы зор. Мұғалім қызметінде өз кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып жетістікке жетудің алғы шарттары:

- \* сырт кескін-келбеті;
- \* пәндерді сабақтан тыс ақпараттармен қамтамасыз ету;
- \* мінез-құлқы;
- \* пайымдау мүмкіндіктері;
- \* оқу процесінде қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі;
- \* әзіл-қалжыңға мән бере білуі;
- \* оқушылардың жеткен жетістіктерін мақұлдай, қолдай білуі;
- \* шыдамдылық пен төзімділік;
- \* басқалардың пікірін сыйлай білуі;
- \* еркіндік, икемділік;

\* кез-келген жағдаятты оңтайлы бағытта шешуге арналған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алу балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы [3].

Мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдіруде екі негізгі міндетті орындау қажет:

- ұстаз қызметінде тәрбие беру мәселесі;
- дидактикалық даярлығын арттыру.

Жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру үшін сабақ беру үрдісінде мынадай негізгі жағдайларды басшылыққа алу керек:

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей, жүйелі, топпен жұмыс жүргізу;
- ойлау қабілетін дамытатын әр түрлі тапсырмалар;
- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- шығармашылық жұмыстар беру [3].

Сабақ барысында оқушының білім, білік дағдыларын меңгертумен қатар, көбіне оқушыны шығармашылық жұмыстарға баулу, жан жақты ойлап, ойын еркін жеткізе білуге, өресін дамытуға басты күш жұмсалғаны жөн. Сабақ қызықты да тартымды болса, баланың сол пәнге деген қызығушылығы артумен бірге ұстаздың шығармашылық ізденісі барысында қолданған әдісі оқушы жүрегінен жол табады.

Кез-келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағадарламаны да, оқу жоспарын да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік - кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені зерттеген ғалым А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

1. Объективті критерийлерге: мұғалімнің өз мамандығына сәйкестігі, сан және сападағы жоғарғы еңбек көрсеткіші.

2. Субъективті критерийлерге: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес.

3. Нәтижелі критерийлер: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырылады.

4. Шығармашылықтың критерийлеріне: мұғалімнің өз кәсібінің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегіне өзгерте алуы жатады [4].

Білім – адамның сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, біздің жағдайымызда, ол – педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сол себепті біз «адамды» оның өмір сүру барысында өзгере алатын, оған өзінің

әлеуеті жететін ашық жүйе ретінде қарастырамыз. Ал ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды» - маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Білім сапасы - мұғалімдер қызметінің сапасы болып табылады. Оқушыларға нені үйрету керек екенін мемлекеттік стандарттар, бағдармалар белгілейді. Ал, «қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көре алуынан, баланың әрекетін ұйымдастыра алатын шеберлігінен іздеу керек. Қазіргі заманда әлемдік оқу үрдісінің өзегі инновациялық технологиялар екені мәлім. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқытудың модульдік, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау, деңгейлі саралап оқыту және т.б. технологиялардың стратегияларын мұғалім өз шығармашылығы, ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне орай іріктеп қолдануды талап етеді. Ақпараттық, оқытудың инновациялық технологиялары арқылы барлық балалар мен жастарға бірдей білім беруге және ол әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін, өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндіктерін береді.

Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі - әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру. Әрине, ізденіс нәтижесінде жүзеге асатын тиімді оқыту әдісі оқушыларды алғырлыққа, байқампаздыққа, шығармашылыққа, еңбекқорлыққа, ең бастысы, ғылыми негізде ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Оқушыларға саналы білім, сапалы тәрбие беруді жүзеге асыру үшін ұжымның әрбір мүшесі мектептің жаны болып саналатын ұстаздар қауымы үнемі шығармашылық ізденісте, жаңа педагогикалық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, өздерінің кәсіби шеберлігін дамытуды кезек күттірмес мақсатым деп есептеуі керек.

Білім беру сапасының критерийлеріне: мұғалімнің кәсіби шеберлігі, мұғалімнің білімділігі, мұғалімнің тәжірибесі, мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапалылығы, еңбектің тиімділігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі жатады.

Кәсіби біліктілікті арттыру - өз қызметін нәтижелі атқару үшін және кәсібилік пен құзырлылық деңгейін көтеру мақсатында арнайы білімдік бағдармалар арқылы оқыту, кәсіби дамыту, іс-шараларына қатыстыру және оның өз білімін көтеруі болып табылады.

Мектепте оқу мен тәрбие сапасын жетілдіру- тікелей мұғалімнің кәсіби біліктілік деңгейін көтеруге байланысты. Кәсіби білімін көтеру - бұл кез-келген кәсіпте жұмыс істейтін адамның шығармашылық, жауапкершілігі, адамның қажеттілігі. Қоғам әрқашан да мұғалімге жоғары талап қояды. Жаңа тұрпатты мұғалім тек өз пәнін білумен ғана шектелмейді, әдістемені, жақын ғылымдарды, қоғам өмірін, саясатты, экономиканы білуі керек. Педагог адамды қалыптастыру деген ең жауапты міндет жолында қызмет атқарады. Олай болса, біліктілік пен шеберліктеріңізді ұштастырып, «ұлы міндет» жолында қызмет атқару үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Педагогика мәселелері. Ғылыми-теориялық журнал. 1-2/2006
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. -Алматы:Рауан, 1998ж.
- 3.Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту -Алматы, 2005ж.
4. Әтежанова Г. Психологиялық-педагогикалық құзырлықты қалыптастырудағы жаңа формация мұғалімінің ролі. -Қазақ тілі мен әдебиеті, № 4, 2008ж.



## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Байкулов А.Б., Байсеитов А.Б., Махмутова Қ.Б., Кадирбек Н. – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары**

**Андатпа.** Мақалада болашақ педагог-маман дайындаудың өзекті мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** оқыту процесі, білім беру жүйесі, білім сапасы, тіл заңдылықтары, сөз, сөйлем.

**Аннотация.** В статье речь пойдет об актуальном вопросе подготовки будущего педагога-специалиста.

**Ключевые слова:** процесс обучения, система образования, качество знаний, закономерности языка, слова, предложения.

**Annotation.** The article will focus on the topical issue of training a future teacher-specialist.

**Key words:** the learning process, the education system, the quality of knowledge, patterns of language, words, sentences.

Еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа танылып, жаңа егемен қоғамның дүниеге келуі, Отанымызда педагогика және психология ғылымдарының жаңа бағыт алуына мүмкіндіктер берді. Бұл еліміздің болашаққа стратегиялық дамуында білімді әрі салауатты жас ұрпақпен бару қажеттігін міндеттейді.

Бүгінгі жаһандану дәуірі аса білімділер мен дарындылар ғасыры болып табылады. Сол себепті де, қазірде қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты дамыған ертеңгі қоғам иегерлерін білімді азаматты қалыптастыру әрбір жанұяның, балабақшаның, мектептің, жоғарғы оқу орнының, жалпы қоғамның міндеті болып саналады.

Қазіргі студент қандай болуы керек, оларды келешек кәсіби қызметіне тиімді дайындау үшін не істеу керек, қандай даралық жеке бастың қасиеттердің бірқатар маңызды деп ойлау қажет. Оларды анықтау және оқып білу үшін қандай әдіс-тәсілдер қолдану керек. Осы сұрақтар психологтар мен педагогтар үшін шешім таппай келген мәселенің бір ғана бөлігі болып отыр.

Еліміздің 2020-2025 жылдарға арналған білім берудің мемлекеттік бағдарламасында мемлекетіміздің әлемдік білім кеңестігіне енуі ескеріле отырып, білім берудің мазмұны мен оқудың барлық әдістемелік жүйесін қайта қарау қажеттілігі, білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің міндеттері атап көрсетілген. Қазіргі ғылыми-техниканың дамуында жас ұрпаққа сындарлы білім мен сапалы тәрбие беру ісі еліміздің әлеуметтік – мәдени саладағы өзекті мәселелерді шешудегі жетістіктеріне байланысты болады.

Бүгінгі әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылып қалыптасып келеді. Сол сияқты, білім беру жүйесіне жаңа талап жастардың шығармашыл әлеуметін дамыту, студент әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру мақсаты қойылды.

Жалпы қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер білім беру саласында жетілдіруді талап етеді. Осы өзгермелі қоғамда технология дамып жетіліп, ғылымдардың әр саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми техникалық қарқындау кезінде студенттерді жан-жақты білім нәрімен сусындандыру, ұлттық рухта тәрбиелеу білім саласының барлық сатысы үшін өзекті мәселе болып табылады.

Еліміздің білім беру жүйесі саясатының мақсатының бірі – жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілетті, танымдық белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі. Өте дарынды, білімді жастар ғана егемендігіміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуына үлес қоса алады деп танимыз.

Ең алдымен жоғары сапалы маман болып шығу тек жоғарғы оқу орнының міндеті ғана емес, сол сияқты, студенттің өзінің аталған мәселеге деген көзқарасының оң болуы тиіс.

Оған тікелей байланысты болып табылатын бір де бір себеп ол – студенттің оқуға деген мотивациясы.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өз бетінше жан-жақты білім алуына әсер ететін, ұйытқысы болатын белсенділігін арттыратын тәлімгерлер, тәрбие бөлімдері, жастар ісімен айналысатын ұйымдар, қоғамдық мамандар факультетіне қарасты үйірме жұмыстары.

С.Л.Рубинштейн оқу іс-әрекетін жалпы мотивациялық заңдарға бағынатындығын айта келіп, оны терең қарастырған. Ғалымның пайымдауынша, бағыттылыққа да, қызығушылыққа да, іс-әрекет процесіне де, үйренуді игеру жолына да, дағдыларға да, білімге де мотивация әсер етеді [1].

Өз еңбегінде С.Л.Рубинштейн оқу іс-әрекетінің негізгі және негізгі емес мотивтерін бөлген. Негізгісіне білімді игерумен, өзінді-өзін танумен, жалпы танымдық бағдармен, кәсіби іс-әрекетке дайындықпен байланысты мотивтер кірсе, ал негізгі емес мотивтерге топта, аудиторияда, ұжымда тұлғалық позициясының түрлері, оқу іс-әрекеті барысында қалыптасатын қандай да бір жеке тұлғалық қасиеттерді қарастыру кіреді.

Орыс педагогы Л.И.Божович көрсеткендей, оқу іс-әрекеті процесінде даму кезінде тек оқу мотивінің мазмұны ғана өзгеріп қана қоймай, мотивтер рөлі және оның орны студенттің оқу іс-әрекетінде өзгереді [1].

А.Н.Леонтьевтің пікірінше, бөліну критерийі болып субъектінің әуестілігі табылады. Адам іс-әрекет жүйесіндегі әуестілік критерийінің рет-ретімен орындалатындықтан іс-әрекет түрлерін төрт бөлікке бөлеміз: ойын, еңбек, қарым-қатынас және өзіндік іс – әрекет [1].

Жалпы оқу іс-әрекеті – оқытушы мен студенттің күрделі бірлесіп орындайтын қарым-қатынастары. Дамушы тұлғаның өзіндік іс – әрекеті ең соңында негізгі пән ретінде және тұтас оқу іс – әрекеттің негізгі қорытындысы ретінде орындалады.

Орыс психологы Л.В.Заньков психологиялық, физиологиялық көптеген зерттеулерде «адам баласы өзінің психикасын толық пайдаланбайды» - дейді.

Жеке тұлғаның дүниетанымы, оның сезіну – практикалық әрекеті негізіндегі психикалық процестер қабылдау, сезіну, зейін, пайымдау, зерде, ойлау арқылы іске асырылады. Осы процестер студенттерде дұрыс қалыптасса олар соғұрлым оқу материалдарын жеңіл, тез және терең игереді [1].

Бүгінгі жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың тәрбие потенциалын қалыптастыру мәселесін В.В.Сергеева қарастырған, онда қазіргі заман талабына сай педагог-мамандарды даярлау жұмысын талдау нәтижесі педагогтарда жоғары оқу орындарында тәрбие потенциалын қалыптастарудың қажеттігін көрсетті.

Жоғары оқу орындарында оқу іс-әрекет процесіне болашақ мамандардың экологиялық мәдениеттің қалыптастыру мәселесі Е.О.Сағындықованың ғылыми еңбегінде қарастырылған, онда студенттердің экологиялық білімі мәселесі теориялық тұрғыдан талданды [2].

Сол сияқты, жоғары оқу орындарының оқу процесінде болашақ ұстаздардың өзін-өзі кәсіби айқындауын қалыптастыру мәселесі Б.Ғ.Сәрсенбаеваның еңбегінде қарастырылды [3]. Болашақ ұстаздардың өзін - өзі кәсіби айқындауы яғни, тұлғалық қасиеттер белгілерінің жиынтығын тұтас бірлікте дәлелдеп көрсету болып табылады.

Зерттеу жұмысында мамандық игеру ерекшеліктеріне байланысты болашақ мұғалімнің бұл жеке, тұлғалық қасиеті уақытты талап етеді, және бірнеше кезеңдерден өтеді, «өзін өзі айқындау» түсінігі нақтыланады, болашақ ұстаздың өзін-өзі кәсіби айқындаудың мазмұны тұжырымдалады, жасалған кәсіби өзін-өзі айқындау теориясы болашақ ұстаздарға педагогикалық білім беруде қолдануға болады. Сонымен қатар, студенттердің өрнек өнері арқылы шығармашылық іс-әрекетке оқытудың ғылыми дидактикалық негіздері Ж.Байкеновтың, жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу Ж.Ж.Бейсенованың, қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары А.С.Мустояпованың, оқушылардың танымдық іс - әрекетін арттырудың

педагогикалық шарттары Н.А.Дархановтың, оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы Н.Қ.Тоқсанбаеваның еңбегінде қарастырылған.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқып үйрену процесіндегі студенттердің өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары Ж.Е.Сәрсекееваның еңбегінде қарастырылып, зерттеу нәтижесінде педагогикалық пәндерді оқу барысындағы «студенттердің өз бетімен жұмыс істеуі» ұғымының мәне нақтыланды [4].

Студенттік өмір кезеңі – бұл тек қызықты лекциялар мен семинарлық сабақтар, шығармашылық кештер мен кездесулер, қоғамдық жұмыстар мен спортпен шұғылдану ғана емес, сонымен қатар ең әуелі студенттердің өз бетінше дайындалып, күрделі еңбек ету кезеңі.

Студенттер іс-әрекеті – өзіндік мақсаты және міндеті мен, сыртқы және ішкі жағдайлардың мазмұны мен құрылымының күрделілігімен, психикалық процестердің өтуі ерекшеліктерімен, мотивацияның пайда болуымен, ұжымдық және тұлғалық жағдайларымен және басқару, ұйымдастыру әрекеттері жағынан өзгеше болып келеді.

Студенттер іс-әрекеттің психологиялық мазмұны және құрылымының өзіндік айрықша ерекшелігі бар, бұл жоғары мектеп психологиясының маңызды бір міндет. Студент іс-әрекеті үлкен әлеуметтік мағынаға ие, оның басты бағыты – халық шаруашылығының аса маңызды салаларында қоғамға қажетті жоғары білімді, тәрбиелі мамандар даярлау, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру. Сол сияқты, студент іс-әрекетіндегі басты бағыт - оқу, іздену, оқу-тәрбие мақсатында ұйымдастырылған әртүрлі іс-шараларға ат салысу, қоғамдық ғылыми іс-шараларға қатысу.

Жалпы әрбір студенттің алға қойған мақсаты – Отанға қажеті пайдалы жақсы маман болу, жақсы оқу, қоғамдық жұмысқа, спортқа қатысу, көптеген салаларда белгілі нәтижеге қол жеткізу.

Оқу барысында студент мотивациясы өзіндік деңгейіне байланысты өседі, мақсатты жүзеге асырады, болашақ еңбек іс-әрекетіне ойдағыдай дайындалады, маманға қажетті қасиеттерді өз бойында қалыптастырады. Алайда, студент іс-әрекетіне тек оқу, диплом алу себептері де кездеседі. Кейде студенттер жоғары оқу орындарына ешқандай себеп мақсатсыз келеді.

Жоғары оқу орындарында студент іс-әрекеті-өзіндік мақсатымен, жағдай, мотивімен орта мектептегі оқумен салыстырғанда өзгеше. Бұл жоғары білімді болашақ маман тұлғасының негізгі қалыптасу жолы болып табылады. Студенттік кезең – маңызды әрі жарқын кезең. Бұл кезеңде адамдармен қарым-қатынасы, ортасы өзгереді, әлеуметтік өзгерістер пайда болған сайын бұрынғы қабылданған заттары бағалана түседі. Студенттік жас - ақыл қабілетінің дамуы және теориялық білімнің нығайып практикаға ұласу кезеңі. Өзге жас кезеңдерімен салыстырғанда студенттердің студенттік кезеңде даму қарқыны тереңдей түседі, қызығушылық қабілеттілігі артады, олардың жеке дифференциясы қалыптасады. Бұл кезеңдегі маңызды рөл кәсіпке үйрену, кәсіпті жаңғырту, таңдау алады. Жастардың қызығушылық бағыттылығы әлеуметтік, мәдени, педагогикалық әсерде болады.


Студенттің кәсіптік, жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы жоғары оқу орнында педагогикалық процесте маңызды міндет болып табылады. Студенттердің қандай қасиеттерді игергендігін оқу – тәрбие процесінің нәтижесіне қарап анықтаймыз. Жоғары оқу орындарында болашақ маманың негізгі міндеттері тек жоғары оқу орындарында қалыптаспайды, жатақхана, жанұя, қоршаған орта яғни, студенттік ұжым дамуына негізгі әсер етеді.

Студент қабілеттілігін жақсы дамытудың алғышарты – оның болашақ мамандығына қызығушылығы, еңбек сүйгіштігі, тұрақтылығы, жауапкершілігі болып табылады. Студенттің болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындау, қажетті қабілеттерді дамыту, ақыл ой қабілетін, қасиеттерін жетілдіру ерекше назар аударуды керек ететін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, студенттердің болашақ мамн ретіндегі танымдық іс- әрекетін қалыптастыру – оқу үрдісінің құрамына кіретін, арнаулы оқу орындарында қалыптасатын күрделі психологиялық білім.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Курманбекова А.С. Формирование нравственных качеств у студенческой молодежи. Автореф. Дис. ...канд.; пед.наук. Тараз, 2003.
2. Сағындықова Э.О. Оқу жобалық іс-әрекет процесінде болашақ мамандардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Алматы, 2006.
3. Сарсенбаева Б.Г. Формирование профессионального самоопределения будущих учителей в вузовском учебном процессе. Автореф. Дис. ...канд.; пед.наук. Алматы, 2004.
4. Сыдықова Р.Ш. Жоғары оқу орындарында кәсіптік даярлау кезінде болашақ музыка мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін дамытудың педагогикалық негіздері. Автореф. Дис, ...канд.; пед.наук. Тараз, 1999.



УДК 81`367

## **СИНТАКСИС РУССКИХ ПОСЛОВИЦ**

**Старший преподаватель Кадырбаев А.Ш.  
Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати**

Основным и самым главным средством общения между людьми считается язык. Именно он является в некотором роде орудием передачи собственных мыслей. С помощью языка людям удаётся полноценным образом понимать друг друга, поскольку он выражает совершенно все мысли и чувства человека. Здесь важно отметить, что слова могут обладать самой различной смысловой нагрузкой, имеющей существенное значение при общении. Особенно ярким образом семантика проявляет себя в строевых единицах языка. По большей части к ним относятся такие афоризмы, как пословицы, поговорки, крылатые выражения и др. Это определено тем, что именно в них смысловое значение является неотъемлемой и важнейшей частью таких выражений. Данная работа посвящена собственно рассмотрению и изучению пословиц. В первую очередь, важно выяснить, что собственно такое пословица. В словаре Ожегова дано следующее определение: «Пословица – краткое народное изречение с назидательным содержанием, народный афоризм». Стоит также отметить, что пословицы содержат в себе многовековую мудрость, которая прошла через десятки поколений. Данные изречения призывают человека к обдумыванию своих действий, учат любви, заботе, стремлению к самосовершенствованию и развитию. Пословицы не теряют свою актуальность, их употребление зачастую встречается и в современной речи людей.

Пословицы представляют собой один из самых любопытных жанров фольклора. Данный жанр особым образом выражает мысли, чувства, мудрость и опыт русского народа. Пословицы рассматривают и изучают многие специалисты данной области, однако множество моментов до сих пор остается непонятным до конца и загадочным.

Различные используемые приёмы в пословицах дают возможность обобщения выражений, практически поднять пословицу до уровня метафоры. Иначе говоря, превратить пословицу в так называемый типический эквивалент буквально бесконечного числа ситуаций. Можно говорить также о так называемом «пословичном стиле», который существует практически вне времени: традиционность является настолько важнейшей его чертой, что собственно мысль об «истоках» данных выражений кажется некоторым противоречивым моментом.



Отдельным образом стоит выделить именно русские пословицы и рассмотреть их особенности. Русские пословицы образованы особым образом, они имеют собственную характерную для них структуру. По смысловой нагрузке данные выражения обладают способностью передавать множество точных мыслей, мудрости и опыта. Изучим главные особенности языкового характера пословиц русского языка с точки зрения грамматического строя, лексических и фонетических аспектов.

Особенности грамматического строя: Частое применение составного именного сказуемого Частое применение повелительного наклонения

Применение синтаксического параллелизма Нередкое применение образных средств языка Частое применение лексики оценочного характера

Нередкое применение языковой игры Фонетические особенности:

Применение разнообразных звуковых повторов (к примеру, аллитерация, ассонанс, консонанс, рифма и т.д.) Точный силлабо-тонический рисунок

Кроме того, к главным признакам пословиц, которые являются фразеологическими единицами русского языка, относятся: сжатость и краткость изложения выражения, чёткость мысли, довольно широкая распространенность в бытовой речи, применение клише, неизменяемость состава и порядка составляющих частей пословицы, воспроизведение в разговорной речи обычно в готовом виде, устойчивость выражения, образность и экспрессивность. Пословицы могут включать в себя самые различные средства русского языка. С их помощью происходит наиболее лучшее выражение точных мыслей, мудростей, которые имеют конкретную смысловую нагрузку. Пословицы могут являться простыми предложениями, сложносочинёнными и сложноподчинёнными, а также бессоюзными предложениями. К тому же, пословицы могут включать в себя тире или двоеточие. Ниже приведены и проанализированы некоторые пословицы, состоящие из разных предложений и средств русского языка. Простые предложения в пословицах: Береженого Бог бережет Клин клином вышибают Один в поле не воин На чужой каравай рот не разевай. Данный тип пословиц, состоящих из простого предложения, встречается наиболее часто. Важно отметить, что среди самых употребляемых пословиц русского языка, которые приведены в книге Г. Л. Пермякова, около 60% пословиц имеют отношение именно к такому типу (лишь 80% наиболее частотных пословиц являются простыми предложениями с единственным главным предикатом). Множество пословиц, являющихся простыми предложениями, употребляются в речи наиболее часто, нежели выражения какого-либо другого типа.

Сложносочинённое предложение: Отец - рыбак, и дети в воду смотрят.

Бой красен мужеством, а приятель - дружеством. Глупый осудит, а умный рассудит. Горшок над котлом смеётся, а оба чёрные. Попытка не пытка, а спрос не беда. Начал за здоровье, а кончил за упокой.

Как и в предложениях, союз в пословицах может соединять высказывания однородного типа. Сложносочинённые предложения с союзом «и» и присоединительным союзом «да» зачастую выражают отношения временного характера со значением одновременности и последовательности. Кроме того, к значению временной последовательности в предложениях сложносочинённого вида с союзом «да» могут присоединяться условно-следственные отношения. Сложноподчинённое предложение с придаточным места:

Где упадёт яблоко, там вырастет яблоня.

Куда сердце летит, туда и облако глядит.

Там, где роза растёт, её не ценят.

Смелый там найдёт, где робкий потеряет.

Придаточное предложение может находиться перед главным. Данный вид приёма применяется непосредственно для усиления смыслового значения придаточного. Особенно часто это можно замечать именно в пословицах, поскольку метод усиления в данных выражениях играет непосредственно значимую роль. Бессоюзное сложное предложение: Зайца ноги носят, волка зубы кормят, лису хвост бережёт. Семь раз отмерь, один раз отрежь.

Руки побоят одного, знания - тысячу. Одинокое дерево ветра боится, одинокий человек людей страшится. Заставь дурака Богу молиться, он и лоб расшибет.

У каждой горы свой уклон, у каждого человека свой нрав. Знающему - светло, незнающему темно. Бессоюзное сложное предложение также зачастую можно встретить в пословицах. Данный тип предложения в пословицах определён тем, что части его соединяются между собой при помощи интонации без наличия каких-либо союзов и союзных слов, как, например, происходит в сложносочиненных или сложноподчиненных предложениях. Пословицы с тире: Из слов моста не построишь - нужны брёвна. Повторение — мать учения. Волков бояться — в лес не ходить. Таскал волк - потащили и волка. Цветок сорви - и красота его увянет. С миру по нитке — нищему рубаха. За чужим погонишься - своё потеряешь. Лес рубят - щепки летят. Тише едешь — дальше будешь. Любишь кататься — люби и саночки возить. Хочешь есть калачи - не сиди на печи. Слово не воробей, вылетит — не поймаешь. Поговорка — цветочек, пословица — ягодка. Ранний смех - поздние слёзы. Тире ставится между предложениями, которые не соединены с помощью союзов, если второе предложение заключает в себе результат или вывод из того, о чем говорится в первом. Иначе говоря, тире является в некотором роде соединительным знаком. С его помощью соединяются части пословицы, это осуществляется непосредственно для точного описания выражения. Посредством тире первая часть поясняется второй, делая выражение полностью завершённым. С двоеточием:

Всё в порядке: сани в Казани, хомут на базаре.

Дорога матушка Москва: за золото не купишь, силой не возьмёшь.

Материнский гнев - что весенний снег: и много его выпадет, да скоро стает.

Подлинная добродетель подобна реке: чем она глубже, тем меньше шумит.


У кого какой вкус: кто любит дыню, а кто арбуз.

Двоеточие также довольно часто можно встретить в пословицах. После двоеточия в пословице буквально раскрывается первая её часть, объясняя и дополняя её. Собственно необходимость двоеточия в пословицах обусловлена тем же, чем и наличие в таких выражениях тире.

Таким образом, рассмотрев и изучив основные особенности пословиц русского языка, можно заключить, что пословицы являются необычайно разнообразными, а тема их изучения была и будет актуальной. Существует множество самых различных пословиц, которые раскрывают совершенно разные темы. В данной работе были приведены конкретные классификации в соответствии с синтаксическими конструкциями, после которых было дано их описание. Тем самым, пословицы по своей конструкции могут быть различными. Некоторые состоят из простого предложения, другие – из сложносочиненного, а какие-то образованы при помощи тире или двоеточия. Но каждая из пословиц несёт особую смысловую нагрузку, при помощи которой передаются все мысли, дающиеся для размышления. В заключении стоит сказать, что пословицы русского языка являются одними из частей культурного наследия всего народа, который передавал данные выражения из поколения в поколение. Это важная ценностная составляющая русского фольклора.

### Список литературы:

1. Грамматика русского языка. Т. 2. Ч. 2. Синтаксис. М.: Изд-во АН СССР, 1960. 702 с.
2. Орфографический словарь русского языка/ Под ред. С.И. Ожегова. [Кн.1]: А-О : словарь
3. Пермяков Г.Л., «Основы структурной паремиологии.» М.: Наука, 1988.
4. Подборнова Г. И. Пословицы и поговорки при изучении сложного предложения // Русский язык в школе и дома. – 2010. – № 1. – С. 27–29.
5. Розенталь Д.Э. Справочник по правописанию и литературно правке М.:2012



## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ОТАНШЫЛДЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Балабекова А.Ү., Оңалбаев Ә.А., Исакова А. - Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары

**Аңдатпа.** Мақалада көркем шығармалар арқылы оқушыларға отаншылдық тәрбие беру мәселесі сөз болады.

**Кілт сөздер:** көркем шығарма, оқушы, отаншылдық тәрбие, білім беру жүйесі, тәрбие беру.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о патриотическом воспитании школьников через художественные произведения.

**Ключевые слова:** художественное произведение, ученичество, патриотическое воспитание, система образования, воспитание.

**Annotation.** The article will focus on the patriotic education of schoolchildren through works of art.

**Key words:** artwork, apprenticeship, patriotic education, education system, upbringing.

Елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы қазақ халқының тағылымы мол рухани мұрасының, жаңаша тарихи танымдық бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік береді [1].

Зиялы қайраткерлердің қоғам өзінің даму барысындағы педагогикалық ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарын сай жетілдіріп, пайдаланып отырған. Ортағасырлық ұлы ойшылдар Әл-Фараби [2], М.Қашқари [3], Ж.Баласағұни [4], т.б. тарихи-педагогикалық мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлері ұлттық тәлім-тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, жас ұрпақты елжандылыққа, имандылыққа, патриоттық рухқа тәрбиелеуде тірек болуда. Бұл идеяларды ХІХ ғасырда Ыбырай, Шоқан, Абай сияқты ағартушылар [5], кешегі кеңестік жүйенің солақай саясатының құрбандары болған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Асфендияров, Ә.Бөкейханов сынды [6] т.б. белгілі қоғам қайраткерлері одан әрі жалғастырды.

Бүгінгі таңда ғасырлар бойғы бодандық құрсауынан босанып, жеке дара тәуелсіз мемлекет құрудың өтпелі кезеңінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісі өте маңызды бағдарламалардың бірі болып отыр.

«Отан үшін отқа түс күймейсің», «Намысты нанға сатпа», «Опасызда Отан жоқ, Отанда опасызға орын жоқ» деп ұрандаған Бауыржан Момышұлы да майданда да, бейбітшілік уақытта да ел үшін ерен ерліктер көрсетіп, отаншылдық туын биік көтеріп, Махамбет, Ақтамберді сияқты қылыш пен қаламды қатар ұстап, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге ат салысты. «Бір түннің оқиғасы», «Ұшқан ұя», «Жауынгер тұлғасы» «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап» сынды шығармаларында Бауыржанның педагогикалық идеяларының негізі жатыр. Бұл шығармаларда отаншылдық сезімнің, елжандылықтың, өзін-өзі бағалай білудің, ар-намыстың, сауаттылықтың айқын көрінісі берілген. Ал А.Бектің, «Арпалыс», М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым», Д.Снегиннің «Шабуылда» еңбектерінен Б.Момышұлы – тактик командир, жазушы ғана емес, педагог әрі психолог екендігіне көз жеткіздік. Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы тұлғаны тәрбиелеудегі педагогикалық ойларының басты идеясы – халқымыздың алтын діңгегі болар жас ұрпақтың өз елін жау қолына бермей, жанын Отаны үшін пиде етуге даяр, елжанды, патриоттық рухы биік, намысшыл, еліне, жеріне деген адалдығы берік, тарихи тұлғалар өнегесі. Тұлғаны тәрбиелеуде Бауыржан Момышұлының педагогикалық және психологиялық көзқарастары мен шығармашылығының атқаратын ролі мол, бүгінгі күн үшін тың тақырып, өзекті мәселе.

Бүгінгі ұрпақ қазақы мінез-құлықты орнықтыратын дәстүрлі отбасы тәрбиесінен қол

үзіп барады. Осы ретте «жастарымыздың бетін өзіміздің төл мәдениетімізді құрметтеуге қалай үйретуіміз қажет» деген сауал көбімізді енжар қалдыра алмайды. Халқымыздың қаһарман ұлы, ұлтымыздың мақтанышына айналған, соғыс жылдарында қазақ деген халықтың ежелгі ерлік дәстүрін әлемге танытқан жауынгер қаламгер Б.Момышұлының «Жаным – арымның садағасы» дейтін намыстылығын, шыншылдылығын, қазақ батырларына тән қайсарлығын рухы биік азаматтар тәрбиелеуде үлгі тұтқанымыз абзал. Жауынгер жазушы Б.Момышұлы – отаншылдық, бауырмалдық, ізеттілік, қайырымдылық тағы басқа игі қасиеттерді бойына сіңіріп өткен, тарихта шынайы патриоттылығымен ерекше құрметке ие болған тұлға. Жалпы тарихта қантөгіс көрген ұрпақ сирек болмағандықтан, соғыс жағдайындағы адам психологиясы ғалымдардың, көркемсөз шеберлерінің де зерттеу объектісі болып келді. Ал қазақта соғыс психологиясын тайға таңба басқандай етіп жазған – Бауыржан Момышұлы. Өкінішке орай, Баукеңнің көркем шығармаларынан өзге мұралары қалың көпшілікке дер кезінде жете қойған жоқ. Сонау қайнаған соғыстың тұсында алдындағы жауымен жан аямай айқасып, артындағы халқының келешегіне алаңдаған адамның айтқандары мен жазғандары ұзақ жыл бүркеулі жатты.

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы туралы А.Бектен бастап, М.Ғабдуллин, Қ.Қайсенов, М.Әлімбаев, Т.Әлімқұлов, Б.Қазыбаев, М.Мырзахметов, Ә.Нұршайықов, Б.Момышұлы, Ш.Мұртаза, З.Ахметова, Ж.Егембердиева, А.Ормантай және т.б. қаламгерлер алуан түрлі әңгіме, повесть, роман, естеліктер жазды. Біз бұл еңбектердің едәуір бөлігін, Б.Момышұлының мұраларын салыстыра зерттеп, ғылыми жұмысымызда пайдаланамыз. Бауыржанның таным-тәрбиелік мәні орасан көркем туындылары, ана тілі, отансүйгіштік, ұлтжандылық, соғыс тақырыбына жазған мақала, баяндама, хаттар, ой-пікірлерінің маңызыдылығы, педагогикалық идеяларының өзектілігі оның мұраларына зерделі зерттеулер жүргізуді талап етеді. Оның педагогикалық идеялары арнайы зерттеліп, қарастырылмаған еді. Олай болса, бұл зерттеудің ұлттық тәрбиені қалыптастырып, Қазақстандық патриотизмді нығайтып, жеткіншек ұрпақты, оқушы-жастар бойында ұлттық рухты жетілдіруде педагогикалық маңызы зор екендігі анық.

Бауыржан Момышұлының ел ұғымында толымды, тұтас бейнесі қалыптасқан. Өйткені дүниедегі жақсылық, ізгілік, мықтылық, даналық дегеннің барлығына да өзгеше өлшеммен қарайтын халық қиялы Бауыржанның бейнесімен бірге мінсіз тұлғасын да жасады. Ерлік тұлғасын тани білді. Ол ерліктің бастауы – біздің тарихымызда, ұлттық болмысымызда, дәстүрімізде, Отанды сүю тәрбиесінде жатыр.

Егеменді еліміздің халқы үшін отансүйгіштік сезімнің мемлекеттің негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Жастарымызға ұлттық тәрбие беру, оларды отансүйгіштік рухқа баулу – еліміздің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін күш болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы. Астана, 2007. – 346.
2. Касымжанов А.Х. Аль-Фараби. – Алма-Ата, 1974. – 192 с.
3. Сарбасова Қ.А. Қазіргі қазақ педагогика ғылымындағы әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғыл. д-ры ... автореф.: 13.00.01. – Қарағанды, 2008. – 40 б.
4. Ахметов Т. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Астана, 2003. – 27 б.
5. Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Аяған Б.– Алматы, 2003. –Т.5. -720 б.
6. Жарықбаев Қ. Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1994. – 62 б.



## ЕЛІМІЗДЕГІ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ЖАЙЫ

Әсілхан М.Қ., Садыхан Ә.М., Абумансур И.Е. - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранттары

**Аңдатпа.** Мақалада еліміздегі оқу-ағарту саласындағы мәселелер, даму жағдайы сөз болады.

**Кілт сөздер:** оқу-ағарту, ой-сана, халық, ағартушы-педагог, оқу-тәрбие.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о проблемах в сфере образования, состоянии развития страны.

**Ключевые слова:** учебно-просветительская, мыслительная, народная, просветительно-педагогическая, учебно-воспитательная.

**Annotation.** The article will focus on problems in the field of education, the state of development of the country.

**Key words:** educational and educational, intellectual, folk, educational and pedagogical, educational and educational.

Қай кезеңде болмасын мемлекеттің рухани өркендеуі, мәдени деңгейде биіктерге шығуы, ең алдымен, санасының саулығымен, көкірек көзінің ашықтығымен, терең білімділігімен де байланысты екені даусыз. Бір халықтың білім мен мәдениетінің жоғары деңгейі, сол ұлттың ішінен шыққан ғұламалар мен ұлылардың тізбектелген тізімімен ғана анықталмасы шындық. Бұл мәселе сол халықтың, жалпы ұлттың сауаттылығы және таным – түсінігінің аса кеңдігімен де көрінетіні анық.

Олай болса, қазақ жұртының да жалпы білімділігі мен сауаттылығының деңгейін нақтылайтын мектеп – медреселердің қызмет етуі, бұл мекемелердің ерекшелігі және басты-басты өзіндік бағыттарын анықтаудың өзектілігі маңызды болмақ.

Ғалымдардың осы саладағы зерттеулеріне жүгінсек, қазақ даласында ХІХ ғасырға дейінгі кезеңде оқу – ағарту саласының қалыптасқан бір жүйеге түскен түрі болғаны туралы тарихи дерек жоқтың қасы десек те болады. Десе де, отырықшылық белең алған қалалы аймақтарда оқу ісінің нақты бір сипаты болғанын жоққа шығара алмаймыз. Оған мысалға, Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари мен ибн Сина, Жүсіп Баласағұн мен Ахмет Жүгінеки, Ахмет Яссауилар мен Сүлеймен Бақырғанилардың тұңғыш білім алған туған жерлері сол түркілік топырақ екені жалпы жұртқа аян. Әлемге аттары танылған осы ғұламалардың туып, өсіп, өнген ортасында арнайы білім алатын мектеп медресе түрлері қызмет істегені шындық.

Десек те жалпы жұрттың басым бөлігі көшпелі болғандықтан да болуы мүмкін ХІХ ғасырға дейін халыққа қызмет еткен бірлі – жарым білім беретін медреселер оқу ағарту жүйесінің құрылымын нақтылап жасақтай алған жоқ. Мүмкін бұл тек халықтың көшпелілік өмір салтымен де байланысты емес, мәдени өмірі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайының кеш дамуына да байланысты болса керек.

Халық арасындағы көшпелілік тұрмыс жай оқытудың көпшілікке бағытталған түрінің туып, қалыптасып ерекше дамуына еш жағдай жасай алмағандығы анық. Десек те халықтың ауызекі дамыған фольклорлық әдебиеті, ақындық өнерге жататын айтыс жанры, сөз зергерлері тудырған шешендік өнер ерекше дамыды.

Тарихқа зер салсақ, ХҮІІІ ғасырда көршілес Ресей империясының аса күшейген, өзге мемлекеттермен саяси үстемдікке қол жеткізу бағытында, жан – жақты ықпалды қимыл, іс-әрекеттер жүргізгенін көреміз. Осы бағытта Ресейдің бір қазақ халқымен ғана емес басқа да түркі тектес елдерді отар елдерге айналдыру мақсатында жүргізген түрлі мәдени, саяси, экономикалық іргелі амал шарғылары көпке жасырын әрекеттер емес.

Міне, осындай саясаттың ықпалымен Омбы қаласында сонау XVIII ғасырдың аяқ шені, яғни 1786 жылы тұңғыш тілмаштар дайындап шығаратын мектеп ашылған болатын. Омбы қаласынан ашылған бұл мектептің өзіндік ішкі қажеттіліктері болғандығы белгілі. Осының өзі, шындап келгенде, сол дәуірдегі орыс елінің жүргізген басты саяси бағыттарымен орайластырылған. Осыдан соң тап осындай бағыттағы тілмаштар дайындайтын мектеп 1789 жылы Орынборда ашылады [1].

Ал XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ байларының, аса дәулетті адамдарының балалары арнайы Кадет корпустарына қабылдана бастады. Тарихтан белгілі 1867 жылы Түркістан аймағы құрылғаннан соң жергілікті билік пен орыс үкіметі бірігіп ұлт мектептерінің қызмет етуіне көңіл бөле бастады [1].

Патшалық Ресейдің оқу министрлігі 1870 жылы 26 наурызда ұлы державаға отар халықтардың да балаларын оқыту туралы қарар қабылдады. Аталмыш қарар негізінде осыдан соң қазақ арасында бірнеше оқу орындары ашылды. Осы бір заң жолының ырқымен дүниеге келген мектептердің жалпы басқарылуы мен білім беру бағыты түрліше болғаны баршаға аян [1].

Қазақ даласындағы оқу-ағарту тарихына көңіл бөлсек, ондағы миссионерлік бағытта ашылған ағарту жүйесінің де алатын орны ерекше екендігіне көз жеткіземіз.

Миссионерлік бағыттағы мектептер, ең бастысы орыс тілінде сауат ашып, жалпы білім беру негіздеріне сүйенді. Олар тілмаштық іс жүйесін басты бағытқа алды. Ақмола мен Семей аймағында XIX ғасырдың екінші жартысында бірнеше мектеп-интернаттар дүниеге келді. Осыдан соң көп ұзамай ол мектеп-интернаттар ауыл шруашылығы училищелері ретінде қайтадан құрылған болатын. Бұл мектептер осыдан соң Орал мен Торғай өңірлерінде, бұдан соң Сырдария, Жетісу аймақтарында ашылды. Әр жерлерде екі сыныптық орыс – қазақ училищелерінде қазақ балаларына дәріс беріле бастады. Осы орыс – қазақ мектептерінде алғашқы жылы орыс тілі мен қатар ана тілі, арифметика және ән-күй, дін сабақтары жүрді. Екінші жылы тарих, жаратылыстану, география пәндерінен білім берілді. Қазақ даласындағы XIX ғасырдың 70-80 жылдарындағы оқу-ағарту жүйесіне көңіл бөлсек, Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің, Н.Ф.Бунаковтың, И.Д.Тихомировтың, В.И.Водовозовтың, А.Я.Гердттің, И.Я.Яковлевтің және қазақ ағартушысы Ы.Алтынсариннің оқулықтары кеңінен қолданылды.

Сондай-ақ, XIX ғасырдың аяқ тұсы мен XX ғасыр басында А.Е.Алекторовтың «Русско – киргизская азбука» - «Орыс – қырғыз әліппесі», «К мудрости ступенька», «Киргизская хрестоматия», А.В.Васильевтің «Букварь для киргиз» - «Қырғыздар үшін әліппе», С.Н.Граменитскийдің «Книга для чтения» тәрізді еңбектері қолданылды [2].

Миссионерлік бағыттағы мектептермен қатар сол дәуірде Қазақстанда ислам дінін уағыздаушы ауыл молдалары ашқан мектептер де өз қызметтерін көрсетті.

Көшпелі тұрмыс-тіршілікті бастан өткеріп жатқан қазақ даласында бұл мектептердің де алар орны мен мән маңызы айырықша болғаны рас. Жалпы халықтың қолдауына ие болған бұл оқу-ағарту жүйесі әрбір ауылда аса кең үлгіде тарады. Ғалымдардың негіздеуінше, XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ зиялыларының ерекше үлкен шоғырының туып, қалыптасуына осы мектеп үлгісінің әсері аса зор болған. Халқымыздың мәдениеті мен әдебиетінің аса қадірлі тұлғаларының алғашқы ұстазы да осы ауыл молдалары екені анық. Олар әптиектен бастап жаттатып, балалардың мұсылманша сауаты ашылуына ықпал жасады. Мысалы, Абай Құнанбайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Мұхаметжан Қаратаевтар алғашқы кезекте осы ауыл молдаларынан дәріс алған.

Бұл бағыттағы мектептерге зер салсақ, ауыл молдаларының басты білім тірегі – Құран Кәрім екені анық. Жалпы адамзат дамуында айырықша маңызды алған ұлы Құран Кәрімнің басты аяттары мен сүрелерінің мағынасын жалпы жұрт ішінде таратудың, оның адам өмірінде алар маңызын түсіндірудің оңай шаруа еместігін атап айту қажет. Қай кезеңде болса да адамзат баласы дүниенің, тіршіліктің мәнін ұғынуға, оның жұмбақ кілтін табуға, тануға талап еткен. Тірліктің мәнін іздеген бір оқымыстылар философияға бет бұрса, енді келесілерінің бағы өнерде жанған. Бұл жалғанның өз болмысының таңғажайыптары мен жұмбақ әлемін айқын ашып алдына жайып салмаса да, көшпенді жұрт баласының ойына

ойлану нұрын сеуіп, бір Алланның бірлігі және барлығы туралы тиянақты тұжырымдарды ұғындыруы, Құранның маңызын пайымдатуы көшпелі ауыл молдасының ағартушылық еңбегі екендігі даусыз.

Көшпелі халықтың, ондағы дала заңының өзіне тән ұстанымдары болды, тәңірлік діннің өзгешелігі мен ерекшелігі болса да, дүниетанымдық айырмашылықтарын ислам діні ұстанған парыздармен байланыстырып бере білді. Яғни, екі түрлі дүниетанымның байланыса, ұштаса қимыл жасауына ауыл молдаларының қосқан айырықша үлесі зор.

Осы тұста айта кетер бір жай, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан өңірінде қазақ зиялылары ашқан зайырлы мектептерінің прогрессшіл жақтары аса ерекше басым болды.

Қазақ зиялылары ашқан зайырлы мектептерге Жәңгір мектебі, Мамания мектебі, Айғаным медресесі, Ы.Алтынсарин ашқан мектептер жатады. Бұл білім ошақтарында білім салалары терең оқытылып, халқымыздың салт, дәстүрінен хабар беретін білікті кәсіби мамандар дәріс берді. Ең бастысы, осы мектептерде география, тарих, есеп, қазақ тілі, дін сабағы, ескіше оқу, сияқты негізгі, іргелі пәндерден білім берілгені белгілі.

1841 жылы Бөкей ордасының белгілі ханы Жәңгірдің бастамасымен қазақ жерінде алғашқы тіптен тұңғыш десек те болады зиялы мектеп ашылды. Сол кезеңдегі өзге де мектептер тәрізді мұнда да жергілікті халықтың сауатын ашу ісі саналы түрде жүре бастады. Мұнда да ғылымдардың негізгі салаларынан мәліметтер берілді. Білімді оқытушылар жер-жерден шақырылып, таңдалынып алынды. Бұл мектептің бір ерекшелігі дарынды да білімді болып танылған бітірушілер өз білімдерін Ташкент пен Бұхара шаһарларында жалғастыруға мүмкіндік алды [2].

Қазақстандағы мәдени-рухани ой-сананың оянуына ерекше үлесін қосып, көшпелі жұртқа өркениеттің лебін жеткізуге ықпал еткен мектептің бірі, XIX ғасырдың екінші жартысында ашылған – Мамания мектебі. Жетісу өңірінің бір руынан шыққан атақты Маманбай өз қаржысына мектеп ашып, дала балаларына тегін білім беру деңгейіне көтерілгені тарихтан белгілі. Бұл оқу орны Қарағашта 1899 жылы ашылып, іргетасын қалаушы Маманбайдың өзі болғандықтан соның есімімен аталды. Мамания мектебі деген атаумен белгілі бұл білім ошағында сол дәуірдің алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерінен тұратын оқытушылар дәріс берген. Мысалы, М.Малдыбаев, Ғ.Мұсабаевтарды атап айтсақ болады. Петербург университетін бітіруші Б.Сырттанов пен белгілі ғалым М.Тынышпаев та Мамания мектебімен іскерлік қарым-қатынаста болғаны анық [2].

Мамания мектебінің салыну жобасы мен білім берудегі оқу бағдарламасы, өзіндік ішкі ережелері Уфа қаласындағы атақты «Ғалия» медресесі үлгісіне негізделген. Жүргізілетін сабақтар ана тілінде өтілген. Бұл мектепте математика, география, физика, табиғаттану, ана тілі, тарих, орыс және араб тілдері, сонымен қатар құран оқытылған. Осы мектеп түлектеріне тек ең негізгі пәндерден дәріс жүргізіліп қана қойылмай, халықтың мәдениеті мен өнері туралы да сабақ түрлері өткізілген. Белгілі ақын, жыр дүлділі Ілияс Жансүгіров өз білімінің алғашқы бастау бұлағын осы мектептен алған болатын. Ол осы мектепте үзбей өткізіліп тұратын театрлық қойылымдарға қатысқанды сүйген.

Аталмыш дәуірде қазақ даласындағы оқу ағарту ісінің жандануына аса зор еңбегі сінген келесі тұлға – Ы.Алтынсарин. Ыбырай Алтынсариннің ұлағатты еңбек жолының жалпы қазақ мәдениетінде алатын орны ерекше. Тіпті қазақ педагогикасы мен оқыту жүйесінің тарихында бұл есім алтын әріптермен жазылды. Жастарға өмірлік оқудың жолын ашып, өнер-білімнің бастапқы бастаушы болған Ыбырай Алтынсариннің тұңғыш қадамы 1861 жылы Торғай даласында мектеп ашудан басталды.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының тарихында алғаш рет педагогикалық білімнің негізін салды десек артық айтқан емес. Ағартушы-педагог орыс-қазақ училищелерінде физика, математика, химия, тарих, география, орыс тілі, қазақ тілі пәндерін оқытты. Сонымен бірге, қазақ балаларына орыс тілі мен ана тілін оқытуға ерекше көңіл бөлу қажеттігін дәлелдеп, мұғалімдерге арнайы нұсқау берді.

Көрнекті педагогтар К.Д.Ушинский мен Паульсонның хрестоматияларының үлгілерінде Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегін құрастырды. Аталмыш еңбек 4 бөлімнен құралды. Нақты тоқталсақ, бірінші бөлім - балаларға арналған көлемі шағын ұсақ әңгімелер мен өлеңдер, ертегілерден тұрса; екінші бөлім - үлкен кісілерге арналған әңгімелерден құралды; үшінші бөлім – түрлі өлең-жырлар мен ел әдебиеті нұсқауларына арналды; ал төртінші бөлім - мақалдар мен мәтелдерден жасақталды.


«Қазақ хрестоматиясының» алғы сөзінде ол: «Ең алғашқы рет туып отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның мүмкін кейбір кемшіліктері болар, бірақ ол дегенмен, ізсіз жоғалып кетпес, ең алғашқы рет оқытылайын деп отырған кітап ретінде көзделген мақсатқа дөп келер деген сеніммен өзімді-өзім жұбатып отырмын», - деп жазды [3].

Ы.Алтынсариннің өз берген осы бағасы арқылы аталмыш еңбектің қазақ білімі мен өркениетінде аса зор орын алғандығын, маңызы ерекше екендігін көреміз. Оның ағартушылық еңбек жолындағы басты тұсы - ол ғылымды дәріптеп қана қоймай, қазақ жастарына ғылымды меңгеру жолдарын да көрсетуге тырысты. Өзінің игілікті асыл арманы жолында ерінбей еңбек еткен Ы.Алтынсарин оқу-тәрбие жұмысы жақсы үлгілі сатыға қойылған халық мектептерін ашты.

Ойымызды түйіндей келгенде, адамзаттың өркениет тарихына рухани, мәдени жайына зер салар болсақ, кісілік пен парасат биігіне көтерілуіне, ой санасының дамуына, осы бағытта жоғары жетістіктерге қол жеткізуіне басты себепкер – өнер, білім, ғылым. Олай болса, сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының мәдениеті мен өркениетінің белгісі іспеттес оқу-ағарту саласының тарихын әлі де болса жан-жақты қарастыру күн өткен сайын маңызы артар өзекті мәселелердің бірі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Тәжібаев Т. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту жұмысы мен педагогикалық ойдың дамуы- Алматы: Қазақстан, 1984.– 288б.
2. Жұмажанова Т.Қ., Әдебиетті оқыту әдістемесі.-Алматы: Білім, 2009. -288б.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. - Алматы: Жазушы, 1988. – 318б.



**УДК 37.013**

### **ПОСТАНОВКА ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРОБЛЕМЫ**

**Джылкыбекова Г.Т. - к.п.н., доцент**  
**Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати**

Современные исследователи в области методов развития критического мышления как на Западе (Д. Халперн, К. Мередит, Д. Стил, К. Темпл, С. Уолтер и др.), так и в России (М. В. Кларин, С. И. Заир-Бек, И. О. Загашев, И. В. Муштавинская и др.) понимают критическое мышление как совокупность качеств и навыков, определяющих высокий уровень исследовательской культуры школьника и преподавателя. Педагоги-практики подчеркивают ценность осмысленного обучения, о котором писал Л. С. Выготский в работе "Педагогическая психология"

Ученик школы, который умеет критически мыслить, знает множество способов интерпретации и оценки информационного сообщения, способен выявлять противоречия в тексте и типах структур, присутствующих в нем, и аргументировать свою точку зрения, опираясь не только на логику (что уже важно), но и на идеи собеседника. Такой ученик уверенно чувствует себя в работе с различными видами информации, может эффективно использовать самые разнообразные ресурсы. На уровне ценностей критически мыслящий



школьник способен эффективно взаимодействовать с информационными пространствами, принципиально принимая многополярность окружающего мира, возможность сосуществования различных точек зрения в рамках общечеловеческих ценностей.

Как можно определить критическое мышление? Д. Клустер предлагает пять пунктов, которые определяют эту концепцию.

1. КРМ-это независимое мышление.
2. Информация-это отправная, а не конечная точка критического мышления.
3. Критическое мышление начинается с постановки вопросов и понимания проблем, которые необходимо решить.
4. Критическое мышление стремится к убедительным аргументам.
5. Критическое мышление-это социальное мышление.

Критическое мышление-это способность ставить новые, значимые вопросы, разрабатывать различные аргументы и принимать независимые, продуманные решения. Это мышление открытое, рефлексивное, не принимающее догм, развивающееся путем наложения новой информации на личный жизненный опыт. Таким образом, критическое мышление-это совокупность навыков и умений, которые формируются постепенно, в процессе развития и обучения ребенка.

ТРКМ-это совершенная педагогическая технология, она имеет все свои особенности: научную, оптимальную, воспроизводимую, эффективную, программирующую деятельность преподавателя и школьника.

Технология была разработана в конце 20-го века в Соединенных Штатах (Чарльз Темпл, Дженни Стил, Керсис Мередит). Она синтезирует идеи и методы коллективного и группового способов обучения, а также сотрудничества, развивающего обучения; она является общепедагогической, надпредметной.

Технология РКМЧП-это целостная система, формирующая навыки работы с информацией в процессе чтения и письма. Она направлена на овладение базовыми навыками работы в открытом информационном пространстве, развитие качеств гражданина открытого общества, вовлеченного в межкультурное взаимодействие. Технология открыта для решения широкого круга проблем в образовательной сфере.

Технология критического мышления характеризуется тем, что она включает в себя:

- четкое определение целей тренинга, а его содержание представлено в объеме, достаточном для достижения этих целей.
- использование различных форм и методов обучения, подчиненных общему назначению предмета (умение работать в парах, группах, общаться с друзьями).
- ориентация знаний студентов на усвоение не только содержания образования, но и методов учебной деятельности.
- организация учебного процесса в соответствии с готовностью обучаемых.

Технология РКМЧП позволяет решать следующие задачи:

- учебная мотивация: повышение интереса к учебному процессу и активное восприятие учебного материала;
- культура письма: формирование навыков написания текстов различных жанров;
- информационная грамотность: развитие способности самостоятельно анализировать и оценивать информацию любой сложности;
- социальная компетентность: формирование коммуникативных навыков и ответственности за знания.

Технология РКМЧП направлена на достижение образовательных результатов.

- умение работать с растущим и постоянно обновляющимся информационным потоком в различных областях знаний;
- используйте различные способы интеграции информации;
- задавайте вопросы, формулируйте свою собственную гипотезу;
- решайте проблемы;

- выработайте свое собственное мнение, основанное на понимании различных переживаний, идей;
- выражайте свои мысли (устно и письменно) четко, уверенно и правильно по отношению к другим;
- аргументируйте свою точку зрения и учитывайте точки зрения других;
- возможность самостоятельно заниматься собственным обучением (академическая мобильность);
- возьмите на себя ответственность;
- участие в совместном принятии решений;
- строить конструктивные отношения с другими людьми;
- умение сотрудничать и работать в группе и т.д.

Основная идея технологии заключается в создании атмосферы чтения, в которой учащиеся активно работают вместе с преподавателем, сознательно размышляют о процессе обучения, изменяются и узнают о себе. Отслеживать, подтверждать, опровергать или расширять знания, новые идеи, чувства или мнения о других.

Педагогическая технология была создана для того, чтобы сделать результат обучения более предсказуемым и независимым от опыта отдельного учителя, что очень важно в свете целей "Стандартов второго поколения".

TRCM-это структура урока, состоящая из трех этапов: этап вызова, этап понимания и этап размышления. Исследователи утверждают, что эта структура соответствует этапам человеческого восприятия: сначала нужно настроиться, вспомнить, что вы знаете об этой теме, затем познакомиться с новой информацией, затем подумать о том, для чего вам понадобятся эти знания и как их применить.

Первый этап-вызов - позволяет актуализировать и обобщить имеющиеся у школьников знания по проблеме, вызвать устойчивый интерес к изучаемой теме, побудить школьника активно работать на занятиях и дома. На этапе задания учитель только формулирует задания, не участвуя в процессе запоминания. Школьники вспоминают все, что они знали об этой теме, затем разбиваются на пары и обсуждают списки (написанные индивидуально). Учитель на доске составляет общий список знаний. В результате появляется первичный материал для работы. Парная работа способствует повышению лингвистической грамотности.

Методы, используемые на этапе вызова (кластеры, ключевые слова, "корзина идей", "правильные - неправильные утверждения"), позволяют школьникам увидеть собранную информацию, а структурирование высказанных идей выявит противоречия, неясные моменты, определяющие направление дальнейшего поиска информации.


Второй этап технологии критического мышления – понимание содержания-позволяет получить новую информацию, осмыслить ее и соотнести с существующими знаниями. На этом этапе идет активная самостоятельная работа. На этом этапе преподаватель предлагает ознакомиться с текстом, параграфом учебника, прослушать лекцию, посмотреть видео. Наиболее популярным методом на данном этапе является метод "Вставок". Прием осуществляется в несколько этапов. Когда школьники знакомятся с новым материалом, они читают текст и отмечают его: «V» - уже знал, «+» - новое, «думал иначе», «?» - есть вопросы. После прочтения заполняется таблица, где значки станут заголовками таблиц. Учащиеся распределяют информацию по категориям. Для заполнения таблицы ребята снова возвращаются к тексту, что обеспечивает вдумчивое, внимательное чтение. Условные значки помогают читать более внимательно, превращают чтение в увлекательное путешествие, становятся помощниками при запоминании материала. На этом этапе важно не забывать о поставленных учениками целях на стадии вызова, заданных вопросах, т.к. изучение нового материала накладывается на знания, опыт и вопросы, вызванные на первом этапе урока.

Многие приемы, используемые на стадии вызова и осмысления, логически переходят в третью стадию урока – стадию рефлексии (размышления). Эта стадия позволяет осмыслить всю полученную информацию, превратить ее в собственное знание,

сформировать у каждого ученика собственное отношение к изучаемому материалу. Рефлексия направлена на систематизацию информации, выработку новых идей, решение поставленных ранее целей. На этом этапе исправляются предшествующие представления, собранные на стадии вызова, определяются дальнейшие перспективы в изучении темы. Педагог должен вернуть учащегося к первоначальным записям-предложениям, а также организовать работу по дополнению к пройденному. Учитель дает творческие, исследовательские и практические задания на основе изученной информации. Важно, чтобы в процессе рефлексии учащиеся могли самостоятельно оценить свой путь от представления к пониманию.

Популярными приемами на этом этапе являются синквейн (пятистишие), кластер, 10-минутное эссе, З-Х-У, вопросы по тексту, обзор двухчастных и трехчастных дневников.

Главная задача современной школы – воспитать творчески мыслящую личность. В современном динамично развивающемся мире, необходимо уметь самостоятельно работать с большим количеством информации, владеть навыками принятия решений, иметь установку на непрерывное самообразование. Образование сегодня – это воспитание личности со свободным, критичным, независимым, творческим и ответственным перед собой и миром мышлением. Стратегия современного образования заключается в том, чтобы дать возможность всем без исключения учащимся проявить все свои таланты и творческий потенциал. Образование должно превратиться в процесс непрерывного развития личности. Задача педагога в современной школе – не преподавать свой предмет, а развивать личность его средствами. А для этого необходимо постоянно повышать свой профессиональный уровень, изучать новые течения в педагогике, учиться внедрять новые педагогические технологии на своих уроках, то есть повышать свою профессиональную компетентность. Одним из важнейших средств реализации новых идей образования являются технологии развития критического мышления, которые нацелены на развитие мировоззрения, способности к самостоятельному выбору, ответственности за принимаемые решения, творческих способностей, рефлексии своего поведения и развития, выработку умения адаптироваться в быстро меняющихся условиях.



ӘОЖ 517.1

## МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елубаева Р.С. - п.ғ.к., доцент, Курманбекова А.С. - п.ғ.к., Абаева А.К. - оқытушы  
«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

**Аңдатпа.** Мақалада математиканы оқытудың кейбір мәселелері сөз болады.

**Кілт сөздер:** оқу процесі, математика әдістемесі, ойлау, сабақ, әдістер.

**Аннотация.** В статье речь пойдет о некоторых вопросах обучения математике.

**Ключевые слова:** учебный процесс, методика математики, мышление, уроки, методы.

**Annotation.** The article will focus on some issues of teaching mathematics.

**Key words:** educational process, methods of mathematics, thinking, lessons, methods.

Математикалық білім алудың басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, шындай түседі.

Американдық педагог – математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өз болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Енді осы математиканы қалай оқытамыз? Және оны оқытудың қандай әдістемесі бар?

Математиканы оқыту әдістемесі (методикасы) – педагогиканың бір саласы. Ол математика ғылымының белгілі бір даму дәрежесіне лайық қоғамның алға қойған оқыту мақсаттарына сай математиканы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Методика (әдістеме) терминінің төркіні «метод» «әдіс» – «жол» деген грек сөзінен шыққан. Математика әдістемесін басқаша «математика педагогикасы», «математика дидактикасы» деп те атайды. Олардың мағынасы бір-біріне өте жақын, сондықтан да оларды біз бір мағынада қолданамыз.

Математиканы оқыту әдістемесі ең алдымен математика ғылымымен тікелей байланысты дамиды. Сондықтан да математика әдістемесінің мазмұны мен даму барысын дұрыс бағдарлап түсіну үшін математика ғылымының даму тарихынан мағлұматтар білу қажет.

Математика ақиқат дүниенің кеңістіктік формалар мен мөлшерлік қатынастарын зерттейді.

Математиканың даму тарихы төрт кезеңге бөлінеді:

1. *Математиканың тууы.* Бұл кезең тарихқа дейінгі өте ерте дәуірден басталып, біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырларға дейін созылды. Бұл аралықта математикалық білім дағдылар молайып, қорланады, математиканың алғашқы да негізгі ұғымдары (сан, фигура т.б.) қалыптасады.

2. *Тұрақты шамалар немесе элементар математика кезеңі.* Біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырлардан басталып біздің заманымыздың XVII ғасырына дейін созылған бұл аралықта негізінен тұрақты шамалардың қасиеттері зерттеліп, ашылады. Арифметика, геометрия, алгебра, тригонометрия ғылымдары дербес салалар болып бөлініп шығады.

3. *Айнымалы шамалар немесе жоғары математика кезеңі.* XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың орта тұсына дейін созылған бұл дәуірде жоғары математикалық білім негізін қалайтын математика салалары болды. Олар Декарт (1596-1650) еңбектерінде жасалынған аналитикалық геометрия, Ньютон (1642-1727) және Лейбниц (1646-1716) негізін құрған дифференциалдық және интегралдық есептеулер, ықтималдықтар теориясы т.б.

4. *Қазіргі математика кезеңі.* Бұл дәуір XIX ғасырдың ортасынан басталады. Мұнда математика пәні мен қолданылу облыстары мейлінше кеңейіп, көптеген математикалық жаңа теориялар пайда болады.

Математиканың оқыту әдістемесі соңғы жылдары қарқынды дамып мазмұны жағынан да, ғылыми әдіс-тәсілдері жағынан да кемелденген педагогиканың бір саласы. Болашақ математика мұғалімі математиканы оқытудың жалпы заңдылықтарын, мақсат-мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, методикалық зерттеулерді, есеп шығаруды және оларды оқушыларға түсіндірудің жолдарын оқытудың техникалық және көрнекі құралдарын оқу процесінде пайдалану әдістемесін, оқушыларды оқу-ісіне жұмылдыру тәсілдерін, педагогика ғылымы мен озат тәжірибе жетістіктерін мектеп практикасына батыл енгізу тәсілдерін жоғары мектеп қабырғасында жүргенде игеруі тиіс.

Таңертеңгілік жаттығулар оқу үлгеріміне де оң әсер етуі мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, жаттығулар когнитивті функцияларды, соның ішінде есте сақтауды, зейінді және зейінді жақсарта алады, бұл оқуда сәттілікке жетудің маңызды дағдылары. Сонымен қатар, тұрақты жаттығулар, әсіресе математика және оқу сияқты салаларда оқу үлгерімінің жақсаруымен байланысты болды.

Жалпы әл-ауқаттың артықшылықтары:

Ақырында, таңертеңгілік жаттығулар балалардың жалпы әл-ауқатына оң әсер етуі мүмкін. Жаттығу балаларға физикалық белсенділікке оң көзқарас қалыптастыруға және өмір бойы сақталуы мүмкін салауатты әдеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ол сондай-ақ балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін маңызды болуы мүмкін әлеуметтік өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алады.

Таңертеңгілік жаттығуды ынталандыру бойынша кеңестер:

Енді біз таңертеңгілік жаттығудың артықшылықтарын талқыладық, ата-аналар мен мұғалімдер балаларды оған қатысуға қалай шақыра алады? Мұнда бірнеше кеңестер берілген:

Мұны көңілді етіңіз: таңертеңгілік жаттығулар балалар үшін жағымды және қызықты болуы керек. Жаттығу бағдарламасына музыка, Ойындар немесе басқа да қызықты әрекеттерді қосуды қарастырыңыз.

Күн тәртібін орнатыңыз: балалар не күтетінін және қашан болатынын білуі үшін таңертеңгілік жаттығуларды жүйелі түрде жасаңыз.

Бүкіл отбасын қатыстырыңыз: балалардың қолдауы мен ынтасы болуы үшін бүкіл отбасын таңертеңгілік жаттығуларға қатысуға шақырыңыз.

Мұны қиындыққа айналдырыңыз: балаларға таңертеңгілік жаттығулар кезінде қол жеткізуге болатын мақсаттар немесе міндеттер қоюды қарастырыңыз, мысалы, олар орындай алатын секіру санын немесе жүгіре алатын қашықтықты көбейту.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, таңертеңгілік жаттығулар балалардың физикалық және психикалық денсаулығын, мектептегі үлгерімін және жалпы әл-ауқатын жақсартудың тамаша тәсілі болуы мүмкін. Таңертеңгілік жаттығуларды күнделікті өмірге енгізу арқылы ата-аналар мен мұғалімдер балаларға өмір бойы сақталуы мүмкін салауатты әдеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Дұрыс көзқараспен таңертеңгілік жаттығулар 7 және одан жоғары жастағы балалар үшін көңілді, қызықты және тиімді болуы мүмкін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. American Heart Association. (2018). Physical Activity and Children. Retrieved from <https://www.heart.org/en/healthy-living/fitness/fitness-basics/physical-activity-and-children>
2. Centers for Disease Control and Prevention. (2019). Physical Activity for Children. Retrieved from <https://www.cdc.gov/physicalactivity/basics/children/index.htm>
3. Cooper, K. (2017). The importance of exercise for children. *Nursing in Practice*, 93, 31-35.
4. Davis, C. L., Tomporowski, P. D., McDowell, J. E., Austin, B. P., Miller, P. H., Yanasak, N. E., ... & Naglieri, J. A. (2011). Exercise improves executive function and achievement and alters brain activation in overweight children: A randomized, controlled trial. *Health Psychology*, 30(1), 91-98.
5. Hillman, C. H., Erickson, K. I., & Kramer, A. F. (2008). Be smart, exercise your heart: Exercise effects on brain and cognition. *Nature Reviews Neuroscience*, 9(1), 58-65.
6. Janssen, I., LeBlanc, A. G., & Goldfield, G. S. (2012). Systematic review of the health benefits of physical activity and fitness in school-aged children and youth. *International Journal of Behavioral Nutrition and Physical Activity*, 9(1), 1-16.
7. National Institutes of Health. (2016). Benefits of Exercise. Retrieved from <https://medlineplus.gov/benefitsofexercise.html>
8. Pate, R. R., Pratt, M., Blair, S. N., Haskell, W. L., Macera, C. A., Bouchard, C., ... & Wilmore, J. H. (1995). Physical activity and public health: A recommendation from the Centers for Disease Control and Prevention and the American College of Sports Medicine. *Journal of the American Medical Association*, 273(5), 402-407.
9. Physical Activity Guidelines Advisory Committee. (2018). 2018 Physical Activity Guidelines Advisory Committee Scientific Report. Washington, DC: US Department of Health and Human Services.
10. World Health Organization. (2021). Physical Activity. Retrieved from <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/physical-activity>



**ӘОЖ 82.09 (574)**

## **САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ**

**Балапанова Гулжан Патшаханқызы, Ахметжанова Нүргүл Төленбекқызы**  
**«Бастауыш сынып педагогикасы» кафедрасы**  
**М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университет**

**Аңдатпа.** Мақала тақырыбы: «Сахналық қойылымдар арқылы оқушыларды тәрбиелеу» тақырыбындағы мақалада көркем шығармаларға жазылған сахна сценарийі арқылы қойылған қойылымдардың оқырмандар мен көрермендерге қалай ықпал ететіні туралы айтылады. Сонымен қатар, мақалада сахналық қойылымдар арқылы мектеп оқушыларының бойына рухани құндықтары меңгерту мәселелері сөз болады.

**Кілт сөздер:** сахна, сын, көркем шығарма, драма, оқырман, тәрбие, рухани байлық.

**Аннотация.** Тема статьи: в статье на тему «Воспитание учащихся через сценические игры» рассказывается о том, как постановки, поставленные по сценарию сцены, написанному для художественных произведений, влияют на читателей и зрителей. Кроме

того, в статье будут рассмотрены вопросы освоения духовных ценностей школьниками через сценические постановки.

**Ключевые слова:** сцена, критика, художественное произведение, драма, читатель, воспитание, духовное богатство.

**Abstract.** Title of the article: the article on the topic "stage criticism of the 70s and 80s" tells about how the performances staged using a stage script written in works of art contribute to readers and viewers. In addition, the article will discuss the problems of mastering the spiritual values of schoolchildren through stage performances.

**Keywords:** stage, criticism, fiction, drama, reader, education, spiritual wealth.

Драма (грекше қимыл, әрекет) – әдебиеттің үшінші тегі, шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде, жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында көрсетілетін күрделі жанр. Драматургия мәселесін қозғағандардың барлығы, бәрінен бұрын, оның қиындығын айтады. Мұнда үлкен себеп бар. Өзге жанрлардағыдай емес, драматургияда шарттылық көп. Бұл жөнінде сыншы С. Әшімбаев: «Театр – күрделі интеллектуальдық гармониядан тұратын, үш жақтан бірдей қиыннан қиысқан сахналық өнер» [1, 128 б.], – дейді.

Алдымен, драматургиялық шығармаға көлем жағынан шек қойылады. Қандай пьеса болсын, жетпіс-сексен беттен аспауы шарт. Екіншіден, драматургиялық шығарма тек қана қатысушылардың сөздерінен ғана құрылады. Шындық пен образ тек қана диалог пен монологқа негізделген. Сахнада сөйлейтін тек персонаж ғана, автор сахна сыртында, залда қалады. Автор үнсіз, тілсіз, қай сөзді қалай айту керек екенін режиссер мен актерге тек жақшада жай көрсеткені болмаса, дәл спектакль үстінде автор дәрменсіз. Әр қаһарманның не айтып қойғанын немесе неге олай дегенін түсіндіріп, залда отырған әр көрерменге айту автордың қолынан келмейді. Демек, драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күштілігі де, әлсіздігі де тілде. Пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дөп тиіп, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап даритындай мағыналы, мәнді болып келуге тиіс. Драма тілі тұжырымды, қысқа, түйінді болады. Үшіншіден, драма деген терминнің мағынасы қимыл екендігі тегін емес, қимыл, әрекет жоқ жерде драматургиялық шығарма да жоқ. Тартыс атаулының ең бір шиеленіскен, шымшытырық күрделі түрі пьесаға тән. Төртіншіден, драмадағы шындық көркемдік шешімін тек сахнада ғана табады, драмадағы образ тек сахнада жасалады. «Драма сахнада ғана тіршілік етеді, дейді Гоголь – сахнасыз драма-денесіз дем».

Өнер туындысы өмірдің мәнін тереңірек түсінудің кілті. Ол адамды ізгілік, гуманистік сезімге тәрбиелеп қана қоймайды. Зұлымдық атаулымен күресуге шақыратын, өмірді танытушы рухани оқулық. Бұл көркемөнердің қай түріне де тән заңдылық. Демек, осы талаптілек драмалық шығармаларға да қойылады. Пьесаны драматургтің жазып бітіруі, журналда жариялануы, тіпті кітап қылып бастырып шығаруы – жеткіліксіз. Бұл – біткен істің бәрі емес, бір ғана бөлігі. Істі түгел тындыру үшін пьеса театрға көшуі керек. Пьесаны сахнаға шығару жолында енді режимдердің, актерлардың, суретшінің, композиторлардың, түрлі саладағы жұмысшылардың – бәрінің еңбегі жұмсалады. Айлардан-айларға созылған соншалық ауыр коллективтік еңбектің нәтижесінде барып сахналық шешімін тапқан драматургиялық шығарма көрермен көңілінен, шыға ма, жоқ па, – мәселенің үлкені осында жатыр. Драматургияның бұдан да басқа шырғалаңдары көп, оның қиын жанр болатыны да сондықтан. «Осы айтылғандардың барлығы, шынына келгенде, сахнадағы драма – әдебиеттің жай бір тегі емес, әдеби шеңберден шығып кететін нәрсе екенін аңғартады, сондықтан оны әдебиет теориясымен қатар театр теориясының негізінде талдаған жөн» [2, 85 б.], – дейді Сағат Әшімбаев.

Әдебиет пен өнер - егіз. Домбыраның қос ішегіндегі таратылған екі сала бірінсіз-бірі күн көре алмайды. Сайып келгенде, өнер әдебиеттің төл перзентіндей. Сөзі болмаса, ән қайда? Пьесасыз қойылым қайдан шықсын? Либреттосыз опера, сценарисіз фильм бола алмайды. Жалпы өнер атаулы белгілі бір драматургиясыз күн кеше алмайтындығы

баршамызға аян. С.Әшімбаевтың «Ақиқатқа іңкәрлік» еңбегінің «Өнерге іңкәр көзбенен» атты екінші тарауындағы сөз етер тақырып аясы ұлттық-мәдени мәселелердің басын құрайды. Еңбекте драматургия, көркем фильм, жаңа қойылымдар төңірегінде толымды пікір білдіреді. Сыншының Осы туған өнерінің халін ойлап, оның болашағына алаңдаушылық білдірген азамат-қаламгердің зор тұлғасы кеудеңе мақтаныш сезімін ұялатады. Жаңа бой тігіп елге енді таныла бастаған жас таланттарды, дәл танудағы С. Әшімбаев сергектігі өзінен кейінгі әріптестеріне үлкен өнеге дерсіз. Сыншының қаламынан туған тілі бай, сөздік қоры мол «Тек шындықты айтайықшы», «Өзіме де сол керек», «Талдау мен толғау тең түссе» мақалаларының негізгі мақсаты – пьесаның драматургия заңына байланысты өз жетістіктері мен кемшіліктеріне баса назар аудару.

Сағат Әшімбаев театр туындысындағы режиссерлік шешімнің, актерлік шеберліктің қыр сырын жіті айырып, талант табиғатын тамыршыдай тап баса білген. Соған бір мысал – «Қан мен тер» спектакліндегі Сүйеу қарт бейнесін талдауы. «Іс-әрекеті мен мінез – құлқы, жан дүниесі барша қырынан жан-жақты ашылған, шын мәніндегі халықтық образ деңгейіне көтерілген Сүйеу бейнесі арқылы актер Сәбит Оразбаев сырты мұз көрінгенмен, іші шуақты, жүрегі таза жүздеген адамдардың жиынтық табиғи бейнесін елестетеді» [3, 189 б.], – деп әділін айтады. Сонау жылдар С. Әшімбаев байқап, танып қалған жастардың көпшілігі, бұл күндері ұлттық мәдениетіміздің белгілі қайраткерлеріне айналған «Еңлік-Кебек», «Майдан», «Досымның үйленуі», «Көктөбедегі кездесу», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты қойлымдарының сахналық тағдыры, «Найзатас», «Атаманның ақыры» сынды көркем таспалардың экрандық нұсқалары сыншы сыншы қаламына әр қалай қарыздар. М. Әуезов қазақ мәдениетінің ең кенже қалып келген театр өнері туралы отызыншы жылдардың өзінде-ақ мәселе көтерді. Сол дәстүрді жалғастырушы С. Әшімбаевтың өнер жайлы мақалалары келелі мәдениет мәселесінің талқылаған маңызды еңбек болып табылады.

Қазақ өнерінің қара шаңырағы – М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының актерлерінің ішкі жан дүниесінің тереңіне көбірек зер салатын сыншы актерлердің қателігін дөп басып таниды. Тек кемшіліктерін ғана емес, сонымен қатар, актерлердің күрделі бейнелерді сомдап шығуына байланысты жеткен жетістіктерін де атап-атап көрсетеді. Парасатымен, терең психологиялық ойынымен, өнерді бар жан-тәнімен сезінуін талап етеді. Образға шынайы баға беру - режиссердің өз талғам биігін, өз көрегендік қабілетін асқақтата түскендей болады. Әрине, театр өнері биігін көтеруге ұжымдық ізденіс, онда бір- бірлеріне деген жанашырлық сын қажет. Бірінің ойын барысындағы кемістігінді екінші болдырмауға тырыссаң, әйтпесе образға ену барысындағы әріптесіңнің озық табысына ұқсап бағуға ұмтылсаң – сахна өнерінің бағы жанбаса, төмендемесі анық. Сахна саңлақтары жөніндегі сын мақалалары С. Әшімбаевтың шығармашылық жолындағы жұлдызын одан әрі жарқырата түсті.

«Қилы кезеңдер хикаясы» атты мақаласында белгілі жазушы Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» спектаклі сыншы назарына ілігеді. Сыншы жазышының трилогиясы мен спектакліндегі образдардың шындығын іштей таразылап, өзара салмақтай отырып, отырып қана қоймай екі ұдай сезімде болады. Өйткені сыншы «Қан мен тер» трилогиясы мен «Қан мен тер» спектаклін салыстыра талдайды. Мұндайда спектаклді құтқаратын бір ғана нәрсе, романдағы «таныс-бейтаныс» образдар қайталанып қана шықпай, жаңаша жаңғырып, соны сипатпен, көз алдыға түрлі түспен түлеуі шарт екенін айтқысы келеді. «Тәңірберген образын жасауда – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген әртісі Әнуар Молдабекте творчестволық ізденіс аз байқалады. Шындығын айтсақ, Тәңірберген трилогиядағы ең бір тамаша сомдалған типтік образ» дей келе «Молдабеков Тәңірбергеннің сыртын сәл ұқсатқанмен, оның ішкі сырын, жан дүниесіндегі тылсым сезімдерді, қайшылықты ойларды, бойындағы құрық бойламайтын қулықты, жалпы адамдық бет пердесін аша алмаған. Молдабековтың Тәңірбергені әлжуаз, қайратсыз-қауқарсыз жан, осы образдың боркемдік бозбала шағын ғана елестетеді» [4, 179 б.], – деген пікірі шығармашылық шексіздік әлеміндегі жаңаша ойлау мен ойнау шеберлігінің жаңаша үлгісін көрсетсе деген ойынан туындаса керек. Мұнда сыншы спектакльдегі көркемдік ансамбльдің тұтастығын, режиссер шешімдерінің өміршеңдігін



көрсететін объективті факторлар-актерлер ойынының табиғилығы мен шыншылдығы, сахналық декорация мен музыканың, басқа да техникалық әрекеттердің драма мазмұны жайлы мәселелерді қозғайды.

С. Әшімбаев театр туындысындағы режиссерлік шешімнің, актерлік шеберліктің қырсырын жіті айырып, талант табиғатын тамыршыдай тап басып тани білді. Мысалы, «Қан мен тер» спектакліндегі Сүйеу қарт бейнесін талдауы. «Іс- әрекеті мен мінез- құлқы, жан-дүниесі барша қырынан жан-жақты ашылған, шын мәніндегі халықтық образ» деңгейіне көтерілген Сүйеу қарт бейнесі арқылы актер Сәбит Оразбаев «сырты мұз көрінгенімен, іші шуақты, жүзі суық, сөзі аз болғанымен, жаны жайсаң, көңілі ақ, жүрегі таза жүздеген адамдардың жиынтық бейнесін елестетеді. Сәбит Оразбаевтың Сүйеу образын жасаудағы жаңалығы- адамның белгілі бір әрекет үстіндегі ішкі күйін үндегі, дауыстағы, қимылдағы табиғилық пен қарапайымдылық арқылы өте келісті жеткізеді. Актер Сүйеу жан-сезімнің мөлдірлігін, адамшылық парасатын тереңнен күмбірлеп шыққан шыншыл қоңыр үннің әртүрлі ырғағымен-ақ танытады. Актердің сөйлеу мәнеріндегі, жүріс-тұрысындағы, адамға көзқарас, қарым-қатынасындағы көңіл-күй әуенінің құбылуындағы табиғилық сонша- сіз сахнадан Оразбаевты емес, өмірдегі, арамызда жүрген, бірде қадірін біліп, бірде біле бермейтін, аз асылдың бірі, өз бойындағы әлсіздігін басқаның жанындағы жамандығымен бүркемелеуге тырысатын көп жасамыс жасықтың бірі де ширегіне келмейтін қадірлі қарт Сүйеулермен сырласқандай боласыз» [4, 176 б.], – деп түйіндейді. Сыншының мұндай бақылағыш қасиеттерінен театр сыншысынан асып түспесе кем түспейтіні анық.

Ал, спектакльдегі Еламан образын сомдайтын халық әртісі А. Әшімов туралы «Әшімов Еламан мінезінің тұйықтығын сыртқы қимылдары арқылы жеткізгенімен, ішкі адамдық сезімінің тұнықтығын, жаратылысынан таза, өзін-өзі орынсыз жерде көрсетуден аулақ, арқасын аяздай қарыған ауыртпалықтарды да көтере білетін адамның азаматтық психологиясын ашу жағы әлі де жетпейді. Екінші бөлімде Еламан өмірдің ащы-тұщысын көрген, бұрынғы бұйығылықтан арылған, бойында күрескерлік сезім оянған кейіпкер. Ендеше оның рухани өсіп, ой-сезімінің жаңғырып түлеуін актер баса көтеруі керек еді, бұл жағын ашуда да творчестволық белсенділік аз» [4, 180 б.], – дейді автор. С. Әшімбаев «Қан мен тер» трилогиясының театр сахнасындағы «екінші өмірі» жайлы көркемдік-эстетикалық терең сыры мен сындарлы сымбатын қозғап, кеңінен толғайды. Спектакльдегі Ақбала образын ойнаған Ф.Шарипова туралы: «...Ақбала жанындағы адамдық шытырман сезімінің сілемдерін оңтайлы ситуацияларда сыртқа шығаруға күш салады. Шарипова ойынындағы кемшілік-кейде кейіпкер жанындағы арпалысқан сезімнің шындығын қорқытып жылатқан адамның ащы айғайына, мелодрамалық истерикаға айналдырып жібереді. Көп сәттерде актриса даусының өз нәзіктігін жойып, тарғылданып шығуы, жасанды үннің басып кетіп жатуы осының айғағы. Мұның өзі актрисаның сахналық табиғи қимылын жоққа шығарып кетеді. Актриса даусы-кейіпкер жанындағы күйзелістің, тебіреністің, қуаныштың, мұңның көрсеткіші екендігін Фарида жақсы білгендігімен, соны көп жағдайда сақтай бермеуі- орындалған образдың эмоциялық әсерін төмендетіп жібереді» [4, 180 б.], – десе ал, театр сыншысы Әлия Бөпежанова «...театрдың екі спектаклі – «Ана – Жер-ана» және «Қан мен тер» республикалық және одақтық деңгейде аса үлкен сыйлықтар алды. Толғанай мен Ақбала рөлдері бүгінде Фарида шығармашылығының ғана емес, қазақ театры өнерінің шыққан биігін танытады.

Актрисаның бүкіл образдар галереясына Ақбала бейнесін бөле-жара атау жөн. Бұл, әрине, басқаларының мәнін төмендету емес. Өдеттегі бір қалып-ұғымға сыймайтын, аса күрделі образды өзінше оқуы – образдық шешімнің көп мәнділігі, ақыр соңында ғажайып психологиялық ойыны үшін Ақбаланы Шәріпова сомдаған классикалық образ деп батыл айтуға болады. Ақбала - Шәріпова әр оқыған сайын жаңа бір қыртысы көтерілер көркем шығарма сияқты, қанша рет көрсеңіз де бояу граммалары жалықтырмайтын, мәні төмендемейтін бейне. Тіл құнарын терең сезінетін, әдебиетті театр өнерінің анасы деп білетін, содан да барынша қастер тұтатын, әрі «Қан мен тер» спектаклін қою барысында

режиссердің ассистенті болған Ф. Шәріпова шығарма астарына көп үңілген» [4, 180 б.], – деген ойын айтады.

Бірақ бұл спектаклдегі актрисаның ойынын автор өзінше шешіп, өзінше меңгергені өз алдына, әр қырынан, әр қабатынан қарастырған. Сыншы революция жылдарының қарсаңындағы қазақ өмірінің қат-қабаттарына, сан алуан адамдардың психологиясына, қоғамдық, әлеуметтік құбылыстардың терең қатпарына шын суреткердің көзімен үңілген. С. Әшімбаевтың сахналық өнерге қатысты мақалалары ондағы көтерілген әлеуметтік, проблемалық мәселелер, кесек тұжырымдар, оқырманын мәдениеттілікке, парасаттылыққа баулиды.

Сыншы ұлттық әдебиеттану ғылымында жас жазушыларымыз бен драматургтарымызды өзінің танымал мақалаларымен ірі прозалық туындылар мен классикалық пьесалар жазуға машықтануға әзірлеп, қаламдарын ұштай түсті, шеберлікке жетеледі, шығармашылық қиялдарына қанат бітіріп шабыттандырды. С. Әшімбаевтың мақалаларында айтылған ойлардың бірталайы жаңаша көркем шығармаларға азық болды. пайымдау тапты. Сыншы мақалалары көркем-әдеби стильмен өрнектеліп, заманның ауқымды тақырыбын зерттеп, идеялық-көркемдік ерекшеліктерімен оқшауланған нағыз көркем шығармаға ұқсас өзгешеліктері бар және авторлық туынды деп қарастыруға болады. С. Әшімбаев 60-80 – жылдардағы қазақ әдебиеті сынының өзге кезеңдерге ұқсай бермейтін өзіндік ерекшеліктерін, қасиет-сипаттарын ашып көрсетіп, әдеби сынның негізгі даму бағыттарын, ұлттық рухани даму үстіндегі өзгеріс нышандарымен, басты-басты бағыттарымен кешенді түрде біртұтас сипатта қарастырды.

Белгілі ғалым Қансейіт Әбдезұлы «Тәуелсіздік және қазақ әдеби-көркем сыны» атты мақаласында «Өткен ғасырда жазылған Ж. Аймауытовтың, М.Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтың, С. Мұқановтың, Т. Әлімқұловтың, З.Серікқалиевтің, А. Сүлейменовтың, Т. Тоқбергеновтың, С. Әшімбаевтың әлі де сүйсіне, тұшына оқығың келетін әдеби зерттеу, сын еңбектерін қайда қоямыз?» [5, 228 б.], – деп С. Әшімбаевтың құнды еңбектерінің кейінгі ұрпаққа берер маңыздылығын айтады.

«Шаңқай түс шуағы» тақырыбындағы мақаласында Т. Ахтановтың «Жоғалған дос» атты әңгімесінің сахналық татымды туындыға айналуын айтып, «Сәуле», «Күтпеген кездесу», «Махабат мұңы» секілді пьесаларын талдайды. «Оның роман, повесть, әңгімелері сияқты драматургиялық дүниелері оқушылар арасында сүйіспеншілік сезімге бөленген» дей келе «...бүгінгі замандастарымыздың арман-мұратын, махаббатын, тіршілік әрекетін, күйініш-сүйінішін жарқын бейнелейді. Бұлар республикалық, облыстық театрлар репертуарындағы іргелі, қомақты пьесалар қатарында көптен бері сахнадан сүспей келе жатыр» [4, 155 б.], - дейді сыншы. Жазушы мен сыншы еңбегінде көптеген өзгешелік бар екені түсінікті. Зерттеушінің өткен-кеткенді көбірек қопарып, қазбалайтынын білсек, сыншының дәл сол күнгі, сол сәттік әдеби-мәдени құбылыстарына көз жүгіртетіні белгілі. Сыншы бүгінгі күнді жедел әңгімелесіп отырып, ертеңгі мұраға айналар дүниелеріміздің негізін қаламақ.

С. Әшімбаевқа тән ерекшелік - қандай да бір жазушының шығармасына жеке-жеке тоқталуды жөн санайды. Мысалы, кейбір сыншылар белгілі бір жазушылардың көп түрлі шығармаларын бір өлшем, бір штамппен бағалай салу кездесіп жатады. Ал, С. Әшімбаевқа бұл қасиет жат деп толық айта аламыз. Әрбір жанрдың даму заңдылығы мен жалпы әдебиет процесінде алатын орнын айқындап, өсу бағытын меңзеу міндетін сын орындау керек. Себебі, әр жанрда жазылған шығарманың өз жетістіктері мен кемшіліктері болады. Өнердің басқа салалары сияқты, халық шығармашылығының тақырыбы мен түрі, тәсілі мен тегі өзгеріп, жаңарып отырады. Сол секілді көркем өнер шеберлері мен сыншылар уақытпен бірге ауысып, аламасып отыратыны табиғи жағдай. Осындай талап пен міндетті берік ұстанған сыншы ғана нағыз сыншы болмақ. Жоғарыда аталған қасиеттерді бойына жинақтап, осы салаға зор дайындықпен келген сыншы С. Әшімбаевтың шығармалары өз алдына құнды дүние. Сыншы мақалаларының барлығы дерлігінде жазушының ізденісі мен өсуін, шығармаларының жанрлық ерекшелігі кеңінен сөз етіледі. Қай мақаладан болмасын С.

Әшімбаевтың сыншылық күдіреті айқын көрінеді. Қаламы жүйрік, қиялы ұшқыр талантты жанның күнделікті елеулі деген әдеби-мәдени оқиғаларға енжар қарамағаны аталмыш еңбектің өн бойынан толассыз атойлап жатқандығын куәсі болдық. Сыншы мақалалары жоғары пафоспен басталып, тіл орамдарымен айшықталған. Тақырып, идея, мазмұн жағынан болсын, рухани тұшым аларлықтай, қоғамды селт еткізерліктей құбылыстарды арқау қылған көркемдік қуатымен ерекшеленеді.

Сыншының мақалаларына тән ерекшелік – ол әрбір жазушының қолтаңбалық ерекшелігін дөп басып, шығармалары талданып отырған суреткердің ішкі шығармашылық иірімдеріне терең бойлай білуі. Жоғарыда аталған мақалаларының барлығы көркем, шебер тілмен жазылған. Дәл осындай шебер тілмен жазылған мақалалары философиялық терең мағынада жазылғандықтан оқырман қауымға ауыр соғатын жайттары да кездесіп жатады. Бұл Сағат Әшімбаевтың өзіне тән қолтаңбасы деуге болады. Әдебиеттану мен өнертануды қатар ұстана жүріп, оның халықтар арасындағы өзара ынтымақ пен ықылас бірлігі жөнінде сандаған істер атқарғаны сыншының әдеби шығармашылық мұрасынан танылады. Жоғарыда талдаған сыншы мақалалары шын талантты қаламгер шеберлігін танытатын аса құнды әдеби туындылар. Ол дүниелер санымен емес, сапасымен оқырманын елең еткізген әдеби-эстетикалық талдаулар, әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымында әлдеқашан өз орнын тауып, керек болса қазіргі әдебиеттану мәселелерін, қазіргі қазақ сынының қадір-қасиетін ажыратуға да қызмет жасап жатыр десек қателеспейміз. С. Әшімбаевтың әдеби – сын саласындағы елеулі еңбектері қаламгердің сан қырлы талант иесі болғандығын танытады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985. – 246 б.
2. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 621 б.
3. Әшімбаев С. Азаматтыққа адалдық. – Алматы: Раритет, 2007. – 389 б.
4. Әшімбаев С. Сын мұраты. – Алматы: Жазушы, 1974. – 246 б.
5. Әбдезұлы Қ. Таным көкжиегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 270 б.



**ӘОЖ. 82.11 (576)**

### **ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аязбай Разила Қыдырханқызы, Кашенова Жанар Бахтыбекқызы**

**«Бастауыш сынып педагогикасы» кафедрасы**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада драмалық шығармаларды оқытудың өзекті мәселелері мен әдістері және сөз болады. Сонымен қатар, қазіргі әлемдегі әдеби шығармалардың оқу жүйесіндегі орны қарастырылады. Мақаланың басты мақсаты-драмадық шығармаларды оқыту саласындағы нақты ұйымдастырушылық, ғылыми, білім беру және әдістемелік мәселелерді шешуде оқытушылардың шығармашылық әлеуетін жұмылдыру әрекеті туралы баяндалады.

**Кілт сөздер:** әдеби шығарма, драмалық қойлым, зерттеу, тенденция, оқыту тәсілдері, рухани құндылық, оқушы.

**Аннотация.** В этой статье будут рассмотрены актуальные проблемы и методы обучения драматическим произведениям. Кроме того, рассматривается место литературных произведений в системе чтения в современном мире. Основная цель статьи-попытка мобилизации творческого потенциала преподавателей в решении конкретных

организационных, научных, образовательных и методических задач в области преподавания драматических произведений.

**Ключевые слова:** литературное произведение, драматическое произведение, исследование, тенденции, способы обучения, духовная ценность, ученик.

**Annotation.** This article will focus on topical issues and methods of teaching dramatic works. In addition, the place of literary works in the educational system in the modern world is considered. The main goal of the article is to mobilize the creative potential of teachers in solving specific organizational, scientific, educational and methodological problems in the field of teaching dramatic works.

**Keywords:** literary work, dramatic sheep, research, trends, teaching methods, spiritual value, student.

Әдебиеттің үш тегінің бірі - драманың осы күнге дейін зерттелмеген тұсы баршылық. Мысалы, бір мәселені ғана айтуға болады. Драманың әдеби тек ретінде және сахналық өнерде алатын орны әлі күнге тайға таңба басқандай ажыратыла қоймаған. Драмаға жалпы, әдеби тек ретінде де әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір ғалымдар драманы мүлде әдеби тек ретінде мойындамаған. Б.Кроче, жалпы, әдеби тек деген ұғымның өзін жасанды қажетсіз дүние деп табады. Бұл қатарда орыс ғалымы А.И.Белецкийді де атауға болады.

Әйтседе әдебиеттің үш тегі ол қазіргі күнге дейін әдебиеттану ғылымында орныққан термин ретінде өмір сүріп келе жатыр. Әдебиеттің үш тегіне жақсы анықтама берген ғалымдардың бірі Ю.Петерсон. Ол: эпосты - іс-әрекет туралы монологтық баяндау (монологическое сообщение о действиях), лириканы - адамның жай-күйі жайлы монологтық көрініс (монологическое изображение состояния), драманы - іс-әрекеттің диалогиялық көрінісі (диалогическое изображение действия) деп жіктейді. Екінші бір ғалым К.Бюлер әдебиеттің үш тегін: эпос - хабарлама (сообщение), лириканы - экспрессия, драма - мәлімдеме (сообщения-апелляция) деп саралайды [1, 47].

Әдеби тек ретінде драманың екі жағы бар. Біріншісі, драма әдеби шығарма ретінде қаралса, екіншіден, ол сахналық өнер, қимыл-қозғалыс ретінде қаралады. Зерттеушілердің пікірінше драма әуелгіде сахналық түр ретінде пайда болған. Сахналық элементтер - би, пантомимо - драманың пайда болуына әсер еткен. Кейін келе оның әдеби жағы басымдық күшке ие болған. В.И. Хализев бұл туралы: "Әдебиеттің драмалық тегінің пайда болуына ықпал етуші қимыл-қозғалыс, би, пантомимо, ән емес, сахналық өнердің доминанты ретінде жұмсалған сөз мәтіні болып табылады", - деген [1, 54 б.]. Бұл жерде зерттеуші Б.Құндақбаевтың "көркемдік және мазмұнның терең ашылуы сахналық тілге байланысты" дегенін ескеру керек [2, 79 б.]. Ф.Шиллер драманың ерекшелігіне назар аудара отырып эпостық шығармаларда оқырман мен шығарма оқиғалары арасында баяндаушының көлденең тұратынын, драмалық шығармаларда бұл кедергінің жойылатынын ескертеді [3, 57 б.].

В.И.Хализев драмалық шығармаларда сөздің материал ретіндегі рөлін бірінші орынға қоя отырып, сөздің тек осы драмалық шығармаларда ғана коммуникативтік қызметінің бағасы еселеп артатынын айтады. Тілдің коммуникативтік қызметін оның ең зор қыры деуге болады. К.Бюлердің драма-мәлімдеме дегені, әсіресе драманың ерекшелігін өте дұрыс айқындайтын секілді. Бұл орайда Р.Нұрғалидың "Психологиялық, философиялық пьесаның тілін меңгеру - әлі алынбаған қамалдар" деуінде терең мән бар. Драмалық әдеби түрдің көрермен-оқырманмен тікелей қарым-қатынасқа түсе алуы оның үлкен артықшылығы болып табылады және екі арада сахна - әдеби мәтін мен көрермен - оқырман арасында зор коммуникативтік байланыс орнайды [1, 43 б.].

Драманың бұл ерекшелігін З.Қабдолов та егжей-тегжей қарастырып өтеді.

А.Сүлейменов, біздіңше, драмалық шығармаларды жазғанда оның осы артықшылық тұстарын өте жақсы сезіне білген дегіміз келеді.

Драмалық шығармалар - А.Сүлейменов шығармашылығының шоқтықты бір бөлшегі. Драматургия жайлы автор көптеген ойлар білдіреді. «Әр пьесада олимпиада белгілеріндей бір-біріне кигізілген үш шеңбер болады: «жекелік», «тарихи», «мәңгілік». Бірінші шеңбер

бұл - пьеса фабуласы және ондағы суреттелген тұрмыс. Екіншісі - сәл бұлыңғыр «мен» - пьесадағы өмірдің тарихи анализін жасаушы әлеуметтік аспект. Үшінші - алдыңғы екеуін біріктіруші гуманистік мағына. Ол алдыңғы екеуінен де бұлыңғыр, тұңғыық тереңде жатқан нәрсе. Ең бастысы - осы үшеуі де бір-бірінен ажырамастай бір бөлікте болуы керек» [4, 186 б.].

Тағы да бір пікірі: «Материалдың драмалық түрде болуы кез-келген жазу түрі үшін қажет, ол мейлі - өлең, сын, проза, тарихи зерттеу және т.б. бола ма бәрібір» [4, 185 б.]. Бұл ойын автор шын мәнінде көбінесе ереже күйінде ұстанды деуге болады. Оның барлық шығармаларында диалогтық құралдың емін-еркін араласуы осыған дәлел. Автордың, шынында, драматургиялық құрылымға қатты қызығушылығы болды. Осы жолда ол қазір әдеби ортада, ел ішінде мәшһүр болған атақты драмалық «Ситуациялар» триптихін жазды. Олар: «Жетінші палата», «Қыздай жесір-штат қысқарту», «Төрт тақта-жайнамаз». Бұл триптих жайлы белгілі сыншы З.Серікқалиев: «... іштей өзара бірінен-бірі өнгендей, мұңзары, михнат-мұратына дейін аспан-аясы, жаратылыс-жайлауы желілес үш таған (триптих)», - деп саралайды. Үш тағанның ішкі желісін автор тағы: «... заман қайшылығының, уақыт үдерінің бұлтартпас ғұмырнамалық бірегей құжаты», - деп бағамдайды. Шынында, А.Сүлейменов драматургияға кеңестік-атеистік қоғамның ішкі былғаныш иірімдерін анық әшкерелеу үшін барған сияқты. Бұл мақсатта - ол «диалог» құралын шегіне жеткізе пайдаланған. Автордың өзі диалог жайлы былай дейді: «Диалог - сезім мен ой өлшемі» [4, 187 б.]. Диалогте ой-идеяны еркін, әр түрлі қырынан мол пайдалануға мүмкіндік зор. А.Сүлейменовтей ойшыл жазушы үшін, бұл тұрғыда диалог - таптырмас құрал қызметін атқарғаны даусыз. Автордың драмалық шығармаларында қоғамдық-саяси, терең астарлы әлеуметтік реңк басым дауысқа ие. Жазушы драматургиясы авторлық «ой-идеяның» қатты ашық дауысқа ие болатын тұсы.

Жазушының драмалық шығармалары ұлттық драматургияда өзіндік өрнекпен ерекшеленеді. Бұл өрнек ерекшеліктерін даралап көрсетуге талпынған авторлар легі жетерлік. Әуезхан Қодар: «Ұлттық драматургиядағы ең басты кемшілік - ішкі тартыстың кем түсіп жататындығы. Сүлейменов драма-диалогтары осы «Ситуациялар» триптихі, «Кек» тағы басқалары ішкі шыңғырыс тартысқа құрылған, көп қабатты, күрделі драматургия», - дейді жазушы пьесаларын саралай отырып. Академик Зейнолла Қабдолов Асқар шығармаларының сахналанған вариантын көргеннен кейін «Асқар әр кейіпкерін Гамлет етіп кетіпті ғой» деген.

Ағылшынның атақты қаламгері Бернард Шоу пьесаларды сыртқы формалық үш түрге бөлген. Олар: іс-қимыл пьесасы (пьесы действия), ішкі көңіл-күй пьесасы (пьесы настроение), сөз талас пьесасы (пьесы-дискуссия).

А.Сүлейменов драмалық шығармалары өзінің сипаты жағынан осы үш түрдің соңғы екі түріне келіңкірейді. Мүмкін Асқар шығармалары екі түрдің қосындысы ретінде көңіл-күй таласы, көңіл-күйлік дискуссия түрінде келетін шығар.

Осындай үш түрге бөлушілік жоғарыда біз келтірген дәйексөз ішінде Асқарда да кездеседі. Бірақ ол сәл басқаша реңкте. Ондағы үш бөлік: «жекелік», «тарихи», «мәңгілік» болып аталады.

Ситуациялар деп аталатын триптих - үштағанның бірінші пьесасы - "Жетінші палата" деп аталады. Негізгі кейіпкер - интеллигенция өкілі, тарихшы, ғылым кандидаты. Бір басына жетерлік психологиялық-әлеуметтік шырғалаңы бар тұлға. Оның жеке басына қатысты проблемалары, әсіресе емдеу мекемесіндегі психиатрмен болған сұхбатта өте ашық нанымды түрде көрінеді. Психиатр тарихшы Жұмат тұлғасына психологиялық анализ жасай отырып оның бойындағы стрестің үш түйінін былай сараптайды:

1. Әлеуметтік байланыс тұрғысынан. Жұмат түп-тамыры кәдімгі қазақы ауылдан шыққан қалалық интеллигенция өкілі. Бұл жердегі проблема - кейіпкердің ауылдан қол үзіп - қалуы (психиатр: «ауылыңыздан бейхабарсыз»). Ауыл - бас кейіпкердің шыққан ортасы. Ортадан қол үзу тұлға үшін зардапсыз болмасы белгілі. Жұмат ауылына соңғы рет баласын ертіп жеті жыл бұрын барған, яғни, шыққан ортамен байланыс әлсіреген.

Осы байланыстың әлсіреуінен немесе мүлде үзілуінен кейінгі кездегі әлеуметтік типке айналған мәңгүрттер пайда болды. Ауылдан қол үзген қалалық мәңгүрт образы ХХ ғасыр әдебиетінде кең түрде сомдалған көркем бейне болып табылады. Бұл орайда М.Әуезовтің «Оқыған азаматындағы» Жұмағұлды еске алсақ та жетеді. Бұл образдың шарықтау шегі Ш.Айтматовтың атақты «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы мәңгүрт образымен түйінделеді. Ш.Айтматовтың мәңгүрті тарихи-әлеуметтік түп-тамыры бар кейіпкер десек, романдағы Сәбитжан соның жаңа замандағы бейнесі].

Қалалық пен ауылдық кейіпкер ара жік мәселелерін анықтап ашып беруші жазушының бірі ол - Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ақын өзінің «Айтыс» поэмасында ауыл мен қала ара қатынасының қордаланған мәселелерін жақсы саралайды [5].

Ауыл - қазақтың ұлттық рухани мәйегі сақталған жер. Қала - қазақтың өркениетті жетістіктері жинақталған жер. Яғни, шындап келгенде ауыл мен қала арасындағы проблема ол тек географиялық-урбанизациялық проблема ғана емес. Ол сонымен бірге рухани өлшемдерге ие мәселе. Дәлірек айтқанда ауыл мен қала бұл мәдениет пен өркениет ара қатынасы десе болады. Қазіргі таңда социологтар өркениет пен мәдениет ара жігін ажыратқан.

Ауыл мен қала проблемасы - мәдениет пен өркениет қақтығысы, осы екі ұғымның түйіспеуі, өзара ұштаспауы. Жұмат - осы екі қақтығыс зардабын тартқан кейіпкер, әрине, Жұмат - Жұмағұл емес.

2. Отбасылық тұрғысынан. Жұмат пен Жамал ара қатынасы өте шиеленісті болып келеді. Отбасылық шиеленіс психологиялық тұрғыда болып келеді, Жұмат пен Жамал өмірге көзқарастары жағынан екі полюсті таңдаған жандар. Екеуі де білімді, талантты. Бірақ кеңестік жүйедегі талантты жандарға деген кедергілер ерлі-зайыптылардың арасына сына түсірген. Жамал өз талантының жемісін көргісі келеді, яғни ол үшін көзге көрінер нәтиже - ең басты нәрсе. Барлық нәрсе бұл өмірде нәтижемен өлшенуі керек, нақты нәтижесіз істің бәрі құнсыз. Оған театрда актриса ретінде басты рөлдердің тимей қағажу көруі - психологиялық үлкен соққы болып тиген. Докторлығын қорғай алмайтын ғылым кандидаты дәрежесінде қалған күйеуіне көңілінің толмауы, оның өмірлік ұстанымынан хабар береді. Өзге еркектерді «ГАЗ-24», «Москвичке» теңеген Жамал, өз күйеуін «Запорожец», «Мопедке» теңейді.

3. Қоғамдық орта тұрғысынан. Жұмат - ғылым адамы, ғылыми ортада біраз кедергіге ұшырайды. Оның докторлық жұмысының бітпеуінің психолог тілімен айтқанда "наркозда жатуының" себептері мынадай: біріншіден, ғалым зерттеуші өте қиын тақырып алған және сол қиын тақырыпты өз дәрежесінде ашып бере алған. Психологтың айтуы бойынша "үлкен зергерлікпен трепанация жасаған, қазақылап айтқанда қарақұсын ашқан". Зерттеушінің ғылымдағы бұндай соны ірі жаңалыққа ие қадамын әріптестері кешіре алмайды. Сондықтан жұмысқа үзілді-кесілді қарсы шығады. ВАК-қа жеткізбейді, яғни, қорғатпайды. Ғылыми ортадағы бұндай келеңсіздік сонау отызыншы жылдардан қалған сарқыншақ болып табылады.

Психолог аршып көрсеткен жоғарыда аталған стрестің үш түрі Жұматты психологиялық тұрғыдан «ішетін интеллигенция» қатарына қосқан негізгі факторлар болып табылады. Интеллигенцияның ішуінің түпкі бір себептері пьесада шеберлікпен аршып көрсетілген. Интеллигенцияның ішуі қоғамның іріп-шіруінің көрінісі. Автор Жұматтың ішуінен қоғамдық астар көреді. Нардиспансер - бұл сыртқы сюжеттік құрылымға ғана қызмет етін тұрған деталь. Нардиспансердің пациенттерінің кәсіптік әр алуандығы да назар аударарлық.

Сахатов - тарихшы, Келісов - жазушы, Өріков - саудагер, Мюллер - музыкант, Мазок - ГАИ қызметкері, яғни мұнда қоғамның барлық саласы қамтылған.. Нардиспансер сол қоғамның шағын моделі секілді болып көрінеді. Яғни, нардиспансер - қоғамның шеткері қалған керексіз бөлшегі емес, соның нақ сөзі, соның басқаша түрдегі көрінісі. Автордың айтпақ ой-ишараты осыған әкеліп тірейтін сияқты.

«Жетінші палата» - интеллигенттер жайлы пьеса. Тіпті емхана пациенттерінің негізгі бөлігі оқыған білімді интеллигенттерден тұрады. Емхана психологы «ішетін интеллигенттер» терминін бекерге қолданбайды. Бұл әлеуметтік топқа пьесадағы негізгі кейіпкерлер-Ж. Сахатов, Келісовтер де кіреді. Келісов- жазушы. Келісов те бір ұлттың бетке ұстар әлеуметтік тобына жататын тұлға. Сахатов ғалымдар әулетінен. Екеуі екі ұлттың (жазушы, ғалым) бетке ұстарлары. Ол екеуі де иыққа түсер жауапкершілік салмағын сезіне алады. Бұған олардың екеуі ара диалогынан көз жеткізуге болады.

Келісов пен Сахатов арасындағы диалог жай диалог-сұхбат емес, пікір-талас- дискуссия түріндегі диалог. Диалогтің бұндай түрі шын мәнінде екі кейіпкер болмысына тән түрде тандалған. Екі кейіпкердің жазушы, ғалым болуы белгілі дәрежеде образды сомдау процесінде рөл атқарып тұр. Келісов- «Ерулітегі» Жақия емес. Екі кейіпкер арасындағы әңгіме бірден интеллектуалды дискуссия түрінде өрбиді. Әңгіменің алғашқы арқауы әдебиет жайында боп келеді. Әңгіменің нақты тақырыбы астарлы түрде беріліп бірте-бірте айқындалады. Әуелгіде «әңгіме бір роман жөнінде», «қазақ елі туралы роман», «қырғыз жазған роман» деп айтыла келе, ақырында сұхбат төркіні Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романы жайында екені белгілі болады. Қырғыз, қазақ екі ұлт өкілінің бірден әңгіме арқауы етіп Ш. Айтматовты алуында да ерекшелік бар. Екі ел өкілі екі жаққа бірдей қатысты, өзекті мәселелерді әңгіме тақырыбы етіп теріп алып отыр. Жазушы Айтматов туралы әңгіме ауаны Кенесары хан туралы тақырыпқа ойысады. Оған себепкер Келісовтің «сіз емшектес жұртты айтқанда есіме Кенесары түсті» деген сөзі болатын. Келісов тарапынан қозғалған Кенесары жайлы әңгімеге байланысты Ж. Сахатовтың позициясы да айта қаларлықтай. («Өкінем, бірақ кешірім сұрамаймын»). Әрине екі кейіпкер арасындағы әңгіме төркіні нардиспансер палатасынан гөрі университет кафедрасында өтіп жатқандай әсер қалдыруы мүмкін. Бірақ, оқиға өрбүі үшін жазушы тандаған сахналық кеңістік орын мүлде тың, тосын. Пьесадағы оқиға мен ол өтетін орын өте контрасты қалыпта тандалған.

Пьесадағы кейіпкерлер де бір-біріне антипод, кереғар мінезқұлық иелері. Пациенттер арасындағы Келісов, Өріков, Сахатов, шал өз алдына бір бөлек, Илахунов, Мазок, Скоп, Бойко, Пак алдыңғыларға мүлде қарама-қарсы типтер. Емдеуші дәрігерлер де өздерінің көзқарас ұстамдары жөнінде екі жікке бөлінеді. Мысалы Мягков пен терапевт әйелдің өз пациенттеріне деген қарымқатынасында айырмашылық бар. Мягков пациентке белгілі бір тағдыр иесі адам ретінде қараса, терапевт әйел жай пациент ғана, онда да, алқаш пациент деп қарыйды.

А . Сүлейменов кейіпкерлері – реалды кейіпкерлер. Ол оларды көзге ұрып тұрған тұрғандай белгілі қалыпқа түсіруге тырыспайды.

Жазушы өзінің драмалық шығармаларын жазуда да өзіндік көркемдік концепциясын берік ұстанады. Суреткердің драмалық шығармалары мен прозалық шығармаларындағы тіл қолданыс ерекшеліктері бір. Суреткердің диалогтері де бірыңғай монологизмнен тұрады. Диалог жасаушы әрбір кейіпкер сөзі өз алдына стильдік ерекшелікке ие емес. Кейіпкер сөздерінің бұлай болып келуі ол шығармадағы автор ұстанған идеялық концепцияға байланысты. Бұндай ерекшеліктерді, негізінен, интеллектуалды шығармаларға тән деуге болады.

Жазушының драмалық шығармалардағы диалогтері өте шиеленісті, андап оқымаған адамға түсінілуі ауырлау болып келеді. Жазушы диалогтары кәдімгі прозалық шығармалардағы баяндаушылық мәнеріне ұқсас болып келеді. Мысалы «Ерулік» пьесасындағы диалогке көз жүгіртіп көрейік:

«Жақия. Толстой- кемеңгер. Біз – пенде. Мен генийді кемеңгер деп алып жүрмін. Ал кемеңгер – ақ болсын. Сонда ол кімнің шікәрәсі?

Жақия. Мен атеистпін. Мен үшін құдай жоқ.

Актер. Мен атеисті – тәңіртанымас, алиментті- нәпәқа деп алып жүрмін.

Жақия. А? Мынауың қазақ екен-ай. Бірақ менен еңбекшіл хәм эстет жазушы көрдің бе?

Актер. «Маймылды адам еткен еңбек». Дәл осылай деп менің жөйт бабам айтқан» [б, 128-129 бб.].


Осы жердегі екі кейіпкер арасындағы әңгіме шын мәнісіндегі кәдімгі екеуара әңгімеден гөрі бір көркем мәтініне көбірек келіңкірейді. Бұндағы сөздерінен қандай да бір ерекшелік көру қиын. Екі арада ешқандай бір тартыс, келіспеушілік сыңайы байқалмайды. Кейіпкерлердің сөз саптасы да бір қалыптан шыққандай әсер береді. Екі кейіпкер де сөзге жүйірік, екеуі де интеллектуалды ойпікірдің адамдары. Әңгіме нысандары да тым ауқымды, әрі ол шашыраңқы ойлардан тұрады. Екі кейіпкер әңгімесінен нақты мәселені шешетіндей сыңай байқалмайды, ондай ұмтылыс та жоқ. Бұлар үшін ең маңыздысы белгілі тақырып төнірегінде әңгіме өрбітіп, диалог құру ғана секілді. А.Сүлейменовтің драмалық кейіпкерлері кейде жеке тұлғалық бейнеден гөрі үлкен жалғыз кейіпкерлердің ішкі ой ағымының стихиясын паш ететіндей дүние болып көрінетіні бар. Драмалардағы интеллектуалдық ой ағыстары сахналық кейіпкерлерді физикалық тұлға ретінде көлкгейлеп тұратындай әсер береді.

А. Сүлейменовтің драмалық шығармалары терең концептуальдық үлгіге («Драма-концепция») құрылған. Жазушының шығармашылығы ұлттық үрдіспен шектелмей, әлемдік біртұтас әдеби процеске кіріге алуымен ерекшеленеді.

Мақаламызды қортындылайтын болсақ, драмалық шығармалар мен қойылымдар арқылы оқырмандар мен оқушыларды рухани дамытуға болады. Мысалы, «Ерулік» драмасы арқылы оқушы ұлттық дәстүрімізден харбардар болады. Ал, «Жетінші палата» драмасы арқылы «интеллегенция» деп кімдерді атауымызға болатынын және нағыз интелегенттердің іс-әрекеттері өандай болу керек деген ақпарат алады. Сонымен қатар, оқушы да нағыз интелегент болуға тырысады. Драмалық шығармаларды оқу арқылы оқушылардың дүниетанымы да кеңейеді. Себебі, драмалық шығармалардың барлық дерлігінде ұлттық мәселелер сөз болады. Сол ұлттық мәселелерді оқи отырып, оқушылар өзіне керегін ала алады деп санаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Хализев В.Е Драма как род литературы.-Москва: МГУ, 1986.-260 с
2. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: Өнер, 1981.- 328 б.
3. Шиллер Ф. 7 томдық шығармалар жинағы. 6 том. – Москва: Наука, 1957.-250 б.
4. Сүлейменов А. Болмыспен бетпе- бет. –Алматы: Жас қазақ, 2001.-184-192 бб
5. Торайғыров С Айтыс // Қамар сұлу.- Алматы: Атамұра,-2002.-203-234 бб.
6. Сүлейменов А. Кек.-Алматы: Өнер, 1997.-728 б.



УДК 81`1

### **АНАЛИЗ СИНОНИМИЧЕСКИХ РЯДОВ ГЛАГОЛА «ВИДЕТЬ»**

**Джылкыбекова Г.Т. - к.п.н., доцент  
Таразский региональный университетимени М.Х.Дулати**

**Аннотация.** Большую роль в русском языке играют синонимы, которые не только дополняют значения слов, но и усиливают различные выражения. В данной статье рассматриваются определение синонимов, их классификации и основные функции. В качестве объекта исследования выступают синонимические ряды глагола «видеть», с целью изучения их стилистических функций и семантических значений. Статья адресована, в первую очередь, преподавателям, обучающим русскому языку китайских студентов, что позволяет использовать материалы работы в преподавании русского языка как иностранного.



**Ключевые слова:** синонимы; синонимические ряды; типы синонимов; функция синонимов; русская риторика

**Abstract.** In the Russian language, a large number of synonyms, not only adds definitions of terms, but also enhances different emotional and increasing means of expression. This work begins with the definition of synonyms, basic types and basic functions, choose a chain of synonyms “See” at the heart of the object of study to study the actual cost and verbal outcomes in terms of the chain of synonyms.

**Keywords:** synonyms; synonyms; synonyms; Russian rhetoric.

В связи с глобализацией экономики, развитием технологий и расширением международного информационного обмена, происходит укрепление сотрудничества и контактов между странами. Мощным средством культурного обмена, в первую очередь, является язык. В процессе изучения того или иного языка часто возникает ситуация, когда необходимо произвести выбор верного выражения среди нескольких синонимических конструкций. Независимо от того, о каком языке идет речь, слова с одинаковым значением, или полные синонимы, встречаются редко. Русские синонимы, используемые при обучении в качестве примеров, в большинстве своем близки или сходны по значению. Большое количество синонимов в русском языке затрудняет выбор нужного слова, поэтому необходимо учиться правильно использовать и различать синонимические слова и выражения.

Определение синонимов. Прежде всего, уточним определение синонимов в теории языка. Так, Л.А. Новиков считает, что синонимом является слово с одним и тем же ссылочным объектом в определенном контексте и дискурсе. Следовательно, понятие лингвистических синонимов должно быть определено в двух аспектах: во-первых, лексические значения одинаковы или в основном одинаковы, то есть концептуальные значения словарного запаса вне контекста схожи, во-вторых, они принадлежат одной и той же части речи.

Известно, что значение слова включает в себя лексическое, грамматическое и дополнительное значения. Добавочные элементы, такие как эмоциональная окраска, являются воплощением субъективной оценки. В этом случае лексические единицы играют роль языковых символов в потоке слов, находясь под влиянием других факторов, но не передавая саму суть значения. Следовательно, мы можем попытаться определить синоним следующим образом: синонимы, относящиеся к различным внешним проявлениям сходных смыслов, по-разному передают одинаковое лексическое значение, которое полностью или в основном совпадает.

Сходные значения при этом может иметь целая группа слов, которые отличаются, в основном, дополнительным эмоциональной и стилистической окраской и т. д.;

синонимы относятся к одной и той же части речи, имеют один и тот же или сходный смысл, при этом они отличаются по произношению, по-разному называют одну и ту же вещь, явление, черту характера и т. д., в основном синонимы обладают повторяющимся значением и аналогичной семантической концепцией. Таким образом, три перечисленных качества являются ключом для точного определения синонимов.

Способность разных по произношению слов обладать тождественной или близкой семантикой, осуществлять номинацию одних и тех же предметов или явлений, обладать одинаковыми денотатом и десигнатом, называется синонимией. Именно эта особенность нивелирует семантические различия между синонимами, то есть позволяет им в определенном контексте быть практически полностью взаимозаменяемыми единицами языка. Поэтому в специальных словарях синонимы представлены в виде синонимического ряда с опорным словом. Итак, синонимы относятся к группе сходных слов, которые можно использовать для выражения различных понятий, называя предметы и явления, признаки и действия в определенном контексте. Синонимы позволяют разнообразить речь, уточнить и конкретизировать лексические и грамматические значения.

1.2. Основные типы синонимов. Русские лингвисты делят синонимы на три категории: лексические синонимы, стилистические синонимы и лексико-стилистические синонимы.

1) Лексические синонимы относятся к синонимам одинакового или сходного значения. Большинство слов в этой категории самодостаточны, и их можно правильно понять, исходя из словоупотребления и контекста. Например:

Сегодня хорошая погода. – Сегодня прекрасная погода!

В приведенных примерах слова “хорошая” и “прекрасная” используются для описания благоприятных погодных условий: оба прилагательных отличает положительный смысл, одобрительная оценка.

2) Стилистические синонимы имеют одинаковое значение, но различную стилевую окраску и экспрессивные возможности. Например:

Он умер от болезни – Руководитель компании скончался в результате продолжительной болезни. Оба глагола: «умереть» и «скончаться» – означают «смерть». При этом «умереть» – более часто употребляемое слово, нейтральной окраски, а слово «скончался» подчеркивает уважение к умершему и имеет книжную окраску. Лексико-стилистические синонимы относятся к синонимическим парам, которые имеют отличительные черты, позволяющие отнести их к разным стилям и экспрессивным возможностям. Например, ряд синонимов: овощи – зелень – плоды – пикули – огородные культуры – означают «овощи». При этом нейтральное слово «овощи» относится к съедобным растительным продуктам, а зелень – это собирательное существительное и означает травы, зеленные культуры; слово «плоды» относится и к фруктам, и к овощам, а «пикули» означает, что овощи имеют малый размер и предназначены для заготовки; выражение «огородные культуры» говорит о том, что овощи выращены культурным образом, на огороде.

1.3. Функции синонимов. Исследователь синонимов Сунь Вэй обращает внимание на возможность замены одного слова другим, точности синонимов и их стилистических функций. Синонимы являются средством обогащения языка, делая речевые выражения более точными, яркими и выразительными. Известно, что функциями синонимов являются функции замещения, уточнения, интерпретации и экспрессивно-выразительные функции.

2. Анализ глагола «видеть», с точки зрения его синонимических рядов

В русском языке достаточно много синонимов. С развитием лексики и уточнением определений, семантических значений многие из них становятся предметом внимания многих исследователей. Наличие синонимов делает речь более совершенной, наполняет ее выразительными оттенками, отражая многообразие национальных коннотаций. Самыми сложными словами в русском языке являются глаголы. По мнению О.Н. Ляшевской и С.А. Шарова, чьи исследования в области словарного состава русского языка представлены в «Новом частотном словаре русской лексики», вмещающем в себя 1000 самых распространенных глаголов, визуальный глагол «видеть» имеет самую высокую частоту употребления – 818,2. Он занимает 15-е место среди всех русских глаголов. Проанализируем синонимические ряды слова “видеть”.

2.1. Основные значения глагола “видеть”: воспринимать глазами;

иметь то или иное зрение; смотреть; просматривать; восприняв информацию, убеждаться; встречать(ся); встретить, чтобы поговорить; иметь опыт восприятия, быть свидетелем; изведать, пережить; представлять, придумывать; считать; понимать; знать.

2.2. Цепочки синонимов глагола «видеть»

Глагол «видеть» принадлежит к категории многозначных слов, поэтому значение следует выбирать таким образом, чтобы можно было проанализировать его семантику по существу, в то же время подтвердив соответствие всему синонимическому ряду.

Так, синонимы к слову «видеть»:

1) зреть;

2) замечать, видать, лицезреть;

3) считать, думать, полагать, находить, рассматривать, смотреть, усматривать.

1) зреть: И лестницу Арсений зрит сквозь сумрак (Лермонтов).

2) замечать: Только острый, наметанный глаз мог бы заметить, что на бурой равнине не было безлюдно и спокойно. (А.Н. Толстой)

3) видать: Я поглядывал в небо – не видать ли перелётных птиц (Арамиилев).

4) лицеизреть: Лицеизреть всех вас больше я не хочу, не желаю. (Леонов)

5) узреть: Если мы обратимся к анализу его [Тургенева] произведений, то узрим в них и социальное содержание. (Калинин)

6) считать, подразумевать: Старый он человек, твой отец, а первым пришёл на шахту восстанавливать её, и в этом он подразумевал смысл своей жизни. = Старый он человек, твой отец, а первым пришёл на шахту восстанавливать её, и в этом он видел смысл своей жизни (Галин).

7) думать: Что вы об этом думаете? = Что вы видите в этом?

8) полагать: Полагаю, что он прав = Вижу, что он прав.

9) находить: Ольга не спускает с меня глаз! Что она нашла во мне такого? (Гончаров) = Что она увидела во мне такого?

10) рассматривать: Что это вы так внимательно рассматриваете? = Что это вы там видите?

11) смотреть: Он смотрит телевизор вечером. = Он вечером видит телевизор.

12) усматривать: Ничего удивительного в этом не усматриваю. = Не вижу ничего удивительного.

Благодаря приведенным выше синонимам и примерам их употребления, мы можем убедиться, что в первой цепочке такие синонимы, как «зреть», «лицеизреть» и «видеть», имеют близкие значения, поэтому «зреть» – это лексический синоним глагола «видеть».

Синонимы во второй цепочке представлены словами «замечать» и др., сходными с глаголом «видеть», поэтому «замечать» является лексическим синонимом глагола «видеть». «Видать» имеет близкое значение слову «видеть», но отличается по стилю, следовательно, «видать» является стилистическим синонимом глагола «видеть». Слово «лицеизреть» по значению сходно со словом «видеть», но отличается по стилю и употреблению, поэтому «лицеизреть» является лексико-стилистическим синонимом глагола «видеть». В свою очередь, «узреть» имеет значение, сходное со значением глагола «видеть», но отличное по стилю, поэтому «узреть» является лексико-стилистическим синонимом глагола «видеть».

Синонимы в третьей цепочке слов более распространены, «считать» и «видеть» имеют одинаковое значение, поэтому «считать» – это лексический синоним глагола «видеть»; «думать» имеет то же значение, что и «видеть», поэтому «думать» – лексический синоним глагола «видеть»; «полагать» имеет значение, близкое к значению слова «видеть», поэтому «полагать» – синоним глагола «видеть». Так же и глаголы «находить» и «видеть» имеют сходство в значении, но в данной синонимической паре обращает внимание стиль и точность выражения, его выразительность. Поэтому «находить» – это стилистический, экспрессивный синоним глагола «видеть». Синонимическая пара «рассматривать» и «видеть» означает похожие, но с акцентом на наблюдении, с различным оттенком. «Рассматривать» – это стилистический синоним глагола «видеть». В свою очередь, «смотреть» и «видеть» имеют одно и то же значение, но «смотреть» – это действие, а «видеть» – результат, поэтому «смотреть» – лексический синоним глагола «видеть». «Усматривать» и «видеть» имеют сходные значения, но отличные по стилю, поэтому «усматривать» является стилистическим синонимом глагола «видеть». Семантическая синонимическая цепочка слов обогащает их интерпретацию. В различных контекстах может быть несколько синонимических выражений, заменяющих друг друга. При этом расширяется значения выражений, их диапазон увеличивается. Это позволяет сделать речь более точной и аутентичной, а выражение более акцентированным и выразительным. Разнообразие семантики и стилистические оттенки слов позволяют избежать однообразного и приблизительного выражения в процессе общения.


В ходе культурного и языкового обмена, китайские и зарубежные ученые продолжили изучение лексических значений слов, углубили исследования в области семантики. При этом

синонимия как языковое явление стала одним из ключевых объектов анализа. Пристальное изучение синонимов в русском языке позволило достичь хороших результатов. Несмотря на некоторые расхождения в определении синонимов, их последовательное изучение позволяет прийти к ясным, последовательным выводам об значениях синонимов, оттенках и стилистических различиях в синонимических рядах. Углубленные исследования путем сопоставления значений и стилистической окраски расширяют семантику синонимов, усиливают их риторичность. Значительно обогатился, пополнился в результате подобной лингвистической деятельности русский словарный запас. Следовательно, изыскания в области синонимии играют важную роль в преподавании русского языка, способствуя составлению списка синонимов русского языка как иностранного.

Русский язык чрезвычайно богат синонимами, которые являются своеобразными «жемчужинами» русского словаря. Даже в процессе написания данной статьи, многократное повторение одних и тех же слов существенно ограничило бы понимание и осмысление текста. Напротив, синонимия не только расширяет семантику, но и обогащает смысл текста, позволяя использовать выразительные приемы и выражения. Анализ и рассмотрение языковых явлений в различных аспектах могут быть проведены гораздо полнее и объемнее. В результате, статья позволяет выразить всю полноту мысли, разнообразные точки зрения, а также насладиться стилистикой и повысить точность и экспрессивность написания текста. Многие русские слова имеют синонимические ряды, цепочки смыслов, которые могут быть по-разному использованы в различных контекстах. Чтобы правильно выразить значения слов, приведенных в статье, мы должны правильно понимать логику использования синонимов. Следовательно, в повседневном обучении русскому языку как иностранному, целесообразно постоянно практиковать знание лексических и стилистических значений синонимов, закрепляя их в памяти, но помня о нюансах и оттенках употребления синонимов и избегая ошибок в их использовании. Частое чтение словаря синонимов или художественной литературы – отличный путь к изучению языковых средств. Пополнение словарного запаса, соблюдение языковых норм, творческое использование синонимов отражают большую свободу в освоении русского языка.

### Список литературы

1. Новиков Л.А. Семантика Русского Языка. [М]. Москва, 1982: – с. 222- 223.
2. Го Вэй, Хэ Иню. Введение в семантику [М]. Пекин: Издание по изучению и изучению иностранных языков, 2002 – с. 74-75.
3. Цао Вэньмин. Исследование природы, функции и распределения русских синонимов. Чанчунь: Северо-восточный педагогический университет/ – 2011.
4. Го Жуйхун, Чан Ин. Использование цепочки синонимов в преподавании русского языка на примере синонимического ряда к слову «Страна» // Педагогическое образование в России. – 2016, №12. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-tsePOCHKI-sinonimov-v-prepodavanii-russkogo-yazyka-na-primere-sinonimicheskogo-ryada-k-slovu-strana> (дата обращения: 14.02.2019).



## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛ БОЛУҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Жанкабаева Жансая Болатқызы, Серкебаева Ляззат Байғанқызы  
«Бастауыш сынып педагогикасы» кафедрасы  
М.Х.Дулатаи атындағы Тараз өңірлік университет

**Аңдатпа.** Мақалада оқушыларға көркем шығармаларды оқыту арқылы рухани дамытуға болатыны айтылған. Сонымен қатар, мақалада көркем шығармалардан мысал келтіре отырып, сол шығармалар арқылы оқушыларды шығармашыл болуға баулуға болатыны баяндалған, көркем шығармалардың дүниетанымы мен теориялық мәні айқындалған. Сонымен қатар, М.Әуезовтың, Ш.Құдайбердиевтің, І.Жансүгіровтың шығармашылық ізденістері, тақырыптық – идеялық, стильдік – тілдік, жанрлық сипаттары әдеби процеспен тығыз байланыста сөз етіледі.

**Кілт сөздер:** көркем шығарма, рухани құндылық, әдебиет әлемі, тәрбие, шығармашыл, отансүйгіштік.

**Аннотация:** В статье говорится, что учащиеся могут развиваться духовно, обучая художественным произведениям. Кроме того, в статье изложено, что на примере художественных произведений можно приобщить учащихся к творчеству, определено мировоззрение и теоретическое значение художественных произведений. Вместе с тем, творческие поиски М. Ауэзова, Ш. Кудайбердиева, И. Жансугурова, тематико – идейные, Стилево – языковые, жанровые характеристики выражаются в тесной связи с литературным процессом.

**Ключевые слова:** которые часто используются в статье: художественное произведение, духовная ценность, мир литературы, воспитание, творчество, патриотизм.

**Abstract.** The article says that students can develop spiritually by teaching works of art. In addition, the article, using the example of works of Art, describes how it is possible to teach students to be creative through these works, defines the worldview and theoretical meaning of works of art. In addition, the creative searches, thematic – ideological, stylistic – linguistic, genre characteristics of M. Auezov, Sh.Kudaiberdiev, I. Zhansugurov are closely intertwined with the literary process.

**Key words:** artistic work, spiritual value, the world of literature, education, creativity, patriotism.

Адам өмірінің гүлденетін де, адам табиғатының сұлуланатын да кезеңі – ол жастық кезеңі. Жастық шақта берілген білім мен тәрбиенің адам өмірінде маңызы өте зор. Білім мен тәрбиенің де неше түрі болады. Солардың ішінде оқушыларға, студенттерге көркем шығармалар арқылы көркемдік-эстетикалық білім мен тәрбие беру ол өз алдына бір әңгіме. Сол себепті де жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру, оның көркемдік-эстетикалық талғамы мен мәдениетін, тіл байлығын кеңейту, әдебиет арқылы туған елдің тарихын білу қаншалықты игі міндет болса, соншалықты қиын әрі күрделі міндеттердің бірінен саналады. Осы аталған міндеттердің іске асуы оңай әрі жылдам жұмыс емес.

Әдебиеттану ғылымында жас ұрпақтың көркем туындыға, шығармашылыққа деген қызығушылығын ашу, шығармашылыққа баулу – аса күрделі мәселердің бірі деп есептейміз. Ақынның немесе жазушының шығармашылығына ену, оны зерттеу мен зерделеу - күрделі іс ғана емес, өте нәзік әрі қиын міндеттердің бірі. Бұл тұста ақын-жазушылардың шығармашылық еңбегінің әуелгі бастау-көзінен бастап, негізгі басқа да құпия-сырларға толы авторлық қиялға толы дүниелерді зерттеу қажет. Дегенмен, осы көркем шығармалар арқылы оқушылар мен студенттердің көркем шығармаға, көркем дүниеге, ұлттық әдебиетке, ұлттық санаға, салт-дәстүрге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға әбден болады.

Қызығушылығын арттыра отырып, келешек жас ұрпақтың көркем-эстетикалық талғамын, ақ пен қараны ажырата білетін етіп тәрбиелеуге болатын тағы бар.

Келесі кезекте жас ұрпақтың көркемдік танымын қалыптастыруда, арман-қиялын дамытуда көркем әдебиет шығармаларын оқудың да игі әсері мол. Проза, поэзия, драма арқылы бар жақсылықты сезініп, әдемілік пен жақсы істің әсерінен эстетикалық санасы, талғамы артады, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік туғызады. Қазіргі әр түрлі ақпарат тасқындарының мол шағында жастардың көркемдік-эстетикалық бағдарын айқындауда, талғам түсінігін дамытуда әдеби - көркем шығармаларының тигізер пайдасы зор. Өнер-эстетикалық тәрбиенің қайнар бұлағы. Өнер адамдары сұлулықпен эстетикалық тәрбиенің меңгерушісі. Әр адамда өнерге деген құштарлық бар. Кішкентай сәби ән ырғағын сезеді, суреттің ашық бояуына қызығады. Сондықтан өнер адамының рухани жағынан жетілуге ықпал етеді. Жалпы орта білім беру мектептерінің оқу жоспарында өнер пәндеріне (әдебиетке, музыкаға, бейнелеу өнеріне) аз да болса сағат бөлінеді. Эстетикалық тәрбиенің өнер арқылы жүзеге асыру түрін «көркем әдебиет» дейді. Көркем тәрбие – тікелей өнер шығармаларына көңіл аудара отырып, жеке адамның әдемілікті дұрыс қабылдауын талап етеді. Көркем тәрбие арқылы баланың бар мүмкіндігін ашып өнер адамы болуға жағдай жасау. Бұл әсте ондай балалардан өнер қайраткерлерін даярлау емес. Адам біраз көркем шығармаларды білуімен қатар, өнердің кейбір саласынан хабардар болғаны дұрыс

Мысалы, ұлттық жана әдебиеттің қалыптасуында белгілі роль атқарған қазақтың белгілі жазушыларының шығармалары арқылы Қазақстандағы халық өмірінің елеулі кезеңдерін, өткен тарихымызды, қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзекті мәселелерді, халқымыздың ұлттық мінез-құлқындағы кейбір тек арнайы ұлтқа тән құбылыстарды жас ұрпақтың бойына сіңіре аламыз. Тағы да халқымыздың танымал қаламгерлерінің көркем шығармалары арқылы белгілі бір оқиғаның жалаң суреті ғана емес, халық тағдыры, адам жайлы толғаныстары, ұлттық психологияның көрінісін танып білеміз. Міне, осы жоғарыда аталған құбылыстарды, ұлттық тарихымызды, ұлттық психологиялық көріністерді, салт-дәстүрлерімізді, ұлттық таным мен санамызды танып білуге осы көркем шығармалардың тигізер пайдасы ұшан-теңіз деп санаймын.

«Көркем шығарма — әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», — [1, 19 б.] деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Әдебиет сабағында көркем мәтінмен жұмыс істеу оқушылардың танымдық, талғамдық дүниетанымын жетілдіреді деп есептейміз.

Себебі, оқушы көркем мәтінді талдай білу арқылы нақты, нақты сөйлеуге, мысал арқылы дәлелді сөйлеуге, көркем сөйлеуге дағдыланады. Сол арқылы ол сөздің құдіретін, қасиетін түсінеді. Берліген мәтінге де көп мәселе байланысты. Мысалы, мәтіннің әр сөйлемінде отансүйгіштікке, ұлттың тарихын меңгеруге, ұлттың тілін қадірлеуге т.б. дүниелерге байланысты сөйлемдер болса, сол арқылы оқушының, жас ұрпақтың жүрегіне, сезіміне, ойына әсер етуі керек. Мәтінмен жұмс жасау тек оқушының ойына, сезіміне ғана емес, сонмен қатар есте сақтау қабілетін нығайтатыны тағы бар.

Күнделікті пайдаланатын тілді жақсы меңгерген баланы оны кестелеп, әдемілеп қолдануға дағдыландыру керек. Мағынасыз сөздер, шұбалаңқы сөйлемдер, айтатын ойын нақтылап беруге шорқақтық көркемдеп сөйлеуге зиянын тигізеді. Сондықтан көркемдеп сөйлеуді әр сабақта жүйелі түрде жүргізген тиімді болмақ. Көркем сөйлеу оқып отырған көркем шығармаға да тікелей байланысты. Оқушыларды әңгімелеу, мазмұндау кезінде жиі мәтінге үңілдіріп, кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айтуды талап ету-осы көркемдеп сөйлеуге баулудың басты жолы. Көркем сөйлеудің негізгі белгілері топтар, фигуралар түрін меңгерту, теңеулер мен баламаларды сөйлемде жиі қолдану болмақ. Көркем мәтінді оқу барысында керекті дәйектемелерді ала білуге, бейнелі оралымдарды теріп алуға баулу. Көркем шығарма тілін талдауда жазушының суреткерлік шеберлігін, эстетикалық

мүмкіндігі, тілдік құралдарды поэтикалық деңгейге сай қолданылуы, сөздің, фразаның күдіретін дұрыс танытады.

Қазіргі таңда, «Қазіргі оқушылар, жастар көркем шығарма оқымайды», «көркем шығармаға қызықпайды» деген қику әңгімелерді көп естиміз. Себебі, қазіргі уақытта технологияның дамыған заманында кітіпханаға барып, қолымызға кітап ұстағаннан, үйде отырып, компьютер немесе телефон арқылы интернетке кіріп, «Уикипедия» арқылы қажет деп тапқан ақпаратына қол жеткізе алады. Қазіргі жастар міне, осындай ақпарат іздеудің оңай жақтарына көп жүгінеді.

Ал, кітапханаға барып қолына кітапты алып, оны парақтап оқудың өзі бір ғанибет. Егер бір көркем шығарма оқырманына ұнап, қызығып жатса, ол оқырман келесі шығарманы іздеп жүріп оқитын болады. Ол сөзсіз. Бірақ, сол жас ұрпақтың көркем дүниеге деген қызығушылығын ояту үшін не істеу керек?

Ол мектеп немесе жоғары оқу орынарының ұстаздарының міндеті деп есептеймін. Біздің санамызда көркем әдебиетті тек сол маман иелері оқу тиіс деген ой сайрап жатыр. Жазушы М.Әуезов: «Өз әдебиетін, тарихын білмеген адамды интелегент деп атауға болмайды»,- [2, 71б.] дейді. Мысалы, белгілі сыншы Ілия Омаров Ташкент қаласында Орта Азия жоспарлау экономикалық және сауда-тауар ісі институтын бітірген. 1967 – 1970 жылы Қазақ КСР-і Мәдениет министрі болып қызмет атқарған. Айтайын дегеніміз, І.Омаров мамандығы экономист бола тұра көркем әдебиетке деген қызығушылығы өте жоғары болған. Ол Абай шығармаларының бәрін оқып, оның шығармаларына сын жазады. Ол сын жазғанда өте сауаты жазады. Қазір біз І.Омаровты нағыз маман, сыншы ретіне танимыз. Сондықтан, көркем шығарманы оқудың маңызы өте зор екен.

Мысалы, жоғарыдағы сөзімізге дәлел ретінде, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына көп үлес қосқан Ілия Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын алайық. Поэманың басынан аяғына дейін қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптеу, хадқымыздың сол ұлттық құндылықтарды кейінгі ұрпақтың ұмытпауы сияқты мәселелер алға тартылған [3, 98б.] .

Ал, кітап оқып, ондағы кейіпкерлердің әлеміне ену ол өзінше бір ғажайып дүние деп санаймын. Мысалы, Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы, М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» поэмасындағы кейіпкерлер тағдырына іштей аяушылық білдіресің. Дегенмен, осы шығармадағы кейіпкерлердің тағдырына, іс-әрекетіне аса назар аударсақ, қазақтың жеті атадан аспай қыз алыспайды деген даналығы басым тұрғандығын ескереміз. Міне, осындай ұлттық құндылықтарды оқушының санасына сіңіру арқылы біз, салт-дәстүрлерімізді дәріптей аламыз [4, 81б.] .

Көркем әдебиетті көп оқудың тағы бір пайдасы – ол оқырманын шығармашылық қиялға жетелейді. Ал, «Қиял — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс: «...барлық жан қуаттарын (рухани күштерді) тек қиял ғана өзіндік сақталатын сөздік заттарды модельдендіре алады» (әл-Фараби). Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады», - [5, 21б.] дейді ғалым Қ.Жұмалиев.

Адам қиялы еңбек процесінде, іс-әрекет үстінде жарыққа шығып, дамып отыратынын ескерсек, оқушы оқыған көркем шығармасына байланысты шығармашылық қиялға беріліп, шығарманы өзінше өрбітіп, өзінше аяқтап, өз бетінше қайта жасап, өндеу процесінен өткізе алады. Ал, мұның өзі оқушыны шығармашылыққа жетелейді.

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде деп санаймыз. Ал осы жас ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Жоғарыда айтқанымыздай бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын,


ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекеттер қатарынанан саналғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер де мектеп оқушыларына, әсіресе әдеби шығармаларды оқыту, рухани мәселелерді жас ұрпақтың бойына сіңіру т.бү мәселелер бүгінгі таңда қатардан қалып қойды. Ал, мектепте басқа салалардың пәндік сағаттары көбейіп, тіл мен әдебиет пәндернің сағаты азайғаны баршамызға белгілі. Дәл қазіргі таңда білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етіп отыр. Сондықтан жас ұрпақты әдеби шығармаларды оқыту арқылы тәрбиелеу керек деп санаймын.

Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Сондықтан мұғалім қашанда кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенді, жаңашыл, қажымас еңбек ететін жандардың бірі болып саналады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы.– Алматы: Жазушы, 1998. – 276 б.
2. Әуезов М. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1981. – Т.5. – 492 б.
3. Жансүгіров І. Құлагер. – Алматы: Ғылым, 1992. – 176 б.
4. Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім //Шәкәрімтану мәселелері: сериялық ғылыми жинақ. –Алматы: Раритер, 2007. – Т.1. – 448 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Астана: Фолиант, 2002. – 376 б.



**ӘОЖ 541.124**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Сапарова А.Б. - п.ғ.магистрі, оқытушы**

**« Ұстаз институты», «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті**

**Андатпа.** Мақалада оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы қиындықтарды анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге сапалы білім алуға бағытталатын сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігі мәні ұсынылған. Бастауыш сынып оқушылары кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, тұжырым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету туралы қарастырылған.

**Кілт сөздер:** сын тұрғысынан ойлау, оқу жетістігі, жаңа технология, үрдіс, инновация, дағды, ықпал, идея, ойлау.

**Аннотация.** В статье представлена сущность эффективности использования технологии критического мышления, направленная на выявление у учащегося трудностей в различных ситуациях, умение делать собственные выводы, самооценку, самостоятельное



обнаружение, анализ критической информации, получение качественных знаний для аргументации с помощью логических операций. Речь идет о том, чтобы ученики начальных классов критически относились к любому содержательному понятию, учили выбирать наиболее нужные мнения, высказывания, принимать решения.

**Ключевые слова:** критическое мышление, академические достижения, новые технологии, тенденции, инновации, навыки, влияние, идеи, мышление.

**Annotation.** The article presents the essence of the effectiveness of the use of critical thinking technology, aimed at identifying difficulties in various situations, the ability to draw their own conclusions, self-assessment, independently find critical information, analyze it, and get high-quality knowledge to prove it using logical operations in order for the student to become a person. Primary school students are taught to critically look at any content concept, choose the most appropriate opinion, conclusion, and make decisions.

**Keywords:** critical thinking, academic achievement, new technologies, trends, innovations, skills, influence, ideas, thinking.

Қазіргі таңда дәуір талабына сәйкес білім беру жүйесінде білім берудің қарыштау тенденциялары мен тенденцияларын қамтитын, дамытатын елуден астам педагогикалық технологиялар қолданылады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – дейді халқымыз. Жақсылыққа бастайтын жарыққа жетелейтін сәуле жұлдыз – оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған маңызды парыз – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның тәуір ғұмыр сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал қаракет, мінсіз сана, кіршіксіз жүрек. Бұл сапалар адамжаратылысқа келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі – бұл келешек тірегі, мемлекеттік маңызды іс.

Мінеки, өз ұрпағының ғибратты, өнерлі, еңбексүйгіш, асыл азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының басты мақсатын шығармашылықпен оқу – тәрбие үрдісіне тиімді қолдану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, оқытушы – мұғалімдер қауымының алдына орасан зор міндет жүктеледі. Қазіргі таңда жас ұрпаққа пәнді ұтымды ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Әр педагогтың міндеті – тиімді технологияларды тәжірибеде қолданып, оң мен солын тану, зерттеу, саралау, нәтиже шығару.

Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетіне шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту — бүгінгі күннің басты талабы. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығаруға мүмкіндік бар. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасай отыра, осы жастағы балалардың ойлау қабілеттерін арттыратындай заманауи әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану қажет

Қазіргі таңда білім беру саласында өрелі өзгерістерге түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны қолдану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы орасан зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең әуелі, педагогикалық технология деген түсінікті ұғу қажет. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын әрдайым арттырып отыруды талап етеді.

Бастауыш білім – толассыз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің басты ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білік пен білім дағдыларын

менгерту, оқу мен тәлім үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыру, жаңа технологияларды сабаққа ұтымды пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда – оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні айқын» деген пікірі нақтылы айғақ. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын менгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, есті, алғыр, ой – өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талапты да талантты, жастарды тәрбиелеу. Ұдайы дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы айрықша,» - деп айтқан болатын.

Яғни, жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай қолдану үшін, әр ұстаз өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне қатысты, өзінің шеберлігіне қатысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда ұстаз белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40-тан астам түрлері баршылық.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай әсер жасайтыны талассыз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде қолданып жүр. Соның ішінде кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Білім беру аясында нәтижелі түйін көрсету мақсатында қолданатын технологиялардың бірі — оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі білім берудегі негізгі ерекшелігі – білім дайын күйінде берілмейді. Оқушыларға нақты жағдайда «қалай жазуға яки айтуға болатынын» көрсетпей, шығармашылық ойлау қабілетін көрсетуге, тұжырым қабылдауға, жауапкершілікті арттыруға мүмкіншілік беру. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын әр сабақта қолдану арқылы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға зерделі тұжырым қабылдауға бағыт-бағдар беру. Сондай-ақ білім алушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікірталастыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулу керек.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы әдісі. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының тиімділігі:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіншілік беретіндігімен;
- Оқыту мен ұйымдастырудың ұтымды әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен;
- Оқу мотивацияларын өзгертуге тиімді екендігімен;
- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/;
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері арқасында жұмыс жасау барысында оқытушы оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушыларды жеке-дарадамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің ретті дамып отыратын жобасы санатында оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейтіні сөзсіз.

Шығармашылық дегеніміз – адамның тіршілік ақиқатында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа жолдар табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет кескін баланың табиғатында болуы ықтимал. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып нұсқау.

Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда Сын тұрғысынан ойлау жобасының сандаған әдіс- тәсілдерін қолдануға болады:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /«Ой қозғау,» «Инсерт» кестесі/;
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы қаракет /эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/;
- Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойдырту, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/;
- Қиялдау, армандау арқылы картина салғызу /сурет салу стратегиясы/;
- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы/;
- Шығармада қос кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін суреттеу /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/
- Ән шұмақтарын құрастыру /5 жолды өлең/

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе жайында барлық идеяларды жинақтап оларды қайтара ой елегінен өткізу және түйін қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге байланысты екенін зерттеу, оларды қиындықсыз септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау.

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модульдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқитудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар арқылы бастауыш сынып оқушылары іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады. Заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, оқушыларға қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті.

Бұл бағдарламаның негізгі бағыты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, тұжырым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын ерікті айтуға жетелеу.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны баулу барысында қаракет жүйесін, оқушылардың дара белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы оқытушы мен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, келешекке деген үмітті арттыратын ағым.

Әр оқушыда өзін-өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын әдет қалыптастыру, соған орайлас өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең жоғары шыңына жету болып табылады. Демек, ең әуелі, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Шәкірт ойын осылайша шыңдауға мүмкіншілік туады.

Сын тұрғысынан ойлауды жүйелі түрде үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін біршама уақыт қажет.
2. Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық, әрі еркін айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
5. Кейбір оқушылардан берген жауабының, сыни көзқарасының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

6.Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- Сабаққа деген қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейі бойынша бағаланады;
- Жеке-дара қабілеті айқындалады;
- Өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға мүмкіндік жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін оқушының берген жауабын қалайда соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Қорыта келгенде, сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетінше ізденіс жасап, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы орасан зор. Қорыта келгенде, сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа қарай айқын ұмтылуы, ақпаратты өзі бетінше ізденуі, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің үстеме болуы қамтамасыз етіледі.

Адамның өз болмысын тануға, ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамытуға тиіс. Сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері» С. Мирсеитова, 2011 жыл.
2. Р.Қ.Қарсыбаева.Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
3. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. - №5.
4. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», Н. Қошқарбаев, 2010 жыл.
5. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
6. Жаманқұл П. Қ., Муфтибекова З., Орынбаева Н. Н. Оқулықтағы көркем шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдері. 2010.-13 б.



## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Сарыбекова Қ.Н. - п.ғ.к., доцент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институты

**Аңдатпа.** Мақала жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктеріне арналған. Бастауыш мектепте экологиялық тәрбие берудің қажеттілігі мен жағдайы және экономикалық тәрбие берудегі математика пәнінің мүмкіндіктері қарастырылған. Мақаланың мақсаты - жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарын оқытуда оқушыларға экологиялық-экономикалық білім беру мен тәрбиелеуді әдістемелік жағынан негіздеу және оған талдау жасау.

**Кілт сөздер.** Экология, табиғат, математика, бастауыш мектеп, жаңа бағдарлама

**Аннотация.** Статья посвящена особенностям экологического воспитания младших школьников в рамках обновленной образовательной программы. Рассмотрены необходимость и состояние экологического воспитания в начальной школе и возможности предмета математика в экономическом воспитании. Цель статьи-методическое обоснование и анализ эколого-экономического образования и воспитания учащихся при обучении начальных классов общеобразовательных школ.

**Ключевые слова.** Экология, природа, математика, начальная школа, новая программа.

**Annotation.** The article is devoted to the peculiarities of environmental education of Primary School students within the framework of the updated educational program. The need and state of environmental education in primary school and the possibilities of mathematics in economic education are considered. The purpose of the article is to methodically substantiate and analyze the environmental education and upbringing of students in the teaching of primary grades of general secondary schools.

**Keywords.** Ecology, environmental , mathematics, elementary school, new program

Экологиялық-экономикалық тәрбиені қатар жүргізу жаңа категория, ол экология және экономика ғылымыдарымен және олардың тармақтарымен тікелей байланысты. Ал классикалық экологиядағы негізгі түсініктер мыналар:

а) жеке алынған ағзаның өзінің өмір сүру ортасына ие болған бір аймақтағы экожүйелердің қызметі;

ә) өмір сүретін тірі ағзалардың қоғамдастығы және олардың өзара бір-бірімен қарым-қатынаста болуы.

Бұл екі ұғым бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта, табиғат жайындағы түсінігін дамыту арқылы көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға деген жағымды қарым-қатынасты айқындаудың бір формасы баланың күнделікті іс-әрекеті. Демек, «экологиялық тәрбие үрдісінде көрініс табатын іс-әрекеттің мынадай түрлерін атауға болады:

- табиғаттағы әр түрлі оқиғаларды бейнелейтін немесе табиғатты қорғау, көркейту іс-әрекетін білдіретін әңгімелер;

- мектеп алаңында (табиғаттағы еңбек) тіршілік объектілері үшін немесе оларды күтіп-баптауды жүзеге асыру, сондай-ақ, заттарды қайта өңдеу (кітаптарды және т.б. жөндеу) іс-әрекеті;

- табиғаттан алған әсерлерін және адамдардың табиғаттағы іс-әрекеттері негізінде бейнелеу өнерінің туындыларын жасау;

- табиғатпен тілдесу, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерімен еркін түрде байланыс жасау – бақылау, оларды зерттеу, күтіп-баптау іс-әрекеті, қолға үйрету мен белгілі-бір жағдайға бағындырып үйретуді қамтитын кешенді іс-әрекет;

- тәжірибе жасау – бақылау нәтижесіндегі өз пікірін айтумен сабақтасып келген іс жүзіндегі танымдық іс-әрекет;

- бақылау - өз бетінше дамытумен бірге табиғат туралы және табиғаттағы адамдардың іс-әрекеттері жөнінде мәліметтерді алуды қамтамасыз ету;

- табиғат жайлы мазмұндағы телехабарларды, суреттерді көріп тамашалау, шағын шығармалар оқу балалардың табиғат жөніндегі қалыптасқан түсініктерін айқындайтын және жаңа ықпал ететін іс-әрекет түрлері» [1,5б.].

Балалармен экологиялық бағыттағы іс-әрекет түрлері кезінде нақты нәтижелерге қол жеткізу ұстаздың кәсіби шеберлігін танып, экологиялық тәрбие жұмысы кезінде тиімді әдіс-тәсілдерді игеруін қамтамасыз етеді. Сол себепті балалардың экологиялық тәрбиелілігінің деңгейін көтеруге олардың тұлға ретіндегі экологиялық білімін дамытуда пайдалануға болатын мынадай әдіс түрлерін ұсынамыз:

«Тіршілік иелерінің өміріне қажетті тұғызу және қолдау әдісі» балаларға экологиялық тәрбие берудегі басты әдіс түрі болып саналады. «Ол балалардың тәжірибе жасау дағдыларын, икемділіктерін айқындауға бағытталған. Объектілерді бақылау - өсіп-өндірудің нәтижелері қалыптаса бастаған дағдыларды бағалауға бағыт береді және оларға сипаттама беруді қамтамасыз етеді. Экологиялық тәрбиеде жақсы нәтижеге жету – осы әдіс түрінің тәжірибе мен моделденген іс-әрекетінің бір-бірімен байланыста болуында. Сондай-ақ, заттарды күтіп-баптауда, оларды жөндеуде және жаңартуға қатысу балаларға қажетті тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Бақылау - табиғаттағы сезімдік тұрғыда тану әдісі, мақсатқа бағытталған қабылдау, сезім мен тиімділіктің бірлігі көрінетін танымдық күрделі үрдіс. Ол табиғатпен, тіршілік объектілерімен, қоршаған ортамен тікелей байланыста болуды қамтамасыз етеді. Табиғи объектілер мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыру балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі тәсілі болып табылады. Ұзақ мерзімді бақылауларды ұйымдастыру - өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру ортасымен өзара байланыста болу, балалардың сол ортаға деген бейімділігін танудың алғы шарты. Бақылау балаларға табиғат жөніндегі нақты түсініктерді меңгертіп, ойлау қабілетін, тілін дамытады. Өсімдіктерді, жәндіктерді, құстарды бақылау арқылы бала көптеген жаңалықтарға тап болады. Ал жүйелі бақылау баланың жеке басының байқампаздығын аңғартады, осының әсерінен баланың дүниетанымы кеңейіп, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы пайда болып, білуге деген ынтасы арта түседі» [2,62 б.].

«Табиғатты бейнелеу әдісі – экологиялық тәрбие жүйесіндегі өзіндік орны бар әдіс түрі. Мұнда балалар табиғат көрінісін, кәсіби шеберлер дайындаған көркемдік суреттерді, музыкалық және әдеби шығармаларды тамашалап, табиғат күнтізбесімен жұмыс істеп, бейнелеу өнері туындыларымен таныса алады. Табиғатпен тікелей байланыста алынған халқымыздың ұлттық тұмыс бұйымдары балалардың ол жөніндегі түсініктерін кеңейтіп, олармен жақын танысуға мүмкіндік береді» [3,75 б.] Сондай-ақ, бұл әдіс түрі арқылы табиғат адамдарға жоғары дәрежедегі рухани байлық, көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, олардың сезімдеріне әсер ету арқылы әсемдікті сақтай білуге итермелейтіні жөнінде ұғым қалыптастырады.

Тіл дамыту іс-әрекетінде үлкен ерекшелік үлесіне қарай «табиғатты бейнелеу әдісінен» «сөздік әдеби әдісін» өз бетінше бөліп қарауға болады. Сөз белгілі бір формада және деңгейде кез келген іс-әрекетті қолдайды және ол экологиялық тәрбиеде үш маңызды қызмет атқарады. Мәселен, «диалог» түрінде (әңгіме де, пікір алмасуда) үлкен мен баланың қарым-қатынасында табиғат туралы және ондағы адамдардың іс-әрекеті туралы түсініктердің көрініс табуымен нақтыланады. «Монолог» арқылы (мұғалім әңгімесі, кітап оқуы) балалар білімінің жаңа саласына енеді. Жоғарыдағы әдістерді саралай келіп, балалардың экологиялық тәрбиелілігінің деңгейі мен тұлға ретіндегі экологиялық білімін дамыту

мақсатында жүргізілетін мынадай жұмыс түрін ұсынамын:

- «- мектептің, туған қаласының орнын картаға белгілеп, ұстаздың көмегімен желімдеу;
- теңіздер мен мұхиттар жөнінде түсініктер беру;
- өздеріне таныс қалаларды үлкен жалаушалармен белгілеу;
- экологиялық таза емес аймақтарды белгілеп, желімдеу» [3, 78 б.].

Картамен жүргізілетін мұндай жұмыс түрлері балалардың алғашқы географиялық танымдарын қалыптастырып және оқу іс-әрекетінің бастапқы дағдыларын игере білуге, өз елінің кейбір экологиялық жағдайларын танып білуге мүмкіндік береді. Осы бағыттағы жұмыс түрлерін балалар үлкен құлшыныспен, қызығумен ынталы атқарады және ересектердің түсіндіргенін, құрдастарының жауаптарын тыңдап, ұжымдық әңгімеде, қорытынды жасауға белсенді түрде қатыса алады.

Өнер туындыларынан көрмелер ұйымдастыру, ондағы табиғаттың әсем көрінісін балалардың әңгімелеп жеткізе білуі олардың сезімдік талғамын, әдемілікке ұмтылу қабілеттерін дамытады. Кішігірім көрмелерді көру, мұражайларға саяхат жасау, мәдени байлықтарды бағалай білу баланың тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Үлкендердің басшылығымен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ұйымдастырылатын жақын жердегі орманға, жорықтарға шығу, көргендерін шамаларына қарай қағаз бетіне түсіру – экологиялық сауықтыру мәні бар өте маңызды жұмыстар. Бұдан балалар таза ауада демалып, табиғат әсемдігінен талғамдық ләззат алады, өсімдіктер мен жануарлардың бірлестігі туралы біледі, олардың қимыл қозғалыстарын бақылайды. Тіпті тірі табиғатпен осылаша өзара қарым-қатынас жасау балалардың табиғат аясында тәртіп нормаларын сақтап, мәдениетті демалу.

«Оқушылар экология туралы жинақталған материалдарды, тиянақтылық, түсініктілік, бірізділік, жүйелілік саналылық, белсенділік сияқты дидактикалық қағидаға сүйене отырып, экологиялық мәселердің мәні, мазмұны, атқаратын функциясы тағы басқа ұқсастықтарын, айырмашылықтарын ажыратып оларды топтастырды. Бұл стратегия топтастыру деп аталады» [4,256.]

Топтастыру - қарастырылып отырған мәселе жайлы ойдағы бар мәліметті қағазға түсіру. Топтаусыз, шектемей жаза беру, содан кейін классификациялау арқылы ішкі байланыстарын анықтау, білімнің желісін немесе торын құру осы сияқты ақпарат алуға пайдаға асыру, кәдеге жарату, өз білетінен тысқары жаңалықтарды ашуға мүмкіндік етінін көрдік.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да соңғы республика көлеміндегі мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш сыныптардағы экологиялық тәрбие жұмысы бұрынғы қалыптасқын бағдарламадағы «Балаларды табиғатпен таныстыру» бөлімінен бастау алады. Ал табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Кейінгі он жылдықта мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларының тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау – экологиялық тәрбие жұмысымен ұштастырылды.

«Бастауыш сынып оқушыларының халықтық тәрбие беру - олардың тіршіліктану жөніндегі сауатын ашуға қажет және қоршаған ортаны сақтауда маңызы зор. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының экологиялық білімдерін қалыптастырып, экологиялық білім мен тәрбие беруге, барлық адамдардың экологиялық деңгейі, соны ұғынуы мен білім дәрежесінің жоғары болуларына әсер етіп, қордағы басылымдардың бар түрін кеңінен пайдалана, оқырмандардың экологиялық ақпараттандырылуын қанағаттандыра біліңіздер. Аталмыш бағыттағы «Табиғат-сұлулықтың кәусар бұлағы», «Табиғат лебі», «Табиғатым - тағдырым» - сынды экологиялық сағат, «Жасыл әлемге саяхат» - ойын-саяхат, «Қазақстан

қорықтары» - ауызша журнал, «Табиғат және Поэзия» -жыр кеші, «Табиғат тамашалары», «Таңғажайып табиғат» - экологиялық лотолар, Семей сынақ полигонына арналған «Апат аймақтары», «Ажал сепкен аждаһа» - экологиялық - танымдық сағаттар, «Туған өлкем - қандай көркем», «Табиғат - тіршіліктің құтты қоныс мекені», «Жер тағдыры – ел тағдыры», «Табиғат – тіршіліктің қайнар көзі», «Қоршаған орта және «Табиғат – тіршілік бастауы», “Қоршаған ортаны қорғайық!”, «Табиғат аясы», «Табиғат әлемі», «Қоршаған орта - қорғаның», «Аралым – арым, Балқашым - бағым», «Өзендер неге өксиді?», «Арал да апат аймағы», «Қазақстан өзендері» «Қазақстан – туған өлкем», «Экологиялық құқық» тақырыптарындағы дөңгелек үстел, интеллектуалдық ойын, экологиялық идеялар байқауы, талқылау, экологиялық мереке, экологиялық әңгіме, пікір алмасу, жарыссөз, брейн-ринг, экологиялық жыр кеші, пікірталас, шолу, әңгіме сияқты шаралар, осы орайда дайындалған тақырыптық папкалар, кітап көрмелері, тақырыптық сөрелер қолданушылардың туған өлке, оның байлығы, алуан түрлі табиғаты туралы білімдерін кеңейту мен экологиялық түсініктерін қалыптастыруға ықпал етіп, олардың туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, табиғатты қорғай білуге тәрбиелейді» [4,47 б.].

Қазіргі мектептегі басты міндеттердің бірі – оқушылардың экологиялық білімін көтеру, табиғи қорларды тиімді, саналы түрде пайдалану және жас ұрпақты жоғары деңгейдегі экологиялық тәрбиеге баулу. Экологиялық мәдениет көпшілік жағдайда экологиялық білім беру мен тәрбиеленудің сапалық деңгейімен анықталады.

Қазіргі мектептердің жаратылыстану сабақтарындағы экологиялық білім беру барысында төмендегі міндеттер жүзеге асырылуы керек.

1. Қоршаған ортаны қорғау мен жақсарту шараларын жүзеге асыруда табиғатты және оны қорғау жөнінде оқушыларды ғылыми-танымдық білім негізімен қаруландыру.

2. Табиғи ортаға антропогендік іс-әрекеттердің тигізетін кері әсерлері мен көлемі ғаламдық және аймақтық экологиялық проблемалар жөнінде түсінікті қалыптастыру [3, 125 б.].

Осыған байланысты мектептегі экологиялық білім негізін құрайтын жаңа пән – экология курсы болуы керек. Бұл ғылым жаратылыстану ғылымдарымен қатар әлеуметтік бағыт – бағынқы қамтуы «Сызба 1-ге» сәйкес:

Экология курсының алдына қойған негізгі мақсаттары мен міндеттері төмендегідей:

- оқушылардың жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін дамыта отырып, айнала қоршаған орта туралы көзқарастарын қалыптастыру;
- экология ғылымы туралы алғашқы түсініктерді дамыту;

- табиғат, қоршаған орта, зат аламсу, табиғатындағы қарым-қатынастарға ғылыми-тәрбиелік деңгейде талдау жасауға үйретуі.



Сызба 1. Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің үлгісі



Айтылып отырған мақсат-міндеттерге байланысты экология курсы бойынша әрбір оқушы меңгеруі тиіс оқу материалдары төмендегідей мәселелерді қамтиды:

- Табиғат ресурстары, тірі организмнің биологиялық және геохимиялық ролі;
- Экологиялық және антропогендік факторлар, экожүйенің өзгеруі, оны қалпына келтіру жолдары;
- Биосфера шегіндегі геохимиялық заңдылықтар, оны реттеудің қазіргі заманғы бағыттары;
- Жергілікті аймақтардың және жер шарындағы экологиялық проблемаларды түсініп, оны шешу жолдарын өз бетінше іздестіру [1,28 б.].

Соңғы кезде көп пайдаланып жүрген дәстүрлі емес сабақ түрлері (лекция, конференция, пікірталас, семинар, т.б.) мұғалімдерге шығармашылықпен жұмыс істеудің көптеген мүмкіндіктерін ашып берді.

Семинар сабақта оқушылар алған білімінің тиянақты екенін көрсетіп, берілген сұрақтарды шешуге белсене қатысады.

Экологиялық тәрбие беру практикасында ойын әдістері көп қолданылуда

Экологиялық ойын – экологиялық білім берудің бір формасы. Ұстаздық тәжірибеде және түрлі жарияланымдарда ойынға қатысты көптеген термин түсініктер бар: (ұйымдық, іс-қимылдық, ойын, оқыту ойыны, педагогтық ойын, еліктеу ойыны, іскерлік ойын, рөлдік ойын, т.с.с.).

Экологиялық рөлдік ойын – экологиялық іс-әрекеттердің әлеуметтік мазмұнын, моделдеуге негізделген экологиялық ойын түрі. Ойынға қатысушылар белгілі бір рөлдерде ойнайды. Бұл ойынға қатысушыларды шын өмір жағдайына жақындата түседі.

1. «Сот процесі» ойыны экологиялық құқықтану білімін игеруге бағытталған ойын түрі. Бұл ойын экологиялық апатқа жол бергенге завод әкімшіліктердегі сот процесін көрсетіп, ойналады. Қатысатындар: прокурор, қорғаушы, кінә тағушы, куәгерлер, эксперт. Көрсетілген ойын сөзсіз жоғары сынып оқушыларын оқытуда қолдануға болады.


2. «Табиғат қаласы» ойынына бастауыш сынып оқушылары, сондай-ақ мұғалімдер қатыса алады. Қалада төмендегідей мекемелер құрылады:

1. Ботаникалық бақ. Өсімдіктер туралы викториналар.
2. Зообақ. Жануарлар туралы викториналар, суреттер галереясы.
3. Табиғат тақырыптарына арналған карталармен танысу.
4. Ертегілер әлемі. Табиғат туралы жұмбақтар шешіледі.
5. Концерт залы. Табиғат тақырыбына арналған шумақтар.
6. Көркемдік салоны. Сурет көрмесі.
7. Кітапхана. Табиғат туралы кітаптар көрмесі.
8. Табиғат үсті. Плакат, фотографиялармен иллюстрацияланған табиғат тақырыбындағы баяндамалар.

Ойын соңында қорытындысы айтылып, мерекемен аяқталады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сарыбекова Қ. Н. Орта мектеп математикасы және экология .Оқу құралы. -Тараз, 2014. -254 б.
2. Байхонов С.С. Табиғатым – тағдырым. - Алматы: Қайнар, 2011. -254 б.
3. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. -Алматы: Санат,2015. -69 б.
4. Сарыбеков Н.С. Воспитание любви к природе. -Алматы: Рауан,1994.



## МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ

Сарыбекова Қ.Н. - п.ғ.к., доцент

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институты

**Аңдатпа.** Бұл мақалада математика пәнінің сабақтарын жаңартылған білім мазмұны бойынша тиімді ұйымдастырудың талаптары көрсетілген. Бастауыш мектептегі математика пәнінің жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері анықталынған. Жаңа бағдарлама мазмұнының аясында мұғалімнің сабақтарға дайындалу және оны жоспарлау технологиясының кейбір мүмкіндіктеріне тоқталған. Математика сабақтарының материалдарының мазмұны, қолданылатын әдістері алдыға қойылған міндеттерді анықтай отырып білім мазмұны жағынан дұрыс ұйымдастырылған сабақтың мазмұнын алуан түрлі болатыны көрсетілді. Математка сабағын тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдеріне қойылатын талаптар ескертілді. Сондықтан, осы талаптар негізінде жаңартылған бағдарлама аясындағы математика сабағын тиімді ұйымдастырудың жалпы қағидаларын тұжырымдау қажеттілігі сөз болды.

**Кілтті сөздер:** бастауыш мектеп, жаңартылған бағдарлама, математика, заманауи әдіс-тәсілдер, қағидалар, педагогтың мәртебесі, шиыршық қағидаты, функционалды сауаттылық.

**Аннотация.** В данной статье отражены требования эффективной организации уроков математики начальной школы по обновленному содержанию образования. Определены особенности обновленных учебных программ по математике в начальной школе. В рамках содержания новой программы учителя остановились на некоторых возможностях технологии подготовки к занятиям и ее планирования. Показано, что содержание материала, используемые методы уроков математики разнообразны по содержанию правильно организованного урока с определением поставленных перед ним задач. Оговорены требования к методам и приемам эффективной организации урока математики. Поэтому на основе этих требований была сформулирована необходимость выработки общих принципов эффективной организации урока математики в рамках обновленной программы.

**Ключевые слова:** начальная школа, обновленная программа, математика, современные подходы, принципы, статус педагога, принцип спирали, функциональная грамотность.

**Annotation.** This article reflects the principles of effective organization of elementary school math lessons based on the updated content of education. The peculiarity of the updated education is that the student must be able to think critically, organize research, experiment, apply information and communication technologies, enter into communication, work in an individual, pair, group team, creating a harmoniously favorable educational platform. It was shown that the content of the materials of mathematics lessons, the methods used, differ in the content of the correctly organized lesson in terms of the content of knowledge, defining the tasks set for it. The requirements for methods and methods of effective organization of mathematics lessons were noted. Therefore, based on these requirements, it was necessary to formulate general principles for the effective organization of mathematics lessons within the framework of the updated program.

**Keywords:** primary school, updated program, mathematics, modern approaches.

Еліміздің келешегі өркендеп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ тәрбиесінен көрінеді. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі мәселе – әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыру мен оларды жүзеге асыра алатын ұстаздарды дайындау екені белгілі.

Бүгінгі бастауыш мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық нобайына көшу оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, интербелсенді педагогикалық әдістерді меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық қызметте қалыптасқан бұрынғы оқыту жүйесінен арылуға қабілетті және заманауи тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзінің әдіс-тәсілдерін қолдана алатын, икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, жанашыл ұстаз болуын қажет етеді.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы, 25 сәуірдегі №327 қаулысымен қабылданған «Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты» негізінде оқыту процесін ұйымдастыру жаңартылған әдіс-тәсілдерді енгізуді міндеттейді» [1].

« 2016-2017 оқу жылынан бастап еліміздегі барлық мектептердің оқушылары жаңа жүйе бойынша білім алуда. Сарапшылардың айтуынша, жаңартылған білім мазмұны - әлемдік тәжірибенің озық үлгісі. Жалпы Мемлекетіміздің білім беру жүйесіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - уақыт талабына сай болашақтың сұранысын толығымен қанағаттандыратын тың бағдарлама. Кәсіби деңгейде жаңартылған жүйеге қадам басып, білім жүйесіне ендірілген өзгерістердің ерекшеліктерін зерттей бастаған кезеңде жаңартылған білім бағдарламасының мүмкіндіктерін түсініп, меңгеріп алу жеңіл жұмыс емес» [2].

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңартылған көзқарас пайда болды. Соған сай мұғалімдердің мақсаты оқытудың әдіс-тәсілдерін әрдайым жаңашалап отыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Осылардың негізінде елімізде білім беруді дамытудың осы кезге дейін болмаған жаңашыл жобалар жасалды. Негізінен, аталмыш мәселе үш басымдылықты іске асыруға негізделген:

- білім берудің жаңа сапасы;
- педагогтың жаңа мәртебесі;
- білім берудің жаңа әдістері.

Бұл бағыттардың қай-қайсысының болмасын қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасы, болашақтық құндылығы едәуір зор.

«Жаңартылған білім берудің ерекшелігі - оқушының үйлесімді қолайлы білім беру алаңың құра отырып, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, эксперимент жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті байланысқа түсу, жеке, жұптық, топтық жұмыс жасай білу. Функционалды сауаттылықты, шығармашылық қабілетті қолдануды және оны тиімді жүзеге асыра білу үшін тиімді әдіс-тәсілдерді түсіну. Математикадан жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі - оның шиыршық қағидатымен берілуі. Математика сабақтарының оқу мақсаттарын, тапсырмаларды, ықшам сабақтарды үйлесімді байланыстыру болып табылады» [3].

Жоғарыда келтірілген талаптар математика сабақтарын жаңартылған бағдарлама талаптарына сай дұрыс ұйымдастырудың негізгі шарттары болып табылады. Алайда, олар жаңартылған бағдарлама аясындағы математика сабағын қалай ұйымдастыру керек? деген сұраққа толық жауап бере алмайды. Сондықтан, осы талаптар негізінде жаңартылған бағдарлама аясындағы математика сабағын тиімді ұйымдастырудың жалпы талаптарын тұжырымдау қажет.

«Сабақтағы әдіс-тәсілдер жағынан алғанда математика сабағына қойылатын талаптар мынадай:

а) бір сабақ үстінде әртүрлі әдістерді қолдану сол сабақтың ерекшеліктерін ескере отырып жасалынған болуы керек;

ә) оқыту әдістерінің үйлесімді кезектесіп отырылуы ескерілуі қажет;

б) оқыту әдістері оқушылардың оқу барысындағы белсенді іс-әрекетін ұйымдастыруға талпыныс жасайтындай болуы тиіс;

в) сабақ барысында қандай әдіс-тәсіл қолданылса да мұғалімнің сөйлеу мәнері, тілі жеңіл, нақтылы түрде болуы тиіс» [4].

Бірінші талап: сабақта қолайлы психологиялық ахуал орнату. Мұғалім кез келген сабақты оның өзі мен оқушыларының бірлескен іс-әрекетінің жиынтығы деп қабылдауы қажет. Сабақ нәтижелі болу үшін өзара ынтымақтастыққа негізделген мұғалім мен оқушылар арасындағы жақсы қарым-қатынас орнатылуы тиіс. Ынтымақтастықтың негізгі көрсеткіштері мыналар:

- 1) Баланың ішкі дүниесін сезіну.
- 2) Әр оқушының жеке-дара, жас және психологиялық ерекшеліктерін білу.
- 3) Әр балаға үлкен кісі ретінде қарап, соған сай қарым- қатынас жасауға тырысу.
- 4) Баланың жеке басының кемшіліктерін емес, табыстары мен жетістіктерін көрсетіп отыру.
- 5) Әр оқушының математикалық дайындығының деңгейін біліп, соған тиісті қарым- қатынас жасап отыру.

б) Сабақтың нәтижелі болуы тек қана мұғалімге байланысты емес, тікелей оқушының орындайтын іс-әрекетіне де тәуелді екенін сездіру, т.с.с.

Екінші талап: оқушылардың математика пәніне көңіл қойып, ынталы болуын қамтамасыз ету. Ол үшін мұғалім педагогикалық әдеп пен әзіл-қалжыңды шебер үйлестіру, кейбір қызықты жағдаяттарды айта отырып, оқушыларды жігерлендіру арқылы математика пәніне деген қызығушылықты үнемі оятып отыруы керек.

Үшінші талап: педагогтық әдепті қатаң сақтау және оқушылардың алдында өзін дұрыс ұстау. Ұстаздың бойында ілтипаттылық, байқағыштық және әділдік, оқушыларға сенім арту, төзімділік және сабыр сақтау сияқты қасиеттер көп болуы керек. Мұғалім өзінің сөзіне есеп беріп, сөйлеу мәнері логикалы және стиль жағынан дұрыс болып отыруына баса назар аударуы тиіс.

Төртінші талап: сабақтың мақсаты мен міндеттерін дәл анықтап алу. Оқушы сабақта қандай мақсат көзделіп отырғандығын айқын білуі тиіс. Сабақ барысында оқушылардың өзара бағалау мәселесі және бір-біріне жағдаяттар туғызу арқылы сабақты қызықты өту мәселесін қарастыру. Бұл оқушының сабаққа, оқу материалына деген саналы көзқарасын қалыптастыруға игі әсерін тигізеді.

Бесінші талап: ұстаз математикалық материалдың мазмұнын терең біліп, оқу материалының мазмұнын толық талдап, оның көлемін сабаққа қойылып отырған мақсат пен оқушылардың танымдық мүмкіншіліктеріне сәйкестендіріп, ұсынылатын есептердің оқушылардың интеллектуалдық қиналуын туғызатындай, бірақ оның қиындығы оқушылар өздігінен іздену арқылы шеше алатындай дәрежеде болуына назар аударып отырылуы.

Алтыншы талап: сыныпта шығарылатын есепке байланысты атқарылатын жұмысты толығымен өзі орындаудан немесе оны үздік оқушыға тапсырып, оқушыларға дайын нәрсені көшіріп алуға мүмкіндік беруден сақтануы керек. Керісінше, оқушылар алдында жиі проблемалық ситуациялар туғызып, оны оқушылардың өз беттерімен шешуіне қолайлы жағдайлар туғызуы қажет.

Жетінші талап: әрбір оқушының сабаққа белсене қатысып отыруын қадағалап отыру тиіс. Есепті тез шығаратын оқушыларға назарды көп аударма бермей, үлгермейтін, дайындық деңгейі нашар және сабаққа деген ынтасы төмен оқушылар да мұғалімнің назарында болуы керек. Ол үшін ұстаз белсенді қарқында жұмыс істеуге, сондай-ақ оқушылардың ырғақтылығын көтеретіндей әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалануға ұмтылуы керек.

Сегізінші талап: оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларын ұтымды пайдалана алуы қажет. АКТ сабақ барысындағы жұмыс өнімділігін арттырады, уақытты тиімді қолдануға себеп болады, сабақ барысын жетілдіреді.

Тоғызыншы талап: оқушылардың математикалық дайындығын үнемі бақылап отыруы, сондай-ақ математикалық білімдерін жүйелі түрде тексеріп, бағалап отыруы керек. Мұнда оқушылардың пән бойынша оқу үлгерімдерін тиянақты есепке алып, кейбір оқушыларда кездескен қиындықтарды жоюдың жолдарын үнемі іздестіріп отыруы қажет.

Оныншы талап: оқушылардың танымдық, логикалық және шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға үнемі көңіл аударып отырылуы тиіс.

Он бірінші талап: математика сабақтарында мұғалім 6-10 жастағы балалардың ерекшеліктерін, олардың көбіне нақты түрде ойлап, дерексіз ойлауға әлі де төселе қоймағандығын, математикалық білім қорының жеткіліксіздігін ескеріп отыруы қажет.

Он екінші талап: Оқушылардың өзін-өзі тексерулері, мұғалім тексеруі, ағымдағы және аралық тексеру, т.б. арқылы білім олқылықтарын, материалды игеру деңгейі анықталады. Қосымша жұмыстар жүргізіліп, әр оқушы өз қабілетінше білім алуы қажет.

Он үшінші талап: оқушы өзбетінше немесе мұғалімнің көмегімен белгілі бір нәтижеге жетуі тиіс. Оқушы мұғалімнен нені есте сақтау, нені жазу, нені қайдан табу, қалай тиімді әрекет ету, нені білу керектігі жөнінде жазылған жазбаша түрде тапсырмалар алады. Оқушыға оқулық, қосымша әдебиеттер, кесте, сызба нұсқалар, суреттер, технологиялық жабдықтар, ауызша құралдар пайдалануға болады.

Он төртінші талап: мұғалімнің сабақты түрлендіруі оқушылардың жазып отыруымен дұрыс ұштастырылуы керек. Бұл орайда мұғалім сынып тақтасын тиімді пайдалана білуі керек, өзі тақтаға дұрыс жазып, балалардан да соны талап етуі тиіс. Тақтадағы жазуларды дұрыс көрінетіндей етіп жазуы керек. Ондағы жазу ірі, анық болуымен қатар, ұқыпты жазылған болуы керек. Әсіресе, тақтада цифрлар мен математикалық таңбалардың дұрыс жазылуына ерекше кеңіл бөліп отырған жөн.

Он бесінші талап: үйге тапсырма бергенде оқушыларға шамадан тыс күш түсірмеу жағдайын ескеру керек. Математикадан үйге тапсырма бергенде, үй тапсырманы орындау жөнінде қысқаша нұсқау беріп, үй тапсырмасын электрондық күнделіктен алуларын қадағалау керек.

Он алтыншы талап: математика сабағы міндетті түрде қоңырау соғылғанға дейін қорытындылануы керек. Мұнда мұғалім сабақ алдына қойылған мақсаттың орындалуы жөнінде әңгіме қозғап, оқушылар білімін қалыптастырушы бағамен бағалауы, сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мадақтауы, сондай-ақ сабаққа ынта қоймаған оқушыларды атап көрсетуі керек [5].

Бұл талаптар бастауыш сыныптың мұғалімі математика сабағына дайындалғанда және оны жоспарлағанда жан-жақты ескерілуі тиіс. Қорыта айтқанда, жоғарыда атап көрсетілген қағидалар математика сабағын тиімді жоспарлау мен оны сапалы өткізудің шарты болып табылады.

Мұғалімдердің сабаққа жаңартылған бағдарлама ерекшеліктеріне сай біз көрсеткен қағидаларға сүйену нәтижесін анықтау үшін жүргізілген эксперимент жұмыстарына М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Бастауыш мектепте оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасында оқитын 40 білімгерлер қатысты.

Біздің зерттеуіміз бойынша бастауыш мектеп мұғалімдерінің жаңартылған бағдарлама бойынша сабаққа дайындалулары бірізділікпен жүргізілетіндіктері байқалды.

Бастауыш мектеп мұғалімінің осындай репродуктивті қызметін айқындау үшін төмендегідей сұрақтар берілді:

- 1) Сабаққа дайындалуды неден бастаған дұрыс деп ойлайсыз, неге?
- 2) Жаңа әдістемені тандауда қандай қиыншылықтар кездеседі?
- 3) Сабаққа әзірленгенде оқытудың жаңа әдістемесін тандауда нені басшылыққа аласыз?
- 4) Оқытудың жаңа әдістерін тандауда өз мүмкіншіліктеріңіз-ге қандай өзіндік баға бересіз?

Алынған сауалнама нәтижесінде мұғалімдер негізінен сабаққа дайындалуда тек сабақ жоспарын құрастырумен тоқталады, соның ішінде көпшілігі (54%). Мұғалімдердің 38 % оқытудың әдістерін алдын-ала ойластырады. Тек 8% мұғалім ғана түпкілікті сабаққа дайындалатындықтары белгілі болды.

«Оқытудың жаңа бағдарламасы қандай қиыншылықтар кездеседі?» деген сұраққа жауапты сараптау барысында мұғалімдердің көпшілігі оқыту технологиясымен жетік таныс еместерін көрсетті. Негізгі қиыншылықтар ретінде даралап, саралап оқытуды ұйымдастырудағы, дамыта оқыту технологиясын қолданудағы қиыншылықтарды көрсетті.

Дамыта оқыту технологиясындағы сабақтың құрылымы дәстүрлі қалыптасқан сабақ құрылымына қарағанда көптеген ерекшеліктері салыстырмалы түрде көрсетіліп, ондағы сабақтың құрылымы негізінен үш үлкен кезеңге бөлінетіндігі теориялық түрде негізделді. Аталған кезеңдерді былайша көрсетуге болады:

- 1-кезең. Бағдарлау - мотивациялық (10 минут )
  - 2- кезең. Операциялық – орындаушылық (20 минут)
  - 3-кезең. Рефлексиялық - бағалау (5 минут)
- Үйге тапсырма беру (5 минут)

Сауалнаманың «Оқытудың жаңа әдістемесін тандауда нені басшылыққа аласыз?» деген сұраққа, мұғалімдердің көпшілігі «Тек қана оқу материалының мазмұны жағдайын ескереміз» деп жауап берген.

Орта мектеп мұғалімдеріне жүйелі ғылыми - әдістемелік көмек көрсету, олардың жұмыстарына бақылау жүргізу, инновациялық іс-әрекетінің практикалық мүмкіншіліктерін толық пайдалануға қосымша кеңес бере отыру, мұғалімдердің зерттеу іскерліктерін, педагогикалық ойлау қабілеттерінің дамуын қалыптастыру процесіне бағдар жасап отыру қажет.

Диагностикалық кезеңде: мұғалімнің сабаққа дайындалуын зерттеу, мұғалімдердің оқу процесіндегі жаңа әдістемелерді қолдануда кездесетін қиыншылықтарына талдау жасау; орта мектепте қолданылатын инновациялық әдістемелерді анықтау, орта мектеп мұғалімдерімен сауалнама жүргізу, күтілетін нәтиженің өлшем бағасын белгілеу, орта мектеп мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Репродуктивті деңгей — (іс-әрекетті, білімді белгіленген межеге дейін қабылдай алу деңгейі) педагогикалық жаңалықтарға тұрақты көзқарас, педагогикалық іс-әрекетіне қанағаттанушылық танытады.

Эвристикалық деңгей — жаңалықты жалпы түрде идеямен, тұрақты саналы енгізуімен сипатталады. Мұғалім педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін іздестірумен, ойлап табуды іздестіреді. Мұғалім іс-әрекеті инновацияны енгізуді қамтамасыз етуде кері байланыс, эмпатия басты орын алады.

Шығармашылық деңгей — (жаңаны ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі) инновациялық іс-әрекет жоғары сатылы нәтижелігімен сипатталады. Педагогтың инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, импровизация, педагогикалық интуиция, бала тәрбиесінде түпнұсқа авторлық көзқарастар пайда болады.


Біздің зерттеуімізде орта мектеп мұғалімдерінің сабаққа дайындалуын дұрыс ұйымдастырып, инновациялық іс-әрекетті оқу процесінде қолдануының экспериментке дейінгі және одан кейінгі білімдерін салыстыру тәсілі әр кезең соңында жүргізілген бақылау қорытындылары, сауалнама әдісі арқылы тексерілді.

Кесте 1

**Жаңартылған бағдарлама мазмұнына сай сабаққа мұғалімдердің дайындалу деңгейлері**

№/с	Деңгейлер	Нәтижелері		
		1 кезең	2 кезең	3 кезең
1	Репродуктивті	65,8 %	50,7%	22,8%
2	Эвристикалық	21,3 %	28,8%	49,2%
3	Шығармашылық	12,9 %	20,5%	28%

Сабаққа мұғалімдердің дайындалу деңгейлерін сызба 1-де көрсеттік.



Сурет 1 - Сабаққа мұғалімдердің дайындалу деңгейлерінің нәтижесі

Сонымен, зерттеу жұмысы барысындағы алынған қорытындылар мұғалімдердің сабаққа жаңартылған бағдарлама талаптарына сай дайындалуларына көмек болатын қағидалар, мұғалімнің қазіргі заманғы инновациялық іс-әрекетке шығармашылық белсенділік көрсетуі мен көңіл бөлуі білім нәтижесінің көтерілуіне әсерін тигізетінін көрсетіп отыр. Сондықтан біз ұсынған қағидалар потенциалы арқылы бастауыш мектеп мұғалімінің әдіснамалық, әдістемелік, шығармашылық, инновациялық іс-әрекетін қалыптастыруға болады деген қорытынды жасауға мүмкіншілік береді.

#### Пайдаланылған деректер тізімі

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2015 жыл 25 сәуір, № 327 қаулы. –Астана, 2015.
2. Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. – Астана, 2015. -32 б.
3. Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі / Әдістемелік ұсыныстар. -Астана, 2019. -35 б.
4. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие /Е.Н. Кохаева. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014.
5. Бастауыш сыныптың математика оқулықтары мен дәптерлері. <https://helpiks.org/5-107946.html>



УДК 976 (13)

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ДИНАМИКАСЫ (2018–2022 жж.)

**Махмутов Бекен Лесбекұлы - Философия докторы (PhD)**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының сениор-лекторы**  
**Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан**

**Аңдатпа.** Мақалада статистикалық мәліметтерді талдау негізінде Қазақстандағы қала халқы бойынша урбанизацияның даму үрдістері мен өзгеру динамикасы қарастырылған. Айта кету керек, біздің еліміз қалыпты урбанизацияланған мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының ең кішкентай және үлкен урбанизацияланған аудандары бар. Ол 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін аймақтардағы азаматтар санының өзгеруімен

байланысты. Еліміздің үш ірі қаласы — Алматы, Астана және Шымкентте қала тұрғындарының үлесі өте жоғары.

**Кілт сөздер:** Урбанизация, демография, агломерация, статистика, миграция, мемлекет, қала, ірі қала, аймақ, ауыл.

**Аннотация.** В статье рассмотрены процессы развития урбанизации и динамика изменений городского населения в Казахстане на основе анализа статистических данных. Следует отметить, что наша страна является государством с умеренной урбанизацией. Различают самые маленькие и большие урбанизированные районы Республики Казахстан. С 2018 г. по 2022 гг. она характеризовалась изменением числа граждан в регионах. Различают три крупных города страны — Алматы, Астана и Шымкент, где очень высока доля городских жителей.

**Ключевые слова:** Урбанизация, демография, агломерация, статистика, миграция, государство, город, крупный город, регион, село.

**Annotation.** The article considers the processes of urbanization development and the dynamics of changes in the urban population in Kazakhstan based on the analysis of statistical data. It should be noted that our country is a state with moderate urbanization. There are the smallest and largest urbanized areas of the Republic of Kazakhstan. From 2018 to 2022, it was characterized by a change in the number of citizens in the regions. There are three major cities of the country — Almaty, Astana and Shymkent, where the proportion of urban residents is very high.

**Keywords:** Urbanization, demography, agglomeration, statistics, migration, state, city, large city, region, village.

Қалалар халқының даму проблемаларын саяси аспектіде зерттеу қажеттілігі олардың әлсіз зерделенуімен ғана емес, сонымен қатар қазақстандық қоғамда болып жатқан оқиғалармен де, атап айтқанда әлеуметтік-кеңістіктік ортаны ұйымдастырудың жаңа түрін қалыптастыратын радикалды қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен айқындалады.

Зерттеудің маңыздылығы ҚР-ын жедел жаңғырту үшін жағдай жасайтын индустриялық-инновациялық орталықтар ретінде Қазақстан қалаларын дамытудың жаңа кезеңімен де айқындалады. Дәл осы ел экономикасындағы индустриялық серпілісті жүзеге асыру қала тұрғындарына байланысты.

Осылайша, қалалар мен олардың тұрғындарының тарихын зерттеу барлық заманауи әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, мәдени және басқа да мәселелер шешіммен және Қазақстанда тұтастай алғанда ғылыми-теориялық және практикалық-қолданбалы міндеттерге негізделген жеделдетілген жаңғырту жағдайында қазақстандық қоғамды дамытумен тығыз байланысты.

Урбанизацияны дамыту үшін экономикалық фактор өте маңызды роль атқарады, постиндустриалды экономикасы бар дамыған мемлекеттер неғұрлым урбанизацияланған болып келеді. Бұл елдерде қала тұрғындарының үлесі саны 80 және одан да көп пайыздан асады. ХХІ ғасырда елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-білім беру дамуындағы қалалардың рөлінің өсуі байқалады. Қаланың пайдасына қоныстандыру жүйесінің өзгеруі әлемнің көптеген мемлекеттерінің экономикалық өсу динамикасының маңызды сипаттамасы және құрамдас бөлігі болды. Өнеркәсіптік, инновациялық дамуды шоғырландыратын қалалардың арқасында оларды қоршаған аумақтар үшін импульстар жасалатыны сөзсіз.

Қазақстанда белсенді жүргізіліп жатқан индустриялық-инновациялық даму және жаңғырту процестері әлемнің 30 жоғары дамыған мемлекеттерінің қатарына кіру мақсатымен айтарлықтай қалалардың ұлттық экономикадағы рөлін өзектендіріп отыр.

Белгілі болғандай, урбанизация деңгейінің негізгі көрсеткіші бүкіл халықтың санына қатысты қала халқының үлесімен өлшенеді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес қалаларға мыналар жатады:



1) республикалық маңызы бар қалалар, оларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер жатады;

2) облыстық маңызы бар қалалар, оларға ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;

3) аудандық маңызы бар қалалар, оларға аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер жатады.

Қазақстанда қала мен ауыл тұрғындарының саны арасындағы алшақтық соңғы уақытта күшейіп келеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша урбанизация деңгейі билік тек 2025 жылға дейін қол жеткізгісі келген деңгейге жақындап отыр [1]. Соңғы жылдары (2018 жылдан 2022 жылға дейін) елдегі қала халқының үлесі шамамен 3 пайыздық тармаққа өсті, 57,6%-дан 60,5%-ға дейін. Ауыл тұрғындарының үлес салмағы тиісінше төмендеп, 2023 жылғы 1 қаңтарға қарай 38,5% - құрады.

2018 жылдан 2022 жылға дейінгі сандық мәнде қалаларда 1,5 млн тұрғын (плюс 14,7%) қосылды, қала тұрғындарының саны 12 млн адамға жақындады. Қалалар табиғи өсім арқасында да, көші-қон ағынының арқасында да өсті. Осы жылдар ішінде қалалардың көші-қон сальдосы оң болды, 2022 жылы ол 60,1 мың адамды құрады.

Ауылдарда тенденция басқаша. Соңғы бес жылда ауыл халқының саны 193 мыңға (минус 2,5%) азайып, 7,5 млн адамды құрады. Осы «минустың» себебі халықтың ауылдардан қалаларға көшуі болып табылады. Мәселен, 2022 жылы ауыл халқының көші-қон сальдосы минус 67 мың адамды құрады.

Ауыл тұрғындары Қазақстан ішінде ірі елді мекендерге де, шетелге де көшуде. Өңірлер ішіндегі қоныс аударудың басты бағыты-облыстың ірі қалалары болып отыр. Өңірлік көші-қон статистикасы Қонаевтан басқа барлық облыс орталықтарының оң сальдосы бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, қалалардағы өсімге көші-қонның салыстырмалы түрде айтарлықтай экономикалық әсер етуі әлсіз деңгейде. Мысалы, 2022 жылы Қарағанды өңірішілік көші-қон сальдосы 3,3 мың адамды құрады. Жарты миллион халқы бар кеншілер астанасы үшін бұл тек 0,6% құрайды. Тағы бір мысал — Түркістан, онда өз өңірінің тұрғындары есебінен көші-қон сальдосы небәрі 583 адамды құрады (жалпы санының 0,3%).

Ең айқын урбанизация тек Алматы мен Астанада жүріп жатқаны байқалады. Бұл мегаполистерде көптеген жылдар бойы оң көші-қон сальдосы тіркелуде. Өткен жылы елорда халқы өңірлерден 33,8 мың қазақстандықпен толықты. Алматыда ішкі көшіп-қонушылар қала халқының жалпы санына 35,3 мың адамды қосты [2].

Өңіраралық көші-қонға келетін болсақ, тек мегаполистер мен Алматы облысы 2022 жылы келгендер мен кеткендер арасындағы айырмашылықтың оң көрсеткіштеріне ие болып отыр. Барлық басқа аймақтарда сальдо теріс көрініс табуда. Бұл дегеніміз, бұл аумақтардан қалаға халықтың келуінен көбірек кетенін аңғаруға болады. Өткен жылы облыстар арасындағы көші-қон екі негізгі бағытқа ие болды. Оңтүстік өңірлердің тұрғындары жақын маңдағы ірі мегаполистерге, Алматы мен Шымкентке, ал солтүстік және Орталық облыстардың азаматтары Астанаға, аз көлемде — Оңтүстік Астанаға көшті.

Ең маңызды көші-қон ағыны Түркістан облысында тіркелді (минус 18,1 мың адам), оны Шымкент, Алматы және Алматы облыстарына қоныс аударушылар «қамтамасыз етті». Екінші орында Жамбыл облысы (минус 10,3 мың адам) тұр, оның тұрғындары да өткен жылы Алматы агломерациясына көшіп келген. Оңтүстік ағынның негізгі «жеткізушілерінің» үштігін Жетісу облысы (минус 8,9 мың адам) жауып тастады, онда аумақтық бөліністен кейін айқын көші-қон ағыны көрінді. Бұл аймақтан қазақстандықтар негізінен Алматы мен Алматы облысына көшіп келген [3].

Қазақстанда урбанизация процесі жүріп жатқан Сценарий-бұл аумақтарды дамытудың «халықтық» нұсқасы. Адамдар тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, жоғары жалақы алатын

жұмыс табуға болатын жерге көшеді. Еңбек нарығы мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан өңірлер де, мегаполистер де мұндай көші-қонға дайын емес.

Қазақстанда урбанизацияның бақыланбайтын сипатқа ие екендігі бір жыл бұрын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде (ЕХӘҚМ) танылған болатын.

Бұл туралы 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасында келесідей қатерлер айтылған: "Республиканың даму перспективалары тұрғысынан ішкі көші-қонның қалыптасқан үрдістері қолайсыз. Халықтың басқа облыстардан реттелмеген кетуі аясында ірі қалалар мен жекелеген өңірлер халқының өсіп келе жатқан саны демографиялық және еңбек теңгерімсіздігін күшейтеді. Нәтижесінде, Солтүстік аймақтар экономикалық белсенділіктің төмендеуімен сипатталады, оңтүстік облыстарда еңбек ресурстарының көптігі байқалады, ал ірі қалалардың инфрақұрылымы халықтың реттелмеген ағынымен күреспейді" делінген [4].

ҚР Еңбек ресурстарын дамыту орталығының талдаушыларының болжамына қарағанда, еңбек нарығындағы жағдай 2023-2030 жылдар шегінде және одан әрі қолданыстағы теріс сценарийге сәйкес келетін болады. Солтүстік пен Шығыста жұмыс күшіне ең аз сұраныс қалыптасады деп күтілуде. Жұмысқа орналасу үшін ең көп нұсқаларды Астана, Алматы және Шымкент ұсынады.

ЕХӘҚМ болжамдары бойынша, қазіргі тенденциялар сақталған жағдайда, Қазақстанның солтүстік облыстарының халқы 2050 жылға қарай жалпы саны 600 мың адамға қысқарады. Оңтүстікте тұратындардың саны (Алматы мен Шымкентті есептемегенде) 1,6 млн азаматқа өседі. Нәтижесінде оңтүстік өңірлердегі халық тығыздығы солтүстікке қарағанда төрт есе жоғары болады.

Демографиялық ахуалдың базалық сценарийіне сәйкес 2050 жылға қарай Астана, Шымкент және Маңғыстау облыстарының халқы екі есеге өседі (2022 жылмен салыстырғанда). Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы азаматтар саны 15% -16%-ға, Қостанай облысында — 22%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында — 34% - ға қысқарады [5].

Ел билігі өңірлерді дамытудың ескі үлгісінен бас тартпауда, осыған байланысты посткеңестік дамудың отыз жылға жуық уақытында Қазақстан билігі елдегі өмір сүру деңгейі мен сапасы ең төмен және халқының санының төмендеуі жалғасып жатқан моноқалалар мәселесінің шешімін таба алмай келеді.


Шындығында, басқа посткеңестік елдердегі сияқты Қазақстанда да халықтың кеңістікте орналасуында өте елеулі өзгерістер болғанын айтуға болады. Бірақ посткеңестік кезеңдегі елді мекендерден қалаға көшу кезінде халықтың қоныс аударуының басым бөлігі қалалар арасында орын алғандықтан, салыстырмалы түрде шамалы болды. Атап айтқанда, Қазақстандағы посткеңестік кеңістіктік демографиялық ауысу негізінен халықтың шағын қалалық елді мекендерден ірі қалаларға кең ауқымды көшуімен сипатталды.

Бүгінгі таңда үш қаланың — Алматы, Астана және жақында республикалық мәртебеге ие болған Шымкент тұрғындарының саны Қазақстанның барлық қала тұрғындарының үштен бірінен астамын құрайды. Тек 2010-2022 жылдары Астанада қала тұрғындарының саны 1,6 есеге, Шымкентте — 1,5 есеге, ал Алматы — 1,3 есеге артты. Бұл ретте 2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Шымкент халқының саны миллионнан асып түсіп 1 002 291 адамды құрайтын миллионер қалаға айналды. Бүгінгі таңда Қазақстандағы үш мегаполистің халқы еліміздегі қала тұрғындарының жалпы санының 39% - құрап отыр

Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстан урбанизацияның орташа деңгейдегі 60,5%- % елдерге жатады. Қала халқы санының динамикасы күшті аймақтық дифференциацияға ие. Қарағанды сияқты жекелеген облыстардағы урбанизация деңгейі постиндустриалды экономикасы бар жоғары урбанизацияланған мемлекеттердің көрсеткіштеріне жақындады. Ал Алматы облысында ол 23% - ға әрең жетеді. Еліміздің үш қаласында халық саны миллион адамнан асты. Болашақта тез қарқынмен дамып келе жатқан Ақтөбе миллионер қалаға айнала алады. Ал Қазақстанның ең ірі мегаполисі — Алматының халқы 3 млн адамға қол жеткізе алады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>
2. Қазақстанның Ұлттық статистикалық бюросы (2020 ж.). Демографиялық анықтама 2020. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Статистикалық комитет <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.
3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004200>
4. ҚР көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://primeminister.kz/kz/media/infographic/kr-koshi-kon-sayasatynyn-2023-2027-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-29101153>
5. Қазақстанда қалалықтардың саны 12 млн адамға жақындады. Урбанизация деңгейін басқаруға бола ма? <https://azattyq-ruhy.kz/society/52591-kazakstanda-kalalyktardyn-sany-12-mln-adamga-zhakyndady-urbanizatsiia-dengeiin-baskaruga-bola-ma>



ӘОЖ 373.2:502.5(043)

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТТЫ СҮЮГЕ ЖӘНЕ ҚОРҒАУҒА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шынтаева Н.А. – магистр, аға оқытушы

«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы

Амангелді Инкәр Серікқызы

6В01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау» білім беру бағдарламасының студенті

«Ұстаз» институты М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Балаларды айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі мектепке дейінгі тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады. Табиғатпен таныстыру - балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Мектепке дейінгі балаларға табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру жолдары қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Табиғат, тәрбие, білім беру, оқу, қоршаған орта.

**Аннотация.** В настоящее время содержание образования обновлено, появился новый подход. Обучение ребенка постоянному общению с окружающей природной средой, формирование его представлений, воспитание сострадания к природе является одним из актуальных пунктов современного дошкольного воспитания. Знакомство с природой - одно из главных средств развития познания детей. Рассмотрены пути формирования элементарных представлений о явлениях живой и мертвой природы с бережным отношением к природе, предоставлением элементарных знаний о природе для дошкольников.

**Ключевые слова:** природа, воспитание, образование, обучение, окружающая среда.

**Annotation.** Currently, the content of education has been updated, a new approach has appeared. Teaching a child to constantly communicate with the natural environment, the formation of his ideas, the education of compassion for nature is one of the relevant points of modern preschool education. Familiarity with nature is one of the main means of developing children's

cognition. The ways of forming elementary ideas about the phenomena of living and dead nature with a careful attitude to nature, providing elementary knowledge

**Keywords:** nature, upbringing, education, learning, environment.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгілік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да соңғы республика көлеміндегі мектепке дейінгі мекемелердегі экологиялық тәрбие жұмысы бұрынғы қалыптасқан бағдарламадағы «Балаларды табиғатпен таныстыру» бөлімінен бастау алады. Ал табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор.

Табиғатты қорғау және оның сан алуан баға жетпес байлықтарын дұрыс пайдалану адамзат алдындағы тұрған өзекті мәселе. Тәрбиенің негізін балабақшадан бастаудың өзі олардың қоршаған ортаны танып – түсінуіне негіз жасайды. Табиғатты қорғау адам өмірінің қажеттілігі үшін ғана емес, жеріміздің тіршіліктің жалғаса беруі үшін де қажет екенін түсіндіру шарт. Белгілі ғалым – педагогтар Н.В.Скалон, Ф.А.Веретникова, Б.Г. Иогазен тағы басқалар табиғат қорғаудың балалар үшін шарттарды атап өтіп, оларды отаншылдық, адамгершілік тәрбие негіздеріне жатқызады. Бақшаның тәрбиелік жоспарында табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып, күту жеке дара анықталып көрсетілген, еліміздің барлық балабақша осы бағдарламаның негізінде жұмыс жасайды.

Оның мынадай екі мақсаты бар:

а) Балаларды туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктермен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға тәрбиелеу;

б) Балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты жалпылама түсініктерді қалыптастыру [1,б.220].

Табиғаттың әсерімен балада гуманистік сезімдерді бекітудің педагогикалық құндылығын ұлы педагогтар Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, Ф.А.Дистерверг ерекше атап көрсеткен.

Табиғатты және онымен қарым-қатынасты тек сөз жүзінде тар практицизм мен утилитаризм шеңберінде зерттеуге қарсы орыс ағартушылары: В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писарев, Н.Г.Чернышевский қарсы болды [2,б.18].

Тұмса табиғатты тәрбие берудің шынайы мықты құралы деп білген әйгілі педагогтар (К.Ушинский, Н.Крупская, Е.Водовозова, Е.Тихеева, Л.Шлегердин) еңбектерінде осы мәселелер төңірегінде құнды пікірлер айтылады.

Атақты педагог В.А. Сухомлинский: «Адам әрқашан табиғаттың перзенті болған және бола бермек, оны табиғатқа жақындататынның барлығын оны табиғатқа, рухани мәдениеттің байлығына тарту үшін пайдалану керек. Баланың қоршаған әлемі – ең алдымен шексіз құбылыстарға бай, өлшеусіз сұлулыққа ие табиғат әлемі. Сонымен бірге табиғатта балалар санасының мәңгілік бастауы бар», – деп жазды.

Экологиялық білім көпшіліктің санасына айналадағы ортаны сақтаудағы жауапкершілік идеясын ұялатып, қоғамның әр мүшесінде табиғатқа аялай қарауды қалыптастыруы тиіс. Мұны тездету үшін іс - әрекеттің нақтылы бағдарламасы және үздіксіз экологиялық білім беруге қатысатындардың істерін үйлестіріп отыру қажет.

«Жас бала өмірінің образы табиғат аясында серуен,экскурсия,саяхат негізінде өтеді. Бала табиғатпен еріксіз тілдесіп,оның сырларын ұғынады. Ол-үшін зор таным, дүнетанудың тұңғыш баспалдағы деп қарайды» тәлімгерлер.Баланың тілін ұстартып, ақыл – ойын,адамгершілік талғамын дамытуда табиғатқа қатысты жұмбақтарды пайдаланудың мәні ерекше.

Қазақстанда тұңғыш балабақша ашылуына ат салысқан Н.Құлжанованың мақаларында көтерілген мәселе мен сәби тәрбиесіне қойылатын талаптар осы тақырыптарға арналған.

Республикамызда мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат жайында түсінік беруді нақты сөз етсек, бұл мәселе әлі түбегейлі зерттеле қоймаған. Дегенмен, жекелеген ғалымдардың білім беру, тәрбие мәселесіне арналған еңбектерінде баланы дамыту жолдары мен тәсілдерінде, оқу-тәрбие үдерісінде табиғат пен ондағы құбылыстардың орны қарастырылып, олардың сырын білуге ұмытылу қазақ халқына тән қасиеттердің бірі деп түсіндірілген.

Мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына еліміздің ғажайып табиғаты арқылы тәлім – тәрбие беру мәселесімен шұғылданып жүрген педагог-тәлімгердің бірі – Қ. Аймағанбетова. Ғалым балаларды табиғатпен таныстыруды бағдарлама талабына сай жоспарлап, оны ашық аспан аясында бақылау, сабақ, серуен, табиғаттағы еңбек барысында жүзеге асыруды, түрлі әдіс-тәсілдерді, әсіресе көрнекіліктерге негіздей отырып жүргізуді ұсынады. Білікті ұстаз – ғалымының қандай еңбегінде болмасын, балаларды табиғатпен таныстыру үдерісін оқытудың негізгі әдісі ретінде нысанды тікелей бақылауға мән беріледі.

Балаларды еңбексүйгіштікке, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу үшін оларға өсімдік баптаудың және жануарларды бағып – күтудің ең қарапайым әдістерін үйрету қажет. Бала өз еңбегінің үдерісі мен нәтижесінен қуанышқа бөленуі, жер учаскесінде істеген жұмысы оның бұлшық еттерін өсіріп, жүйке жүйесін шыңдауы өте маңызды. Еңбексүйгіштік қасиетті қалыптастыру үшін баланы ересектердің табиғаттағы еңбегімен таныстыру, олардың істеген істеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу қажет. Баланың табиғатта болып, еңбек етуін денсаулығын нығайтуға және күш-қуатын жетілдіруге пайдалану қажет.

Балаларды еңбекқорлыққа, табиғатқа, өсімдіктер мен жануарларға күтім жасауға құрметпен қарауға үйретудің қарапайым әдістері қажет. Бала үшін жұмыс процесі мен нәтижесінен ләззат алу өте маңызды, сондықтан жердегі жұмыс бұлшықеттерді күшейтеді және жүйке жүйесін нығайтады. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу үшін баланы табиғаттағы ересектердің еңбегіне баулу керек, олардың істеген істеріне құрметпен қарау керек. Баланың денсаулығын нығайту және күшін арттыру үшін оның еңбегін табиғи түрде пайдалану маңызды.

Балаларды еңбекқорлыққа, табиғатқа, өсімдіктер мен жануарларға күтім жасауға құрметпен қарауға үйретудің қарапайым әдістері қажет. Бала үшін жұмыс процесі мен нәтижесінен ләззат алу өте маңызды, сондықтан жердегі жұмыс бұлшықеттерді күшейтеді және жүйке жүйесін нығайтады. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу үшін баланы табиғаттағы ересектердің еңбегіне баулу керек, олардың істеген істеріне құрметпен қарау керек. Баланың денсаулығын нығайту және күшін арттыру үшін оның еңбегін табиғи түрде пайдалану маңызды.

Табиғат-баланы эстетикалық тәрбиелеудің негізгі тәсілдерінің бірі. Табиғаттың сұлулығы тіпті кішкентай балаларды да бей-жай қалдырмайды. Оларды табиғатпен таныстыра отырып, сіз орманның шуылына, өзендердің күңкілдеуіне және құстардың әніне, жапырақтардың пішіні мен түсіне, гүлдердің иісіне, жануарлардың рәміздеріне және т.б. назар аударуыңыз керек.

Мектепке дейінгі ұйымның мұғалімі табиғи объектілер арасындағы құбылыстарды романтикалық диалектілер тұрғысынан дәл түсіндіре білуі керек, балаларды әртүрлі жаратылыстану ғылымдары бойынша білімнің кең бағажына сүйене отырып, дамудағы айырмашылықтарды түсіне отырып, табиғатпен таныстыруы керек.

Балаларды табиғатқа белсенді және ұқыпты қарауға тәрбиелеу балабақшадағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасауға көмектеседі. Мұғалім жабайы табиғат бұрышын қалай ұйымдастыруды біледі, өсімдіктер өсіреді,

Мұғалімнің тәуелсіз моделі балаларды еңбек дағдыларына үйретуде маңызды күш ретінде қызмет етеді. Балаларда табиғат пен эстетикалық сезімдер туралы білімді қалыптастыру процесі, мұғалімнің оқуға және сүйеге деген ұмтылысы мен қабілеті үлкен маңызға ие. Қажетті білім мен дағдыларға, сондай-ақ жұмыстың негізгі әдістеріне маманданған табиғатты сүйетін мұғалім табиғатты баланың жан-жақты жетілдіруіндегі құдіретті фактор ете алады.

Табиғат баланың ақыл ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Ол әртүрлі табиғи құбылыстарды жете түсінуді, өз ойын жеткізе білу өнерін дамытады. Табиғатты танып, білу мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді [3,б.48].

Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді.

3 жастағы балаларды өсімдіктермен, жануарлармен, жансыз құбылыстармен таныстырады, алғашқы көрнекі байланыстар мен жалпылауларға (балықтар суда жүзеді) сүйене отырып, кеңістікті ажырата білуге және өсімдіктердің жеке белгілерін, жануарлардың қимылдары мен дауыстарын дұрыс атауға үйретеді.

3-4 жаста балаларда өмірде үнемі кездесетін заттар мен табиғат құбылыстары туралы түсінік қалыптасады. Балаларды өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, олардың жеке ерекшеліктерін анықтауға, сенсорлық эталондар бойынша анықтауға (түсі, пішіні, өлшемі), заттарды салыстыруға және сыртқы белгілеріне қарай топтастыруға үйретеді.

4-5 жас аралығындағы балаларда бейнелі ойлаудың жоғары формасы дамиды. Олар жалпы білім ала алады. Балаларды өсімдіктер мен жануарлардың табиғи ерекшеліктерін ажырата білуге, олардың тіршілік жағдайына тәуелділігін анықтауға үйретеді.

К. Д. Ушинский «Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді [4,б.20].

5-6 жастағы балалар табиғат және көптеген нәрселер, оның құбылыстары туралы біледі. Жыл мезгілдері сияқты / күз, қыс, көктем, жаз / күз, жапырақтары сарғайып, құстар жылы климатқа, тұманға, жаңбырлы күндерге және т.б. бала оған із қалдырмайды. Олар "күз" десе, "жапырақтар сарғайып кетеді" - ойдың пайда болуы оларды күнделікті өмірмен тығыз байланыстырады. Мәселе мынада, күзде баланың ашық ауада жапырақтармен ойнауға уақыты аз.

Бес жасар бала жылдың төрт мезгілі басқалардан өзгеше деп айта алмайды. Бірақ ол егін жинағаннан кейін қыс, содан кейін көктем-жаз болатынын біледі. Бала күн сайын қой, ешкі, сиыр және жылқы сияқты үй жануарларын, сондай-ақ иттер, қасқырлар, түлкілер және т.б. сияқты жануарлар мен құстарды көреді. Олардың өз ойлары бар. Мысалы: кірпі қыста орманда жүреді, ол тікенектерге /жапырақтарға, жидектерге және т. б. түседі.

Балаларды табиғатпен таныстыру негізінде көрнекілік, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың, олардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі тиіс деуге болады.

Бүлдіршіндерді табиғатпен таныстыру экскурсияда, серуенде, ойында және баулу жолымен жүргізіледі. Мұғалімнің әртүрлі табиғи құбылыстар мен объектілерді талқылауы балалардың білімін жақсартады. Мұғаліммен талқылау балалар топтарында, ересектерде және дайындық мектептерінде балаларға қарағанда көбірек орын алады. Мұғалім балалар көрген нәрсеге сәйкес келуі керек және оларды қолайсыз құбылыстармен таныстыруы керек. Мысалы: Бүлдіршіндер серуен кезінде құмырысқаның илеуін көрді. Олар не істеп жатыр?- деп сұрады балалар. Кәнеки, байқап көрелік-деп тәрбиеші, бақылау процесінде құмырысқаның қайда жорғалап бара жатқанын түсіндіреді. Құмырсақаларды аз уақыт бақылаған соң, тәрбиеші құмырсақалардың тіршілігі жөнінде әңгімелеп беру тиіс.

Балалардың өз құрбыларын жақсы көруін, өз достарымен бірігіп ойнау үшін балалар бақшасына баруға сұранып тұруын дамыта түсу керек. Құрбы-құрдастар коллективінде бірге

өткізген қызғылықты оқулар мен ойындар, қуаныштар мен тамашалар балалар бақшасын баланың екінші үйіне айналдырады.

Балалардың туған табиғатты сүю, оның әсемдігін сезіну қабілетін тәрбиелеу, оның байлығын сақтап, аялап, молайта беруге баулу – балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін терендете түсуге бейнелеу әрекеттері жәрдемдеседі: олар қайынның, қысқы орманның, гүлдеген бақтың және т. б. суретін салады. Мектепке дейінгі балалардың өз еңбекпен табиғатты қорғап, оның байлығын молайтуға үмтылуын тәрбиелеу үшін педагог олардың табиғатта жүргізетін еңбегін ұйымдастырады: балалар үй өсімдіктерін, көкөніс, гүл өсіреді, құстар мен балықтарға күтім жасап, ақ тиіндер асырайды. Олар өз еңбек нәтижесіне ырза болып, қуанып қалады. Егер үлкен адамдар табиғатты танып, оның әсемдігін сезінетін болса, олар балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелей алады.

Бала тәрбиесімен, оған жүйелі білім беру мәселесімен шұғылданған қандайда ғалымдар болмасын табиғат назарынан тыс қалдырған емес. Себебі дүниеде, айнала қоршаған ортада адам танып-білетін, зерттейтін, оны күтіп баптап, қорғайтын жұмбақ сыры мол әлем – тек табиғат.

Қорыта келе айтарымыз, балабақша бүлдіршіндеріне қоршаған ортамын таныстыра отырып, табиғатты қорғауға үйрету, бүгінгі күннің өмірлік талабы, табиғи қажеттіліктен туындап отырған мәселе. Балабақшаның тәрбиелік жоспарында табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, балаларды туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қажетті түсініктер қалыптастыру.


Табиғат - сұлулықтың қайнар көзі эстетикалық тәрбие берудің пәрменді құралы, балалардың әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп, талғам қиялын дамытады. Табиғат құбылыстарымен жақын таныстыру баланың мысалы: күн сәулесінің нұрын, судың сылдырын, жапырақ сыбдырын, құстардың сайраған үнін түсіне білуге баулиды.

Қорытындылай келе, балабақшаларды табиғатты қоршаған орта атынан қорғауға үйрету бүгінгі күннің маңызды критерийі деп айтуға болады, өйткені біз табиғи мүдделерге байланысты айтамыз. Балабақшада білім беруді жоспарлау кезінде табиғатқа қамқорлық жасаңыз, балаларға туған мәдениетке деген сүйіспеншілікті оятыңыз, табиғат туралы алғашқы білім беріңіз, өлі табиғаттың өмірі мен оқиғалары туралы маңызды түсініктер қалыптастырыңыз. Табиғат-сұлулықтың қайнар көзі, эстетикалық тәрбие-балалардың сұлулық туралы түсініктерін кеңейтетін, талғамын дамытатын тиімді әдіс. Табиғат құбылыстарымен жақын танысу балаға түсінуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды қоршаған табиғаттың сұлулығына, байлығына тамсану, қызығу, оған мейірімділікпен қарауға, сақтауға, қорғауға тәрбиелеуге байланысты жұмыстар осылайша жыл бойы үзіліссіз жүргізіле береді. Туған елін, табиғатын қадірлейтін, аялайтын жас ұрпақтың қалыптасуында қоршаған ортамен таныстыру жұмысы мен экологиялық тәрбие рөлі зор демекпіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Омарғалиева Т.Ж. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру, Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. - 220 б.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру теориясы мен әдістемесі оқулық / Г.Қ. Белгібаева. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС, 2019. – 18 б.
3. Қоршаған ортаға әсерді бағалау және экологиялық сараптама: оқу құралы / З.Е. Бимурзаева, Г.А. Сарбасова. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС, 2020. -48 б.
4. Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы оқу құралы / Қ.А.Аймағамбетова. - Алматы: Отан, 2015. – 20 б.



## GOOGLE SLIDES КӨМЕГІМЕН КОМПЬЮТЕРЛІК БІРЛЕСКЕН ОҚУ ОРТАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Болеева Л.К.<sup>1</sup>, Бейсенбек А.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>2</sup>6B05413- «Математика және математиканы оқыту» мамандығының 3-курс студенті

«Ақпараттық технологиялар» факультеті

«Қолданбалы математика және статистика» кафедрасы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет

**Аңдатпа.** Компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқу-әдістемелік жұмыс қазіргі білім берудегі ең үлкен мәселелердің бірі болып табылады. Математиканы оқытуда Google Slides сервисін пайдалану басым технологиялардың бірі болып табылады. Мақалада мектептің оқу-тәрбие процесінде математиканы оқытуда Google Slides қызметін қолдану мен артықшылықтары талқыланады.

**Кілт сөздер:** компьютерлік технология, оқу ортасы, Google Slides қызметі, мектепте математиканы оқыту.

**Аннотация.** Учебно-методическая работа с использованием компьютерных технологий является одной из самых больших проблем в современном образовании. Одним из приоритетных технологий является использование сервиса Google Slides в обучении математике. В статье рассматривается использование и преимущества Google Slides при обучении математике в учебном процессе школы.

**Ключевые слова:** компьютерные технологии, обучающая среда, сервис Google Slides, обучение математике в школе.

**Annotation.** Educational and methodological activity using computer technology is one of the biggest problems in modern education. One of the priority technologies is the use of the Google Slides service in teaching mathematics. The article discusses the use and benefits of Google Slides in teaching mathematics in the educational process of the school.

**Keywords:** computer technology, learning environment, Google Slides service, teaching mathematics at school.

Мектептер оқу үдерісі тұрғысынан да, білім беруді басқаруда да көптеген аспектілерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдануға өте жоғары тәуелділікке ие. Оқытуда АКТ-ны қолдану оқушылар мен мұғалімдердің бірінші кезектегі қажеттілігіне айналды, сондықтан пайдаланудың дұрыс құралдарының болуы және таңдауы мектептердегі оқу үдерісін де жеңілдетеді. Сондықтан оқушылар үшін онлайн оқытудың қолжетімділігі басты мәселе болуы керек. Осындай технологиялық жетістіктермен оқыту мен оқудың сапасын қолдайтын және арттыра алатын оқу орны қажет. Сыни және ойластырылған технологияны қолдану арқылы студенттердің оқу ортасын өзгертуге және байытуға көмектеседі.

Қазір презентацияларды дайындауға арналған көптеген бағдарламалар мен қызметтер бар. Тәжірибесіз пайдаланушыға әртүрлі ұсыныстарды шарлау және таңдау жасау қиынға соғуы мүмкін. Презентацияны дайындау үшін бағдарламаны таңдағанда, ең алдымен, келесі критерийлерді басшылыққа алу керек:

1. Интернетке қол жетімділіктің болуы. Егер қандай да бір себептермен желіге кіру мүмкін болмаса, ең жақсы шешім дербес компьютерге немесе телефонға орнатуды қажет ететін бағдарламалар болады.

2. Бос жады, компьютер ресурстары.

3. Презентация редакторларымен жұмыс тәжірибесінің болуы.

4. Функционалдылық.



Соңғы жылдары презентация бағдарламалары артта қалуда, интернеттегі презентация құрудың қызметтері танымал құралдарына айналууда. Оларды қолдану пайдаланушыларды кез-келген бағдарламалық жасақтаманы орнатудан босатады. Интернеттегі презентацияларды тегін жасау үшін сізге ұнайтын қызметке тіркелу жеткілікті. Мұндай қызметтердің артықшылығы ғаламшардың кез-келген жерінде бастысы интернет бар жерде презентациямен жұмыс істеу мүмкіндігі болып саналады [1].

Мектептердегі оқыту мен оқу іс-әрекетінде PowerPoint және Google Slides арқылы презентация құралдары кеңінен қолданылады.


Google Slides - дизайнында артықшылықтары бар және онлайн режимінде қол жеткізуге болатын PowerPoint дисплейінің баламасы. Оңай өзгертуге болатын әртүрлі дизайндар мен көріністері бар. Google-ға тіркелу арқылы оқушылар Google Slides презентацияларын жасай алады, олардың уақыт бойынша үлгерімдерін құжаттайды. Слайдтарға суреттерді, бейнежазбаларды және сілтемелерді қосуға болады, бұл ерекшелік оқушыларға идеяларды құжаттауға және олардың тапқан материалдарынан мағыналы жұмыс дайындауға көмектеседі. Оқыту мен оқу процесінде Google Slides қолданбасын пайдалану арқылы білім алушылардың мансап саласында да білімге деген сенімділікпен жаһандану қиындықтарына қарсы тұруларына көмектеседі. Google есептік жазбасы арқылы мұғалімдер қағазды ысырап етпестен тапсырмаларды жасап, жібере алады және әртүрлі сабақтарда топта да, жеке де қолдануға болады [2].

Қадам бойынша Google Slides сервисінде жұмыс істеу нұсқалаулықтарына талдайық.

1-қадам. Презентация құру.

Ең алдымен, Google презентацияларын пайдалануды бастау үшін Google есептік жазбамызға кіру қажет. Сосын Google-дің басты бетінде “Google қолданбалары” белгішесін, содан кейін “Slides” (“Презентациялар”) түймесін басу арқылы (1-сурет) немесе <https://docs.google.com/presentation/u/0/> сілтемесі арқылы бірден кіруге болады.


Жұмыс істеуге болатын жаңа презентация ашылады. Google презентацияларына арналған әртүрлі тақырыптар оң жақтағы мәзірде орналасқан.



1-сурет. Google қолданбалар тізімі

2-қадам. Қажетті өзгертулерді енгізу.

Google Slides жұмыс бетінде (2-сурет) презентацияға мәтін, суреттер мен бейнелерді енгізіп, оларды өңдей және пішімдей аламыз.



2-сурет. Google Slides жұмыс беті

Нысандар мен мәтін өрістерін қосу:

1. Файлды компьютердегі Google Slides-та ашамыз.
2. Қажетті слайдқа өтеміз.
3. Экранның жоғарғы жағында “вставка” түймесін басамыз.
4. Қажетті элементті таңдаймыз: мәтін жолағы, сурет, пішін немесе сызық, т.с.с.
5. Нысан слайдта пайда болады. Оны керегінше өзгерте немесе жылжыта аламыз.

Нысандар мен мәтін өрістерін жою:


1. Файлды компьютердегі Google Slides-та ашамыз.
2. Нысанды немесе мәтін жолағын таңдаймыз.
3. Экранның жоғарғы жағында “правка” түймесін басамыз.
4. “Жою” түймесін басамыз.

Слайдтағы нысандарды ұйымдастыру:

1. Файлды компьютердегі Google Slides-та ашамыз.
2. Қажетті слайдқа өтеміз.
3. Экранның жоғарғы жағында “реттеу” түймесін басамыз.
4. Келесі опциялардың бірін таңдаймыз:
  - “Жылжыту” - нысандарды алдыңғы немесе артқы жағына жылжытады.
  - “Туралау” - слайдтың шетімен немесе ортасымен бірнеше нысандарды туралайды.
  - “Тарату” - объектілерді бір-бірінен бірдей қашықтықта орналастырады.
  - “Бетте орталықтандыру” - нысанды слайдтың ортасына көлденең немесе тігінен орналастырады.
  - “Айналдыру” - нысанды көлденең немесе тігінен бірнеше жолмен бұрады.
  - “Топтастыру” - ыңғайлы жылжыту және пішімдеу үшін бірнеше нысандарды байланыстырады [3, 4].

Диаграмма енгізу (3-сурет):


1. Файлды компьютердегі Google Slides-та ашамыз.
2. Қажетті слайдқа өтеміз.
3. Экранның жоғарғы “вставка” жағында “диаграмма” түймесін басамыз.
4. Оң жақта стильді, деңгейлер санын және үлгіні таңдаймыз.
5. Диаграмма слайдқа қосылады және оны өзгерте аламыз.



3-сурет. Слайдқа диаграмма қосу

Нысандар мен мәтінді туралауды жеңілдету үшін сызғышты қосайық.

1. Файлды компьютердегі Google Slides-та ашамыз.
2. Сызғышты көрсету басамыз (4-сурет).



#### 4-сурет. Сызғышты көрсету

Нысанды жылжытуға және бұруға немесе оның өлшемін өзгертуге болады:

1. Файлды компьютердегі Google Slides-та ашамыз.
2. Қажетті слайдқа өтеміз.
3. Нысанды немесе мәтін жолағын таңдаймыз.
4. Жоғарғы жағындағы мәзірде “пішімдеу” опциялары түймесін басамыз.
5. Оң жақта өлшем мен орынды таңдаймыз.
6. Өзгерістер енгіземіз.

Кеңес. Өлшем өзгерген кезде өзгеріссіз қалуы үшін “пропорциялар” түймесін басыңыз арақатынасын сақтаңыз.


3-қадам. Бірлескен авторларды шақыру.

Файлдар мен қалталарға кіруді ашып, басқа пайдаланушыларға оларды көруге, өңдеуге немесе түсініктеме беруге рұқсат ету қажет. Жасалған презентацияларды, басқа құжаттар сияқты, әртүрлі форматтағы файлдарға экспорттауға болады.

Google презентациясын жасамас бұрын, болашақ жұмыстың барлық маңызды сәттерін мұқият қарастырған жөн. Оларға мақсаттар мен міндеттер, аудиторияға бағдарлау, слайдтар саны, оларда орналасқан нысандар және т.б. кіруі керек. Тұжырымдама пысықталған болса, онда практикалық әрекеттерге ауысамын [5].


Мысалы, математика пәні айналасында “Логарифмдік теңдеулер” тақырыбына презентация жасауды қарастырайық.

Тапсырмалар тақтасында мәтінді қосу үшін "Т" әрпі бар батырманы басамыз. Оң жақтағы мәзірде форматтау параметрлері шығады (5-сурет).




#### 5-сурет. Мәтіндерді пішімдеу

Логарифмдік теңдеулерді енгізу үшін “кірістіру” қойындысына кіріп, “формула” пәрменін тандаймыз (6-сурет).



#### 6-сурет. Формула енгізу

Анимацияны қою үшін “слайд” қойындысына кіріп, өту (переход) пәрменіне кіреміз (7-сурет). Әр бетке қалаған өтуді таңдаймыз.



7-сурет. Анимация қою

Google Slides бағдарламасын қолданудың оқыту процессінде пайдасы мен әсерін анықтауға бағытталған зерттеулерге сәйкес Google Slides негізіндегі математиканы оқыту медиасының тиімділігін классикалық оқыту нәтижелерінің толықтығынан көруге болады: тиімділігі 78,57%-ды, жақсы нәтижені көрсетті [6]. Басқа сандық зерттеудің талдау нәтижелері Google Slides-тың оқу процессінде қолданысы оқушылар арасында Google Slides бағдарламасын пайдалануға ынтасының жоғары екенін және оқу жетістіктеріне, оқудағы аландаушылыққа, оқуға деген көзқарасына және талқылаулардағы өзіндік тиімділігіне әсер етпейтінін көрсетті [2].

Қорытындылай келе, Google Slides бағдарламасының мектепте оқыту процессінде қолданысы тиімді екенін, оқушылардың оқуға көзқарасын оң жаққа бұратынын, және оқушылардың слайд құру кезінде ақпаратты теру, өңдеу және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытатыны анықталды. Бұл оқу материалын тез қабылдау мен есте сақтаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Полат Е.С. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар: оқу құралы. - М.: Академия, 2002
2. Lestari W.I., Qohar A. Development of Google Slide-based learning media on the topic of social arithmetic //AIP Conference Proceedings. – AIP Publishing LLC, 2023. – Т. 2569. – №. 1. – С. 040002.
3. Степаненко О.С. Персональный компьютер. Самоучитель. – Москва: «Вильямс», 2004. – 528 с.
4. Алимжанов Е.С., Мансурова М.Е. Роль электронного образования для реализации образовательных программ на основе профессиональных стандартов. - Алматы: Республиканский учебно-методический совет, 2016. – Б. 55-60.
5. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2014.
6. Dinh B.T., Van Pham T.N. The research of implementing the computer-supported collaborative learning environment with Google Slides // Proceedings of the AsiaCALL International Conference. – 2022. – Т. 1. – С. 152-162.



## МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ FLIPPITY ҚОСЫМШАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ИНТЕРАКТИВТІ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Болеева Л.К.<sup>1</sup>, Сагимбаева П.Қ.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>2</sup>6B05413 - «Математика және математиканы оқыту» мамандығының 3-курс студенті

«Ақпараттық технологиялар» факультеті

«Қолданбалы математика және статистика» кафедрасы

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университет

**Аңдатпа.** Технологияның қарыштап дамып келе жатқан қазіргі заманда сапалы білім беруді дамыту және білімді жастарды ынталандыру аса маңызды. Осы себепті мақалада Flippity платформасында жасалған интерактивті жаттығуларды математиканы оқыту үдерісінде қолдану қарастырылады. Flippity - бұл Google электрондық кестесін онлайн карталар немесе викториналар жиынтығына оңай айналдыра алатын веб-қосымшалар сериясы. Мұғалімдер Flippity платформасын сабаққа презентация жасау, оқушыларды бағалау немесе оқушыларға өз интерактивті тапсырмаларын жасау сияқты мақсаттарда қолдана алады.

**Кілт сөздер:** Flippity платформасы, математиканы оқыту, интерактивные упражнения.

**Аннотация.** В сегодняшний бурно развивающийся век технологий очень важно развивать качественное образование и поощрять образованную молодежь. По этой причине в статье рассматривается использование интерактивных упражнений, созданных на платформе Flippity, в процессе обучения математике. Flippity — это серия веб-приложений, которые могут легко превратить электронную таблицу Google в набор онлайн-карточек или викторин. Учителя могут использовать платформу Flippity для таких целей, как создание презентаций в классе, оценка учащихся или создание собственных интерактивных заданий для учащихся.

**Ключевые слова:** платформа Flippity, обучение математике, интерактивті жаттығулар.

**Abstract.** In today's rapidly developing age of technology, it is very important to develop quality education and encourage educated youth. For this reason, the article considers the use of interactive exercises created on the Flippity platform in the process of teaching mathematics. Flippity is a series of web applications that can easily turn a Google spreadsheet into a set of online flashcards or quizzes. Teachers can use the Flippity platform to create class presentations, assess students, or create their own interactive tasks for students.

**Keywords:** Flippity platform, math learning, interactive exercises.

Оқытудың интерактивті әдістері студенттердің тек мұғаліммен ғана емес, сонымен қатар бір-бірімен кеңірек қарым-қатынасына, сонымен қатар оқу процесінде оқушы белсенділігінің басым болуына бағытталған оқу үдерісі барысындағы өзара әрекеттестік формасын білдіреді.

Дәстүрлі математика сабағы тікелей нұсқауға сүйенеді және контекстен тазартылған процедуралар мен алгоритмдерге баса назар аударады. Оқытудың бұл түрі студенттердің көпшілігі үшін жақсы жұмыс істемейді және қазіргі әлемде математикалық білім беру мақсаттарын белгілемейді. Орта мектептің көптеген математикалық оқушыларының негізгі мақсаты - жаңа мәселелерді шешуге қажетті математикалық ойлау дағдыларын дамыту.

Flippity интерфейсі ағылшын тілінде, бірақ интуитивті интерфейсі бар. Сондай-ақ, сервиспен жұмыс істеу кезінде браузерге салынған автоматты аудармашыны пайдалануға болады, мұндай мүмкіндік Google Chrome браузерінде бар. Flippity интерактивті тапсырмалар, ойындар, тесттер құру үшін өте қарапайым және ыңғайлы құрал болып табылады, бұл сабаққа дайындалу кезінде уақытты үнемдейді. Қызметке тіркелу қажет емес, бірақ онымен жұмыс істеу кезінде Google есептік жазбасы қажет болады, сондықтан оны

алдын-ала жасау керек, өйткені интерактивті тапсырмалар Google кестелеріндегі мәліметтер негізінде жасалады. Цифрлық білім беру ресурстары білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияның негізі болып табылады. Сонымен қатар, оқу және тәрбие беру процесінде біртұтас ресурс ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жалпы цифрлық білім беру ресурстары дегеніміз – бұл міндетті түрде сандық форматта ұсынылатын картографиялық материалдар, фотосуреттер, инфографикалар, бейнежазбалар мен бейнефрагменттерден үзінділер, көптеген жазба материалдары, символдық объектілер, графикалық материалдар, мәтіндік құжаттар сонымен қатар көптеген оқу процесін ұйымдастыруға қолданылатын басқа да оқу материалдары [1].

Flippity-мен жұмыс істеуді бастау үшін алдымен Google есептік жазбаға кіру керек. Әрі қарай, браузер бойынша мекен-жайға өту керек <http://flippity.net/>. Әрі қарай, тапсырмалар тізімінде кроссвордты таңдап, Template (шаблон) түймесін, содан кейін "көшірме жасау" түймесін басу қажет [1].

Flippity. Ашылған Google кестесінде шаблон мәтінін өзі ауыстыру керек. Сол жақ бағанда шешілуі керек сөздер, ал оң жақта сұрақтар қойылады. Көк ұяшықтардағы мәтінді ауыстыру мүмкін емес, әйтпесе тапсырма дұрыс жұмыс істей алмайды. Барлық деректер енгізілгеннен кейін Google кестесін жариялау керек. Ол үшін "Файл" мәзірінде "интернетте жариялау" тармағын таңдап, Ok түймесін басу қажет. Диалог терезесінде интерактивті тапсырма қолжетімді болатын сілтеме пайда болады. Сондай-ақ, сілтеме Google кестесінің "сілтемені алу" жиегінде де қолжетімді болып келеді.

*Flippity ережелері мен шарттары.* Пайдаланушы Flippity.net веб-сайтына кіру арқылы осы ережелер мен шарттарды толығымен орындауға міндетті. Flippity.net сайтында егер осы бетте көрсетілген барлық ережелер мен шарттарды орындалмаса авторлық құқық бұзылады [2]. Flippity.net құпия сайтқа жатады.


Қазіргі заманғы интерактивті веб-сайттардың көпшілігі әр кірген сайын пайдаланушы туралы ақпарат алу үшін cookie файлдарын пайдаланады. Cookie файлдары сайттың кейбір бөлімдерінде құпиялылық саясатына сәйкес осы аймақтың функционалдығын және оған кіретін адамдар үшін пайдаланудың қарапайымдылығын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Кейбір серіктестер, жарнама серіктестері cookie файлдарын да пайдалана алады [3].

*Артықшылықтары:*

- ойын жаттығуларының көптеген нұсқаларын қамтиды. Әр шаблонға арналған нұсқаулық бар;
- тегін;
- жаттығу сілтемесін бөлісуге болады;
- тіркелу қажет емес;
- жаттығулардың бір бөлігін басып шығаруға болады;
- сертификат жасауға болады [4].

Математиканы үйретуге арналған Flippity платформасына арналған (Своя-игра) интерактивті тест викторинасын көрсететін боламыз

1-қадам: Ең алдымен <https://www.flippity.net/> сайтына кіріп келесі викторинаға кіреміз:



Сурет 1. Жеке ойын интерактивті тест викторинасы

Содан соң, инструкция батырмасын басамыз:



Сурет 2. Жеке ойын интерактивті тест викторинасы нұсқаулығы батырмасы.

2-қадам: Google Кестелерге өту үшін осы көрсеткі көрсетілген сілтемеге кіреміз:


Google Таблицы

Шаг 1. Измените шаблон таблицы Google

- Сделайте копию **этого шаблона**. (Вам нужно будет войти в свою учетную запись Google.)
- Отредактируйте текст **Side1**, **Side2**, **Side3** и т. д.
  - Используйте столько сторон, сколько хотите, до 10.
  - Первая строка (строка 2) предназначена для заголовков, общих для всех карточек.
  - Введите столько терминов, сколько хотите.
- Назовите свой набор гибких карт, изменив имя рабочего листа (внизу).
- **Не редактируйте ячейки с синим фоном.**

Сурет 3. Сілтеме арқылы Google Кестелерге өту

Содан соң, «Создать копию» батырмасын басып:



Сурет 4. Google Кестелерге өту

3-қадам: Сонда барлық ұяшықтар жауабымен шығады:

	A	B	C	D	E	F	G
1		Category1	Category2	Category2	Category4	Category6	Category7
2	Name	Логикалық сұратар	The Simpsons	Movies	En español	Bees	Potpourri
3	100Q	What capital city opened the first subway in 1863?	What street do the Simpsons live on?	What is the best movie of all time according to the AFI?	What English word for a dessert means "fool" in Spanish?	How do bees communicate?	Who is the "[https://youtu.be/...]
4	100A	London, England	Evergreen Terrace	Citizen Kane	Pie	By dancing	John F. Kennedy
5	200Q	What is the most populous capital city in the world?	What is the name of Apu's convenience store?	Who played Yoda in "The Empire Strikes Back"?	What does "Coste Rica" mean?	What is the middle part of a bee's body called?	Who wrote the book
6	200A	Beijing, China	Kwik-E-Mart	Frank Oz	Rich Coast	The thorax	George Orwell
7	300Q	What is the highest capital city in the world?	***What is the name of Springfield's baseball team?	What Sandra Bullock movie was originally entitled "Coma Guy"?	What U.S. state name means "snow capped"?	How many types of honey bees live in a hive?	What is the world's waterfall?
8	300A	La Paz, Bolivia	The Springfield Isotopes	"White You Were Sleeping"	Nevada	Three (queen, workers, and drones)	Angel Falls (Vene

Сурет 5. Тест сұрақтар, жауаптар кестесі

6-суретте көрсетілгендей математикаға байланысты логикалық сұрақтарды енгіземіз. 7-суретте көрсетілгендей жауаптарды енгіземіз.


	A	B	C
2	Name	Логикалық сұратар	The Simpsons
3	100Q	Айдыңның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын?	Белмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы үш мысықтан отырса, Белмеде неше мысық бар?
4	100A	Жанат - ұзын	4 мысық
5	200Q	Мәнің аты Мәдет. Мәнің тәтінің Бір ғана әніс бар. Мәнің тәтінің інісінің аты кім?	Үстел үстінде үш стакан шие тұр. Мәрат бір стакан шиеі жеп қойды. Неше стакан қалды?
6	200A	Мәдет	үш стакан
7	300Q	Термометр аз болғасын - үш градус көрсетіп тұр. Осындай екі термометр неше градус көрсетеді?	Жүгіру жарысынан Асет, Мәрат, Талғат үш орынды алды, егер Мәрат елінің орын алмаса, ал Талғат - үшінші орын алмаса, кім қандай орын алды?
8	300A	үш	1 - Мәрат, 2 - Асет, 3 - Талғат

Сурет 6. Тест сұрақтар кестесі

	A	B
1		Category1
2	Name	Логикалық сұратар
3	100Q	Айдыңның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын?
4	100A	Жанат - ұзын
5	200Q	What is the most populous capital

Сурет 7. Тест жауаптар кестесі

4-қадам: Викторина бетін интернетке жүктеу үшін «Файл» , «Бөлісу», «Вебке жариялау», содан кейін «жариялау» түймешігін басамыз.



Сурет 8. Интернетке жүктеу

9-суретте көрсетілген батырманы басып, 10-суреттегі сілтемеге өтеміз.



	інінің аты кім?	қилды. Неше стакан қалды?
200A	Медет	үш стакан
300Q	Термометр аяз болғасын – үш градус көрсетіп тұр. Осындай екі термометр неше градус көрсетеді?	Жүгіру жарысынан Асет, Марат, Талғат үш орынды алды, егер: Марат екінші орын алмаса, ал Талғат – үшінші орын алмаса, кім қандай орын алды?
300A	үш	1 - Марат, 2 - Асет, 3 - Талғат

Сурет 9. Интернетке жүктеу  
5-қадам: Викторина бетінде дұрыс жауапты айтуы тиіс;




Сурет 10. Интернетке жүктеу



Сурет 11. Викторина беті

Дұрыс жауапты берсе галочка, дұрыс емес жауап берсе қате батырмасын басамыз:



Сурет 12. Викторина бетіндегі топтар жауабы

Сұрақтың үстінен бір шертіп, осылайша дұрыс жауабын көре аламыз:




Сурет 13. Дұрыс жауап беті

14-суретте артқа қайту батырмасын басып, екінші сұраққа ауыса аламыз:



Сурет 14. Артқа қайту батырмасы




Сурет 15. Екінші сұраққа ауысу батырмасы

Қорытындылай келе, математиканы үйретуге арналған Flippity платформасына арналған (Своя-игра) интерактивті тест викторинасын көрсету арқылы балалардың математикалық дағдыларының даму үрдісін жоғарыта аламыз. Бұл платформаны пайдаланудың артықшылықтарының арасында жоғары сапалы және қызықты материал ерекшеленеді; оқушылардың алған білімдерін жеке меңгерту. Интерактивті білім беру онлайн-платформасының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін талдау білім берудің барлық деңгейіндегі білім беру мекемесінде мұғалімнің Flippity-ді қолдануы маңызды және өзекті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Аяпберген Б.И. Математика сабағында электрондық оқыту құралдарын қолдану // Молодой ученый. № 47 (285), 2019. - С. 472-474.
2. Когаловский М.Р. және т.б. Ақпараттық қоғам туралы глоссарий 2020 жылы 31 наурызда Wayback машинасында мұрағатталған. – М.: Ақпараттық қоғамды дамыту институты, 2009. – 160 б.
3. Сафонов В.И. Организация подготовки учителей математики к использованию информационных технологий // Казанский педагогический журнал. № 2, 2008. - С. 98–104.
4. «Математика» журналы. №2, 2011. - 18-20 б.



ӘОЖ 517.2:37.016

## ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Мырзағазиева Мерует Сабитқызы - Математика пәні мұғалімі, магистр**  
**М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия, Ақтөбе қаласы**

**Аңдатпа.** Қазіргі қоғамның әлеуметтік сұраныстарына байланысты дифференциалдық теңдеулер теориясы ғылымының әртүрлі облыстарында кеңінен қолданылады. Айнымалылары ажыратылатын қарапайым дифференциалдық теңдеу теңіз деңгейінен биіктігіне байланысты атмосфералық қысымның өзгеру процесін де, радийдің түсу процесін де, тұрғындар, санының өзгеру процесін де, суыту процесін де және т.б. сипаттайды. Сызықты дифференциалдық теңдеулердің қолданылуын иллюстрациялайтын әртүрлі мысалдар жиынын радиоқұрылғылар береді. Бұл жағдайда құрылғының түрлі бөлшектері арқылы өтетін токтар шамасы немесе құрылғының жеке түйіндері арасындағы кернеулердің түсуі уақыттың белгісіз функциясы болып табылады. Бұндай теңдеулерді шешуге тригонометриялық (немесе гармоникалық) тербелістер тән. Есептерді шығаруда табылған жалпы шешімдер қарапайым, сапалы

талдау жүргізуге, модельдің орнықты шешімдері мен құрылғының жұмысындағы «орнатылған тәртіптің» нақты сипаты арасында сәйкестік орнатуға болады. Зерттеудің көкейтестілігі. Дифференциалдық теңдеулерді оқу қиял ойдың дамуына нәр береді, оқушыларға дифференциалдық теңдеулердің абстрактілігі табиғат құбылыстарын математикалық модельдер көмегімен оқып білудің құралы болып табылады. [1, 256].

**Кілт сөздер:** математика курсы, дифференциал теңдеу, математикалық модель, функция, теорема.

**Аннотация.** В зависимости от социальных запросов современного общества теория дифференциальных уравнений широко используется в различных областях науки. Обыкновенное дифференциальное уравнение, переменные которого различимы, характеризует как процесс изменения атмосферного давления в зависимости от высоты над уровнем моря, так и процесс поступления радия, процесс изменения численности населения, количества, процесс охлаждения и др. Дает множество различных примеров, иллюстрирующих применение линейных дифференциальных уравнений. В этом случае величина токов, протекающих через различные части устройства или падение напряжений между отдельными узлами устройства, является неизвестной функцией времени. Для решения таких уравнений характерны тригонометрические (или гармонические) колебания. Общие решения, найденные при решении задач, просты, позволяют проводить качественный анализ, устойчивые решения модели и работы устройства.

**Ключевые слова:** курс математики, дифференциальное уравнение, математическая модель, функция, теорема

**Annotation.** In connection with the social demands of modern society, the theory of differential equations is widely used in various areas of science. A simple differential equation, the variables of which are distinguished, describes both the process of changes in atmospheric pressure depending on the height above sea level, and the process of radium deposition, the process of changes in the number of inhabitants, the process of cooling, etc. A set of different examples illustrating the application of Linear Differential Equations is given by radio devices. In this case, the magnitude of currents passing through various parts of the device or the drop in voltages between individual nodes of the device is an unknown function of time. Trigonometric (or harmonic) oscillations are characteristic of solving such equations. The general solutions found in problem solving are simple, allow you to conduct a high-quality analysis, stable model solutions and device operation..

**Keywords:** mathematics course, differential equation, mathematical model, function, theorem.

Дифференциалдық теңдеу негізгі математикалық ұғымдардың бірі болып табылады. Дифференциалдық теңдеу - бұл туындыларды (немесе дифференциалдары) қандайда бір алдынала берілген шарттарды қанағаттандыратын теңдеу. Қандайда бір нақты құбылыспен процессті зерттеудің нәтижесінде алынған дифференциалдық теңдеу дифференциалдық модель деп аталады.

Қарапайым дифференциалдық модельдерді құру процесінде зерттеліп жатқан есептің табиғатына қатысты ғылым заңдарын білу маңызды және алдыңғы мәнге ие. Мысалға, механикада бұл Ньютонның заңдары, ал электрлік тізбектік теориясында – Кирхгоф заңдары, химиялық реакциялардың жылдамдығы теориясында - салмақтың әсер ету заңы және т.б.

Дифференциалдық теңдеулердің табиғи және өміршең есептерді шығаруда пайдаланатын ғажайып мүмкіндіктері оның сырттай қарағанда салқын, қызықсыз ғылым сияқты көрінетіндігін жеңеді. Ол оқушылардың математикаға деген ынтасын арттылып, қызығуға, ізденіске, біліммен сусындауға жетелейді. Сондықтан оқушыларды қызықтыра оқытып, оларды қолдай отыра, өз бетінше білім жинақтауға құштар ету оқыту үрдісінің барлық кезеңін жандандыруға әкеліп соғады.[3, 456]

Әрине іс жүзінде дифференциалдық теңдеулерді құруға мүмкіндік беретін белгісіз заңдарды да кездестіруге болады, сондықтан параметрлердің- айнымалылардың аз өзгерісінде процесстің жүруіне қатысты әртүрлі жорамалдарға ( гипотезаларға) сүйену қажет. Онда дифференциалдық теңдеулерге шектік ауысу келтіреді. Мұнда, егер математикалық модель ретінде алынған дифференциалдық теңдеуді зерттеу нәтижесі тәжірибелік берілгендермен сәйкес келсе, онда тұжырымдалған гипотеза заттардың шынайы күйін дұрыс көрсететінін білдіреді.

Кейбір жағдайларда ғана дифференциалдық теңдеулерді тұйық форма деп аталатын түрде шығаруға, яғни элементар функциялармен қарапайым операциялардың шектеулі санын пайдаланатын шешімді аналитикалық формула түрінде көрсетуге болады. әрине, бұл дифференциалдық теңдеулердің шешімі бар екені белгілі болған кезде. Басқаша айтқанда, дифференциалдық теңдеулердің шешімдері өздерінің көптүрлілігімен мынадай, олардың саны шектеулі аналитикалық операциялармен тұйық формада көрсету үшін жеткіліксіз. Бұл жағдай алгебралық теңдеулер теориясындағыға ұқсас: бірінші және екінші дәрежелі алгебралық теңдеулер жағдайында олардың шешімдері радикалдарда оңай алынуы мүмкін; егер үшінші және төртінші дәрежелі теңдеулерге келсек, онда радикалдардағы шешімдер алынуы мүмкін, бірақ формалар едәуір қиын болады; ал дәрежесі төрттен жоғары жалпы түрдегі алгебралық теңдеулерді қарастырсақ, онда бұндай теңдеулердің радикалдардағы шешімдерді, жалпы айтқанда, алынуы мүмкін емес.

Дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін көрсету үшін қандай да бір түрдегі шексіз қатарларды пайдалансақ, онда тұйық формалардағыға қарағанда едәуір көп теңдеуді шешуге тура келеді. Бірақ, шешімнің орынды және тиімді қасиеттерін, алынған қатар түрінен анықтау еш мүмкін емес. Сонымен қатар, тіпті дифференциалдық теңдеуді тұйық формада шығара алсақ та, мұндай шешімді талдау мүмкін емес, немесе әр түрлі параметрлер арасындағы тәуелділік өте қиын болып шығады.

Осылайша, дифференциалдық теңдеулердің өзін шығармай-ақ шешімдердің қайсыбір қасиеттері туралы қажетті мағлұматтар алуға мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдердің қажеттілігі анық болып отырады. Мысалыға, бұндай әдістер мен тәсілдер бар және олар дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясының мазмұнын құрайды, олардың негізінде шешімдердің бар болуы мен жалғыз болуы, шешімнің бастапқы берілгендер мен параметрлерге үзіліссіз тәуелділігі туралы жалпы теориялар жатыр. [2, 32б]

Қарапайым дифференциалдық теңдеудің сапалық теориясы А.Пуанкаре мен А.М.Ляпуновтың (XIX-шы ғасырдың соңы) жұмыстарынан бастап дамып келеді және оның әдістері бізді қоршаған ортаны тану процесінде кең қолданылады.

Мектептегі математика курсының негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды ғылыми дүниетанымға тәрбиелеу деп есептеледі. Жоғарыда аталған мақсатты жүзеге асыру мағынасында дифференциалдық теңдеулер тақырабы тиімді.

Қазіргі заманда, жалпы мойындаған жағдай математиканы оқытудың кез келген сатысында (мектепте, лицейде, колледжде, ЖОО-да және т.б.) әрдайым методология, философия, тарих, яғни оқытудың методологиялық аспекті деп аталатындарды құрайтындармен байланыстыру қажет. Бұл аспект дербес шығуы мен дамуы, математиканың тарихи даму процесінде оқушының ойында әрқашан нақтыланып және кеңейіп отыратын оның зерттеу пәнінің анықтамасы, математиканың нақты өмірмен, адамдардың қоғамдық іс-әрекетімен байланысы, іс-тәжірибенің математикадағы ролі және ең соңында қазіргі заманғы ғылыми білімнің математизациялану мағынасының ашылуымен байланысты мәселелерді әрдайым талқылау қажеттілігі енеді.

Оқушыларды рухани дамыта отырып, олардың әлемге деген іс-тәжірибелік көзқарастың негізі ретінде ғылыми дүниетанымды қалыптастыру қажет. Олар математиканың жалпы ұғымдарының нақты әлемнің белгілі бір бейнелерін көре білуі, математикаға редукцияланған философияның негізгі сұрағына дұрыс жауап бере алуы керек.

Математикалық–жаратылыс ғылымдарының методологиясының дифференциалдық теңдеулермен тұтас байланысын, дифференциалдық теңдеулердің методологиялық бағытын көрсететін дифференциалдық теңдеулер теориясының даму тарихын қарастырамыз. Негізінен дифференциалдық теңдеулер теориясына Россия, Қазақстан және басқа ТМД елдерінің ғалымдарының үлесі үлкен.

Әр түрлі есептерде нақты процестердің математикалық моделі көбіне дифференциалдық теңдеулермен өрнектеледі.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін жалпылап, дифференциалдық теңдеулердің гуманитарлық құраушысының негізгі бағыттарын тұжырымдауға тырысып көрейік.

Ең алдымен, бұл дифференциалдық теңдеулердің оқушыға қоршаған орта туралы дұрыс түсінікті қалыптастырудағы мүмкіндік беретін дүниетанымдылық, методологиялық аспекті. Белгілі шамада бұған тақырыптың тарихи-математикалық, бөлігі ықпал етеді.

Әрі қарай, дифференциалдық теңдеудің математикалық модельдеу әдісімен және пәнаралық байланысты орнату мәселесімен тікелей байланысты аспектілерді ерекшелеу керек.

Ең соңында, дифференциалдық теңдеулер - бұл табиғат сөйлейтін тіл. Математика курсының тілдік аспектісі соңғы кезде математиканы оқыту әдістемесі облысындағы зерттеушілерді күннен күнге қызықтырып отыр. Математикалық тілді меңгеру, қазіргі заманда, адамның жалпы мәдениетін құрайтыны туралы ой соңғы жылдары тіпті жоққа шығарылмайды. Болашақ студенттер бұл ойды түсінуі үшін дифференциалдық теңдеулердің алатын орнын белгілеулері керек.

Ғылымның дамып келе жатқан салаларының бірі – дифференциалдық теңдеу теориясын толығынан түсінуге, игеруге қажетті білімділік пен машықтықты бойға дарытатын тиянықты ілгері білімдер көлемін анықтау және ғылым мен техниканың дамуына сай дифференциалдық теңдеулер теориясының өрбуінің бағыттаушы идеялары мен тенденцияларын анықтау қажет болады.

Дифференциалдық теңдеулерді оқыту мазмұны мектептерде математиканы оқытуда қосымша, дарынды оқушыларымен жұмыс ретінде қарастыруға болады.

Анықтама. Дифференциалдық теңдеу деп тәуелсіз айнымалы  $x$ -ті, белгісіз (ізделетін) функция  $y$ -ті және оның  $y', y'', \dots, y^{(n)}$  туындыларын байланыстыратын теңдеуді айтады. Мұндай дифференциалдық теңдеу жалпы түрде былай жазылады:

$$F(x, y, y', y'', \dots, y^{(n)}) = 0$$

немесе

$$F\left(x, y, \frac{dy}{dx}, \frac{d^2y}{dx^2}, \dots, \frac{d^ny}{dx^n}\right) = 0.$$

Егер белгісіз (ізделетін) функция  $y$  тек қана бір аргументке тәуелді болса, онда дифференциалдық теңдеу жай дифференциалдық теңдеу деп аталады.

Ал, егер белгісіз (ізделетін) функция  $y$  бірнеше аргументке тәуелді болса, онда дифференциалдық теңдеу дербес туындыдағы дифференциалдық теңдеу деп аталады. Олай болса жоғарыдағы дифференциалдық теңдеу жай дифференциалдық теңдеу болып табылады, себебі ондағы ізделетін функция  $y$  тек жалғыз аргумент  $x$ -ке тәуелді.

Анықтама. Дифференциалдық теңдеудің реті деп берілген теңдеудегі ізделетін функцияның туындысының ең жоғарғы ретін айтады.

Мысалы:

$y' - y = \sin x$  теңдеуі бірінші ретті жай дифференциалдық теңдеу, себебі туындының реті бірге тең.

$y'' - y' + x = 0$  теңдеуі екінші ретті дифференциалдық теңдеу

$y^{IV} + 2y'' = x$  төртінші ретті дифференциалдық теңдеу болып табылады.

Олай болса мына  $F(x, y, y', y'', \dots, y^{(n)}) = 0$  теңдеу  $n$  - ші ретті дифференциалдық теңдеу деп аталады.

Анықтама: Дифференциалдық теңдеудің шешімі деп берілген теңдеудегі орнына апарып қойғанда оны теңбе-теңдікке айналдыратын кез келген  $y = \varphi(x)$  функцияны айтады.

Басқаша айтқанда, егер

$F[x, \varphi(x), \varphi'(x), \varphi''(x), \dots, \varphi^{(n)}(x)] \equiv 0$  болса, онда  $y = \varphi(x)$  функциясы

$F(x, y, y', y'', \dots, y^{(n)}) = 0$  дифференциалдық теңдеуінің шешімі деп аталады.

Бірінші ретті дифференциалдық теңдеу жалпы түрде былай жазылады:

$$F\left(x, y, \frac{dy}{dx}\right) = 0 \quad (1.1)$$

Анықтама. Егер бірінші ретті дифференциалдық теңдеу туындысына қатысты шешілген болса, онда (1.1) туындысына қатысты шешілген дифференциалдық теңдеу деп аталады және былай жазылады:

$$\frac{dy}{dx} = f(x, y) \quad (1.2)$$

(1.2) дифференциалдық теңдеудің мынадай бастапқы шартын

$$y|_{x=x_0} = y_0 \quad (1.3)$$

немесе

$$y(x_0) = y_0 \quad (1.3')$$

қанағаттандыратын  $y=y(x)$  шешімін табу Коши есебі деп аталады.

(1.2) – дифференциалдық теңдеу үшін мына теорема орынды. Бұл теорема шешімнің бар болуы мен жалғыз болуы туралы деп аталады.

Теорема. Айталық, (1.2) – дифференциалдық теңдеу және (1.3) бастапқы шарт берілсін.

Егер  $(x_0, y_0)$  нүктесінің кейбір маңайында дербес туындысы  $f'_y(x, y)$  шектелген болса, онда  $[x_0 - h, x_0 + h]$  кесіндісі табылып, ол кесіндіде жалғыз ғана үздіксіз  $y=y(x)$  функциясы бар болып, ол функция (1.2) теңдеуді және (1.3) шартты қанағаттандырады.

(1.2) теңдеудің кез келген  $y = \varphi(x)$  шешімінің графигін, осы теңдеудің интегралдық сызығы деп атайды. Шешім графигінің ордината осіне проекциясы дифференциалдық теңдеудің фазалық сызығы (немесе траекториясы) деп аталады. [3, 466]

Дифференциалдық теңдеудің шешімін табу процесін оны интегралдау деп аталады. Мұны интегралдау ұғымымен шатастырмас үшін көбінесе соңғысын квадратуралау деп атайды. Осыған орай, дифференциалдық теңдеуді интеграл алу операциясына алып келуді оны квадратурада шешу деп аталады.

Табиғаттағы көптеген құбылыстардың өзгеру заңдылығын бірден таба алмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Бірақ бұл құбылыстарды дифференциалдық теңдеулер арқылы өрнектеуге болады. Егер осы дифференциалдық теңдеулерді шешсек, онда әлгі құбылыстардың өзгеру заңдылығын тапқан боламыз. Дифференциалдық теңдеулерге келетін бірнеше есептерді қарастыралық.

**1-мысал:**  $xOy$  жазықтығында сондай қисықтарды тап, ол қисықтардың жанамасы мен  $Ox$  осінің оң бағыты арасындағы бұрышының тангенсі жанасу нүктесінің абциссасына кері пропорционал.

**Шешуі:** Іздеп отырған қисықтардың теңдеуі  $y=f(x)$  болсын. Есептің шарты бойынша  $y' = \frac{k}{x}$  теңдеуін жазуға болады. Мына функция  $y=k \ln|x|+C$  берілген дифференциалдық теңдеуінің шешімі болады. [3, 516]


**2-мысал:**  $x^2+y^2=C$  шеңберлер үйірінің дифференциалдық теңдеуін жазып және оның дифференциалдық қасиетін тағайындау керек.

**Шешуі:**  $x^2+y^2=C$  теңдеуін  $x$  бойынша дифференциалдасақ  $2x + 2yy' = 0$  немесе  $C$  параметрі жоқ  $y' = -x/y$  теңдеуі табылады.

Бұл ізделінді дифференциалдық теңдеу  $y' = -x/y$  дифференциалдық теңдеуіне  $M(x,y)$  нүктесі арқылы өтетін, шеңберге жүргізілген жанаманың бұрыштық коэффициенті  $-1/k$  екендігін кереміз, мұндағы  $k = OB$  түзуінің бұрыштық коэффициенті (сурет 1)  $k = \operatorname{tg}\beta = y/x$  және  $y = \operatorname{tg}\alpha = -x/y$ ,  $\operatorname{tg}\beta = -1/\operatorname{tg}\alpha$ ,  $\alpha = \pi/2 + \beta$ .

Сонымен, бұл шеңберлер шоғырының жалпы қасиеті мынадай екен:

Шеңбердің жанамасы, жанасу нүктесіне жүргізілген радиуска перпендикуляр. [4, 116]



Сурет 1 Шеңбердің жанамасы

**3-мысал:** Космостан жерге түсіп келе жатқан материалдық нүктенің қозғалысының дифференциалдық теңдеуін жазыңыз.

**Шешуі:** Бүкіл әлемдік тартылыс заңы бойынша нүктеге  $f = -\wp * \frac{Mm}{x^2}$  күші әсер етеді, мұндағы  $M$  – жердің массасы,  $m$  – нүктенің массасы  $\wp$  - пропорционалдық коэффициенті және  $x$ -нүктеден жердің бетіне дейінгі арақашықтық («минус» таңбасы қойылғанының себебі күштің бағыты координаттар осінің бағытына қарама-қарсы).

Ньютонның екінші заңы бойынша  $F = m * a$  болғандықтан,  $m_a = -\wp * \frac{Mm}{x^2}$ , немесе

$$a = -\frac{m \wp}{x^2}. \text{ Бірақ } a = x'' \text{ болғандықтан ізделінді дифференциалдық теңдеу } x^n = \frac{M \wp}{x^2}$$

түрінде жазылады.


Символдық түрде дифференциалдық теңдеу былай жазылады.  $F(x, y, y') = 0$ ,

$$F(x, y, y'') = 0, \quad F(x, y, y', y'', \dots, y^{(n)}) = 0,$$

Жалпы алғанда, егер ізделінді функция бір белгісіз айнымалыға тәуелді болса, онда дифференциалдық теңдеу қарапайым дифференциалдық теңдеу деп аталады. [6, 256б]

Денелердің салқындауы

**4-мысал:** Пештен жаңа шыққан нанның температурасы 20 мин ішінде 100С -ден 60С-қа түседі. Қоршаған ортаның температурасы 25С. Қанша уақыттан кейін нанның температурасы 30С түседі? [5, 360б]



Сурет 2 Дененің салқындауы

**Шешуі:** дененің сууы жылдамдығын  $\tau$  – уақыт бірлігінде  $T$ - температурасының азаюы

деп алғанда,  $\frac{dT}{d\tau}$  туындысы шығатыны белгілі. Ньютон заңы бойынша дененің салқындау жылдамдығы оның температурасымен қоршаған ортаның температурасының айырымына пропорционал. Бірақ бұл процесс тұрақты емес. Температураларының өзгеруіне байланысты дененің салқындау жылдамдығы өзгереді. Наның салқындауының дифференциальдық тендеуі

$$\frac{dT}{d\tau} = k(T - t) \quad (2.9)$$

Бұл жерде  $T$ - нанның температурасы,  $t$ - қоршаған ортаның температурасы,  $k$ - пропорциональдық коэффициенті,  $\frac{dT}{d\tau}$  –салқындау жылдамдығы.  $\tau$  - уақыт бірлігінде

салқындайды дейік. Онда, көбейткіштерді ауыстыру арқылы  $\frac{dT}{T - t} = kd\tau$  мына түрге келеді.

$\frac{dT}{T - 25} = kd\tau$  есептің шарты бойынша  $\frac{dT}{T - 25} = \frac{d(T - 25)}{T - 25}$  екендігі белгілі, екі

жағын интегралдау арқылы  $\int \frac{d(T - 25)}{T - 25} = k \int d\tau$  немесе  $\ln(T - 25) = k\tau + \ln C$

Теңдіктің екі жағында потенциалдаймыз:  $e^{\ln(T-25)} = e^{k\tau + \ln C} = e^{k\tau} \cdot e^{\ln C} \cdot e^{\ln C} = C$  екені белгілі болса, онда

$$T - 25 = Ce^{k\tau} \quad (2.10)$$

$C$  тұрақтыны бастапқы шарт бойынша анықтаймыз:  $\tau = 0$  мин  $T = 100^\circ\text{C}$

$$100 - 25 = Ce^{k \cdot 0} = C \quad \text{және } C = 75$$

Ал  $e^k$  мәнін есептің қосымша шартын пайдалану арқылы табамыз:  $\tau = 20$  мин  $T = 60^\circ\text{C}$ , сонда

$$60 - 25 = 75 \left( e^k \right)^{20} \quad e^k = \left( \frac{35}{75} \right)^{\frac{1}{20}} = \left( \frac{7}{15} \right)^{\frac{1}{20}} \quad \text{болады.}$$

Есеп шарты бойынша нанның салқындауының тендеуі, мына түрде

$$T = 75 \left( \frac{7}{15} \right)^{\frac{\tau}{20}} + 25 \quad (2.11)$$

(2.11) тендеуден  $T = 30^\circ\text{C}$  болған кездегі  $\tau$  уақытты есептеуге болады

$$5 = 75 \left( \frac{7}{15} \right)^{\frac{\tau}{20}} \quad \text{немесе} \quad \frac{1}{15} = \left( \frac{7}{15} \right)^{\frac{\tau}{20}} \quad \tau = \frac{-20 \ln 15}{\ln 7 - \ln 15} \approx \frac{-20 * 2,7081}{-0,7622} \approx 71 \text{ мин [7, 486]}$$

Дифференциальдық тендеулер математикалық анализ, алгебра және аналитикалық геометрия негізінде оқытылады. Дифференциальдық тендеулер жаратылыс ғылымдарының физика, механика, химия, биология, техника тағы басқа көптеген салаларда кеңінен қолданылады.

Жаратылыстанудың көптеген есептерінің математикалық моделі дифференциальдық тендеулермен беріледі. Теоретикалық ережелерді негіздеу, практикалық есептерге қолдану тәріздес жоғары математиканың мүмкіндіктері дифференциальдық тендеулер арқылы іске



асыруға болады. Дифференциалдық теңдеулер арқылы математиканың физика, механика, информатика т.б. секілді арнайы пәндермен байланысы ашыла түседі, математика ішіндегі пәнаралық байланыс жүзеге асады.

Сондықтан дифференциалдық теңдеулер оқушының математикалық қабілеттерін дамытумен қатар, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады, олардың кәделі, кәсіби дайындығының деңгейін көтеруге болысады, ғылым жүйесіндегі математиканың орнын анықтауға болысады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жәутіков О.А. Дифференциалдық теңдеулердің қолданылуы туралы әңгіме. - Алматы: Ғылым, 1986.
2. Сулейменов Ж. Бірінші ретті қарапайым дифференциалдық теңдеулер. Алматы, КазГУ. 1981.- 45 б
3. Альчинбаева А. Дифференциалдық теңдеулер. Түркістан 2008 .[5-10]б.
4. Көлекеев К, Назарова К. Дифференциалдық теңдеулер. Түркістан 2010 [11-12]б.
5. Сулейменов Ж.С. Дифференциалдық теңдеулер курсы. Алматы.:Рауан,1991, 360 б.
6. Сулейменов Ж.С. Дифференциалдық теңдеулер. 2-ші этап. Алматы.: Білім, 1996, 256 б.
7. Степанов В.В. Курс дифференциальных уравнений. М., Физматгиз, 1959,48 б.



**ӘОЖ 372.8:51**

## **МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА MENTIMETER ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Болеева Л.К.<sup>1</sup>, Серікбай Қ.Ә.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>2</sup>БВ05413- «Математика және математиканы оқыту» мамандығының 3-курс студенті

«Ақпараттық технологиялар» факультеті

«Қолданбалы математика және статистика» кафедрасы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет

**Аңдатпа.** Мақалада математиканы оқыту үдерісінде онлайн сауалнамалар немесе тесттер құру үшін Mentimeter веб-сервисінің қолданысы зерттелінеді. Интерактивті сауалнамалар арқылы инновациялық технологияларды оқытудың әзірленген әдістемесі оқушылардың назарын аударып, танымдық белсенділігін арттырады, оқу материалын жақсы меңгеруге ықпал етеді. Mentimeter-дің онлайн қызметін пайдалану педагогтарға уақытты тиімді пайдалана отырып, интерактивті тестілеу әрекеттерін құрастыруға және өткізуге кең мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Mentimeter веб-сервисі, математиканы оқыту, интерактивті тесттер, онлайн сауалнама

**Аннотация.** В статье исследуется использование веб-сервиса Mentimeter для создания онлайн-опросов или тестов в процессе обучения математике. Разработанная методика обучения инновационным технологиям посредством интерактивных опросов привлекает внимание учащихся, повышает их познавательную активность, способствует лучшему усвоению учебного материала. Использование онлайн-сервиса Mentimeter дает преподавателям широкие возможности для разработки и проведения интерактивных тестов с минимальными затратами времени.

**Ключевые слова:** веб-сервис Mentimeter, обучение математике, интерактивные тесты, онлайн опросник.

**Abstract.** The article explores the use of the Mentimeter web service to create online surveys or tests in the process of teaching mathematics. The developed methodology of teaching innovative technologies through interactive surveys attracts the attention of students, increases their cognitive activity, and contributes to better learning of the educational material. Using Mentimeter's online service gives educators ample opportunity to design and conduct interactive testing activities in a time-efficient manner.

**Keywords:** Mentimeter web service, teaching mathematics, interactive tests, online questionnaire.

Соңғы онжылдықта онлайн сауалнамалар бизнестің әртүрлі салаларында жылдам дамыды. Жеке цифрлық активтерді әзірлеу үшін тегін және жалпыға қолжетімді бағдарламалық құралды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. COVID-19 карантиндік жағдайына байланысты онлайн қашықтықтан оқытудың әртүрлі нысандары қарқынды түрде енгізілуде.


Цифрландырудың өсіп келе жатқан танымалдылығымен бағдарламалық қамтамасыз ету нарығында әртүрлі сауалнамалар мен сынақтарды орындау үшін қызмет ретінде көптеген құралдар пайда болды. Олардың арасында Simpoll, Survio, Mentimeter және ақысыз Google Forms платформалары бар.

Қашықтықтан оқыту және білімді тексеру талаптарына сай құралды таңдау оқу орындарымен қатар мұғалімдер үшін де қиын әрі түсініксіз. Сондықтан желідегі қызметті таңдаған кезде пайдаланушылар ескеретін мүмкіндіктерді ескерген жөн.


2014 жылы Швецияда негізі қаланған Mentimeter платформасының оқушыларды тартатын үш мүмкіндігі бар: бағалаудың нәтижесіне сәйкес кері байланыс, қатысуды талқылау және қатысу. Mentimeter-де оқушылар анонимді түрде жауап береді. Студенттердің жауаптары мұғалімнің экранында бірден және жасырын түрде көрсетіледі. Бұл платформаның кемшілігі – Mentimeter-де бірнеше таңдау, сөз бұлттары, шкала, сұрақ-жауап, егжей-тегжейлі сұрақтар, бағалау және ашық сұрақтар сияқты сұрақ түрлеріне шектеулер бар. Бұл сұрақ түрін тек екі слайд пайдалана алады.

Mentimeter – қарапайым және арзан құрал. Аудио құрал бола отырып, мұғалімдер сыныптағы оқушылардан кері байланыс ала алады. Оны ұялы телефондарға орнатуға болатындықтан, бұл студенттердің сабақтағы сұрақтары мен жауаптары үшін жақсы қызмет.

Оқушыларды ойын компьютерлік технологиясының көмегімен оқыту шығармашылық әрекетке айналады, ол арқылы қанағаттануға және өзіңізді дәлелдеуге болады. Сонымен қатар, бастауыш математика сабақтарында ақпараттық технологияларды ойында қолдану жеке ерекшеліктерді ескере отырып оқу-тәрбие процесін саралауға және іс-әрекетте шығармашылықты дамытуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер сонымен қатар білім беру ақпаратын ұсыну тәсілдерінің ауқымын кеңейте алады, оқу процесін икемді түрде басқара алады және әлеуметтік тұрғыдан сәйкес және сәйкес бола алады (1 және 2-суреттер) [1].



1-сурет. Mentimeter.com интерактивті презентация платформасы.



2-сурет. Mentimeter.com сайтындағы студенттер сауалнамасының мысалы.




3-сурет. Сайттың компьютердегі көрінісі.



4-сурет. Демонстрацияның көрінісі.

Студенттер [www.menti.com](http://www.menti.com) сілтемесіне өтіп, бағдарлама көрсететін кодты енгізуі керек.



5-сурет. Сайттың смартфондағы көрінісі.

Mentimeter.com мүмкіндіктері:

- Презентация дизайнерінде интерактивті презентациялар жасау (интерактивті сұрақтардың 13 түрі, соның ішінде сөз бұлттары мен викториналар, әртүрлі презентация тақырыптары және т.б.);

- Смарт құрылғыларды пайдаланып сауалнамалар, деректер және қатысушылардан кері байланыс жинау;


- Қатысушылар туралы түсінік алу үшін трендтер мен деректерді экспорттау.

Mentimeter мұғалімдерге сыныптың белгілі бір нүктелерінде тестілеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл сыныпқа сұрақтар қоюға және ғаламторға кіру мүмкіндігі бар кез келген мобильді құрылғыдан жылдам кері байланыс алуға мүмкіндік береді [2].

Бұл қызметті аудиториялық сабақтарды өткізу үшін ғана емес, сонымен қатар қашықтықтан оқытуды жүргізу үшін де пайдалануға болады. Mentimeter – аудиторияға жылдам кері байланыс беретін қарапайым және үйренуге оңай сауалнама құралы. Мобильді және электронды ортада қолжетімді болғандықтан, ол сыныпта студенттердің нақты уақыт режимінде сауалнамасын жүргізу үшін де пайдалы.

Онлайн сауалнама әр түрлі жауаптары бар бірнеше сұрақтарды қамтуы мүмкін (6-сурет):


- бірнеше таңдау (бірден көп);
- қоғамдық жауап;
- масштабты бағалау;
- Жауаптарды 100% шегінде бағалау;
- Жауапты жазық координаталық жазықтықтағы нүкте ретінде енгізіңіз.



6-сурет. Mentimeter онлайн қызметіндегі жұмыс түрлері

Әрбір сұрақ үшін гистограмма жасалады, оны Excel бағдарламасына экспорттауға болады.

*Көп таңдаулы сұрақ.* Респондент жиынтықтан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдай алады.




7-сурет. Бірнеше таңдауы бар онлайн сауалнама.

*Ашық жауабы бар сұрақ.* Респондент жауапты мәтін түрінде жауап өрісіне енгізеді. Нәтижелерді әртүрлі форматта көрсетуге болады: төртбұрышты блоктар, сөз бұлттары, бірінің үстіне бірі орналасқан сөздер және т.б.



8-сурет. Онлайн ашық сауалнама.

*Жауабы таразыға бекітілген сұрақ.* Респондент көрсетілген параметрлерді (көрсеткіштерді) белгіленген шкала шегінде бағалайды, мысалы, 0-ден 5-ке дейін.



9-сурет. Шкаламен қойылған жауабы бар онлайн сауалнама.

*Жауаптары 100% болатын сұрақ.* Респондент параметрлердің, көрсеткіштердің салмағын (бағалауын) 100% шегінде бөледі.




10-сурет. 100% шегінде жауаптарды бөлумен онлайн сауалнама.

*Матрица бойынша жауабы бар сұрақ.* Респондент объектілерді диаграмманың осьтері болып табылатын екі критерий бойынша бағалайды.

## Action priority matrix

Mentimeter



Votes: 7

11-сурет. Жауап матрицасы бар онлайн сауалнама.

Бағдарламамен жұмыс істеу үшін <https://vvv.mentimeter.com> сайтында тіркелу қажет.

Қоғамдық сауалнама жүргізу үшін техникалық құрылғылар қажет:

- экрандағы бейнелерді аударуы бар дербес компьютер – оқытушының меншігі;
- Интернетке кіру мүмкіндігі бар смартфон немесе планшет - студенттер үшін. Сайтта дауыс беру үшін телефонда, смартфонда немесе планшетте арнайы қолданба қажет емес.

Сыныптағы оқушылардан онлайн сауалнама және дайындық процесінің қысқаша сипаттамасы:


1. Мұғалім алдын ала сауалнама, бір немесе бірнеше сұрақ қояды.
2. Сабақта мұғалім сауалнаманы дербес компьютерден бастайды. Экранда (сауалнаманың бақылау тақтасы) студенттер сауалнамасының талдауы мен коды көрсетіледі.
3. Мобильді құрылғыларды пайдаланатын студенттер [www.govote.at](http://www.govote.at) сайтына кіріп, сауалнама кодын енгізіп, сұрақтарға жауап береді.
4. Сауалнама экранда бөлектеледі.

Сауалнама синхронды түрде де (сыныпта, «осы жерде және қазір»), сондай-ақ асинхронды түрде, көрсетілген сауалнама аралығындағы кез келген уақытта жүргізілуі мүмкін [3].

Сұрақтардың «Сұрақ-жауап» деген түрі студенттерге кез келген уақытта сынып тақырыбы немесе басқа ақпарат туралы мазмұнды түсіндіру үшін мұғалімнің сөзін бөлмей сұрақ қоюға мүмкіндік беру үшін жасалған.

Онлайн сауалнама нәтижелерін Excel электрондық кестесі немесе PDF құжаты ретінде жүктеп алуға болады. Сонымен қатар, онлайн сауалнаманы жасаушылардың сұрауы бойынша бірнеше сұрақтардан кейін платформа барлық қатысушылардың аты бойынша нәтижелерді көрсетеді (12-сурет).





12-сурет. Сандық оқиғаны сауалнама ретінде жобалау кезіндегі Mentimeter терезелерінің скриншоттары

Оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында зерттеушілер сабақ барысында технологияны пайдалануды зерттеп, аралас оқыту әдістемелері шеңберінде технологияны пайдалану кезінде оқушылардың қатысуына оң әсер ететін эмпирикалық дәлелдерді тапты. Атап айтқанда, математикадағы әдебиеттер технологияны пайдалану оқуды сыныптан тыс кеңейтуге, жақсы қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа және жаңа тақырыптарды зерттеуге ықпал ететінін көрсетеді. Дегенмен, басқа зерттеулер де технологияның шамадан тыс болуы студенттердің үлгерімін төмендетуі мүмкін екенін анықтады, сондықтан студенттердің белсенділігіне оң әсер ету үшін оны қалыпты және басшылыққа алу керек [4].

Қорытындылай келе, интерактивті сауалнамалар арқылы инновациялық технологияларды жеткізудің жетілдірілген әдістемесі оқушылардың назарын аударып, танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Mentimeter платформасы студенттер оқу процесінің тікелей қатысушылары ретінде сезінеді, бұл танымдық қызығушылықты арттырады және оқу бағдарламасын жақсы меңгеруге көмектеседі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Интерактивные презентации в Mentimeter. <https://marinakurvits.com/interaktivnie-presentacii-mentimetr/>
2. Невзорова А.Б., Горошко Н.С. Выбор веб-сервиса для создания цифрового образовательного мероприятия. Цифровая трансформация. 2020; (4): 34-43. <https://doi.org/10.38086/2522-9613-2020-4-34-43>
3. Кулакова Е.Н. Аудиторная (интерактивная) система опроса и тестирования: обзор литературы и опыт использования // Медицинское образование и профессиональное развитие. – 2015. - №1(19). – с. 77-85.
4. Sayeg-Sánchez G., Rodriguez-Paz M. X., Nuñez C. (2022, August). Improving learning experience and student engagement in a Mathematics Course through real time interactive presentations and anonymous collaboration. In 2022 ASEE Annual Conference & Exposition.



УДК 362.894

## БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИНОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Байкеева Л.Т. - магистр

М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті.

**Андатпа.** Мақалада әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңінде инновациялық технологияларды енгізудің білім беру процесін жоғары деңгейде жүзеге асыруға ықпал ететін, инновациялық технологияны пайдалана оқытуды тиімді және жас ұрпақтың

қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар түрлеріне сипаттама беріледі. Саяси, әлеуметтік-экономикалық, дүниетанымдық және басқа факторлардың ішінде білім беру сапасы мен оның қол жетімділігін арттыру үшін күрес қажеттілігін атап өтуге болады. География сабақтарында жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, географияны оқыту процесін жаңа көзқараспен қарастыруға және жақсы нәтижелерге қол жеткізе отырып, тұлғаны қалыптастырудың психологиялық тетіктерін игеруге болатыны белгілі. География сабағында сыныптарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа технологияларды немесе олардың элементтерін қолдану керек.

**Кілт сөздер:** инновация, инновациялық технологиялар, инновациялық қызмет, интерактивті оқыту, оқу процесі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инновациялар технологиясы.

**Аннотация.** В статье описаны виды новых технологий, актуальность которых на современном этапе общественного развития способствует реализации образовательного процесса на высоком уровне, эффективному использованию инновационных технологий и повышению интереса подрастающего поколения. Среди политических, социально-экономических, идеологических и других факторов можно отметить необходимость борьбы за повышение качества и доступности образования. Используя новые педагогические технологии на уроках географии, можно по-новому взглянуть на процесс обучения географии и освоить психологические механизмы формирования личности, добиваясь хороших результатов. С учетом возрастных особенностей детей на уроках географии должны использоваться новые технологии или их элементы.

**Ключевые слова:** инновации, инновационные технологии, инновационная деятельность, интерактивное обучение, учебный процесс, информационно-коммуникационные технологии, инновационные технологии.

**Annotation.** The article describes the types of new technologies, the relevance of which at the present stage of social development contributes to the implementation of the educational process at a high level, the effective use of innovative technologies and an increase in the interest of the younger generation. Among the political, socio-economic, ideological and other factors, one can note the need to fight to improve the quality and accessibility of education. It is known that using new pedagogical technologies in geography lessons, one can take a fresh look at the process of teaching geography and master the psychological mechanisms of personality formation, achieving high results. Taking into account the age characteristics of children, new technologies or their elements should be used in geography lessons.

**Key words:** innovation, innovative technologies, innovative activity, interactive learning, educational process, information and communication technologies, innovative technologies.

Бүгінгі таңда оқытудағы инновациялық технологиялар оқытуда интерактивті технологияларды қолдануды ғана емес, сонымен қатар жобалық оқыту технологиясын, сондай-ақ білім беру процесіне компьютерлік технологияларды енгізуді де қарастырады. «Инновация» ұғымы – латынша алғанда «innovation» - өзгерту, жаңарту, жаңашылдықты білдіреді және екі аспектке ие – инновация және осы инновацияны белгілі бір процеске, атап айтқанда педагогикалық процеске енгізу саналады. Барлық оқу педагогикалық инновациялық процестер «инновация», «инновация», «инновация» ұғымдарымен белгіленеді және жалпы білім беру жүйесіндегі инновациялық процестерді білдіреді.

Интерактивті оқыту дегеніміз - жалпы адамның қарым-қатынасын дамыту психологиясына негізделген және шығармашылық, өнімді ойлау, мінез-құлық пен қарым-қатынас арқылы білімді игеру тәсілі ретінде қарастырылатын, сонымен бірге мұғалім мен студенттердің қарым-қатынасы мен өзара әрекеті арқылы дағдылар мен дағдыларды қалыптастыратын оқу процесі саналады. Оқу процесі студенттердің қарым-қатынас жасауды үйрену, сыни ойлауды, сондай-ақ әртүрлі жағдайларды немесе жағдайлық есептерді талдау және ұсынылған ақпаратқа сәйкес мәселелерді шешуді үйренуі үшін ұйымдастырылуы керек [1].



Қазіргі таңда оқытуда интерактивті технологияларды қолдану оқытушы мен білім алушылардың рөлдерді өзгертуіне мүмкіндік береді. Инновациялық технологиялар - бұл жаңа білім беру нысандары мен әдістерін жүзеге асыру құралы. Қазіргі қоғамның жаһандық ақпараттандыруға көшуі қазіргі білім беру мекемелерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім беру практикасына электрондық оқулықтар мен күнделіктерді, on-line-оқытуды, толықтырылған шындықты, интерактивті тақталарды және тағы басқаларды енгізу оқытуды сапалы жаңа деңгейде жүзеге асыруға және оларды қолданбай-ақ қысқа мерзімде оқуда неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда, білім беру мекемелерімен қамтамасыз етілу деңгейінің жеткіліксіздігі және кейбір басшылардың оқытудың жаңа әдістері мен нысандарын енгізгісі келмеуі біздің елімізде инновациялық технологияларды қолдану процесін тежейді.

География сабағында оқытушының басты міндеті - әр оқушының географиялық білімін, дағдылары мен іс-әрекет тәсілдерін игеруіне жағдай жасау, әр оқушыға өзінің белсенділігі мен шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерін таңдау болып табылады. Оқытудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану сабақтарда танымдық белсенділікті арттыруға, білімді байытуға, жүйелеуге және шоғырландыруға, оларды саналы түрде қолдануға ықпал етеді.

География сабақтарында жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, географияны оқыту процесін жаңа көзқараспен қарастыруға және жақсы нәтижелерге қол жеткізе отырып, тұлғаны қалыптастырудың психологиялық тетіктерін игеруге болатыны белгілі. География сабағында сыныптарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, келесі жаңа технологияларды немесе олардың элементтерін қолдану керек:

1. Перспективалық-озыңқы оқыту технологиялары (әрбір оқушыға ақиқатты немесе нәтижені іздеу жолдарын, тәсілдерін, құралдарын өз бетінше анықтауға мүмкіндік беру);

2. Зерттеушілік оқыту технологиялары (зерттеу қызметінің негіздеріне оқыту);

3. Проблемалық оқыту технологиялары (проблемаларды шешу тәсілдеріне оқыту, проблемалық жағдайды шешуді өз бетінше таңдау үшін жағдай жасау, өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасау);

4. Ұжымдық шығармашылық істерді өткізу технологиялары (оқушылардың шығармашылықта, зерттеу қызметінде, ұжымда өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру);

5. Ақпараттық технологиялар (әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрету, өздігінен білім алуға дайындық);

6. Жоба әдісі - бұл нақты білімді біріктіруге емес, оларды қолдануға және адам қызметінің жаңа әдістерін белсенді игеру үшін жаңа білім алуға (кейде өздігінен білім алу арқылы) бағытталған педагогикалық технология.

Зерттеушілік оқыту технологиялары, ақпараттық технологиялар. Зерттеу сипатындағы оқушылардың оқу іс-әрекеті нақты белгіленген мақсатта болуы керек. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу мақсатында барлық оқу рәсімдері «бағалау», «болжау» деңгейіндегі іс-қимылдарды орындауға бағытталған болып табылады. Бұл тұрғыда жобаларды орындауға арналған практикалық тапсырмалар кең мүмкіндіктерге ие. Қоғамды ақпараттандырудың және ақпараттық ағындардың үлкен өсуінің қазіргі жағдайында студенттердің осы ақпаратпен жұмыс істеу, өз бетінше білім алу және оларды өмірлік мәселелерді шешуде дұрыс пайдалану, модельдеу дағдыларын қалыптастыруда маңызды орын беріледі.

Проблемалық оқыту технологиялары. Жалпы білім беру процесінің технологиялық құрылысы мен оқушының жеке басына назар аудара отырып, оқытуды ұйымдастыру формаларын байытуға және әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мұнда сабақты өткізудің дәстүрлі емес формаларын қолдануға болады: зерттеу сабақтары, конференция сабақтары, рөлдік және іскерлік ойындар сабақтары, «синквейн» және т.б. олар әр оқушыға сабақты дайындауға және өткізуге қатысуға мүмкіндік береді. Олардың ішінде: сабақтар-пікірталастар, жобаларды қорғау, конференциялар, пікірсайыстар, тезис-антитезис түріндегі

проблемалық сабақтар, коллаж сабақтары - олардың барлығы оқушылардың күрделі, бірақ сонымен бірге әлемнің тұтас әлеуметтік-табиғи бейнесі туралы түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы географиялық білім адамдар арасындағы ғана емес, сонымен бірге әртүрлі әлеуметтік және табиғи жүйелермен, адам мен географиялық орта арасындағы қатынастарды үйлестіруде кең мүмкіндіктерге ие болып табылады. Осы тәсіл шеңберіндегі мазмұнның негізгі элементтері мәдениетінің алуан түрлілігі мен вариативтілік мәселелері, қазіргі әлем елдерінің әлеуметтік-мәдени және этноұлттық проблемалары, этностық тарихтың даму барысында ықпал ететін адамзаттың жаһандық проблемалары және т.б. болып табылады.

Географияны оқыту барысында жеке құндылықтар жүйесін қалыптастыруға қосқан үлесі төмендегідей анықталады:

- жапы география ғылымының негізгі әдістерімен таныстырады (талдау, синтездеу, болжау, бақылау, эксперимент - бұл мемлекеттік білім беру стандарттарындағы түлектердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарда көрініс тапты), оларды тиісті танымдық және практикалық дағдылармен қаруландыру (байқау, аумақтың бейнесін жасау, қоршаған ландшафтты қабылдау және т.б.);

- берік және пәрменді білімдерінің жүйесін оңтайлы қалыптастырады, географиялық ақпараттың әртүрлі көздерімен өз бетінше жұмыс істеу, бағдарлау, табиғатта және өндірісте бақылау жүргізу біліктерінің дамуын қамтамасыз етеді;

- теорияның практикамен бірге, өмірмен тығыз байланысын жүзеге асыра отырып, геокомпетенттерді қалыптастыруға ықпал етеді;


- таным процесін дұрыс ұйымдастыруға, өзіндік шығармашылық іс-әрекетке деген жеке көзқарасын дамытады.

Жалпы құзыреттіліктерді қалыптастыру білім алушылардың қызмет тәжірбиесіне негізделеді. География сабақтарында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану оқу материалын игеруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады: - оқуға деген ынтасын арттырады; - оқу танымдық іс-әрекетті белсендіреді; - ойлау қабілеті мен шығармашылық қабілетін дамытады; - қазіргі қоғамда белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

География сабағына жаңа инновациялық, ақпараттық технологиялар коммуникациялық технологиямен тығыз байланыста білім беру процесін жаңғыртуға және негізгі білім беру міндеттерін іске асыруға, оқу процесін адамның әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыруға бағыттауға, білім алушыларды алынған білім мен дағдыларды өмірде іс жүзінде қолдануға дайындауға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ж.Ж.Қожамқұлова. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013.
2. Алимов. А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» Алматы, 2012.
3. К.Ж. Бұзаубақова. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
4. Душина И.В., Пятунин В.Б., Летягин А.А. Методика обучения географии в общеобразовательных учреждениях: учебное пособие для студентов вузов. Москва: Дрофа, 2007. - 509 с.
5. Болотникова Н.В. География. Интегрированные уроки. 6-10 класс. - Волгоград: учитель, 2004. - 100 с.
6. Исакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004.



## КӨРКЕМ МӘТІН: ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

**Балғабәева Орынкүл Балғабайқызы - филология ғылымдары магистрі**  
**М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия**  
**Ақтөбе қаласы**

**Аңдатпа.** Тіл білімінде "эмоционалдылық - қоршаған болмасқа деген адамның әртүрлі көңіл-күйі, сезімі, әсері. Эмоциялық өң берілген лексика ұнату мен ұялту, үрей мен қуаныш, масаттану мен жек көру, қорқыныш пен батылдық, сенім мен сенімсіздік, қайғы уайым, зарығу т.б. көптеген мағыналардың қолданылуы (қара. эмотивтік, экспрессивтік, одағай) деп түсіндірсе, экспрессивтілік (лат. *expressio*- выражение, мәнерлілік) ағыл. *Expressivity expressivitat* (мәнерлілік) - тіл единицаларының семантикалық стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі. Ол сөйлеп тұрған адамның сөз мазмұнына немесе ол сөз арналған адамға (адресатқа) деген өзіндік көзқарасы мен қатынасын көрсететін тілдік құрал ретінде қолданылады.

**Кілт сөздер:** тіл единицалары, эмоция, экспрессивтілік, семантика, лингвистикалық зерттеу.

**Аннотация.** В лингвистике "эмоциональность - различные настроения, чувства, впечатления человека от окружающего мира. Словарный запас с эмоциональным фоном используется многими значениями, такими как симпатия и смущение, тревога и радость, опьянение и ненависть, страх и смелость, вера и недоверие, печаль, беспокойство и т. д. (см. эмотивность, выразительность, выразительность), выразительность (лат. *expressio*- выражение, выразительность) англ. *Expressivity expressivitat* (выразительность) - это обобщенная форма семантических стилистических признаков языковых единиц. Он используется как языковой инструмент, отражающий собственное отношение и отношение говорящего к содержанию слова или к человеку (адресату), для которого оно предназначено.

**Ключевые слова:** языковые единицы, эмоции, выразительность, семантика, лингвистическое исследование.

**Annotation:** In linguistics, "emotionality - different moods, feelings, impressions of a person who wants not to be around. The vocabulary given by the emotional background includes the use of many meanings such as love and embarrassment, fear and joy, shame and hatred, fear and courage, trust and insecurity, sadness, anxiety, etc. expressiveness (lat. *expressio*-expression, expressiveness). *Expressivity expressivitat* (expressiveness) is a cumulative type of semantic stylistic features of the unity of the language. It is used as a linguistic tool that reflects the own attitude and attitude of the person speaking to the content of the word or to the person to whom the word is intended (the addressee).

**Keywords:** linguistic units, emotions, expressiveness, semantics, linguistic research

Эмоцияның негізінде қазіргі лингвистикалық сөздіктерде, грамматикалық оқулықтарда көрсетіліп жүрген эмоционалды - экспрессивті (эмотив-экспрессив) топтардағы сөздер пайда болса, ерік негізінде пайда болған сөздер адамның қорыққан кезінде ах, а т.б., қуанған кезінде оһо, еһе т.б. осы сияқты дыбыс немесе дыбыстардан шыққан, яғни дыбыс пен дыбыстық шоғыр сөйлемін үрдісінде күнделікті қайталана келе, сөйлемінен (речь) тілге (язык) өткен. Олар тіл дамуында тілдік бірлік ретінде қалыптасып, санамыздағы тілдік қордан орын алған деп шамалаймыз. Аталмыш сөздер тобы шындық өмірде қорыққандықты, қуанғандықты т.б. осындай әсерлену, толқуды білдіретін сөздер болып саналады. Тілдегі бұндай сөздерді қазіргі тілдегі эмотив-экспрессивті одағайлар деп танитынымыз белгілі. Императив одағайларының да даму жолы осыған ұқсас.

Біріншіден бұл топтағы одағайлардың тілде синонимдер бар. Мысалы: тәйт, -кет, қой; сап-сап-сабыр; әуп-тұр; моһ-моһ, кә-кә - кел-кел т.б. Сонымен бірге, екіншіден оларда

аталмыш мағыналарынан басқа эмоционалды да мәндері бар: құлап қалған баланы "немесе затты) көтергенде әуп дейміз. Бұл жерде біз балаға немесе затқа бұрық бермейміз, ауыр затты көтергенде өзіміздің ауырсынған демімізді шығарамыз. Шақыру да солай, малға кел-кел деумен бірге оның тілді түсінбейтінін ескеріп, тағы да эмоцияға жүгініп, қандай да бір дыбыстар жиынтығын құрап, моһ-моһ немесе құрау-құрау, кә-кә, шеп-шеп деп дыбыстаймыз. Кейбір шақыру мәнді одағайлар, мысалы, тауықты шақырғандағы шеп-шеп басқа тілдердегі аталмыш құстың балапанының шығарған дыбысына еліктеу арқала пайда болған сөздерімен сәйкес келеді (ағылшын тілінде шер-шер, орыс тілінен чик-чик, қазақ тілінде шық-шық және т.б.). Осы негізге сүйеніп, мынадай қорытынды жасауға болады. Мүмкін, барлық тілдердегі шақыру одағайлары осындай уәжділікпен қалыптасқан болса керек. Имитатив теориясы бойынша формаға ат бергенде бір халық оның бір белгісін (қасиетін) негіз етіп алса, енді бір халық оның басқа бір белгісін (қасиетін) негіз ете алады деген де көзқарастар бар.

Бұлардың эмотив-экспрессив одағайлардан бөлініп алынуына оларда адамның эмоциясын білдіруден қарағанда бұйыру, өтіну мәні басымдығынан болса керек. Мұндай сөздер тобы қазір толық мағыналы аталмыш сөздердің құрамына өту үрдісін басынан кешіруде. Сол себептен де тіл ғалымдары олардың пайда болуында ерік қатысады дейді. Ал ерік адамның өз мінезін-құлқын саналы түрде меңгере алу қабілеті екенін жоғарыда айтып кеткенбіз. Сонымен, қорыта келгенде, эмоция арқылы шыққан сөздерді сананың қалыптасуында саналы түрде дамушы адам өзінің тілдік санасынан бұларға жаңа мағына беріп тілге (язык) өткізген деп шамалаймыз. Сондай-ақ шақыру, жекіру одағайларында бұл үрдіс кері жүргендігін байқауға болады. Алдыңғы топтағылар мағыналы сөзге өтсе, соңғы топтағылар кері мағыналы сөзден эмоционалды сөзге өткен. Бұл үрдіс саналы адамның тілінің қалыптасуының тағы бір көрінісі. Тілдің эмоция негізінде пайда болу теориясының тағы да бір дәлелі бола алады.

Еліктеуіш сөздер. Еліктеуіш сөздердің даму жолы тіл тарихында одағайлармен байланысты болғаны анық. Оның қалыптасу жолын алдыңғы тарауда сөз етіп кеткенбіз. Енді бірден еліктеуіш сөздердің эмоцияның негізінде пайда болған сөз екендігін дәлелдеуге көшеміз.

Қазіргі қазақ тілінің эмотив-экспрессивті лексиканың құрамының біраз бөлігін еліктеуіш негізді етістіктер құрайтынын осыған дейін аталмыш мәселе жайында жазған еңбектерде кездестіруге болады. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясына арналған оқулықта бейнелі сөздердің қайнар көзі еліктеуіш сөздерде екені баса айтылады [1,150]. Ш.И.Нұрғожина қазақ тілінің ауызекі тілінің эмоционалды-экспрессивті лексикасын зерттеуге арналған ғылыми еңбегінде осы лексиканың бір бөлігін етістіктерден жасалған эмоционалды-экспрессивті лексика толықтырады деп танып, оларға еліктеуіш сөздерден жасалған етістіктерді жатқызады.

Қазіргі қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер дыбыс еліктеуіштер мен бейнелеуіш сөздерден тұратыны белгілі. Дыбыс еліктеуіш сөздердің морфологиялық құрылымына арнап жазылған ебектер тілімізде көптеп кездеседі. Солардың негізгісі ретінде К.Ш.Хұсайынның "Звукоизобразительность казахского языка" атты еңбегін жатқызуға болады. Қазақ тілінде, сонымен қатар түркі тілдерінде де бейнелеуіш сөздердің құрылымына және сөз жасалуындағы ерекшеліктеріне арналған зерттеу еңбектер жоқтың қасы деуге болады.

Аталмыш мәселе ғылыми зерттеу еңбектерінде тек дыбыс еліктеуіш сөздер жайлы айтылғанда болмаса, арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Тек Б.О.Оспанованың "Бейнелеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты" атты диссертациясында сөз болады. Бірақ бұл еңбекте аталмыш мәселеге жеке тарау арналғанымен, бейнелеуіш етістіктердің сөзжасамдық модельдерін, дыбыс еліктеуіш сөздердің морфологиялық құрылымымен аралас қарастырылған.

Әрине, еліктеуіштердің (дыбыс еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздердің) түбір негіздерінің құрылымы және сөзжасаудағы аффикстері бір қарағанда ұқсас болғанымен, тарихи талдау кезінде бейнелеуіш сөздердің еліктеуіш сөздерге қарағанда жасалу, даму жолы ерекше екені

байқалады. Олар, яғни, бейнелеуіш сөздер дыбыс еліктеуіш сөздер сияқты қазіргі тілде кейбіреулері модификаторсыз қолданылмайды. ол туралы кейінірек сөз болады.

Сондай-ақ, кейбір көрсеткіштердің жеке бейнелеуіш негіздерге ғана тән екені байқалады. Мысалы: -аң, -ең, -ақ, -ық, ем - сияқты форманттар бейнелеуіш сөздердің құрамында ғана болданылатыны болмаса, дыбыс еліктеуіш сөздер құрамында қолданылмайды. Бұндай форматтар тілде эмоционалды сөз жасауға қызмет етеді. Аталмыш форматтар жалғанған дыбыс еліктеуіш сөздер мағынасы жағынан бейнелеуіш сөздерге айналып кетеді. Мысалы, Ол кітапты тарс еткізіп қойдым деген сөйлемдегі тарс сөзінен, Ол тарсақтады (Ауызекі тіл) дегендегі тарсақ сөзінің мағынасы екі түрлі. Бірінші сөйлемдегі тарс бір заттың бір затпен қатты соқтығысуынан пайда болған дыбыс, екінші сөйлемдегі тарсақ осының негізінде пайда болған дыбыс еліктеуіш емес адамның мінезін, қалып күйін эмоция арқылы бейнелеп тұрған эмоционалды немесе бейнелеуіш сөз. Сондай-ақ, Маңырамай отыршы немесе Ол кісінейді де отырады (Ауызекі тіл) деген мысалдағы маңырау, кісінеу сөздері дерексізденіп, яғни, нақтырақ айтсақ, дыбыс еліктеуіштік мағынасынан айырылып бейнелеуіштік мәнге ие болып, адамның мінезін бейнелейтін эмоционалды сөзге айналған.

Қазіргі қазақ тілі лексикасындағы еліктеуіш етістіктердің тарихи дамуында өзінің бастау бұлағын еліктеуіш сөздерден алғаны, тілдің осы саласымен шұғылданып жүрген ыарша мамандарға мәлім. Жалпы тілдің пайда болу тарихына шегініс жасасақ, тарихта алғашқы адамдардың саналы адам дәуіріне өте бастаған кезінде, тілдің қарым-қатынас құралы ретінде ең алғаш пайдалануда, ол сөздердің "Имитатив теориясы" бойынша дыбысқа, сондай-ақ құбылыс-қозғалысқа, бейнеге, жарық-сәулеге т.б. еліктеу кезінде қолдана бастаған сөздер болғанын, қазіргі тілмен айтсақ "елітеуіш сөздер" екі көтеген ғалымдар растайды. атап айтсақ, Н.И.Ашмарин, Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, Л.Н.Харитонов, А.Г.Спиркин, А.М.Газов-Гинзберг, Г.Е.Корнилов, сонымен берге қазақ ғалымдары Ә.Қайдар, К.Ш.Хұсайын және т.б. Ал еліктеуіштер қоршаған ортадағы дыбысқа, қимылға, қимыл-қалыпқа т.б. әсер тудырушы құбылыстарды адамның қабылдау мүшелері арқылы эмоциясын қоздырып, соның нәтижесінде өзінің дыбыстау мүшелеріне, қимыл, бет қимыл (мимика,жест) арқылы сыртқа шығарып отырған. Яғни бұлар да, эмоцияның негізінде пайда болған дыбыстар немесе дыбыстар шоғыры. Бұны дыбыс бейнелеуіш сөздердің морфологиялық құрылымының тарихи дамуынан байқауға болады. Сол себептен де біз жұмысымызда еліктеуіш сөздердің морфологиялық құрылымына тарихи шолу жасауды жөн көріп отырмыз. Осы арқылы эмоционалды сөздердің табиғатын ашумен бірге кейбір басқа да сөз табына жататын сөздердің және сөз жасалу жолында шешімін таппай келе жатқан кейбір түбірлердің (өлі түбірлердің) лексика-грамматикалық мағына беретін, я бермейтін қосымшалардың мәнін тануға мүмкіндік алуға да болады. Сондай-ақ, эмоционалды сөздердің қазіргі лексикалық қордан негізгі орын алатын атауыш сөздер құрамын толықтырып, байтып отыратынын да байқауға болады.

Сонымен, қазір қазақ тілінде эмоционалды лексиканы құрайтын елітеуіш етістіктердің түбірін шартты түрде еліктеуіш түбір морфема деп танып жүрген түбірлеріміз өлі түбір мен өлі қосымшалардан тұратын туынды түбірлер. Шартты түрде деп отырғанымыз, бұлар бүгінде түбірдің анықтамасына сәйкес келмейді. Себебі түркі тілдерінде түбір дегеніміз әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, сол сөздің реалды мағынасын беретін бөлігі. Қазақ тіліндегі түбір сөз құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі, негізі [2,368].

К.Ш.Хұсайын дыбысбейнелеуіш сөздердің түбір морфемасын жалпы мағынасы түсініксіз, құрылымы өзіне жасалу формалары ұқсас тұлғалармен салыстырылу арқылы ғана айқындалатын бөлшек деп емес, қайта сөз және форма тудыру жүйесінде арнайы орны бар, тілде реалды кездесетін дыбысбейнелеуіш сөз ретінде қарастырады.

Екінші дәрежелі грамматикалық көрсеткіштерге де ғалымдар әр түлі атау береді. С.Құдайбергенов, М.Худайкулиев, Л.Н.Харитоновтар бұл көрсеткішті "құрылымдық элемент" деп атайды. М.Худайкулиев, С.Құдайбергенов бейнелеуіш құбылыстың

кенеттілігін білідретін сөзге жалғанатын құрылымдық элемент (структурный элемент) -ыр жалғанады дейді. Бұл қосымшалардың сөзге жаңа лексика-грамматикалық мағынасына үстей алмайтындығын ескере келе, Л.Н.Харитонов аталмыш көрсеткіштердің еліктеуіш сөздердің басқа сөздерден ерекшелігі дей келе, мұны жоғарыдағы ғалымдардың ізімен "структурный элемент" деп атап, оны былай деп түсіндіреді: "Құрылымдық элементтер мағынасы бойынша еліктеуіш негіздердің категориялық шеңберінен шықпайтын, яғни басқа сөз таптарына өткізбейтін еліктеуіштердің негізін құрауға жұмсалады. Түркімен тілінде басқа сөз таптарына қатысы жоқ. Құрылымдық элементтер еліктеуіш сөздерді басқа сөз таптарынан ажырататын формальді белгілердің біріне жатады. Бұл құрылымдық элементтер түбірлер мен негіздерге жалғанып оларға қосымша мағыналық реңк үстейді" [3,130].

Б.М.Юнусалиев бұл көрсеткішті тек жалғыз дыбыстан тұратын -р деп танып, сөзге дыбыстың, жарық-құбылыстың, қимылдың дүркін-дүркін қайталанушылық қасиет беретінін айтып, бұны да "ерекшелегіш" деп атайды. Акад. Ә.Т.Қайдар бұл көрсеткішті бірінші дәрежелі грамматикалық көрсеткіштермен бір дәрежеде деп есептеп, индикаторлар немесе модельдеуші форманттар деп таниды. К.Ш.Хұсайынның еңбегіне аталмыш көрсеткішті аффикстер деп қарайтынын байқауға болады [4,456]. Ал, Ш.Ш.Сарыбаев көп жерлерде -аң, -ең, -ың, -ің - жұрнақтарын бөліп алу қиын екенін айта келіп, біз бұл жердегі -аң / -ең / -ың / -ің форматтарын жұрнақ демей шартты түрде "қоспа" (наслоение) деп атап отырмыз дейді. Бұл атаулардың бәрін жинақтап қарағанда, аталмыш көрсеткіштердің әр түрлі аталғаны болмаса, барлығы да бір қызметте қолданылатынын байқау қиын емес.

Келтірілген тұжырымдарды қорыта келгенде, бейнелеуіш сөздердің мағына тудыратын ілкі түбірінің СГС немесе ГС типіндегі сөздер екенін мойындауға болады. Осындағы сөз соңындағы мағына үстейтін дауыссыздың атауына келсек, оның "идеофон" деп аталуына ешкім де талас туғызбаса керек. "Идеофон" деген ұғымды, бір сөздіктердеоны банту тіліндегі, негізінен еліктеуіш негіздердегі кластық көрсеткіштердің біреуі десе, енді бір лингвистикалық сөздіктерде дыбыстық символизмге байланысты қолданылады. "Дыбыстық символикалық (идеофон, образды сөз) негізінен қимылдың әр түрін, жарық құбылысын, түрді, көлемді, нысанның ерекше сипатын, олардың сыртқы қасиетін, бет әлпет қимылын, адамның жеке хайуандардың физиологиялық қалпын білдіреді " ... деп анықтама береді.

Шуаш тілін зерттеуші Г.Е.Корнилов идеофонды табиғаттағы қандай да бір жанды не жансыз қасиетті символдандырушы айтылымдағы дыбыс деп түсіндіреді. Біздің ұғымымызша "идеофон" дегеніміз алғашқы дыбысқа немесе дыбыстық шоғырларға мағына үстейтін және еліктеуіш сөз тудыратын қосымша болып табылады. Осы алғашқы дыбысқа немесе алғашқы дыбыстық шоғырға жалғанған идеофон, дыбысты немесе дыбыстық шоғырды, сөздің алғашқы ілкі түбіріне айналдырады. Бұл ілкі түбірге жалғанған грамматикалық көрсеткіштердің тіл білімінде әр түрлі аталатынын жоғарыда келтірген едік. осы келтірілген атаулардың ішінен "модификатор" деген атауға тоқтағанды жөн көріп отырмыз. Себебі шет тілдер сөздерінің сөздігінде "модификатор" атауына мынадай мағына берілген: "тетік, оның белгілену қатысымен машинаның жұмысын ауыстыру" [5,144], ал модификатордың қатысымен болған қимылды былай деп түсіндіреді: өзгеріс енгізу, бір нәрсеге жаңа белгі, қасиет беру, түр өзгерту. Тілдегі модификатордың да қызметі осыларға ұқсас. Алғашқы ілкі түбірге жалғанған модификатор оған жаңа белгі, қасиет, яғни жаңа мағына үстеп түрлендіреді. К.Ш.хұсайын модификаторлардың тарихи даму жолын былай көрсетеді: жеке дара сөз , көмекші етістік, аффикс, модификатор.

Екінші жіне үшінші дәрежелі грамматикалық көрсеткішті "формант" деп атауға болады. Формант сөзін латын тілінен аударғанда "құраушы", оның бір мағынасы -1) Салыстырмалы тіл білімінде түбірге тарихи жағынан талдау жасаған кезде анықталатын көне морфемалар (аффикстер) [6,128]. Бұл сияқты көрсеткіштер бүгінгі тілде, кейбір сөздерді ескермегенде, сөзге ешқандай мағына бермейді, модификатор сияқты түрлендірмейді. Десек те, қазіргі тілде, бірен-саран сөздерде олардың сөз тудырушылық қасиетті сақтаған. Сол себептен екінші, үшінші дәрежелі грамматикалық көрсеткіштер - әлі аффикстік мағынасын толықтай жоя қоймаған көне морфемалар. Модификаторла мен форматтардың тілде атқарар

қызметі бірдей болғанымен, бұл жерде оларды еліктеуіш сөздердің даму кезеңімен байланысты болып отырмыз. Модификаторлар форматтарға қарағанда көне болып табылады. Бұлардың екеуі де ертеректе аффикстік қызмет атқарған және модификаторларға қарағанда форматтардың құрылымы толықтай сақталған. Ал, төртінше дәрежелі грамматикалық көрсеткіштердің сөз тудырушы аффикстер екенін ешқандайда күмән келтіре алмаймыз.

Көркем шығарманы эстетикалық тұрғыдан қабылдау үшін стилистикалық талдаулар жасаймыз. Жазушы қолданған айшықтау құралдарының мәтіннің көркем бейнелі құрылым түзуге жұмсалғандығын, қызметін анықтаймыз.

Жазушының сөз қолдану ерекшелігін, суреткерлік шеберлігін, дара стилін анықтауда, көркем туындыны стилистикалық тұрғыда талдауда кейіпкер бейнесінің берілу жолдарын, жазушының осы мақсатта қолданған тілдік - стильдік, көркемдік тәсілдерін қарастырудың да маңызы зор.

Жалпы көркем шығарма тілінің көркемдік ерекшеліктері, жазушының дара стилі қарастырылған К.Еңсебаева, Г.Сәрсекет т.б. ғалымдардың еңбектері де бұл саланы дамытуға өз үлестерін қосады. К.Еңсебаева қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметін анықтап, кейіпкер бейнесін жасауға қатысатын тілдік-стильдік элементтерді талдайды, кейіпкер тіліндегі синтаксистік құрылымдардың образ жасауға қатысы жөнінде тұжырымдар жасайды. «Кейіпкер сөзі – жазушының жеке дара баяндау стилінің ерекшелігін ғана айқындап қоймайды. Ол – кейіпкердің мінез-құлық қырларын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік амал. Персонаж сөзі – кейіпкердің жан әлемін ашатын шығарманың көркемдік кестесінің ажырамас бөлігі»

Г.Сәрсекенің еңбегінде [7,304] Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкер мінезін беруші тәсілдер ретінде портрет пен диалогтың ғылыми-теориялық негізі, тілдік-стильдік қызметі анықталып, әр тәсілдің құрамдық, құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері талданады. Кейіпкер тілі – лингвистикалық стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Кейіпкер тілін талдауда диалог, монолог, полилогтердің қызметі айрықша. Әсіресе, диалогтың табиғаты ерекше. Диалог арқылы шығарманың идеясы мен кейіпкер бейнесі көрінеді. Кейіпкер тілі көркем шығармада кейіпкер бейнесін жасауға ықпалды. Кейіпкер тіліндегі лексикалық элементтер: диалектизмдер, қаратпа және одағай сөздер, қарапайым және жарго сөздер мен варваризмдердің қолданылуына талдау барысында үлкен мән беріледі. Сондай-ақ шығармадағы кейіпкерлер бейнесін жан-жақты суреттеуде әлеуметтік тілдік құбылыстың қатысы бар. Бұл қазақ тіл білімінде соңғы кезде ғана айтыла бастады. Тілдік ортада әлеуметтік тілдік бөліністің болуы факт. Ендеше мұндай жағдайлар әдеби тілде өз ізін қалдыратынын көркем шығармада кейіпкерлер тілін талдауда кездесетін және бар, бола беретін құбылыс екенін мойындауға тура келеді.

Көркем мәтіндегі кейіпкер тілін талдағанда диалог мәселесіне соқпай кету мүмкін емес. Диалогтың қызметі екі адамның сөйлесуімен шектелмейді. Оның шығармадағы қызметі көптеген мәселелерді қамтиды. Мәселен, кейіпкерді мінездеу, шығарма оқиғасын дамыту мен идеясын көрсету – диалогке тән нәрсе. Диалогтың лексикалық құрамымен қатар, синтаксистік құрамына да назар аударылуы тиіс. Жай сөйлемдердің, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің мағыналық қызметіне қарай кейіпкер тілінің ерекшеліктері сараланады. Диалог парадигмасы – қазіргі ғылымда неғұрлым мәнді бағыттардың бірі. Психологиялық механизмдердің диалогты интерпретациясы М.М.Бахтиннің «сананың кез келген өзара әрекетін диалог деп түсіну қажет» деген идеясынан туындады: «Өмір сүру дегеніміз, бұл диалогқа қатысу, яғни сұрау, алу, жауап беру, келісу т.б. Бұл диалогқа адам өмір бойы – көзімен, ернімен, қолымен, жолымен, рухымен, барлық тәнімен, әрекетімен – мәңгі қатысады». М.М. Бахтиннің айтуынша, шығарманың сөзін қарым-қатынас өнімі деп түсінуге болады (сана диалогы), мәдениет әлемімен кез келген түйісу «әңгімелесуді сұрап алу» болып табылады. Мұндай мағынада кез келген философиялық, әдеби сөздерді диалогты деп есептеуге болады. Диалог көркем шығармадағы монолог ұғымына қарама-қарсы мағынада болғанымен әрдайым бірге айтылуымен ерекшеленеді. Монолог – тыңдаушы тікелей қабылдайтын бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монологтың өзіне тән

лексикалық бірліктерді тыңдауы мен сөйлемдердің синтаксистік құрылымы болады. Монологтың сипаттау, баяндау, сендіру, әңгімелеу сияқты функционалдық–коммуникативтік ерекшеліктері бар.

Жазушының тіл байлығы жеке сөздердің көптігімен өлшенбейді, керісінше оларды ұтымды қолдану шеберлігімен айқындалады. Нәрсіз сөздер мен орынсыз тіркестер тіл жұтандығы мен ой жұтандығын туғызады. Әлемдегі қандай халықтың болса да белгілі дәрежеде дамыған сөз өнері бар. Біздің халқымыздың сөз өнері бірнеше ғасырлар бойы дамып жетіле келе, алдымен, жалпыхалықтық тілді байытты. Әр қаламгер мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, айтар ойды шешендікпен жеткізеді.

Жалпыхалықтық сипаттағы фразеологизмдердің стильдік мақсатта жұмсалуына келсек, фразеологизмдер кейіпкердің жан – дүниесін, күйзелісін, өкінішін, күйініш-сүйінішін, бір сәттік жан-күйін ашып жеткізуде орасан зор орын алады. Көркем шығармалардағы фразеологизмдерді бірнеше топқа топтастыруға болады.

Полилог – шығармада оқиғаға қатысушы бір топ адамның образын жасайтын, яғни топты танытатын құрал. Мұнда автор ситуацияны баяндау кезінде бірнеше адамдардың қатысқан сөздерін береді. Сол арқылы әр кейіпкердің өзіндік бейнесін толықтырып нақтылай түседі. Көркем шығарманы талдауда кейіпкерге қатысты айтылып, қатар жүретін тағы бір термин бар. Ол – көркем шығарманың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын портрет. Портреттің мазмұндық және формалық түрлері, яғни көлемі шағын және көлемдісі болады. Талдау барысында портреттің сөздік құрамын қарастырудың да маңызы бар. Өйткені кейіпкер туралы жан-жақты мәлімет тілдік құралдардың сұрыпталуы мен қолданылуына қарай анықталады. Автордың портрет жасаудағы ерекшелігі кейіпкерді суреттеуде адамға қатысты қандай ерекшеліктерді қамтығанынан байқалады. Мәтіндегі портретте, автор әдетте адамның денесі мен оның мүшелерін, киген киімін, бет өзгерісі мен дене қимылын, тұрған тұрысын сөз етеді. Бұлар портрет компоненттері деп аталады. Әрбір компонентті суреттейтін, сипаттайтын сөздер іріктеледі. Ол сөздер адамның бүкіл сырт тұрпатынан бастап, ішкі сезім, жай-күйлеріне дейін сипаттап шығады. Т.Смағұлова «адамның сыртқы тұрпатын, яғни дене мүшелерін суреттеуде дене мүшелерінің атаулары, яғни соматикалық (грек сөзі – дене) атаулар (соматема) сипаттаса, ал киген киімін вестиялды (латынша – киім-кешек) сөздер (вестема) суреттейді. Қимыл-қозғалысын кинетикалық (грек сөзі – қозғалыс) сөздер (кинетема) тобы суреттейді» дейді[8,130].

Сонымен, портрет – көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде кейіпкердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, киім киісін суреттеу арқылы толыққанды бейне, кейіпкер мінездемесін жасаушы амалдардың бірі. Мінездеме–портрет –қаламгерлер шығармаларында жиі кездесетін портрет түрі. Мінездеме–портрет – кейіпкердің сырт тұлғасы мен мінезінің қатар суреттелген түрі. Тұлға мен мінез сәйкестігі – портрет–мінездеменің негізгі белгісі.


Б.Майлин тілін зерттеуші ғалым Х. Кәрімов: «Майлин әңгімелерінде қолданылған эпитеттердің шығарманы көріктеудегі қызмет өте қызық. «Құрымбайдың жігітшілігі» деген әңгімеде айтылатын Нұржан үйін автор оқушыға жаңа таныстыра бастаған-ақ мынандай сөйлемдер кездеседі: «Шайды Күләш құйып отыр. Қатыны Меруерт байы мен Күләштің екі ортасында, жұлығынан шұлғауы шығып жүрген бастамалы мәсіні кесіліп жіберіп, құрсаулы ала кесемен шайды сіміріп отыр» . Бұл отбасының тұрмыс күйі туралы автор өз атынан әлі ештеңе айтқан жоқ. Бірақ мына сөйлемді оқығаннан кейін, оқушы бұл үйдің кедей шаруа екендігін бірден түсінеді», – дейді, эпитетті қолданудағы жазушы шеберлігі жайлы.

Қорыта келгенде, көркем шығармалардағы ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір стильдік мақсатпен ұтымды пайдаланып отырған. Жазушы шығарма тіліндегі суреттеліп отырған заман мен оқиғаны жан-жақты ашып көрсету және мүмкіндігінше шындыққа сай беру үшін басқа тілден енген сөздерді молынан қолданады.



### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. – Алматы, 1996, 150б
2. Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003, 368б.
3. Сәрсекке Г. Р Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил.ғыл.канд...дисс: Алматы, 1999, 130 б.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар II том. Алматы, 1983, 456 б.
5. Кәрімов Х. Қанатты тіл.– Алматы: Санат, 1995, 144 б
6. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998, 128б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998, 304 б.
8. Қазақ грамматикасы, Алматы. 2002,130б



**УДК 811.161.1**

## **ХАРАКТЕРИСТИКА ПРИЁМОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ**

**Старший преподаватель Калматаева Б.М.  
Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати**

XXI век потребовал качественного изменения содержания образования, которое должно быть направлено на развитие возможностей и способностей человеческой личности. Задача школы и каждого педагога - создать условия, позволяющие личности ребенка максимально самореализоваться, развить свои способности, в том числе и интеллектуальные.

Поэтому в педагогическом процессе актуализируется использование современных технологий и активных форм обучения. Есть и другие немаловажные причины для того, чтобы использовать на уроках новые технологии:

- желание развития творческого мышления;
- потребность в развитии письменной и устной речи;
- увеличение объема информации;
